

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

History series

№1 (76)


Алматы
«Қазақ университеті»
2015



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 1(76)

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Телефон: +727-377 33 38 (1288)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Жұмаділ А.Қ., ғылыми редактор (Қазақстан)
Омарбеков Т.О., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ. (Қазақстан)
Жұмағұлов Қ.Т. (Қазақстан)
Миша Майер (Германия)

Әбдуқап Қара (Түркия)
Мұхатова О.Х. (Қазақстан)
Сұлтанғалиева Г.С. (Қазақстан)
Қалыш А.Б. (Қазақстан)
Ахмет Ташағыл (Түркия)
Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ)
Уяма Томохико (Жапония)

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Айгерім Иманғалиева

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 8127

Басуға 06.04.2015 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 39,5 б.т. Оффсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №808. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ – 550 ЛЕТ

550 YEARS TO THE KAZAKH KHANATE

Кәрібаев Б.Б.
**Елбасы еңбектеріндегі
ортағасырлық Қазақстан
тарихына қатысты
тұжырымдарға талдау**

Автор бұл мақаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты еңбегіндегі ортағасырлық Қазақстан тарихының өзекті мәселелері жөнінде айтқан пікірлері мен жасаған тұжырымдарына кең түрде ғылыми талдаулар жасайды. Елбасы еңбегіндегі: «Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихы үшін белесті кезең болды», «Қазақ хандығының құрылуының саяси және қоғамдық мән-маңызына оның Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр» – деген тұжырымдарды талдай келе, автор олардың ғылыми жақтарына ерекше назар аударады да, бұл тұжырымдарды тарихи деректер мен тарихнамалық зерттеулер материалдарына сүйеніп тереңірек түсіндіреді. Сондай-ақ, автор Елбасының қазақ этногенезі, қазақ халқының қалыптасуы барысындағы этникалық үрдістер кезеңдер мәселелері бойынша айтқан, сондай-ақ «қазақ», «өзбек» этнонимдері туралы жасаған тұжырымдарына да тоқталады. Аталған атаулардың түп-төркіні, мәні мен мазмұны жөнінде терең қарастыра келе, автор ол тұжырымдардың ғылыми сипатының құнды екендігіне назар аударады. Жалпы қорыта келе, автор Елбасы еңбегіндегі ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты тұжырымдардың зерттеушілер үшін теориялық негіздер бола алады деп санайды.

Түйін сөздер: Елбасы, этногенез, Қазақ хандығы, «өзбек», «қазақ».

Karibaev B.B.
**Thoughts state's head on the
medieval history of Kazakhstan:
analysis and scientific
generalization**

The author of this article has attempted to address the problems of medieval history of Kazakhstan through the analysis of the thoughts of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev presented in the book "In the flow of history" (Astana, 1999). The author substantiates by documentary materials and the latest historical research the idea of the President that the formation of the Kazakh Khanate is a key moment in the history of the Kazakh people, which had social and political importance in the history of Central Asia. Further, the author expands the idea of the head of state on the periodization of the ethnic history of the Kazakh people, the etymology of the ethnonym "Kazakh" and "Uzbek". Furthermore, the author undertook a comparative study of ethnonyms, content and their significance in the medieval history of Kazakhstan. The author believes that the work of N.A.Nazarbayev "In the stream of history" contributes to the theoretical study of the problems of medieval history of Kazakhstan.

Key words: the head of state, head of state, ethnogenesis, the Kazakh Khanate, ethnonyms «Uzbek», «Kazakh».

Карибаев Б.Б.
**Мысли Главы государства
по средневековой истории
Казахстана: анализ и научное
обобщение**

Автор в данной статье предпринял попытку рассмотрения проблем средневековой истории Казахстана через анализ мыслей Президента РК Назарбаева Н.А., представленных в работе «В потоке истории» (Астана, 1999). Автор обосновывает мысль Президента, что образование Казахского ханства – ключевой момент в истории казахского народа, имеет социально-политическое значение во всей истории Центральной Азии документальными материалами и новейшими историческим исследованиями. Далее автор расширяет мысль Главы государства по вопросам периодизации этнической истории казахского народа, этимологии этнонимов «казах» и «узбек». Кроме того, автор предпринял сравнительное исследование этнонимов, содержание и значение их в средневековой истории Казахстана. Автор считает, что работа Назарбаева Н. А. «В потоке истории» вносит определенный вклад в теоретическое изучение проблем средневековой истории Казахстана.

Ключевые слова: Глава государства, этногенез, Казахское ханство, этнонимы «узбек», «казах».

**ЕЛБАСЫ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ
ТҰЖЫРЫМДАРҒА
ТАЛДАУ**

Тарихтың қай кезеңінде болмасын мемлекеттік дәстүрін сақтаған елде биліктің ең жоғары өкілінің басты міндеттеріне елдің ішкі-сыртқы саясатын жүргізу, ел мен жерді қорғау, сондай-ақ ұлттық сана мен ұлттық тәрбиені дамытуға бағытталған саясатты жүргізу жатады. Ұлттық сананы дамыту ұлттық тарихты ұлттың мүддесіне сай зерттеумен тікелей байланысты екені белгілі. Ал кез келген тақырыпты, оның ішінде тарихи тақырыптарды зерттеу үшін ең алдымен теориялық және методологиялық негіздер қажет. Онсыз ғылыми зерттеулер мен ізденістер дұрыс нәтижеге қол жеткізбейді. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әр жылдары Отан тарихына қатысты айтқан ойлары мен тұжырымдары зерттеушілер үшін негіз бола алады. Осындай жағдайды ескере келе, біз төменде Елбасының ел тарихына қатысты айтқан ойлары мен білдірген тұжырымдарына назар аударып, оларды кеңірек талқылауды жөн көріп отырмыз.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қазақ елінің басшысы әртүрлі жиындар мен басқосуларда, мемлекеттік маңызы бар мерекелерде Отан тарихының түрлі мәселелеріне байланысты ойларын айтқаны белгілі. Ал сол айтылған ойлар мен тұжырымдардың жүйелі түрдегі жиынтығы, сондай-ақ, жалпы Отан тарихының ең өзекті мәселелеріне қатысты көзқарастары оның 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты кітабында баяндалады [1]. Сегіз тараудан тұратын бұл кітапта барлық гуманитарлық ғылымдарға қатысты, оның ішінде Отан тарихына қатысты теориялық-методологиялық ой-тұжырымдар жетіп артылады. Үстіміздегі жыл – Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі болғандықтан осы кітаптағы хандықтың құрылуына, оның тарихына қатысты айтылған ойлар мен тұжырымдарға тереңірек талдау жасап көрелік.

Кітаптың «Ұлттық бірегейлік туралы» деп аталатын тарауы ұлттық бірегейлену мәселесі мен оған тікелей ықпал ететін дін, ұлттық сана-сезім, саяси факторлар қарастырылып, одан әрі қазақ этногенезі, хандықтың құрылуы, этнонимдер мәселелеріне тоқталып өтеді [1, 183-220 бб.].

Мұнда айтылған әрбір ой-тұжырымды талдау кем дегенде бір ғылыми мақаланың жүгі болары анық. Сол себепті біз ойымызды әртүрлі тақырыптарға шашыратпай, тек хандықтың

тарихына қатысты айтылған мәселелерге тоқталалық.

Елбасы «Тарих толқынында» Қазақ хандығының құрылуы және оның маңызы жөнінде бірнеше тұжырымдар білдіреді. Солардың біріне – «Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихы үшін белесті кезең болды», – деген тұжырым жатады [1, 211 б.]. Осы айтылған тұжырымды тереңірек қарастырсақ.

Белесті кезең деп Елбасы бұл жерде Отан тарихында бір тарихи кезеңнің аяқталып, жаңа бір тарихи кезеңнің басталғаны жөнінде айтып отыр. Шынында да, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірдің аяқталып, жаңа бір тарихи дәуірдің басталғанын көрсетеді.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл аса маңызды оқиғаны ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Түрік қағанатының, Қыпшақ хандығының, Алтын Орданың құрылуымен салыстыруға болады. VI ғасыр ортасында Түрік қағанатының құрылуы – Қазақстан тарихындағы түрік дәуірін, Қыпшақ хандығының құрылуы – қыпшақ дәуірін, Алтын Орданың құрылуы – Алтын Орда дәуірін туғызады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен XV ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан тарихында жаңа тарихи дәуір басталады. Ол – Қазақ хандығы дәуірі. Қазақ елінің XV-XVIII ғасырлардағы тарихы осы хандық дәуірге жатады. XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүрді. Ерлік пен елдікті паш еткізген небір айтулы тарихи оқиғалар осы дәуірдің еншісінде жатыр.

Елбасының Қазақ хандығының құрылуының маңызына байланысты айтқан келесі бір тұжырымы өзінің ғылымилығы жағынан өте құнды болып саналады. Тұжырымның мазмұны былайша айтылады: «Қазақ хандығының құрылуының саяси және қоғамдық мән-маңызына оның Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр» [1, 211 б.].

Осы тұжырымды тереңірек талдап көрсек.

Бұл тұжырымда Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан аумағындағы этно және саяси үрдістердің өзара тікелей байланыста жүргендігін, этноүрдістер барысы ұлттық сипаттағы жаңа

этносты өмірге әкелгендігін және сол жаңа сипаттағы этнос өз мемлекетін қалыптастырғанын меңзеп тұр.

Қазақстан аумағында этникалық үрдістердің ең бері дегенде қола дәуірінен бастау алып, біздің заманымыздың XIV-XV ғасырларында өзінің халықтық деңгейіне көтерілгені белгілі. Этникалық үрдістер барысындағы этникалық элементтер мен компоненттердің аумақтық, экономикалық, саяси, діни-мәдени, тілдік, рухани ортақ кеңістіктерге бірігуі 2-2,5 мың жылдай уақыт бойы бірнеше тарихи дәуірлер мен кезендер арқылы жүзеге асады. Әрбір тарихи дәуірде этникалық процесс өзіндік даму жолынан ауытқымай, қажетті шарттармен толығы түседі.

Жалпы алғанда, XIII ғасыр басына дейін еліміздің аумағындағы этникалық үрдістер халықтық деңгейге жақындап, біртұтас ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Бірақ, оның толығымен шегіне жетіп, түпкілікті түрде жүзеге асуына саяси-әлеуметтік ұйым – мемлекет қажетті шарттар жасай алмайды. XI ғасырда құрылған Қыпшақ хандығы XII ғасырдың ортасынан бастап ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде бытыраңқылыққа ұшырайды [2, 211-214 б.]. Ал XIII ғасыр басында ол жүйе өзінен әлдеқайда мықты мемлекеттік жүйеге – моңғолдар мемлекетіне орын береді. Соның нәтижесінде Қазақстан аумағындағы этникалық үрдіске жаңа бір тарихи дәуірді – моңғолдар үстемдігі дәуірін басынан өткеруге тура келді.

XIII-XV ғасырлардағы этникалық үрдістер алғашқы кезеңде біршама тежеуге ұшырағанымен, өзінің негізгі даму бағытынан ауытқымайды. XIV ғасырдың ортасына таман Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық этнокомпоненттердің жергілікті этноортаға бейімделуі аяқталады, басқаша айтқанда моңғол тайпаларының қыпшақтану үрдісі аяқталып болады [3, 235 б.].

Жазба деректерде Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса, XIV ғасырдың ортасынан бастап, оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістердің мәреге жетіп, бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу барысы мен халықтың қалыптасуының аяқталу кезеңі қатар жүзеге асып, саяси жағдайларға байланысты пайда болған «қазақ» термині жаңадан тарих төріне көтерілген халыққа этноним ретінде беріледі. Сөйтіп, осыдан жарты мың жылдан астам уақыт

бұрын этноним ретінде пайда болған «қазақ» сөзі күні бүгінге дейін өзі пайда болған аумақтағы халықтың атауы ретінде қолданылып келеді.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық үрдісті жаңа белеске жеткізіп, қазақ халқының халық болып қалыптасқандығын көрсетті. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын этникалық тұрғыдан қарастыра келе, ол – қазақ халқының қалыптасуы кезеңін аяқтауға тікелей ықпал етті, этникалық процесті халықтық деңгейге көтерілген этноскоға – «қазақ» атты этнонимді бергізді деп ойымызды түйіндейміз.

Қазақ хандығының құрылуының келесі бір тарихи маңызына, оның – XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты үзіліп қалған мемлекеттік дәстүрді жергілікті этностың дәстүріне сай қайта қалпына келтіруі жатады. XIII ғасыр басына дейінгі Қазақстан аумағындағы қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен моңғолдық мемлекеттік жүйеде ортақ ұқсастықтар мен белгілер болса да, олардың әрқайсысында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер көп-ті. Мысалы, оған мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылымының негізін билікті мұраландырудағы айырмашылықтарды, билік түрлерінің атқарушы билік түріне қарым-қатынастарын жатқызуға болады. Моңғолдық мемлекеттік жүйенің орнығуына байланысты ол жүйе Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына енгізіліп, бұрынғы жүйені ығыстырып шығарады, Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы үрдісі моңғолдық мемлекеттік жүйенің жергілікті ортаға бейімделуімен қатар жүреді. Соның нәтижесінде моңғолдық мемлекеттік жүйеге тән ноян, баһадүр секілді терминдерді – би, бек, батыр деген жергілікті түрік-қыпшақ сөздері ығыстырады. Сондай-ақ жоғарғы билік мұралануда қыпшақтық дәстүр мен моңғолдық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII- XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келді. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы күрестер жатты. Моңғолдық дәстүр бойынша, ханның мұрагері болып оның ұлдарының бірі сайланса, жергілікті дәстүрге сай билікті билеуші әулеттің жасы үлкен өкілі мұраланып отырған. Бұл дәстүр Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қолданыла бастайды. Ал Қазақ хандығының құрылуы – қыпшақтық дәстүрдің толық жеңіске жеткендігін көрсетеді. Орыс хан ұрпақтары

Шибан әулетіне қарсы күресте жеңіске жетіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті иеленгеннен кейін осы дәстүрді ұстанады. Керей мен Жәнібек хандар Моғолстанға көшіп келіп, хан сайлау барысында Керей хан жоғарғы билікті иеленеді. Моңғолдық дәстүр бойынша 1428 жылы қайтыс болған Барақтың ұлы – Жәнібек хандық билікке келуі тиіс болатын. Ата жолы бойынша Керейдің хан боп сайлануы – мемлекеттік жүйеде де қыпшақтық дәстүрдің жеңіске жеткендігін көрсетеді. Бұл жаңадан ғана құрылған Қазақ хандығының ұлттық сипаттағы мемлекет екендігін дәлелдейді.

Елбасының келесі бір тұжырымына, оның «қазақ», «өзбек» атауларына байланысты айтылған ойлары жатады: *«1459 жылы Жетісуға жай ғана жекелеген тайпалар тобы емес, Жәнібек пен Керей ұлысының халқын құрайтын рулар мен тайпалардың бірлестігі көшіп келді. Олар жай ғана бір саяси топ қана емес, субэтникалық қауымдастық болатын. Сол кезден бастап Жәнібек пен Керейді қолдаушылардың тарихы «қазақ» атауының тарихымен біте қайнасып кетті»* [1, 212 б.].

Жалпы, «қазақ» сөзі шығуының түп-төркіні мен мән-мағынасына байланысты, «қазақ» атауының қай кезден бастап халық атауы ретінде қолданыла бастағаны жөнінде әлі күнге дейін қарама-қайшылықты пікірлер бар. Жоғарыда келтірген тұжырым «қазақ» атауының Қазақ хандығының құрылуымен халық атына берілгенін айтып отыр. Бұл туралы осы мақала авторының арнайы зерттеуі бар. Бұл жерде сол зерттеудің бәрін емес, тек қорытындыларын келтірелік.

«Қазақ» сөзі біріншіден, зерттеушілердің бәрі дерлік мойындап отырғанындай көне түрік сөзі, түрік тілдес тайпалардың ортасында қолданыста болып, өз руынан, елінен, мемлекетінен бөлініп кетіп немесе қашып кетіп, өз бетінше ешкімге бағынбай, дербес, еркін, азат жүрген адамды, адамдарды білдірген. Алағашқы кездегі «қазақ» сөзі тек әлеуметтік мәнде ғана ерте түрік дәуірінен X ғасырға дейін қолданылған.

Екіншіден, X-XIII ғасырларға дейінгі аралықта «қазақ» сөзі өзінің негізгі мағынасын сақтаса да, мәні аздаған өзгерістерге ұшырайды. Осы кезеңде «қазақ» сөзінің әлеуметтік-этникалық мәнге ауыса бастайды.

Үшіншіден, XIII ғасырдан XV ғасырдың ортасына дейін моңғолдар жаулап алған аймақтарда билік үшін болған саяси күрестердің әсері бұл сөзге де тиіп, қазақ сөзі – уақытша саяси-әлеуметтік мәнге ие болады.

Төртіншіден, Қазақ хандығының құрылуы кезеңінде, яғни Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектер» қауымдас­тығының бір бөлігі одан бөлініп кетіп, оншақ­ты жылдан соң олардың Дешті Қыпшаққа қайта келгеніне дейінгі аралықта қазақ сөзі – саяси-эт­никалық мәнде қолданылады да, соған сәйкес «өзбек-қазақ» атауы пайда болады.

Бесіншіден, Қазақ хандығының Дешті Қып­шақтың басым бөлігінде билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалар ортақ эт­никалық атаумен – қазақ атауымен атала бас­тайды. Біз бұл атауды таза этникалық мән дей отыра, қазақ сөзін этноним деп ұғынамыз.

Міне, XV ғасырдың ортасында Қазақ ханды­ғының құрылуымен қатар этникалық мәнге ие болған қазақ сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жо­ғалтпай, еліміздің байырғы, негізгі, басты, мем­лекет құраушы халқының атауы ретінде қолда­нылып келе жатыр.

«Орта Азияны өзбектер деген ортақ ат­пен белгілі болған көшпелі тайпалардың жаулап алуы қазіргі өзбек және қазақ халықтарының этносаяси тарихындағы аса көрнекті оқиға болды. ... «Өзбек» деген сөз Мұхаммед Шайбани ханмен Орта Азияға кеткен тайпалар тобының атауы болды да, ал Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу далаларында көшіп-қонып жүрген түр­кі тілдес тайпаларға қазақтар деген ат түп­кілікті бекіп, елдің аты Қазақстан болды» [1, 213 б.].

Төменде осы ойларды тереңірек қарастырсақ.

«Өзбек» атауының шығуына байланысты зерттеушілер арасында қалыптасқан ортақ пікір жоқ. Бұл жөнінде пікір айтқандардың бір тобы «өзбек» атауының шығуын Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланыстырса, екінші бір то­бы бұл пікірге қарсылық білдіріп, атаудың пайда болуын «өзі» немесе «өз» сөзі мен «бек» сөздерінің қосылуынан шыққан деп көрсетеді [4, 1-2 бб.; 5, 102 б.; 6, 146-147 бб.; 7, 102 б.; 8, 21 б.; 9, 94 б.; 10, 3-5 бб.; 9-37 бб.; 11, 11-30 бб.; 12, 202-214 бб.].

Тарихшы Г. Вамбери өз ойын былайша негіз­деуге тырысады: «Түрік халықтарында мынадай бір ерекшелік бар: олар өз билеушілері ішіндегі атағы кең тараған билеушінің немесе жалпыға ортақ мекемелерді енгізгеннің есімін мәңгі сақ­тау үшін оның есімін қабылдап отырған. Сол есімді олар өздерінің екінші түп атасы етіп, сол арқылы өз мемлекеттілігінің гүлденгендігін жә­не әлемдік тарихтың арена­сына көтерілгендігін көрсетуге паш еткен». Одан әрі ол өз ойына дәлел ретінде Византия империясының орнына келген

түріктердің өз көсемі Осман­ның есімімен осман­дар деп аталғандығын дәйек етіп, дәл сол сияқты Көк Орданың шығыс бөлігіндегі яғни Еділ мен Арал теңізінің аралығындағы түрік-монғол тай­палары Жошы әулетіндегі тоғызынша хан – Өз­бектің есімі бойынша саяси жинақтаушы өзбек атауын қабылдады», – деп түйіндейді [4, 1-2 бб.].

Алдыменен, өзбек сөзінің түп-төркіні мен мәніне тоқталсақ. Атаудың «өз» және «бек» деген қос сөзден құралып тұрғандығы және ол екеуінің де түрік сөзі екендігі ешкімге дау ту­дырмайды. Г. Вамбери «өзбек» сөзінің тікелей мағынасын «дербес», «өзіне өзі қожайын» деп аудар­ады [4, 2 б.]. «Бұл сөз ежелгі венгерлерде дәреже немесе атақ мағынасында қолданылады. Және ол 1150 жылға жататын құжаттарда кезде­седі», – деп түсініктеме береді Г. Вамбери [4, 2 б.]. Соған қарап біз, өзбек сөзінің түп-төркіні тү­ріктік және әлеуметтік мәні болып, ал мағынасы бойынша өз дербестігін белгілі бір дәрежеде сақ­таған, әлеуметтік топтың жоғарғы деңгейіндегі адамдарға қатысты қолданылған деп есептейміз. Біздің ойымызша, бұл – өзбек сөзінің ең алғаш­қы мәні мен мағынасы.

Өзбек сөзінің келесі мәні мен мағынасы оның ер адамға берілетін есім екендігін білдіре­ді. Жазба деректерден Алтын Орда ханы Өзбек­ке дейін де, одан кейін де Өзбек есімді кісі есім­дерін кездестіреміз.

Кез келген атау белгілі бір ұғымды білдірсе, ұғымның өзі объектілердің ішкі және сыртқы қа­сиеттерінен тұрады. Ұғымды қалыптастыратын қасиеттердің бірі немесе бірнешеуі өзгерсе, жой­ылса, онда ұғым да өзгеріске ұшырап, мәні мен мазмұнға әсер етеді, ал атау сақталынып қала беруі мүмкін. Біз осындай мән мен мазмұндағы өзгерістерді Өзбек атауынан байқаймыз. Оның алғашқы әлеуметтік мәні өзгеріп, кісі есімін біл­діретін мәнге ауысса, Алтын Орда ханы Өзбек­тің жүргізген саясатына, оның жеке басындағы қасиеттеріне байланысты, Алтын Орданың руха­ни өмірінде ол жүргізген түбегейлі өзгерістерге байланысты Өзбек есімі басқа мәнге, жинақтау­шы саяси-этникалық мәнге ауыса бастайды.

Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында ірі-ірі, терең мәні бар бірнеше тү­бегейлі өзгерістер жүзеге асырылады. Оның бі­ріншісіне – мемлекетті басқару жүйесінің ретте­ліп, бір орталықтан басқарылатын құрылымның пайда болуы жатады. Өзбек ханның саясатына қорытынды берген М.Г. Сафарғалиев ол туралы былай деп жазады: «Өзбек хан тұсында мемле­кеттік басқарудың орталықтануына байланысты жергілікті жерлердегі билік органдары да рет­

ке келтіріледі. Алғашында Алтын Орданың қалыптасуы кезеңінде биліктің орталықсыздануы жүрді, мемлекетті Батыйдың інілері бөліп алып, әрбір ұлысты басқарған адам өздерін жартылай мемлекет басшысы ретінде дербес сезініп, өз ұлысын жеке дара басқарды. Енді бір орталықтан басқару жүйесі енгізілгеннен кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, оларды әмірлер басқарды... Алтын Орданың саяси дамуының алғашқы жүз жылын қорытындылай келе, Батый тұсындағы қарапайым ғана мемлекеттік құрылым Өзбек хан тұсында ортағасырлық ірі мемлекетке айналды деп айтуға болады» [13, 340-341 бб.].

Тарихшының бұл айтқан қорытындысы Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарына бірдей қатысты. Парсы тарихшысы Муин ад-дин Натанзи Жошы Ұлысының сол қанаттағы билеушісі Ерзен хан туралы «Өзбек ханның жарлығы бойынша ол әкесінен кейін оның орнына келді, ... ол Өзбек ханға бағынуды, оған құлақ асуды қатты ұстады», – деген мәліметі осыны дәлелдейді [14, 129 б.]. Биліктің орталықтанып, жергілікті билік органдарының ретке келтірілуі – Алтын Ордада да ортақ саяси-құқықтық кеңістікті қалыптастырады. Бұл Өзбек ханның Алтын Орданың саяси өміріндегі бірінші жүзеге асырған ірі көлемдегі шарасы болса, екіншісіне оның рухани өмірінде жасаған түбегейлі өзгерісі жатты. Басқаша айтқанда, исламның қарсыластарын жойып, оны мемлекеттің ресми дініне айналдыруы – қалың көпшілік тарапынан қолдау табады да, бүкіл Алтын Орда аумағында саяси-құқықтық кеңістік секіді ортақ рухани кеңістікті қалыптастырады. Бұл жолда Өзбек ханды қолдаушылар – әмірлер, бектер, дін басылары, қолбасшылар және тағы басқалары ру-тайпасына, әлеуметтік орнына, кәсібіне қарамастан, Өзбек ханның жақтастары, қолдаушылары болды да, олардың бәрі ортақ атаумен «өзбектер» деп атала бастаған. Осылайша, өзбек атауы жаңа мәнге ие бола бастайды. Ол – жинақтаушы саяси мән болатын. Осы жинақтаушы саяси мәнде өзбек атауы ең алғаш рет 1336 жылғы оқиғаларға байланысты жазба деректе қолданылады. Парсы тарихшысы Хамдаллах Казвини (1281 ж. шамасында туылып, 1350 ж. қайтыс болған) Өзбек хан бастаған Алтын Орда әскерінің Иранға қарсы жорығын жаза отыра, мәтіннің бір жерінде Өзбек ханның әскерлерін өзбектер (узбекиан) деп, ал мемлекетін Мамлякат-и-узбеки – Өзбек мемлекеті деп атайды [14, 93 б.]. Ал оның ұлы Зайн ад-дин Казвини әкесінің шығармасын жалғастыру барысында Алтын

Ордаға қатысты Өзбек ұлысы (улус-и Узбеки) деген терминді қолданады [14, 97 б.].

Терминнің қағаз бетіне түскен жылы – 1336 жыл – Өзбек ханның Алтын Орда тағында отырғанына – 23, исламды ресми дін етіп жариялағанына – 15 жыл болған кез. Осы жылдар ішінде Өзбек ханның барлық бағыттағы жүргізіп отырған саясаты өз нәтижесін беріп, оның атақ-даңқы мен абырой-беделі ең шарықтау шегіне жетеді. Бұл жағдай Алтын Орданың көршілеріне де белгілі болады. Әсіресе, ол Алтын Орданың басты қарсыласы Иранға өте белгілі болса керек. Ирандықтар Алтын Орданың күшеюі мен нығаюын, ондағы барлық оң өзгерістердің бәрін Өзбек ханның есімімен байланыстырып, Алтын Орданы – Өзбектің елі, мемлекеті деп, ал Алтын Орда тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен – өзбектер деп атай бастайды. Тарихта қарапайым ғана мәні бар сөздердің белгілі бір жағдайларға байланысты жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ие болып, көршілес елдерге сол этнониммен белгілі болғаны жөнінде мысалдар көп кездеседі.

Өзбек ханның тұсында саяси-құқықтық және рухани кеңістіктің бүкіл Алтын Ордаға ортақ болуы «өзбек» атауын да оның барлық тұрғындарына ортақ етеді. Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі немесе сол қанатындағы Ақ Орданың тайпалары да жиынтық саяси-этникалық мәндегі өзбек атауымен аталады. Парсы авторлары өзбек атауын енгізгеннен кейін бұрынғы қыпшақ атауы жойылып кеткен екен деген ой тумауы керек. XIV ғасырдың ортасында, екінші жартысында және соңында араб авторлары Алтын Орда тұрғындарына қатысты қыпшақ терминін өзбек атауымен қатар қолдануды жалғастыра береді. Дерек мәліметтері «өзбек» атауының этникалық мән ретінде қыпшақ атауымен синоним болғандығын көрсетеді.

Алтын Ордадағы «дүрбелең жылдар» империяны екіге бөліп, шығыс бөліктегі тұрғындарға «көшпелі өзбектер» атауы қолданыла бастайды. XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындардың бәрін өзбектер дей келе, «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бәрі Шыңғыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б.К.) басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге күштерімен және ержүректіліктерімен даңқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар

шығады», – деп «көшпелі өзбектер» қауымдас-тығын жіктеп береді [15, 62 б.].

Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан XVI ғасырдың алғашқы жылдары Мауереннахрдағы саяси дағдарыстарды шебер пайдалана отыра, Самарқан тағын иеленеді де, көп ұзамай бүкіл аумаққа жаңа әулеттің билігін орнықтырады. Сөйтіп, «өзбек» атауы Дешті Қыпшақ аумағынан Мауереннахр аумағына көшіріледі. Ал «қазақ» атауы болса, өзінің пайда болған аумағында халық атауы ретінде сақталып қалады.

Ертіс пен Еділ өзендерінің, Сырдария мен Тобылдың жоғарғы ағысының аралығындағы орасан зор аймақ XI ғасырдан бері «Дешті Қыпшақ» деп аталынып келсе, Қазақ хандығының құрылуы және оның одан кейінгі ғасырлардағы дамуы жаңа ұғымды қолданысқа енгізеді. Жоғарыда аталған аймаққа XI ғасырда қыпшақ тайпаларынан шыққан әулет билігінің орнауы – «Дешті Қыпшақ» – «Қыпшақ даласы» деген ұғымды енгізгені белгілі. Ал Қазақ хандығының өмірге

келуі – «Қазақстан» терминін дүниеге келтіреді. XVI ғасырдың басында алғаш рет жазба деректерде кездесе бастаған бұл термин – «қазақтардың мекені», «қазақтардың елі» дегенді білдіре бастайды. [16, 180 б.].

Осылайша, Елбасының «Тарих толқынында» атты кітабында Қазақ хандығының тарихына қатысты айтылған ой-тұжырымдарды терең талдай келе, төмендегідей қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, кітаптағы Елбасының ел тарихының хандық дәуіріне, оның ішінде саяси тарих пен этникалық тарих мәселелеріне қатысты жазған ой-тұжырымдары қазіргі кезеңдегі және болашақтағы зерттеушілерге теориялық-әдістемелік негіз бола алады.

Екіншіден, Елбасы еңбегіндегі ой-тұжырымдар отандық тарих ғылымның жемісі, жеткен биігі, олай болса, қарастырылған мәселелер бойынша қазіргі күндері ел ішінде желдей есіп жүрген көптеген жалаң пікірлерге кітаптағы салмақты тұжырымдар тосқау балады деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
- 3 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Тизенгаузена. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – С.563.
- 4 Вамбери Г. История Бохары или Трансаксонии с древнейших времен до настоящего. По восточным обнаруженным и необнаруженным рукописным историческим источникам. Перевод А.И. Павловского. – Т.П. – СПб., 1873.
- 5 Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника / Перевод с немецкого К.Д. Цивингой и Б.Е. Чистовой. – М., 1989. – с.
- 6 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Вып. III-IV. – СПб., 1896. – с.
- 7 Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. –Оренбург, 1924.
- 8 Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI- середине XIXв.). – М., 1958;
- 9 Греков Б.Д. Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М., 1950.
- 10 Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // МИГУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж. ССР. – Т. XII. –Сталинабад, 1954. – С. 3-37.
- 11 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.
- 12 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: «Елорда», 2004
- 13 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.) – М., 1996. – С. 277-526.
- 14 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т.П. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузенем и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. –308 с.
- 15 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. – 196 с.
- 16 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

References

- 1 Nazarbaev N. Tarihi tolkynynda. – Almaty: Atamura, 1999. – 296 bet.
- 2 Ahinzhonov S.M. Kipchaki v istorii srednevekovogo Kazahstana. Izdanie ispravlennoe. – Almaty: Gylym, 1995. – 296 s.

- 3 Sbornik materialov, odnosyashihsya k istorii Zolotoi Ordy. V.Tizengayzena. – T.I. Izvlecheniya iz sochinenii arabskih. – SPb., 1884. – S.563.
- 4 Vamberi G. Istoriya Bohary ili Transaksonii s drevneishih vremen do nastoyashego. Po vostochnym obnarodovannym i neobnarodovannym rykopisnym istoricheskim istochnikam. Perevod A.I. Pavlovskogo. – T.II. – SPb., 1873.
- 5 Radlov V.V. Iz Sibirii. Stranisy dnevnika / Perevod s nemeskogo K.D. Sivingoi B.E. Chistovoi. – M., 1989. – s.
- 6 Aristov N.A.Zametki ob etnicheskom sostave turkskih plemen i narodnosti i svedeniya ob ih chislennosti // Zhivaya starina. Vyp. III-IY. – SPb., 1896. – s.
- 7 Chyloshnikov A.P. Ocherki po istorii kazak-kirgizskogo naroda v svyazi s obshimi istoricheskimi syd*bami drygih turkskih plemen. CH.I. –Orenbyrg., 1924.
- 8 Ivanov P.P. Ocherki po istorii Srednei Azii (XYI- seredine XIXv.). – M., 1958;
- 9 Grekov B.D., Yakybovskii A.U. Zolotaya Orda i ee padenie. – M., 1950.
- 10 Semenov A.A. K voprosy o proishozhdenii i sostave yzbekov Sheibani-hana // MITYSA. Vyp. I. TIIAE AN Tadh.SSR. – T. XII. –Stalinabad, 1954. – S. 3-37.
- 11 Ahmedov B.A. Gosydarstvo kochevyh yzbekov. – M., 1965.
- 12 Kinayatuly Z. Kazak memleketi zhane Zhoshy han. – Astana: «Elorda», 2004
- 13 Safargaliev M.G. Raspad Zolotoi Ordy. // V kn.: Na styke kontinentov i sivilizatsii... (iz opyta obrazovaniya i raspada imperii X-XYI vv.) – M., 1996. – S. 277-526.
- 14 Sbornik materialov, odnosyashihsya k istorii Zolotoi Ordy. – T.II. Izvlecheniya iz persidskih sochinenii. Sobrannye V. Tizengayzenom i obrabotannye A.A.Romaskevichem i S.L.Volinym. – M.-L., 1941. –308 s.
- 15 Fazlallah ibn Ryzbihan Isfahani. Mihman-name-ii Byhara. (Zapiski Byharskogo gostya)/Perevod, predislovie i primechaniya R.P.Dzhalilovoi. Pod red. A.K. Arends. – M., 1976. – 196 s.
- 16 Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlecheniya iz persidskih i turkskih sochinenii) / Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingylov, K.A.Pishylina, V.P. Udin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.

Арыстанбекова Қ.Д.,
Сағынаева А.Н.,
Қошымова А.О.

**І. Есенберлиннің
«Алмас қылыш» тарихи
романының деректік негіздері**

Мақала алғашқылардың бірі болып тарихи тақырыпқа өз әдеби туындысын арнаған жазушылардың бірі, бүгінгі күні 100 жылдық мерейтойы тойланып отырған ұлы жазушылардың бірі І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Алмас қылыш» романына арналады. Мақала авторлары жазушының бірегей туындысы «Алмас қылыш» романында тарихи деректердің шебер пайдаланылғандығына көңіл бөле отырып, еңбектің сол кездегі қазақ тарихының ашық айтылуына мүмкіндік берілмеген тақырыптарға қалам тербеп, шектеулерге қарамастан әдеби тілмен қабыстыра жеткізе білгендігімен маңызды болып есептеледі деп қорытындылайды.

Бүгінгі таңға дейін өз оқырмандарын тауып, олардың ыстық ықыласына бөленіп отырған бұл еңбектің маңыздылығы ерекше. Себебі, ең біріншіден, шығарма авторының тарихтың кей тұстарын айтуға тыйым салынған қиын замандардың тұсында хандық тақырыбына барып, әдеби-көркем шығарма арқылы тарихтың міндетін атқаруға атсалысуы ерлікпен пара-пар еді. Сондай-ақ, қазақтың төл дерегі саналатын ауыз әдебиетімен қатар жазба дерек мәліметтерін де өз шығармасына арқау еткендігімен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: қазақ хандары, І. Есенберлин, тарихи деректер, «Көшпенділер» трилогиясы.

Arystanbekova K.D.,
Saginayeva A.N.,
Koshymova A.O.

**On the basis of the historical
novel of source I. Esenberlin
«The Charmed Sword»**

This article opens up the historical reality of the literary novel of I. Esenberlin «Almas qylysh» of the trilogy «Nomads». This year marks the 100 year anniversary of I. Esenberlin. The article analyzes the novel by the available historical sources, displays historical parallels between romance and reality.

Today the novel stands out for its substantial features, and is renowned for its success among young readers and historians. At first, the product of the author touches upon taboos that comes to Khan's period which was difficult times, and seeks to uncover the problem of history through art which is a literary work. The novel stands out especially because oral literature and information written sources justified the events taking place in the novel, and do not lose their value today.

Key words: Kazakh khans, I. Esenberlin, historical sources, «Nomads».

Арыстанбекова Қ.Д.,
Сагинаева А.Н.,
Қошымова А.О.

**Об источниковедческих
основах исторического романа
И. Есенберлина
«Заговоренный меч»**

В данной статье раскрывается историческая данность по литературному роману И. Есенберлина «Алмас қылыш» из трилогии «Кочевники», в этом году отмечается 100-летний юбилей И. Есенберлина. В статье сюжеты романа анализируются по имеющимся историческим источникам, выводятся исторические параллели между романом и действительностью.

На сегодняшний день роман выделяется своей содержательной особенностью, а также славится своим успехом среди молодых читателей и историков. Во-первых, в произведении автор затрагивает запретные темы, которые доходят до ханского периода тех трудных времен, и стремится раскрыть задачи истории через художественно-литературное произведение. Роман выделяется тем, что устная литература и сведения письменных источников оправдывают события, происходящие в романе, и не теряют своего значения на сегодняшний день.

Ключевые слова: казахские ханы, И. Есенберлин, исторические источники, трилогия «Номады».

I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «АЛМАС ҚЫЛЫШ» ТАРИХИ РОМАНЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ

Қазақ тарихының қыр-сырына әдеби шығармаларын арнаған жазушы, «100 жылдық мерейтойы» тойланып отырған I. Есенберлиннің шығармаларының ішіндегі бірі әрі бірегейі саналатын «Көшпенділер» трилогиясының Қазақ хандығы тарихындағы алатын орны ерекше. Бізге белгілі «Көшпенділер» трилогиясы – 1969 жылғы «Қаһар», 1971 жылғы «Алмас қылыш», 1973 жылғы «Жанталас» романдардың жиынтығы. Соның ішінде «Алмас Қылыш» романында тарихи мағлұматтардың қаншалықты деңгейде пайдаланылғандығына тоқталайық.

«Алмас қылыш» романы – ХҮ ғ. оқиғаларынан мәліметтерге бай әрі оқиғалардың жылнамалық реті сақталып отырады. Сол себепті де оны роман-хроника деп атап жүргендер бар. Роман-хроника болғандықтан, онда көптеген тарихи оқиғалардың тізбегі басым келуі – жанрлық заңдылық. Трилогияда жазушының лирикалық шегіністерге, арғы-бергі дәуірлерге ауысып отыратын тұстары да жеткілікті.

Шығармадан айқын байқалатын нәрсе – жазушы әр кезеңдегі тарихи деректер мен мағлұматтарды мол жинай отырып, ғалымдар еңбектерін барынша оқып танысқан, тереңдей зерттеген. Шығармада Батудың Венгер короліне жазған хаты, Лаврентьев шежіресіндегі деректер жөнінде, араб жазушысы Абу әл-Фи жөнінде айтылып [1, 37] (Құрбандыққа Қыпшақтар кісі бауыздаған), мағлұмат беріледі, ал кейде Рашид-ад Дин сияқты тарихшылар еңбектерінен үзінділер келтіріледі. Яғни автор өзі дерек алған шығармалар жөнінде мағлұмат бере отырып, керегінше роман сюжетіне пайдаланған материалдарына бағыт сілтеп отырады. Мысалы, 52-бетте «Калка ұрысы деп аталып кеткен моңғол, орыс, Қыпшақ қырғынын тарихшы Рашид-ад Дин былай деп жазады: «Орыс пен Қыпшақтар дайындалып көп әскер жинады. Жауының көп екенін көріп моңғолдар кейін шегінді. Моңғолдарды қорыққаннан шегінді деп ойлаған Қыпшақтар мен орыстар оларды жиырма күн соңынан куды. Кенет моңғолдар аттарының басын кейін бұрып алып, қуып келе жатқан әскерлердің қосылуына мүмкіндік бермей, біразын қырып салды. Бір апта бойы ұрысты, ақырында Қыпшақ пен орыстар шыдай алмай қашуға мәжбүр болды. Моңғолдар сондарынан қалмай өкшелеп, қалаларын қиратып, жұртын бостырып жіберді»» [1, 52].

І. Есенберлин де әдеби шығармалар мазмұнына тән тарихи дерек мәліметтерін өз тарапынан көркемдеп, шығарма өзегіне сіндіріп жіберген, сол себепті де жоғарыда келтірілген үзіндідегідей тарихи деректер кей жерінде мен мұндалап айқындалып тұрса, кей тұстарынан деректік бөлігін айқын басып айту қиынға соғады.

«Алмас қылыш» романында Дешті Қыпшақтың қаһарлы ханы Әбілқайырдың кезінде қазақ руларының қазақ хандығы қоластына топтасуы, бір жағы – Әбілқайыр, екінші жағы – Жәнібек, Керейлердің тақ пен тәж үшін таласы, хан ордасындағы оқиғалар баяндалған. Романда тарихи тұлға есімдері, яғни Шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтандардың есімдері де дерек негізінде берілген, оны былай деп жазады: «Әбілқайырдың сескенетін жауы екеуі: бірі – Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі, өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ. Бұл да құр сұлтан емес, Алтын Орда мен Ақ Ордаға ие болған хан тұқымдары». Осы баян парсы деректерінде, яғни «Таварих-и гузида-йи нусрат наме» шығармасында былай баяндалады «В тот век в юрте Абу-л-Хайр-хана появились враги. Они покушались [на жизнь Шайх-Хайдар-хана]. Имена этих врагов: сын Хаджи Мухаммад-тархана Сайидек [и внук Хаджи Мухаммад-хана, сын Махмудек-хана] Ибак, сыновья Барак-хана Джанибек [и] Кирай, из сыновей Араба Буреке-султан, из мангытов Аббас-бек и Муса [и] агмурчи, во главе [с ними враги] собрались и покушались [на него] со всех сторон». Дәл осы дерек келесі шығарма «Фатх-намеде» («О кончине Йадг Ар-Хана, восшествии на его место Шайх-Хайдар-Хана, возникновении смут и мученической кончине Шайх-Хайдар-Хана») Много раз хан и ханзаде 15 водили войска в поход, но не утвердили они покровительства к себе со стороны победы. Одному из них [врагов] имя было Ибак,

Другому – Джанибек-хан, сын Барака,
Третий был Буреке [и еще] Муса,
Чьим прозванием всегда было Йамгурчи.
Все держали умысел воевать с ним,
Чтобы благодаря [злой] судьбе свергнуть его в бедствие, –

деп беріледі [2].

Тарихи романдарда жанрлық ерекшеліктерінің ең басты көрсеткіші дәуір шындығын тарихи деректерге, фактілерге, құжаттарға сүйене отырып ашуында жатқан болса, онда роман табиғатындағы сол тарихи деректерге бағытталған

көркемдік табиғатын ашудың мәні зор. Осыған орай, ең алдымен, сол кездер жайлы дер кезінде жазылып, сақталып қалған деректерді роман мазмұнымен салыстыру қажеттілігі туады. Тарихи факт – өзіне ғана тән белгілі мазмұны бар объективті шындық. Тарихи роман жазатын қаламгер белгілі бір кезеңге назар аудара отырып, оның бүкіл болмысын хатқа түскен шынайы оқиғалар мен құжаттар арқылы ашады. Сондықтан да тарихи шығармада тарихи факт көркем бейнелеуге өзек болып табылады. Рас, ең алдымен құжаттың фактімен қаншалықты сай келетініне назар салу қажет.

Десек те, тарихи құжаттарды жазушы өз шығармасында сол кезеңнің айрықша ерекшеліктерін көрсетуге сүйенетін басты құрал ретінде ғана пайдалана отырып, кей тұстарын өз қиялында қорытындылайды. Шығарма тек тарихи құжаттарды пайдаланып жазылған деп айтуға болмайды, сондай-ақ ауыз әдебиеттерін де жиі пайдаланып отырады.

Жәнібек пен Керей бастаған қазақ жұртының Әбілқайыр хан құрамынан жырыла көшу сипатын баяндайтын аңыздық желі мен тарихи еңбектердегі деректерге назар аударайық. Әуелі Шәкәрім қажы қағазға түсірген аңызды келтірейік: «1455 жылы өз Жәнібек немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Токлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады. Біздің арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Өз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шариғат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Өз Жәнібек хан өкпелеп кеткен» [4, 22-23] – дейді. Белгілі жазушы М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» монографиясында да осы дерек дәл берілген.

Ал, тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» атты белгілі еңбегінде былай деп баяндайды: «Ол кездегі Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді. Олар барып орналасқан

соң Әбілқайыр хан дүние салды да, өзек ұлысының шаңырағы шайқалды...» [1, 95].

Романның сюжеттік желісімен аңыздық және тарихи деректерді салыстыра қарағанда, жазушы екеуін де өз шығармасының өзегі ретінде пайдаланған. Жазушы тарихи деректен де, аңыздық деректен де алшақ кетпеген, кей тұстарында тек кісі аттарында ғана сәл өзгерістер байқалады.

Шығармада осы деректерден өрбіп, дамыған жазушы болжамын айқын танымыз. Осы деректердің романдағы көрінісіне көз жүгіртіп көрейік. «Жәнібек пен Керей Моғолстан ханымен бір ай бірге болып, бір ыдыстан ас ішіп, бір ауыздан сөз шығарысып, тату-тәтті бітімге келді. Исан Бұғы көшіп келген қазақ руларына бүкіл Шу, Сарысу, Талас, Бадам өзендерінің бойы мен Қозыбас, Қаратаумен Моғолстанға қарайтын теріскей жағын тегіс қонысты берді» [4, 174].

Осылайша, роман желісіне негіз болған жоғарыдағы дерек романда өзгеріссіз көрініс тапқан. Романдағы оқиға желісінің көп мөлшері қазақ хандығының пайда болуының тарихи алғышарттарын көрсетуге құрылған.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасынан: «...Қолда бар шежірелер мен бұрынғы авторлардың еңбектерінде Моғолстанның шекаралары көрсетілмеген, [сондықтан] қазір оларды ешкім білмейді... Алайда қазір Моғолстан деп аталатын территорияның ені мен ұзындығы 7-8 айлық жол [қашықтық] болып табылады. [Моғолстанның] шығыс жағы қалмақтар жерімен шектесіп жатыр және Барыс-көлді, Емелді, Ертіс өзенін [қамтиды]. Солтүстігінде ол – Көкше теңізбен, Буммен және Қараталмен, батысында – Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде – Ферғана уәлаятымен, Қашғармен, Ақсумен, Шалышпен және Тұрфанмен шектеседі... Осы жердің бәрінің о шеті мен бұ шеті жеті-сегіз айлық жол болады». «... В имеющихся летописях и трудах предшествующих авторов границы Могулистана не указаны, /поэтомую/ сейчас их никто не знает. Однако та территория, которая теперь называется Могулистаном, в ширину и длину составляет путь /протяженностью/ в 7-8 месяцев.

Восточная окраина /Могулистана/ примыкает к землям калмаков и /включает в себя/ Барс-Куль, Эмиль и Иртыш. На севере он граничит с Кокча-Тенгизом, Бумом и Кара-Талом, на западе – с Туркестаном и Ташкентом, на юге – с Ферганским вилайетом, Кашгаром, Ақсу, Чалышем и Турфаном» [2, 219].

Ал енді бұл «Көшпенділерде» мынадай көрініс табады: «Моғолстан! Бұл бір Әбілқайыр-

дың әзірге тісі бата алмай келген, көлденеңі мен ұзындығы жеті айлық кең алқап, күншығыс жағы қалмақ жерімен шектесіп, Барыс көл, Алтын Емел, Ертіс өзендерімен бітеді. Солтүстігінде Көкше теңіз (осы күнгі Балқаш көлі) бен Қаратал өзені жатыр. Күнбатысында Ташкент пен Түркістан, Оңтүстігі Қашқар, Ферғана, уәлиеті мен шығыс Түркістандағы, Тұрфан қаласы» [1, 33].

«Алмас қылыштағы» тағы бір дерек атакты сұлтан Мұхамед-Шайбанидың басқыншылық жорықтарына қатысты, оны да автор «Шайбанинамеге» сүйеніп жазған «Султан Махмуд-хан, приведя войско из Ташкента, захватил вилайет Отрара. В благодарность за благое дело Султан Махмуд-хан послал группу своих эмиров с дарами и подарками к хазрату заместнику всемилостивого, написав {ему} письмо: Мы не можем прибыть в то [ваше] высокое жилище, Разве что вы окажете любезность выступить [сюда].... После подтверждения верности обеими сторонами Султан Махмуд-хан вручил вилайет Отрара мулазимам хазрата заместника всемилостивого, а сам вернулся в вилайет Ташкента» [5, 115], яғни Ташкент билеушісі шағатайлық Сұлтан-Махмуд хан кеп Отырарды басып алды, ол үлкен той жасап, мәңгілік одақтас боламыз деп достасып, Отырарды Мұхамед-Шайбаниға басыбайлы беріп, өзі әскерімен Ташкентке қайтып кетті деп баяндалады.

Бізге көптеген тарихи деректер арқылы белгілі Моғолстан ханы Есенбұға Керей мен Жәнібекке Шу, Талас аңғарындағы жерді бөліп беретіндігі. Ол «Көшпенділерде» былайша бейнеленген: «Исан-Бұғы хан Жәнібек пен Керейге қонысқа Моғолстан мен Түркістанның шекарасында жатқан Шу, Сарысу, Талас өзендерінің жағалауы мен Балқаш көліне келіп құятын Қаратал өзенінің бойын берді. Сөйтіп қазақ рулары бірден Моғолстанның солтүстік, солтүстік-батыс шеті мен Көкше теңіздің Шумен қатарлас тұсына ие болды».

Екінші мәселе, Бұрындық ханның халық арасында абыройы төмендеп, Самарқандқа көшіп кетуі. Көптеген деректерде, оның ішінде Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасында «...Әдік сұлтан өлгеннен кейін Қасым ханның ықпалы күшейгені сонша, Бұрындық ханды қуып жіберді; ол Самарқанға жетіп, жат жерде қайтыс болды».

Ал, шығармада бұл көркемделе отырып, мынадай көрініс табады: Қасым ханды қасына шақырып алып айтқаны: «Қарамағындағы елің теріс қарап кетсе, хан деген ит қорлық екен. Оны мен Әбілқайыр ұрпағына қыздарымды бергелі

білдім. Қонысымды жайладың деп қамсыз жатқан елді шапсам, сынықтан сылтау іздегенім. Айып менен. Бірақ айыптымын деп қарашыға бас иер жайым жоқ. Оны жақсы білесің, Қасым. Жазылмас кеселдің емі – өлім. Ал менің кеселімнің жазасы өлімнен де ауыр. Бұл жазаны өзіме-өзім таңдадым. Жазам сол! Ертең күйеу балам Мұхаммед-Темір сұлтанның қолына, Самарқанға көшемін. Жұртымды басқара алмаған күнәмді өзім осылай жумақпын. Дәшті Қыпшақты билеген Бұрындық Мұхаммед-Темір сұлтанды күшік күйеу етіп өз ордасына кіргізудің орнына, ата жауы Әбілқайырдың ордасына өзі күшік ата болып кірмек. Бұдан артық жаза, бұдан артық өлім бар ма?...»

ХҮ ғасыр қазақ халқы үшін қиын да күрделі кезең болды. Бірақ тап осы ғасырда өзара қырқысқан қатал күресте бір-біріне қарсы тұрған бытыраңқы қазақ ру-тайпалары өмір сүру үшін түптеп келгенде бірігу керек екенін мықтап түсінді. Трилогияның бірінші бөлімі «Алмас қылыш» қазақтардың бірігуінің қиын процесін – жеке ұлт, халық ретінде дербестікке ұмтылу,

азаттық жолындағы қасіретті күресін бейнелейді. Керей, Жәнібек сұлтандардың өз соңына ерген рулармен Әбілқайырдан бөліне көшуі тек факті ғана. Қазақ деген халықты біріктірген хандықтың пайда болуы, қалыптасуы толассыз күрестің, ұзақ жылдардың жемісі.

І. Есенберлин «Алмас қылыш» романында көшпелі өзбектер мемлекетінің билеушісі Әбілқайырдың, одан әрі Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, одан әрі Бұрындық пен Қасым болып ауысып отырған бірнеше хандар тізбегінің билеуінен өткен халық өмірінің қиын да ауыр өмірі, оның ішінде көршілес елдермен бірде тату, бірде қырғи-қабақ болып шабысқан саяси тұстарын көрсететін оқиғаларды әдеби көркемдеп суреттей отырып, ұзақ жылдарды қамтитын күрес жолының бейнесін жасайды. «Алмас қылыш» романы қазақ хандарының ішіндегі ең көрнектісі – «Қасым салған қасқа жол» деп мәтелге айналған даналық сөзге негіз болған, ел билеудегі өзінің сара да дара жолын салып қалдырған, халық жүрегінен орын алған Қасым хан дәуірін айтумен аяқталады.

Әдебиеттер

- 1 Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: «І. Есенберлин атындағы қор». – 2002.-760 б.
- 2 Таварих-и гузида-йи нусрат наме, Фатх-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.
- 3 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.
- 4 Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди». – Алматы. 13,95-бб.
- 5 Шайбани-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

References

- 1 Esenberlin I. Koshpendiler. Tarikhi trilogy. – Almaty: «I. Esenberlin of an atyndagi kor». – 2002.- 760 b.
- 2 Tavarikh-i guzida-y nusrat Name, Fatih-name // Materialy po storiey Kazakhskih khanstv XV-XVIII vekov. Sost.: S. K. Ibragimov, N. N. Mingulov, K. A. Pishchulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 p.
- 3 Kudayberdiuly Sh. Turik, kyrgyz-kazak ham handar wejiresi. – Almaty: Kazakhstan; Sana’a, 1991. – 80 b.
Д'Андре қарапайым құқық нормаларын жинау бойынша шекара комиссиясының тапсырмасын тиянақты орындап болып, бұл мәселені зерттеуде сол кездегі адамдардың пікірінше (билердің) өзінің үлесін тек қана қазақ қоғамындағы қарапайым құқық нормаларының қолданылуын толық зерттеп қана қоймай, дәстүрлі қазақ сотының зерттелуі үрдісінің тарихнамасын көп жылдарға анықтап берді.

Билердің қоғаммен артылған міндеттерді адал атқаруы лайықты бедел мен «билеу» түріндегі материалды сыйақы ретінде қайтарылатын жақсы даңқтың кепілі болды. Тағы да қоса кететін жайт, әр бір би сот тәжірибесін ұлғайтып өз ауылының шеңберінен шығуға тырысты. Бұл орайда, осыған дейін біз атап өткендей, байлыққа байсалды қараған көшпенді қоғамның ерекшелігін ескере отырып, ешқандай материалдық құндылықтар бидің өзіне тиесілі ауылдың шеңберінен тыс жерлерде сот ретінде танылуының кепілі бола алмады.

Осы және басқа да мәселелер билер институтының зерттелуіне үлкен үлес қосқан XIX ғ. ресейлік шығыстанушы В.В. Григорьевтің еңбектерінде көрініс тапты. Көшпенді тұрмыстың егіншілікпен салыстырғандағы басымдықтарын атай отырып, ол көшпенділердің сот жүйесінің артықшылықтарына назар аударды. Оның айтуынша қазақтарда «...көптеген ертедегі өркениет иелері қызығатындай сот және тергеу өндірісі тәртіптері және керемет сот жүйесі болған; көшпенділерге әрдайым бостандық ретінде жетіспеген, яғни қысымнан қашу амалдары ретінде даладағы заңдылықтың сезілуі мықты кепілмен сақталады және тәрбиеленеді» [6, 64]. Ғалымның әр бір жұмысында қазақ қоғамындағы ру басыларының күші туралы айтылған. Ру көшпенділер үшін тек баспана ғана емес, және де оның қауіпсіздігінің кепілі болды. Сондықтан, сот, әскер басы және басқа да міндеттерді атқаратын рукөсемінің ролі айтарлықтай маңызды болды.

Зерттеуші А. Крахалев өз мақаласында да билер сотын ежелгі түрде сипаттауға тырысты. Арасында ол Семей облысының Павлодар уезінде би болған полковник Муса Чормановтың өз жерлестерінің тұрмыстары мен әдет-ғұрыптары туралы сөздерін келтіреді. Ол «Жерлеуге салым кезінде өткен жылдағы жиналған қырғыздар арасындағы даулар мен арыздар, шағымдар, шешіледі және талқыланады. Солай бола тұра, іске деген өз ақылдарын және әділ көзқарастарын көрсете білген қырғыздар, яғни білгір адам өз халқынан «би» деген атаққа ие болады. Сонан кейін осы билерге

қырғыздар өздерінің әртүрлі сипаттағы мәселелерін шешу үшін жүгінеді» [7, 25]. А. Крахалевтің мақаласының материалдарына қарағанда, билерге ең бастысы моральдық-өнегелік қағидалар қойылатын болды: олар «...кейде барлық халықтың жиналуымен, мәселенің егжей-тегжейіне дейін айтылуымен, ауызша шешілуді қажет ететін істер үшін қазақтар арасында жырлар, халық эпостарын білетін құрмет пен атаққа ие болды. Сондықтан әр бір қырғыз далада би бола алмады» [7, 25].

А. Леонтьев «Қырғыздардағы сот құқығы ертеден әкімшілік істерінде де билікпен қамтамасыз етілген тұлғалар – билерге, сұлтандарға және хандарға тиесілі болды. Биліктің бөлінісі қырғыздарға белгісіз болды» деп жазды [8]. Бұл қарапайым құқықтың білгірінің мәліметтері бойынша, алғашында биліктің барлық салаларын өз қолында шоғырландырған қауымның адамдары билер болды. Билер өз қолдарында сот және әкімшілік билік, сонымен қатар автордың пікірінше, ерте заманда билер рулық биліктің негізінде пайда болған биліктің жалғыз түрі болды. Алайда уақыт өте келе әскери құзыреттер билеуші хандардың қолына өтті. Осы уақыттан бастап, А. Леонтьевтің ойынша қоғамдық иерархияның жоғарғы сатысындағы бөлініс үдерісі басталды. Қазақ жүздерінің орыс жерлеріне қосылуынан бастап, билердің қызметтік саласы қысқарды және сот тәжірибесімен шектелді. Шығыс-түріктанушы В.В. Радловтың билерге берген сипаттамасы үлкен қызығушылыққа ие.

Өз қорытындысын академик көпжылдар бойы қазақтардың қоғамдық қатынастарын зерттеу негізінде «тек көп ғасырлар өткеннен кейін ғана болмашы өзгерген» деп айтты [9]. Академик В.В. Радловтың билерді сипаттауларында сөгістер болған жоқ емес және бұл революцияға дейінгі көп зертеушілерге тиесілі жағдай.

Бір жағынан, В.В. Радловтың сөздеріне қарағанда, билер өкіметті заңсыз тартып алды «оларға ешкім құқық бермеген болса да халықты соттайды». Олар қыстақ кезіндегі жер дауларын шешеді, ауыл арасындағы дауларды және жеке адамдардың мүлкіне, қауіпсіздігіне қатысты күштеу шешімдер шығарады» [9, 69]. Табиғи-климаттық жағдайларға байланысты бірнеше ауылдар бөлімдерге бірігіп, онда «ауылдар арасында пайда болатын дауларды ретке келтіріп, айтыстарды шешетін биліктің қажеттілігі» туындады [9, 69]. В.В. Радлов көшпенді қоғамда рубасы сот және әкімшілік рөлді орындауға тиісті болуының себебі неде деген сұраққа толықтай тоқталды. Сондай рубасыны қауым бай, үлкен жанұясымен күшті, жанымен дарынды және әділ бидің тұлғасынан табады. «Ондай билік әдетте

шыққан тегі бойынша байлығы, діни қабілеті, әділеттілігі, алайда, ең алдымен – қажет болған жағдайда, сөзді іспен қолдай алатын көп руластарының болуымен ерекшеленетін тұлғалардың қолында болды. Ондай тұлғалар қырғыздарда билер болып аталатын болды (би=бей=бек)»¹ [9, 69]. Академиктің пікірінше, бұл билік сайлауға бағытталған жоқ. В.В. Радлов «би билігі, әрдайым басқалары соған түрткі болатын жағдайлармен ғана мойындайтын танымал жанұямен немесе оның өкілдерімен жауланып алынған билік болып табылатындығын» айтты [9, 69]. Күшпен жаулап алынған бұл күштің көпшілікпен мойындалуы сирек кездесті, көбінесе ол тек қана кейбір рулардың ғана қолдауына ие болып отырды. Бұл сипаттамада, билер әкімшілікпен қоса соттық билікті де жаулап алған иемденушілер ретінде көрініп отырды.

Сонымен бірге, академик билер институтының маңызын басқаша анықтаған өзінің зерттеулерін келтірді: «...билер көбіне шешіміне екі жақ та өз еркімен бағынатын аралық сот ретінде болды» [9, 70]. Өз еркі қағидасы бойынша бағыну, «өз еркі» ресми және заңды сипатта да бола алатын руласқа қатысты мүмкін болды. Егер де дау немесе талас әр түрлі руластар арасында пайда болған болса, онда соттық-әкімшілік қағидада құралған би билігінің екі жақпен де бірдей қабылдануы екі талай болатын еді. Бұл жерде, шешімі екі жаққа да бірдей міндетті болатын аралық сотты өз еркімен таңдау қағидасы бірінші ретке шығады. Бидің әсер ету саласы тек қана соттық өкілеттілікпен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған бағынышты топтың барлық тіршілік саласын қамтып отырды.

В.В. Радловтың пікірінше, «шешіміне бүкіл халық бағынатын билер бар» бұл өздерінің «сот әділдігімен және білімімен» ерекшеленген, соңғыларымен қатар «өз жанұясының немесе руының және байлығының» арқасында орындарын сақтай білген билер де сот төрелігін орындап отырған. В.В. Радловтың пікірін қорытындылай келе, қазақ қоғамындағы билердің қызметінің көлемі және орны бойынша «ортақ ережелерді бекіту мүмкін емес болды» [9, 69–70].

Мақаладағы материал қазіргі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Оның маңыздылығы, ғалымның 1862 ж. жазында Жетісуге ең алғашқы сапары кезінде алынған қырғыз халқы туралы тікелей пікірі көрініс тапқан. В.В. Радловтың біруластардың сот шешіміне сөзсіз бағынуы

¹ В.В. Радловтың айқанындай, көптеген түрік халықтарында «билер» әртүрлі транскрипцияға ие: «би=бей=бек=бег=билер».

туралы көзқарастары ғалымның басқа да еңбектерінде дәлелденген [10, 112].

Қазақстан территориясында билер институтының зерттелуіне екі жылдан астам уақытта қазақ қоғамын зерттеген А.К. Гейнс зор үлес қосты. Жиналған мәліметтер негізінде, ол Комиссияның «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ереженің Жобасын» дайындауға қатысты². Қазақ қоғамының дәстүрлі институттарына үлкен назар бере отырып, оның ойы бойынша аумақтағы жаңа реформаларды жүргізу барысында ескерілуге тиісті өзінің «ежелгі қазақ соты» туралы ой пікірлерін ұсынды. Би атағы – А. Гейнстің пікірі бойынша әкесінен баласына берілетін мұрагерлік деп есептеді. Өз уақытында бұл атақты әкімшілікпен қоса соттық билікті де басып алуының арқасында «...саяси маңыздылыққа ие болған» рубасылары иеленіп отырды, солай бола тұра ғалым, «олардың мұндай жағдайы әкімшілік жұмыстармен ешқандай сәкес келмегендіктері» туралы тағы да айтқан болатын [11, 21].

А.К. Гейнс қазақ қоғамында «халықтың құрметіне ие әрбір адам би бола алады; олар өте құрметті тұлғалар болған. Екі дауласушы тарап та өздерінің жеке таңдауы бойынша өз мәселесін шешуде бір немесе бірнеше билерге жүгініп отырды. Арызданушының міндетіне куәгерді нұсқап өзінің арызын дәлелдеу үшін айғақтарды ұсыну жатты; жауапкер болса өзін ақтау үшін барлық дәлелдерді жинап ұсынуға міндетті болды» [11, 25]. Осылайша, билерге тек қана үкім айту ғана қалғандықтан, істердің би сотымен жылдам шешілуінің себебі де осында болды. Егер де жақтардың сот алдында өз ақтығын дәлелдей алмаған жағдайда, билер алқабилер көмегіне жүгініп отырды. Сот ашық және жұрт алдында жүргізіліп отырды, және кінәсі мен жазалау шаралары көптеген факторларға байланысты болды. Автордың пікірінше, ежелдегі билер соты осындай сипатта болды. Ғалым, билер сотында мұсылман елдеріндегідей ресей қоғамына қарсы фанаттық бастамалар жоқ екендігін белгіледі.

Басқа да зерттеушілер сияқты, А.К. Гейнс қазақтар арасындағы дәстүрлі билер сотын сипаттауда қарама қайшылықтардан алыс болған жоқ. Бір жағынан, билер – ұрпақтан ұрпаққа берілетін мұрагерлік атақ, екінші жағынан – «кез келген адам би бола алады...». Осы жерде автордың ойымен келісе отырып, аталған қарама қайшы

пікірлер, билердің көшпенді жүйенің тұрақтылығын сақтауда түрлі қызметтер атқарғандығымен байланысты екендігі туралы өзімізге болжам жасау еркін береміз. Егер бір жағдайларда келесі ұрпаққа білім-танымдарын туылғаннан бастап, яғни қан арқылы беру қажет болған болса, басқаларында қоғам үміткерлерге өмір тәжірибесі, машықтары және икемділігі барысында иеленетін нақты талаптарды қойып отырды.

Қазақ даласында саяхаттай отырып қазақ әдет-ғұрыптарын зерттеген А.К. Гейнс, ертеде билер болып тек қана үкімінің орындалуы бойынша мәжбүрлеу күші бар, сонымен қатар, «руда туылу құқығы бойынша жоғарғы көсем билігіне ие рубасы сот немесе би бола алатын» [11, 624]. «Көп уақыт өтпей ақ, Гейнстің пікірі бойынша өзінің үкімін құрметтеге алатын адам ғана би бола алатын» [11, 625]. Билер жауапкерді сотқа келтіретін және сот шешімдерінің орындалуын қадағалайтын айрықша әскери қол немесе арнайы топ түріндегі ерекше аппаратқа ие болған жоқ. Сондықтан өзінің қызметінде билер барлық сот барысы бітеу айналымға ие болуы үшін қауымға жүгінді. Қауымның оның еркін орындауы үшін, ру басы ретінде жиналған айналасындағы ұжымының арасында би құрмет пен беделге ие болуға тиіс болды. Көшпенді қауым шеңберінде, бидің беделі барлық туыстары үшін басты негіз ретінде болды. Мұндай көмектің күші туралы, Гейнс қазақ руларының ішінде адайлардың арасындағы болған оқиғаны өз күнделігінде сипаттау барысында айтқан болатын, рубасылары «өздерінің ағайындарының көсемі. Олардың үкімі өзгертусіз және тез арада орындалады. Адайлықтар үлкен ағасының кіші інісін Биямбеттің бұйрығын орындамағаны үшін өлтіргені туралы айтқан болатын» [11, 85]. Кизяк руының қазақтары туралы айта отырып, А.К. Гейнс би билігін қамтамасыз етуші бағындырушы құрал туралы жазды. Осы жерде де би үкіміне еш қарсыластықсыз бағынатын болды, ал егер де бидің бұйрығына бағынбайтын адам болса, онда әрдайым оны күшпен бағындыратын «көптеген жақсы адамдар табылатын болды». [11, 432].

Бұл идея қазақ тұрмысын дәріптеуден алшақ болған, алайда онымен қызмет бабына байланысты іштей жақсы таныс, сот қайраткері, Торғай облысының өзге ұлттардың мәселесі бойынша кеңесшісі, қазақ тарихы мен этнографиясын зерттеуші И.И. Крафттың еңбектерінде жалғасын тапты. Оның жұмыстары билерді қазақтардың әділ соты ретінде жұртшылықтың назарын аудартқан жұмыстары «Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының Еңбектерінде», «Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің

² Қазақ даласын Ресей әкімшілік-территориялық және құқықтық басшылыққа қосу үшін әлеуметтік-экономикалық қатынастарды зерттеу мақсатында 1860 жж. ортасында Мемлекеттік комиссия құрылды.

Хабаршысында», «Қырғыз көнеліктерінің» жинақтарында жарияланды. «Ең ақылды және ең әділ адамдар билер саналды, және олар ру немесе партия мүдделерінің өкілдері болған жоқ, себебі оларды ешкім сайламайтын. Халықта кімде кім ақылды және әділ адам ретінде атаққа ие болса, дауласқандар соған барады» [12, 128]. Ғалымның пікірінше, тек қана таңдаулы адамдар ғана билер бола алады, олар ән, жырлардағы батырлардан да жоғары болды. И.И. Крафт халықтың би қауымына деген көзқарасын көрсететін мақалдар келтірді (барлық мақалдардың авторы халық деп есептеу тегін емес). Біз соның ішіндегі осы қатынасты айқын сипаттайтын тек біреуін ғана келтіруді жөн көрдік: «Батыр дегенді екі қатынның бірі табады, би дегенді ілуде біреуі табады» [13, 108-111].

Қазақ құқығының ерекшеліктері туралы жазған Н. Малышев, кез-келген халықтың өмірін, мәдениетін және ұмтылысын түсіну үшін, оның қарапайым құқығын білу міндетті деп айтқан болатын. «Қысқартып айтқанда, халықтың дәстүрін білмегендер, сол халықтың өзін білмейді», дей отырып, әрі қарай: «Қырғыздардың қарапайым құқықтары әлі күнге дейін толық құрастырылмағандығын» айқындады [14, 4]. Қазақтардың жай-күрек жүйесінде «құқық» терминінің орнына бірнеше мағынасы бар «хақ» сөзі қолданылды: шындық, бірдеңеге қол жеткізудегі Құдай мен құқық. Дәстүрдің ішінде құқықтық дәстүр, түрік халықтарында «занг» деп аталды немесе арабша «адат» деп жазылды және автордың пікірінше қазақ халқының ертедегі тарихынан бастау алады. Әрі қарай: «Зангте жеке өмірдің әдет-ғұрыптары соттық әдет ғұрыптардан ерекшеленбейтіндігін; өмірлік міндеткерліктер заңдылардан, соттық жазалар әкімшіліктерден ажыратылмағандығын» оқимыз [14, 4]. Қазақ сотының жәбір шеккен жаққа құн немесе алым ретінде төленіп отырған, шындығын мойындаудың дәлелі ретінде ант беру сияқты сипаттар тән ежелгі түрін, Н. Малышев сот жүргізу ісінің артта қалған түрі және көшпенді тұрмыстың нәтижесі, сыртқы факторлардың әсерінің жоқтығы және қоғамдық қатынастардың әлсіз дамуы деп сипаттайды. Алайда, соңғы кезеңдегі шарифат пен орыс құқығының әсері ғалымның пікірінше ежелгі соттың кейбір (алайда аз ғана) өзгеруіне септігін тигізді деп сенді.

Келтірілген жұмыстарда авторлар билер беделі олардың өз халқына жасаған сот қызметі үшін иеленген қолдау күшімен анықталған деп есептеді, егер де би сот ретінде өзінің қауымының талаптарына жауап беретін болса олардың таңдалуы тұрақты түрде болды, және де егер бидің сот тәжірибесі күмән тудыратын болса,

өзгеше болды, яғни биді танудың қағидасы ретінде оның моральдық-адамгершілік қасиеттері болды. Алайда, билер институтына осындай көзқараспен қатар, осы мәселені қарастыруда басқа да пікірлер орын алды. Мысалы, А.И. Добросмысловтың пікірінше, биді таңдаудағы басты факторлар ретінде байлық пен тектілік саналды. Колониялдылыққа дейінгі билер соты туралы айта отырып, ол: «өз үкімін орындата алатын кез келген адам би бола алды... Ондай соттың қызмет ету аумағының көлемі оның күші мен ықпалының көлемімен анықталды. Бөлімде немесе руда сот болып көп жағдайларда, өзінің туу және байлық құқығы, өз руластарын басқару құқығы бойынша көсем болған адам есептелді»... Неғұрлым би бай және шығу тегі бойынша үлкен және күшті текке тиесілі болса, соншалықты ол жақсы беделге ие болды...» [15, 24].

Осыған дейінгі авторлар, билерді анықтаудың заңды және сөйлеу өнерін (А. Гейнс), табиғи ақыл және жан тазалығы (д'Андре) сияқты құндылықтарын анықтаса, А.И. Добросмыслов болса сот ретінде тек қана байлық пен тектілігіне сенген, күшпен әсер ете алатын адам ғана сайлана алатын болды деп айқындаған болатын» [15, 38].

Осылайша, революцияға дейінгі тарихнамада, ежелгі билер сотының қағидаларына екі қарама-қайшы көзқарастар көрініс табады: бір жағынан билердің адамгершілік қасиеттері, олардың қауым арасындағы моральдық беделі негіз ретінде алынса; басқа жағынан бидің күші, билігі ру қауымының және өзінің байлығы биге сот жүйесін иемденіп өз қолының астына бағындыруға мүмкіндік берді. Мәселенің оғаштығы, бір автордың өзінің түрлі жұмыстарында бұл ежелгі құқықтық институт жайлы әр түрлі анықтамалар беріп отырғандығы болып табылады. Мысалы, А.И. Добросмыслов даулар «билердің құзырымен шешілді, яғни өздерінің жақсы қасиеттері үшін халықпен ерекше сыйланатын адамдармен (әділдік, сөз шеберлігі және істің мәнін түсіне алатын)» [16]. Бұл жерде біз автордың биге қатысты: ақылды шешен және әділ сот ретіндегі қасиеттеріне тоқталып, оның күшті, бай сот ретінде мысалдар келтірмегенін көреміз.

Осы мәселе бойынша революцияға дейінгі әдебиеттерде объективті және субъективті факторлардың әсерінен билер институтын сипаттайтын толық ақпарат бермеген көптеген пікірлер болғандығын мойындау қажет. Байлық пен билік, әділдік, қарапайым құқықты білу дегенді білдірмейді. Және керісінше. Билер туралы осыншама көптеген пікірлердің болуын қазақ дәстүрлі қоғамының орталық институтының көпмәнге ие екендігімен түсіндіруге болады. Зерттеушілердің

өздері де атап өткендей қазақ қоғамында көптеген қызметтер атқарғандығын ескере отырып, бұл түсінікті бір ғана сипаттамаға жатқыза салу мүмкін емес. Және олардың кейбіреуін орындау

барысында оларға, байлық, материалды бедел қажет болған болса, басқа жағдайларда әділдік, ақыл, дала құқығын білу, сөз шешендігі билер үшін анықтаушы факторлар ретінде болды.

Әдебиеттер

- 1 Гавердовский Я.П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2) или Описание страны и народа киргиз-кайсацко-го // История Казахстана в русских источниках XVII—XX веков. Т. 5. –Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 620 с.
- 2 Левшин А.И. Описание Киргиз-казацких или Киргиз-кайсацких орд и степей. Этнографические известия. – СПб.: Типография Карла Крайя, 1832. – Ч. 3. – 333 с.
- 3 I Полное собрание законов Российской империи. – Т. I. XIX. – № 17998. – Отд. 1.
- 4 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.) // Под ред. проф. С.Д. Асфендиарова и проф. П.А. Кунте. – М.: Казахстан. краев. изд-во, 1935. – 297 с.
- 5 Материалы по казахскому обычному праву: Сб. Научно-популярное издание / Сост. Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: Жалын, 1998. – 464 с.
- 6 Григорьев В.В. О скифском народе саках. – СПб.: Типография Имп. Академии Наук, 1871. – 211 с.
- 7 Крахалев А. Суд и следствие у киргизов Сибири // Юридический вестник. – 1888. – Т. 28. – Кн. 1. – С. 22–48.
- 8 Леонтьев А. Обычное право киргиз: Судостройство и судопроизводство // Юридический вестник. – 1890. – Т. 5. – Кн. 1. – С. 113–139.
- 9 Радлов В.В. К вопросу об уйгурах // Записки Имп. Академии наук. – СПб., 1893. – Т. 72. – С. 68–71.
- 10 Радлов В.В. Заметки о киргизах // Лит. Киргизстан. – 1989. – № 2. – С. 89–112.
- 11 Гейнс А.К. Объяснительная записка к положению и штатам военно-народного управления Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей // Собр. лит. трудов. – СПб., 1898. Т. 2. – 741 с.
- 12 Крафт И.И. Из киргизской старины. – Оренбург: Б. и., 1900. – 305 с.
- 13 Крафт И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях. – Оренбург: Типо-лит. П.Н. Жаринова, 1898. – 234 с.
- 14 Малышев Н. Обычное семейное право киргизов. – Ярославль: Тип. губ. правления, 1902. – 104 с.
- 15 Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX вв. – Казань: Б. и., 1904. – 105 с.
- 16 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Изв. Оренбургского отд. ИРГО. – Оренбург, 1900–1902. – Вып. 15. – С. 77–124.

References

- 1 Gaverdovskiy Y.P. Obozreniye Kirghiz-kaisakskoy stepi (chast 2) ili Opisanije strany i naroda Kirghiz-kaisakskogo // Istoriya Kazakhstana v russkih istochnikah XVII—XX vekov. T. 5. –Almaty: Daik-press, 2007. – 620 s.
- 2 Levshin A.I. Opisanije Kirghiz-kazachyih ili Kirghiz-kaysakskih ord i stepyey. Etnographicheskiye izvestiya. – Spb., 1832. – Ch. 3. – 333 s.
- 3 I Polnoye sobraniye zakonov Rossiyskoy imperii. – T. I. XIX. – № 17998. – Otd. 1.
- 4 Proshloye Kazakhstana v istochnikah i materialah. Sb. 1. (V v. do n.e. – XVIII v. n.e.) // Pod red.prof. S.D.Asfendiarova i prof. P.A.Kunte. – Alma-Ata-M., 1935. – 297 s.
- 5 Materialy po kazahskomu obychnomu pravu: Sb. Nauchno-populyarnoe izdanie / Sost. T.M. Kul'teleev, M.G. Masevich, G.B. Shakaev. – Almaty: Zhalyn, 1998. – 464 s.
- 6 Grigoryev V.V. O skiphskom narode sakah. – SPb.: Tipografiya Imp. Akademii Nauk, 1871. – 211 s.
- 7 Krahalev A. Sud i sledstviye u kirghizov Sibiri // Yuridicheskiy vestnik. – 1888. – T. 28. – Kn. 1. – 22–48 s.
- 8 Leontyev A. Obychnoye pravo kirghiz: Sudoustroystvo i sudoproizvodstvo // Yuridicheskiy vestnik. – 1890. – T. 5. – Kn. 1. – S. 113–139.
- 9 Radlov V.V. K voprosu ob uyghurah // Zapiski Imp. Akademii nauk. – SPb., 1893. – T. 72. – S. 68–71.
- 10 Radlov V.V. Zаметki o kirghizah // Lit. Kirghizstan. – 1989. – № 2. – S. 89–112.
- 11 Geyns A.K. Obyasnitelnaya zapiska k polozheniyu i shtatam voenno-narodnogo upravleniya Semirechenskoy i Syr-Darynskiy oblastey // Sobr. lit. trudov. – Spb., 1898. – T. 2. – 741s.
- 12 Kraft I.I. Iz kirghizskoy stariny. – Orenburg: B. i, 1900. – 305 s.
- 13 Kraft I.I. Sudebnaya chast v Turkestanskom kraye i stepnyh oblastyah. – Orenburg: Tipo-lit. P.N. Zharinova, 1898. – 234 s.
- 14 Malyshev N. Obychnoye semeinoye pravo kirghizov. – Yaroslavl: Tip. губ. pravleniya, 1902. – 104 s.
- 15 Dobrosmyslov A.I. Sud u Kirghiz Turgaiskoy oblasti v XVIII i XIX vv. – Kazan: B. i, 1904. 105 s.
- 16 Dobrosmyslov A.I. Turgaiskaya oblast. Istoricheskiy ocherk // Izv. Orenburgskogo otd. IRGO. – Orenburg, 1900–1902. – Vyp. 15. S. 77–124.

Бисенбаев П.
«Саурық батыр» жырының
тарихи негізі

Саурық батыр туралы тарихи-фольклорлық үлгілердің жанрлық ерекшеліктері мен идеялық мазмұны оқырман қауымға жақсы таныс. Оларда сыртқы жаудан жан-жақты қыспақ көрген халықтың әлеуметтік жағдайы, саяси мәні бар тартысты оқиғалардың сыр-сипаты сараланады. Бұл тақырыпты Жамбыл ақын да айналып өтпеген. Ұлы ақын батырдың Жетісудағы қазақ жұртын басқыншылардан қорғау жолындағы көрсеткен ерлік істерін айтып, елді азаптан, талаудан айырып қалғанын мақтан етеді. Ел қамқоры болған Саурық Стамбекұлының ерлігін жырлау Сүйінбай ақын бастаған Жетісу ақындарының өлең-жыр, айтыстарында жиі кездеседі. Мақала авторы осы жайттарға тоқтала отырып, халық ақыны Әбдіғали Сариев жырлаған «Саурық батыр» дастанының нақты өмір шындығына қатысын сөз етеді. Мұнда ақынның тарихи деректерді қате пайдаланғаны, Саурық Стамбекұлын 19 ғасырдың екінші жартысында болып өткен оқиғаларға қатыстырғаны, тарихта болмаған жайларды баяндағаны айтылады. Автор өзінің зерттеуінде Саурық батырдың қазасына қатысты жайттарға назар аударып, қызықты пікір айтқан.

Түйін сөздер: жыр, нұсқа, әлеумет, идея, тарихи дерек, фольклор, жырау, дастан, қазақ елі.

Bisenbaev P.
Historical basis zhyrau
«Sauryk Batyr»

In general, the reader's audience is familiar with the ideological contents and with a genre originality of folklore and historical samples about the batyr Sauryk. It is narrated about a social status of the people from all directions oppressed by enemies and the historical nature of terrible events in them having important political value. I didn't ignore this subject and the akyn Zhambyl. The great akyn, singing of heroic feats of batyrs of Semirechye (7 rivers) protecting from aggressors the Kazakh people from plunder and torments sings of them in the poem. The aytys of akyns of Semirechye (7 rivers) often appears in songs, heroic legends an image of the national defender Sauryk Stambekuly whose heroism the first was sung by the akyn of Suinbai. The author of article, proceeding from these circumstances, brings up a question of authenticity of historical reality about which Sauryk batyr» sings in the dastan «, national akyn Abdigali Sariyev. Here the akyn, using historical materials, makes a mistake, singing of Sauryk Stambekuly's activity in historical events of the second half of the XIX century, about events which didn't occur in the history at all. The author of article in the research pays special attention to the events concerning Sauryk's death of batyr and expresses interesting opinions.

Key words: zhyr, variant, society, idea, historical material, folklore, zhyrau, dastan, batyr, death.

Бисенбаев П.
Историческая основа жыра
«Саурык батыр»

В целом, читательская аудитория хорошо знакома с идейным содержанием и с жанровым своеобразием фольклорно-исторических образцов о батыре Саурыке. В них повествуется о социальном положении народа, со всех сторон притесняемого врагами и имеющая важное политическое значение историческая природа грозных событий. Эту тему не обошел своим вниманием и акын Жамбыл. Великий акын, воспевая героические подвиги батыров Семиречья, защищавших от захватчиков казахский народ от разграбления и мук, воспеваает их в своей поэме. В песнях, героических сказаниях и айтысах семиреченских акынов часто фигурирует образ народного заступника Саурыка Стамбекулы, героизм которого первым воспел акын Суюнбай. Автор статьи, исходя из этих обстоятельств, поднимает вопрос о подлинности исторической действительности, о которой поет в своем дастане «Саурык батыр». народный акын Абдигали Сариев. Здесь акын, используя исторические материалы, допускает ошибку, воспевая деятельность Саурыка Стамбекулы в исторических событиях второй половины XIX века, о событиях, которые вообще не происходили в истории. Автор статьи в своем исследовании обращает особое внимание на события, имеющие отношение к гибели Саурыка батыра, и высказывает интересные мнения.

Ключевые слова: жыр, вариант, общество, идея, исторический материал, фольклор, жырау, дастан, батыр, Казахстан.

**«САУРЫҚ БАТЫР»
ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ
НЕГІЗІ**

Шапырашты елінің Ескожа руынан шыққан әйгілі батыр Саурық Стамбекұлы 1848 жылы 32 жасында қаза табады. Оның өміріне қатысты деректер аз көрінгенмен, ел намысын қорғап, халық тыныштығын сақтаған батыр жайындағы өлең-жыр, толғаулар Жетісу ақындарының шығармашылығында жиі ұшырасады. Авторлар ел қамын жеген Саурықтың адамгершілікті ту етіп ұстап, әділ ісімен, сөзге ұсталығымен танылған көсемдігін, Қоқан хандығының басқыншылық саясатына қарап көрсеткен қайратын әрқашан мақтанышпен еске алып отырады.

М. Әуезовтің «Жамбылдың Сырбаспен айтысында үш тамаша дастан жырланады» деген сөзі әдебиетші қауымға жақсы таныс. Расында тарихи өмір шындығына қатысы жағынан да, жанрлық бітімі тұрғысынан да бұл шығармалар тарихи жырлар табиғатына жақын келеді. Сол жырлардың бірі халықтың қадірлі азаматы Саурықтың ерлігіне арналған.

Жамбылдың Сарбаспен айтысында Саурықтың Қоқан құсбегісі Байұзақпен соғысқаны, Қалмақ қолына түскен Сыпатайды жау тұтқынынан босатқаны, қырғыздың Орман ханымен болған шайқастыры, батырдың азаттық жолындағы сан түрлі жорықтары баяндалады. Күллі Ұлы жүзге қорған болған Саурықты Сүйінбай ақын:

Руы Шапырашты Саурық батыр,
Дулатқа асқар таудай емес пе еді? –

деп жырлаған. Саурық туралы көлемді тарихи шығарманың тууына Сүйінбайдың сол сөзі әсер етсе керек. Жамбыл аталмыш тақырыпқа өз өлеңдері мен толғау, айтыстарында үзбей жиі-жиі қайта оралып отырған.

Халық ақыны Әбдіғали Сариев Саурық батыр оқиғасын кеңейтіп жырлауға күш салады. Ақын «Саурық батыр» туындысының негізгі арқауы етіп патша әкімдеріне қарсы күрескен белгілі адамдардың ерлік істерін алады, солар туралы басқа оқиғаларды тереңнен толғап, үлкен, тұлғалы бейнелер жасауға талаптанады. Әбдіғали жырлаған Саурық тарихта болған Саурық емес, оның түптұлғасы, жинақталған, халықтың арман аңсарынан туған бейне. Сондықтан жыр батырды халық

мүддесіне сай қимыл жасауға бағыттайды. Оның барлық ерлігі мен қаһармандық қимылы соған арналады:

Сен Кененің ұлы едің,
Қамын жеген халықтың,
Бас тартып жаудан қорықпа!..
Ақ патшадай айдаһар.
Зәрін шашып халыққа.
Соған қарай аттанғын,
Көзің сал аш пен арыққа, –

деген Саурық сөзінен Сыздық шыға алмай бойұсынады [1].

Жыр оқиғасы былай өрбиді. Алтынемелдегі Найман жұртының қонысын Ерментал деген ояз шауып, мал жанын айдап алып кетеді. Бұл хабар Саурық батырға жеткен бойда үш мың адам болып атқа қонады. Олар мол олжамен шұбырған жауды қоршап, ел жата майдан ашады. Сонда қара жер өліктен көрінбей қалыпты дейді. Саурық батыр қолға түсіп, селкілдеп жылап тұрған ояздың құнтитып құлағын кесіп: «Патшаңа сәлем айт!» деп өлтірмей қоя береді. Ояз Қапалға жетісімен «Көмекке әскер жіберсін!» деп патшаға хабар айтады. Мұны естіген Николай патша Колпоков деген генералға 15 мың солдат қосып аттандырады. Саурық батыр лек-лек болып ағылған орыс солдаттарымен Қарғалы, Ұзынағаш маңында бірнеше рет соғысып, жауын бірнеше рет қашырып жеңіске жетеді.

Жырда оқиғаның нақты болған жері, ұрыстың кіммен, қашан, не үшін жүргені анық көрсетілгенімен оның бәрі Саурық дүние салғаннан кейінгі, XIX ғасырдың екінші жартысында орын алған жағдайлар тұғын. Тарихи деректерде 1860 жылдың күзінде Қоқан ханының жиырма мың әскері Әулиеата, Меркі, Бішкек, Тоқпақ бекіністеріндегі халықты Шу өзінен бері өткізбеу үшін Ресей әскерінің Ұзынағаштағы бекінісіне шабуыл жасағаны, бұл соғыста орыс әскері мен қазақ жігіттері жеңіп шығып, Шудың бергі бетіндегі елдерді Ресей қарамағына қосатыны айтылады. Тағы бір ескере кететін жайт осы соғысқа Қоқандықтар жағынан қазақ батырларынан Сапатай, Байзақ және Кенесарының балалары: Тайшық, Ахмет, Сыздық төрелер, т.б. қатысқаны. Ал енді «Саурық батыр» жырындағы он бес мың орыс әскерін бастап келетін Колпаковский болса, Жетісу жеріне XIX ғасырдың елуінші жылдары аяқ басқан Алатау округының приставы болатын. Түйіп айтқанда, Әбдіғали ақын Жетісу өлкесінде болып өткен тарихи оқиғалардың хронологиялық ретін шатастырып алғанға ұқсайды.

Саурық батыр Қоқан ханы мен қырғыздың Орман манабының тонаушылық әрекеттеріне қарсы үнемі жалғыз өзі қайрат қылмаған. Абылай ұрпақтарымен, қазақтың жаужүрек батырларымен тізе қосып, солармен бірге тойтарыс беріп отырған. Мәселен, ол Қоқан билігіне қарсы майдан ашқан хан Кенеге жан-жақты қолдау көрсетіп отырған. Бір қызығы, жыр-аңыздарда Саурықтың Қоқанға, патшаға қарсы соғыстары айтылғанымен, оның Кенесары қозғалысымен байланысы көп сөз бола қоймайды. Оған кеңес үкіметі үстемдік құрған уақыттың идеологиялық ахуалы ықпал еткен болуға керек деп есептейміз.

Дегенмен, Әбдіғали Сариев туындысының соңғы мағыналық бөлігі, нақтырақ айтсақ, Саурық батырдың жау қолынан қаза табатын тұсы тарихи деректерде кездесетін мәліметтерге біртабан жақын келеді. Жырда баяндалғандай қырғыз жасақтарының Саурық ауылына шабуылдап, үйір-үйір жылқысын айдап әкеткені, жау соңынан жалғыз өзі қуып шыққан батырдың жол торыған Жантай жігіттерінің жабыла сілтеген найзасынан мерт болатыны-бәрі-бәрі ақиқат шындық. Бірақ, бір өкініштісі. Саурық өлімінің түпкі себебі мұнда ашылмайды. Енді осы оқиғаның жыр-аңыздарда айтылмай қалған дерегін іздестіріп көрелік.

Нысанбай жырының барлық нұсқаларында қырғыздың Кәрібоз атты биі Кенесары мен Наурызбайды елші болып келген Жаманқара батырды жазықсыз өлтіргені үшін айыптайды. Осы жырдың Шәді Жәңгірұлы жырлаған нұсқасында Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз манаптары атынан елшілікке келген Жаманқараны Кертайлақ аттың құйрығына таңып сүйреткі қып өлтіргені, кейін осы Жаманқараның ағасы Шынұлы мен Бедердің Наурызбаймен жекпе-жекте қаза табатынын таратып баяндайтыны бар.

Архив материалдары мен зерттеу еңбектерінде Жаманқара өліміне ұлы жүз батыры Саурықтың да қатысы бары көрсетіледі. Манап Орман Ниязбековтің Кенесары қазасының мән-жайы туралы Сібір қазақтарының шекара бастығына жазған хатында: «Шапырашты руынан Саурық қошқа елші ретінде он екі адам шақырып, өлтіру үшін Кенесары қолына табыстады. Олардың ішінде танымалы-Жаманқара батыр, екіншісі – Бердіқожаның ұлы Болат батыр еді. Содан бері Кенесарымен қатар жүрген Саурық батыр қаза тапқан адамдарымыз үшін құн төлеген жоқ» [2, 475-476] десе, қырғыздың белгілі тарихшысы Б. Жамгерчинов: «Шелек маңында көшіп жүрген ұлы жүздік қазақ батыры Саурық Кенесары ақылымен бейбіт келісімге

қырғыздың белгілі батырларынан он үш адам шақырып, жауыздықпен өлтірді. Бұған жауап ретінде қырғыздың шағын жасағы Саурық аулына шабуылдап, оның жігіттерін жығып, өзін өлтіріп, бір табын жылқысын айдап әкетті. Бұл оқиға Кенесарының жаңа жорықтарына түрткі болды», – деп тұжырымдайды [3,52]. Бір өкініштісі, бұл деректерде Кенесары мен Саурықты осындай іске итермелеген жағдайлардың сыры ашылмайды.

«Кенесары-Наурызбай» жырының бізге мәлім нұсқаларына Саурық батырдың өміріне қатысты мәліметтер енген. Алайда Жаманқара қазасының себебі Наурызбайдың Кәрібозға берген жауабында көрініс тапқан. Онда Наурызбай:

Жақсы айтасың Кәрібоз,
Тату едім сенімен.
Қонысты кәуір алған соң,
Кенекем көшкен жерінен.
Бауыры суып ол жақта,
Қарашы болған елінен.
Он екі кісі жібердік
Бекбатырдай еріммен.
Бізге қоныс берсін деп,
Қоқидың салған көлінен.
Екі ай жатты тұтқын боп,
Жанқараш, Жантай бегіңнен.
Ауылымыз баса конған соң,
Азар шыққын өлімнен.
Жаманқараңды өлтірдім,
Өзіңнің салған жолыңмен, –

дейді [4].

Бұл – осы оқиғаның мән жайына қанық жауынгер-жыраудың сөзі. Оқиғаның дәл осылай өрбігенін Х. Досмұхамедов те, Е. Бекмаханов та мақұлдайды. Расында, Кенесары аралық жерден қоныс берсін деп, Бекбатырды бас

қылып, қырғызға он екі адам елші жібереді. Бірақ қырғыздың Жантай, Жанғараш, Боранбай бастаған манаптары елшілерді сыйламайды. Екі ай тұтқын қып ұстайды. Х. Досмұхамедовтың айтуына қарағанда, қырғыз манаптары Кенесары елшілерінің біразын өлтірген, қалғаны қашып шыққан. Демек, алдымен елдегі жоқ сұмдықты бастап, жазықсыз елшілерді өлтірген қырғыз манаптары Жанқараш, Жантайлар болып шығады.

Ғалым осы соғыста Саурық бастаған Шапырашты руының Кенесарыға көп көмегі тигенін айтады. Бекбатыр бастағын он екі адам елшінің арасында қырғыз жұртымен қатар конған, жақын араласқан осы ру өкілдерінің басым болуы әбден мүмкін. Саурық батырдың қырғыздан түп-тура он екі адам шақырып, оларды өз ауылында қабылдап, Кенесарыға табыстауының бір себебі осында болар.

Сосын Кенесарының елші аттандырып, Шу өзенінің жоғарғы жағындағы Қоқидың көлінен қоныс сұрауы да тегін емес. Өйткені, Қоқи көлі 1836 жылдар шамасында, Саржан мен Есенгелді қоқандықтар қолынан қаза тапқанға дейін, Кенесары мен оның туыстарының меншігінде болған.

Сонымен, Саурық батырдың қазасы Кенесарының жаңа жорықтарына жол ашады. Қоныстарына қауіп төнген соң Солты руының манабы Жанғараш шиеленіскен жағдайды бейбіт жағдаймен шешпек болып Тінәлі би бастаған елшілерді Кенесарыға аттандырады. Бірақ үлкен шайқасқа дайын тұрған хан Кене олардың ұсынысын қабылдамай қояды. Қайта Тінәлі биді жол көрсетуші ретінде пайдаланып, бейғам жатқан Сарбағыш руын шабады. Осы ұрыста Сарбағыш руының Қалпақ, Ормонбек, Шубанбек атты атақты батырлары мен көптеген жігіттері қаза табады.

Әдебиеттер

- 1 Сариев Ә. Саурық батыр//Әдебиет және искусство. – 1940. – №5.
- 2 Бекмаханов Е. Казахстан 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992.
- 3 Джамгерчинов Б. Присоединение Киргизии к России. – Фрунзе, 1963.
- 4 ОГК., 1338-бума, 13-дәптер.

References

- 1 Sariev A. Sauryk batyr // Adebiet zhane iskusstvo. – 1945, №5
- 2 Bekmakhanov. E. Kazakhstan 20-40 gody XIX beka. – Almaty, 1992.
- 3 Dzhamgershinov. B. Prisoedinenie Kirgizii k Rossii. – Frunze, 1963.
- 4 OGK 1338-buma, 13-dapter.

Булгауов Ш.Т.
**Кеңестік Қазақстанның
ұлт мәселесі шетелдік
тарихнамада**

Мақалада кеңестік Қазақстандағы ұлт мәселесінің зерттелуі деңгейі анықталады. Мәселенің тарихнамасына шолу жасалады. Тарихнамалық зерттеулердің өте сирек жазылуының себептері, ғылымда үстемдік еткен тұжырым айқындалады. Ұлт мәселесін зерттеудегі ұстанымдардың бағыттары қарастырылады. Тарихнамалық деректердің кеңестік және тәуелсіздік кезеңге сәйкес келетіндігіне назар аударылған. Кеңестік кезеңдегі ғылыми әдебиеттерде тарихи дамудың барлық сатысына формациялық тұрғыда қарайтын, тарихты анықтаудың басқа принциптерін мойындамайтын, қоғамдық-экономикалық формация категориясын жеке дара дәріптейтін, адамзаттың мыңдаған жылдық адамгершілік, өркениеттік жетістіктерін жоққа шығаратын, адамдардың материалдық өндіріспен байланысын өте жоғары қоятын, әлеуметтік-экономикалық салаға «өндірістік қатынас, өндіргіш күш» қатынастарының нәтижесі арқылы ғана қарайтын, «таптық» тұрғыдағы методологиялық зерттеу бағыттары үстемдік еткендігі жазылады.

Түйін сөздер: ұлт мәселесі, тарихнама, тарихнамалық деректер, тарихнамалық кезең, методологиялық бағыттар, лениндік ұлт саясаты.

Bulgauov Sh.T.
**The problem of the national
question of Soviet Kazakhstan in
foreign historiography**

The paper determines the degree of scrutiny of the national question in the Soviet Kazakhstan. An overview of the historiography of historiography of the problem Reveals the causes of rare writing historiographical works, conceptual conclusions dominated in science. Approaches the study of the national question. Draws attention to compliance historiographical sources Soviet period and the period nesavisimosti. Written about that in the scientific literature of the Soviet period was dominated by the methodological principles of the class approach to research, all stages of development from the perspective of the history of this formation approach is not recognized by other principles for determining history is identified socioeconomic formation as a single category, attached to nothing civilizational achievements centuries of human experience in terms of morality, people become connection with material production is above every relationship, gazing at the socio-economic impacts as a result of the «relations of production, the productive forces.»

Key words: national question, historiography, historiographical sources, historiographical period, methodological approaches, the Leninist national policy.

Булгауов Ш.Т.
**Проблема национального
вопроса советского Казахстана
в зарубежной историографии**

В статье определяется степень изученности советского национального вопроса в Казахстане. Дан обзор историографии историографии проблемы. Раскрываются причины редкого написания историографических работ, концептуальные выводы, доминировавшие в науке. Рассматриваются подходы исследования национального вопроса. Обращается внимание на соответствие историографических источников советскому периоду и периоду независимости. Пишется о том, что в научной литературе советского периода доминировали методологические принципы классового подхода исследования которые, все этапы развития истории рассматривали с позиции формационного подхода, не признавшие другие принципы определения истории, отождествлявшие общественно-экономическую формацию как единственную категорию, придавшие на нет цивилизационного достижения, многовекового опыта человечества с точки зрения морали, ставшие связь людей с материальным производством выше всякого отношения, смотревшие на социально-экономическую сферу как на результат «производственных отношений, производительных сил».

Ключевые слова: национальный вопрос, историография, историографические источники, историографический период, методологические подходы, ленинский национальная политика

**КЕҢЕСТІК
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ
ШЕТЕЛДІК
ТАРИХНАМАДА**

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының терең өзгерістерге түсу себептеріне, оның әлеуметтік, саяси, идеологиялық және экономикалық «жетістіктерге» жетуіне басты қадам жасаған кеңес билігінің саяси, идеологиялық әрекеттеріне сын көзбен қарауымыздың көптеген себептері бар. Негізгі себеп, ол қазақ халқының, оның саяси еркі мен бостандығының тәуелсіздікке қол жеткізуі болатын. Сонымен қатар, кеңестік тарихтың жаңа кезеңмен байланысты өзгеріске түсуі, кеңестік саяси, шаруашылық реформаларының ұлт, қоғам дамуымен үйлеспейтін, шындықтан қашық тұстарының жария болуы да бұл кезеңге өзгеше қарауымызға себеп болды. Айта кету керек, осы кезеңдегі тарихи өзгерістерге қарсылық көрсеткен ғалым, қоғам қайраткерлері болды, дегенмен олардың ойы, еңбектері қазан төңкерісінің алғашқы жылдарынан-ақ сынға ұшырап, көпшіліктің назарынан тыс қалды.

Кеңестік құрылыстың көсемдері Ленин, Сталин тұсында социалистік құрылысты орнату жолындағы идеологияның, саясаттың тек ұлт мәселесінің «құрамдас бөлшегі» ғана болып, интернационализм идеясының негізі бойынша ұлттың «өтпелілігінде», қоғамдық өзгерістерді жасайтын ұлт емес, езілген таптар деген тұжырымның үстем болуына байланысты болды. Соның салдарынан «социализмнің толықтай жеңісі», «мәдени революция», «азамат соғысы», «жер-су», «аграрлық», «индустриалдық», т.б. да өзгерістер, ондағы «табыстар» тек жұмысшы, шаруа таптарының мүддесі тұрғысынан қарастырылып, барлық өзгерістерге «таптық» таңба басылды.

«Таптық» таңба тек ішкі «жаулардың» ойларын, идеясын және көзқарастарын ғана сын найзасына іліп қойған жоқ, сонымен бірге оның ажырамас бөлігі «буржуазиялық» зерттеушілердің кеңестік өзгерістерге айтқан ойларын да белгілі бір қалыпқа келтіруге тырысты. Кеңестік тарихи әдебиеттерде «буржуазиялық» тарихнамалық «шабуылдарға» әрқашанда «соққы» беруге дайын болғаны заңдылық болатын. Бұл Кеңестік коммунистік идеологияның, саясаттың «ажырамас» бір бөлігі еді. Біріншіден, XX ғасырдың 60-жылдарында «буржуазиялық» зерттеушілерге қарсылықты А. Нүсіпбеков, Х. Бисенов, Д. Кшібеков, А.Б. Тұрсынбаев, А. Туғанбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, А.С. Елагин, С.Н. Покровский, И.И. Минц, И.М. Краснов т.б. секілді зерттеуші ғалым-

дар жүргізді [1]. Олардың «сатқындар», «өткенге, бүгінге жала жапқыштар», «жазушы сымақтар», «тарих қоқысына лақтырылғандар», «қасқырлар», «шірігендер», «азғындар», «тарихтың фальсификаторлары», «бұрмалаушылар» – деп атаған Кастанье, Эссертон, Бейли, Зеки Велиди Тоган, Б. Хаит, Б. Пейрес, А. Парк, С. Зенковский, Р. Пайпс, Таир Чагатай, В. Коларз, У. Дуглас, Оверстриттер тұжырымдары, ойлары ашық талданбай, арнайы зерттеуші ғалымдар болмаса көпшілікке беймәлім болып келді.

Екіншіден, кеңестік зерттеушілердің буржуазиялық ғалымдарды сынау жұмыстары өзінің жалғасын келесі онжылдықта да тапқанын айту керек. XX ғасырдың 70-жылдары К. Есмағамбетов, О.И. Чеченкина, Х. Иноятов, Д. Кшібеков секілді зерттеушілер буржуазиялық тарихнамашылар КСРО-да «ұлт мәселесінің шешілмегендігін» дәлелдеу үшін лениндік ұлт саясатын «барынша бұрмалайтындығын», олардың «фальсификаторлық» әрекеттерінің «саяси мәні» – «кеңестік тәжрибені қаралау» және оның адамдар жүрегіне, ақылына әсерін әлсірету, жаңа, әділетті қоғамға алып келетін «заңдылықтарды жоққа шығару» – деп көрсетеді. Революцияға дейінгі Орта Азия мен Қазақстанда «таптар, таптық күрес болмағандығын, ал күрестің тек қана орыстарға қарсы, отаршылдарға ғана қарсы болғанын», сонымен қатар Түркстандағы және Дала өлкесіндегі революцияның жеңісі «заңсыз оқиға болғанын айтады» – дейді. Оған қоса Орта Азия мен Қазақстанға Октябрь революциясы «...жергілікті халықсыз болғандығын», ол мұнда тек телеграфпен келгендігін бірауыздан «сендіргісі келеді» дей отырып, «...социализм тұсында түрлі мәдениеттерге орын жоқ, коммунизм және ұлттық мәдениет – өзара сәйкестігі жоқ түсініктер», «ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуындағы «кедергі» ол – коммунистік партияның басшылығы», ұлт жайлы айтса, ол табиғатынан мәңгілік, қатып қалған, өзгермейтін түсінік секілді қарастырылады, ұлттық өнердегі өзгерістерді тек «өзгелердің әсері ретінде түсіндіреді» [2] – деп сынға алады.

Х. Сетон-Уотсон, Дж. Уиллер, Я. Билинский, В. Аспатурян, Н. Де Уитт, Р. Конквест, Дж. Решетар, Уильям Медлис т.б. мәдени революция табыстарын тек қана ұлттық рухты, дәстүрді жаншып басумен, күштеп ассимиляциялаумен және орыс емес халықтарды «орыстандырумен» байланыстырғанын көреміз. Дж. Уилер «...дәстүрлі жерді, суды пайдалануды жою арқылы Совет өкіметі мұсылман қоғамының негізін шайқады, ондағы мақсаты мұнда саяси идеяларды және мәдени тәртіптерді белгілеудің келесі бір

шараларын енгізуге даярлау болатын» десе, Ян Мэррей Мэтли, Мартин Макколи еуропалықтардың көптеп келуіне байланысты қазақтардың пайызы «онан сайын төмендеді» деп атап кетеді. Дж. Уилер қазақ интеллигенттерінің саяси аренадан кетуіне байланысты «Орта Азияда ұлттық талпынысты жүзеге асыратын жалғыз элемент интеллигенция болатынын ескерсек, ендігі жерде ұлттың қалыптасуы жоғарыдан орнатылатын таза жасанды процесс болады...» деп дәл айтқанына зерттеушілер қарсы ештеңе де айта алмайды. Х. Сетон-Уотсон, Дж. Уилер, Р. Пайпс, А. Парк, О. Кэроу, А. Волин, С.Н. Прокопович, Г. Динерштейн, Н. Ясный, М. Фейнсода, Ф. Мосли, И. Виннер, В. Канолли, Коларц, Е. Бэкон де «жаңа өкіметтің» негізгі мақсаты «Түркістандағы социалистік революцияны ұйымдастыру емес, мұсылман арасындағы ұлттық қозғалысты басып-жаншу болатын», «Кеңес өкіметінің мақсаты ол жерді және суды пайдаланудың дәстүрлі жүйесін бұзу еді», «коллективтендіру тек қана күштеуге негізделді», «колхоздар ұлттық республикаларға езгі мен қанау алып келді», «орыс емес территориясындағы әрбір жаңа фабрика, әрбір жаңа көмір шахтасы, әрбір жаңа мұнай бұрғысы сол территориядағы халықтар үшін емес, великоросстар үшін» дегені үшін сынға түсті. Қазақстандық зерттеушілер шетел авторларының кеңестік «табыстарға» да басқаша баға бергенін сынауға мәжбүр болды: «олар осындай табыстар коммунистерсіз, кеңестік құрылыссыз да болатындығын, өйткені өмір алға жылжуда, ал прогресс қандай да болмасын бір жүйенің монополиясы емес» – деп жазғанын келтіреді. Сонымен қатар авторлар 1918 жылғы қазанда Эдгар Сиссонның түсініктемесімен, комментариймен жарыққа шыққан 68 құжаттан тұратын «Германо-большевистский заговор» еңбегін, тарихи әдебиетте оны «сиссон құжаттары» деп атаған (ол 1931 жылы «Сто красных дней» деген атпен тағы да басылып шыққан) сынға алды.

XX ғасырдың 70-жылдарының басында жарық көрген «Ленинская национальная политика в действии» деген еңбегінде Х.Ш. Иноятов [3] буржуазиялық тарихнамашылардың «фальсификаторлық» әрекеттеріне қарсы сынның қалай басталғанын көрсетеді, ол Өзбекстанның КП ОК-нің бірінші хатшысы Ш. Рашидовтың «Клеветнику» (Ш. Рашидов. Клеветнику... / «Литературная газета», 27 сентября 1958 г.) деген мақала арнағанын, 1959 жылы И.И. Минц «Международное значение победы социализма на Советском Востоке» деген баяндама (И.И. Минц. Международное значение победы социализма на Советском Востоке. Объединенная научная сес-

сия, посвященная прогрессивному знаению при-соединения Средней Азии к России. Ташкент, 1959, с.199-224.) жасағанын айта отырып, академик И.М. Муминов пен соавторы Х. Сулейменова екеуі «Правда Востока»-да буржуазиялық идеологтарды әшкерелеп мақала жазғанын (И.М. Муминов, Х. Сулейменова. У лжи короткие ноги. «Правда Востока», 1 марта 1960 г.), сонымен 60-жылдардың басынан бастап Х.Ш. Иноятов, К. Новоселов, Д. Рзаев, А. Турсунбаев, А. Нусупбеков, Х. Бисенов, Г. Хидоят, Р.А. Тузмухамедовтар көрінді. 1967-ші жылы В.И. Шафир, 1969-жылы Р.Г. Рабич, Р. Шамжанова, Р.О. Андронов, 1971-ші жылы М.М. Узакова – кандидаттық диссертациялар қорғағанын, М.В. Нечкина, В.В. Лебедев, А.О. Чубарян, Р.Г. Симоненко, Г.А. Галоян, Г.А. Джангвеладзе, Г.Д. Крихели, И.А. Давыдов, Г.В. Таранов, И.М. Краснов, В.И. Салов, С.И. Попов, Н.Н. Яковлев, Д. Шевлягин, Б.И. Марушкин, В.П. Филатов, И.С. Зенушкина, т.б. өз еңбектерін арнағанын айтады.

«Ұ.О.С. революциясының тарихнамасының үшінші кезеңі 1929-1939 жылдар Кеңес Одағы үшін ең бір табысты жылдар еді. Елді асыра индустриаландыру негізінде ауылшаруашылығында колхоз құрылысымен аяқталған коллективтендіру табысты дамып отыр» деген жолдарды көреміз, болмаса Д. Кшібеков секілді авторлардың қазақ ұлты неге 30 пайыз деген сұраққа: «жоқ, Кеңес өкіметінің тұсында қазақтар азайған жоқ», керісінше, «жылдам өсті» дейді. Соңғы 20 жылда – қазақтар 21%-ке өсті, ал бүкіл Совет Одағы тек – 9,5%-ке өсті [4], – деп қарсыласып бағады. Ол Қазақ қоғамында «жекеменшік», «таптар», «таптық күрес»... болғандығын, демек «таптық қоғам» бар деуден танбайды. Яғни, кеңестік реформалар, оның салдары... болмай қоймайтын «қажеттілік», «дұрыстық» дегенге алып келеді. Х. Иноятов болса кеңестік тарихта қалыптасқан дәстүрмен басмашыларды тек «бандиттер», «қарақшы», «контрреволюциялық қозғалыс», «қанаушы таптың сүйеніші, жоғын жоқтаушы», азғындар, қылмыскерлер, адам кейпінен айырылғандар... деп сипаттай келе, «буржуазиялық тарихнамашылардың», мысалға Чарльз Варен Хостлер, Вели Каюмхан, М. Рывкин басмашылық қозғалысын «Орта Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы» деп, басмашыларды «ұлттық бостандықтың тамаша күрескерлері» және де «бұл азаттық үшін қозғалысқа барлық халықтар қатысты», «ұлттық патриоттар қозғалысы» [5], – деп бағалағанын айтады. Ал, К. Есмағамбетов А. Парк секілді авторға жауап қайтарған кезде кімге қарсы «қалам ұстап» отырғанын ұмытып «империализм тұсында ұлттық

мәселе ұлттық-отарлық мәселеге айналғанын, ал ұлт-азаттық қозғалыс социалистік революцияның құрамдас бөлігіне айналғанын айтпайды» [6], – деп қынжылады. Сонымен қатар өзге зерттеушілерден бөлек тұрған С.З. Зимановтың «Қазақстанда толықтай немесе жеке бөліктерінде ұлттық жұмысшы табы, осы сөздің қатаң түсінігінде, болған жоқ. Тек саны аз, бытыраңқы, санасы аз, өздерінің көшпелі және жартылай көшпелі ұжымдарымен байланысын үзбеген жұмысшы қабаты (прослойка) болды. Қазақстан жұмысшылары әлі де болса жартылай шаруа болатын», «1918 жылдың ортасына дейін өлкеде болшевиктердің бір де орталығы болған жоқ», «Қазақстанда казак бөлімдерінен өзге тұрақты әскери бөлімшелер аз болмады. ...Солдаттар көп жағдайда революциялық үгіт үшін қолайлы орта болатын» [7] – деген сөздерін келтіргенді жөн көрдік. Себебі, ол айтқандар шетел зерттеушілерінің жазғандарымен үндес екенін көреміз.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары коммунистік партияның алдында мұрағат құрлысы, ғылыми, тарихи құндылықтарды сақтау және қорғау, оларды бұқара халыққа жақындату мақсатында өте үлкен міндеттер тұрды. Бұл салада көтерілген мәселелердің бірі – жеке меншік иелігіндегі құнды жинақтарды, мемлекеттендіріп, қорларға айналдыру. 1918 жылы 10 қазан күні Халық комиссарлар кеңесі «Жеке адамдардың, қоғамдар мен мекемелердің меншігіндегі өнер туындыларын тіркеу және қорғауға алу жөніндегі декреті жариялады [3, 41 б.]. Декреттің жарық көруі мұрағаттардағы «бүкіл өнер туындыларын тұңғыш рет мемлекеттік тіркеуден өткізуі туралы маңызды міндетті қойды. Заңдық құжаттың негізінде мұрағаттарға сақтауға мүмкіндігі жоқ жеке адамдардың құжаттарын алуға құқығы болды. Осы жылдың 5 желтоқсан күні «Ғылыми құны бар құжаттарды қорғауға алуі жөніндегі декрет жарияланып, онда Халық ағарту комиссариаты Ғылым бөліміне барлық құнды құжаттарды табыстау міндеттелді. Осыған орай, Қырғыз Орталық атқару комитеті 1921 жылдың 7 ақпанында «Ғылыми құны бар құжаттарды қорғауға алу және сақтау туралың декретін жариялап, онда республикадағы бүкіл тарихи, мәдени құндылығы бар құжаттарды есепке алып, мемлекеттік тіркеуден өткізілуі қажеттігі туралы айтылады [3, 17 б.].

1930 жылдары мемлекеттік мұрағатқа азамат соғысына қатысқандардың және ұлттық мәдениет өкілдерінің бірқатар жеке қор құжаттары қабылданды. 1959 жылдан бастап мұрағат, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің құжаттық материалдарын жинастыра бастады [4]. 1963 жылы әдебиет пен өнердің белгілі қайраткерлерінің қоры шоғырланған жеке бөлім ашылды. Бұл мұрағат қорында мемлекеттік және атқару органдарының, сақтық, прокуратураның, қаржы, денсаулық, білім, баспа, статистика, көлік, байланыс, ауыл шаруашылық, құрылыс пен архитектура мекемелерінің құжаттары сақталған.

60-жылдары жеке адамның қорының қалыптасуына ерекше мән беріле бастады, мемлекеттік мұрағатқа Қазақстанның көрнекті әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, Кеңес Одағының халық әртістері К. Байсейітова, Қ. Қуанышбаев, жазушылар С. Мұқанов, І. Жансүгіров, І. Есенберлин, т.б. құжаттары, 1970 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қ.И. Сәтбаевтың, сәулетші Д. Герасимовтың, астрономия және биотехника саласының көр-

некті маманы В.Н. Бухманның, ҚР Халық артисі Р.Т. Бағланованың, 80-жылдары екі мәрте Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Т. Бигелдиновтің, гвардия полковнигі, Кеңес Одағының батыры, жазушы Б. Момышұлының, жазушы-академик М. Әуезовтің, журналист-ғалым Ф.И. Самариннің, 90-жылдары саяси қоғам қайраткері, тарихшы Өзбекәлі Жәнібековтың тағы басқалардың жеке құжаттары қабылданып, қорлары құрылды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында 80 мыңнан астам мұрағат істерінен тұратын 300-ден асатын жеке мұрағат қоры мен топтама қорлар сақталуда. Жоғарыда атап көрсетіп кеткендей, жеке мұрағат қорларында Социалистік Еңбек Ерлері, ғалымдар, соғыс ардагерлері, Кеңес Одағының Батырлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен мәдениет өкілдерінің құжаттары сақталынған, олар аса құнды тарихи-мәдени мұралар болып табылады. Қорда топтастырылған барлық құжаттар кеңес кезеңнің құнды деректері және олардың көп бөлігі түп нұсқа түрінде сақталған.

Жеке текті құжаттар қорының ерекшеліктерін көрсету үшін республикаға белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың жеке қорына ғылыми сипаттама берейік. Мұрағаттану ғылымында жеке қордағы құжаттар қалыптасқан дәстүрлі жіктеу қағидаларына сәйкес мынадай топтарға бөлінеді [5]:

- өмірбаяндық құжаттар;
- шығармашылық құжаттар;
- қызметі және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттары;
- хат алмасулары;
- бейнелік және дыбыстық құжаттар;
- шаруашылық-мүліктік және тұрмыстық құжаттары

Өзбекәлі Жәнібековтың жеке қорына құжаттарды қабылдау 1996 жылдан басталады, 1997 жылы қор құрылады. Қор иесі өзінің сенімді өкілі етіп ұлы Бауыржан Жәнібеков немере қызы Өзел Жәнібекованы тағайындайды және оларға өз иелігіндегі құжаттарды пайдалану еркін береді. Яғни, жеке қормен танысу және осы қордағы материалдармен жұмыс жасау үшін рұқсаты осы қор иелері береді. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Өзбекәлі Жәнібековтың қоры №2238 нөмірмен тіркелген.

Ғылыми-техникалық өңдеуден өткеннен кейін құжаттық материалдарда 495 іс, екі тізімдеме құрастырылды, барлық құжаттар саны – 4000. Жоғарыдағы жіктеуге сай қорқұрушының құжаттары төмендегі топтарға бөлінеді [6]:

1. Ө. Жәнібековтың өмірбаяндық құжаттары.
1.1. Ө. Жәнібековтың жеке басының құжаттары.
1.2. Ө. Жәнібековтың мемлекеттік қызметіне байланысты құжаттары.

1.2.1. Ө. Жәнібековтың аудандық, облыстық комсомол комитеттерінде және Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінде бірінші хатшы қызметін атқарған кезіндегі құжаттары (1956-1970 жж.)

1.2.2. Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы болып тұрағн кездегі құжаттары (1971-1974жж.).

1.2.3. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып тұрған кездегі құжаттары (1975-1977жж.).

1.2.4. Қазақ ССР Мәдениет Министрлігінде орынбасар және Министр қызметін атқарған кездегі құжаттары (1977-1988 жж.).

1.2.5. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы қызметін атқарған кездегі құжаттары (1988-1992 жж.).

1.3. Ө.Жәнібековтың депутаттық қызметіне байланысты құжаттары (1966-1992 жж.).

1.4. Мерейтой құжаттары.

Яғни, өміріне қатысты құжаттар: жеке басының туу туралы куәлігі, неке куәлігі, паспорты, білім туралы құжаттары (аттестат, диплом), қоғамдық ұйымдардың куәліктері, әртүрлі анықтамалар тағы басқа. Өмірбаяндық құжаттарының негізгілері сұрапталып алынып, тақырыбына және басылымына қарай топтастырылған.

Жеке қордағы келесі Ө. Жәнібековтың творчестволық құжаттары:

2.1. Кітаптары.

2.2. Мақалалары.

2.3. Интервьюлері.

2.4. Ғылыми – зерттеу еңбектеріне пайдаланған сызбалары.

2.4.1. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан кейін үкіметтің тапсыруымен Алматыда салынуға жобаланған халықаралық қазақ орталығының эскиздері және басқа да құжаттары.

2.4.2. Қазақ халқының этнографиясына байланысты сызбалары.

Өзбекәлі Жәнібековтың творчестволық құжаттардан кейін үшінші бөлімінде қор құрушының хаттары, жеделхаттары, құттықтау ашықталғандары жинақталған.

Бұл бөлімшеде Ө. Жәнібековтың Д.А. Қонаевқа «Ахмет Иассауи» кесенесінің реставрациялық жұмысының барысы жөнінде, Махмат Бейге халықаралық қазақ орталығын салу мәселелері жөнінде жазысқан хаттары, әртүрлі мәселелер бойынша Ө.Жәнібековке келген жедел-

хаттар, жаңа жыл тағы басқа мейрамдарымен құттықтаған құттықтау ашықталғандары орналас-тырылған.

Хаттар негізінен алфавиттік жүйемен (ретпен) берілген. Осы бөлімшені шартты түрде 3-ке бөлуге болады: Біріншісі, Ө. Жәнібековке келген хаттар. Бұған қордан төменгі хаттарды келтіруге болады:

Мысалы: 1) Вселоводская Голушкевичтің хал-жағдай сұрап жазған хаты. Орыс тілінде, қолтаңба нұсқасы сақталынған, 1985 жыл [7].

2) Ө. Жәнібековке Орал облыстық комитетінің бірінші хатшысы Н.Ескалиестің Орал қазақтарының экстремистік пиғылдағы белгілі бір тобының іс-әрекеттеріне байланысты туындап отырған елеулі проблемалар жайында жазған хаты. Машиналық нұсқасы сақталынған. 1995 жыл.

Екінші топқа қор құрушы Ө. Жәнібековтың өзінің жазған хаттары. Оларға қордан келесі хаттарды жатқызамыз: Өзбекәлі Жәнібековтың «Өнер» баспасының директоры М.А. Аубакировка «Мангышлакские узоры» атты фотоальбомы жөнінде жазған хаты. Орыс тілінде. Машиналық нұсқасы сақталынған. 1981 жыл [8]. 2) Ө. Жәнібековтың Д.А. Қонаевқа Ахмет Иассауи кесенесін реставрациялау жұмысы барысындағы кейбір проблемелер жөнінде жазған хаттары және хатқа қатысты материалдар бірге берілген. Орыс тілі. Машиналық нұсқа. 1979-1982 [9]

Үшінші топқа Ө. Жәнібековке депутаттық қызметіне байланысты құттықтаулар және мерейтойлармен, мерекелермен құттықтау жеделхаттары жатады. Мәселен: Ө. Жәнібековті Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің хатшысы болып сайлануымен құттықтаған жеделхаттар. Машиналық нұсқа. 1985 ж. 3. Ө. Жәнібековке №222 Жәнібек сайлау округі бойынша Қазақ ССР халық депутаты болып сайлануымен құттықтаған жеделхаттар. Машиналық нұсқа. 1989 жыл. Сондай-ақ, тарих ғылымының кандидаты атағын алуымен құттықтау, 60-жылдық мерейтойымен құттықтау жеделхаттары және т.б. сақталынған..

Қор иесі туралы құжаттар Ө. Жәнібековтің жеке қорында VI бөлімде орналасқан.

Қор иесі туралы құжаттар нақтылық, авторлық немесе хат-хабардың белгілері бойынша қалыптастырылған. Ал, Ө. Жәнібековтің жеке қорында бұл бөлімнің құжаттары хронологиялық ретпен берілген. Мәселен,

1. Ө. Жәнібековтің Цейлонға, Лаосқа барған сапары жайлы Цейлон, Лаос газеттерінде басылған материалдары. Газет қиындылары. 1968

2. «Свидания с прекрасным» С. Қасқабасовтың Ө. Жәнібекотың «Культура Казахского ремесла» атты еңбегіне пікірі. Орыс тілі. Машиналық нұсқа. 1982 [10]

3. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына байланысты қаулысы және осы қаулыға өзгерістер енгізу жөнінде қаулысы.

Тізімде Ө. Жәнібеков бар. «Абай журналы» №2 (16-17) бет. 1991 [11, 4 п.]

4. «Ел ебелек емес» Х. Арғынбаев, С. Қасқабасовтың Ө. Жәнібековтың «Уақыт керуені» атты еңбегіне пікірі. Орыс тілі. Машиналық нұсқа. Газет көшірмесі 1992 [10, 17 п.].

7. «Рауан» баспасының 50-жылдығы құрметіне өткізілген бәйгеде Ө. Жәнібековтың «Арқас» тарихи-танымдық басылымдар сериясы үшін I-дәрежелі дипломға ие болғандығы жөнінде хабарлау 1968 [10, 34 п.].

Келесі топты қор иесінің бейнелеу құжаттары құрайды. Бұл бөлімге қор иесінің жеке түскен суреттері және туысқандарының, таныстарының қолтаңбаларымен сыйлаған фотосуреттері, сонымен бірге, журнал мен газеттен қырқып алған фотосуреттері кіреді.

Бірінші топқа, Ө. Жәнібековтың жеке отбасымен, қызметтес достарымен түскен фотосуреттері жатады. Бұл бөлімшеде Ө. Жәнібековтың жеке түскен, зайыбымен, балаларымен, қызметтес достарымен, шет елдік қонақтармен, Д.А. Қонаев, Ю. Гагарин, Г. Титов, П. Беляев, Н. Назарбаев, О. Сүлейменов, Б.Түлегенова, М. Айтқожина, Е. Серкебаев тағы басқа танымал адамдармен бірге түскен фотосуреттері сақталынған.

Екінші топқа, ғылыми жұмыстарына пайдаланған фотосуреттері кіреді. Бұл бөлімшеде негізінен Ө. Жәнібековтың ғылыми жұмыстарына пайдаланған Империялық Орыс географиялық қоғамының «Азиатская Россия» атты кітабынан алынған XIX ғасырдың басындағы қазақ ауылының тұрмыс тіршілігінің көрінісі, Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Қараша апа» Целионградтағы «Күләш», «Ахметжан» мазарларының, Маңғыстау, Шымкент аймақтарындағы Мақсат, Шопан, Бейсенбай аталардың басына қойған сын тастардың және қазақтың үй жиһаздарына, әшекей бұйымдарға, тұрмыстық заттарға қолданған ою-өрнектердің тағы басқа этнографиялық тарихи-мәдени ескерткіштердің фотосуреттері берілген.

Қорда 6-бөлім Ғылыми жұмыстарына пайдаланған жинақ материалдар атты бөлімде қор иесінің өзін қызықтырған мәселелер бойынша жинақтаған құжаттар орналасқан. Бұл бөлімге қор иесінің талғамы бойынша жинақталған көркем шығармалар және ғылыми еңбектер, өзге авторлардың мақалалары, баяндамалары, дәрістері мен өзінің еңбектеріне байланысты бар жекеленген құжаттар жинақталған.

Мүліктік-шаруашылық және тұрмыстық сипаттағы құжаттар бөліміне: қор иесінің меншік құқығының куәліктері, сату және сатып-алу келісім шарттары, жалға алу, өсиетнама, сенімхаттары, шығыс-кіріс кітапшалары, мүліктік іске қатысты сот шешімдері, әр түрлі есеп квитанциялары, қор иесінің денсаулығына байланысты дәрігердің қорытындысы және тағы басқа құжаттары енеді.

Ө. Жәнібековтың жеке текті құжаттарына байланысты мол мағлұмат беретін №2238 жеке қорының орны ерекше. Бұл құжаттар ғылыми сипатына қарай тақырыптық, хронологиялық белгілер бойынша реттеліп, мағынасына қарай өмірбаяндық құжаттары, атқарған қызметі мен шығармашылығына қатысты деректер, ресми және мерекелік жиындарда сөйлеген сөздері, мақалалары, жазған хаттары мен оған жазылған хаттар, фотосуреттер, өз қолымен салған суреттері топтастырылған. Жиналған мұралары қалыптасқан дәстүрлі жіктеу қағидаларына сай хронологиялық белгілері бойынша мынандай топтарға бөліп қарастырылды: өмірбаяндық құжаттар (1931-1996), қолжазбалары (1968-1997), хаттар мен құттықтаулар (1960-1996), сый жазбалары (1971-1996), кейінгі жылдардағы құжаттар (1987-2008), жиынтық құжаттар және бейнелеу құжаттары (1948-1997).

Жеке мұрағат қорларындағы мұра, соның ішінде құжаттық материалдар – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына. Бүгінгі күні тарихымызды ұлттық тұрғыда, төл деректердің негізінде қайта жаңғырту міндеті тұрған кезде жеке мұрағат қорларындағы республикаға белгі қоғам, саяси және өнер қайраткерлерінің артынан қалдырып кеткен еңбектері мен құжаттары кеңінен ғылыми айналымға тартылуы керек. Өйткені олардың да халқының жарқын болашағы үшін атқарған қызметтері, соңында қалдырған рухани мұралары да бүгінгі тарихтан шынайы түрде бағаларын алуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан // Егемен Қазақстан. -1998.-16 желтоқсан.
- 2 Колосова Э.В. Личные архивы историков и историография // Советские архивы. 1971. №4. – С. 23-30.
- 3 Архивное строительство в Казахстане (1918-1980 гг.) / Сборник законодательных и руководящих документов. Алматы, 1980. – 230 с.
- 4 Абилова Т.Е. Личные фонды в государственных архивах КазССР конец 50-х – начало 80-гг./ проблемы комплектования и научной организации. /Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. М., 1986. 29-б.
- 5 Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения (литература и искусство). – Алматы, 1987. – 195 с.
- 6 ҚР ОММ. 2238-қ, 1-т, 5-іс, 17- п.
- 7 ҚР ОММ. 2238-қ, 2-т, 13-іс, 15- п.
- 8 ҚР ОММ. 2238-қ, 1-т, 256-іс, 17- п.
- 9 ҚР ОММ. 2238-қ, 1-т, 179-іс, 51- п.
- 10 ҚР ОММ. 2238-қ, 1-т, 15-іс, 21- п.

References

- 1 Nazarbaev N.. N.A. Naszarbaev, Tauelsiz Qazaqstan // Egemen Qazaqstan. -1998.-16 zheltoqsan.
- 2 Kolosova E.V. Lichnie arhivi istorikov i istoriografiya // Sovetskie arhivi. 1971. 4. S. 23-30.
- 3 Arhivnoe stroitelstvo v Kazahstane (1918-1980 gg.) / Sbornik zakonadatelnih i rukovodyaschih dokumentov. Almati, 1980. 230 s.
- 4 Abilova T.E. Lichnie fondi v gosudarstvennih arhivah KazSSR konec 50-h nachalo 80-g.g/ problemi komplektovaniya i nauchnoy organizacii. /Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoy stepnei kandidata istoricheskikh nauk. M., 1986. 29-b.
- 5 Metodicheskie rekomendacii po rabote s dokumentami lichnogo proishozhdeniya (literatura i iskusstvo). Alma-Ata, 1987. 195 s.
- 6 KR OMM. 2238-k, 1-t, 5-s, 17- p.
- 7 KR OMM. 2238-k, 2-t, 13-s, 15- p.
- 8 KR OMM. 2238-k, 1-t, 256-s, 17- p.
- 9 KR OMM. 2238-k, 1-t, 179-s, 51- p.
- 10 KR OMM. 2238-k, 1-t, 15-s, 21- p.

2-бөлім
**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 2
**ДРЕВНЯЯ И СРЕДНЕВЕКОВАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 2
**ANCIENT AND MEDIEVAL
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

Тарихи тұлға және тарих тағылымы

Мақала авторлары ХҮІІ ғасырда Еуразия аумағында орын алған аласапыран уақыттың шындығын баяндайды. Мұнда сол кезеңнің белгілі қайраткерлері турасында айтылған тың құжаттар берілген. Сол мәліметтерде Орақ, Ораз-Мұхаммед, Кантемир, Естерек сияқты тарихи тұлғаларға қатысты жайлар сөз болады. Қырым ханы мен ноғай ұлысы арасындағы соғыстар, елшіліктер, қарым-қатынастар жөнінде де құнды мағлұматтар кездеседі. Осындағы көне хаттардың тарихи да, мәдени де мәні мол. Олар өз тарапынан ХҮІІ ғасырдағы ноғай ордасы, орыс патшасы, қырым хандығы арасындағы жаугершілік заманның шындығын толығырақ, тереңірек танытуға көмектеседі. Сондай-ақ мақаладағы жүйелі талдаулардан тарихта болып өткен ірі оқиғалардың, танымал адамдардың нағыз келбеті мейлінше айқын көрінеді. Мәселен, осындағы орыс тарихында Петр Урусов деген атпен мәшһүр болған Орақ батырдың шығу тегі, тарихи-қоғамдық қызметі, оның теңдессіз ерлігі, ел намысы үшін ақырына дейін алыса білетіндігі жайында жазылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ерекше. Әрине, Орақ батырдың талайсыз тағдыры туралы айтқанда дүрбелең кезеңнің шындығын айналып өту мүмкін емес.

Түйін сөздер: тарихи тұлға, таным, ноғай ордасы, Қырым хандығы, дерек, кезең шындығы, жылнама, образ, мұра, нұсқа.

Dadebaev J., Bisenbaev P.,
Karibozov E.

Historical figures and historical knowledge

The article reveals the real truth of the troubled times in Eurasia XVII century. On the basis of original documents refers to the prominent figures of this era. In these documents, there is mention of such famous historical figures as Orak, Oraz Muhammad, Cantemir, Esterek and are also valuable information about how the war between the Khans Kyrym and Nogai ulus, of embassies, about their relationship.

Great cultural and historical significance of these ancient sources. They help to become acquainted, fuller picture of the reality of the heroic age XVII century, the period of the Nogai Horde, Russian principalities and the Crimean Khanate. However, the article systematically analyzes the major historical events and famous historical figures. For example, special importance has been written about Orak batyr, became famous under the name of Peter Urusova who fought to the death for the honor of his country, its socio-historical role and boundless courage. Of course, it is impossible to tell with all the fullness of the fate of Orak batyr and the harsh historical reality of his time.

Key words: historical personality, cognition, Nogai Horde, the Crimean Khanate, the document is true era record, image, legacy option.

Дадебаев Ж., Бисенбаев П.,
Карибозов Е.

Историческая личность и историческое познание

В статье раскрывается действительная правда смутного времени на пространствах Евразии XVII века. На основе подлинных документов говорится о видных деятелях этой эпохи. В этих документах есть упоминание о таких известных исторических личностях, как Орақ, Ораз Мухаммед, Кантемир, Естерек, и даются также ценные сведения о войне между ханами Кырыма и Ногайским улусом, о посольствах, об их взаимоотношениях.

Велико культурное и историческое значение этих древних источников. Они помогают глубже ознакомиться, полнее представить действительность героической эпохи XVII века, периода Ногайской орды, русского княжества и Крымского ханства. Вместе с тем, в статье системно анализируются крупнейшие исторические события и известные исторические личности. Например, особое значение имеет написанное об Орақ батыре, прославившемся под именем Петра Урусова, который до самой смерти боролся за честь родной страны, о его общественно-исторической роли и безграничном мужестве. Конечно, невозможно со всей полнотой поведать о судьбе Орақ батыра и суровой исторической действительности его эпохи.

Ключевые слова: историческая личность, познание, Ногайская орда, Крымское ханство, документ, правда эпохи, летопись, образ, наследие, вариант.

**ТАРИХИ ТҰЛҒА
ЖӘНЕ ТАРИХ
ТАҒЫЛЫМЫ**

ХҮІІ ғысырдың бірінші жартысында Еуразия кеңістігінде болған аласапыранда дараланған тарихи тұлғалардың ішінде Орақ батыр мен Оразмұхаммед ханзаданың орны ерекше жарқырап көзге түседі. Орақ батыр деп отырғанымыз «Орақ-Мамай» жырындағы Орақ батыр емес. «Орақ-Мамай» жырында ноғайлының Мұса биінен туған отыз ұлдың ішінде айдынды Орақ батыр болып қол бастады, Мамай би болып ел басқарды [1, 129]. Біздің Орағымыз да батыр, бұл да айдынды. Бұл да ноғайлының Мұса биінен өніп-өскен бір дарак. Оның Ресей дерек көздерінде сақталған аты-жөні – Петр Урусов, дүниеден 1639 жылы озған.

Петр Урусов – қазақ ханзадасы, Қасым ханы Оразмұхамед Онданұлының қарулас серігі, Ресейдегі аласапыранның қалың тұманынан аман шыққан [2: 91; 158-159] ірі әскербасы, тарихи тұлға. Азан шақырып қойған аты – Орақ. Өзімен тете інісінің азан шақырып қойған аты – Зорбек. Әкесінің аты – Жанараслан. Ол Ноғай Ордасының ірі биі, ұлысбегі болған кісі. Атасы – Ноғай Ордасының бас билерінің бірі, ұлысбегі Орыс. Оразмұхамедтің аты әйгілі: қазақ ханзадасы, Қасым хандығының ханы.

Орыс мырза Ноғай Ордасында билік тізгінін 1578 жылдың көктемінен бастап ұстады. Осыдан бастап қашан өлгенге дейін (1590 жыл) оның өмірі үздіксіз ішкі және сыртқы тартыстар мен соғыстардың шиеленіскен өрісінде өтті. 1587-1588 жылдары Ноғай Ордасында болған Мәскеу елшісі Иван Судаковтың жазбаларында Орыс мырзаның Мәскеу патшасының қоластында болатынына ант бергені туралы мәліметтер бар. Орыс мырза өзінің бұл ісін Түрік сұлтанына елші жіберіп, былай түсіндіреді: «Мәскеу патшасына қарады деп маған және менің қасымдағы мырзаларға кіна қойма – Астрахань, Еділ мен Жайық, Самар кімдікі болса, бүкіл Ноғай да соныкі» [3]. Түрік сұлтаны Орыс биге кіна қойған жоқ, бірақ бүкіл Ноғай Ордасын өзіне тәуелділігіне, адалдығына ант беруге мәжбүрледі, Ресей билігіндегі Астраханды алуға итермеледі. Оның салдары жайлы болмады. Ел ішіндегі аумалы-төкпелі әлеуметтік топтардың, түрлі күштердің арасы ашыла түсті.

Орыс би өз дәуірінде Ноғай Ордасын басқа мемлекеттерден тәуелсіз етуге, әсіресе Ресей ықпалынан тыс болуға тырысты. Бірақ Ресейден де, Қырымнан да, түріктерден де тыс бола алма-

ды. Орданың өз ішінде де бірлік болмады. Борис Годунов патша Ноғай Ордасының ішкі ынтымағы мен бірлігінің нығаюына мүдделі болмады. Астрахандағы әскербасылары Борис патшадан ноғайлардың арасына іріткі салу, оларды бір-біріне айдап салу, бір-бірімен қырылыстырып, ақырында оларды қайыршылық халге түсіру, әрбір әке өзінің баласын Астраханға өзі алып келіп сататын жағдайға жеткізу туралы тапсырма алады [4, 52]. Патшаның тапсырмасы оның ноғайларға қатысты саясатының қандай сипатта болғанын анық аңғартады.

Орыс дүниеден өткен соң ұлыс билігіне Тінахмет бидің үлкен ұлы Урмамет келді. 1600 жылы ұлыс билігі Естерек мырзаға тиді. Бұл тұста Естерек пен Орыс бидің ұлы Жанараслан мырзалардың арасында билік үшін тартыс қатты шиеленіскен еді. Шиеленіс ашық ұрысқа, соғысқа ұласты. Ағайындылар, бірге туғандар бірін-бірі аямады. Осындай жағдайда Жанарасланның балалары Орақ пен Зорбек аманат ретінде Мәскеуге келеді. Осы және басқа оқиғалар жайында Естерек мырза окольничий С. С. Годуновқа берген сөзінде мол мәлімет келтіреді. Борис патша ноғай ордасындағы ішкі тартыста Естерек жағын ашықтан ашық қолдап, оған қарулы көмек көрсетуге дейін барды. Мәскеу қарулы күшінің қолдауымен Естерек ноғай ұлысының билігіне ресми түрде отырды. Ұлыс ішіндегі, ұлысаралық ұрыс, талас толастамады.

Орақ пен Зорбектің Мәскеуге Федор Иванович патшаның тұсында келгені туралы деректер бар. Ал нақты мұрағат құжаттары негізінде С. А. Белокуровтың берген ақпарында олардың 1594 жылы Ресей патшасы Борис Годуновқа қызметші болуға келгені, патшаның оны қызметке алғаны, шоқындырғаны туралы мәліметтер сақталған. Шоқынғанда Ораққа Петр деген ат, інісі Зорбекке Александр деген ат берілген [5, 8]. Орақ батыр жат ел, жат жерде абдырап, адасып қалған жоқ. Ақылға да, айлаға да, әдіске де жүйрік болды. Өзінің табиғатымен, болмысымен ол патша сарайындағы жастардың алдыңғы қатарынан көрінді [2, 123], 1601 жылы Александр Иванович Шуйскийдің жесірі, князь Григорий Васильевич Годуновтың қызы Аннаны әйелдікке алып, үйлі-жайлы болды. Б. Годуновтың, В. Шуйскийдің патшалығы тұсында биік қызметтер атқарды, Ресейдің ішкі, сыртқы жауларына қарсы талай қан майдан соғысқа кірген айтулы қолбасы ретінде танылды.

Ресейдің сыртқы жауларға қарсы соғысында Оразмұхамед (қазақ ханзадасы) оң қанат әскерді басқарғанда, Мәмет (Үргеніш ханзадасы)

сол қанат әскерді, Мәметқұл (Сібір ханзадасы) алдыңғы полкты, Арыстанәлі (Қасым ханзадасы) үлкен полкты бастаған. Тосқауыл полк Шихымның (Самарқан ханзадасы) басшылығында болды. Орақ батыр ноғай, татар жасақтарының біріккен құрамасын басқарды. Ол В.И. Шуйскийдің тұсында да қолбасылық етті. Аталған қолбасылардың бәрі де ханзалар, мұсылман елдері хандарының ұрпақтары, қатарынан асып шыққан ел ұландары еді.

1607 жылы күзге салым И. Болотников бастаған көтеріліске қатысушыларды жазалау үшін, В.И. Шуйский Тулаға мол әскермен жорыққа шығады. Оның қазан, романов, арзамас татарларынан тұратын тұтас бір әскери құрамасын Орақ батыр басқарды [2: 87; 145]. Ұрыс Воронье (Упа) өзенінің маңында өтеді [2, 158]. Туланы қорғаушылар қатты қарсылық көрсетеді. Кеңес берушілер қалаға өзеннің арнасын бұрып алып келуді ұсынады. Ұсыныс мақұлданады. Қала қабырғасының түбінен ағып жатқан өзен қаланың өзіне ағады. Қала топан судың астында қалады. Қаладағы жалған Дмитрийлердің бірі, князь Г. Шаховский, Иван Болотников және басқалар жазаға тартылады [6, 121-122]. Болотников көтерілісінен кейін Орақ батыр өз полкімен Крапивна түбінде тұрды.

Мәскеуге қарасты Украина аумағын шауып, олжалау ноғайлар үшін пайда табудың өнімді жолына айналған еді. Естерек би оларды тоқтатуға, олжа боп келген мал мен жанды кері қайтаруға дәрменсіз болды. Өзінің осындай ахуалын Естерек Мәскеу билігіне жазған хаттарында ашық мойындады. Патшаның жарлығы бойынша, Крапивна түбінде тұрған Орақ батырдың құрамасы Ноғай Ордасынан келіп, Мәскеуге қарасты Украина жерін шауып, мал-жанын алып жүрген татар жасақтарымен беттеседі. Мәскеу Украинасын шауып, олжа тауып жүрген қандастарына қарсы өзінің құрама әскерімен жазалау шараларын қолдануға Орақ батырдың дәті бармады. Осыған байланысты алдынан шыққан жол айырығында ол өзінің атамекенінен келген ноғай, татарларға қарсы соғысудан бас тартты, сөйтіп өзін патша деп жариялаған екінші жалған Дмитрийдің тобына келіп қосылды [2, 91]. Көзкөргендердің жазбаларында Орақ батыр інісі Зорбек (Александр Урусов) екеуі 1607 жылы Крапивнаны тастап, әскерімен жалған патшаның жанындағы Оразмұхамедке келіп қосылғаны жайлы ойдың ұшқыны да бар. Қайбір деректер Орақ батырдың осы жолы Қырымға кеткені туралы мәліметтер береді [2: 118; 158-159]. Алайда дерек көздеріндегі мәліметтерде Орақ батырдың – Қырымға, ал

інісі Зорбектің (Александр Урусовтың) Астрахандағы әкесіне дәл осы жолы, 1607 жылы, кеткені туралы нақты мәлімет кездеспейді.

Ноғай Ордасының алашылары Мәскеуге қарасты елді мекендерді шауып, олжа алуын жалғастыра берді. Олар бір келгенде, 100 мың қолға дейін келіп, мол олжаға батып оралып жүрді. 1609 жылы Орақ батыр Мәскеу маңына қол бастап келіп, олжаға батқан қырымдықтардың аман-есен кері қайтуына жағдай жасайды. Осы жолы оның Қырымнан келгені туралы пікірлер де бар. Алайды Орақтың 1607 жылы інісі Зорбек екеуі Крапивна түбінен еліне кетіп, одан ағайынды екеуі 1609 жылы Мәскеу өңірін тонауға қайта келді деуге жеткілікті негіз жоқ.

1610 жылы жазда қырымдықтар он бес мың қол болып келіп, Мәскеу аймағын тағы шабады. Бұл жолы шапқыншыларды Белгород ордасының басы Кантемир мырзаның өзі бастап келген болады. Осы жылы Үлкен Ноғай ордасының адамдары Рязань аймағын талан-таражға салып кетеді. Бұл істердің барысынан Орақ батыр тыс тұрды деу қиын, оны сол шапқыншылықтардың бәрінің басы-қасында болды дудің де жөні келмейді. Бірақ Орақ батырдың осы шаралардың бәрінен хабардар болып отырғанын жоққа шығаруға болмайды.

1608 жылы күзде жалған Дмитрий Қасым ханына князь Иван Михайлович Борятинскийді бас қылып бес мырзасын жібереді. Олардың мақсаты Қасым ханымен бірге хандыққа қарасты қалалардың құрама қолымен Суздаль қаласына келіп, сол жерде ханды да, ханның жұртын да басқа шонжарлармен бірге жалған патшаға адалдығына ант бергізу еді [2, 15].

Оразмұхамед 1608 жылы желтоқсан айының ортасында жазған хатында Дмитрий атын жамылған екінші бүлікшінің ордасына келмек ойы барын білдіреді [7, 143]. Ол, Жолкевскийдің айтуынша, жалған Дмитрийге шын патша деп сеніп, тамаша нөкерлерімен қалың қол болып келіп қосылады және жасақтарға, жалған патшаның өзіне көл-көсір сый жасап, жомарттық көрсетеді [8, 188-189]. Жалған патшаның қасында ол 1609 жылдың басынан 1610 жылдың желтоқсанына дейін жүреді.

Аласапыранда Орақ Жанарасланұлы қалың қолымен Оразмұхамедтің қасында болды. Ресейге Борис Годунов тұсында келіп, Ресей патшалығы үшін қызмет етіп, еңбек сіңірген айтулы әскери қайраткерлер ретінде бұлар талай сыннан бірге өткен еді. Борис Годунов дүниеден қайтып, аласапыран уақыт туғанда, көп жұрт жалған патша мен шын патшаны бір-бірінен айыра ал-

май, әрі-сәрі күй кешкені анық. Жалған патшаның дүрбелені Қасым хандығын басып өткенде, Қасым ханы Мәскеуден қол үзіп қалған-ды. Оның үстіне Борис Годуновтан соң патшалық еткен, аласапыран уақытта ел басқарған Василий Шуйский Қасым хандығының жұртына да, Қасым ханының өзіне де тура жол көрсете алмаған еді. Өтірік шындай болған аласапыран заман Орақ Жанарасланұлы үшін де, Оразмұхамед үшін де қатерлі сипат алды. Аласапыран кезеңнің сұрапылы тағдырдың тар жол, тайғақ кешуінде бұл екі арысты жалған патшаның тобымен тоғыстырды.

Жалған патша Тушинода жүгенсіздік жасап, қаныпезерлік көрсетті. Күн өткен сайын оның көргенсіз болмысы әр түрлі қырынан сорақылықпен ашылып жатты. Мұның өзі Қасым хандығының ханы, қазақ ханзадасы Оразмұхамедтің, оның қасындағы қандыкөйлек серігі Орақтың көздерін шындыққа жеткізді. Олар өздері патша деп таныған адамның Дмитрий атын жамылған бір арамза, қасиетсіз қарақшы екені туралы қорытындыға келді. Айналасын жинақтап, Мәскеуге бару туралы ойға тоқтаған бұл екі асыл жан өз жақындарымен астыртын хабарласа бастайды. Тілеулестер, іштартушылар тобы бірте-бірте арта түседі.

Жалған Дмитрийдің шын болмыс-бітіміне көздері жеткен белгілі ақсүйектер, әскери қызметкерлер бүлікшімен бірге болуға, оған қызмет етуге арланып, Мәскеуге орала бастайды. Патша тағындағы Василий Шуйский оларға кешіріммен қарап, тиісті лауазым береді. Көзі ашық, ақиқат жолындағы парасатты, арлы азаматтардың мұндай беталысы жалған Дмитрийді қатты үрейлендіреді. Оның берекесіздігі, үрейі ұшқан мүсәпір күйі Орақтың қырағы көзінен де таса қалмайды.

1609 жылдың аяғында Тушинодағы жалған Дмитрийдің тобырына король Сигизмундтың елшілері келіссөз жүргізуге келеді. Сигизмунд бастаған топ пен жалған патша бастаған топ Мәскеу тағынан үміті бар бәсекелестер еді. Соған қарамастан Мәскеуге қарсы күресте екеуі тізе қосып, бірігіп кетіп отырды. Шынға келгенде, бұлардың әрқайсысы екіншісімен және Мәскеу билігімен бірдей соғыс жағдайында болды. Оның үстіне Сигизмундтың адамдары жалған патшаның қарамағында полк басқарып жүрді. Жалған патшаның ордасында Сигизмундке іштартушылар көбейіп келе жатты. Рожинский бастаған кәнігі әскербасылар жалған патшаның сыртқы дүниемен қарам-қатынас жасау аясын қысып, өз уысында ұстады. Осының бәрі жалған патшаның өз айналасындағылардың қастан-

дығына ұшыраудан сақтанып, 27 желтоқсанда, әйеліне де қарайлай алмай, түн жамылып Калугаға қашуына алып келді. Ол кеткен соң Тушинода сапырылыс басталады. И. Заруцкийдің басына қатер төнгенде, оны князь Рожинский қорғап қалады [9, 21.02.1610]. Оразмұхамед пен Орақ батыр Тушинода қалып қойғанда, Оразмұхамедтің ұлы Мұхамед-Мұрат жалған Дмитриймен бірге Калугаға кеткен болып шығады. Жұрт әр тарапқа бет алады. Қасым ханы Оразмұхамед 1610 жылдың 31 наурызында кешқұрым Александр Збровскиймен бірге Смоленск түбінде тұрған король Сигизмундтың тобына келіп қосылады [8, 31.03.1610]. Қасым ханы корольмен мына сөздерді айтысып амандасады: «Мен – сенің қарашыңмын. Сенің ұлық мәртебеңе қызмет қылып, қанымды төгуім үшін қол бер, қолыма қару бер» [9, 03.04.1610].

Смоленск қамалын күшпен алуға Сигизмундтың шамасы жетпеді. Қамалды қорғаушы жүзбасылардың бірі: «Күшіміз сарқылып, әліміз құрып біткенде амалдың жоқтығынан бәрібір берілуге мәжбүр боламыз. Өйткенше қазір берілейік» [9, 01.11.1609], – деген ойын білдірген екен. Ол сол сәтте жазаға тартылады: сол күннің ертеңінде жан тапсырады. Соған қарамастан Король қамалды қорғаушыларға Оразмұхамед бастаған әскербасылар мен боярларды және басқаларды елшілікке жіберіп, қамалды бейбіт жолмен алмаққа талпынады. Қамал қорғаушылар елшілер өкілі әкелген хатты оқиды, корольдің талабын біледі, елшінің басына бал құяды, содан соң оны бұдан былай мұндай хатпен келмеу туралы қатты ескертіп, кері қайтарады [9, 18.04.1610].

Оразмұхамед пен Орақ та Смоленск түбінде тұрақтай алмайды. Қасым ханы Мәскеуге оралу туралы ойға біржола тоқтағанмен, ол ойын іске асырудың жолы бұралаң болып шығады. Мәскеу патшалығындағы В. Шуйский 1610 жылы тамызда тақтан тайып, монах кейпіне түсті. Мемлекет билігі Федор Иванович Мстиславскийге тиді. Ол елдегі алпауыттарға, боярлар мен князьдерге ақыл салып, патриарх Ермогенмен бірге Сигизмундтың ұлын Ресей патшасының тағына отырғызу туралы ұсыныс көтерді [2, 19]. Жолкевскийдің айтуынша, Ф.И. Мстиславский король Сигизмундтың ұлы Владиславқа қатты іш тартқанға ұқсайды [8, 118]. Шын мен жалғанды, оң мен терісті, дұрыс пен бұрысты айыру хан үшін де, қарашы үшін де қиынға айналды. Осындай аласыпыран жағдайда Қасым ханы баласының, әйелінің жалған Дмитрийдің қолында қалғанын айтып, гетманның рұқсатымен Смоле-

нск түбінен Калугаға бет алады [8, 190]. Орақ батыр да сонда келеді.

Калугада болған бірер ай ішінде Оразмұхамед те, Орақ батыр да жалған Дмитрийдің қылықтарынан жерініп, іштен тынады. Оразмұхамед жалған Дмитрийдің жанында нөкер болып жүрген баласы Мұхамед-Мұратты өзімен алып кетпек болып едәуір уақыт өткізеді. Мұхамед-Мұрат бұл тұста жалған патшаға бар көңілімен ауып, оның: «Қасым ханының тағына сені отырғызамын», – деген алдамшы сөзін буынына түсіріп алған еді. Осындай ойдағы, осындай күйдегі Мұхамед-Мұрат мақтанға, мансапқорлыққа біржола бой алдырып, әке тілегін аяқ асты етеді. Жалған патшадан да, жалған дүниеден де шаршап, шалдыққан әкенің ойы балада болғанда, баланың ойы далада болып шығады. Көз алдында Қасым хандығының алтынмен апталған хан тағы тұрғандықтан, бала басқа жаққа көз салып, басқа нәрсеге ой салып жатпады. Сондықтан ол әкесінің Мәскеуге кетпек ойын мақұлдамады, онымен тоқтап қалмай, болған әңгімені жалған Дмитрийге жеткізді. Мұны естіген жалған Дмитрий Қасым ханы Оразмұхамедтің көзін жоюға бекінеді.

1590 жылы Ресейдің шведтерге қарсы соғысында қолбасы ретінде үлкен ерлік көрсету, 1598 жылы Ресейдің қырымдықтарға қарсы соғысына қатысу, 1601 жылы Ресейдің Қырым хандығы бетіндегі барлық қарулы күшіне қолбасы (воевода) болу және басқа да ірі соғыс істеріне басшылық жасау Оразмұхамедтің қалың ел алдында да, қаптаған қарулы күш алдында да абыройын асырғанды. Оның оқ пен оттың ортасына сан рет кіріп, одан сан рет сау шыққан, отқа салса, күймеген, суға салса, батпаған нағыз қаһарман қолбасы ретінде аты шығып, даңқы жайылған болатын. Қасым ханының ел-жұрт, халық үшін сіңірген еңбегі, хандықтың қарулы күші мен қарапайым халқы алдындағы қадір-қасиеті аса зор еді. Оны бүкіл қарулы күш бек құрметтеді. Мұндай ірі, дара тұлғаның соңындағы қалың қол – ірі күш. Егер ол Мәскеуге бастар болса, онымен бірге қалың қол да Мәскеуге кетер еді. Ерлігін ел-жұрты таныған мұндай ерен азаматқа, Қасым хандығының бас қолбасысы әрі ханына ашық қарсы шығу, оның көзін жою туралы ашық айту жалған Дмитрий үшін қауіпті, тіпті оның өз басын жұтуға алып келетіндей қатерлі іс еді. Патшакештің Калугада жақтастары мен сыбайластарының аз еместігіне қарамастан, осы жайлардың бәрі оның ойын онға, санасын санға бөлгенінде, мазасын алып, ұйқысын қашырғанында сөз жоқ. Ақыры ол табиғатына тартып, қарақшылық жол-

ды таңдап алады. Оразмұхамедті ел көзінен таса, оңаша жерге алдап шақырып, арам ойын сол сәтте жүзеге асыру туралы шешімге келеді. Елді бұзған жалған патша жаман ойын жүзеге асыру жолдарын алдын ала кесіп-пішіп, іске көшеді. 1610 жылы 22 қарашада нөкерлерін жиып, аң аулауға шығады. Аң аулауға шығарда Оразмұхамедке хабаршы жіберіп, оны өзімен бірге жүруге шақырады. Шақыру табан астында болғандықтан, Оразмұхамед жанына екі адам ғана ертеді. Орақ батыр бұл жайдан хабарсыз қалады.

Қулық пен сұмдық істе алдына жан салмайтын жалған патша Оразмұхамедпен бірге Ока өзенінен өткен соң, қатарына Михайл Бұтұрлин мен Игнашка Михнев деген екі жанкештісін алып, маңындағы көптен бөліне, оңашалана береді. Ойына бөтен ой алмаған хан қапыда қалды. Аңға шыққан жұрттың көзін ала бере, үш қарақшы Оразмұхамед пен оның екі серігін қас қағым сәтте қылышпен қидалап өлтірді де, Ока өзенінің мұзын ойып, денелерін суға батырды. Ойға алған ісін бітірген жалған патша сол жерде бүлініп, өзін Қасым ханы Оразмұхамед өлтірмекші болғанын дабыралап айтып, қорқып-үріккен, шошып-қалтыраған дауыспен сарайына айқай салып, ат қойып келеді. Өзінің өлмей, әрең тірі қалғанын, ал Оразмұхамедтің Мәскеуге қашып кеткенін айтып, сандырақтайды. Іле Мәскеуге қашқан Оразмұхамедтің артынан қуғыншы жасақ, қарулы топ шығарады [10, 170-171]. Қарапайым жұрт оның мұнысына сенген болады. Ал Орақ батыр болған істің жайын астыртын зерттеп, шындыққа көз жеткізеді. Ол Оразмұхамедтің өліміне оның баласының қатысы барын біледі. Өз әкесіне өзі опасыздық жасаған, өлім тілеген сатқын баланың басын алуға бекінеді. Бұл кезде жалған патша Мұхамед-Мұратты Қасым ханы деп жариялаған еді.

Орақ батыр Қасым хандығының жаңа ханының жолын тосып, бірнеше түнді өткізеді. Ақырында сәті түскендей болады. Кешкі сауықтан бұлғақтап келе жатқан жазықты деген басты кек қылышы қиып түседі. Бірақ, кейін анықталғандай, бұл Оразмұхамедке де, оның өліміне де қатысы жоқ басқа біреу болып шығады. Жалған патша Орақ батырды адам өлтіргені үшін жауапқа тартып, абақтыға қамап қояды. Бірнеше жетіден кейін оны абақтыдан босатып, достық құшағын жайған болады. Орақ батыр оның мұнысын сыр бермей қабыл алады. Бірақ оның сырты тыныш болғанмен, ашу-ызасында шек жоқ еді. Орақ батыр енді жалған патшаның көзін құртуға, Оразмұхамедтің қаны үшін қан төгуге, жаны үшін жан алуға серт етеді.

Көп ұзамай жалған патшаның аң аулауға шығатыны белгілі болады. Орақ батыр өз адамдарына дайын болуды ескертеді. Жалған патша аңға шыққан күні бұлар да қаланың әр қақпасынан бөлек-бөлек шығып, Ноғай даласына бастайтын Пельн кара жолына бет түзейді. Дерек бойынша, бұлардың жалпы саны мың қаралы болған екен. Жалған патшаның шанасына жанай берген Орақ батыр оның оң қолын иығынан шауып түсіреді. Ізінше: «Оңбаған алдамшы, ханды өлтіріп, мырзаны зынданға салғанның қандай болатынын мен саған көрсетейін!» [11, 189] – деп қаны қайнаған қайсар қолбасының алмас қылышы екінші рет жарқ ете қалғанда, жалған патшаның бүлікшіл басы кеудеден төмен домалап, жерге түседі. Қайбір дерек көздерінде жалған патшаның қолын (басын) шауып түсіретін Орақ батырдың өзі емес, інісі Зорбек болып көрсетіледі [6, 221-222] Жат жерде табысқан жан бауыры, қимас досы Оразмұхамедтің өлімі үшін Орақ батыр осылай кек қайтарады да, артына алаңдамай, түмен қолды бастап, туған жеріне, атамекеніне қайтты. Бұл 1610 жылдың 11 желтоқсаны еді.

Жалған патшаның өлімі Ресейдегі аласапыран, бұлғақ жағдайдың оңалуына тікелей ықпал етті. Ол көзі тірісінде өзінің хандық ордасын Астраханға көшірудің жолын ойластыруда еді, оған алып баратын жолды жақсы білетін Орақ батыр мен оның түменіне де жалпақтап, жалған қошемет көрсететін. Аласапыранның ортасында жүрген шетелдік Мартин Бер осы жайларды сараптай келіп, былай деп тұжырым жасады: «Егер жалған Дмитрийдің ойы жүзеге аса қалған болса, онда Ресей сұмдық алапат ауыртпалықты бастан кешірер еді. Бірақ одан Құдай сақтады» [11, 187-188].

Мартин Бердің сөзінің жаны бар. Жалған патша хандық ордасын Астраханға алып келгенде, елдегі бүліншіліктің одан ары жалғаса беретінінде сөз жоқ болатын. Оның салмағы, әрине, алдымен, қарапайым халыққа түсуші еді. Ел азып, ер сасатындай шақта бүлікбасы жалған Дмитрийдің өлім табуы Ресей халқының басына үйірілген бүліншілік бұлтын серпіп, ел аспанын ашып, қобалжыған көңілді орнына түсіргендей еді.

Ресей халқының аласапыран, дүрбелең, бұлғақ уақыттың қыспағынан аман-есен шығуына өлшеусіз зор қызмет еткен екі жағдай бар. Оның бірі – Қасым ханы Оразмұхамедтің шындыққа көз жеткізіп, жалған патшадан безінген, Мәскеу билігіне бет бұрған саяси ұстанымы. Екіншісі – Орақ батырдың естен кетпес ерен ерлігі.

Орақ батыр осы кеткеннен Қырымға барып бір-ақ тоқтайды. Зорбек әуелі Азовқа келеді,

одан соң Астрахандағы әкесіне кетеді [13, 185-186]. Бұл кезде Жанараслан мырза Астраханда еді. Орыс мырза кезінде Ресейдің Ноғай Ордасына ықпал жасауға ұмтылған талабына ашықтан-ашық қарсы күресті. Ресейдің Ноғай Ордасындағы ықпалына, билігіне деген осы қарсылық Жанараслан мырзаның саясатында да сақталды. Ол әке саясатын одан ары қарай жалғастыруға сақадай сай болды. Алайда Ресейдің ноғай ұлыстарына деген ықпалы бұрынғыдан әлдеқайда күшейіп, Ноғай Ордасы ішкі тартыстан азып, ақыры үшке бөлініп кеткен еді: а) Алты ұл ауылы; ә) Кіші Ноғай ордасы; б) Үлкен Ноғай ордасы. Бұлардың әрқайсысы өздігінше еларалық қарымқатынас орнатуға күш салды. Мысалы, Алты ұл ауылы Қазақ ордасымен ынтымақта, достық ниетте болды [14, 421].

Еділ мен Жайық бойына жағалай қамал салып, қала тұрғызып, мысықтабандап жылжып келген, Қазан мен Астраханды алып қойған, Азовқа қол сала бастаған Ресей Ноғай Ордасындағы билігін нығайта түсті. Дербестікке, тәуелсіздікке ұмтылған Жанарасланның ұлысын, ауыл-аймағын шауып, мал-жанын олжалап отырды. Әкесінің қасына келген Зорбектің (Александр Урусовтың) қалыптасқан ахуалды жақсартуға ықпал етуге әлі келмеді. Естерек мырза Астрахань казактарымен бірлесе отырып, Жанараслан мырзаны қамаққа отырғызды. Астрахань әскербасысы Шереметьев 1608 жылы Василий Иванович патшаға жазған ақпарында (парақтың сыртына) Жанараслан мен Қанай мырзалардың бұрынғыша қамақта отырғанын атап өтеді [13, 162-163]. Естерек бастаған мырзалардың арасында да мықты бірлік болмады, алайда олар Жанараслан мырзаға қарсы шығуға тура келген жағдайда бас біріктіріп отырды. Оның үстіне Естерек ордадағы билігін Ресейдің қолдауымен қорғап, ұстап отырғанын жақсы білді.

Орақ батыр Қырымға келгенде, ноғайлардың жағдайы осындай еді. Ол Қырымға Мәскеу мемлекетінің жағдайы туралы аса бағалы және ең соны деген мәліметтерді алып келді. Қырымның Мәскеуге қатысты саясатын анықтауда бұл мәліметтердің маңызы өте жоғары болды. Орақ батыр Қырым хандығының Мәскеу ісі бойынша бас кеңесшісіне айналды, Қырымдағы ноғай мырзасы Кантемирдің қызына үйленіп, ордабасыға жақын адамдардың біріне айналды.

Орақ батыр өзінің атамекеніне оралған соң, көп ұзамай Ресейдегі аласапыранның басы болған бүлікші топ Астраханға келді. Орақ батырдың қолынан өлім тапқан жалған Дмитрийдің

әйелі, баласы және бүлікші әскербасы Иван Заруцкий Астраханға келіп, жалған Дмитрийдің жас баласын Астраханда патша деп жариялады. И. Заруцкий мен Марина Астрахань аймағына келер қарсаңда Естерек би Мәскеу қызметіндегі әскери күштің көмегімен өзіне қарсы топтағыларды күшпен бағындырып, бас көтерер мырзаларды қамауға салған еді. Олардың қатарында Жанараслан мырза да болды. И. Заруцкий қамаудағыларға бостандық беріп, оларды өз жағына тартты. Оның қоластында бірталай казак ата-мандары, қарақшы казактардан тұратын қарулы күш тұрды. Айналадағы мырзалар Маринаның жалған Дмитрийден тапқан баласына адалдығын растап ант бере бастады. И. Заруцкий Естерек биге қарсы жергілікті мырзаларды, татар жұртын, Астрахандағы қарулы қолды пайдаланды. 1614 жылы Естерек би И. Заруцкийге бас иіп, «занды патшаның ұлына» адал қызмет етуге ант берді. Кейін өзінің бұл ісінің мәнісін ол И. Заруцкийдің мынадай өкімді сөзіне амалсыз бағынуға мәжбүр болуымен түсіндірді: «Занды патшаның ұлына қызмет ет. Барша христиан жұрты бас қосып, Дмитрий патшаның ұлын ұлықтап, патшалыққа сайлады. Егер бізбен бір болғың келсе, антыңды бер, аманатқа балаңды бер. Бізді алдама, бізге алдамшы сөз айтпа, әйтпесе алты ру жұртпен Жанарасланды көтеріп, бәріміз саған қарсы шығамыз» [14, 443]. Естерек сөзінің соңын Жанараслан мен оның немересі, жетіруы – түп-түгел өзінің бітіспес жауы екенін айтып, патша ағзамды оларға қарсы өзімен, өзінің ұландарымен бірге соғысуға шақырады [14, 444].

1614 жылы көктемде хатқа түскен мәліметтерге қарағанда, И. Заруцкий Астрахандағы ұры-қарыларды, Естерек мырзаны, Жанараслан мырзаны жұртымен, сонымен қатар татар жұртын көтеріп, Самара қаласын алуға аттанбақ ойда болғанға ұқсайды [14, 419]. Астрахандағы бүлікші топтың басына аманатқа Естерек, Тінахмет мырзалар – балаларын, ал Қара Келмембет інісін беріп, өздері айналасындағы ноғайларымен Самараны алуға аттанатынына ант еткен деседі [14, 421].

Естеректі өз жағына тартқан соң, И. Заруцкий Орақ батырдың әкесі Жанарасланға сенімсіздікпен қарап, ақырында оны қамауға алды. Осы жылы мамырдың басында бүлікшілер Астраханды тастап, Жайықтың бойын өрлеп, Аю аралына қарай жылжиды. Дерек көздерінде бүлікшілердің билігі Третьяк Ус деген казак атаманында екені, қалғандарының бәрі соған бағынышты екені, аманаттағы ноғайлардың, солардың ішінде Орақ батырдың әкесі Жанараслан

мырзаның билігі де соның қолында екені туралы мәліметтер сақталған [14, 26]. Осы аласапыранда Естерек мырза Мәскеу билігіне елші жіберіп, Жанараслан мырзаны И. Заруцкиймен бірге Мәскеуге, өзіне, ноғай ордасына қастандық жасаушы дұшпан ретінде көрсетіп үлгереді. Мәскеу әскербасыларының Естерек мырзаға жазған өкім-хаттарында (грамота) Жанарасланның Мәскеуге, Естерекке, бүкіл Ноғай Ордасына дұшпандығы И. Заруцкийдің дұшпандығымен бірдей аталды [14, 26-28].

В. Хохлов қарулы қол бастап келіп, Астраханды бүлікшілерден азат етті. И. Заруцкий мен Марина бүкіл айналасымен 25 июньде Жайықтың бойында қолға түсті. И. Заруцкийдің қолында пенде болған Жанараслан (Урусов), Орақ (Тинмаматов) бастаған ноғай мырзаларын, Естеректің балаларын казактар Астрахандағы әскербасылар Одоевский мен Головинге апаруға ұйғарады [14, 32].

Естерек мырза айналасындағы бірнеше мемлекетпен бірдей өзара ынтымақтастық туралы келіссөз жүргізе бастады. Осы келіссөздердің Түрік сұлтанатына қатысты бағыты бойынша, Естерек Түрік сұлтанатына бодан болды. Бұл Қырым тарапынан үлкен қарсылықтың тууына алып келді. Естеректің Түрік сұлтанына бодан болып, оған адалдығына ант бергеніне байланысты Қырым ханы Жәнібеккерей наразылық білдірді. Ол Естеректің Түрік сұлтанына емес, өзіне бодан болуын талап етті. Естерек оны тыңдамады. Мұның үстіне Қара теңіздің батыс жағалауынан тәуелсіз жаңа орда қанат жайды. Орда орталығы Белгород болды, орданы Кантемир мырза биледі.

Қырым ханы Жәнібеккерей Естерекке қарсы үлкен қолмен Орақ батырды жұмсайды. Орақ батыр Естеректі Астраханға жақын келіп қонуға мәжбүр етеді. Осылайша Естеректің ісіне, бір жағынан, Қырым хандығының, екінші жағынан, Мәскеу патшалығының көңілі толмады, сонымен қатар оның ісіне Түрік сұлтаны да разы болмады. Қалыптасқан жағдайды негізге ала отырып, Орақ батыр мен Зорбек мырза (Александр Урусов) Мәскеу елшісі Г.К. Болконскийге бас иіп, құрмет көрсетіп, Естеректің орнына өздерінің әкесі Жанараслан мырзаны билікке тағайындау туралы тілек білдіреді. Мұның артынша Қырым ханы Жәнібеккерей Мәскеуге жазған хатында былай деді: «Естерек Сізге дос емес, бізге жолдас емес. Өзі ақымақ, ойы бұзық. Иесіз мал сияқты ен далада маңып, аярлығымен, жолбикелігімен жол тауып жүр. Біресе бізге қосылады, біресе сізге қосылады, енді біресе қызылбастар-

дың шахына бас ұрып, литовтықтардың короліне жарамсақтанады. Бірақ ешкімге де опа бермей, желдей еседі» [15, 94].

Жәнібеккерей ойын одан әрі қарай жалғастырып, Мәскеу билігі алдына үлкен мәселе қояды: Естеректің орнына Орақ батырды тағайындауды ұсынады. Мәскеу билігі бұл ұсыныстардың бәріне өз мүддесі тұрғысынан қарады. Орақ батырдың Ресейдегі аласапыран кезде екінші жалған патша жағына шығып кеткенін, одан туған жеріне оралғаннан кейін ноғайларды бастап барып, Ресейдің елді мекендерін шауып, олжа алғанын патшалық қызметіндегілер ұмыта алмағанды.

XVIII ғасырдың басында Түрік сұлтанатының Еуропадағы басты қарсыласы Польша еді. Түрік сұлтанаты Польшаға қарсы әскери іс-шараларына Қырым хандығын тартты. Түрік сұлтанаты мен Қырым хандығы Польшаға қарсы шапқыншылықтарына Ресейді тартуға мүдделі болды. 1619 жылы Түрік сұлтаны Қырым ханын Польшаға қарсы соғысқа шығарды. Соғыс жорығына алғашқылардың бірі болып Белгород ноғайларымен Кантемир мырза, Орақ батыр көтерілді. Жорық туралы жарлық Қырымды түгел қамтыды. Олжа тапқысы келген жасақ жорыққа өздігінше жиналды. Қырымды айнала қоршаған дұшпандардан қорғауға қажетті күшті сақтап қалудың өзі қиынға түсті.

1620 жылы Жәнібеккерей Польшаға қарсы жаңа жорыққа шықты. Жорықты ханның өзі емес, қалғасы Дәулеткерей басқарды. Жорықтың алдын Орақ батырдың ауыр қолы бастады. Жорық нәтижесінде Польша Цецора түбінде ойсырай жеңілді. Жорықшылар олжаға қарық болды. Жорық нәтижесіне желпінген Осман сұлтан Жәнібеккерейге жоңа жорыққа шығу туралы жарлық берді. Жәнібеккерей бұл жолы жорыққа қырымдықтардан, таулық черкестерден, кіші және үлкен ноғайдан 100 мың қол шығарады. 1621 жылы бұл жорық сәтсіз аяқталады. Осы кезде Кантемир мырза Бельгород ноғайларының ордасын Қырым хандығына тәуелсіз деп жариялап, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын әлеуетке ие болды. Кантемирдің билігі күшейді, бүкіл түрік-поляк шекара аймағының сақшысы мәртебесіне ие болды. Кантемирдің билігінің нығаюына Орақ батыр зор үлес қосты, өзі де күшейді.

1623 жылы Кантемир ұлысының адамдары Ресей Украинасының бірнеше уезінің мал-жанын олжалап алып кетеді. Бұлардың кім екенін сұрастырғандар екі топты көрсетеді: бірінші топ – Орақ батыр бастаған Белгород ноғайлары; екінші топ – Қырымдағы аласапыран жағдайды пайдаланып, олжа іздеп шыққан қырымдық Ше-

баш мырза. Дон казактары қағазға түсірген мәліметтер бойынша, Орақ батыр Азовқа арнайы келіп, азовтық ноғайларды осы жорыққа қатысуға өзі үгіттегенге ұқсайды. Білемін деушілер осы жорықта Орақ батырдың өз бетінше іс қылатынын, оның Қырымға оралмай, Кантемирге кететінін болжап баяндайды.

Қырым хандығы Кантемир мырзаның өз алдына бөлек, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын жеке орда болғанына жайбарақат қарап отыра алмады. Қырым хандығының басына Махметкерей мен Сағынкерей келді. Жәнібеккерей хандықтан босады. Махметкерей мен Сағынкерей тұсында Қырым хандығы күш алып, нығая түсті. Хан қызылбастардың шахымен, запорождық казактармен мәмілелесті, Түрік сұлтанымен текетіресетін деңгейге дейін жетті. Ол казактарға сүйене отырып, Белгородтағы Кантемирді әулетімен, ұлысымен Қырымға күштеп алып кетті. Алайда билік басындағы хан мен ханның қалғасы арасында берік, біртұтас бірлік пен тірлік болмады. Махметкерей (хан) мен Сағынкерей (қалға) екеуі екі жаққа тартты: Махметкерей – түрік сұлтанына, Сағынкерей – қызылбастардың шахына. Хан мен ханның қалғасы арасындағы алауыздық хандықтың күші мен қуатына кері әсерін тигізбей қоймады.

1627 жылы Кантемир мырза өзіне жақын он үш мырзамен бірге мың қаралы адам болып, Қырымнан қашып шығады. Онымен бірге Орақ батыр да болады. Кантемир, Кантемирдің інісі, Орақ мырзалар он мың ноғайлымен Белгородта тұрады [16, 17]. 1628 жылы қыста Сағынкерей Белгород (Ақкерман) аймағын шауып, Дунайға дейін барады, Бабадаг асып, олжаға батайын деп тұрғанда, Кантемир мен Орақ батыр 30 мың тың қолмен күтпеген жерден шыға келіп, оның әскерін жеңеді. Сағынкерей санаулы адамдарымен аман қалып, Қырымға көктемде жетеді.

Ізінше Кантемир қалың қолмен келіп, хан мен қалға, Мәскеу елшілері тығылып жатқан қаланы қоршауға алады. Қоршаудағылар ашығады. Хан мен қалғаға көмекке запорождық черкестер келіп, олардың жанын сақтап қалады. Кантемир мырза мен Орақ батыр Каф түбіне ығысады [16, 70] Хан мен қалға түрік сұлтанына қарайтын Каф түбіне келгенмен, шешуші соғыс ісін бастауға батпайды. Сөйтіп тұрғанда 21 июнь күні Каф түбіне теңіз жолымен бұрынғы хан Жәнібеккерей мен бұрынғы қалға Дәулеткерей Түрік сұлтанының пәрменімен жиырма кеме әскермен келіп түседі де, Кантемир мырза мен Орақ батырдың қолымен бірігеді. Жәнібеккерей мен Махметкерей екі жақ болып қатты шайқасады.

Ұрыс барысында Махметкерей (хан) мен Сағынкерей (қалға) жағындағы қол түгелдей Жәнібеккерей мен Дәулеткерейдің жағына шығып кетеді [16, 71].

А.А. Новосельский татарлар мен ноғайлардың 1618-1630 жылдардағы олжа үшін жасаған жорықтарын жылдар және аймақтар бойынша саралап келіп, осы жорықтардың бәрі Орақ батыр, Қлыш мырза және басқа белгілі мырзалардың бастауымен болғанын атап өтеді.

1633 жылдың басында Түрік сұлтаны Ресейге жақтасып, Польшаға қарсы Кантемир мырзаны жұмсайды. Жорық қолын бастап Орақ батыр шығады. Жорық барысында ол үлкен жеңіске жетіп, қыруар адамды тұтқынға алады. Осы жылдың күзінде Польшаға қарсы қызылбастардың Абаз пашасы да жорыққа шығады. Орақ батыр Абаз паша бастаған жорыққа да қатысады. Бірақ бұл жорық күткендегідей нәтижелі болмайды.

С. Тарбеевтің Қырымға елшілігінің (1626-1628 жылдар) барысы туралы патшаға берген ақпарында Қырымда Махметкерей хан мен ханзада аяғынан нық тұраса, Кантемир және оның бауырлары мен немерелері Орақ батырмен бірге бүкіл ноғайлармен Қырымнан кетіп, үлкен ноғайдағы Астрахань түбіне барып, патшаға бас имекші, патшаның кең қолтығының астында болмақ ниетте екенін және патшаның астрахандықтардың айыптарын кешіріп, бәрін бастап Қырымға баруынан үміт ететінін жазады [16, 98-99].

Айтылған жайлардан Орақ батырдың ата жұртына, үлкен ноғайға бармақ ойы барын аңғаруға болады. Сонымен қатар оның Түрік сұлтанына бас иген Қырымға көзқарасы да лайықты сипатталған. Осы ақпардың соңында Қырым патшалығына Жәнібеккерейдің келгені, Махметкерейдің қашып кеткені, Кантемир мырза мен Орақ батырдың өз адамдарымен қырымдықтардың малы мен жанын олжалағаны жайында айтылады [16, 98-99].

1630 жылға қарай Ноғай ордалары айналасындағы мемлекеттердің, хандықтардың, ұлыстардың өзара саяси қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Қырым ханы Махметкерей мен хан қалғасы Сағынкерей кетіп, хан тағына Жәнібек Керейің отыруына, хан қалғасы болып Дәулеткерейдің келуіне Кантемир мырза үлкен еңбек сіңірген еді. Оның кейбір қырлары доминикандық Эмиддо Доттелли Д'Аскони жазбаларында (1634) суреттелді [17, 106-114]. Кантемир мырза мен Орақ батырдың өмірінде елеулі өзгерістер болды. Кантемир мырзаның хандықтағы орны биіктеп, беделі жоғарылай түсті. Алайда қы-

рымдықтар оның бұған дейін өз ұлысын Қырым хандығынан тәуелсіз, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын әлеуетке жеткізгенінен секемденіп қалған еді. Қырымдықтар оған сенбей, күдікпен, дұшпандықпен қарады. Хан мен ханның қалғасы да сондай көзқарасты ұстанды. Мұны Кантемир білмей қалған жоқ. Қолайлы жағдай туғанда, Қырымды тастап, Белгородтағы өз ордасына келді. Ноғай ордасының мырзалары мен қырымдықтар арасындағы жаулық іштей пісіп-жетіліп келе жатты. Сонымен қатар Түрік сұлтанының Қырым ханына талабы да жоғарылай берді. Сұлтан қырымдықтардан қызылбас шахына қарсы соғысқа 30 мың қол жіберуді талап етті. Жәнібек Керей бұл талапты орындай алмады. Хан өзінің айналасындағы ханзадалар мен мырзалардың басбұзарлығына да тосқауыл қоя алмады. Ханның жаңа қалғасы Азаматкерейдің өзі осы жолмен олжа тапты. Кіші Ноғай мен Азов татарлары Мәскеу Украинасына өз беттерінше олжа салды. 1632 жылдың басында Жәнібеккерей хандықтың белгілі адамдарының, мырзалардың талабына мойынсұна отырып, олардың Мәскеу аймағына үлкен жорық жасауына рұқсат берді. Бұл хан мен патша арасындағы ынтымақтастық туралы ант беріп бекітілген келісім-шарттар (1615 жылғы және 1630 жылғы) талаптарына қайшы еді. 1633 жылы қырымдықтардың Мәскеу мемлекетіне жорығы басталды. Осы кезде Қырым ханы Түрік сұлтанынан Мәскеу мемлекетімен достықта болу, Польшаға қарсы жорыққа дайындалу туралы жарлықтар алды. 1634-1636 жылдары кіші Ноғай және үлкен Ноғай ұлыстары күш қосып, қырымдықтармен мәмілелесті, сөйтіп Мәскеу патшалығының жеріне олжа салып барды. Өздері де олжа болды. Жәнібеккерейдің хандығының соңғы кезеңінде (1634-1635) Қырым хандығы сырт мемлекеттермен қарым-қатынасындағы саяси бағытын жоғалтып, хандық тізгінін босатып жіберді. Түрік үкіметі Жәнібеккерейдің орнына Қырым хандығына Инайеткерейді тағайындады (1635-1637), Құсамкерей ханның қалғасы болып бекіді. Жаңа хан Түрік сұлтанынан тәуелсіз болу жолын қарастырды. Осы жолды ол алдымен Кантемирді шабудан бастайды. Кантемир үйшімен Түркияға қашты. Мырзалар бет-бетімен кетті. Қырымдықтар Кантемирдің ұлысын Донның оң жағалауынан Қырымға аударды. Азов қаласын сырттан қорғаушылардың қатары күрт кеміді. Орақ батыр, Кантемирдің бауыры Салмаш мырза өздерінің Қырым ханына тәуелділігін мойындады. Кантемирдің ұлысын алып, ордасына бет алған хан қалғасы әскерінің ноғайлардың тосқауылына ұшырады. Қырымға келе жатқан

жолда таң ата ноғай қолы (мыңға жуық) ханның қалғасына шабуыл жасайды. Қырымдықтар қырылады, ханның қалғасы өлім табады.

Қалыптасқан жағдай казактар үшін өте қолайлы болады. Олар күш қосып, қару-жарақтарын сайлап, кедергі-тосқауылсыз Азов қамалқаласының түбіне келеді. Қорғансыз қалған Азовты оны қорғаушы аздаған қол мен тұрғындардан тартып алу казактар үшін қиындыққа түспеді. Азов қаласы сәуір айында казактардың қолына көшті. Азовтың казактардың қолына көшуі Қырым хандығы үшін де, Түрік сұлтаны үшін де, олардың ортасында қыспаққа түскен Ноғай ордасы үшін де орны толмастай үлкен шығын болды. Қаланың маңындағы ноғайлардың тоз-тозын шығарып, қаланың өзін қорғансыз қалдырғаны үшін Инайеткерей ханға Түрік сұлтаны қатты қаһарын тікті. Инайеткерей үшін оның алдындағы хандардың ұстанған саясаты тиімді болмай шықты. Әсіресе, Азов қаласының казактардың қолына өтуі бүйірге қадалған шаншудай болып тұрды. Ханның кеңесшілері Азов үшін Түрік сұлтанының кезкелген уақытта айып тағуға дайын тұрғанын ескертеді. Бірақ Азовты казактардан қайтарып алудың жолы табылмады. Хан бүкіл мырзаларын, ақылшы ақсақалдарын жинап, кеңес құрады. Неше түрлі ақылдар айтылғанмен, ханның жайны жай таппайды. Орақ батыр ханға Азовты казактардан күшпен тартып алудың мүмкін еместігін айтады: «Азовқа бар күшіңді жиып келгеніңмен, оны ала алмайсың, оған ештеңе де істей алмаймыз. Егер Азовты алғың келсе, Мәскеу мемлекетіне жорық жасап бар да, Ресейде күз бойы, тіпті одан да ұзақ уақыт бойы майдан сал, олар Азовты сонда ғана береді. Мәскеуде өстім, Мәскеудің салтын бір кісідей білемін. Әйтпесе Азовты өзіңдікіндей көре алмайсың, қожана да оны жақсылықпен бере салмайды».

Инайеткерей хан Орақ батырдың бұл кеңесін қабыл алмайды, ашу шақырады: «Ауыздарыңды ашсаңдар, айтатындарың – өтірік. Бәріңнің алдайтындарың – мен. Сұлтанның пәрменін орындамағандардың ақыры қандай болғанын білесіңдер. Сендердің ақылдарыңды алып, солардың аяғын құшқым келмейді. Егер сұлтан Азовқа бар деп бұйырса, онда мен Азовқа баруым керек, тіпті бәріміз қырылып қалсақ та» [15, 268-269; 12, 771-773]. Азовты қайтарып алу мүмкін болмады.

1637 жылы маусымда Түрік сұлтаны Қырым ханының орнына Бегадыркерейді бекітеді. Инайеткерей Қырымнан кетіп, сұлтанның дәрегейіне бас ұрады да, сол жерде өлім табады. Кантемир мырза да сол жерде жан береді.

Азовты казактардан қайтарып алу Бегадыркере ханның ғана емес, бүкіл орданың, Түрік сұлтанының алдында тұрған басты міндетке айналды. Бегадыркере ханның Азовты казактардан тартып алуға шамасы жетпеді, сұрап алуға болмады. 1638 жылы сәуірде Бегадыркере хан казактарға Азовты қайтарып беру туралы сөз айту үшін ноғайлардың көсемдерінің бірі Қожамұрат Ұлық ағаны, оған қосып Салтанаш Ақсақ-Келмембет дегенді жібереді. Елшінің тобында 400 адам болады. Бірақ елші Азовқа кірмейді. Казактар оның жіберген адамдарымен сөйлеседі [11: 765-768; 769-770]. Казактар оларды тындап болып, мынадай жауап қайтарғанға ұқсайды: *Не айтып тұрсың? Астрахань мен Қазанның қалай алынғанын білмейміз. Ал Азовты біз Құдайдан сұрап алдық. Оған дейін біз қорысты паналап, қамыс күркеде тұрып, Құдайға жалбарынып жан сақтадық. Енді, міне, Құдай тілегімізді берді, тас қабырғалы, биік шатырлы қалаға ие болдық. Ал сендер сондай қаланы тастап шық дейсіңдер. Біздің әлі де Құдайдан үмітіміз бар. Құдайдан сендердің Темірек, Табань, Керчь деген қалаларыңды, артық көрмесе, Кафты да сұрап алмақ ойымыз бар* [15, 271].

Азовты казактардың оп-оңай басып алуы оның айналасындағы ноғайларды Қырым маңына аударумен байланысты екенін кеш білген Түрік сұлтаны Қырым ханына ноғайларды еркіне жіберу туралы жарлық шығарады. Бұл шақта ноғайлардың өз иелігіндегі ұлыс жоққа тән еді, өзгелердің ұлысында тұру олардың таршылықта, жоқшылықта күн көруге мәжбүр етті. Қырымдықтар ноғайларға сенбеді, оларды Мәскеуге қарап кете ме деп қауіптенді. Осы қауіпке бойын алдырған Бегадыркере хан ноғайлардың басындағы бірнеше беделді мырзалардың көзін жойды. Мәскеудің Қырымға жіберген қызмет-

шілері Фустов пен Ломакиннің 1639 жылдың көктеміндегі (14 мамыр) ақпарларына қарағанда, Бегадыркере хан Орақ батырды ел басына туған қиын күннің жайы бойынша «ақылдасуға» шақырады. Бегадыркере хан «ақылдасуға» алаңсыз келген Орақ батырды қасындағы мырзаларымен бірге өлімге қияды. Айдыңды Орақ, ноғай халқының қаһарман ұлы Орақ батыр, бауырының жамандығы мен арамдығынан, санасыздығы мен опасыздығынан, сатқындығы мен оңбағандығынан ойда жоқта опат болды. Мәскеуде қалған ұлы Василий Петрович Урусов Ресейдің белгілі әскербасысы, князь Иван Борисович Репиннің қызы Степанида Ивановна Репинаны әйелдікке алып, үйлі-жайлы болды.

Қырымдықтар ноғайларды өзара ұрыстырып, шабыстырып қоюмен шектелмей, оларды езіп, жаншуға бағыт алды. Ноғайларды Қырым маңынан аластау, ашық далаға айдап тастау туралы Бақшасарайдағылар ұран тастады. Қырымдықтар ноғайларға қарсы жазалау шараларын жүргізді. Казактар ноғайлардың Дон бойындағы бұрынғы қоныстарына оралуына, сөйтіп Ресей патшасының қоластына кіруіне мүдделі болды. Ноғайлар Донның арғы бетіне қарай шұбырды. Көзкөргендердің айтуына қарағанда, Қырымнан ауып, Донға кеткен ноғайлардың саны, әйелдер мен балаларды есептемегенде, 30 мың мөлшерінде болғанға ұқсайды. Ноғай мырзалары Мәскеуге өз қалауларымен бодан болып қосылды, Азов айналасын мекен етті. Дон казактары қырымдықтардан жан сауғалап қашып келген ноғайларға пана болды. Ноғайлардың енді біразы Еділ мен Жайық арасындағы далалы аймақты мекендеп қалды.

Ноғай, ноғайлы дәуірінің шындықтарын жырлағанда, жыраулардың омырауын жас жуды.

Әдебиеттер

- 1 Досмұхамедов Х. Аламан / Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар: Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектепов, Шәмшәдин Керімов. – Алматы, 1991.
- 2 Белокуров С. А. Разрядные записи за смутное время (7113-7121 гг.). – М., 1907.
- 3 Статейный список московского посланника в Крыму Ивана Судакова в 1587 – 1588 году // Известия Таврической ученой архивной комиссии. Том 14. 1891//http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVI/Iv_Sudakov_SS_1587_88/text.phtml?id=5442
- 4 Новый летописец (Глава 80. Об учинении вражды от Бориса между Ногайскими людьми) // Временник. Том 17. – 1853. – С. 1-190.
- 5 Разряд ХХУІІ, д. №8. «Роспись, кто был на Москве царей и цариц разных земель, и кто был Черкасских и Ногайских мурз и при котором государе и кто в каком чину был». Сообщил действ. член С. А. Белокуров // Разрядная книга от 7067 до 7012 года. <http://www.vostlit.info> ; <http://www.simbir-archeo.narod.ru/Russian/16vek/sbornik/index.htm>
- 6 Русская историческая библиотека, издаваемая Археографическою комиссиею. Том первый. – Санктпетербург, 1872.
- 7 Акты исторические, собранные и изданные Археографическою комиссиею. Том второй. 1598-1613. – Санктпетербург, 1841.
- 8 Рукопись Жолкевского, изданная Павлом Мухановым. – М., 1835.

- 9 Поход его королевского величества в Москву [Россию] 1609 года // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Polen/XVII/1600-1620/Pochod_Sigizmunda_1609/text1.phtml?id=10795
- 10 Краткая повесть о бывших в России самозванцах. – Санктпетербург, 1774.
- 11 Сказание современников (иноземцев) о Дмитрие Самозванцеве. Часть 1. – СПб., 1831.
- 12 Русская историческая библиотека, издаваемая Археографическою комиссиею. Том восемнадцатый. Донские дела. Книга первая. – СПб., 1898. № 93. 1608 г. Отписки в посольский приказ Астраханских воевод Шереметева с товарищами по делам Нагайским // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Russ/XVII/1600-1620/Akty_Vas_Shujskogo/81-100/93.htm
- 13 Акты исторические, собранные и изданные Археографическою комиссиею. Том третий. 1613-1645. – Санктпетербург, 1841.
- 14 Новосельский А. А. Борьба Московского государства с татарами в первой половине XVII века. – М.: 1948. – Л.
- 15 Савелов Л. М. Из истории сношений Москвы с Крымом при царе Михаиле Федоровиче. Посольство С. И. Тарбеева в Крым 1626-1628 г.г. – Симферополь, 1906.
- 16 Д'Асколи. Описание Черного моря и Татарии // <http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVII/1620-1640/Askoli/frametext.htm>

References

- 1 Dosmuhamedov H. Alaman/Kurastirushilar, algy sozin jane tusiniktemelerin jazgandar: Garifolla Anes, Amankos Mektepov, Shamshadin Kerimov. –Almaty, 1991.
- 2 Belokurov S.A. Razryadnye zapisi za smutnoe vremya (7113-7121 gg.). – М., 1907.
- 3 Stateiny spisok moskovskogo poslannika v Krymu Ivana Sudakova v 1587-1588 godu// Izvestiya Tavricheskoi uchenoi arhivnoi komissii. Tom 14. 1891 // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVI/Iv_Sudakov_SS_1587_88/text.phtml?id=5442
- 4 Novy letopisets (Glava 80. Ob uchinenii vrajdy ot Borisa mejdu Nogaiskimi ludmi)// Vremennik. Tom 17. – 1853. – С. 1-190.
- 5 Razryad XXVII, d. №8. «Rospis, kto byl na Moskve tcarei I tcarevichei raznyh zemel, I kto byl Cherkasskih I Nogaiskih murz I pri kotorom gosudare I kto v kakom chinu byl». Soobshil deistv. chlen S.A. Belokurov// Razryadnaya kniga ot 7067 do 7012 goda. <http://www.vostlit.info> ; <http://www.simbir-archeo.narod.ru/Russian/16vek/sbornik/index.htm>
- 6 Russkaya istoricheskaya biblioteka, izdavayemaya Arheograficheskoyu komissiyeyu. Tom pervy. – Sankt Peterburg, 1872
- 7 Akty istoricheskie, sobrannye I izdannye Arheograficheskoyu komissiyeyu. Tom vtoroi. 1598-1613. – Sankt Peterburg, 1841.
- 8 Rukopis Jolkevskogo, izdannaya Pavlom Muhanovym. – М., 1835.
- 9 Pohod ego korolevskogo velichestva v Moskvu [Rossiyu] 1609 goda// http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Polen/XVII/1600-1620/Pochod_Sigizmunda_1609/text1.phtml?id=10795
- 10 Kratkaya povest o byvshih v Rossii samozvantcah. – Sankt Peterburg, 1774.
- 11 Skazanie sovremennikov (inozemtcev) o Dmitrii Samozvanceve. Chast 1. – SPb., 1831
- 12 Russkaya istoricheskaya biblioteka, izdavaemaya Arheograficheskoyu komissiyeyu. Tom vosemnadcaty. Donskie dela. Книга первая. – S.-Peterburg, 1898. №93. 1608 g. Otpiski v posolskii prikaz Astrahanskiy vovod Sheremeteva s tovarisham po delaim Nagaiskim // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Russ/XVII/1600-1620/Akty_Vas_Shujskogo/81-100/93.htm
- 13 Akty istoricheskie, sobrannye I izdannye Arheograficheskoyu komissiyeyu. Tom tretii. 1613-1645. – Sankt Peterburg, 1841.
- 14 Novoselskii A.A. Borba Moskovskogo gosudarstva s tatarami v pervoi polovine XVII veka. – М. – 1948-Leningrad
- 15 Savelov L.M. Iz istorii snoshennii Moskvy s Krymom pri tcare Mihaile Feodoroviche. Posolstvo S.I. Tarbееva v Krym 1626-1628 g.g. – Simferopol, 1906.
- 16 D'Askoli. Opisanie Chernogo moray I Tatarii // <http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVII/1620-1640/Askoli/frametext.htm>

Смағұлов С.

**Қазақ хандығының құрылуы
тұсындағы тарихи
оқиғалардың ауыз
әдебиетіндегі көрінісі**

Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың көпшілігі әдебиеттен тиісті дәрежеде орын алып отырған. Сол себепті қазақ халқының, соның ішінде Қазақ хандығы тарихын зерттеушілердің бәрі де қазақ әдебиетінің мұраларына үңілмей кете алмайды. Қазақ халқы – өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндаған халық. Қазақ халқының тарихы мен әдебиеті мән-мазмұны жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты. Халық тарихының мол мұрасы оның фольклорында сақталады.

Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы әсіресе, XIII-XVIII ғасырларда күшті дамыды. Қыпшақтар мен басқа да түрік тайпаларының өркен жайған ауызша поэзиясы болды. Көркем сөздің нағыз шебері болған Сыпыра жырау мен Қодан тайшы, Асанқайғы мен Қазтуған (XIV-XVI ғғ.) жыраулардың шығармашылығы кеңінен танылып, олар шығарған тарихи шындықты бейнелейтін батырлар жыры халық зердесінде сақталды. Бұл тарихи кезең Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарының кезеңіне жататындықтан аталған жырларда сол дәуірдің қоғамдық өмірін бейнелейтін мәліметтер кездеседі.

Шоқан Уәлиханов «Көшпелілер философы» атаған Асанқайғы (Хасан Сәбитұлы) XV ғ. ортасында Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарған қазақ руларының Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығып, Қазақ хандығын құруды жақтап қана қоймай, ол біраз уақыт олардың ақылшысы болды, халықты бірлікке, билеушілерді әділдікке шақырып, толғаулар шығарды. Ол өз өлең, толғауларында мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, ауыз әдебиеті, Асанқайғы, Қобыланды батыр, Қодан тайшы, Ақжол би.

Smagulov S.

**A reflection of historical events
of the Kazakh khanate formation
period in verbal literature**

Historical events experienced by Kazakh people reflected in verbal literature. Therefore the researchers of Kazakh khanate history couldn't ignore a heritage of Kazakh literature. Kazakh people are people that developed the history through literature. History and literature of Kazakh people are very close. Rich heritage of people history is saved in folklore.

Verbal literature of Kazakh people especially strongly developed in XIII – XVIII c. A verbal poetry was developed for kipshak and other turkic tribes. Poetry of the real masters of artistic word as Sypyra, Kodan taishy, Assan kaigy and Kaztugan (XIV – XVI cc.) were widely known among people and their poems were saved as describing historical reality. Due to the reference of this period to the period of Kazakh khanate formation these compositions include information characterizing public life of that epoch.

Key words: Kazakh khanate, verbal literature, Assan kaigy, Kobylandy batyr, Kodan taishy, Akzhol bi.

Смағұлов С.

**Отражение исторических
событий периода образования
Казахского ханства в устной
литературе**

Исторические события, пережитые казахским народом, нашли отражение в устной литературе. Поэтому исследователи истории Казахского ханства не могут обходить наследия казахской литературы. Казахский народ – народ, который излагал свою историю через литературу. История и литература казахского народа тесно взаимосвязаны. Богатое наследие истории народа сохранено в фольклоре.

Устная литература казахского народа особенно сильно было развито в XIII-XVIII веках. У кипчаков и других тюркских племенах была развита устная поэзия. Широко были известны произведения настоящих мастеров художественного слова, как Сыпыра жырау, Кодан тайшы, Асан кайгы и Казтуган (XIV-XVI вв.), в памяти народа сохранились их богатырские эпосы, описывающие историческую реальность. Так как, этот исторический период относится к периоду становления предпосылок образования Казахского ханства, в этих сочинениях есть сведения, характеризующие общественную жизнь той эпохи.

Ключевые слова: Казахское ханство, устная литература, Асан кайгы, Кобыланды батыр, Кодан тайшы, Ақжол би.

**ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ
ҚҰРЫЛУЫ
ТҰСЫНДАҒЫ
ТАРИХИ
ОҚИҒАЛАРДЫҢ
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
КӨРІНІСІ**

Еуразияның шетсіз де шексіз ұлы даласын ертеден мекен етіп мал өсіріп, жан бағып жүрген түркі тектес көшпелі тайпалардың бірыңғай этникалық топқа жіктеліп, қазақтың халық болып қалыптасуы нәтижесінде XV ғасырдың орта шенінде Қазақ хандығы құрылды. Мұның өзі теңдесі жоқ оқиға болды. Ол шашырап жүрген қазақ тайпаларының ертеден аңсап армандаған бір орталыққа бірігіп, егеменді ел болу тілегін іске асырды. Олардың этникалық жер аумағын бүтіндеп, ежелгі қазақ жерінің алғашқы шекараларын белгілеуге мүмкіндік туғызды.

Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Ақ орданың әйгілі билеушісі Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек хан болды. Олар асқан ақылды, салихалы саясат жүргізіп, Шу және Талас алқаптарында орналасып, Қозыбасы деген жерде Қазақ хандығының алғашқы туын тігіп, халықтың басын қосып, олардың ел болып еңсемізді көтерсек деген тілегін іске асыруға белсене кірісті. Қазақ ру-тайпаларын өз төңірегіне топтастырып, олардың арасындағы алауыздықты басып, бірлікке, ынтымаққа ұйытты. Толассыз жүріп жатқан қантөгіс соғыстар мен ішкі қырқыстар үдеп, халқын күйзеліске ұшыратқан көрші елдердегі қазақтарды өз қол астына тартты. Осындай жағдайда XV ғасырдың 50-70 жылдарында Дешті Қыпшақ жерінен Қазақ хандығына екі жүз мың үй көшіп келді. Мұның өзі хандықтың атақ-абыройын аспандатып, қадір-қасиетін арттырды. Сонымен бірге оның қол астындағы халықтың өріс-қонысын, жер, су жағдайын кеңіте түсуді келелі міндеттердің бірі ретінде алға тартты.

Бұл тұста көп елдерде ішкі қажеттіктің сыртқы олжамен толықтырылуы айып саналмайтын. Қазақ хандары көршілес Моғолстан, Дешті-қыпшақ жерлеріндегі ел, жер, билік үшін жүргізіліп жатқан бітіспес күрестің ұрымтал тұстарын шебер пайдаланып олардың есебінен хандықтың жер аумағын барған сайын кеңіте түсті. Олар отырықшылығы – егіншілігі қалыптасқан, қол өнері мен саудасы дамыған Сыр бойындағы қалаларды қол астына қаратуға орасан зор күш-жігер жұмсады. Бұл қалалармен қарым-қатынас жасауға көшпелі халықтар мүдделі болды. Өйткені, олар өнеркәсіптік тауарларды, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды қалалардан алатын. Сөйтіп, XVI

ғасырдың бас кезінде Сыр бойындағы көптеген қалалар қазақ хандығына қарады.

Қазақ хандығы дәуірі тек қана өзара дау-шар, қырқыстармен ғана емес, сонымен қатар қалалардың өсуімен, сыртқы саяси және сауда қызметінің жандануымен, жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен сипатталады. Бұрынғы мәдени дәстүрлер қайта түлеп, барлық этникалық топтарға ортақ жаңа мәдениет қалыптасты.

Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың көпшілігі әдебиеттен тиісті дәрежеде орын алып отырған. Сол себепті қазақ халқының, соның ішінде Қазақ хандығы тарихын зерттеушілердің бәрі де қазақ әдебиетінің мұраларына үңілмей кете алмайды. Қазақ халқы – өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндаған халық. Оның әдебиетінде кейбір образдық әсірелеуіне қарамастан тарихи деректер мен айғақтар соншалық мол да ұтымды берілген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде мән-мазмұны жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты келіп отыратын мәселелер аз емес. Былайша айтқанда, қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар, қоғамдық даму барысындағы түрлі мәселелер оның ауыз әдебиетінде де із қалдырған. Бұл жағдайды Қазақ хандығының құрылу тарихын жан-жақты зерттеп жүрген белгілі тарихшы-ғалым Берекет Кәрібаев былайша айқын атап көрсетеді: «Халықтың өмірінде терең із қалдырған ұлы тұлғалар, маңызды оқиғалар, күрделі өзгерістер міндетті түрде халықтың санасына әсер етіп, ол ауыз әдебиетінің әртүрлі материалдары арқылы бейнеленеді. Сөйтіп, олар ауызша дерекке айналып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған» [1].

Осы топтағы шығармалардың кез келгені тарихты толықтырып, кеңірек мағлұмат береді. Тарих пен әдебиет бірін-бірі толықтырып, терең түсінік беруге жәрдемдеседі. Ауыз әдебиетінде халық өзінің тарихын, басынан кешкен оқиғаларын, тарихи кезеңде өмір сүріп, қолбасшылық еткен нақты адамдарды кең пейілімен суреттеп, олардың бойына ерлікті, ақылдылықты, алып тұлға мен асқан шешендікті, көсемдікті үйіптөгіп, ұмытылмас ірі тұлғалар жасаған. Халық өзінің арман мүддесіне сай болуы тиісті-ау деген талап-тілегін де сол кейіпкерлерге жүктеп, соның бойына сыйғыза суреттеген. Халық өзінің мұратына лайық батыр ұлдары мен қыздарын, олардың ерлік, адамгершілік сипаттарын жырлап, тарихи оқиғаларды сол кейіпкерлер арқылы, солардың бастарынан өткен істері арқылы жеткізіп отырады. Батырлар жырының көбінің негізінде тарихи оқиға жатады. Қазақ ауыз әдебиеті ел тарихымен тығыз байланысты. Тарихи

деректің бай көзі – батырлық жыр толғаулар. Эпостың негізгі ерекшелігі – оның тарихпен, тарихи оқиғалармен байланыстылығы. Ауыз әдебиеті материалдары қоғам өмірінен, тарихи болмысынан құнды деректер береді.

Халық тарихының мол мұрасы оның фольклорында сақталады. Қазақ халқының да тарихы ауыздан-ауызға тарап, аңыз-әңгімелер, батырлық жырлар, шешендік сөздер, неше түрлі хикаялар түрінде жеткен. Бір сөзбен айтқанда, халық тарихын оның ауыз әдебиетінің түрлері жинақталған фольклордан табуға болады. Аңыз түбі – ақиқат. Аңыздардағы деректерде шындықтың жаңғырығы бар. Әуел бастан тарихи шындыққа құрылған аңыздардың оқиғасы, ондағы тарихи тұлғалар өмірде болып өткен жайлардан хабардар етеді.

Қазақ халқының тарихы ауызша тарих айту дәстүрі шежіре, тарихи аңыз-әңгімелер, ақын-жыраулардың толғаулары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырғаны баршаға мәлім. «Жеті атасынан да» көп аталарын (немесе халық тарихын) білетін бабаларымыздың зерделілігі мен шешімділігі немесе халқымыздың көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан далалық ауызша тарихнамасы (ДАТ). Далалық ауызша тарихнама (ДАТ) деген анықтаманы ғылыми айналымға алғаш енгізген қазақстандық белгілі шығыстанушы В.П. Юдин еді.

Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы, әсіресе, XIII-XVIII ғасырларда күшті дамыды. Қыпшақтар мен басқа да түрік тайпаларының өркен жайған ауызша поэзиясы болды. Көркем сөздің нағыз шебері болған Сыпыра жырау мен Қодан тайшы, Асанқайғы мен Қазтуған (XIV-XVI ғғ.) жыраулардың шығармашылығы кеңінен танылып, олар шығарған тарихи шындықты бейнелейтін батырлар жыры халық зердесінде сақталды. Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ халқының тарихын бейнелейтін «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр» және басқа жырларды солардың қатарына жатқызуға болады. Қазақтың батырлар жыры эпосқа тән аңыз сияқтанғанмен, олардың бәрі дерлік тарихи оқиғаларға құрылған. Бұл тарихи кезең Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарының кезеңіне жататындықтан аталған жырларда сол дәуірдің қоғамдық өмірін бейнелейтін мәліметтер кездеседі.

Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесін қарастырғанда мына жағдайды айтып кету орынды. Шоқан Уәлиханов «Көшпелілер философы» атаған Асанқайғы (Хасан Сәбитұлы) XV ғ. ортасында Керей мен Жәнібек сұлтандар бас-

қарған қазақ руларының Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығып, Қазақ хандығын құруды жақтап қана қоймай, ол біраз уақыт олардың ақылшысы болды, халықты бірлікке, билеушілерді әділдікке шақырып, толғаулар шығарды. Ол өзінің алғашқы қазақ хандарына деген ойларын былай жеткізеді:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді.
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!? [2].

Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері, кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы жеткен Қодан Тайшы, [Сыпыра жырау](#), [Асанқайғы](#), [Қазтуған жыраулар](#) жаңа әдебиеттің ізашарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар деп те саналады. Асанқайғы туралы аңыздар ноғай, қырғыз, карақалпақ халықтарында да сақталған. Асанқайғы – көптеген нақыл сөздердің, философиялық толғаулардың авторы. Ол өз өлең, толғауларында мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды.

Асанқайғының «Ел айрылған» күйі, Қазтуғанның «Сағыныш» күйі түркі тілдес тайпалар іріктеліп, ноғай, қазақ айрылып тұтас бір халықтың, қазақ халқының өмірге келуі қарсаңындағы толғақ күйі іспеттес. Олардың бұдан да басқа да күйлері болғаны туралы да айтылады. Бірақ олар бізге жетпеген.

Осы кезеңге тән тағы бір оқиға – Қобыланды батырдың Арғын руының атақты биі Ақжолды (Дайырқожа) өлтіріп қойғанда, бұл жағдай аңыз бойынша Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың дауды әділ шеше алмаған Әбілқайырға наразылық ретінде Моғолстанға көшіп кетуіне себепкер болады. Осыған байланысты көне қазақ поэзиясының тарихында Қодан тайшының аты және оның баласы Ақжолды Қобыланды өлтіріп кеткенде шығарған жоқтауының үзіндісі:

Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,
Сексен асып, таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным! –

деген жолдар сақталғаны белгілі [3].

Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ақындарының бірі болған Қодан шежірелік аңыздарға сәйкес арғын тайпасының негізін қалаушы бо-

лып табылады, ал екінші бір деректер бойынша Қодан (Қотан, Кодон, Кодян) – половец-қыпшақ хандарының бірі (Мадиярлардың Венгрияға қоныс аударуын басқарған жетекшілерінің бірі де Котян деп аталған).

Қодан шығармаларының бірнеше жолы ғана сақталған, ол оның ұлы Ақжолдың (бір нұсқада Дайырқожа) қарақыпшақ Қобыланды батырдың қолынан қаза табуына байланысты шығарылған жоқтау өлеңінің үзіндісі табылды. Жырда қайғы үстіндегі қарт әкенің ұлын «құлыным» деп жоқтаған зарлы үні, бір сәтте өне бойын жайлаған қасірет пен өкініш, аяныш пен өзін кінәлаған жай-күйі терең сезіммен берілген. Ақжолдың (Дайырқожа) Әбілқайыр хан тұсында барлық даулы мәселелерді әділ шешкені үшін Ақжол атанып, атақты би болғаны мәлім. Ол 1456 жылы өлген. Егер оның әкесі сол кезде тоқсанға таянғанын ескерсек, Қодан ақын 1370 жылдарда туған деп жорамалдауға болады.

«Қобыланды» жыры – тайпалық эпос түрінде туып, бірте-бірте жалпыхалықтық жырға айналған қазына. Қазан төңкерісінен бұрынғы фольклортану ғылымында бұл жырды орыс патшасы Иван Грозныйдың 1552 жылғы Қазан хандығын жаулап алу оқиғасымен байланыстыра қарау басым болды. Кезінде Мәлік Ғабдуллин бұл пікірге қарсы шығып, «Қобыланды» жырының одан үш жүз жыл бұрын XIII ғасырдағы парсы жерін билеген Шыңғыс ханның ұрпағы Ғазан ханға қарсы күрестің барысында туған эпос екенін жазған еді. Жалпы, «Қобыланды» жырының нұсқалары батырды бес түрлі кезеңге апарып телиді. Солардың алғашқысы IX-X ғасырлардағы пешенег дәуірі, екіншісі IX-XI ғасырлардағы оғыз-қыпшақ заманы. Үшінші-төртінші кезең XV-XVI ғасырлардағы Ноғайлы ордасы мен Өзбек-Қазақ ұлысы кезеңімен байланысты. Ал жырдың қайсыбір нұсқалары батырды бергі XVIII ғасырдағы Жоңғар жорығына араластырады. Әлбетте, мұның бәрі фольклор заңдылығына сәйкес, осы жырды жырлап таратушы жыраулардың елін сүйген, елі сүйген баһадүр батырға ділгірлігінен, белдеуден ат кетпеген беймаза замандардағы халықтың батырға зәрулігінен туған.

Шын мәнінде Қобыландының өмір сүрген дәуірі белгілі. Бұл – тарихи ақиқат. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі шыққан төл энциклопедиямызда мынадай жолдар бар: «Қара қыпшақ Қобыланды – (шамамен XV ғасырда өмір сүрген) батыр, тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілқайыр ханның бас батыры. Қазақ шежіресінде Қобыландыны Қара

қыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдан туғызады. Қобыландыдан Беркімбаи, Беркімбаидан бес таңбалы Қыпшақ ұрпақтары өрбиді... Ел аузындағы деректерге қарағанда, оның бейіті Қобда өзенінің бойында», – делінген. Қобыланды батыр – шын мәнінде қайталанбас эпостық образ деңгейіне жеткен тарихи тұлға. Кейінгі кешенді зерттеулер Қобыланды батырдың XV ғасырда Сырдың бойында хандық құрған Әбілқайыр тұсындағы Өзбек-Қазақ кезеңінде өмір сүргенін айғақтайды.

Ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың жазуынша, Қобыланды батыр Әбілқайыр ханның екі төбе биінің бірі болған. Себебі, әзірге белгісіз, Қобыланды ханның «Ақжол» биі атанып кеткен екінші биі Дайырқожаны ұрып өлтіреді. Жырда айтылатын Дайырқожаның әкесі Қодан жыраудың: «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным, сексен асып таянғанда тоқсанға, тұра алмастай үзілді ме жұлыным, адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының, аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың, Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!» деп келетін жыр жолдарының өзі батырдың Өзбек (Әбілқайыр) хандығының іргесі шайқалатын тұста ғұмыр кешкеніне дәлел бола алады.

Бір қызығы, аталған жоқтауда Қобыландыға қатысты ешқандай жазғыру жоқ, жырау атышулы батырмен ұстасқан баласының өліміне күйініш білдіреді. Өзбек ханның мұрагері – Әбілқайыр Шәйбанидың қабырғалы екі биінің арасындағы осы оқиға, түптеп келгенде ұшса құс қанаты талатын ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен бір ұлыстың екіге жарылуына себеп болғанға ұқсайды. Осылайша ел іші алатайдай бүлініп, Керей мен Жәнібек сұлтандардың хандықтан кетіп, мұның аяғы Шу бойындағы Қозыбасы тауының етегінде дербес Қазақ хандығының құрылуына алып келеді. Бір жағынан Қобыланды батырды ұлтымыздың бүгінгі атауының қалыптасу шағының бастауында тұрған тарихи тұлға десек те болады.

Осыған орай белгілі тарихшы Қойшығара Салғараның мына пікірін де ескермеске болмайды. Ол өзінің «Қазақтар» атты роман-эссесінде: «...Қобыландының Дайырқожаны өлтіруі – елді екіге айыруының себебі емес, тек желеуі, ал, елдің екіге айрылуының тарихи шындығы басқада. Есен Бұғының Керей мен Жәнібек сұлтандарға Шу өңірінен шұрайлы жерді сайлап беруінде терістік шығыстан еміне енген ойраттар мен оңтүстік батыстан көзінің сұғын қадаған Ақсақ Темірдің шөбересі Әбу Сайд мырзаға арқа сүйеген өз ағасы Жүніске қарсы күресте өзбек

жауынгер жігіттерін қалқан етемін деген мақсат, ізгі үміті жатыр» – деп жазады.

Қазақ батырлық жырларын шыққан заманына және тарихи кезеңіне қарай төрт дәуірге бөлуге болады дей келе, ғалым Е. Ысмайылов «Қобыланды» жырын XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының батырлар жырына қосады. Қайғысы мен қасіреті мол, шытырман оқиғалы ноғайлы заманынан қалған жыр аз емес. Халық тарихындағы осы бір аса ауыр кезең жырларда, күйлерде анық сақталып қалған.

«Қобыланды батыр» жырында ұшырасатын негізгі қаһармандар есімдері Алтын Орданың ыдырауы мен Қазақ хандығының құрылуы оқиғаларының ортасындағы тарихи тұлғалар. Тарихи Қобыландының Алтын Орда ыдырап, Қазақ хандығының құрыла бастаған кезінде өмір сүргеніне жазба дәлелдің болмауы, оның сол дәуірде өмір сүргендігін жоққа шығармайды. Ал, Алтын Орданың ыдырап, Қазақ хандығы құрылған дәуірде тарихи тұлғалар қатарында Қобыландының да тарихи жырда, эпоста, шежіре, аңыздарда көрінуі кездейсоқ емес. Көшпелі түрк халықтарында тарихи аңыз, жыр, шежіреге тарихи дерек көзі ретінде қарастырылады және сол деректердің көбі жазба мағлұматтармен сәйкес келеді.

Сондықтан да «Қобыланды батыр» эпосының, зерттеушілер айтып жүргендей, Әбілқайыр ханның ұлысы екіге бөлініп, халқымыздың тарихында шешуші рөл атқарған 1456 жылғы Қазақ хандығы құрылар алдындағы ұлысаралық өзара қақтығыстарды бейнелейтін және осы кезеңде туып қалыптасқан аса құнды эпикалық туынды екендігі даусыз.

Қай эпос та тарихи оқиғадан, шындықтан туады. Сөйтіп, ол шындық та, эпос қаһарманы да бірте-бірте көркем образға айналады. Қазақ жыраулары ешқашан қиялдан эпос, дастан тудырмаған. Олар өмір сүрген, халқына қорған болған батырларды, қайраткерлерді жырлаған, дәріптеген. Эпос қаһармандары қиялдан туды дейтін пікірден біз үзілді-кесілді арылуымыз керек [4].

Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқының тарихы оның әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар оның реалистік бағыттағы көркем әдебиетінің көрнекті үлгілерінде тарихи шындық тұрғысынан соншалық дәлме-дәл суреттеліп отырған. Ал ауыз әдебиеті қазақ тарихының қайнар көзі болып табылады. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, аса мәнді көкейкесті мәселелер тұсында толғанған. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар елдік, ерлік, өмір дін, заман хақында толған-

ған. жер-суды, ата-мекенді қорғау, ел бірлігін сақтау мәселелерін жырлаған. Жырау-этнограф, яғни қазақ тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерін өз өнері арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлға. Қ. Қасқабасовтың «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хан-

дығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды» [5] – деген пікірі де көкейге қонымды. Қазақ халқын бірлікке, елдікке, ерлікке үндейтін бұл шығармаларды білу, ұмытпау бүгінгі таңда да өте қажет.

Әдебиеттер

- 1 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: монография. – Алматы, 2014. 94-б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. 1-т. – Алматы, 1989. – 24 б.
- 3 Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы, 1971. – 7 б.
- 4 Жолдасбеков М. «Қобланды батыр» жыры.
- 5 Қасқабасов Қ. Жаназық. – Астана, 2002. – 503-б.

References

- 1 K Karibaev B.B. Kazakh handygynyn kurylu tarihy: Monografia. – Almaty, 2014. – 94 b.
- 2 Bes gasyr zhyrlaidy. 2 tomdyk. 1-t. – Almaty, 1989. – 24 b.
- 3 Aldaspan. Kone kazakh poeziasynyn antalogiasy. – Almaty, 1971. – 7 b.
- 4 Zholdasbekov M. «Koblандy batyr» zhyry.
- 5 Kaskabasov. Zhanasyk. – Astana, 2002. – 503 b.

Картова З.К.

Ханские ярлыки в контексте изучения административно-политического устройства средневековых государств

В статье рассматриваются вопросы изучения ханских ярлыков в качестве источников, содержащих важнейшие сведения по политическому, социально-экономическому развитию средневековых государств. В делопроизводственной практике средневековых ханств ярлыки были основным видом официальных актов источников. Таким образом, на основании анализа адресата ярлыков можно выявить полный перечень административных чинов средневековых государств, сделать обобщающие выводы о политическом устройстве после-золотоордынских ханств, осветить эволюцию делопроизводственной документации. Вместе с тем они являются основным источником при разработке политических, экономико-правовых и аграрных отношений кочевого общества. Ярлыки помогут осветить многие явления, характерные для средневекового общества, исследовать эволюцию различных феодальных институтов, начиная с момента их возникновения вплоть до исчезновения. Они содержат богатый материал по изучению закономерностей социально-политических процессов ряда средневековых государств Средней Азии, в том числе и Казахского ханства.

Ключевые слова: ханские ярлыки, иммунитетные грамоты, источник права, административно-политическое устройство, дипломатический анализ формуляра.

Kartova Z.K.

Khan labels are in the context of study of administratively-political device of the medieval states

In the article the questions of study of khan labels are examined as sources containing major information on political, socio-economic development of the medieval states. In the record keeping practices of medieval khanate labels were the main type of official acts sources. In this regard, based on analysis of the destination labels can reveal the full list of administrative officials medieval states, to make general conclusions about the political structure medieval khanates, to highlight the evolution of record keeping documentation. Labels will help to light up many phenomena characteristic for medieval society, investigate the evolution of different feudal institutes, since the moment of their origin up to disappearance. They contain rich material on the study of conformities to law of socio-political processes of row of the medieval states of Middle Asia, including the Kazakh khanate.

Key words: khan labels, immunity deeds, source of right, administratively-political device, diplomatic analysis of formular, medieval states.

Картова З.К.

Хан жарлықтары ортағасырлық мемлекеттердің әкімшілік-саяси тарихын зерттеу тұрғысынан

Мақалада хан жарлықтары ортағасырлық мемлекеттердің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы бойынша маңызды мәліметтер жинақтаған деректер ретінде қарастырылған. Ортағасырлық мемлекеттердің іс-қағаз жүргізуінде хан жарлықтары негізгі ресми құжаттар ретінде айналымда болған. Осыған байланысты жарлықтар адресатарын талдау нәтижесінде ортағасырлық мемлекеттердің әкімшілік шендерінің толық тізімін, саяси құрылымы туралы толық мәліметтерін, іс-қағаздардың дамуы мен эволюциясы туралы маңызды деректерді алуға болады. Жарлықтарда ортағасырлық мемлекеттердің белгілері мен құбылыстарын, оларға тән феодалдық институттардың пайда болуынан бастап жойылуына дейін зерттеуге болады. Деректерде Орта Азияның ортағасырлық мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақ хандығының әлеуметтік-саяси үдерістер заңдылықтарын зерттеу бойынша құнды дәлелдер мен деректер бар.

Түйін сөздер: хан жарлықтары, иммунитеттік грамоталар, құқықтық дерек, әкімшілік-саяси құрылыс, формулярдың дипломатикалық талдауы.

**ХАНСКИЕ ЯРЛЫКИ
В КОНТЕКСТЕ
ИЗУЧЕНИЯ
АДМИНИСТРАТИВНО-
ПОЛИТИЧЕСКОГО
УСТРОЙСТВА
СРЕДНЕВЕКОВЫХ
ГОСУДАРСТВ**

Интерес исследователей к проблемам социально-экономического и политического развития, духовной и культурной жизни Золотой Орды, ставшей предтечей образования Ак Орды, Ногайской Орды, Сибирского, Казанского, Астраханского, Крымского ханств и Большой Орды, перманентен, он ширится на современном этапе развития исторической науки. В связи с этим актуализируется необходимость изучения различных видов автохтонных письменных источников, прежде всего ярлыков и дипломатических посланий ханов Золотой Орды и последующих средневековых ханств XIV–XVI вв. На огромной территории, включающей Монголию, Иран, а также регион Средней Азии и Казахстана, были созданы актовые источники, по внешней форме и внутреннему содержанию очень схожие между собой. Эти официальные акты создавались по единому шаблону и внешней форме и имели общий абстрактный формуляр.

В делопроизводственной практике средневековых ханств ярлыки были основным видом официальных актов источников. Кроме того, наблюдается широкое распространение ярлыков не только в тюркоязычном делопроизводстве. В Русском государстве ярлыки получают широкое применение в качестве иммунитетных грамот. Особенно ценны ханские ярлыки при изучении экономических, культурных, дипломатических и других аспектов средневековых государств периода XIV–XVI вв. Вместе с тем они являются основным источником при разработке политических, экономико-правовых и аграрных отношений кочевого общества. Ярлыки помогут осветить многие явления, характерные для средневекового общества, исследовать эволюцию различных феодальных институтов, начиная с момента их возникновения вплоть до исчезновения. Они содержат богатый материал по изучению закономерностей социально-политических процессов ряда средневековых государств Средней Азии, в том числе и Казахского ханства.

Благодаря находкам и исследованиям И.Н. Березина, И. Хаммера-Пургшталя, В.В. Григорьева, Ф.Ф. Лашкова, Я.О. Ярцова, Ч.Ч. Валиханова, В.В. Радлова и других ученых ряд ханских ярлыков был введен в научный оборот. Работы этих исследователей, опубликованные в середине и во второй

половине XIX века, содержат анализ накопления исторических знаний по истории Золотой Орды, взаимосвязанности научных процессов и закономерностей. Значимость их состоит не столько в исторической интерпретации источников, сколько в сборе, правильном прочтении и понимании текстов, в их археографическом и палеографическом изучении – описании, первичной обработке и комментировании. Эти публикации и исследования, хотя и носили предварительный характер, создали предпосылки для изучения социально-экономического и общественного строя государственных образований, входивших в состав Золотой Орды. Они внесли важный вклад в изучение ярлыков и заложили прочный фундамент для научного исследования автохтонных и аутентичных актов источников.

В 60-е годы XIX в. И.Н. Березин публикует труды «Тарханные ярлыки Тохтамыша, Тимур-Кутлука, Саадат-Гирая» и «Внутреннее устройство Джучиева улуса (по ханским ярлыкам)». Он подвергает классифицированию имеющийся материал, что было необходимо для изучения общественного строя тюркских ханств средневековья. Им впервые делается попытка реконструировать иерархию феодального сословия в Джучиевом улусе, последовательно осветить его эволюцию, используя акты источники. В его работах содержится структура налогово-податной номенклатуры, в соответствии с которой держатели ярлыков освобождались от налогов. И.Н. Березин не только выявил состав налогов и повинностей, но и установил наиболее общие и действенные виды и разновидности феодальных налогов. Такие как «амбар малы» – амбарные пошлины, «борла тамгасы» – пошлины с виноградников, «табанлы кызмет» – пошлина с арыков и прочие [1, с. 83-85; 2, с. 112-113].

И.Н. Березиным было исследовано лишь три ярлыка: Тимур-Кутлука (24 апреля 1398 г.), Тохтамыша (26 октября 1392 г.) и Саадат-Гирея (март 1524 г.) [1, с.118]. Он ввел их в научный оборот, произвел полный текстологический анализ, их перевод и описание. В ходе исследования был поставлен вопрос о форме написания, указано на своеобразие и природу возникновения этой группы актов источников.

Изучение тюркоязычных источников в то время делало первые шаги, и этим объясняются допущенные неточности при переводе текстов ярлыков. Об этом свидетельствуют признания самого И.Н. Березина и исправления его прочтений, произведенные позднее В.В. Радловым и другими исследователями [3, с. 265-266]. Автор

не рассматривал ярлыки как комплекс источников, не разделял их на типы и разновидности, так как им было изучено небольшое количество ярлыков. Вместе с тем после исследований И.Н. Березина ханские ярлыки стали объектом внимания научной общественности.

Изучение ярлыков в западной историографии второй половины XIX века было связано с текстологическим анализом. И. Хаммер-Пургшталь, один из первых исследователей ярлыков, перевел текст и провел филологический анализ ярлыка Тимур-Кутлука [4, с. 267]. Несмотря на некоторые неточности при переводе, на что указывал И.Н. Березин, его переводами пользовались все последующие исследователи ярлыков. Он перевел ярлык с целью извлечь важнейшие сведения по истории Золотой Орды, посвящая целую главу политическому устройству монголов [2, с. 269]. Вместе с тем, не сумев провести сравнительно-исторический анализ ярлыков ввиду недостаточного количества источников, он не видел существенной разницы общественного устройства монголов в Персии, Китае и на Волге [5, с. 260]. Автор не ставил перед собой задачи комплексного изучения всех источников, его внимание было привлечено к переводу и научным комментариям текстов отдельных ярлыков.

Среди исследователей, изучавших письменные источники по истории и этнографии казахского народа, следует отметить труды Ч.Ч. Валиханова. В своих статьях «Заметки при чтении книг профессора И.Н. Березина «Ханские ярлыки», «Письмо профессору И.Н. Березину» он делает подробный анализ арабской и уйгурской транскрипции текстов дипломатического ярлыка (битика) Тохтамыш-хана польскому королю Ягайлу от 1392-1393 гг., Саадат-Гирея от 1523 года и сойюргального ярлыка Девлет-Гирей-хана от 1569 года [6, с. 131-133; 7, с. 153-157]. Им были опубликованы русские переводы текстов ярлыков Девлет-Гирей-хана и битика Тохтамыш-хана польскому королю Ягайлу. Целью исследования Ч.Ч. Валиханова была расшифровка архаических слов, встречающихся в ханских ярлыках Тимур-Кутлука и Тохтамыша. Вместе с тем при объяснении ряда терминов автор дает подробное описание политическим явлениям и институтам средневековых государств.

На основании имеющихся в научном обороте текстов ярлыков можно проследить административно-политическое устройство и изменение статуса ханской власти в Золотой Орде.

И.Н. Березин пишет, что в Золотой Орде государственные или ханские акты носили название «ярлыки» – «публикации, повеления» или «дептерь», «дефтерь» – «сверток» [2, с. 189]. Традиция выдавать ярлыки как символ особого ханского расположения восходит, скорее всего, к родоначальнику монгольской империи Чингис-хану. В монографии Эренжен Хара – Давана со ссылкой на «Сокровенное сказание» упоминается следующее: «В 1206 году на курултае в верховьях реки Онона Тимучин был провозглашен божественным Чингис-ханом. Здесь он раздал награды и назначил на государственные должности своих единомышленников. Пожаловав 95 военачальникам ханские ярлыки на звание темников, не дал лишь ярлык своему сподвижнику Богурчи-нойону, сказав: «Степень его ниже ханов, но выше темников и харачудов, зачем ему ярлык?»» [8, с. 93-94]. Впоследствии механизм выдачи ярлыков не потерял своего первоначального значения, но несколько усложнился. По мере развития государственного устройства Орды все письменные источники монголо-татарских монархов стали называться «ярлыками» [9, с. 977]. Золотая Орда «Улус-улы» являлась составной частью Монгольской империи, хотя и обладала широкой автономией. Правители Золотой Орды могли издавать собственные грамоты, но в силу признания ими верховной власти великого хана грамоты эти содержали упоминание его имени. Поэтому в письменных актах золотоордынских правителей в инвокации присутствовала фраза: «Предвечного бога силою / великого хана благоденствием/ ... /багатура хана / указ мой» [10, с. 140]. Грамоты эти нуждались в утверждении великого хана в Каракоруме, местные правители не имели права издавать собственно ярлыки. Поэтому их распоряжения носили наименование «грамота», «указ», «слово», но никак не «ярлык» – повеление [10, с. 141].

Однако уже первые ордынские правители проводили достаточно самостоятельную политику. В 1267 году внук Батые Менгу-Тимур в своем ярлыке заменяет упоминание великого хана фразой следующего содержания: «Предвечного бога силою, наш, Менгу-Тимура, указ» / либо «Вышняго бога силою /вышняя троица волею / Менгутемерево / слово» [11, с. 55-56]. Таким образом, правитель Улуса Джучи официально принимает статус хана, поставив себя на один уровень с верховным правителем Монгольской империи. В 1269 году правители трех улусов Монгольской империи (Золотой Орды,

топографические съемки местности и замер площадей в присутствии одного из жителей аула. П.П. Румянцев писал, что киргизы относились к ним добросовестно и доброжелательно, обнаруживая лишь тенденцию приуменьшить численность своих стад, так как скот являлся единицей налогообложения.

«Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные под руководством П.П. Румянцева» являются единственным статистическим источником, в котором отражено социально-экономическое развитие казахского кочевого аула и русской переселенческой деревни в начале XX века. Статистическая комиссия учитывала общую площадь земли, занимаемую казахскими аулами, земли, занятые под пашни, сенокосы, пастбища, был учтен принятый укос, процент неудобных земель. Отсюда выводились излишки земли в пользу переселенческого фонда. Вследствие того, что комиссия носила официальный характер, сами исследователи должны были выражать и выражали правительственную точку зрения по аграрному и колонизационному вопросам.

Комиссией изучались данные о населении, скотоводстве, земледелии, промыслах, аренде, найме, постройках, сельхозинвентаре, то есть по словам В.И. Ленина, охватывалась «вся совокупность относящихся к рассматриваемому вопросу фактов, без единого исключения» [17]. Итоги подворного описания были обобщены П.П. Румянцевым в поаульные, пообщинные, порайонные и поуездные комбинационные таблицы одновременно по двум показателям – по числу единиц скота в хозяйствах и по площади посева. Так, он разбил все хозяйства казахов на 10 групп по этим двум показателям. Еще в 1910 г., выступая на Статистическом съезде естествоиспытателей и врачей, он отмечал, что такая группировка может дать картину экономического расслоения деревни. Указывая на низкий уровень скотоводства у казахов и киргизов, Румянцев и его экспедиция высоко оценили опыт, накопленный в течение веков казахами и киргизами-скотоводами. «Он (скотовод) очень умело использует даровые силы и естественные условия окружающей его природы. И та техника скотоводческого хозяйства, которая состоит в удачном и разумном комбинировании способов эксплуатации различными видами скота, разработана и применяется ими в совершенстве. В этой области киргиз-кочевник нередко проявляет большую хозяйственную сообразитель-

ность, а по временам глубокую и незаурядную проницательность» [18].

Экспедиция отметила изменения во внутриобщинном земледелии, вызванные развитием товарно-денежных отношений, в частности, переход некоторых земельных угодий в индивидуальное пользование вплоть до купли-продажи земли. В качестве одного из источников доходов кочевых хозяйств исследователи назвали промыслы и впервые в экономической литературе о Семиречье классифицировали их, разбив на социальные категории: наемные, сельскохозяйственные и промышленные рабочие, ремесленники и кустари, служащие, торговцы и промышленники. В материалах экспедиции была нарисована яркая картина процветания ротовщичества у казахов и у киргизов, дана характеристика торговли и ее особенностей. Интересно замечание о том, что рост ярмарок в области несколько ослабил ротовщичество, «вызвав к жизни действие закона спроса и предложения и понизив массовые цены».

По оценке П.П. Румянцева, социально-экономические отношения в крае представляли собой переплетение родовых и феодальных элементов, причем сами эти отношения под влиянием развития товарно-денежных отношений разлагались. Доказательством господствовавших экономических отношений являлась возросшая дифференциация крестьянства. Исследователи отмечали, что к старым формам эксплуатации в Семиречье прибавились новые, капиталистические. Следует отметить чрезмерное преувеличение ими степени развития капиталистических отношений, в то же время патриархально-феодальные отношения, разумеется, были еще не «пережитками», а оставались господствующими.

Статистический материал П.П. Румянцева имеет и недостатки. П.П. Румянцев не смог дать характеристику социальной дифференциации аула и переселенческой деревни. Статистики не дают форм феодальной эксплуатации, форм найма и характера аренды. Отсутствие бюджетных данных является одним из существенных недостатков румянцевского материала. В них нет также данных о количестве отмежеванных в Переселенческий фонд земель. Изучение материалов комиссии П.П. Румянцева помогает воссоздать демографическую характеристику кочевого хозяйства, модель кочевого и полукочевого хозяйства, проследить состояние его экономического развития, а также проследить эволюцию форм землепользования у казахов.

П.П. Румянцев внес большой вклад в дело изучения Семиречья. Опыт исследования области лег в основу его таких основательных трудов, как «Киргизский народ в прошлом и настоящем», «Условия колонизации Семиречья», в которых содержатся важные статистические сведения о хозяйстве киргизов и российских переселенцев Семиреченской области, он разработал концепцию эволюции форм землепользования киргизского населения, которую в неизменном виде принимают историки до сих пор. Он сделал важный вывод о том, что на развитие скотоводства, в том числе и товарного, в исследуемый период в первую очередь повлиял внешний фактор – введение денежной податной системы, строительство железной дороги, переселение крестьян в Казахстан, развитие рынка. Под влиянием названных причин в условиях сокращения традиционных пастбищ возникла необходимость перехода к более интенсивной форме скотоводства (заготовка кормов, сенокошение, стойловое содержание скота). Это, в свою очередь, способствовало приспособлению казахского хозяйства к рыночным условиям. Проанализировав материалы экспедиции Ф.А. Щербины по исследова-

нию степных областей, П.П. Румянцев сделал вывод, что данные, добытые экспедицией, позволяют не только показать современное ему социально-экономическое положение казахского народа, но и наметить пути его развития. Он отметил как недостаток «Материалов» методологически неправильно проведенную группировку хозяйств по количеству лошадей, при которой невозможно выделить богатые хозяйства. Применив собственную группировку, он показал, что в целом данные источника вполне пригодны для социально-экономического анализа казахского аула [19]. Впоследствии, при обследовании Семиречья, он учел все ошибки и недочеты в методике проведения исследования экспедиции Ф.А.Щербины. П.П. Румянцев был также первым из исследователей, указавшим на процесс перехода русско-киргизских отношений от вассальных к колониальным.

Необходимо отметить, что Главное управление землеустройства и земледелия способствовало своевременной обработке статистических материалов и их изданию, так, если первые тома «Материалов...» обрабатывались в городе Верном, то последующие – уже в Санкт-Петербурге и в Петрограде.

Литература

- 1 Столыпин П.А.. Грани таланта политика. – М., 2006. – С. 531.
- 2 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). – М., 1986. –С. 125.
- 3 Российский Государственный Военно-исторический Архив.Ф.400.Оп.1. Д.3243. Лл.7а,21.
- 4 Российский Государственный Военно-исторический Архив. Ф.400.Оп.1. Д.3243. Лл.210.
- 5 Российский Государственный Военно-исторический Архив. Ф.400.Оп.1. Д.3243. Лл.21.
- 6 Российский Государственный Военно-исторический Архив. Ф.400.Оп.1. Д.3158. Л.5.
- 7 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIXв.-1917 г.). – М., 1986.
- 8 Российский Государственный Исторический Архив. Ф. 391. Оп. 3. Д.487. Лл. 6, 46.
- 9 Государственный Архив РФ. Ф.543.Оп.1. Д.484. Л.4.
- 10 Румянцев П.П. О применении экономической группировки хозяйств для оценочных выводов // Труды подсекции статистики XI съезда русских естествоиспытателей и врачей в Санкт-Петербурге. 20-30 декабря 1901 г. – СПб., 1902. – С. 505.
- 11 Российский Государственный Исторический Архив. Ф.391. Оп.3. Д.1354. Лл. 17 и об., 18.
- 12 РГИА. Ф.391. Оп.3. Д.1354. Лл. 21, 22 и об.
- 13 РГИА. Ф.391. Оп.3. Д.1354. Лл.5.
- 14 Сапелкин А.А. Аграрные отношения в Киргизии в начале XX века (1900-1917 гг.). – Фрунзе, 1977. – С. 17.
- 15 Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные под руководством П.П. Румянцева. – Т.1 – Лепсинский. уезд. Вып. I. – СПб., 1911; Т.2. – Копальский уезд. – СПб., 1913; Т.3. – Джаркентский уезд. – СПб., 1912; Т.4. – Верненский уезд. – СПб., 1913; Т.7. – Пишпекский уезд. Вып. II. Пг., 1916; Т.8. – Пржевальский уезд. Пг., 1916.
- 16 РГИА. Ф.391. Оп.6. Д.300. Лл.33.
- 17 Ленин В.И. Значение переселенческого дела // Полн. Собр. Соч. – Т. 23. С. 266.
- 18 Материалы... Т. 2. – С. 171.
- 19 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб., 1910. 66 с.; Румянцев П.П. Условия колонизации Семиречья. // Вопросы колонизации. – № 9. – СПб., 1911.

References

- 1 Stolypin P.A.. Grany talanta politika. M., 2006. S.531.
- 2 Bekmakhanova N.E. Mnogonacionaknoye naselenie Kazakhstana i Kyrgyzy v epokhu kapitakizma (60 gody XIX v.-1917 g.).- M. 1986. S.125.
- 3 RGVIA. F.400. Op.1. D.3243. Ll.7a,21.
- 4 RGVIA. F. Ф.400.Оп.1. D.3243. L.210
- 5 RGVIA. F. Ф.400.Оп.1. D.3243. L.21
- 6 RGVIA. F. Ф.400.Оп.1. D.3158. L.5
- 7 Bekmakhanova N.E. Mnogonacionaknoye naselenie Kazakhstana i Kyrgyzy v epokhu kapitakizma (60 gody XIX v.-1917 g.).- M. 1986.
- 8 RGIA. F. 391. Op. 3. D.487. L. 6, 46
- 9 GA RF. F. 543. Оп.1. Д.484. Л.4.
- 10 Rumyancev P.P. O primeneniyei ekonjmicheskoy gruppirovky hozyaistv dlya ocenochnyh vyvodov. // Trudy podsekcyy statistiky XI syezda russkyh estestvoispytateley I vrachey v Sanct-Peterburge.- SPb, 1902.S.505.
- 11 RGIA. F.391. Op.3. D. 1354. L. 17 i ob., 18
- 12 RGIA. F.391. Op.3. D. 1354. L.21,22 I ob.
- 13 RGIA. F.391. Op.3. D. 1354. L.5
- 14 Sapyelkin A.A. Agrarnye otnoshenya v Kyrgyzy v nachale XX v. (1900-1917 gg.). Frunze, 1977. S.17.
- 15 Materyaly po obsledovanyu tuzemnogo i russkogo starozhilcheskogo khozyaystva i zemlepolzovanya v Semirechenskoй objasty, sobrannyye pod rukovodstvom P.P. Rumyancev. – T. 1 – Lepsinskii used. Vyp: I. – SPb., 1911; T.2. – Kopalskii uezd. – SPb., 1913; T.3. – Dzharkentskii used. – SPb., 1912; T.4. – Vernenskii uezd – SPb., 1913; T.7. – Pishpekskii uezd. Vyp.II. Pg., 1916; T.8. – Przhevalskii used. Pg. 1916.
- 16 RGIA. F. 391. Op.6. D.300. Ll.33.
- 17 Lenin V.I. Znachenie pereselencheskogo dela.//Poln.Sobr.Soch.-T.23.S.266.
- 18 Materyaly... T.2. S. 171.
- 19 Rumyancev P.P. Kirgizskii narod v proshlom I nastoyashem SPb., 1910. 66 s. ; Rumyancev P.P. Uslovyia kolonizatsiyi Semirechya. //Voprosy kolonizatsiyi. – №9. – SPb, 1911.

Мекебаев Т.Қ.
**Қазақстанда уақытша
үкіметтің жүргізген
жер саясаты**

Мақалада Қазақстанда Уақытша үкіметтің жүргізген жер саясаты мәселесі қарастырылған. Уақытша үкіметтің жер саясаты қазақ даласындағы ұлт-азаттық жолындағы күрес кезеңдерімен тығыз байланысты болды. Жетісудағы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістердің кейбір себептері де осы жер мәселесімен байланысты болған. Уақытша үкіметтің жер саясатына зер салуды ұлт зиялыларының өздері бастап берген-ді. Бұл ретте Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың мақалаларын атауға болады. Бұл мақалаларда жер саясаты мәселесінің қазақ елі үшін қоғамдық маңызы ғылыми тұрғыда өз дәрежесінде көтеріліп, терең түсіндірілген еді.

Мақалада тарихи деректер мен құжаттарға сүйене отырып Уақытша үкіметтің Қазақстан территориясында жүргізген жер саясаты жан-жақты сипатталып, талдау жасалған. Сонымен қатар мақалада Уақытша үкіметтің переселен мекемелері жүйесіне қатысты іс-әрекеттері қарастырылған.

Түйін сөздер. Уақытша үкімет, Кеңес үкіметі, Құрылтай жиналысы, Түркістан, Ақпан революциясы.

Мекебаев Т.
**Land policy of the Temporarily
Government in Kazakhstan**

The article deals with the land policy of the Temporarily Government in Kazakhstan. Land policy of Temporarily government in Kazakhstan was closely linked with the national liberation movements. The main reasons for the national movement in Zhetisu in 1916 were limited to the land question. The problem of land policy of the temporarily Government in the works considered representative of the national intelligentsia. In this connection it may be noted the articles of A. Baitursynov, M. Dulatov A. Bokeikhanov.

The article based on historical sources and documents given to the analysis of the land policy of the Temporarily Government in Kazakhstan. Also, the article examines actions of the Temporarily Government on movement organizations.

Key words: The Temporarily Government and the Soviet government, the Constituent Assembly, Turkestan, the February Revolution.

Мекебаев Т.Қ.
**Земельная политика
Временного правительства
в Казахстане**

В статье рассматривается земельная политика Временного правительства в Казахстане. Земельная политика Временного правительства в Казахстане была тесно связана с национально-освободительными движениями. Основные причины национально-освободительного движения в Жетысу в 1916 году сводились к земельному вопросу. Проблему земельной политики Временного правительства в своих трудах рассматривали представители национальной интеллигенции. В связи с этим, можно отметить труды А. Байтұрсынова, М. Дулатова, А. Бокейханова.

В статье, опираясь на исторические источники и документы проводится анализ земельной политики Временного правительства на территории Казахстана. А также рассматриваются действия Временного правительства относительно системы организации переселенцев.

Ключевые слова: Временное правительство, Советское правительство, Учредительное собрание, Туркестан, Февральская революция.

ҚАЗАҚСТАНДА УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ЖҮРГІЗГЕН ЖЕР САЯСАТЫ

Қазақ ұлты үшін XX ғасырдың бас кезінде жер мәселесінің ең өзекті де, түйінді мәселе болғанын бұл күнде мұрағат құжаттары дәлелдей бастады. Осы уақытқа дейін жарық көрген кейбір еңбектерде де патша үкіметінің Қазақстандағы жер мәселесіне байланысты ұстанған саясаты жөнінде біршама түсінік беретіні байқалады. 1917 жылы бар болғаны бірнеше ай ғана өмір сүрген Уақытша үкіметтің жер туралы саясатына байланысты арнайы жазылған зерттеу жұмыстары жоқ екенін айтпауға болмайды. Ал енді патша үкіметі мен Кеңес үкіметі аралығында өмір сүрген осы уақытша үкіметтің бұл мәселе жөнінде ұстанған бағытына тарих ғылымында назар аудармауы мәселенің жүйелі түрде зерттелмегенін, сондықтан да мұнда біраз жұмбақ жайттар барлығын көрсетеді. Осыны ескерген біз шағын мақаламызда Уақытша үкіметтің жер мәселесіне қатысты ұстанған саясатын тың деректер негізінде ашып көрсетуді мақсат етіп қойдық. Уақытша үкіметтің жер саясатына зер салуды ұлт зиялыларының өздері бастап берген-ді. Бұл ретте Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың мақалаларын атауға болады [1]. Бұл мақалаларда жер саясаты мәселесінің қазақ елі үшін қоғамдық маңызы ғылыми тұрғыда өз дәрежесінде көтеріліп, терең түсіндірілген еді.

20-30-жылдары аталған және тағы басқа Алаш қозғалысына қатысқан ұлт зиялыларына қарсы саяси айыптау процестері басталды. Қазақ интеллигенциясын жаппай қуғындау саясаты, тоталитарлық идеологияның кең қанат жаюы 30-жылдардың ортасынан 80-жылдардың соңына дейін тарих ғылымында Уақытша үкіметтің жер саясатына байланысты арнайы зерттеу жүргізуге мүмкіндік бермеді. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында соңғы уақытта тарих ғылымында жасалып жатқан игі қадамдар Уақытша үкіметтің жер саясатына жаңа көзқарасты қалыптастырып, оны ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге жол ашты.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Тарих толқынында еңбегінде былай дейді: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының

ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал [2].

Бұл мәселеге байланысты тарихшы М. Қойгелдиевтің еңбектерінің орны ерекше. Бұл күрделі мәселеге ескі, ұлы державалық немесе тар өрісті таптық мүдде тұрғысынан емес, ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық көзқарас тұрғысынан қарап, жалпы адамзаттық қасиеттерге негізделген жаңа методологиялық және теориялық деңгейде зерттеу жүргізуге бағыт ұстайды [3, 238-240 бб.].

Уақытша үкіметтің жер саясаты қазақ даласындағы ұлт-азаттық жолындағы күрес кезеңдерінің елестерінен хабардар ететіндіктен де маңызды. Жетісудағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің негізгі себептері де осы жер мәселесімен байланысты болды. Оның айғағы мына құжаттарға назар аударайық: қазақ халқының зиялы азаматтарының бірі Мұхамеджан Тынышбаев аталған көтерілістен кейін Түркістан губернаторы Курапаткиннің қабылдауында болғанда, көтерілістің негізгі шығу себептерінің бірі жер мәселесі деп айтқаны белгілі [3, 265 б]. Сонымен қатар Мұхамеджан Тынышбаев 1917 жылы ақпанда 1916 жылғы көтеріліске байланысты болған сот тергеуіне жазба түрінде берген өзінің жауабында «Түркістан орыс жұртының 99 проценті Жетісу жеріндегі толқулардың себебін көп ойлап жатпай-ақ жеңіл-желпі түрік немесе герман үгітінен көреді, ал шын мәнінде қазақтар мен қырғыздар үшін атамекен жерінен айрылу мен патша чиновниктерінің түрлі зорлығынан үлкен көтеріліске шақырған үгітші жоқ еді» деген ойды айтқан болатын [4, 29 б].

Уақытша үкімет дегеніміз қайшылықтары шиеленіскен әлжуаз билік екендігін, ал қайсыбір қоғамдық мәселелерді шешуге келгенде оның патша үкіметінің тікелей мұрагері болып табылатынын, әсіресе, Қазақстандағы жер саясаты анық көрсетіп берді. Жеңіп шыққанша соғысу саясатын жүргізе отырып, ол ақыры өзі де екі бірдей оттың ортасында қалды: бір жағынан үкімет соғыс жағдайында әскерді және ішкі сұранысты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін шаруалардың талап-тілегімен аз да болса санасуға мәжбүр болса, екінші жағынан ол орыс буржуазиясы мен билеуші топтарының үкіметі бола тұрып, жер мәселесін демократиялық негізде біржола шешуді Құрылтай жиналысына қалдырды. Министрлер кеңесінің төрағасы князь Львов 1917 жылғы 15 сәуірде барлық облыстарға жіберген өзінің №722228 циркулярында «Шаруаларға өздерінің тиісті жерге егін салуға кедергі жасалынбасын, жерге байланысты мә-

селелерді әркім өз бетінше шешпейтін болсын, елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қажет жағдай қалыптастырылсын» деп атап көрсетіп, ал жерге байланысты дауларды шешіп отыру үшін болыстық және уездік комитеттер жанынан егіншілер мен жер иеленушілерден тұратын татуластыру комиссияларын құруды ұсынды [5, 12-п]. Бұған қосымша Егіншілік министрлігі «жері аз яки жерсіз шаруалар, жерге мұқтаж шаруалар жер жырттып, егін егу үшін бос жерлердің бәрін биылша барынша пайдалансын» [6] деген нұсқау берді. Осыдан-ақ бұл шаруалар, біріншіден, шаруалардың белгілі бір бөлігінің таптық наразылығының бәсеңдеуіне ықпалын тигізсе, екіншіден, өз еңбектерімен азық-түлік тапшылығын аз да болса шешуге жағдай туғызды. Қазақ облыстарында жер мәселесіне байланысты орыс-қазақ арасында көптеген талас-тартыс, дау-жанжалдар болып тұрды. Қапал уезінің комиссары өзінің Түркістан уақытша үкіметінің комиссарына жолдаған телеграммасында уездің көптеген жерлерінде жайылымға, суға және шабындық жерлерге таласудың орын алып, ұлттық қақтығыстардың болғанын айтты. Осы деректе, әсіресе, Покатиловка болысында шаруалар мен қазақтар төбелеске шейін барып және шаруалардың мылтық қолданғаны хабарланды [7, 43-п].

Мұндай қақтығыстардың сонымен қатар Сарқандта да болып, онда орыс шаруаларының қазақтарға қажетті нан басқа да азық-түлік заттарын сатпай қойғаны белгілі. Қазақ облыстарындағы осы тәрізді ұлтаралық шиеленісті бәсеңдету мақсатында 3 сәуірде Егіншілік министрінің орынбасары Волков Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Жетісу, Сырдария және Томскі облыстық переселен мекемелеріне 1038-ші нөмірлі жеделхат жіберіп, онда «жер мәселесін құрылтай жиналысы шешкенге дейін қазақ пайдасында тұрған жерлерден екі жақ ынтымақтасып, ризашылықпен келіскен орындарды ғана пайдалану болмаса, жер кесу тоқталады. Заманның осындай ауыр шағында қазақтың мал шаруасының құтын қашырмау үшін бұрын алынған, бүгінгі күнге дейін мұжық орналаспаған һәм есепке алынбаған учаскелер қазақ ауылдық қоғамдарының пайдалануына биылша тегін берілсін», – деп көрсетілген еді [7, 43-п].

Жерге байланысты өз мүдделерін қорғаған кейбір облыстарда қазақтардың белсенді әрекетке көшкендігі байқалды. Мәселен, Қостанай уезінде болыстық комитеттер жергілікті переселен мекемелері қызметкерлерінің іс-қағаздарын, құжаттарын және ақшаларын тартып алып, өздерін жұмысқа жібермей қойды. Осы оқиға

туралы хабар алған ішкі істер министрлігі тез арада облыстық комиссар Бөкейхановқа жеделхат жолдап, мұндай «бұзақылықты» болдырмау, тез арада заңды тәртіпті орнату және мұндайға келешекте жол бермеу шараларын қолдануды талап етті. Сонымен қатар осы нұсқауда переселен мекемелерін сақтап, олардың жұмыс істеуіне жағдай жасау сұралды. Уақытша үкіметтің негізгі мақсаты қалай болғанда да переселен мекемелерін сақтау болғаны осы жеделхаттан айқын байқалды [8]. Жаңа үкімет жер мәселесін шешуге байланысты амалдар жасауды Екіншілік министріне тапсырды. Сондықтан да министрліктің жанынан жер мәселесін шешуді Құрылтай жиналысына дайындайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын басқару IV Мемлекеттік Дума мүшесі, «Русские ведомости» газетінің редакторы, профессор А.С. Посниковқа жүктелді. Өз кезегінде А.С. Посниковтың комиссиясы бұл мәселені түбегейлі шешу үшін жер комитеттері жүйесін құру туралы ереже жобасын ұсынып, оны мамыр айының басында уақытша үкімет бекітті [9, 111-п]. Бұл ереже бойынша, жергілікті (облыстық, уездік, болыстық) және бас (Петроградта) жер комитеттері құрылып, оларға негізінен екі міндет жүктелетін болды. Олардың бірі жер мәселесін Құрылтай жиналысына даярлау үшін империяның барлық аудандарының қажет материалдар жинау болса, екіншісі, бұл мәселені Құрылтай жиналысы біржола шешкенге дейін ел ішінде күнделікті дау-жанжалдарды асқындырмай шешіп отыру еді.

Сонымен, мамыр айында бүкіл империя көлеміндегідей қазақ облыстарында да жер комитеттерін сайлау науқаны басталып кетті. Торғай облысында 1917 жылы 15 мамырда Ткаченконың төрағалығымен Атқару комитеттің мәжілісі болды. Бұл мәжіліске белгілі қазақ қайраткерлері облыстық комиссар Ә. Бөкейханов қатысты. Бұл жиынның күн тәртібіндегі негізгі мәселе облыстық жер комитетін құру еді. Мәжіліс бұрынғы Атқару комитетіндегі жерге байланысты істің бәрі енді осы облыстық жер комитетіне өткізілсін деп шешті. Жаңа облыстық комитет құрамына мынандай мүшелер сайланды: Матвеев, Бөкейханов, Байтұрсынов, Гребнев, Сириус [10, 27-п]. Торғай облысы тәрізді осындай жер комитеттері басқа облыстарда да біртіндеп құрылды.

Ал енді осы уақытта Уақытша үкіметтің жергілікті орындарында жер саясаты қалай жүргізілді, бұл ретте ең алдымен көзге ұратын жағдай – Уақытша үкіметтің өзінен бұрынғы ескі үкіметтің қазақ облыстарындағы жер саясатын кішкене болса өзгерістерге құлықсыздық таны-

татындығы дер едік. Анығырақ айтқанда, Уақытша үкіметте бұл салада бұрынғы патшалық биліктің мұрагері болып қалды. Мұны неден байқауға болады?

Уақытша үкімет Ақпан революциясына дейінгі қазақ облыстарындағы жер мәселесінен жақсы хабардар бола отырып және революциядан кейін шақырылған облыстық қазақ съездерінің талаптарынан хабардар бола тұра ішкі Ресейден орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударылуына шек қою, переселен мекемелерін жою, сөйтіп, жер мәселесін белгілі бір жүйеге келтіру туралы өтініштерге құлақ аспады. Осының нақты мысалы мамыр айының орта тұсына қарай облыстық комиссарлар атына нұсқау түрінде мынадай мазмұндағы жеделхаттың таратылуы: «Атқару комитеттеріне, қоғамдық ұйымдарға қоныстандырудың әртүрлі мұқтаждықтарын қанағаттандыру және орныға қоймаған қоныстанушы соғысқа қатысушыларды қолдау үшін қоныстандырушы ұйымдардың және олардың тоқтаусыз қызметін қаз-қалпында сақтау қажет. Қоныстандыру қажетіне босатылатын барлық сметалар және қарыздар оларды дұрыс жұмсауға жауапты аудандар меңгерушілері арқылы ғана заң бойынша шығындалуы тиіс.

Екіншілік министрі үшін Волков, Қоныстандыру басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновнигі Гедыман» [11, 4-п].

Мұндай сипаттағы саясатты жүргізудегі мақсат бұрынғы патша үкіметінің Қазақстан сияқты шет аймақтардағы отарлау саясатында қол жеткен жетістіктерді біржолата бекіте түсу, сол арқылы империялық үстемдіктің жаңа түрін қамтамасыз ету еді. Уақытша үкіметтің переселен мекемелері жүйесін сақтап қалудағы тағы бір мақсаты: Ақпан революциясынан кейінгі айларда шаруалар арасында ішкі Ресейге қайта көшу туралы қозғалыс бас көтере бастағандықтан, соған жол бермеу еді. Сондықтан да Екіншілік министрлігі мен Қоныстандыру басқармасы 1917 жылдың маусымында жергілікті билік орындарына жолдаған №367 ресми хатында «Оралдан әрі жақында орналасқан қоныстанушылар арасында соңғы кезде помещиктік жерлер жедел бөлінетін шығар деген үміттен кейін Отанына қайту көңіл күйі байқала бастады. Қоныстанушылардың кейбіреулері тіптен өздерінің жаңа жерде енбекпен жинаған өнімдерін асығып сатуға, Оралдың арғы жағындағы өңделген шабындықтарын тастап, еуропалық Ресейдегі помещиктік жерді бөлікке салудан кешігіп қалудан қорқуда», – деп көрсетіп, жергілікті әкімшіліктерден бұл қозғалысты өріс алдырмай тоқтатуға қажет шаралар-

ды іске асыруды талап етті [12, 157-п] осыдан соң кейбір жергілікті әкімшілік орындары қоныстанушылардың кейін қайту процесін тоқтатуға жан-жақты атсалысы. Осының нақты көрінісі Семей облыстық атқару комитетінің переселендерге арнайы үндеу жолдап, онда «немістермен соғыс жеңіспен аяқталып, майданда жүргендер үйлеріне оралмай Құрылтай жиналысының жер туралы заң шығаруды тіптен мүмкін еместігін» түсіндірді. Онда осыған байланысты барлық переселендерді шаруашылықтарын бұзбай, темір-жол және басқа транспорт жүйелерінің жұмысына кедергі жасамай, бұрынғы орындарынан көшпей қалуға шақырды [13, 158-п].

Мұндай сарындағы үндеулер Жетісу облысында қоныстанушыларға да таратылды. Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз, Уақытша

үкімет және оның жергілікті мекемелері жер мәселесін Құрылтай жиналысының шешуіне қалдырғанымен, шын мәнінде ұлттық аймақтарды, оның ішінде қазақ жерін ашықтан – ашық отарлау саясатын ұстанды, ол Орталық қоныстандыру басқармасы бастаған және жаңа үкіметте қысым көрмеген ескі патша чиновниктері бұрынғы билік тұсында жүзеге асырып жатқан отаршыл пиғылдарын, істерін алда келе жатқан құрылтайға дейін орындап алуға тырысты. Бірақ мұның бәріне большевиктердің 1917 жылы Қазан айында төңкеріс жасап, үкімет басына келуі кедергі жасады. Жаңа үкіметтің де Қазақстанға толық тәуелсіздік беру ойында жоқ еді. Саясат өзгергенімен орталыққа тәуелділік өзгермеген бұл жаңа дәуір жеке әңгіме етуге лайық.

Әдебиеттер

- 1 Бөкейханов Ә. Жер комитеті // Қазақ. 1917. – №227; Байтұрсынов А., Дулатов М. Қазақ халқына үндеуі // Қазақ. 1917. – № 237.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 3 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: 1995. – 368 б.
- 4 Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы: 1993. – 224 с.
- 5 ҚР ОММ. 17-қор, 1-тізбе, 4-іс. 12-п.
- 6 Қазақ. – 1917. – №231.
- 7 ҚР ОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс. 43-п.
- 8 Қазақ. – 1917. – №226.
- 9 ҚР ОММ. 17-қор, 1-тізбе, 14-іс. 111-п.
- 10 ҚР ОММ. 18-қор, 1-тізбе, 15-іс. 27-п.
- 11 ҚР ОММ. 19-қор, 1-тізбе, 43-іс. 4-п.
- 12 ҚР ОММ. 9-қор, 1-тізбе, 28-іс. 157-п.
- 13 ҚР ОММ. 9-қор, 1-тізбе, 28-іс. 158-п.

References

- 1 Bokeihanov A. Zher komitety// Kazakh. 1917. – №227; Baitursynov A., Dulatov M. Kazakh halkyna undeu// Kazakh. 1917. – № 237.
- 2 Nazarbayev N.A. Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamura, 2003. – 288 b.
- 3 Koigeldiev M.K. Alash kozgalysy. – Almaty: 1995. – 368 b.
- 4 Tynyshbaev M. Istoria kazakhskogo naroda. – Almaty: 1993. – 224 s.
- 5 KR OMM. 17-kor, 1-tyzbe, 4-is. 12-p.
- 6 Kazakh. – 1917. – №231.
- 7 KR OMM. 9-kor, 1-tyzbe, 22-is. 43-p.
- 8 Kazakh. – 1917. – №226.
- 9 KR OMM. 17-kor, 1-tyzbe, 14-is. 111-p.
- 10 KR OMM. 18-kor, 1-tyzbe, 15-is. 27-p.
- 11 KR OMM. 19-kor, 1-tyzbe, 43-is. 4-p.
- 12 KR OMM. 9-kor, 1-tyzbe, 28-is. 157-p.
- 13 KR OMM. 9-kor, 1-tyzbe, 28-is. 158-p.

Мекебаев Т.Қ.
**Қазақстандағы уақытша
үкіметтің билік орындарының
қоғамдық ұйымдармен
байланысы**

Мақалада Қазақстандағы Уақытша үкіметтің билік орындарының қоғамдық ұйымдармен байланысы мәселесі қарастырылған. Бүгінгі таңда Уақытша үкімет билік орындарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қатынасын, ол қатынастың қалыптасу және өзгеру динамикасын талдап көрсету – тарих ғылымының бірден-бір міндеті. Ресей империясының құрамындағы барлық отар елдер сияқты қазақ халқы да Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетеді. Қазақ оқығандарының өкімет билігіне қол жеткізуі, ұлттық қоғамдық-саяси ұйым – қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұңғыш ұлттық саяси партияның құрылуы және оның автономия үшін күресі, зиялылардың земство-лық басқару жүйесін орнатуға атсалысуы. Құрылтай жиналысы сайлауына қатысуы сияқты саяси оқиғалар ағымы Уақытша үкімет тұсында жүзеге асады.

Мақалада зерттеу еңбектеріне негізделі отырып, Қазақстанда Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда сүйенген қазақ комитеттері, мұсылмандар комитеті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдардың қызметі сипатталады. Сонымен қатар, мақалада 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған ұйымдар мен өкімет органдарының қарым-қатынасы қарастырылады.

Түйін сөздер: Уақытша үкімет, Ақпан төңкерісі, Құрылтай жиналысы, Қазақ зиялылары, Түркістан өлкелік комитеті, қазақ комитеттері, мұсылмандар комитеттері.

Мекебаев Т.К.
**Communication of the
Temporarily Government with
non-overnmental organizations
in Kazakhstan**

The article discusses the relationship of the Temporarily Government with non-governmental organizations in Kazakhstan. To date, studies of development, the dynamics of the relationships of the authorities of the Temporarily Government with the socio-political organizations is one of the important problems in historical scholarship. Kazakhstan, like other colonial states supported the Temporarily Government. The Temporarily Government took a number of important political events: the service of Kazakh intelligentsia in the government, the establishment of socio-political organization – Kazakh Committee, the organization of the first national political party and fight in the way of achieving autonomy, participation in elections uchereditelnogo meeting. Also, the article examines the relationships of the relationships of social organization, which appeared after the February Revolution of 1917 with the government.

Key words: the Temporarily Government, the February Revolution, the Constituent Assembly, the Kazakh intelligentsia, Turkestan regional government, Kazakh committees, Muslim committees.

Мекебаев Т. К.
**Связь органов власти
Временного правительства
с общественными
организациями в Казахстане**

В статье рассматривается связь органов власти Временного правительства с общественными организациями в Казахстане. На сегодняшний день исследование становления, динамики развития взаимоотношения органов власти Временного правительства с общественно-политическими организациями является одной из важных задач в исторической науке. Казахстан, как и остальные колониальные государства, оказывала поддержку Временному правительству. При Временном правительстве произошли ряд важных политических событий: служба представителей казахской интеллигенции в органах власти, становление общественно-политической организации – казахского комитета, организация первой национальной, политической партии и борьба на пути достижения автономии, участие в выборах учредительного собрания. А также, в статье рассматриваются взаимоотношения общественных организации, которые появились после Февральской революции 1917 года с правительственными органами.

Ключевые слова: Временное правительство, Февральская революция, Учредительное собрание, Казахская интеллигенция, Туркестанское краевое правительство, казахские комитеты, мусульманские комитеты.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ
БИЛІК
ОРЫНДАРЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ
ҰЙЫМДАРМЕН
БАЙЛАНЫСЫ**

Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі империализм бұғауындағы халықтар өмірінде аса елеулі оқиға болғаны белгілі. Айтар болсақ патша өкіметінің құлауын, әсіресе, отарлық тәуелділіктегі елдер қуана қарсы алады, отарлық азабын шеккен оларға енді жаңа әділетті дәуір туатындай, ескі отарлық саясат пен теңсіздік, өздерін «бұратана» деп жүре тыңдайтын чиновниктік аппарат біржола жойылатындай көрінеді.

Ресей империясының құрамындағы барлық отар елдер сияқты қазақ халқы да Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Қазақ оқығандарының өкімет билігіне қол жеткізуі, ұлттық қоғамдық-саяси ұйым – қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұңғыш ұлттық саяси партияның құрылуы және оның автономия үшін күресі, зиялылардың земстволық басқару жүйесін орнатуға атсалысуы. Құрылтай жиналысы сайлауына қатысуы сияқты саяси оқиғалар ағымы Уақытша үкімет тұсында жүзеге асады. Айтар болсақ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Тарих толқынында еңбегінде Жаңа Ресейдің Уақытша үкіметі империялық ұлт саясатының зардаптарын жою үшін нақтылы шаралар қолданды. 1917 жылғы 20 наурызда ол Ресей азаматтарының діни сеніміне, діни оқуына немесе ұлтына қарай қойылатын шектеу атаулының бәрін жойды. 1917 жылғы 17 сәуірде құрамында Н.Н. Щепкин, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, С.Н. Максұтов, тағы басқа зиялылар Түркістан комитетін құрды. Осының сыртында «Алашорда» көсемдерін Уақытша үкімет әр мерзімде Торғай облыстық комиссарлығына, Семей облыстық комиссарлығына және басқа басшы қызметтеріне тағайындады. Саяси көзқарасы жөнінен эсер-кадет блогына жанасатын қазақ зиялы қауымының өкілдері тұңғыш рет Қазақстанды басқару органдарының құрамына кірді. Сөйтіп, өлкенің саяси өміріндегі Алаш қозғалысының ұстанған жолы мойындалды деп келтірген [1, 171 б].

Осындай халқымыз үшін аса маңызды тарихи оқиғаларға толы кезеңнің зерттелуі әлі күнге дейін зерттеуді қажет етеді. Әсіресе, Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасы зерттеушілердің назарынан тыс қалған тақырыптар қатарына жатады. Мәселеге мұндай қатынастың түп төркінен, әрине, кеңестік тарих ғылымында Уақытша үкімет орындарының қызметіне бай-

ланысты қалыптасқан бір жақты, тар партиялық көзқарастан іздеген жөн. Рас, кеңестік тарихшылар Ресейде патша үкіметінің құлауы және оның шет аймақтарға әсері туралы аз жазған жоқ. Негізгі мақсаты – Ресей жұмысшыларының гегемондық рөлін марапаттау, орыс халқының артта қалған елдерге көмегін жан-жақты көрсету болған кеңестік дәуірдегі еңбектерде Уақытша үкімет тұсындағы қазақ қоғамының шынайы көрінісін объективті ашу мүмкін емес еді.

Еліміздің өз тәуелсіздігін жария етуі, соған байланысты қоғамдық өмір мен ғылымда қалыптасқан қолайлы жағдай тарихтанудағы басқа да өзекті мәселелер сияқты Қазақстандағы Уақытша үкімет тұсындағы қазақ қоғамының шынайы көрінісін объективті ашу мүмкін де емес еді. Еліміздің өз тәуелсіздігін жария етуі, соған байланысты қоғамдық өмір мен ғылымда қалыптасқан қолайлы жағдай тарихтанудағы басқа да өзекті мәселелер сияқты Қазақстандағы Уақытша үкіметтің қызметін де объективті тұрғыдан талдауға жол ашып отыр. Міне, осыған байланысты тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ зиялыларынан Уақытша үкімет тұсындағы қызметін бүгінгі қоғамдық сұранысқа сай зерттеуде тың еңбектерді дүниеге келтірді. Сондай зерттеулердің бірі К. Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» еңбегі [2].

Зерттеуші 1917 жылғы қазақ қоғамындағы өзгерістерді дәлелді түрде сипаттай келе, Уақытша үкімет пен Кеңес өкіметі жүйесінің қалыптасуын, олардың ара қатынасын тереңірек, әрі жаңа көзқарас тұрғысынан дәлелді көрсете білген. Ғалым өз еңбегінде «Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі – 1917 жылдың наурыз айының ортасынан құрыла бастаған Қазақ және мұсылман комитеттері болды» деп дәлелді жазады [1, 80 б].

Уақытша үкімет тұсындағы Қазақ зиялыларының қоғамдық – саяси қызметі туралы оң пікір қалыптастыруға атсалудың ішінен М. Қойгелдиевтің еңбегін бөліп айтуға болады [3, 238-293 бб]. Ол Ә. Бөкейханов пен М. Тынышбаевтың комиссарлық қызметіне арнайы тоқталып өтеді [3, 293 б]. Бұл еңбекте қазақ комиссарлары ел жайын жақсы білетін, терең және тәжірибелі саясаткерлер ретінде көрсетіледі. Бүгінгі таңда Уақытша үкімет билік орындарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қатынасын, ол қатынастың қалыптасу және өзгеру динамикасын талдап көрсету – тарих ғылымының бірден-бір міндеті. Ақпан төңкерісі елде саяси жүйені өзгертіп, республикалық құрылысқа көшуге жағдай жасаумен қатар империяның орталығында да, сондай-ақ кең байтақ жерлерде созылып

жатқан ұлттық отар аймақтарда да барлық саяси күштердің, қоғамдық ұйымдардың жанданып, бұқаралық сипат алып, әрекет етуіне өз ықпалын тигізеді. Осының нәтижесінде елде азаматтық келісімге келуге белгілі бір мүмкіндіктер туады.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған ұйымдар мен өкімет органдарының қарым-қатынасы қандай еді?

Ақпан төңкерісі – Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың заңды нәтижесі. Патшалық тәртіптің құлауы елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туғызады. Империяда бұрыннан орын алып келген «біртұтас және бөлінбес Россия» идеясы мен соған негізделген мемлекеттік саясатқа сызат түсе бастайды. Ақпан жеңісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық, көп жағдайда бір біріне қарсы болған мақсат – мүдделерді жақтайтын күштер саяси күрес алаңына шығады [2, 74 б.].

Елдегі шешімін күткен ұлттық автономия, жер, азық-түлік, оқу-ағарту, тіл, дін және тағы басқа көптеген мәселелерді өз міндет-мақсаттарына, бағыт-бағдарламаларына арқау еткен қоғамдық-саяси ұйымдар, ұлттық құрылымдар өз мүдделерін жүзеге асыруда өкімет органдарымен қарым-қатынасқа түседі. 1917 жылы Ресейдің бір жерлерінде бейберекеттікке жол берілсе, екінші жерде өкімет билігі әйтеуір бір ұйымның қолына өтеді, үшінші жерде қос өкімет, үш өкімет немесе қанша ұйым мен мекеме болса, сонша өкімет болады [4, 69 б.].

Қазақстанда Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда қазақ комитеттеріне, мұсылмандар комитеті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенеді. Ал осы ұйымдардың ішінде Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған қазақ комитеттері мен мұсылман комитеттері, сондай – ақ Ұйғыр – Дүнген (тараншы – дүнген), қырғыз уездік комитеттері (Пржевальск, Пішпек уездері Жетісу облысы құрамында болған) сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар бар еді. Кейбір кеңестік зерттеушілер бұл ұйымдарды оқшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қолшоқпары болады деген сипатта көрсетіп келді.

1917 жылдың наурыз айынан бастап жер-жерлерде бой көтере бастаған қазақ комитеттері Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетеді. Алайда қазақ комитеттері өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттеріне мүше болып кіріп, ұлттық саясатын қазақ съездері бекітіп,

бағыт-бағдарлама беріп тұрған. Орал облыстық қазақ атқару комитетінің Жарғысында «ұйымның мақсаты – қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру, құрылтай жиналысына әзірлеу» делінеді. Осы құжатта қазақ комитеттерінің Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдармен қарым – қатынасы былайша айқын көрсетілген: «комитеттер (қазақ) өзінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша басқа мекемелермен және ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады. Облыстық қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару комитетіне, болыстық және ауылдық комитетімен, уездіктер – уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады» [5]. Осы Жарғыға сай қазақ комитеттері атқару комитеттеріне өз адамдарын кіргізеді. Мысалы, Ж. Ғаббасов Семейде, Ж. Ақбаев Қарқаралыда атқару комитеттеріне мүше болып кіреді. Ақмола облыстық атқару комитетіне Қазақ комитеті 10 адамды өкіл қылып кіргізеді [6]. Қазақ комитеттерінің ұсынуы бойынша үкіметтің жергілікті органдары құрамына кіргендер қазақ қоғамына байланысты мәселелерге тікелей араласып, көбіне істің қазақтың пайдасына шешілуіне септігін тигізеді. Екі жақ өкілдері бірден және барлық мәселелер бойынша тіл табысып кете алмаған. Отарлық аппарат чиновниктері мен ұлттық интеллигенция өкілдері арасында қырғи қабақтық пен келіспеушілік те болмай қалған жоқ, мұндай жағдайлар Оралда, Қостанайда, Қарқаралыда, тағы басқа жекелеген қалаларда орын алған [2, 74 б]. Комиссарлар мен атқару комитеттері қазақ комитеттері қойған талаптарға жүрдім – бардым қарап, уақытында шешпей, созбаққа салады, шешкен жағдайда негізінен өздеріне қолайлы жағына бейімдейді. Әйтсе де жергілікті халық өзінің бар талап тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы іске асыруға ұмтылады. Жетісу, Сырдария қазақ комитеттеріне жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс – тіршілігіне, әсіресе, жер мәселесіне байланысты шағымдар түсе бастайды [7, 78-79 бб.].

Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру бірінші кезектегі міндет болатын. Мұны қазақ комитеттері мен мұсылмандар комитеттері де жақсы түсінеді. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 көкектегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлттаралық шиеленістің ауыр оқиғаларға соқтырып отырғанын талқылай келе, көтерілістің ауыр салдарын

жою шараларын қарастырады. Осы мәселеге байланысты жергілікті халықтың жайын жақсы білетін Түркістан комитетінің екі мүшесі – М. Тынышбаев пен О. Шкапский Жетісуға жіберіледі. Оларға халықтар арасында өзара сенім орнату, қалыпты тұрмыс жағдайын жасауға ықпал ету тапсырылады [7, 79 б.].

Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс зардаптарын жою Уақытша үкімет органдары қызметкерлеріне де, қазақ комитеті сияқты ұлттық негіздегі қоғамдық ұйымға да оңай соққан жоқ. Мысалы, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін 24 наурызда құрылған Жетісу қазақтарының атқару комитеті Қытайдан қайтқан қазақ – қырғыздың жағдайымен санаспастан, олардың мүддесін ескерместен біржақты талаптар қойып, «қазақ халқы 1916 жылғы көтерілістің шығындарын өтемесе және бұдан былай орыстарға қазақтардың тимеуіне кепілдік берілмесе, осы айтқан талаптарымыз орындалмаса, бейбітшілік тек жаңа ұрпақтар кезінде болуы мүмкін» деген мәселені ашық қояды [8]. Жетісу қазақ комитеті Ресейдің казактар партиясы бағдарламасын қуаттап, олардың томаға-тұйық, сословиелік ұйымын сақтауға, «әділетсіз» алынған жерлерді қайтаруға, қазақтар автономиясының жеріне ешкімнің қолы тимеуіне, тағы басқаларға қол жеткізу қажеттігін алға тартады.

1917 жылы Жетісу қазақ әскерлері құрамында 45 мың адам, қарамағында 681 мың десятина жер бар еді. Комитет Уақытша үкіметті және бір палаталы атқарушы билігі бар парламенттік республиканы жақтайды [9, 12 б]. Казактар арасында саяси дифференциация өте жай жүреді, еңбекші казактар көбі офицер – казак билеушілері ықпалында қалады. Уақытша үкімет органдары казактың комитетімен, жалпы олардың құқықтарымен санасып отырады. Талай жылдар бойы отарлық тонаушылық пен зорлық – зомбылық жағдайында тәрбиеленген санаға жергілікті халықтың мүддесінен гөрі орыстың үстемдігі жөнінде көбірек пікір енгізіліп, бұратана халықтан қажет нәрсенің бәрін тартып алуға болады деген сенім қарапайым құқық дәрежесіне жетеді [10, 62 б.]. Патша өкіметінің отарлық саясатының ықпалы Уақытша үкімет тұсында бірден жойылып кете қоймады. Жергілікті халықтың мүддесі құқықтық жағынан көбіне қорғаусыз қалатын. Қырғыз халқының қайраткері Белек Солтонаев өзі куә болған жағдайды былайша баяндайды: «Керенский заманында болған өкімет арыз қылсақ, ұқпады. «1916 жылғы қолыңмен істегеніңді енді қаныңмен төле (Сам наварил кашу, сам и расхлебывай)», – деді. Қашқындарды өлтіріп

жатқан мұжықтарға астыртын жәрдемші болды [11, 131-132 бб.].

Расында Уақытша үкіметтің жергілікті басқару орындарында, мысалы переселен мекемелерінде патша үкіметі тұсында отарлық саясаттың қолшоқпары болған чиновниктер аз емес еді. Олар жаңа үкімет тұсында да бұрынғы «бұратана есебінен шешу» позициясын жалғастыра береді.

Кереку уездік комиссарлары Қайдалов майданнан қайтып келе жатқан қазақ жігіттерін орынсыз тексеріп, жеке заттарын тартып алған. Семей облыстық атқару комитеті бастығы Ляшкевичтің (қазақ комитетінің өтініші бойынша) жасаған ескертпесіне «қазақтардың өтірігінің бірі» деп жауап қайтарады [12, 215-216 пп.]. Үкімет тарапынан ешқандай кедергі көрмеген солдаттар Пішпек уезіне қарасты Георгиевка селосында да өз беттерінше тінту жүргізіп, елдің дүние – мүлкін тонап, ақшаларын тартып алып, бірнеше адамды бір түнде қырып салған [13, 51-п.].

Жетісудағы жағдайға байланысты 1917 жылы қазанда Пішпекте төрт мұсылман ұйымы: Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитеті, «шуро-и-ислам» мұсылмандар комитеті, дүнгендердің «Егінші» одағы және «Бұқара» одағы мүшелері бірігіп, кеңес өткізіп, Уақытша үкіметтің жергілікті өкімет органдарының барлық ескерту шараларына қарамастан орыстардың зорлық-зомбылық әрекеттерін тоқтатпай тұрғанын баса көрсетеді. Солдаттардың соңын ала шаруалар да «былтырғы төгілген қанның кегін аламыз» деп, қарулы тобыр құрып, жүгенсіз қимыл-әрекеттердің аумағын кеңейте түскенін ашына мәлімдейді. Жүгенсіздікке қарсы күресуге өкімет органдары мен ұлттық ұйымдардың шамасы келмеуі әскери шенділердің қарама-қайшы іс-қимылынан деп көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдардың бұл біріккен Кеңесі Түркістан өлкелік комитетінің комиссары О. Шкапский мен әскери комиссар Ивановтан көмек сұрап, облыстағы мұсылмандар мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Жергілікті билік орындары мен ұлттық, мұсылмандық ұйымдар, өзге қоғамдық саяси бірлестіктер бас қосып, күш біріктіріп кіріскен әрекеттері орталық өкімет тарапынан қолдау таппайды. Мысалы, «селолық комитет мүшелерінен Уақытша сот құрып, орыс бандасын ауыздықтауды тездетейік» деген Түркістан өлкесі комиссарлары М. Тыншышбаев пен О. Шкапскийдің екі рет жасаған ресми ұсынысына Юстиция министрлігі жауап қайтармайды.

Осылайша барлық маңызды, ұлттық мәні бар істердің орталыққа барып тұйықталып қала беруі ұлттық ұйымдарды мәселені дербес шешу-

ге итермелейді. Мұндай дербестікке ұмтылу өз адамдарынан тұратын сот құрылымдарын құруға талпынушылықтан байқалады. Облыс көлемінде қазақ арасындағы мәселелерді қарау үшін Семейде облыстық қазақ соты құрылады. Жергілікті жерлерде қазақ соттарын құруға талпынушылық дербестікке ұмтылудан әрі қазақ мәселесінің шешілуі ұзаққа созылып, кейін мүлдем жауапсыз қалуы жағдайынан туындаған еді.

Дегенмен, ел арасындағы кейбір жұмыстар Уақытша үкіметтің атқару комитеті мен ұлттық құрылымдардың күш біріктіру нәтижесінде шешімін тауып жатады. Үржар уездік атқару комитеті ат ұрлау мәселесін қарау үшін барлық болыстардан екі делегаттан және бөлімшелік қазақ комитетінен өкілдер шақырып, ұсыныстар жасап, біршама істерге ұйтқы болады. Осы жолы Үржар бөлімшелік қазақ комитетінің, үржар мұсылмандары біріккен комитетінің төрағасы Салық Аманжолов заңгер ретінде халықтық тәжірибені жақсы білетіндігімен көзге түседі [14, 67-70 пп.].

Уақыт өте келе Уақытша үкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ажырай береді. Пәрменді биліктің болмауынан құрамына әртүрлі қоғамдық ұйымдар кірген делегаттар кеңесі, қоғамдық қауіпсіздік комитеті, тағы басқа құрылымдар жергілікті өкімет билігін қолға алуға тырысады. Барлық ұйым өкілдері бас қосқан ортада жергілікті жер бойынша түрлі істер қаралып, тиісті шешімдер қабылданып жатады. Алайда қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар жер, автономия, тіл, тағы басқа мәселелер Құрылтай жиналысына дейінгі уақытқа қалдырыла береді. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік орындары мен қазақ комитеттері, мұсылмандық комитеттер, комитеттері тағы басқа ұйымдардың қарым-қатынасы өзара үйлесімге әрі қайшылыққа толы еді. Мұндай екі жақты байланыстың себебі, біріншіден, айтылған ұйымдардың бәріде Уақытша үкіметті қолдады, қуаттады, айтылған ұйымдардың бәрі де, екіншіден, жергілікті мәселелерді, нақтырақ айтсақ, ұлттық зәру мәселелерді шешуге қайшылықтар, талас-тартыстар көбейіп, ортақ тұжырым жасау қиынға соғады. Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарындағы комиссарлары Қайдалов, Войшивилло сияқты кертартпа күштері билікті қолда ұстағысы келсе, жергілікті халықтан тұратын қоғамдық негіздегі ұлттық ұйымдар өздеріне тиісті істерді дербес шешуге ұмтылады. Осындай қайшылықтан туындаған өмірлік мәні бар мәселелердің Құрылтай жиналысы қарауына қалдырыла беруі халықтың тағатын тауысады. Қазақтың ұлттық мәселелері уақыт өте келе автономияға қол жеткізгенде ғана шешілетіні айқындала түседі.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 2 Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 3 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: 1995. – 368 б.
- 4 Герасименко Г.А. К вопросу о двоевластии в стране // Октябрьская революция. Народ: её творец или заложник? Москва. – 1992. – 68-83 стр.
- 5 ҚР ОММ. 14-қор, 3-тізбе, 2-іс. 21-п.
- 6 Слово трудового крестьянства. 1917, 1 октября.
- 7 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 8 ҚР ОММ. 39-қор, 2-тізбе, 26-іс. 46-49-п.
- 9 Абдилов М. История казачества Казахстана. – Алматы: 1994.
- 10 Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. Москва: – 1921.
- 11 Солтонаев Б. Қзыл қырғыз тарихы. Бишкек: – 1993. 2-кітап.
- 12 ҚР ОММ. 992-қор, 1-тізбе, 3-іс. 215-216-пп.
- 13 ҚР ОММ. 9-қор, 1-тізбе, 90-іс. 51-п.
- 14 ҚР ОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс. 67-70-пп.

References

- 1 Nazarbayev N.A. Tarih tolkynynda.- Almaty: Atamura, 2003. – 288 b.
- 2 Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
- 3 Koigeldiev M.K. Alash kozgalysy. – Almaty: 1995. – 368 b.
- 4 Gerasimenko G. A. K voprosu o dvoevlastii v strane // Oktyabrskaya revoliucia. Narod: ee tvorec ili zalojnik? Moskva. – 1992. – 63-68 str.
- 5 KR OMM. 14-kor, 3-tyzbe, 2-is, 21-p.
- 6 Slovo trudovogo krestyanstva. 1917, 1 oktyabrya.
- 7 Bokeihanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – Т.1. – 384 b.
- 8 KR OMM. 39-kor, 2-tyzbe, 26-is. 46-49-p.
- 9 Abdirov M. Istoria kazachestva Kazakhstana. – Almaty: 1994.
- 10 Safarov G. Kolonialnaya revoliucia. Opyt Turkestana. Moskva: – 1921.
- 11 Soltonaev B. Kyzyl Kyrgyz tarihy. Bishkek: – 1993. 2-kitap.
- 12 KR OMM. 992-kor, 1-rtyzbe, 3-is. 215-216-pp.
- 13 KR OMM. 9-kor, 1-tyzbe, 90-is. 51-p.
- 14 KR OMM. 9-kor, 1-tyzbe, 22-is. 67-70-pp.

Дадабаева Г.Р., Шарипова Д.К.

**Советский Казахстан:
к проблеме этнических
конфликтов**

На 2-м Всеказахском съезде Советов Бекмухамедов Шавкат принимал активное участие в составлении первых законодательных актов Казахской автономии. Член комиссии по подготовке Конституции Казахской АССР. В дальнейшем занимал различные посты на государственной службе и преподавал в высших учебных заведениях [1].

В XIX в. было проведено 11 международных выставок, 5 из которых (1855, 1867, 1878, 1889, 1900) прошли в Париже, другие состоялись в Вене (1873 г.), в Филадельфии (1876), Мельбурне (1880), Чикаго (1893), Брюсселе (1897) [1]. Зарубежные исследователи считают, что в XIX веке из 9 международных выставок наиболее значительными были пять выставок: четыре выставки в Париже и одна чикагская выставка. В первой трети XX в. было организовано 12 Международных выставок, 3 из которых прошли во Франции (Париже – 2 (1925, 1937), Льеже – 1 (1905). Остальные выставки прошли в Сент-Луисе (1904), Милане (1906), Сизтле (1909), Брюсселе (1910), Генте (Бельгия, 1913), Сан-Франциско (1915), Барселоне (1929), Чикаго (1933), Брюсселе (1935). После закрытия международной выставки в Лондоне (1861) Наполеон III подписал декрет об организации международной выставки сельскохозяйственных и промышленных продуктов в Париже в 1867 г. Дополнительный декрет 1865 г. добавил к будущей выставке предметы искусства [2]. Тогда же была создана Императорская Комиссия под председательством Жозефа Наполеона, кузена императора. Выставка прошла с 1 апреля по 3 ноября 1867 г., на которой было представлено около 52 200 экспонатов, большинство европейских (15 969 французских, 28 443 – других европейских стран и России). Примерно 11-15 миллионов посетителей посетили Всемирную выставку 1867 года [3]. Сегодня международная специализированная выставка «ЭКСПО» – это крупнейшая международная выставка, на которой демонстрируются новейшие научно-технические достижения, перспективы развития, а также история, традиции и культура стран всего мира. Результатом проведения всемирных выставок является расширение международных, экономических, политических, культурных и научных связей. Всемирные выставки прово-

дятся один раз в пять лет, а промежутки между ними заполняют специализированные выставки. ЭКСПО посещают миллионы туристов, и поэтому каждая страна стремится создать уникальный павильон, способный выразить национальную самобытность ее культуры и продемонстрировать всему миру уровень своего экономического и технологического развития.

Проведение международной выставки ЭКСПО-2017 в Астане является одним из ключевых проектов Казахстана. Инициатива организации такого масштабного мероприятия в столице нашей страны принадлежит Главе государства. 10 июня 2011 года Генеральному секретарю Международного бюро выставок (МБВ) Винсенте Гонсалесу Лоссерталесу в Париже была официально представлена заявка Республики Казахстан. С этого момента наша республика официально вступила в предвыборную борьбу за право проведения ЭКСПО-2017 в Астане. 14 марта 2012 года Глава государства провел встречу с экспертной комиссией МБВ в столице Казахстана, в рамках которой особо подчеркнул, что для нашей страны проведение ЭКСПО-2017 является национальным проектом.

12 июня 2012 года в Париже на 151-й Генеральной ассамблее МБВ состоялась официальная презентация Астаны, в самом начале которой со специальным видеообращением к делегатам обратился Президент Казахстана. В своем выступлении Нурсултан Назарбаев лично гарантировал приложение максимальных усилий к успешному осуществлению проекта в случае победы Астаны. Тема, заявленная Астаной – «Энергия будущего», посвящена альтернативным источникам энергии и «зеленым» технологиям. 22 ноября 2012 года в ходе тайного голосования представителей 161 государства-члена Международного бюро выставок Астана выбрана местом проведения Международной специализированной выставки ЭКСПО-2017. Заявку Астаны поддержали 103 страны. ЭКСПО-2017 станет первой выставкой, проведенной в странах СНГ [4].

Всемирная выставка в Астане продлится 3 месяца. В ней смогут принять участие около 100 стран мира и порядка 10 международных организаций. Ожидается, что выставку смогут посетить более 5 миллионов человек. Тема ЭКСПО-17 – «Энергия Будущего» – позволит привлечь лучшие мировые технологии энергосбережения, новые разработки и технологии использования существующих альтернативных энергоисточников, таких, как энергия солнца, ветра, морских, океанических и термальных вод. Астана может

стать эффективной площадкой для демонстрации лучших мировых разработок и трендов в этой отрасли. Выставка придаст также мощный импульс для системной диверсификации экономики и технологической модернизации производственных мощностей и научной базы страны. Тема для проведения ЭКСПО в Астане выбрана не случайно. Будучи богатым полезными ископаемыми и используя традиционные источники энергии, Казахстан понимает, что устойчивое использование энергии, альтернативная энергетика и сохранение природных ресурсов являются одним из приоритетных направлений развития всей энергетической отрасли. «Энергия Будущего» – это очень емкое понятие, которое затрагивает вопросы альтернативной энергетики ветра, солнца, воды, космоса, энергии биомасс, снижения выбросов CO₂ в атмосферу.

Казахстан уже приступил к подготовке к ЭКСПО-17. Так, в рамках V Астанинского экономического форума была проведена специализированная сессия по Глобально-Экологическим Инициативам Казахстана, таким, как «Зеленый Мост» и тематика ЭКСПО-17 «Энергия Будущего». В качестве спикеров сессии были приглашены Нобелевские лауреаты Роберт Ауманн, Эрик Маскин, ученые Алекс Игнатиев, Директор Исследовательского института альтернативной энергетики Хьюстонского университета США, Хосе Кордейро, Председатель Венесуэльского Раздела Международной организации Проекта Миллениум, Альберт Болотов, доктор технических наук, профессор, генеральный директор «Экоэнергомаш», доктор Сарим аль-Зубайди, профессор кафедры машиностроения инженерного факультета Назарбаев Университета, Жумабай Бакенов, Профессор Инженерной школы Назарбаев Университета. По мнению, Хосе Кордейро, Председателя Венесуэльского Раздела Международной организации Проекта Миллениум, сегодня весь мир уделяет значительное внимание возобновляемым и альтернативным источникам энергии. Казахстан имеет исключительную возможность поддерживать эту необходимость ввиду своего уникального географического положения, обладая значительными возможностями использования ветровой и солнечной энергии, а также благодаря большому энергетическому потенциалу ввиду наличия нефтяных и газовых ресурсов [5]. Как известно, эстафету по проведению «ЭКСПО» перенимали такие страны, как США, Испания, Италия, Франция, Япония, Корея, Бельгия, Бразилия, Китай и другие.

Для Казахстана подобные форумы – важнейшее пространство для открытого и плодотворного диалога по вопросам развития альтернативной энергетике. Именно поэтому на VII Евразийском Форуме KAZENERGY «Мир в эпоху перемен: формирование устойчивого энергетического будущего» национальный проект ЭКСПО-17 занимает особое место. На главном евразийском международном событии энергетического сектора Казахстан заявляет о себе как о социально ответственном государстве. В течение почти двух лет казахстанские дипломаты презентовали заявку на проведение ЭКСПО-17 за рубежом. В рамках программы лоббирования о новой инициативе Казахстана узнали в Германии, ОАЭ, Бразилии, Индии, ЮАР, Австралии и других странах, где побывали наши политики и дипломаты.

Важным фактором успешности Национального проекта ЭКСПО-17 является поддержка Главы государства. Летом 2011 года на 38-й сессии Совета министров иностранных дел Организации Исламская конференция Президент РК Нурсултан Назарбаев выразил надежду, что государства-члены Организации поддержат кандидатуру Казахстана на проведение Всемирной выставки ЭКСПО-17. Президент отметил: «... что сегодня жизненно важным вопросом для всего мира являются масштабные инвестиции в энергетику. Глава государства привел прогнозы Международного энергетического агентства, которые отмечают, что до 2030 года придется израсходовать 17 трлн. долларов США для того, чтобы обеспечить необходимое производство и транспортировку энергоресурсов..» [6].

Казахстан предлагает уже сейчас создать международную базу данных энергии будущего, для того, чтобы наглядно продемонстрировать достижения разных стран в этой области на международной выставке ЭКСПО-17 в Астане. То есть уже сегодня Казахстан готов выставить ряд интереснейших с точки зрения научной новизны и практической значимости проектов. А выставка ЭКСПО-17 позволит объединить усилия ученых мира по развитию экологически чистых и возобновляемых источников энергии.

Таким образом, ЭКСПО-17 осветит одну из самых актуальных тем, волнующих мировое сообщество, – альтернативные источники энергии.

Проведение ЭКСПО-17 – большой шаг к становлению Казахстана в качестве международной выставочной и информационно-презентационной площадки.

ЭКСПО-17 сулит нашему государству значительные изменения во всех сферах. Новый серьезный импульс к развитию получит малый и средний бизнес столицы и прилегающих регионов – это сфера обслуживания населения, гостиничный бизнес и внутренний туризм. Выставка позволит привлечь значительные объемы частных инвестиций в строительство выставочных объектов и инфраструктуры столицы, создать десятки тысяч рабочих мест на их обслуживание, развить внутренний туризм и увеличить приток иностранных туристов в страну, мобилизовать экономические и социальные ресурсы Казахстана. Объекты, возводимые в рамках ЭКСПО-17, позволят в будущем рассматривать Казахстан и ее столицу как крупную международную, выставочную и информационно-презентационную площадку. Выставка познакомит мир с многонациональной культурой, древней историей, искусством, традициями и гостеприимством казахстанцев, повысит узнаваемость и туристическую привлекательность Казахстана в мировом сообществе. Ежедневно на территории выставки будут проходить концерты, шоу, на-

циональные дни и прочие развлекательные мероприятия. В настоящее время мир столкнулся с нехваткой энергии и угрозой экологического кризиса, который ставит реальные задачи сохранения традиционных источников энергии и поиска альтернативных. ЭКСПО-17 будет служить платформой для обмена опытом между странами, а инициатива Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева «Зеленый мост» проложит путь для новых возможностей экономии энергии и сохранения экологии.

Впервые ЭКСПО состоится в самом сердце огромного Евразийского континента. На наш взгляд, всемирная выставка «Энергия будущего» даст мощный импульс преобразованиям в глобальной энергетике. Наша страна приложит максимум сил, чтобы она прошла на высочайшем уровне.

На основании изложенного выше можно ожидать, что ЭКСПО-17 станет одним из ключевых событий в новейшей истории Казахстана, а проведение этого мероприятия внесет огромный вклад в формирование имиджа нашей страны, развитие экономики и культуры.

Литература

- 1 Шавкат Бекмухаметов // <http://inform.kz/rus/article/2270968>
- 2 Plum W. Les Expositions universelles au XIXe siècle, spectacles du changement socio-culturel // Archives des sciences sociales des religions. – 1980. – № 2. – P. 297.
- 3 Exposition universelle de 1867 à Paris: Documents iconographiques. – Paris: Commission impériale de l'exposition universelle de 1867; Ministère du Commerce, 1867 // Histoire, économie et société. – 2005. – Volume 24. – № 4. – P. 573-594.
- 4 Vasseur, Édouard. Pourquoi organiser des Expositions universelles? Le «succès» de l'Exposition universelle de 1867 // Histoire, économie et société. – 2005. – Volume 24. – № 4. – P. 573-594.
- 5 EXPO-2017 в Астане // www.akorda.kz/ru/page/page_expo-2017-v-astane_1356073251
- 6 EXPO 2017. Отражение потенциала Казахстана // <http://www.kazenergy.com/ru/4-54-2012/6770-expo-2017-.pdf>
- 7 Н. Назарбаев выразил надежду, что страны ОИК поддержат кандидатуру Казахстана на проведение EXPO-2017 // <http://meta.kz/novosti/kazakhstan/258164-n.-nazarbaev-vyrazil-nadezhdu-cto-strany-oik.html>

References

- 1 Shavkat Bekmuhametov // <http://inform.kz/rus/article/2270968>
- 2 Plum W. Les Expositions universelles au XIXe siècle, spectacles du changement socio-culturel // Archives des sciences sociales des religions. – 1980. – № 2. – R. 297.
- 3 Exposition universelle de 1867 à Paris: Documents iconographiques. – Paris: Commission impériale de l'exposition universelle de 1867; Ministère du Commerce, 1867 // Histoire, économie et société. – 2005. – Volume 24. – № 4. – R. 573-594.
- 4 Vasseur, Édouard. Pourquoi organiser des Expositions universelles? Le «succès» de l'Exposition universelle de 1867 // Histoire, économie et société. – 2005. – Volume 24. – № 4. – R. 573-594.
- 5 EXPO-2017 v Astane // www.akorda.kz/ru/page/page_expo-2017-v-astane_1356073251
- 6 EXPO 2017. Otrazhenie potenciala Kazahstana // <http://www.kazenergy.com/ru/4-54-2012/6770-expo-2017-.pdf>
- 7 N. Nazarbaev vyrazil nadezhdu, chto strany OIK podderzhat kandidaturu Kazahstana na provedenie EXPO-2017 // <http://meta.kz/novosti/kazakhstan/258164-n.-nazarbaev-vyrazil-nadezhdu-cto-strany-oik.html>

4-бөлім
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Раздел 4
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Section 4
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY

Дәрібайұлы С.
**Беташар өлеңдерінің
этнографиялық негіздері**

Салт-дәстүрлердің шығу негіздерін бүгінгі ұрпаққа ғылыми тұрғыдан жүйелеп, талдау оны сақтауға, практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға да өз ықпалын тигізеді сөзсіз. Бұл мақалада тұрмыс-салт өлеңдерінің бірі беташар жырының этнографиялық негіздері талданады. Бүгінгі күнге дейін фольклортанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ішіндегі өзіндік ерекшелігімен дара тұрған беташар салтының жанрлық ерекшелігіне, жас келінді жаңа ортаға таныстырудағы тәрбиелік мәніне жүйелі пікірлер білдірілді. Қазақ халқының дүниетанымында беташар қыз баланың келін атанып, жаңа шаңырақтың табалдырығын атағаннан кейін бір рет қана және міндетті түрде жасалатын ерекше салт. Бұл жырда қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік тәжірибесі көрініс табады. Мақалада үйлену мен жерлеу ғұрпындағы параллельдерге ғұрыптық өлеңдерден, ырым-тыйымдардан нақты дәйектер келтіріледі.

Түйін сөздер: беташар, салт, отбасылық ғұрып, дәстүр, тұрмыс, ырым-тыйым.

Daribaiuly S.
**Ethnographic foundations of
betashar songs («opening of the
bride's face»)**

Certainly, scientific classification, analysis, preservation and practical implementation of national customs and traditions is important for the next generation. Current article analyzes ethnographic foundations of betashar songs, one of the brightest types of ceremonial and domestic songs. Folklorists in their research works up to this day put forward the idea of cultural and educational value of Kazakh folk ritual and domestic songs, and genre distinction of betashar traditional songs, the songs dedicated to the bride's acquaintance with her new relatives. In the Kazakh national worldview the betashar song rite, or bride's entry under the arches of the new shanyrak (groom's yurt), is a special festive and unique act. In the betashar song one may trace lifestyle of the Kazakh nation, the experience evolved throughout many centuries. The article provides valuable information about the taboo («forbidden words») and actions extracted from the analysis of ritual wedding and funeral songs, and finds its traditional parallels.

Key words: betashar, rite, ancestral rites, ceremonies, traditions, way of life, taboo.

Дарибайұлы С.
**Этнографиялық негіздері
беташар әндері («невестенің
жазылуы»)**

Безусловно, важное значение имеет для последующих поколений научная систематизация, анализ, сохранение и практическое исполнение национальных обрядов и традиций. В настоящей статье анализируются этнографиялық негіздері әндері беташар, представляющих одну из ярких разновидностей обрядово-бытовых песен. Фольклористы и до нынешнего дня в своих научных исследованиях выдвигают идеи о культурно-воспитательном значении казахских народных обрядово-бытовых песен и о жанровой специфике традиционных песен беташар, о песнях-ознакомлениях невесты со своей новой родней. В казахском народном мировоззрении песенный обряд беташар, или вхождение невестки под своды нового шанырака (юрты жениха), это особенный торжественный и неповторимый акт. В этой песне можно усмотреть жизненный уклад казахского народа, опыт, формировавшийся на протяжении многих веков. В статье приводятся ценные сведения о запрете («запретных словах») и действиях, взятых из анализа обрядовых свадебных и похоронных песен и обретающих свои традиционные параллели.

Ключевые слова: беташар, обряд, родовые обряды, традиция, быт, запрет.

**БЕТАШАР
ӨЛЕҢДЕРІНІҢ
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Қазақ фольклорының этнографиялық негіздерінде әлі де жіті зерттеуді қажет ететін тұстар аз емес. Соның бірі – үйлену және жерлеуге қатысты әдет-ғұрыптардағы параллельдер. Алаш баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі таным түсінігінің тоқайласар тұсы беташар салтына дейін жасалатын ғұрыптардан айқын аңғарылады. Біз сөз еткелі отырған үйлену мен жерлеу ғұрпындағы параллельдерді ғұрыптық өлеңдерге, түр-түске және ырым-тыйымдарға байланысты танымдар арқылы қарастыруға болады. «Үйлену ғұрып жырларының жанрлық сипатын анықтауда ғұрыптық сипат негізгі тиянақ ретінде алынады. Бұл – әрине, ешқашан теріске шығаруға болмайтын ғұрыптық фольклордың синкретті болмыс-бітімінен туындайтын қажеттілік» [1,122]. Қазақ халқының дүниетанымында беташар қыз баланың келін атанып, жаңа шаңырақтың табалдырығын аттағаннан кейін бір рет қана және міндетті түрде жасалатын ерекше салт. Бұл салтта келінге тазарту миссиясы да жүзеге асырылады. Яғни, келін түсіруші жақ беташар жасау арқылы жас келінге келген ортасын таныстыра отырып, онымен бірге көзге көрінбес тылсым зұлым күш иелерінің ілесіп келмеуін де мақсат етеді. Келіннің қадамының құтты не құтсыз болуы оның түскен шаңыраққа тез сіңіп кетуіне тікелей әсер етеді. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мақалдың осындай жағдайларға байланысты айтылғаны хақ. Егер келін түсірген шаңырақ немесе әулет тойдан соң тағы бір қуанышқа кенеліп жатса, үлкендер жағы «аяғы құт болды» деп жақсылыққа жорып жатады. Мұндай жағдайда жас келіннің іс-әрекетіндегі кейбір олқылықтар көпке дейін еленбей қалатыны да анық. Сол секілді босаға аттағаннан кейін әулет ауыр қайғыға ұшыраса (отбасы мүшелері не жақын туыстардың қайтыс болуы, ауруға ұшырауы, т.б.) «аяғы құтсыз келін» деген атқа таңылуы да мүмкін. Бұл – күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан түсінік. Келіннің бетін ашарда кей жерлерде қамшының пайдаланылуы да негізінен осы факторға байланысты. Себебі, қамшы – көне түсініктер бойынша сыртқы тылсым күштерден қорғаушы. Ертедегі бақсы-балгерлердің толғағы ауырлап, босана алмай жатқан әйелдің жан-жағынан ауаны қамшымен осқылап, оны жеңілдетуге тырысқандығы туралы деректер баршылық. Яғни, бұл ретте қамшы – әйелді қинап жатқан албасты секілді зұлымдық

иелерінен сақтайды деген түсінік болған. Беташарда келіннің жаулығының ұшына байланатын қамшы осы функцияны атқарады. Күні бүгінге дейін қазақ отбасында қамшы аяқ асты тасталмайды, көрнекті орынға (төр) ілінеді.

Беташардың ғұрыптық генезисінде фольклордағы «жұтып, қайта құсу мотивінің» негіздері бар екенін аңғарамыз. Белгілі зерттеуші-ғалым С. Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде бұл мотивті «...тек ұсталықпен, металмен байланыстырып қоюға болмайды. Осындай байланыстың дұрыс екендігі анық, дегенмен «металдану идеясы» бастапқы «ұлы ананың жұтып, қайта құсуы» әрекетін инициялық сынақ түрінде қайталап отырудың бір варианты ғана. Бастапқы әрекеттік схемадан – архетиптен басқалай да (ұсталыққа, металға қатысы жоқ) түсініктер, ырымдар, ғұрыптар өрбіп шыққандығы анық...» [2,74] деп түйіндеген болатын. Олай болса ғалым пікіріндегі «өрбіп шыққан» ғұрыптың бірі осы беташар деп айтуға негіз бар. Себебі, беташар салтының негізінде қалыңдықты «өмірге қайта әкелу» миссиясы бар. Ал музыкалық мұраны зерттеуші ғалым Ғ. Қасымова «Свадебный ритуал имеет множество параллельных похоронному и родильному обрядам соответствий. Это связано тем, что кто-то из брачующихся (у казахов – невеста) покидает свой род и переходит в род супруга, тем самым как бы «умирает» в качестве члена рода и «рождается» как новый представитель рода супруга» [3,63] деген тұжырым жасай отырып, туу мен жерлеу ғұрыптарындағы ұқсастықтарға көңіл бөледі. Дегенмен біз осы екі ғұрыптағы параллельдердің тоғысар нүктесі ретінде беташар салтының этнографиялық негіздерін арнайы қарастыруды мақсат еттік.

Қазақ халқының қыз балаға «аз күнгі қонағым», «жат жұрттық бала» деп ерекше ілтипатпен қарағаны белгілі. Қызын ұзатқан үйге «қызыңды құтты орнына қондырдың ба?» деген мағынадағы тілек сауалдарды дүниеден бақилық болған адамның артынан шаңырағына бата оқып барушылардан «қарияны құтты орнына қондырыпсыздыр» деген сипатта естіп жатамыз. Қыз баланың ұзатыларда айтатын сыңсуы мен дүниеден озған адамға арнап айтылатын жоқтаудың арасында да көне танымдардың ізі жатыр. Бұл екеуі де міндетті түрде айтылуы тиіс ғұрыптық өлеңдер. Осы ретте сыңсудың көп ретте қыз баланың өз теңіне қосыла алмай, шерменде болып бара жатқанда ағайын-тумасымен, ата-анасымен қоштасып айтатын өлеңі ретінде танылып келгені де жасырын емес. Әсіресе бұл

ғұрыптық шығарма кеңестік идеология тұсында кедей қызының малға сатылып, өзінен бірекі мүшел үлкен адамға тоқалдыққа еріксіз бара жатқанда айтатын өлеңі ретінде біржақты баяндалды. Әрине, халықтың тұрмыстық жағдайында осындай беттердің болғаны да ащы шындық. Дегенмен, сыңсуды тек қыз баланың сүйгеніне қосыла алмай, өзіне тең емес адамның етегінен амалсыз ұстағандағы зарлы шері, мұңды әні ғана деп қарау дұрыс емес. Сыңсу қыз баланың қандай жағдайда ұзатылып бара жатқанына тәуелді емес және міндетті түрде айтылуы тиіс ғұрыптық өлең болған. Бұл функция жоқтауға да тән. Дүниеден озған адамның артынан жоқтау айту күні бүгінге дейін көп жерлерде сақталып қалған. Жоқтау – дүние салған адамның жасына, пәни дүниедегі жақсылы-жаманды істеген әрекет-амалдарына тәуелсіз айтылуы тиіс шығарма. Яғни, жоқтау да сыңсу секілді қайтқан кісінің не ұзатылғалы отырған қалыңдықтың әлеуметтік статусынан тыс міндетті түрде орындалатын ғұрыптық шығарма. Әрине, біздің бұл ретте айтпағымыз, адамдардың әлеуметтік жағдайына қарай кәде-салттардың барлығы бірдей орындала бермейтіндігі. Белгілі фольклортанушы ғалым Б. Уахатов осыған байланысты: «Мұның өзі бір жағы байлықтан, барлықтан, асып төгіліп жатқан жеке адамдардың молшылығынан туғанымен, қалың кедей, кемтарлар, қойшы-қоландар үшін қолдан келмес кәделер. Бұл кәделер: ат байлар, ентік ақысы, сүт ақысы, жыртыс, босаға аттар, көпшік қыстырар, шатыр байғазысы (мұны бөкейліктер «отау тігер» дейді), түндік жабар, кемпір өлді, ит ырылдатар, шаш сипатар, қол ұстатар, төсек салар, шымылдық байғазысы, арқа жатар, қыз көтерер, көрпе қимылдатар, мойын тастар, бақансалдымдық, төстің басы, күйеу аттандырар, сарын (ажар), орын тойы(қыз қашар), келін келді, сәукеле байғазысы, босаға ілу, отқа май құю, беташар, бие қысырамас, өңір салу, енші бөліп беру, төркіндеу секілді түр-түрге бөлінеді де және соның әрқайсысына ақы төленеді» [4,181] деген пікір айтады. Ғалым дерегінде баяндалған салт-дәстүрлердің беташардан басқасы сыңсу мен жоқтау секілді міндеттілікті қажет етпейді. Бұл кәделерді әркім өз жағдайына қарай орындауға тырысады. Оның әр өңірдегі аймақтық ерекшеліктерге, келін алған не қыз ұзатқан әулеттің тұрмыстық жағдайына байланысты бірі орындалып, бірі орындалмай жатуы да мүмкін. Ал сыңсу мен жоқтаудың танымдық мәні адамдардың әлеуметтік статусын теңестіреді. Бұл ретте ескеретін нәрсе, қалыңдықтың ұзатылып, беташары жасалғанға дейінгі жорал-

ғылары дүниеден озған адамға жасалатын ғұрыптармен қатар өрбіп отыратындығы.

Қыз балаға өз ошағынан ұзатылып келін атанғанға дейінгі аралықта жасалынатын ырым-тыйымдар мен әдет-ғұрыптар да негізінен дүниеден озған адамға жасалар жоралғылармен параллель өрбиді. Мысалы, қыз ұзатылып бара жатқанда үлкендер жағы «артыңа қарайлама» деп ескертіп жатады. Бұл – егер қыз артына қараса барған жерінен төркініне қайтып келуі мүмкін деген сенімнен шыққан тыйым. Дәл осыған ұқсас тыйым дүниеден озған адамды жерлеп немесе бейіт басына зиярат етіп келе жатқанда да жасалады. Яғни, бейіттен қайтқан кісілерге артына қарайлауға болмайды деген табу жасалынған. Табудың түп төркінінде оны бұзған жағдайда «әруақтар әлемі шақырады, өлім жақындайды» деген түсінік жатыр. Сол секілді ұзатылып бара жатқан қыздың басынан жеңгелері немесе жақындары дәм-тұз айналдырып алып қалып жатады. Ы. Алтынсарин дәл осы ырымның қайтыс болған адамға да жасалғандығына дерек келтірген. Екі ырымның да көздеген мақсаты біреу: құт берекенің шаңырақтан ауып кетпеуі. Нақтырақ айтар болсақ, алғашқысында құттың ұзатылған қызбен кетпеуі, ал екіншісінде дүниеден салған адамның отбасының ырыс-несібесін өліліер әлеміне алып кетпеуіне байланысты жасалатын ырымдар. Қазақ қашанда отбасының, әулеттің құт-берекесін сақтауға мүдделі. Сондықтан болар, қазақ тұрмысында әлі күнге жалғасын тауып келе жатқан ырым-жоралғылар (қазанды ретсіз бермеу немесе бос қайтармау, төңкеріп тастамау, бас тартылғанда оның құлағын кесіп алып қалу, сатылар малдың бас жібін бермеу, т.б.) құт-берекені сақтаумен тікелей байланысты.

Ұзатылған қыз көші межелі жеріне жетем дегенге дейін еш жерге аялдамауды, кідірмеуді көздеген. Бұл ырым дүние салған адамды жерлеу ғұрпында да ескеріледі. Мәйітті құтты мекеніне қойғанға дейін еш жерде аялдатпау, жерлеу барысында мүрдені көмушілердің күректі бірінен бірі іліп әкетіп, толық аяқтағанша жұмысты кідіртпеуі алдағы мысалмен қабысып жатыр. Осы ретте екі функцияның да ертеректе түске дейін, яғни күннің алғашқы жартысында жүзеге асырылатындығына да мән берген жөн. Дегенмен қазіргі қыз ұзату тойлары кешке басталатындығына орай қалыңдықты түнгі он екіге дейін әкету (сағаттық өлшеммен қалыптасқан дәстүр) дәстүрі қалыптасқан.

Сыңсу айтылып болғаннан кейін қыз шашы тарқатылып (ертеректе қайтыс болған адамның шашы тарқатылған), қос бұрыммен өрілген. Се-

бебі, қос бұрым – жұптық өмірдің белгісі. Ал, қазақ қыздарының кішкентай кездерінде шаштарының көп бұрымды болғанын да ескеруіміз керек. Осы орайда қазіргі қазақ қызының сұлулығының өлшемі болып жүрген қос бұрымның көне жырларымызда кездесе бермейтіндігін де ескерген жөн. Қазақ халқының лиро-эпостық жырларында мақпал шашты, сүмбіл шашты, қолаң шашты қазақ аруларының бейнелері сомдалғанын айта кеткеніміз орынды.

Қазақ халқының дүниетанымында ақ орамал тағу босаға аттаған, есік көрген әйел баласына тән. Сондықтан тұрмысқа шықпаған қыз баланың орамалы ақ түсті болмауы қадағаланады. Қыз бала ұзатылып барған жерінде беташар дәстүріне дейін ақ шымылдықтың ішіне түсіріледі. Бұл қазақ даласының көп аймақтарында әлі күнге дейін сақталған. Шымылдық ішіне кіргізудің параллелін біз дүниеден озған адамға да жасалатын ырымдардан көреміз. Яғни, мәйітті жөнелтуден бұрын оны ақ шымылдыққа жатқызу ғұрпы, оң жаққа қойылуы (қыздың ұзатылғанға дейінгі оң жақтағы орны) Қазақстанның көптеген өңірлерінде, ата дәстүрдің қаймағын бұзбай сақтап отырған шетелдердегі қандастарымыздың ғұрыптарында әлі күнге дейін бар. Ақ түс негізінен тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде қабылданғанымен күні бүгінге дейін оның көне замандардағы өлілер әлемнің символы ретіндегі танымы да қатар келе жатқанын айта кеткен абзал. «Символдар сөздігінде» ақ түстің қорқыныштың, мойынсұнудың белгісі ретінде қабылданғаны туралы айтылады [5,53]. Мысалы, жаугершілік уақытта ақ ту көтеру берілудің, мойынсұнудың немесе елшінің белгісі ретінде қабылданған. Қытайда, ежелгі Римде, Еуропа мемлекеттерінің көпшілігінде ақ түс қайғымен бірге, өлген адамды күтіп жатқан әруақтар әлеміне арнау мағынасындағы функцияға ие еді. Әрине, қазіргі таңда ақ түс дәл осындай танымдық мағынада қолданылмаса да біз мысалға келтіріп отырған қыз бала мен әйел адамдардың киім кешектерінің түр-түсіндегі ерекшеліктердің генезисі, нақтырақ айтсақ жаңа түскен келінге ақ жаулықтың жабылуы осы танымдардың негізінде қаланғаны анық.

Ақ жаулық – жас келіннің бетін ашардағы ең негізгі атрибут. Әлбетте, жаңа ортаға таныстырам дегенге дейін келіннің бетіне ақ жаулықтың жабылып, көпшілікке көрсетілмеуі де заңдылық. Яғни, беташардың негізгі ғұрыптық функциясы – осы жаулықты ашу. Ұзатылған қызға жасалатын ғұрыптар жерлеу ғұрпымен параллель келсе, ақ жаулықты ашу арқылы «өмірге қайта әке-

лу» функциясы орындалады. Бұл функцияның қазақ дәстүрінде дүние салған адамның жүзін ақ матамен жауып, арулап жөнелтуімен параллель екенін де айта кеткен жөн. Мәйітке жасалатын ғұрыптың негізгісі оның бетін жабу және негізгі атрибут ретінде мұнда да ақтық (ақ мата) қолданылады. Жоғарыдағы параллельдер беташар салтының тамыры тереңде екендігін аңғартады.

Бүгінгі күнге дейін зерттеу еңбектерде қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ішіндегі өзіндік ерекшелігімен дара тұрған беташар салтының ерекшелігіне, жас келінді жаңа орта-

ға таныстырудағы тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлінді. Рас, беташардың тойға жиналған қауымға, соның ішінде ақ босаға аттаған келінге берер өсиеті үлкен. Өкінішке орай, бүгінгі бетешарлардың танымдық-тәрбиелік сипаты әлсіреп, жасанды шарттылыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Өсіресе, ешқандай халықта қайталанбайтын осы ғажап салттың коммерциялық сипатқа ауыса бастауы көңіл қынжылтады. Бұл ретте тойшы қауым да, беташар жасаушы өнерпаздар да ойланатын мәселелер бар.

Әдебиеттер

- 1 Исламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.
- 2 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк пресс, 2004. – 486 б.
- 3 Касымова Г. Ритуальная музыкальная культура казахов. – Алматы: LEM, 2008. – 151 с.
- 4 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 285 б.
- 5 Турскова Т. Новый справочник символов и знаков. – М.: Классик, 2003. – 798 с.

References

- 1 Islamzhanuly K. Kazaktyn otbasy fol'klory. –Almaty: Arys, 2007.-332 b.
- 2 Kondybay S. Arghyqazaq mifologijasy. Yshinshi kitap. – Almaty: Dajk press, 2004.- 486 b.
- 3 Kasymova G. Ritual'naja muzykal'naja kul'tura kazahov. – Almaty: LEM, 2008.-151 s.
- 4 Uahatov B. Kazaktyn haluq olenderi. – Almaty: Fylym, 1974.-285 b.
- 5 Turskova T. Novyj spravochnik simbolov i znakov. – M.: Klassik, 2003.-798 s.

Хамитова М.А.

**Материалды емес мәдени
мұраны зерттеу мәселелері
(Академик Ә.Х. Марғұланның
зерттеулері негізінде)**

Мақалада қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу мәселесі және оның ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізін қалыптастырудағы атқаратын рөлі туралы айтылады. Бүгінгі таңда мәдениеттің барлық түрлеріне оның ішінде рухани мұра мәселесіне ерекше көңіл бөлудің бір себебі: дүниежүзілік өркениеттің негізін құрайтын ұлттық мәдениет, ұлттық өнер және олармен тығыз байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің азайып, «технизация, урбанизация» деп аталатын үдерістерімен алмасуы. Сол себепті, көптеген музейлер тек қана материалды құндылықтар – артефактарды жинап, сақтап, зерттеу емес, сонымен қатар фольклорды, қоршаған орта, ландшафт, өмір сүру тәсілінің элементтері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тағы басқа факторларды енгізу арқылы өздерінің қызығушылық және зерттеу ауқымын кеңейтіп отыр. Материалды мұрамен қатар, материалдық емес мәдени мұраға ерекше көңіл бөліп, тереңінен зерттеу, оны қорғау, келешек ұрпақ санасына жеткізу мәселесі қазақстандық қоғамның өзін-өзі айқындауына, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің нығаюына, білімділік пен мәдениетаралық түсіністіктің нығаюына терең әсер ететінін академик Әлкей Марғұлан да өз еңбектерінде атап көрсетті.

Түйін сөздер: Академик Ә.Х. Марғұлан, рухани мәдениет, музей, материалды емес мәдени мұра, тұжырымдама, әдет-ғұрып, фольклортану, ауыз әдебиеті, жыр-аңыз, тәлімгерлік тәрбие.

Khamitova M.A.

**Problems the studying of the
intangible cultural heritage
(on the Research of academic
A.Kh. Margulan)**

The article is devoted to become relevant in recent years, of the problem «Museum and intangible cultural heritage.» The predominance of processes of the technization, urbanization became particularly pay attention to studying the problems of the spiritual heritage of peoples, who is based on national culture, customs and traditions. Therefore, many museums in the world today, not only collect, store, study material assets in the form of artifacts, as well as expand the range of scientific research to include other factors such as the study of folklore, environment, landscape, elements of way of life, customs and traditions. On the necessity of studying the intangible cultural heritage of spiritual as well as material values once wrote by Academician A.Margulan, as it contributes to the development of the state and national consciousness affects the self-determination of Kazakh society, strengthens education and intercultural understanding.

Key words: Academic A.Kh. Margulan; spiritual culture; Museum; intangible cultural heritage; concept; customs; epic; folkloristics; folklore; relay tradition through the disciples.

Хамитова М.А.

**Проблемы изучения немате-
риального культурного
наследия
(по исследованиям академика
А.Х. Маргулана)**

Статья посвящена ставшей актуальной в последние годы проблеме «музей и нематериальное культурное наследие». В связи с преобладанием процессов технизации, урбанизации стали особо уделять внимание изучению проблем духовного наследия народов, основу которой составляют национальная культура, обычаи и традиции. Поэтому многие музеи мира сегодня не только собирают, хранят, изучают материальные ценности в виде артефактов, а также расширяют круг научных интересов с включением других факторов, как изучение фольклора, окружающей среды, ландшафта, элементов способа жизни, обычаи и традиции. О необходимости изучения нематериального духовного культурного наследия наряду с материальными ценностями писал в свое время академик А. Маргулан, так как это способствует развитию государственного и национального самосознания, влияет на самоопределение казахстанского общества, укрепляет образованность и межкультурное взаимопонимание.

Ключевые слова: Академик А.Х. Маргулан; духовная культура; музей; нематериальное культурное наследие; концепция; обычаи; эпос; фольклороведение; устное народное творчество; ретрансляция традиции через учеников.

**МАТЕРИАЛДЫ ЕМЕС
МӘДЕНИ МҰРАНЫ
ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ
(Академик
Ә.Х. Марғұланның
зерттеулері негізінде)**

XXI ғасырда қоғамда да, жеке адамдар өмірінде де ерекше рөл атқарушы мәдениетке деген, оның ішінде рухани мұраға деген көзқарас жанданып, ерекше сипат алып отыр. Бұл құбылыс халықаралық құжаттар да болсын, көптеген институттардың іс-тәжірибесінде де, сондай-ақ халықтардың мәдени құндылықтарын сақтаушы музейлерде ерекше көрініс табууда. Себебі, бүгінгі таңда көптеген музейлер тек қана материалды құндылықтар – артефактарды жинап, сақтап, зерттеу емес, сонымен қатар фольклорды, қоршаған орта, ландшафт, өмір сүру тәсілінің элементтері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тағы басқа факторларды енгізу арқылы өздерінің қызығушылық және зерттеу ауқымын кеңейтіп отыр. Мәдени, ғылыми, ағарту орталығы болып табылатын мәдениеттің қалыптасуы процесінде өз орны бар, отандық музейлердің және басқа да мемлекеттер тәжірибесі дәлелдеп көрсеткендей, бүгінде жалпы музейлердің әлеуметтік ролінің артуы да сондықтан.

Мәдениеттің барлық түрлеріне оның ішінде мәдени мұра мәселесіне ерекше көңіл бөлудің тағы бір себебі ол: дүниежүзілік өркениеттің негізін құрайтын ұлттық мәдениет, ұлттық өнер және олармен тығыз байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің азайып, «технизация, урбанизация» деп аталатын үдерістерімен алмасуы.

2002 жылғы ЮНЕСКО-ның мәдениет саясатына арналған материалдарында; «Музеи должны развиваться не только как коллекции артефактов, но и отражать в целостности культурную инфраструктуру поселения, осязаемую и неосязаемую» – деп жазды [1]. Ал, 2004 жылы Сеул қаласында өткен ИКОМ-ның халықаралық XX конференциясы «Музей и нематериальное культурное наследие» деп аталып, материалды емес мәдени мұралар проблемасын қарастыруды бірінші орынға қойды. Көріп отырғанымыздай бүкіл дүниежүзі музейлері қауымдастығы осы мәселе төңірегінде алаңдаушылық білдіріп отыр. Сол себепті де бүгінгі күні осы материалды емес мәдени мұраларға көңіл бөлуді музейдің жаңа концептуальді моделі деп қараймыз.

Әлемде материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту мәселесінде Латын Америкасы мен Азия елдері бай тәжірибесімен ерекшеленеді. Мысалы, Венесуэла Конвенция қабыл-

данбас бұрын, 2003 жылдан бастап материалдық және материалдық емес мәдени мұралардың тізбесін жасауды қолға алған. Бүгінде бұл тізбеге аталған мұраның 100 мыңнан астам элементтері енгізілген. Венесуэланың Жоғарғы соты осы тізбедегі барлық элементтердің заңмен қорғалатынын жариялаған. Ең алдымен, бұл жоғалу қаупі төніп тұрған мәдени мұраларға қатысты.

Ал, Латын Америкасындағы материалдық емес мәдени мұра объектілеріне ең бай ел саналатын Колумбияда жыл сайын 700-дей дәстүрлі мейрамдар мен карнавалдар өтетіні белгілі. Колумбия үкіметі болса, ЮНЕСКО-мен бірлесіп ел тұрғындарына материалдық емес мәдени мұраның маңызын түсіндіру мақсатында ауқымды шаралар ұйымдастыруды 2002 жылдан бастап қолға алған. Осы жұмыстың нәтижесінде материалдық емес мәдени мұраның деректер базасы жасалып, материалдық емес мәдени мұраларға қатысты сюжеттер мен бағдарламалар дайындалып, телеарналарда көрсетіліп, түрлі деңгейде семинарлар мен кездесулер өткізілген.

Азия елдері арасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен дамыту мәселелері бойынша Оңтүстік Корея алдыңғы қатарда. Оңтүстік Кореяда ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен қызмет ететін Азия мен Тынық мұхиты елдерінің материалдық емес мәдени мұрасын құжаттаумен айналысатын өңірлік орталық құрылып, жақсы деңгейде жұмыстар жасап отыр. Бұл орталық Азияның көптеген елдерінде материалдық емес мәдени мұраларды арнайы тізбеге қосу бағытында белсенді қызмет етуде. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореяда осы саланы зерттеу жөнінде бірнеше ғылыми-зерттеу институты құрылған.

Қазақстан Республикасында негізгі нормативті құжат –материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 408 қаулысы негізінде тек 2013 жылғы 29 сәуірінде ғана қабылданды [2].

Осы құжаттың «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны дамытудың пайымы» – деп аталатын бірінші бөлімінде: «Қазақстан Республикасы халқының материалдық емес мәдени мұрасы ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі бола отырып, Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда басты рөл атқарады» [2] – деп жазылған.

Мәдени мұралар – ежелден өмір сүріп келе жатқан халықтың, елдің өткенін, тарихын анықтайтын бірден бір айғақ. Көне қалалардың ізде-

рі, ескерткіштер, кесенелер, құлпытастар, жер атаулары, тастағы жазулар... Мәдени мұралар адамзаттың өз тарихында жасалған және дамыған қоғамдық-тарихи процестің мазмұны ретінде адамды шығармашыл, белсенді тұлға ретінде қалыптастыратын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы екенін түсінеміз, әрине.

Академик Әлкей Марғұлан өткен XX ғасырдың басында-ақ материалды мұрамен қатар, материалдық емес мәдени мұраға ерекше көңіл бөліп, тереңінен зерттеу, оны қорғау, келешек ұрпақ санасына жеткізу мәселесі қазақстандық қоғамның өзін-өзі айқындауына, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің нығаюына, білімділік пен мәдениетаралық түсіністіктің нығаюына терең әсер ететінін терең түсінді. Өз кезегінде академик Ә.Х. Марғұлан қазақ халқының, оған туыстас халықтарға тән көне, ежелгі жыр-аңыздарға тиянақты да терең ғылыми талдау жасап, ғалым Жайық Бектуровтың сөзімен айтсақ, «небір шиеленіскен түйіндерді шешіп, босаң арқан арқауларды ширатып, желі-көгеннің бұршақтарын көбейтіп, қазықтарын тереңірек қағып кетті». Ыждаһатты зерттеулер нәтижесінде: «Ғасырлар бойы ежелгі Қазақстанды мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар туғызған барлық мәдени құндылықтардың ішінде ең жақсы сақталғандары халықтық эпос және ою-өрнек, ал сәулет өнері ескерткіштері, тас мүсіндер секілді басқа да көне ескерткіштер із-түзсіз жоғалды немесе бізге олардың тек сынықтары және қорғандар мен мұнаралардың қираған орындары ғана жетті» – деп жазды Ә.Х. Марғұлан [3, 75-б.].

Кезінде Қорқытты ауызға алудың өзі бір қорқынышты, тосық жағдай болса, академик Әлкей Марғұлан, «Қорқыт ата» аңызын, халқымыздың «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу», «Көрұғлы», қырғыз халқының «Манас» жырларының тарихын, шығу төркіндерін анықтап, саралай білді. Ғалымның сан жылғы ыждаһатты да жемісті еңбегінің нәтижесінде көне аңыз, ертегі, жырларымыз ұзақ жылғы шаң басқан кір тозаңынан тазарып, бүгінгі қауымға өздерінің халықтық, шынайы бұқаралық таза да пайдалы кейпінде жетіп отыр. Жетіп қана қоймай, Ә. Марғұлан зерттеген «Қорқыт ата» аңызы, халқымыздың «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Көрұғлы», «Манас» жырлары, қазақтың киіз үйі, т.б. Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізіміне кіріп отырғанын мақтанышпен айтуға болады.

Ә. Марғұланнның «Ежелгі жыр-аңыздар» атты монографиялық еңбегі зерттеушінің тарих-

шы, этнограф, археолог, өнертанушы, филолог екендігін айқын байқатады. Бұл еңбекте халықтың, түркі тектес халықтарға ортақ рухани, әдеби, мәдени мұралар тек әдебиеттану тұрғысынан ғана емес, елдің рухани құндылығы ретінде жан-жақты талданады, – деп жазады Г. Пірәлиева [4].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклортану, эпостану салаларында көптеген еңбектер жазылды. Дегенмен, ауыз әдебиетінің көне кезеңдеріне, ондағы мәдени мұралардың түп төркініне тереңдеп бару, оларды тарихпен, археологиямен, этнографиямен, өнермен, жалпы оларды бар салаға қатысы бар ортақ рухани құндылық ретінде қарастыру мәселесін алғаш рет көтеріп, осы тұрғыда мол ізденістер жасап есепсіз қазына, байлық тастар кеткен ғалымның бірі де бірегейі де көрнекті ғалым Ә. Марғұлан. Ол фольклорды, жалпы сөз өнерінің архаикалық көне кезеңін жеке қарастырып, далалық ойды даналық дәрежеге жеткізіп, халқымыздың ғасырлар бойы жасалған рухани дүниелерін әлемге танытып, осы зерттеулері арқылы мойындатқаны да мәлім. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізіміне енген: наурыз, айтыс, құсбегілік, қазақтың киіз үйі, Қорқыт ата, қобыз, қобызда күй орындау дәстүрі, бақсы сарыны, қазақтың зергерлік өнері, тері өңдеу, Қыз Жібек, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырлары, т.б. Әлкей Марғұлан зерттеуінен ерекше орын алған құндылықтарымыз.

Осы аталып отырған Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі:

- Әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар;
- Материалды емес мәдени мұраның таратушысы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары;
- Дәстүрлі колөнермен байланысты білімдер мен дағдылар;
- Орындаушылық өнер;
- Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар атты бес категория бойынша топталған [2].

Осы рухани құндылықтарды зерттеу және сақтау барысында музейлер алдында бүгінде; а) материалды емес рухани құндылықтарға не жатады, ә) музейлік мазмұндағы рухани құндылықтарды айырудың критерилерін анықтау, б) рухани мұраны құжаттаудың жүйесін анықтап алу секілді біраз мәселелер туындайды.

Италияның халықаралық музейлер комитетінің төрағасы Дж. Пинна осы материалды емес рухани мәдени мұраларды үлкен үш категорияға бөліп қарастырады [5].

Бірінші топ; ата кәсіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, халықтың би өнері, тұрмыс ерекшеліктері т.б.

Екінші топ; тілі, әндері, халық ауыз әдебиеті;

Үшінші топ – халықтық тәрбие, ағартушылық, тәлімгерлік тәрбие.

Осы материалды емес мәдени мұра және музей ісіне қатысты арада туындайтын бір сұрақ ол, материалды емес мәдени мұраны (ауыз әдебиеті үлгілері, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, музыка, би өнері, ата-кәсіп, қол өнері, оларды орындау технологиялары, т.б.) қалайша музейлік зат ретінде танып, экспозициялауға болады? Бір қарағанда музейлік объект ретінде көзге елестету мүмкін емес сияқты.

Бұл музей қызметкерлерінің дайын болуы, қабылдауына, яғни біліктілігіне байланысты. Музей ісінде жаңашылдық формаларын енгізу қажет болады. Ол үшін ойлауда серпіндік, яғни жаңаша ойлау, жаңаша көзқарас керек.

Мысалы ата-кәсіп нәтижесінде пайда болған дайын өнім – музейлік зат болып табылады. Айталық, киіз үй музейлік зат ретінде Республика көлемінде барлық музейлердің этнография залдарынан орын алған. Ал материалды емес мәдени мұраға жататын ата-кәсіптің өзін қалай музейлік нысан етуге болады? Ол соңғы нәтижеге дейінгі іс-әрекетті баяндау, немесе киіз үй жасау технологиясын баяндау. Оның ең негізгі болып табылатын бөлігін: жасаушы шебердің өз ісіне қалай көңіл бөлуі, жасау барысындағы ынта-жігері, мақсаты, ой ұшқырлығы, шеберлігі, тағы басқалар материалды емес мәдени мұраның негізгі элементтері болып табылады. Негізінен дәстүрлі құндылықтар туралы сөз еткенде ең бастысы осы қасиеттер болуы тиіс.

Бүгінгі жаһандану заманында бүкіл әлемде бірнеше ондаған жылдардан соң бабаларымыз ғасырлар бойы сақтап келген құндылықтардың келмеске кетуі де ғажап емес. Бұл орны толмас жоғалтулар болмақ. Мәселе жоғалтудың интеллектуалды жағында ғана емес, дәстүрлі мәдениеттің өзегін айқындаушы мәні, маңызы жоғалап, келмеске кетеді.

Материалды емес мәдени мұралардың музейден орын алып, ұзақ сақталуы үшін олардың музейлік заттарға тән: *ақпараттылық және бейнелілік* секілді қасиеттерін қолдану қажет сияқты. Себебі, материалды емес мәдени мұраның біраз бөлігі ұзақ іс-әрекеттің барысында нәтижелі болуы себепті, әдеттегі музейлік затқа қарағанда ақпарат көзіне бай.

Салт-дәстүрлерді насихаттау арқылы музейлер қызмет көрсетудің жаңа түрлерін көрсете де

алады. Мысалы, Ресейде ХХІ ғасырдың басында материалды емес мәдени мұраны насихаттауды шығармашылық лабораторияларымен, шеберханалармен жабдықталған дәстүрлі музейлер, музей-қорықтар, экомuseumейлер және «жанды музейлер» бастады. Тула облысындағы Л.Н. Толстойдың «Ясная поляна» музей-заповеднигін жанды музей деуге болады. Музей аумағында дәстүрлі орыс пешімен өз заманына сай көне жиһаз үлгілерімен сақталған, орыстың дәстүрлі ағаш үйінде (изба) ұлттық үлгіде киінген музей қызметкерлері түрлі салт дәстүрлерді көрсетіп, келген көрермендерге картоп және капуста салып пісірілген орыс тоқаштарын ұсынып және самауырдан ыстық шай ішуге шақырады. Көрермендерге шүберектен қуыршақтар жасаудан шеберлік сабақтарын өткізеді. Сөйтіп көрермендер өз қолымен ойыншық жасауды үйреніп, әрі естелік ретінде оны алып кете алады. Музей-қорықта ұйымдастырылған колөнер шеберлігі үйірмесінде жергілікті саз-балшықтан күйдіріп түрлі сувенирлер дайындау жақсы жолға қойылған. Музейге келушілер Л. Толстой заманындағыдай ат жегілген арбаларға отырып, усадьба аумағында серуендеп қайтады. Музей-қорық аумағында ұйымдастырылған «Муравейное братство» атты бала бақшасы тәрбие жұмыстарын Л.Н. Толстойдың педагогикалық көзқарастары негізінде іске асырады.

Ал, Республика көлеміндегі музейлерде осы материалды емес мәдени мұраны насихаттауды іске асыру ерекше жолға қойылған деп айту қиын. Егер осы мақсатта талпынып жүрген бірді-екілі мұражайды атап көрсетер болсақ, мысалы, Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде бірінші зал ауыз әдебиетіне, екінші зал көне түркі жазуларына, үшінші зал жыраулар шығармашылығына арналған. Ауыз әдебиетіне арналған залда, мысалы, жыр-аңыздар, Қорқыт ата, бақсылар шығармашылығы, халық ертегілері туралы дәрістер оқылып, музейге келуші оқушылардың қатысуымен қуыршақ театры ертегілерді сахналап көрсетеді. Мұны жақсы жолға қойылған, үлкен жетістік деп айту, әрине, артық.

Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай музейдегі көрерменге бағытталған іс-әрекеттің барысы және оны қадағалау (егер музейде интерактивті технологиялар дамыған болса), тіпті сол процесске қатысу мүмкіндігі – ақпарат алудың ерекше әсерлі түрі. Ал, материалды емес мәдени мұраның, мысалы, ұлттық музыка, би өнерін тамашалау, айтыс өнері т.б. адамдарға беретін

керемет эмоциялық әсерінің дәрежесін талдап, түсіндіруді қажет етпейді.

Музей экспозициясы ретінде көрсете алмасақ, реставрация жасай алмасақ, тіпті ортадан жеке дара бөліп алып көрсету де мүмкін емес болғандықтан, материалды емес мәдени мұралардың бәрі дерлік музей объектісі бола ала ма?

Материалды емес мәдени мұраны адамның материалды немесе мәдени құндылықтарды өндіру, енгізу, жасау т.б іс-әрекеттеріне байланысты білім жиынтығы, эмоционалды әсері және музейлік маңыздылығы бар дәстүрлі рухани мәдениет нысаны немесе, оның бар үлгісі ретінде музей жинағына енгізілген музейлік нысан деп анықтауға болады. Материалды емес мәдени мұранының музейлік нысандарын мазмұндық маңызына тән өзгешелігіне байланысты ерекше мәртебелі деп қарастыру қажет. МЕММ мен музейде қайта таныстырудың ерекшелігі мен мәртебесі оның сақталу дәрежесі мен өмір сүрген ортасына байланысты. Кейбір жағдайда сол дәстүрді сақтаушы адам да музей нысаны болуы мүмкін.

Бірінші топқа кіретін материалды емес мәдени мұра туралы сөз етсек, мысалы, шебер ұлттық үлгіде түскиіз дайындайды. Осы түскиіздің негізін құраушы мата, ою үлгілері, тігетін машина т.б. шеберге қажет заттардың бәрі музейлік зат болып табылады. Ал, музейлік зат емес бірақ мәдени мұра – ол шебердің қолының ұшқырлығы, шапшаңдығы, ол анасынан, әжесінен жалғасын тауып, ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, шебердің жадында сақталып келе жатқан сол затты жасаудың әдіс-тәсілдері, әр оюдың мән-мағынасы, әсемдік, сұлулық туралы аналар ұғымы, әр заттың өмірмен, болашақпен байланысы, ырымдық наным – сенімдік белгілері т.б.

Ал, екінші топқа жататын заттық емес мұра ол ауыз әдебиеті, халық әндері туралы сөз қозғасақ, ақынның, жыраудың, сал-серілер шығармашылығындағы домбыра, киім үлгілері, нотаға түсірілген әндері мен ән тексттері әрине материалды мұра екені сөзсіз. Сонымен қатар әр ақынның өзін ұстау мәнері, домбыра қағысы, әнді орындау кезіндегі дене қимылдары қайталанбас сәт. Ол әр кез өзгеріп отырады. Бір жұп ақынның айтысын екінші рет өзгеріссіз қайталау мүмкін емес. Бір әнді де әнші дәл сол көңіл күймен, екінші рет қайталап орындай алмайды. Егер мысалы, ХІХ ғасырда шеберлер, ісмерлер дайындаған түскиіз, сырмақ сақталған болса, пайдаланған ою үлгілерін, бояуды, жіпті, матаның түрлерін немесе жүн тауып сол сырмақты немесе түскиізді жаңғыртып, қайта жасауға болады.

Ал, ауыз әдебиеті үлгілерін, еш өзгеріссіз дәл сол қалпында қайталау мүмкін емес. Осыған дәлел бір ғана «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының жиырмадан аса вариантының болуы. Бірақ жыр сақталған. Оны сақтаудың бірден – бір тәсілі – жаңағы үшінші топқа кіретін – тәлімгерлік, халықтық тәрбие – ұстаздық етіп шәкірт дайындау, тірі немесе әрдайым дәстүрлі әншілер мектебін, жыраулар, ақындар мектебін жандандыру, орындаушыны дайындау арқылы сақтау.

Рухани мұраны сақтаудың бірден бір жолы – тәлімгерлік, әке жыршыдан – бала жыршыға мирас етіп қалдыру деген пікірді Әлкей Марғұлан жазған еді. Өйткені тарихи жыр-аңыздарда үлкен тарихи хабарлы оқиғалар сақтаулы, оны ересек кісіге бірден ұғып түсіне алу қиын, сондықтан бір ізділік болмай тарихи фактілер бұрмаланып дұрыс баяндалмайды. Осы себептерге байланысты ақын – жыршы өз баласын немесе шәкіртін кішкентай кезінен бастап үйретеді. Бала жасынан жыр аңызды жатқа оқып үйрене бастайды да, өз жадын, өз елі хақында ой өрісін әрқашан дамытып отырады. Ер жеткен соң өз білімін әрі дамытып өз әкесінің немесе ұстазының ісін жалғастырушы болып есептеледі де ақын – жыршы бала атанады. Кез – келген талапкер ақын – жыршы бола алмайды, сондықтан да бұл іс тек мұрагерлік сипатта болып отырады. Ақын – жыршы мен шежіреші қариялардың негізгі рөлі ол хабар – архивтік, коллективтік (этностық) жадын сақтау, қазақтың ауызша тарихын жыр – аңыз бен шежіре арқылы болашақ ұрпақтарға жеткізу, қазақтың ұлттық санасын жетілдіру, өз отанына деген патриоттық сезімдерін ояту, ал ең негізі олар тарихшылардың ролін атқарды [6]. Ақын-жыршы мен шежіреші қариялар негізінен қазақ қоғамында бір халықтың тарихын сонау сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, оғыз, қыпшақ дәуірлерінен бастап осы XX ғасырдың басына дейін күрделі өзгеріссіз жеткізді, бұл таңқаларлық жәй.

Қазақ сахарасында ежелгі заманның асқан данасы Қорқыттың толғау айту дәстүрін, оның эпикалық жырын, күйін, сарынын, накыл сөздерін мұра етіп, оны біздің заманымызға жеткізген жыраулар, ойшы адамдар аз болмаған. Қорқыттың мұрасына ие болған саңлақ кісілерді Ә. Марғұлан төрт топқа бөледі:

1) Қойлыбай, Балақай, Қарамырза, Нысан абыз секілді ежелгі бақсы-жыраулар;

2) қобызбен күй тартқан атақты күйшілер әл-Фараби, Кетбұқа, Ер Шегедей, Досжан, Өтеболат, Қанғожа Уәлиханов, Ықылас, тағы басқалары.

3) Болжау айтумен халықты ойға түсірген ойшы жыраулар, шешендер (Сыпыра жырау, Асан ата, Қазтуған, Шалкиіз, Әнет баба, Бұқар жырау, Тәтіқара, Құлназар, Майлықожа);

4) Қорқыт дәстүрі бойынша қобызбен жыр тасқынын ағытқан құйма ақындар Жанак, Сабырбай, Найманбала, Жұмағұл, Базар жырау, Ерімбет жырау, Абыл жырау тағы басқалары.

Бұлардан басқа – деп жазды Марғұлан, Қорқыттың әңгімесін хикая түрінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған шежіре адамдар аз болмаған. Марғұланның жазуынша олар әсіресе, Сырдария жағасында, Жанкент, Қазалы, Қармақшы, Қызыл-Орда, Сығнақ, Шәуілдір, Түркістан қалаларының төңірегінде көбірек жолығады [7, 149 б.].

Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде қазақ фольклорын, оның ішінде қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйене отырып тарих пен этнографияны байланыстыра отырып, тарихи фольклорды алғаш рет кешенді түрде зерттеген ғалым. «Ғасырлар бойы сахарادا айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, сахараны қоныстанған әртүрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгенің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, орнамент, сәулет істері, бүгінге дейін Қазақстан жерінде кесек түрде сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе оларға тетелес ұрпақ болған және сахараны үздіксіз қоныс еткен олардың түбегейлі мұрагері, қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталғанын» жазды [8, 23 б.].

Әлкей Хақанұлы Марғұлан өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының варианттары атты еңбегінде; «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – қазақ эпосының ең ескі, ең жойқын түрі. Бұл жырды Болат Уәлиханов 1828 жылы Петерборда Сенат үйінде үш күн айтып бітіре алмаған. Оның варианттары өте көп, ол екі ғасыр бойы жиналып келеді» – [6] деп жазды. Оларды XVIII – XIX ғасырларда көптеген ақындар жырлаған. Бұл жырдың қазақша жазылған ескі нұсқасы Баянауылда атақты Сақау ақын жырлаған варианты. Ол қолжазбаны 1827 жылы Баянауылдың Бадыс деген

бір қариясынан Қазақстанды зерттеуші И.Беленицын табады.

Ал ең көлемді, әрі көркем, ең ескі түрінің бірі – атакты Жанақ ақын варианты. Бұл жырды Жанақ ақын ХІХ ғасырдың 40-шы жылдарына дейін айтып, бірнеше нұсқа қалдырады.

Жырдың әдемі нұсқаларының бірін қағазға түсірген Сегіз-сері. (Обаған) 12 жасына дейін ауылдағы мектепте оқып, кейін 1828 жылы Омбыдағы Азия мектебін (Азиатская школа) бітірген Сегіз сері сол жылдары Омбыда отырып «Қозы Көрпеш Баян сұлу жырын жазады. Торғай өлкесіне саяхатқа барғанда өзімен бірге ала жүріп, шежіре жинаушы Ахмет Жантуринге тарту етіп беріп кетеді [6].

«Қозы Көрпеш Баян сұлу»ды көп жырлаған ақындардың бірі Шөже. Шөже ақын (Көкшетау) жырды 1820 жылдан бастап, 1870 жылға дейін елу жыл бойы жырлап келген. Оның айтқан нұсқалары Ақмола, Семей, Торғай облыстарында аса кең тарағандығын да зерттеп жазған Әлкей Хақанұлы еді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ерте кезде жазылған қазақша бір нұсқасы Көкшетау төңірегін мекендеген уақ тайпасынан ертедегі Баян батырдың ұрпағы Абылхайыр Дербісалин варианты. 73 жасында жырдың ең жақсы варианттарының бірін жырлап өткен Найман Қаракерей елінен, Айтбай Дандыбайұлы туралы, сондай – ақ «Қозы Көрпеш Баян сұлуды» – Сыбанбай ақын (Көкпекті), Құлтума ақын (Қорғалжын), Баубек ақын, Бейсенбай ақын (Шыңғыстау), Айтбай ақын (Аягөз), Қатпа ақын (Ташкенттің түбі), тағы басқалары орындаған әсіресе көп орындаушылары Аягөз бен Лепсі бойы ақындары екенін және олардың қолжазбаларының сақталмағанын айтады.

Болат ақын Петерборда үш күн айтып тауыса алмаса, Тобылбай бидің ұлы Арыстан ақын Сарысу өзенінің бойында арбаның үстінде келе жатып төрт күн ішінде айтып бітіре алмайды. Әлекеңнің зерттеулеріне сүйенсек, Жанақ, Сы-

банбай, Шөже, Бекбау нұсқалары олардың варианттары мен салыстырғанда әлдеқайда шағын болса керек.

Дегенмен жырдың қай нұсқасы болмасын ұрпақтан ұрпаққа жеткен өшпес мәдениеттің ұлы мұрасы.

Ә.Х. Марғұлан туралы профессор Ж.О. Артықбаев: «Заманымыздың заңғар тарихшысы, академик Ә.Х. Марғұлан «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырына аса көңіл бөліп, көп жылдар бойы жырдың түрлі варианттарын жинақтап, оларды салыстырып зерттей отырып және сол жыр тудырған ортаның тарихи сипатына терең бойлап, бірнеше ірі мақала жариялаған еді. Бүгінгі таңда Әлекеңнен артық «Қозы Көрпешке» еңбек сіңірген зерттеуші жоқ. Бүгінгі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ғылымға отыз шақты варианты белгілі болса, соның көпшілігін анықтаған Ә.Х. Марғұлан» – [9] деп жазды.

Дегенмен қазақ тарихы, этнографиясы, археология, филология, өнертану ғылымдарына айрықша еңбек сіңірген Әлкей Хақанұлы Марғұланнның ғасырлар қойнауына жасаған ғылыми саяхатының жемісі – «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы немесе «Ежелгі жыр аңыздар» атты ғылыми – зерттеу мақалалар жинағының халқымыздың материалды емес мәдени мұрасын жинап, зерттеп, сақтап, қайта жандандыруда Қазақстан музейтанушыларына көрсетер көмегі ұлан ғайыр. Бұл еңбекте Әлкей Хақанұлы алғаш рет халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек ретінде қарастырады.

Шын мәнінде Ә.Х. Марғұлан өткен ғасырдың өзінде, тарихшылар, жыршылар, әдебиетшілер, этнографтар біріге отырып, жаңадан табылған жазба деректер мен материалдық ескерткіштерді салыстыра зерттеп, олардың рухани жағына ерекше көңіл бөлу қажеттігін түсіндірген болатын.

Әдебиеттер

1 Коссова И.М. Культурное наследие и современный музей. – М., 2005. – С. 7-8.

2 http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31385954

Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама. /Қазақстан Республикасы Үкіметінің №408 қаулысы 2013жыл 29 сәуір.

3 Марғұлан А.Х. О характере исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Каз ФАН СССР, Сер.историч. – Алматы, 1946 – № 2 – С. 75–81.

4 Пірәлиева Г. Әлкей Марғұлан және шоқантану мәселелері. /Кенестік кезеңдегі қазақ әдебиеттанушылары. – Шымкент, 2010.

5 Каулен М.Е. Вторая жизнь традиции. – М., 2005. – С. 13-23.

- 6 Марғұлан Ә.Х. «Ежелгі жыр аңыздар». 1 том, – Алматы: «Алатау», 2008.
- 7 Марғұлан Ә.Х. Қазақтағы қорқыт аңыздарын дәстүр етушілер. // Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 143–156-бб.
- 8 Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи – әдебиеттік зерттеулер атты докторлық диссертация. 3-том. – Алматы, «Алатау», 2008. – 488 б.
- 9 Артықбаев Ж.О. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»: Тылсым сырлар (этнологиялық интерпретация тәжірибесінен). / Сб.ст. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – әлемдік фольклордың асыл ескерткіші. – Семей, 2002. – 8 б.

References

- 1 Kossova I.M. Kulturnoe nasledie i sovremennyi muzei. – M., 2005, – S.7-8.
- 2 http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31385954
Kazakhstan Respublikasynda materialdy emes madeni myrany korgau zhane damytu turaly tuzhyrymdama.
- 3 Margulan A. Kh. O kharaktere istoricheskoi obuslovlennosti kazakhskogo eposa. \Izvestija KazFAN SSSR, serija istorich. – Almaty, 1946. – № 2. – S. 75-81.
- 4 Praliyeva G. Alkei Margulan zhane shokantanu maseleleri. \Kenestik kezendegi kazak adebiettanushylary. – Shymkent. – 2010
- 5 Kaulen M.E. Vtoraja khizn tradizii. – M., 2005, – s.13-23.
- 6 Margulan A. Kh. Ezhelgi zhyr-anyzdar. Almaty: <Alatau>, 1tom. 2008.
- 7 Margulan A. Kh. Kazaktagy Korkyt anyzyn dastur etushuler. \ Ezhelgi zhyr-anyzdar. – Almaty: <Zhazushy>, 1985.
- 8 Margulan A. Kh. Kazak khalkynyn epikalyk angimeleri (mif, legenda, ertegi-zhyr, anyzdy angimeler) turaly tarikhi-adebi-ettik zerteuler atty doktorlyk dissertazja. 3 tom. – Almaty: Alatau, 2008.
- 9 Artykbayev Zh.O. <Kozy Korpesh-Bajan sulu>: Tylsym syrlyar. \Sb.st. <Kozy Korpesh-Bajan sulu>-alemdik folklordyn asyl eskertkishi. Semei. 2002, 8-b.

Шалғынбаева С.Х.

**XX ғ. 90-жылдарының
соңындағы қазақтардың
халықтық отбасылық
дәстүрлері және қалалық тұр-
мыстағы инновациялар
(Алматы және Тараз
қалаларының материалдары
бойынша) мәліметтер
базасын құру**

Shalginbaeva S.H.

**Creating a problem-oriented
database «The family tradition
and innovation in the urban life
of the Kazakhs in the late 90s.
XXcen» (based on Almaty and
Taraz)**

Шалгинбаева С.Х.

**Создание проблемно-ориен-
тированной базы данных по
теме: «Народные семейные
традиции и инновации в горо-
дском быту казахов в конце
90-х гг. XXв.» (по материалам
Алматы и Тараз)**

Мақалада автор қазіргі заманғы Қазақстандағы урбанизм мәселесі және төл этностың қалалық өмірдегі отбасылық дәстүрлері мен инновациялары сынды күрделі құбылыстары жайлы қарастырады. Мәселен бағдарлы деректер базасында жүзеге асырылатын компьютерленген этнографиялық зерттеу стратегиясының проблемасын анықтайтын, пайдалану жүйесін зерттеу және жаңа әдіснамалық тәсілдерді іздеу. Зерттеулер жаңа инновациялық техниканы пайдалана отырып қазақтардың қазіргі өміріндегі ұлттық дәстүрлерінің дамуі үрдістері мен заңдылықтарын анықтайды.

Зерттеуде қазақ халқының қазіргі кезеңдегі ұлттық дәстүрлерін, тұрмыс тіршілігіндегі үдерістер мен заңдылықтарын түрлі әдістерді пайдану арқылы жаңа инновациялық механизмдерді ашып көрсетеді. Зерттеу нысанына параметрлік көрсеткіштері, маңыздылығы, урбанизациялық дәрежесі және мәдени даму қарқынымен ерекшеленетін, қазақ халқының көп шоғырланған ортасы Алматы және Тараз қалалары алынды. Зерттеу халық арасында түрлі әдістегі 9 бөлімнен тұратын этнографиялық сауалнама арқылы жүргізілген.

Түйін сөздер: дәстүр, қалалық қоршаған орта, сауалнама, градациясы, белгісі.

The author in the article raises questions of modern urbanism in Kazakhstan, and such complex phenomena as family traditions and innovation in the urban life of the titular ethnos. Search for new methodological approaches in this problem identified use of computerized ethnographic research strategy, and has implemented new problem-oriented database for this analysis. Nowadays, studies have revealed the trends and patterns of national traditions in Kazakhs life, uncovered the mechanisms that contribute the use of new techniques.

Research has revealed the trends and patterns of national traditions in the modern life of the Kazakhs, uncovered the occurrence of innovations based on the use of new techniques. The object of the research was chosen Kazakh population of the two cities in Kazakhstan – Almaty and Taraz, which differ in their quantitative parameters, importance, degree of urbanization, and the level of cultural development. Method of sample population, by using ethnographic questionnaire, divided into nine blocks was used in the survey. Issues of socio-demographic, social movements, educational status were included.

Key words: tradition, urban environment, the questionnaire, gradation, sign.

Автор в статье затрагивает вопросы современной урбанистики Казахстана и такого сложного явления, как семейные традиции и инновации в городском быту титульного этноса. Семейный быт является одной из наиболее устойчивых сфер этнического своеобразия, и именно здесь следует искать причины стойкого сохранения многих традиций. Поиск новых методологических и методических подходов к системному изучению поставленной проблемы определил применение стратегии компьютеризированного этнографического исследования, реализуемой в проблемно-ориентированной базе данных.

Исследования позволили выявить тенденции и закономерности функционирования национальных традиций в современном быту казахов, раскрыть механизмы вхождения инноваций на основе применения новых методик. Объектом исследования было выбрано казахское население двух городов Казахстана – Алматы и Тараза, которые различаются по своим количественными параметрам, значимостью, степени урбанизации, темпами культурного развития. В исследовании использован метод выборочного опроса населения с помощью этнографического вопросника, разделенного на 9 блоков. Включены вопросы социально-демографического характера, социальные перемены, образовательный статус.

Ключевые слова: традиции, городская среда, вопросник, градация, признак.

**XX ғ. 90-ЖЫЛДАРЫ-
НЫҢ СОҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚТАРДЫҢ
ХАЛЫҚТЫҚ
ОТБАСЫЛЫҚ
ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ
ҚАЛАЛЫҚ
ТҰРМЫСТАҒЫ
ИННОВАЦИЯЛАР
(Алматы және Тараз
қалаларының
материалдары бойынша)
МӘЛІМЕТТЕР
БАЗАСЫН ҚҰРУ**

Біздің республикамыздың тәуелсіздік статусын алу азаматтық қоғамға өту, жаңа нарықтық және ақпараттық ортаның қарқынды даму жағдайында республиканың негізгі этносының қалалық тұрмысындағы инновациялар мен отбасылық дәстүрлер сияқты күрделі, көп қырлы құбылыстарын зерттеу Қазақстанның қазіргі этнографиялық урбанистикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ақпараттар теориясының жарыққа шығуында «салт-дәстүр» терминін қарастыратын болсақ, онда ол «әлеуметтік мұрагерліктің ерекше түрі, әлеуметтіліктің өткен үлгілерінің тура көшірмелеріне бағытталған ақпараттар жазбасының тәсілі деп түсіндіріледі» [1, 48 б.]. Сондықтан мұрагерліктің материалдық және рухани мәдениетінің дәстүрлі формасы өткен қызметтің, кәсіптің көшірмесін болжайды, «алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибелерін толықтай және нақтылай меңгеру» [2, 48 б.]. Бұл контексте этникалық дәстүр тұрақты мәдени қауымдастықпен – этноспен ғана еске түсірілетін (ерекше ақпараттық «қорғаумен») өздерінің шектерін сақтайтын, оған қатысты индивидтердің теңестіру қағидалары мен осы қағидалардың ұрпақтан ұрпаққа беретін тұрақты кешенін көрсетеді [3, 216 б.].

Қазіргі әлеуметтік – мәдени кеңістікте прагматикалық типтегі реттеуші механизмдердің әрекет етуі, әртүрлі этностардың жаһандық экономикалық және ақпараттық жүйеге кіруі дәстүрлерді елеулі түрде модификацияға ұшыратып отыр. Айта кету керек, материалдық сферада инновациялар өз жолын жылдам табатын болғанымен, рухани мәдениет саласында кәсіптердің мұраланған стереотиптер шегінен шығу қарқыны біршама төмен. Бірақ бұл жағдай қазіргі үшінші мыңжылдық табалдырығында дәстүрлері жоғала бастаған қоғамда этникалық дәстүрлер рөлінің адамзат тарихының алдыңғы дәуірлерімен салыстырғанда төмендеу үрдісі болып жатқанын білдірмейді. Керісінше, қоғамда өтпелі кезең деп аталатын қазіргі уақытта құндылықтардың ескі жүйесі жойылып, ал жаңасы әлі қалыптасқан жоқ, тек сақтауға ғана емес, сонымен бірге этномәдени дәстүрдің қайта жандану тенденциясы байқалады.

Бұл үрдіс әсіресе өздерінің әлеуметтік мәдени түбіріне позитивті қарау, этникалық сана-сезімнің қуатты өсуі байқалатын посткеңестік кеңістіктегі республикалар үшін маңызды. Мыса-

лы, бүгінде Қазақстанның отандық тарихи ғылымының жетекші императивтерінің бірі Дала өркениеті номадтарының ізбасарлары болып табылатын қазақ халқының тәжірибесі мен дәстүрлер тарихының қайнар көзі, біздің ата-бабаларымыздың идеялық және мәдени мұралары болып табылады.

Ұлттық қайта жандануға қазіргі бағдарлану кеңестік дәуірдің 70 жыл ішінде болған құбылыстар мен процестерге орынды «үн қатуы» болып табылады, ол кезде этнос өмірі үлгісінің көптеген дәстүрлі ерекшеліктерін жою жүрді, мемлекеттің ресми саясатына бағытталған атеизмді белсенді тарату орын алды, дәстүрлі мәдени құндылықтардан, қазақ халқының көп ғасырлық тарихы мен тілінен бас тарту нәтижесінде мәдениеттің бір бөлігі естен шығарылды.

Сондықтан 90-шы жж. қазақстандық қоғамда қарқынды экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер жағдайында өмірлік бағыт стилін дербес таңдау еркіндігінің өсу тенденцияларымен қатар, мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерімен байланысты дәстүрлі құндылықтардың қазақтардың күнделікті өміріне «кіруі» байқалады. Әсіресе бұл бүгінде республиканың негізгі этносының қалалық ортасында, соның ішінде оның отбасы сияқты жергілікті кесіндісінде айқын көрінеді. Отбасылық тұрмыс, әдетте этникалық ерекшеліктің ең тұрақты сферасы болып табылады, атап айтқанда, онда «бөтен көзқарас үшін жабық, күнделікті өмірде әдет-ғұрып тәртібімен бекітілген, ұрпаққа қолдау тауып отырған отбасылық туыстық ортадан» [4, 125 б.] көптеген дәстүрлерді берік сақтау себептерін іздеуге болады.

Жоғарыда аталғандармен байланысты жүргізіліп отырған зерттеу мақсаты қалалық қазақтардың қазіргі отбасылық тұрмысындағы халық дәстүрлерінің қызмет ету заңдылықтары мен тенденцияларын айқындау, осы сфераға инновациялардың кіру механизмін ашу, этнографиялық сипаттағы ақпараттарды жаңа әдістер мен өңдеу технологияларын қолдану негізінде ғасырлар аралығында осы дәстүрлердің модификациясы кезеңінде болып жатқан ерекше процестер мен құбылыстардың даралануы болды. Осы мақсаттардан шыға отырып, келесідей міндеттер тобы анықталған:

- республиканың қалалық тұрғындары арасында ұлттық отбасылық дәстүрдің, әдет-ғұрыптар мен салт элементтерінің қызмет ету мен сақталу дәрежесін айқындау;

- қалаларда тұратын қазақ этносы өкілдерінің өз халқының дәстүрлі отбасылық салттары туралы хабардарлық сипаты мен көлемін анықтау;

- қалалық қазақтар арасында халықтық отбасылық дәстүрлер туралы білімдердің негізгі деректерінің таралуын зерттеу;

- отбасылық тұрмыстық мәдениетте «объективті» этнос арақатынасы дәрежесін зерттеу;

- заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен этнографиялық материалды өңдеу әдістерін жасау;

Зерттеу объектісі ретінде өздерінің сандық параметрлері бойынша ерекшеленетін, урбандану дәрежесі мен мәдени даму қарқыны, әкімшілік маңыздылығы әртүрлі Қазақстанның екі қаласы – Алматы және Тараздың қазақ халқы таңдалып алынған болатын. Бұл қалалардағы халықтың полиэтникалығына қарамастан, мұндағы қазақтардың саны өзге ұлт өкілдері санына қарағанда басым. Мұнда келтірілген белгілер жеткіліксіз екендігі сөзсіз, алайда дәл осы көрсеткіштер есебі дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет жағдайына айтарлықтай ықпал ететін қаланың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні қалалық этникалық субмәдениетте қазақ отбасылық дәстүрлері мен салттарының қызмет ету мәселелерін зерттеуде (ол туралы сипаттаушы кең көлемдегі әдебиеттерге қарамастан) репрезентативті бола алатын этнографиялық деректер мүлде жоқ [5, 69-77, 440-503 бб.]. Республикада жүргізілген әртүрлі тексерулердің этноәлеуметтік материалдары негізінен ауыл халқына қатысты [6, 30-35 б.]. Сондықтан осы зерттеудің объектісі мен пәні ерекшеліктерімен байланысты нақты ақпараттық материалды жинақтау әдістерін таңдау туралы сұрақ заңды түрде тұрды. Бұл үшін шартты түрде 9 блокқа бөлуге болатын этнографиялық сұрақ кітапшасының [7] көмегімен Алматы және Тараз қалаларының халқын ішінара сауалға тарту әдісі қолданылған болатын.

Алғашқы төртеуіне сауалға тартылушылардың әлеуметтік-демографиялық құрамын, миграциялық және бейімделу процестері, көшіп-қону, білімділік статусы, заманауи қалалық отбасы құрылымын және т.б. (мысалы: жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, білімі, қалада тұру мерзімі, қайдан келді, отбасы жағдайы, жанұя құрамы, ата-анасы, жұбайының ұлты және т.б.) сипаттайтын сұрақтар кірді. Мұнда қарым-қатынас жасау тілі, тұлғааралық байланыстар, отбасындағы еркек пен әйелдің рөлдік қызметімен байланысты кейбір этникалық сипаттамалар көрініс табады. Халық дәстүрлері мен инновациялары туралы ақпаратты алуда басты назар отбасылық тұрмыстың дәстүрлік дәрежесі мен үйлену, туу және жерлеу рәсімдерінің сақталуын үш аспектіде ашатын блоктарға шоғырланған: а) салт-дәс-

түрді білу; б) оларды сақтау (тұрмыста); в) оларға қатынасы.

Одан басқа жекелеген блоктар діни наным-сенімдер, діни салттар, сонымен қатар отбасылық-туыстық қатынастар мәселесімен байланысты (материалдық, моральдық-этикалық және мәдени). Көрсетілген блоктарға барлығы 156 сұрақ кірді.

Қойылған мәселелерді жүйелі зерттеуде жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдер іздеу «сараптама» түріндегі компьютерленген этнографиялық зерттеу стратегияларын қолдануды анықтады, ол Алматы және Тараз қалаларының материалдары бойынша «XX ғ.90 жж. соңындағы қазақтардың қалалық тұрмысындағы халықтық отбасылық дәстүрлер мен инновациялар» [8] мәселелік – бағдарланған мәліметтер базасы (МБМБ) жүзеге асырды. Осыған ұқсас талдаудың негізгі кезеңдеріне кіреді:

- зерттеушілік міндеттерді қою, мазмұнды болжамдарды құрастыру;
- зерттелуші үрдіс пен құбылыстар үлгісін маңызды деңгейде құру;
- таңдалған үлгі шеңберінде зерттеу объектісін сипаттайтын бірдей ақпарат көздерін іріктеу;
- этнографиялық сауал барысында алынған мәліметтерді моделдеу және ақпараттарды машина оқитын формада көрсету;
- бағдарламалық қамтамасыз етуге сәйкес келетін мәліметтер түрі, сондай-ақ қойылған міндеттер сипатына жауап беретін талдау әдісін таңдау, бұл жағдайда мәліметтер базасын басқару жүйесі (МББЖ).;
- машина оқи алатын мәліметтерді нақтылы міндеттер мен деректер ерекшелігіне бағдарланған стандартты МББЖ көмегімен өңдеу;
- зерттеу нәтижелерін түсіндіру, ұсынылған болжамдарды қабылдау немесе жалған екенін көрсету [9, 39 б.].

Осы көзқарастың тартымдылығы, біріншіден өз параметрлері бойынша (бақылау бірліктерінің жеткілікті үлкен көлемі, оған салынған ақпараттардың біркелкілігі және тәуелсіз кездейсоқ белгілердің болуы) көпшілік деректерге жатқызуға болатын этнографиялық сұрақ кітапшасының құрылымы түрінде, стандартты, бірыңғай формадағы ақпарат жазбалары бар формуляр түрінде берілген алғашқы құжаттар жиынтығын көрсетеді. Сұрақ кітапшасының формуляры мәселелік-бағдарланған мәліметтер базасымен құрылған дайын үлгіні көрсетеді. Екіншіден, ғылыми жұмыс болжамдарды анықтау, этнографиялық дерек мәліметтерін айтарлықтай күрделі компьютерлік өңдеуді талап етеді. Үшіншіден,

көптеген мәліметтерді топтастырып талдау қарапайым болса да үлкен сандық есептеулерді қажет етеді, бірақ біліксіз еңбектің ауқымды шығынын талап етеді. Компьютерді пайдалану зерттеуші үшін еңбек сыйымдылығы көп жұмысты есептеу машинасына беруге мүмкіндік береді.

Мәселелік-бағдарланған мәліметтер базасын құру этнографиялық деректердің көпшілік материалдарын компьютерде жинақтау және оның нақты мәселе бойынша машинада өңделген нәтижелерін болжайды. Сақтаудың осындай әдісі ақпараттарды бірнеше рет қолдануға жол береді, кез келген зерттеушіге мәліметтер мен оның әртүрлі әдіс бойынша өңдеу (оның ішінде математикалық статистика әдістерін тарта отырып) нәтижелеріне қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, МБМБ екі қызметке ие: мұрағаттық және зерттеушілік.

Жоғарыда көрсетілгендей, компьютерлендірілген сараптамалық зерттеу кезеңдерінің бірі этнографиялық дерек (сұрақ кітапшасы) негізінде машина оқи алатын құжат құру болып табылады, басқаша оны үндестіру (формализация), сонымен қатар дерек көзіндегі мәліметтердің толық жазуын кейін компьютер жадына енгізумен ескерілетін бірыңғай өлшеу жүйесін жасау.

Мәселенің мақсаты мен міндеттерін қою барысында қалдырылған толық көлемде ашуға мүмкіндік беретін белгілерді бөлу мәселесі мұнда қажет емес. Олар этнографиялық деректерді құру процесінде жасалған және қазақтардың қалалық тұрмысындағы халықтық отбасылық салт-дәстүрлердің қызмет ету заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеуге бағытталған. Бірыңғайланған сауалнама белгілерін өлшеу үшін гуманитарлы зерттеулерде негізінен атаулар мен реттік қатар шкалалары қолданылады. Атаулар шкаласында алдымен мазмұны бойынша (біздің жағдайда – әрбір сұраққа жауаптар нұсқасы – белгі) маңыздылық дәрежесі немесе белгі грациясының арақатынасы негізінен шыға отырып белгілер грациясы ретке келтірілген. Кейін бөлінген көрсеткіштерге сандық реттік қатар түрінде (код) индекс беріледі. Атаулар шкаласы бойынша сандық және сапалық белгілер өлшенеді. Реттік шкалада өлшеу қағидасы ранжирлеу атауын алған. Ол белгілердің нақтылы мәндерінің пайда болу жиілігінің кемуі бойынша жүргізіледі.

Этнографиялық сұраулар тізімі негізінде бірыңғайланған сауалнама қалай құрастырылғанын нақтылы қарастырамыз, респондентке қойылған бірінші сұрақ оның жынысымен байланысты. Бірыңғайланған сауалнамада «жыны-

сы» белгісімен бекітіледі, ал оның градациясы – «ер» және «әйел». Градацияға сәйкесінше «1» және «2» кодтары беріледі. Келесі сұрақ: «Сіздің жасыңыз?» деп сұралады. Сұраулар тізімінде респондент жай ғана сауал алған сәтке дейінгі өмір сүрген жыл санын көрсетеді. Сауалнамада бұл белгінің екі ашық шегі бар – «20 жастан төмен» және «80 жастан жоғары», «жас топтары» ретінде тіркеледі. Осы шектер ішінде белгінің аралық градациясында – «20-дан 29 жасқа дейін», «30-дан 39 жасқа дейін» және т.б. болады. Аралықтың оңтайлы мөлшері, құбылыс ерекшелігі қарастырылатын оның мәні Г.А.Стерджесс формуласы көмегімен есептеледі.


$$(K)=(X \max - X \min)/(1+3,2 \lg n)$$

[10, с. 49]

Біздің жағдайымызда аралықтың оңтайлы мөлшері 10 жылды құрады. «Жас топтары» белгісін басқыштап салалағаннан кейін сандық қатар түрінде кодтау жүргізіледі. «Қалада тұру мерзімі», «Қанша жасыңызда қалаға көшіп келдіңіз?» белгілері осыған ұқсас құралады.

«Ер (әйел) ұлты» белгісінде градация көріну жиілігінің дәрежесі бойынша ранжирленеді: орыс, украин, еврей, немісжәне т.б., мұнда «басқа да» деген градация қарастырылған, салыстырмалы қарастырғанда сирек кездесетін жұбайлардың ұлты түсіндіріледі.

Тіпті барлық белгілерде 0 деген код берілетін «көрсетілмеген» (шындығында – жауабы «жауап беруге қиналамын») деген градация қарастырылғанын айта кету керек. Этнографиялық дерек материалдары бойынша бірыңғайланған сауалнама үзіндісі 1-суретте келтірілген.



1-сурет

Бірыңғайланған сауалнама мәліметтері мәні бойынша машина оқи алатын формада көрсетілетін жаңа екінші дерек, кейін стандартты мәліметтер базасын басқару жүйесі (МББЖ) негізінде қалыптасқан МБМБ енгізіледі. Біздің таңдауымыз Microsoft фирмасының Access for Windows-на тоқталды. Бүгінгі күні бұл қарапайым және «достық» графикалық пайдалану-

шы интерфейске ие, ең атақты және қолжетімді МББЖ.

МББЖ Access МБ процессор бар, мәліметтерге кіруге болатын объектілер және пайдаланушы бағдарламаларды жылдам құру үшін формалар конструкторы. Өндеудің визуалданған құралдарын толықтыру үшін қызметтер мен процедураларды құруға болады, сонымен қатар ескішіл

операцияларды макрокомандаларды ұйымдастыру көмегімен автоматтанд МБМБ құруда Алматы және Тараз қалаларының материалдары бойынша «XX ғ. 90-жылдарының соңындағы қазақтардың қалалық тұрмысындағы халықтық отбасылық дәстүрлер мен инновациялар» келесідей шарттарды қамтамасыз етуі қажет болды:

ыңғайлы формада бірыңғайланған сауалнама мәліметтерін барлық көшірмесі бойынша сақтау;

берілген әртүрлі критерийлер бойынша диалогтық режимде мәліметтерді талдау мүмкіндіктерін алу;


әртүрлі белгілері бойынша топтар құруды қамтамасыз ету. Экран мен принтерге кестелік формаларды шығару;

әртүрлі гистограммалар, диаграммалар мен графиктер түрінде өңделген бірыңғайланған сауалнаманың нәтижесін көрнекі түрде көрсету.

Access-те бірыңғайланған сауалнамалар мәліметтерін өңдеу ыңғайлы болу үшін кестелік форма жүйесі құрылады, онда белгілердің жеке

атаулары (мазмұны) (2-сурет), жауаптар нұсқалары (олардың градациялары) және әрбір респондентке градациялар кодтарының көмегімен толтырылған кестелер.

МБМБ-да этнографиялық материалдарды өңдеуде жекелеген математикалық әдістер қарастырылған, оның ішінде факторлық топтар әдісі, ол белгілі бір деңгейде белгілер арасындағы байланысты орнатып, зерттеу, аспаптарға қосылған әрбір факторлар белгілерінің жекелеген бөлімдері бойынша ықтимал бөлулері бар, жиынтық бөліндісін (шартсыз) алу, сонымен қатар жұп (шартты) бөлуді де қарастырады. Шартсыз бөлу жекелеген факторлардың құрылымын айқындау үшін қолданылуы мүмкін, ал шарттылары себеп-салдарлық байланыстарды ашу үшін қажет. МБМБ-да кестелік және графиктік формада дайындалған топтастырылған сауалнамалық материал этнографиялық зерттеу көрсеткіштеріндегі өзгерістердің заңдылықтары мен тенденциялары туралы жалпы түсінікті беруге мүмкіндік береді.



2-сурет

Осылайша, ұсынылған әдіс мәселелік бағдарланған мәліметтер базасын құруда Алматы және Тараз қалаларының қазақ халқын этнографиялық сұрау материалдары бойынша қалалық

қазақтардың қазіргі отбасылық тұрмысындағы халықтық салт-дәстүрлер мен инновациялардың қызмет ету өзекті мәселесін жүйелі деңгейде зерттеуге, олардың көріну заңдылықтары мен

тенденцияларын айқындауға мүмкіндік береді. Этнографиялық материалдарды өңдеу барысында алынған нәтижелер республикамыздағы қазіргі этникалық үрдістер мен құбылыстар туралы білімдердің айтарлықтай баюына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Данилова Л.В. Традиция как специфический способ социального наследования // Советская этнография. – 1981. – №3. – С.48.
- 2 Данилова Л.В. Традиция как специфический способ социального наследования // Советская этнография. – 1981. – №3. – С.48.
- 3 Арушюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. -М., – 1999. – С.216.
- 4 Будина О.Р., Шмелева М.Н. Город и народные традиции русских. - М.,-1989. – С. 125
- 5 Аргынбаев Х. Свадьба и свадебные обряды у казахов в прошлом и настоящем // Совесткая этнография. – № 6. – 1974. – С. 69-77; Семья у народов Средней Азии и Казахстана // Семейный быт народов СССР. – М., 1980. – С. 440-503.
- 6 Малышев А.Б., Сакенова К.А. Культурный облик современного сельского населения Алматинской области (по материалам этносоциологического обследования) // Изв.НАН РК. Серия общ. – 1994. – №1. – С. 30-35.
- 7 Пименов В.В. Удмурты. Сұраулар тізімін құрастырғанда 1968 жылы В.В. Пименовтың жетекшілігімен жүргізілген Удмурттинің негізгі этносын этнографиялық зерттеу тәжірибесі қолданылған болатын.
- 8 Татарстанның қалалық және селолық тұрғындар арасында этноәлеуметтік зерттеулер материалдары бойынша алғашқы машина өкі алатын мәліметтер базасы 1967-1968 жж. құрылған болатын.(Ю.В.Арутюняна және О.И.Шкаратана). «СССР-ғы микрокомпьютерлік революция» кезеңінде осыған ұқсас жұмыстарды 1989 жылы Д.М. Исхакова мен Р.Н. Мусиналар жүзеге асырған болатын, ал 1994 жылы – Л.М. Дробижева және Р.Н. Мусина.
- 9 Историческая информатика / Под.ред. Л.И. Бородкина, И.М. Гарсковой. – М., 1996. – С. 39.
- 10 Миллс Ф. Статистические методы. – М.,1958. – С. 49.

References

- 1 Danilova L.V. Tradiciya kak specificheskii sposob socialnogo nasledovaniya // Sovetskaya etnografiya. – 1981. – №3. – S.48.
- 2 Danilova L.V. Tradiciya kak specificheskii sposob socialnogo nasledovaniya // Sovetskaya etnografiya/ – 1981. – №3. – S.48.
- 3 Arushunjan U.V., Drobizheva L.M., Susokolov A.A. Etnosociologija. – M., – 1999. – S. 216.
- 4 Budina O.R., Shmeleva M.N. Gorod b narodnye tradicii russkih. – M., 1989. – S. 125.
- 5 Argynbaev H. Svadba I svadebnye obrjady kazahov v proshlom I nastoiashem // Sovetskaya etnografiya – № 6. – 1974. – S. 69-77; Semia u narodov Srednei Azii I Kazahstana // Semeinyi byt narodov SSSR. – M., 1980. – S. 440-503.
- 6 Malyshev A.B., Sakenova K.A. Kulturnyi oblik sovremennogo selskogo naselenia Almatinskoi oblasti (po materialam etnosociologicheskogo obsledovania) // Izvestia NAN RK. Seria obsh. – 1994. – №1. – S. 30-35.
- 7 Pimenov V.V. Udmurty. Ispolzovan opyt etnograficheskogo obsledovania titulnogo etnosa.
- 8 Tatarstan kalalyk zhane selolyk turgyndar arasynda etnoaleumettik zertteuler materialdary boinsha algashky mashina oki alatyn malimetter bazasy 1967-1968 kuralgan bolatyn. (Arytunjan U.V., Shkaratan O.I.) SSSR gy mikrokomputer revolycija kezen osygan yksas zhumystardy 1989 Ishakova D.M., Musina R.N. zhuzege sayrgan bolatyn.
- 9 Istoricheskaia informatika / Borodkin L.I., Garskovoi I.M. – M., 1996. – S. 39.
- 10 Mills F. Statisticheskie metody. – M., 1958. – S. 49.

Бейсегулова А.Қ.
**Түркиядағы қазақ
диаспорасының
салт-дәстүріндегі
ерекшеліктер**

Түркиядағы қазақ диаспорасының этнографиялық ерекшеліктерін, бөгде ортадағы өзара ықпалдастық үрдісінің этникалық мәдениетке тигізген ықпалын ғылыми талдау, сонымен бірге олардың қазіргі кезеңдегі отбасылық қатынастарындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің сақталуы мен ерекшеліктерін саралау мақсатын алға қоя отырып мақалада қазақ диаспорасының қазіргі кездегі тарихи-этнографиялық соның ішінде бала туу және тәрбиелеуге байланысты, үйлену салт-дәстүріндегі құдалық, неке заңдылықтары, той өткізу, енші беру сынды әдет-ғұрыптық ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу этнографиялық жүргізілген экспедиция бойынша бүгінгі күні Түркия Республикасының қазақтар көп қоныстанған Ыстамбұл қаласының Зейтинбұрын және Гүнешлі аудандарында тұрып жатқан қазақ диаспорасымен кездесу барысында алынған естелік-жазбалалары, ел аузынан жазылып алынған мәліметтер, Ыстамбұл қаласындағы «Қазақ қоры» мұрағатындағы мәліметтер, Алматы облысы Қарасай ауданындағы Түркиядан келген оралмандар арасынан алынған мағлұматтар мен статистикалық мәліметтер құрайды. Сондай-ақ, Түркия қазақтарының тарихы жөнінде және осыған дейінгі жазылған еңбектер мен баспасөз бетіндегі мәліметтер негізге алынды.

Түйін сөздер: түркия қазақтары, диаспора, салт-дәстүр, ырым, неке, нәресте, ұлт, отбасы.

Beysegulova A.K.
**The features of customs and
traditions of the Kazakhs in
Turkey**

The article deals with the ethnographic features of the Kazakh diaspora in Turkey, the scientific analysis of the impact of foreign environment for the process of ethnic culture through mutual influence, as well as their traditional family relationships, customs and traditions. The purpose of this article is to show particular rituals associated with childbirth and parenting, marriage customs and traditions, such as matchmaking, marriage engagements, conducting weddings and others. The study is based on materials of ethnographic expedition in densely populated by Kazakhs Zeytiburun areas of Istanbul and Guneshli obtained during interviews with representatives of the Kazakh Diaspora, on archival materials «Kazakh Fund» Istanbul, ethnographic study of Kazakh immigrants from Turkey living in Karasai district of Almaty region.

Key words: diaspora, immigrant, wedding rituals, tradition, nation, family.

Бейсегулова А.Қ.
**Особенности обычаев
и традиций казахов в Турции**

В статье рассматриваются вопросы этнографических особенностей казахской диаспоры в Турции, научного анализа воздействия инородной среды на процесс этнической культуры путем взаимного воздействия, а также их традиционные семейные отношения, обычаи, традиции. Целью данной статьи является показать особенности обрядов, связанные с деторождением и воспитанием, свадебные обычаи и традиции, такие, как сватовство, брачные обязательства, проведение свадьбы и др.

Исследование базируется на материалах этнографических экспедиций в густонаселенные казахами районы Зейтибурун и Гюнешли г. Стамбула, полученных в ходе опроса представителей казахской диаспоры, на архивных материалах «Казахского фонда» г. Стамбул, этнографического исследования казахов-репатриантов из Турции, проживающих в Карасайском районе Алматинской области.

Ключевые слова: диаспора, репатриант, свадебные обряды, традиция, нация, семья.

**ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ
ДИАСПОРАСЫНЫҢ
САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Қазақстан Республикасы ұлттық тұтастығымызды қалыптастыру мақсатында шетелдердегі қандастарымыздың этникалық тарихын, дәстүрлі мәдениетінің сақталуын, өзгерісін, бөгде ортадағы этникалық және этномәдени үдерістерін ғылыми талдауды маңызды міндет етіп қояды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс, тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», – деп көрсетті [1, 8 б.]. Осыған байланысты бүгінде мемлекетіміз сырттағы қазақтардың рухани-мәдени қажеттіліктерін, сұраныстарын зерттеп білу арқылы қол ұшын көрсетуде. Негізінде қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі, Қазақстандағы этникалық үдерістердің барысы зерттеу нысаналарынан сырт қалып отырған жоқ. Мұның өзі мемлекетіміздің сырттағы қазақтардың тыныс тіршілігін қалт жібермей, олардың әлеуметтік мәдени қажеттіліктерін зерттеп білуге деген ұмтылыс деп білеміз. Бір жағынан шет жерлердегі қазақтардың жергілікті халықтар ықпалында қалыптастырған дәстүрлі мәдениетіндегі ерекшеліктерді, ұқсастықтарды сараптау Қазақстандағы этнология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Тарихтың әртүрлі оқиғалары зардабынан ауа көшіп қоныстанған қазақ ұлтының жиырма мыңға жуығы Түркия Республикасында тұрып жатыр. Олар өткен ғасырда түрлі тарихи себептерге байланысты ата-жұртынан ауып түрік еліне қоныстанған. Қандастарымыз қаншама тағдырдың тәлкегінен өтіп, ондаған жылдар бойы бөгде ұлт арасында мекен етіп отырса да халқымыздың ежелден жалғасын тауып келе жатқан өзіндік болмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын сақтап келе жатыр.

Түркияға ауған қазақ зиялыларының бірі Халифа Алтай: «Бүгінгі Түркия қазақтарының түріктерден ерекшелігі өздерінің ата салты мен халық дәстүрлерінің кейбірін сақтап қалуда.

Мәселен кісі жерлеу, оның жетісі, қырқы мен жылын беру бар. Тойлар қазақтың салт-дәстүрлері бойынша өтеді», – деп көрсетеді [2, 105 б.].

Дегенмен де, көптеген жылдар бойы басқа этностың әлемінде өмір сүрген соң, жат жердің тілі, мәдениеті, санасы, ұлттық психологиясы, салт-дәстүрі сол жерде тұрып жатқан қазақтарға да әсер етпей қоймайтыны анық. Оның үстіне қазақ диаспораларының түріктермен қаны, діні тамырлас, тілі ұқсас болуы да олардың басқа халықтармен салыстырғанда біртіндеп сіңісіп кетуіне оң ықпал еткен. Мәселен, жастардың тілін ұмытуына басқа жергілікті ұлт өкілдерімен отбасын құруы себеп болса, олар және олардың балалары жеті атаны тізбектеп айту дегенді, тіпті ана тілін де ұмыта бастаған. Бұған бірінші себеп отырықшы өмірге көшу болса, екіншіден аралас семьяда ұлттық әдет-ғұрыпты сақтауға мән берілмей, тұрмыс заңы, әдет-ғұрыптағы араластық қалыпқа түсіп, негізгі түбірін сақтай алмай қалған. Мәселен, Түркиядағы аралас отбасында түрік халқының салт-дәстүрлері басымдық рөлге ие болып, қазақтың байырғы салт-дәстүр түрлері өзінің мазмұны және түрі жағынан өзгеріске ұшыраған [3].

Мұндай құбылыстардың кең етек жаюына бір жағынан көнекөз қариялардың азайып бара жатқандығы да әсер ететіндіктен, қазіргі кезде қазақ жастарына мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтау өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Қазақ халқының өмірінде нәрестенің дүниеге келуімен байланысты туған ырымдар, жол-жоралар көп, халқымыздың салт-дәстүрінде бала туылғаннан бастап, есейгенше қатар жүретін жөн-жоралар болсын, мейлі баланы ұлттық тәрбиелеу жағында болсын барлығы да бала тәрбиесінен басталары хақ.

«Балалы үй базар» дейді қазақта, әсіресе жас келіннің бойына бала біткенін сезген ене оны өз қамқорлығына алып, пәле-жаладан, тіл көзден сақтаудың шарасын істей бастайды. Абысын-ажын, ауыл әйелдерін жинап, «құрсақ тойын» өткізе бастайды. «Құрсақ шашу» Түркия тұрып жатқан қазақтарда да бүгінге дейін жалғасын табады. Сондай-ақ, әйелдің тез босануына жасалатын «жарыс қазан» ырымы да қазақ арасында бүгінге дейін кездеседі.

Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын алғаш зерттеген Швециялық ғалым Ингвар Сванберг. Оның 1989 жылы «Түркия қазақ босқындары» атты кітабының бір тарауы «Казахская диаспора: Проблемы этнического выживания» орыс тіліне аударылған [4].

И. Сванбергтің пікірінше, түркі халықтарының ішінде басқа түркі тектес халықтармен салыстырғанда қазақтар – ассимиляцияға көп ұшырамайтын диаспора. Бұл шеттегі қазақтардың ұлтына, ата-жұртына, тіліне, дініне, салт-дәстүріне, жалпы алғанда ұлттық мәдениетіне, дәстүрлі халықтық дүниетанымына, даналыққа деген керемет құштарлықтың, өшпес үміттің нәтижесі [4, 44 б.].

И. Сванберг өз еңбегінде ғалым Улла Йохансеннің Алтайкөй кентінде 1957 жылы көрші үйде дүниеге келген ұл баланың жөн-жоралғысы туралы жазған деректерінен мысалдар келтіреді. Қазақтарда әйел босанып жатқан кезде арқанға керіп қойған. Дүниеге келген нәрестенің денесін тұзбен сүртіп, орап шомылдырады да анасының қасында үш күн ұстайды. Алғашқы үш күн анасы баласын жатпай, тұрмай күзеткен, себебі «сары албасты», «қара албасты» қаскүнем күштер ұрлап кетеді деген сенім болған. Екі жақтың туған туыстары, дос жарандары, көрші қоландары жиналып босанған әйелдің қасында ән айтып, би билеп, ойындар айнау арқылы көңілін көтеріп, ұйықтатпауға тырысқан. Кешке ер адамдар карта ойнап, ал әйелдер әңгіме дүкен құрып, тігіс тігіп, балаларға қараған [4, 174-175 бб.].

Синьцзяннан ауып келген қазақ әйелдерінің айтуынша баланың кіндігін жіппен байлаған, 2-3 күн өткен соң кіндік кеуіп түскеннен кейін оны ағашқа немесе қазақ үйдің жоғарғы жағына іліп қойған [4, 175б.]. Ал, Түркияда олар баланың кіндігін үш күн аяғына байлап, одан кейін бесікке, жастығының астына қойып сақтаған. Ол баланың кезбе болып кетпеуі үшін жасалатын ырым. Қазіргі таңда баланың түскен кіндігі туралы дәстүр өте сирек кездеседі.

Үшінші күні нәрестені дәстүрлі бесікке бөлеген. Бұндай бесікті 60-жылдарға дейін қолданған, Алтайкөйде әлі күнге дейін бесікке салады. Бірақ басқа қалаларда Ыстамбұлда нәрестелерді арнайы балалар төсегіне жатқызады. Бесікке саларда молда құран оқыған. Баланы бесікке салатын әйелді «бесік шеше» деп атайды. Ол міндетті түрде туылған баланың үйіне мал сойып және туылған нәрестеге сый алып келуі керек. Ақпарат беруші А. Полаттың айтуынша осы күнге дейін «бесікке салу» дәстүрі сақталған [1].

Баланы босана салысымен бір жеті өткеннен соң, мал сойылып шілдехана өткізіледі. Босанған әйелге қой малы сойылып арнайы ас «Қалжа» дайындалады. Босанған әйел міндетті түрде қойдың мойын омыртқасын мүжиді, мүжілген омыртқаны кереге іліп қойған. Егер омыртқалар ажырап кетпей кепсе, жақсы ырым саналған, яғ-

ни баланың мойны тез бекиді деп ырымдаған. Бұл дәстүр осы күнге дейін сақталып келеді. Көрші-қолаңы, туыстары сый ретінде құс етін, әсіресе тауық етін, оның жұмыртқасын әкеледі. Сонымен қатар, қазақ отбасыларында ұл босанса екі қой, қыз босанса бір қой сойып ас берген немесе мешітке апарып таратады.

Әдетте, босанған әйелді қорғалмаған «qunarsis» деп 40 күнге дейін үйден шығармаған және осы уақытта кейбір тиым салынған ережелерді ұстанады. Босанған әйел үш күнге дейін үй шаруашылығын жасамайды. Қырық күн өткеннен соң анасы баланың шашын алып, шашты баланың жастығының астына немесе орап жерге көмген [4, 175 б.].

Жас нәрестенің, әсіресе ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Сондықтан осындай қуаныштарда «сүйінші» сұралады. Түркиядағы қазақтарда сүйінші сұрау сирек болса да әлі күнге дейін бар. Сол үйдің балалары туған туыстарынан сүйінші сұрайды. Әрине, сүйінші сұраған адамға ақшалай не заттай сүйіншісі беріледі.

Дүниеге келген нәрестенің кіндігін кескен әйел «Кіндік шеше» туралы, И. Сванберг: «Кіндік шеше» туыстық қатынастың бір түрі, бұл қазіргі күнге дейін сақталып отырған дәстүр. Жүкті әйелдердің перзентханаларда босануларына байланысты, кіндігін кескен адам, дос-жарандары немесе туған-туыстарының ішінен тағайындалады. Нәрестенің ата-анасы кіндік шешеге сыйлықтар жасайды. Бала да өсіп ержеткенше кіндік шешесіне ерекше құрметпен қарайды деп жазады [4, 172 б.].

Бала алғашы қадамын жасай бастағанда аяғына тоқ ішекті немесе аттың қылын байлап, пысық, жүрісі жылдам, алғыр әйелге осы қасиеттері балаға жұғады деген оймен тұсауын кестірген. Түркия қазақтарында әлі күнге дейін бұл дәстүр өз жалғасын табуда, бірақ қазір баланың аяғын ала жіппен байлайды.

Қазақ халқында қалыптасқан салттың бірі үйдің үлкен баласын ата-әжесінің қолына, яғни күйеуінің ата-анасына немесе үлкен ағасына беру. Бұл баланы «асыранды бала, «колбала» деп атайды.

Неке қию, үйлену салт-дәстүріне келетін болсақ, үйлену тойында қазіргі түрік және қазақ дәстүрлері аралас жүреді. Оған себеп, түркілік тегінің ортақтығы және мұсылман діні қазақтардың түрік қоғамына тез бейімделіп кетуіне мүмкіндік берген.

Түркиядағы қазақтардың ассимиляцияға түсуіне өзіндік септігін тигізіп жатқан тағы бір

фактор – аралас некелер. Түрік халқымен қыз алысып, не қыз берісіп жатқан қазақ отбасылары да жоқ емес. Мәселен Түркиядағы аралас отбасында түрік халқының салт-дәстүрлері басымдық рөлге ие болып, қазақтың байырғы салт-дәстүрлері өзінің мазмұны және түрі жағынан өзгеріске ұшыраған [3, 104-105 бб.].

Қазақ жігіттерінің некеге тұру жасы 30 аса отбасын құруға және толық жауап беруге материалдық негізі қаланған кезде үйленеді. Дәстүр бойынша Түркияда отбасы үшін бар жауапкершілік ерлерге жүктелген. Жоғары білім алмаған қыздар көп жағдайда кәмелетке тола салысымен күйеуге шығып, күйеулеріне отбасылық өндірісте көмектеседі. Қазақ жастарының өкілдері Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдерінен жұмыс пен жақсы өмір іздеп өз үйлерін жиі тастап кетіп жүр және соңғы алты жылдың ішінде Қазақстанға көшіп келуге әрекет ете бастады [5, 2-б.]. Қазақстанға келген қандастырымызда бүгінде тарихи Отанындағы қазақ қыздарымен отбасын құрауда.

Жүргізілген далалық зерттеу экспедициясының нәтижесінде байқағанымыз Түркиядағы қазақтарда да әлі күнге дейін жеті атаға толмаса үйленбейді. Сондықтан әр қазақ өзінің аталық шежіресін жақсы білуге тиіс. Қазақтар аталық шежіресін есте сақтауды мықтап меңгеріп, өзіндік салт-дәстүрін қатаң ұстанған дейді Әбдуқап Қара (II).

Құда түсіп, қыз ұзату жоралғылары. Адам өміріндегі ең бір қызықты да, қуанышты да ұмытылмас белең – оның үйленіп, жеке отау тігуі. Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Қазақтар әлемнің қай түкпірінде жүрмесін ертеректе баласының болашағын көздеп, өздеріне тең, тегін білетін адамдармен құдаласуға тырысатын. Осы жөнінде ғалым Ислам Жеменей де, қазақтардың ұл-қыздары өздерінің болашақ жарын таңдауға ешқандай еркі болмайтын, қалыңдықты олардың ата-аналары таңдайтын деп жазған [6, 126-128 бб.]. Түркия қазағы Айша Полат: «..қызды айттыру үшін жігіттің ата-анасы бір үйдің қызын көріп, мақұл деп таныса, өздерінің балаларымен ақылдасады. Егер жігіт мақұлдаса қызды сұрап барады», – дейді (I). Бірақ ақпарат берушілердің көбі қазіргі таңда жастардың бір-бірімен өздері танысып, үйленіп жатқандарын айтты. Жігіт үйленер алдында әуелі өзіне ұнайтын теңін іздестіреді. Бұл дәстүр – «қыз көру», «жар таңдау» деп аталады. Жігіт қызбен келіскеннен кейін, оның ата-анасы ағайын-

туыстарымен ақылдасып қыздың үйіне жаушы жібереді. «Жаушы» – қыз айттыруға баратын өкіл. Ол жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен, әзілге жүйрік адам болуы шарт. Міндеті – қыз әкесін көндіріп, бойжеткенге құда түсіп, құдалыққа келер күнді белгілеп қайту. Бірақ қыз жағы бірден жауап бермейді. Сондықтан жаушы кеткеннен қыздың ата-анасы ағайындарын шақырып, ақылдасып келісімге келеді.

Түркиядағы қазақтарда ертеден келе жатқан «сырға салу», «айттыру» дәстүрлері де кездеседі. Кей жағдайларда қыз жігітке ұнаса, жігіттің анасы екі жаққа бірдей таныс адамды жіберіп айттырып та жатады. Негізі сырға салуға 3-4 үлкен кісілер барады. Ол кезде жігіт пен қыз бір-бірінің көрмеуі де мүмкін (III).

Түркия қазақтары қыздарының тұрмыс құру жасы 14-22 жас аралығы, ал ер бала 16-24 жас деп көрсетеді [4. 179-б.]. Қазіргі уақытта қыздардың тұрмыс құру жасы 18-25 жас, ал жігіт жасы 25-30 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Түркия қазақтарының «қалың малға» беретін ақшасы түрлі шамада 500-ден 4000 долларға дейін соманы құрайды.

Қалың малмен бірге «Сүт ақы», «Жүктің көрімдігі» деген ырымдар да бар, олардың құны да әртүрлі 1000 долларға дейін жетеді (III).

Түрік халқынан енген ырымдардың бірі қына шөбін жағу «Кіна гесеси» қына түні қыз ұзату тойы алдында қыздың үйінде құрбы құрдастары, жақын туыстары жиналып өткізілетін бұл дәстүр түріктерден енген. Оған тек қыз-келіншектер ғана қатысады. Қыз тұрмысқа шығатынның алдында бір күн бұрын жасалады. Билеп, өлең айтып, көңіл көтеру үшін жасалады. Тұрмысқа шығатын қызды ортаға алып қынаны суға езіп қыздың алақанына жағады. Қынаны күйеу жігіт жағы әкеледі. Қызға жаққан соң, қасындағы қыз келіншектерге кезегімен жағылады (IV).

Осындай мерекелерде, Түркия, Ауған, Иран қазақтарының ауызбірлігі бекем, олар осындай жиылыстардан қалмауға тырысады. Бұндай іс-шараларды барлығы яғни қыз жақтан рулас, аталас ағайындарының бәрі бірігіп жасайды. Сонымен қатар, «жеңгетай», «төс тартар» кәделері жасалынады, бұл кәдеге күйеу жігіт ақша-пұлын дайындап келуі қажет. Ал күйеу жігітке қыздың анасы тәтті салынған табақ тартады. Оның үстіне түріктің ақшасы лира немесе доллар са-

лып шашу шашады. Күйеу жігітке төс тартқанда күйеу мен қатар қыздың жезделері де күйеу табаққа ақша салып күйеу жігітке жәрдем береді. Салған ақшаны жеңгелері сонда отырғандар бөліп алып жатады.

Ертедегі қызды ұзатқанда айтылатын «сыңсу» қазір қалып бара жатқан салттардың қатарында. Дегенменде орта жастағы қыз-келіншектер «сыңсу» айтқан:

Отқа қойған жез шәйнек тез қайнайды
Өгей емес өз шешен жыламайды
Жылаған шешемді жұбатайын
Не дегеннен көңілі қалса да ауыртайын
Қош аман бол ауылым-ай
Суға салса жас шыбық салмақ қайда
Тал шыбықтай ойнаған оң жақ қайда
Кісі әкесі кісіні әке деймін
Қайран әкем өзіндей әке қайда дейді (V).

Бұрынғы қызға «ұрын келу» салты қазір жоқ. Әдетте Түркия қазақтары тойды жаз айларында өткізеді себебі Түркиядан Еуропаға кеткен қазақтар арнайы демалыс уақыттарында осында ағайын туыстарына келіп, бәрінің бастары бір қосылып қалады. Оның үстіне бұндай жиылыстар жастар үшін де керек дейді. Себебі балаларымыз өзге ұлтқа үйленгенше осындай жиылыстарда бір-бірін көріп танысады дейді Мансұр Тәйжі (VI).

Тойға ағайын туыс, жекжат жұрағаттың барлығы, сонымен қатар, сол Ыстамбұл, Измир тағы басқа қалалар мен ауылдық жерлерден келгендер бар, еуропадан келгендер бар барлығы 600-700-дей адам жиналады.

Қорыта келсек, Түркия қазақтарының өмір салтында бірқатар өзгешеліктер бар екенін көріп отырмыз. Жастар барған сайын салт-дәстүрді сақтауға немқұрайды қарауда. Сондықтан диаспора өкілдерін ұлтқа бөлмей, қазаққа тартып, қазақыландыра бастауымыз өзекті мәселенің бірі болуы тиіс. Дегенмен де тойларда, жиналған жиындарда нығыз ауызбірлігінің бар екені байқалып тұрады. Алыстағы ағайын даналыққа толы беташар дәстүрін, қуаныш, шаттық айғағы ретінде жасалатын шашу ғұрпын орындап келеді. Сонымен қатар, қандастарымыз қыз көру, сырға салу, құда түсу сынды атадан қалған салт-дәстүрлеріміздің қаймағын бұзбай сақтап, жастарға өнеге болып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндама // Дүниежүзі қазақтарының шежіресі. – II кітап. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2005. – 71 б.
- 2 Халифа Алтай. Алтайдан ауған ел. – Астана-полиграфия. – 2011. – 278 б.
- 3 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы, он томдық, 9 том. – Алматы: Сөздік-Словарь. – 2005 жыл. – 408 б.
- 4 Сванберг И. Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. – Алматы: Атамұра, 1997. – С. 224.
- 5 Бектемісов Қ. Түркия қазақтары // Қазақ. – 2010. – 19 қараша.
- 6 Жеменей И. Иран қазақтары (тыныс тіршілігі, салт-дәстүрі). – Алматы, 2007. – 149 б.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. Dүniezhүzi қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндама // Dүniezhүzi қазақтарының shezhiresi. – II кітап. – Almaty: Dүnie zhүzi қазақтарының қауымдастығы, 2005. – 71 b.
- 2 Halifa Altaj. Altajdan ауған ел. – Astana-poligrafija. – 2011. – 278 b.
- 3 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы, он томдық, 9 том. – Almaty: Sөzdik-Slovar?. – 2005 zhyl. – 408 b.
- 4 Svanberg I. Kazahskaja diaspora: problemy jetnicheskogo vyzhivaniija. – Almaty: Atamұra, 1997. – S. 224.
- 5 Bektemisov Q. Tүrkija қазақтары // Қазақ. – 2010. – 19 қараша.
- 6 Zhemenej I. Iran қазақтары (tynys tirshiligi, salt-dәstyri). – Almaty, 2007. – 149 b.

Информаторлар тізімі

- I Полат А. жасы 57, руы Жалайыр. Алматы облысы ҚР
- II Әбдулахаб Қара, жасы 52, руы Найман. Стамбул қ. Түркия
- III Софыгадан Күлия, жасы 66, руы Керей, Стамбул қ. Түркия
- IV Айшегүл Жігіт, жасы 35, Керей. Стамбул қ. Түркия Республикасы.
- V Мухаммедияр Қаратамыр, жасы 60, руы Қаратамыр, Алматы облысы ҚР
- VI Сәнияхан Зейнолла, жасы 82 руы Керей, Стамбул қ. Түркия мемлекеті,
- VII Мансұр Тәйжі, жасы 68-де, руы Найман, Стамбул. Түркия мемлекеті, қаласы, Гүнешлі ауданы, Қазақкент ықшам ауданы.

Амиров Е.Ш.

**Зеркало среднеазиатского
облика из могильника
Каратума (к постановке
проблемы выделения
жреческих погребений
саков Семиречья)**

В 2010 г. в могильнике Каратума было найдено зеркало с утолщением и валиком в центральной части. Это зеркало, датируемое концом VI – III вв. до н.э., является первой находкой в своем роде на территории Семиречья. Основным ареалом их распространения являются Приуралье и Верхнее Приобье, куда они проникали из Средней Азии. По ряду признаков этот тип зеркал сходен со специфичными двусоставными зеркалами-погремушками, традиционно трактуемыми как атрибуты женщин-жриц. Ряд прямых аналогий каратуминского зеркала был выявлен в женских погребениях в составе сакральных наборов, включающих также каменные алтарики и другие предметы культового назначения. В совокупности эти данные дают основания выдвинуть гипотезу о функциональном назначении зеркал с утолщением и валиком в центральной части как атрибутов жреческого сословия. Находка такого изделия в женском погребении могильника Каратума дает основание для постановки проблемы жреческих погребений саков Семиречья и выделения жреческого сословия в составе сакского общества. Вместе с тем найденное зеркало позволяет реконструировать путь проникновения этих зеркал в Приобье из мест производства.

Ключевые слова: Каратума, саки, зеркала, жрецы, погребения.

Amirov Y.S.

**The mirror of the Central-Asian
style on the basis of Karatuma
burial ground (challenge
problem of the identification
of Saka hieratical burials of the
Semirechie)**

In 2010, in the burial ground Karatuma was found mirror with thickening and roll in the central part. This mirror, dating from the end of the VI – III centuries BC is the first discovery of its kind in the territory of Jeti su. The main areas of their distribution are the Urals and Upper Ob, where they permeated from Central Asia. A number of features this type of mirror is similar to the specific two-part mirror-rattles, traditionally treated as attributes of women priestesses. A number of direct analogies of the karatuma's mirror was found in female burials in the composition of sacred kits comprising also stone altars and other objects of cult destination. In total, these data suggest hypothesis about the functional purpose of mirrors with a thickening and roll in the central part as attributes of priestly class. The find of this product in the female burial of interment Karatuma provides the basis for formulation of the problem of priestly burials of the Jeti su Sakas, and allocation of priestly class as part of Saka society. At the same time, the found a mirror allows to reconstruct the path of penetration of these mirrors in the Ob from places of production.

Key words: Karatuma, Saka, mirrors, priests, burials.

Амиров Е.Ш.

**Қаратума қорымының
ортаазиялық тектес айнасы
(Жетісу сақтарының
абыздар молаларын айқындау
мәселесіне орай)**

2010 ж. Қаратума қорымынан орталық бөлігінде қалыңдатылған тұсы мен жалы бар айна табылған болатын. Б.д.д. VI-III ғғ. мерзімделетін бұл айна Жетісу территориясында алғаш рет табылып отыр. Олардың негізгі таралған аймағы Орал маңы мен Жоғарғы Об маңы болып табылады және онда олар Орта Азиядан апарылған. Осы типтегі айналар бірқатар белгілер бойынша, әйел-абыздардың атрибуттары деп түсіндірілетін, екі бөліктен құралатын сылдырмақ-айналарға ұқсас. Қаратума айнасының бірқатар текелей аналогтары да салтарлар мен басқа да ғұрыптық заттардан тұратын сакралды топтама құрамында әйелдер молаларынан анықталған. Жиынтығында бұл мәліметтер орталық бөлігінде қалыңдатылған тұсы мен жалы бар айналарды абыздар қауымының атрибуттары ретінде пайдаланылған деген болжам жасауға негіз бола алады. Мұндай бұйымның Қаратума қорымының әйел моласынан табылуы Жетісу сақтарының абыздық молаларының және сақ қоғамының құрамындағы абыздық қауымның қалыптасу мәселелерін көтеруге негіз бола алады. Сонымен қатар, табылған айна бұндай айналардың өндіріс орнынан Об маңына дейінгі жолын реконструкция жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қаратума, сақтар, айналар, абыздар, молалар.

**ЗЕРКАЛО
СРЕДНЕАЗИАТСКОГО
ОБЛИКА
ИЗ МОГИЛЬНИКА
КАРАТУМА
(к постановке проблемы
выделения жреческих
погребений
саков Семиречья)**

Металлические зеркала являются довольно распространённой категорией находок в памятниках ранних кочевников Евразии. Традиционно они трактуются как предметы культа, применявшиеся при отправлении ритуалов [1 с. 90; 2 с. 94]. Эволюция зеркал, прослеженная по материалам широкого круга памятников, легла в основу целого ряда классификационных построений [3 с. 41; 4 с. 152; 1 с. 88; 5 с. 11; 6 с. 80]. В ходе деятельности нескольких поколений ученых зеркала превратились в ценный вид археологических источников. Настоящая работа посвящена находке в Семиречье зеркала относительно редкого типа, не характерного для этого региона.

В 2010 году были предприняты археологические исследования на могильнике Каратума, расположенном на территории Енбекшиказахского района Алматинской области в 146 км к востоку от г. Алматы, в восточной части дельты р. Шелек.

Отличительной чертой данного могильника являются его размеры – он насчитывает около 1000 курганных насыпей. В планиграфии могильника можно выделить 4 группы, вытянутые по линии ЗСЗ – ВЮВ, в которых курганы располагаются беспорядочно относительно друг друга.

При раскопках кургана №137, расположенного в западной группе, было найдено зеркало, выделяющееся на фоне бедного и однообразного в основной своей массе погребального инвентаря могильника.

Курган, в котором была сделана находка, не отличается своими размерами – его диаметр составляет 9 м при высоте 0,55 м. Насыпь сложена из супесчаного грунта, перемешанного со щебнем. Края насыпи оконтурены кольцом, сложенным из мелкого и среднего галечника. Под ней были выявлены две параллельно расположенные грунтовые могильные ямы, ориентированные длинными сторонами в широтном направлении.

Могильная яма 1 удлиненно-овальной формы, расположена на южной половине подкурганной площадки. Ее длина составляет 2,5 м, ширина 1,3 м. Глубина могильной ямы равна 0,3 м. На дне были найдены человеческие кости, в частности фрагмент позвоночника, по расположению которого можно предположить, что погребенный индивид был уложен голо-

вой на запад. Возраст его составлял 35 – 45 лет, пол установить не удалось¹. У южной стенки, по всей вероятности, в районе предплечья стояли 2 керамических сосуда.

Могильная яма 2 овальной формы, расположена в 1,4 м к северу от первой. Ее длина составляет 2,3 м, ширина 1,3 м. При выборке заполнения человеческие кости были встречены на различной глубине. Судя по ним, в могиле была погребена молодая женщина возрастом 18 – 25 лет. Дно могильной ямы зафиксировано на глубине 0,5 м, на нем были расчищены 2 керамических сосуда и зеркало.

В обеих могилах были найдены сосуды 2-х видов. Однотипные плоскодонные чаши с открытым устьем и небольшие кувшины. Кувшин из могильной ямы 1 с раздутым туловом и плоским дном; горловина заужена, венчик отогнут наружу.

Кувшин из могилы 2 имеет плоское дно, придонная часть не сужена, на тулове имеются следы круглой в сечении петлевидной ручки. Горловина сужается кверху, венчик не сохранился. По всей видимости, эти сосуды представляли собой парные наборы еды и питья.

Зеркало, найденное в могильной яме 2, лежало в деревянном футляре, остатки которого были зафиксированы на тыльной стороне изделия. Рабочая часть зеркала представлена диском круглой формы диаметром 19,3 см.

На его тыльной стороне имеются элементы декора в виде 4-х прочерченных концентрических окружностей, валика в центральной части и небольшого полусферического утолщения в центре. Бортик у изделия отсутствует, гурта также нет.

Диаметр утолщения в центре диска равен 0,9 см. Ширина выпуклого валика 0,6 см, его диаметр по внешнему контуру 3,4 см. Диаметр прочерченных на поверхности диска концентрических окружностей равен следующим значениям: 6 см, 8 см, 14,8 см, 15,4 см.

Ручка зеркала боковая, представляет собой одно целое с диском; ее длина составляет 11,9 см. На месте стыка ручки с диском фиксируется характерная черта, изогнутая под прямым углом. Ручка расширяется к концу, ее минимальная ширина составляет 2,4 см, максимальная 4,5 см. Толщина сечения ручки равна толщине диска. Конец ручки закругленный, поверхность не

орнаментированная. Общая длина изделия, включая диск и ручку 31,2 см.

Зеркало было деформировано и сломано в нескольких местах. В ряде мест край зеркала расслоился, что наталкивает на мысль о конструкции изделия, подразумевающей наличие двух спаянных между собой дисков.

Совокупность описанных признаков находит отражение в типе 5.3 типологии А.С. Скрипкина [1, с. 95] и типе 1.1.2 типологии В.А. Могильникова [6, с. 84]. А.С. Скрипкин узко датирует эти зеркала в рамках IV в. до н.э. [1, с. 150]. В.А. Могильников, не соглашаясь с ним, определил период их бытования (IV – III) – II вв. до н.э., с возможным сужением хронологии за счет смещения верхней даты до III в. до н.э. [6, с. 85; 7, с. 22]. Осуществленный в последующем дополнительный анализ погребального инвентаря могильника Рогозиха-1 дал основания к удревнению периода появления зеркал типа 1.1.2 до конца VI – V вв. до н.э. [8, с. 59; 9, с. 91; 10, с. 31]. Как было отмечено В.А. Могильниковым, конструктивное несовершенство этого типа зеркал, сказавшееся на их непрочности, определило быстрый выход их из употребления и короткий период существования. Это наталкивает на мысль о возможности смещения и верхней хронологической границы в сторону удревнения, что несколько сблизит ее с датировкой этого типа зеркал, предложенной А.С. Скрипкиным. Тем более, что установление верхней границы периода бытования зеркал с утолщением и валиком в центральной части в III в. до н.э. не противоречит хронологии ни одной из находок такого рода [7, с. 21]. Исходя из приведенных аналогий, каратуминское зеркало можно датировать в пределах конца VI – III вв. до н.э.

Место производства зеркал с утолщением и валиком в центре с высокой долей вероятности локализуется в ремесленных центрах Средней Азии или сопредельных с ней территорий [6, с. 85; 11, с. 85]. Свое распространение среди кочевников они получили главным образом в двух регионах: в Приурале и Приобье [7, с. 31]. В памятниках сакского круга до последнего времени они были неизвестны.

Некоторое сходство с этими зеркалами проявляет изделие, найденное в кургане Иссык [12, с. 31]. Сближает его с рассматриваемым нами типом зеркал наличие прочерченных концентрических окружностей и валика. Однако валик иссыкского зеркала имеет иное расположение относительно пропорций диска и существенно отличающуюся профилировку. Кон-

¹ Половозрастные определения выполнены научным сотрудником Института этнологии и антропологии РАН Китовым Е.П.

фигурция ручки в виде штыря также указывает на иную линию развития зеркал, при некоторой общности идеи оформления тыльной стороны диска.

Таким образом, каратуминское зеркало является первой в своем роде находкой в памятниках саков Семиречья. Сюда оно попало, по всей видимости, благодаря налаженным связям с культурными центрами среднеазиатского региона [12, с. 55]. Высока вероятность того, что эта находка маркирует путь, по которому зеркала этого типа попадали в Приобье без отмечаемого некоторыми исследователями участия ранних сармат [7, с. 24].

Относительно возникновения этого типа зеркал В.А. Могильниковым было выдвинуто

мнение, что он сформировался в результате наложения идеи оформления зеркал-погремушек на основу в виде цельнолитых зеркал с длинной боковой ручкой и гладким диском [6, с. 84].

Зеркала-погремушки имеют примерно тот же ареал распространения, что и зеркала с валиком и утолщением в центральной части [13, с. 142; 14, с. 142; 10, с. 28; 9, с. 86]. Они традиционно определяются как атрибуты жриц, использовавшиеся при отправлении ритуалов.

Касательно функционального предназначения зеркал с утолщением и валиком в центральной части устоялось мнение, что они представляют собой упрощенные версии зеркал-погремушек [8, с. 62; 9, с. 90], следовательно, также являются жреческими атрибутами.




Рисунок 1 – Погребальный инвентарь кургана 137 могильника Каратума.

- 1 – керамические сосуды из могильной ямы 1;
- 2 – керамические сосуды из могильной ямы 2;
- 3 – металлическое зеркало из могильной ямы 2.

П.И. Шульгой была установлена закономерность, согласно которой зеркала-погремушки соотносятся с погребениями молодых женщин, привязанными к парным жреческим захоронениям, для которых характерны останки женщин молодого и пожилого возраста [11, с. 82]. Каратуминское зеркало также сопровождало погребение молодой женщины, а погребенный в соседней могильной яме индивид был более зрелого возраста.

Однотипные с каратуминским зеркалом изделия, найденные в Новотроицком некрополе (2 шт.) и в могильнике Рогозиха-1 (1 шт.), были найдены в комплекте с каменными алтариками [15, с. 103, 106; 10, с. 103]. Вместе с одним из новотроицких зеркал также были уложены хорошо выделанное керамическое пряслице и зернотерка со следами копти или бурой краски. Под концом ручки другого новотроицкого зеркала лежал кусочек мела. Вместе с рогозихинским

зеркалом были найдены оселок и круглая каменная свечильня. Перечисленные предметы имеют культовый статус и образуя погребальные комплексы позволяют предположить, что захоронения, которые они сопровождают, принадлежат лицам, связанным с отправкой культов и ритуалов.

Тот факт, что каратуминское зеркало является двусоставным изделием, максимально сближает его с зеркалами-погремушками и усиливает аргументацию в пользу его жреческой принадлежности.

Перечисленные сведения позволяют нам предположить, что погребение в могильной яме 2 кургана 137 могильника Каратума является жреческим. До этого времени жреческие погребения в среде саков Семиречья были неизвестны.

Исключение составляет погребение в кургане Иссык, но в нем захоронено лицо, по всей видимости, совмещающее духовную и светскую власть [2]. Решение проблемы жреческих погребений даст нам возможность дополнить картину сакского общества, традиционно разделяемого на три страты: царей и военачальников, знать и рядовых [16, с. 50], добавив к военно-политическому разрезу религиозный. Остается добавить, что сложные религиозные представления саков, реконструируемые на материалах кургана Иссык, а также многочисленных находках жертвенников и котлов, на наш взгляд должны были обусловить потребность общества в служителях культа.

Литература

- 1 Скрипкин А.С. Азиатская Сарматия. Проблемы хронологии и ее исторический аспект. – Саратов, 1990. – 301 с.
- 2 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата, 1984. – 176 с.
- 3 Мошкова М.Г. Памятники прохоровской культуры // САИ. – Вып. Д 1 – 10. – М., 1963. – 89 с.
- 4 Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. – М., 1964. – 380 с.
- 5 Кузнецова Т.М. Зеркала Скифии VI – II вв. до н.э. Том I. – М., 2002. – 352 с.
- 6 Могильников В.А. Население Верхнего Приобья в середине – второй половине I тысячелетия до н.э. – М., 1997. – 195 с.
- 7 Могильников В.А., Уманский А.П. Два зеркала из Новотроицких курганов // Памятники Евразии скифо-сарматской эпохи. – 1995. – С. 19 – 31.
- 8 Уманский А.П., Шульга П.И. Два погребения с восточными зеркалами из Алтайского края // Вопросы археологии и истории Южной Сибири. – Барнаул, 1999. – С. 43 – 80.
- 9 Шульга П.И. Могильник скифского времени Локоть-4а. – Барнаул, 2003. – 204 с.
- 10 Уманский А.П., Шамшин А.Б., Шульга П.И. Могильник скифского времени Рогозиха-1 на левобережье Оби. – Барнаул, 2005. – 204 с.
- 11 Шульга П.И. Жреческие парные захоронения с зеркалами-погремушками (к постановке проблемы) // Древности Алтая. Известия лаборатории археологии. – Вып. 5. – Горно-Алтайск, 1999 г. – С. 82 – 91.
- 12 Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М., 1978. – 132 с.
- 13 Смирнов К.Ф. Сарматы на Илеке. – М.: Наука, 1975. – 176 с.
- 14 Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М.-Л. : б.н., 1953. – 402 с.
- 15 Шульга П.И., Уманский А.П., Могильников В.А. Новотроицкий некрополь. – Барнаул, 2009. – 329 с.
- 16 Акишев К.А. Социальная структура сакского общества в VI – IV вв. до н.э. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1993. – С. 45 – 58.

References

- 1 Skripkin A.S. Aziatskaia Sarmatiia. Problemy khronologii i ee istoricheskii aspekt. Saratov, 1990. – 301 s.
- 2 Akishev A.K. Iskusstvo i mifologija sakov. Alma-Ata, 1984. – 176 s.
- 3 Moshkova M.G. Pamiatniki prokhorovskoi kul'tury // SAI. Vyp. D 1 – 10. M., 1963. – 89 s.
- 4 Smirnov K.F. Savromaty. Ranniaia istoriia i kul'tura sarmatov. M., 1964. – 380 s.
- 5 Kuznetsova T.M. Zerkala Skifii VI – II vv. do n.e. Tom I. M., 2002. – 352 s.
- 6 Mogil'nikov V.A. Naselenie Verkhnego Priob'ia v seredine – vtoroi polovine I tysiacheletii do n.e. M., 1997. – 195 s.
- 7 Mogil'nikov V.A., Umanskiĭ A.P. Dva zerkala iz Novotroitskikh kurganov // Pamiatniki Evrazii skifo-sarmatskoi epokhi. 1995. – S. 19 – 31.
- 8 Umanskiĭ A.P., Shul'ga P.I. Dva pogrebeniia s vostochnymi zerkalami iz Altaiskogo kraia // Voprosy arkhologii i istorii Iuzhnoi Sibiri. Barnaul, 1999. – S. 43 – 80.
- 9 Shul'ga P.I. Mogil'nik skifskogo vremeni Lokot'-4a. Barnaul, 2003. – 204 s.

- 10 Umanskii A.P., Shamshin A.B., Shul'ga P.I. Mogil'nik skifskogo vremeni Rogozikha-1 na levoberezh'e Obi. Barnaul, 2005. – 204 s.
- 11 Shul'ga P.I. Zhrecheskie pamyne zakhoroneniiia s zerkalmi-pogremushkami (k postanovke problemy) // Drevnosti Altaia. Izvestiia laboratorii arkheologii. Vyp. 5. Gorno-Altaiisk, 1999 g. – S. 82 – 91.
- 12 Akishev K.A. Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazakhstana. M., 1978. – 132 s.
- 13 Smirnov K.F. Sarmaty na Ilike. M. : Nauka, 1975. – 176 s.
- 14 Rudenko S.I. Kul'tura naseleniia Gornogo Altaia v skifskoe vremia. M.-L. : b.n., 1953. – 402 s.
- 15 Shul'ga P.I., Umanskii A.P., Mogil'nikov V.A. Novotroitskii nekropol'. Barnaul, 2009. – 329 s.
- 16 Akishev K.A. Sotsial'naia struktura saksogo obshchestva v VI – IV vv. do n.e. // Arkheologicheskie pamiatniki na Velikom Shelkovom puti. Almaty, 1993. S. 45 – 58.

Ахантаева Ә.Ж.

**Сырдария өзені бойындағы
ортағасырлық қалалар –
отырықшылық мәдениеттің
орталықтары**

Бұл мақалада Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы ежелгі дәуір мен орта ғасырлар кезеңінде өмір сүрген қалалар және қала мәдениеті туралы айтылады. Ежелгі және орта ғасыр кезеңінің қалаларының: біріншіден отырықшылық мәдениет орталығы екіншіден, сауда орталығы үшіншіден, әкімшілік орталық қызметін атқарғандығы жайлы дәлелденіп, зерттелді. Мысалы, Сыр бойында оғыз заманында өмір сүрген атақты қаланың бірі Жанкент тек қана астана және оғыз әкімдерінің қысқы резиденциясы емес, ол Сырдария сағасындағы ірі сауда орталығы да болған. Сырдария бойымен Орта Азия қалаларынан мұнда Ибн-Хаукальдың куәлігі бойынша, бидай және астық тиелген кемелер келіп тұрған. Сыр өңірінің қалаларына байланысты археологиялық және этнографиялық материалдарды қолдана отырып ежелгі цивилизациямен, егіншілік мәдениетінің ошағы болғандығы дәлелденді. Сырдария бойындағы оғыз-қыпшақ қалалары: Сауран, Сығанақ, Янгикент, Жент, Узгент, Баршикент т.б. керуен жолдарында орналасып, егіншілік пен қала мәдениетінің орталықтары болғандығы мен олардың тарихына қысқаша тоқталдық.

Түйін сөздер: Сырдария өзені, ортағасырлық қалалар, егіншілік мәдениет, бидай, тары, сауда, әкімшілік орталық, резиденциясы, Жібек жолы, Сығанақ, Сауран, Жанакент.

Ахантаева Ә.Ж.

**Medieval towns along the Syr
Darya River – was the center of
an agricultural culture**

In given article it is told about development and features of their cultures of the ancient cities located in the middle and lowland on a watercourse of Syr-Darya. Ancient and medieval cities were investigated: first, as the centers of settled culture; secondly, as shopping centers; thirdly, as administrative centers. For example, under the certificate of Ibn-Haukalja, one of the glorified cities, located on a current of Syr-Darya in Oguz epoch Zhankent was not only capital and winter residence of the governor oğyzov, but also the large shopping center located in lower reaches of Syr-Darya. Here from cities of Asia there arrived the ships loaded with grain. Using archaeological and ethnographic materials, the researcher proves that it was the center of an ancient civilization and the center of agricultural culture. He has short stopped on such cities of agricultural culture located along Syr-Darya, as Savran, Syganak, Jangikent, Zhent, Uzgent, Barshikent etc.

Key words: the Syr Darya River, medieval towns, agricultural crops, wheat, millet, trade, administrative center, the residence, the Silk Road, Syganak, Sauran Zhanakent.

Ахантаева А.Ж.

**Средневековые города вдоль
реки Сырдарья являлись
центром земледельческой
культуры**

В данной статье говорится о развитии и особенностях их культур древних городов, расположенных в середине и низине по течению реки Сырдарья. Древние и средневековые города исследовались: во-первых, как центры оседлой культуры; во-вторых, как торговые центры; в-третьих, как административные центры. Например, по свидетельству Ибн-Хаукаля, один из прославленных городов, расположенный по течению Сырдарья в оғызскую эпоху Жанкент был не только столицей и зимней резиденцией правителя оғызов, но и крупным торговым центром, расположенным в низовье Сырдарья. Сюда из городов Азии прибывали корабли, нагруженные зерном. Используя археологические и этнографические материалы, исследователь доказывает, что он являлся центром древней цивилизации и очагом земледельческой культуры. Так же кратко остановился на таких городах земледельческой культуры, расположенных вдоль Сырдарья, как Савран, Сыганак, Янгикент, Жент, Узгент, Баршикент и т.д.

Ключевые слова: река Сырдарья, средневековые города, земледельческой культуры, пшеница, просо, торговля, административный центр, резиденция, Шелковый путь, Сыганак, Сауран, Жанакент.

**СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ
БОЙЫНДАҒЫ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЛАЛАР –
ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ
МӘДЕНИЕТТІҢ
ОРТАЛЫҚТАРЫ**

Қазақстанның оңтүстік өңірінде отырықшылықтың өркендеп, дамуында «Ұлы Жібек жолының» маңызы зор болды. «Ұлы Жібек жолы» 2 мың жылға тарта уақыт бойы өмір сүрген. Бұл дүниежүзілік өркениетте дара ерекше құбылыс болды. Ұлы Жібек жолы әртүрлі сауда, мәдениет, жаңалық және жаңа ойлардың таралу жолы, Еуразиядағы көшпенділер мен отырықшы халықтардың дамып, өркендеу жолының негізгі себептерінің бірі болды. «Жібек жолы» цивилизация жолы болды. Қазақ даласында жүздеген қалалардың болуын қазіргі қазақ археологтары зерттеп, дәлелдеп отыр. Тіптен, сақтардың астанасы да (Шырық рабат) осы Қазақ даласындағы Сырдария өзені бойында болуы, осы өңір цивилизацияның нағыз ошағы екенін дәлелдеп отыр. Ендеше біз сақ кезеңінен бастап отырықшы мәдениет қалыптасқан деп толық айта аламыз.

Жер шарында өмір сүріп жатқан әрбір халық сияқты, қазақ халқы да мәдениетті өзінің мүддесіне және өмір талабына бейімдеп жасаған. Олай болса, әрбір тарихи кезеңнің өзіндік мәдениеті болатын сияқты, әрбір халықтың өзіне тән мәдени дәстүрлері болады. Соның ішінде әлемдік құбылыс ретінде сонау ерте кезден осы күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі мәдениеттің орны ерекше деп айтуымызға болады. Осындай дәстүрлі мәдениеттің бірі болған егіншілік мәдениеті қазақ халқының өмірінде де маңызды рөл атқарды және оның орны ерекше болды. Жер шаруашылығында нағыз керекті қажеттілікті, мұқтаждықты қанағаттандыратын және пайдаланатын Жер – табиғи нысана болып табылады. Сондықтан да адамдардың ылғи Жер анамен үнемі байланыста болуы олардың жер мен дән жөніндегі білімі мен өмірдегі тәжірибелерінің молайуына әсер етеді. Егіншілік кәсіпте диқандар жердің құнарлылығын арттырып өз мақсаттарына тиімді пайдалана білген. Жер шаруашылығын ұйымдастыруда еңбек құралдар арқылы оның сипатын айқындаса, суландыру жүйелері арқылы түрін анықтады. Диқан қауымы қажырлы еңбек арқасында мол өнім ғана алып қоймай, оны өңдеуді яғни технологиясын да ойлап тапты. Диқаншылық кәсіпте оны көктемде ұйымдастырғаннан бастап, күзде жинап алғанша, табиғат және оның құбылыстарына арнап түрлі наным-сенім жоралғыларын жасады. Бұл егіншілікке байланысты әдет-ғұрыпта көрініс тапты (әдет-

ғұрып – дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп, салт-сана).

Қазақ тарихында орта ғасырлар кезеңінің маңызы ерекше, VI ғ. бастап қазақ жерінде көптеген өзгерістер бола бастады. Түркілердің жаулап алуы, жаулап алынған жерлердің шаруашылығына біршама әсерін тигізді. Ол егістік алқаптарының біршама қысқаруына және мал шаруашылығы үлесінің ұлғайуына алып келіп, жайылымдық және көшпелі мал шаруашылығының рөлін арттырған сияқты.

Түркілер жөнінде С.П. Толстов: «... Орта Азия мен Қазақстанды түркілердің жаулап алуының маңызын бағалай отырып, ол жергілікті табиғат жағдайларының әсерінен баяғыдан қалыптасқан шаруашылық жұмыстарының дәстүрлі түрлерінің дамуын үзіп тастаған жоқ деп айтуға болады. Бұл археологиялық заттай деректермен және тарихи материалдармен расталып отыр [1, 144 б.].

Түркілердің жаулап алуы Орта Азияда жүріп жатқан феодалдану процесіне түрткі болды, ол осы жерлердегі мемлекеттердің ішкі даму нәтижесінде болды. Жаулап алушы көшпелілер осы процесті тездетіп жіберді де, оған өзінше ру-тайпалық бөлініс пен патриархалды-рулық тұрмыстың сипатын берді.

Біздіңше, жалпы түріктердің, оның бірі қазақтардың өркениетті мәдениетінің зор болуы, ол да болса көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтардың қосылуының [синтезінің] нәтижесі деп қараған жөн. Кең байтақ жерді мекен еткен түріктер, ерте заманнан бастап-ақ, өз Отанының табиғи-жағрафиялық ерекшеліктеріне икемделіп өмір сүрген. Отырықшылыққа қолайлы жерлерде қалалар, бекіністер салып, оларды өздерінің мәдениетінің орталығына айналдырған. Жартылай шөлді аймақта отырықшылық, көшпелі өмір сүрген. Шөлейттік жерлерде көшіп-қонып, төрт-түлік малды өсірген. Каспий, Арал теңіздерінің жағасында балық аулаған. Осы көп салалы шаруашылықтың негізінде өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, оны ұдайы дамытып отырған [2, 91 б.].

Тайпаның, рудың тіпті рулық бөлінудің этникалық өзіндік айқындалуына олардың шаруашылығының түрі көп әсер етті деп пайымдауға болады. Негізінен егіншілікпен қатар отырықшы мал және балық шаруашылығымен айналысатын тайпалар, қарақалпақ халқының негізін құрады, ал басты шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығына кәсіптенген тайпалар Кіші жүз құрамына енді [3, 17-21 бб.]. Бірақ бұл төңіректе ұзақ уақыт

бойы қатар өмір сүру, жартылай отырықшы тұрғындардың көшпелілермен тығыз шаруашылық байланысының орнығуына алып келуі тиіс еді. Экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы көбінесе үнемі болып отыратын жұтқа ұшырады, жұтаған көшпелілер жартылай отырықшылардың қасына қоныстанып егіншілікпен немесе балық шаруашылығымен айналыса бастауы әбден мүмкін еді. Олардың кейбір бөліктері, өздерінің тұрмысын түзеп алып, қайтадан көшпелілікке ауыса бастайды, ал бір бөлігі қалып қояды, мәселен осындай шаруашылықтардың, сол кездегі ру-тайпалық бөліністің күшімен жартылай отырықшы рудың немесе тайпаның арасында ұзақ уақыт бірге өмір сүргеннен кейін, осы тайпаға рулық бөліну немесе ру ретінде еніп кетуі мүмкін еді. Көптеген тайпалардың құрамында бірдей аталатын рулармен рулық бөліністердің бар болуы, мүмкін, осымен түсіндіріледі. Рулардың тайпаларға зорлық көрсету жолымен қосылулары да мүмкін, ол тіпті жиірек болып отырған шығар.

Түркі қағанаты құлағаннан кейін Сырдарияның орта және төменгі ағысының бойында түркі тайпаларының – осы аудандардағы печенегтердің бір бөлігін ысырып шығарған оғыздардың одағы құрылды, қалғандары олардың құрамына күшті және беделді «биджне» тайпасы ретінде енді. Оғыздардың орталығы Жанкент бекінісі болды, оның қираған орны қазіргі Қазалы қаласына жақын жерде. Жанкент оғыздардың жоғарғы билеушісінің – ябғудың ордасы еді.

Оғыздардың тіршілік еткен жері, олардың өмір сүру салттары, антропологиялық түрлері туралы қызық мәліметтер әл-Масудиның «Китап мурудж аз-захабында» кездеседі. Әл-Масуди мал шаруашылығы мен егіншілікті қатар ұстаған оғыздардың шаруашылығының кешенді сипаты туралы және олардың антропологиялық түрінде моңғолдық пішіндер басымырақ екенін былай жазған: «... және де онда [яғни Арал теңізінде – Ә.А.] Жаңақала деп аталатын, түркілерге тиесілі қала жатыр, онда мұсылмандар өмір сүреді. Бұл жердегі түркілер арасында гуздар көбірек кездеседі, олардың жартысы көшпелілер, жартысы отырықшылар. ...» [4, 75 б.].

С.Г. Агаджанов оғыз жатақтары тек қалада ғана емес, қыстақтарда тұратынын айта келіп, «егінші» немесе «диқан» сөздерінің шығу тегіне тоқталады: «... что огузские племена XI в. называли земледельцев «тарыгчи». Семантически данный термин восходит к огузскому названию проса. Махмуд Кашгарский сообщает, что «тарыг – пшеница у всех тюрок и лишь у огузов –

просо». Происхождение исследуемого термина, обозначавшего пахаря-земледельца, исторически вполне объяснимо ...» [5, 95 б.]

Кеңес тарихшылары мен археологтарының зерттеулері оның даму процесінде мәдени сабақтастықтың бұзылмағандығын, бұл қоныстанудың біріншіден бекініс, екіншіден сауда орталықтары ретінде өлкенің экономикасының көтерілуі нәтижесінде пайда болғандығын көрсетіп берді [6, 166 б.].

Сырдария бойындағы оғыз-қыпшақ қалалары: Сауран, Сығанақ, Янгикент, Жент, Узгент [Өгізкент], Баршикент т.б. керуен жолдарында [Жібек Жолы] орналасып, егіншілік пен қала мәдениетінің орталықтары болған. Олардың көбісі соңғы жылдардағы зерттеулерде дәйектеліп, жазба мен археология ізденістері шендестіріле бастады. Осы қалалардың кейбіреуіне алдағы уақытта қысқаша тоқталып кетейік.

Махмұт Қашқари XI ғ. оғыздардың Сырдарияны «угуз» өзені деп атағанын мәлімдеген, ал күздер қалаларына: Сауран, Сығанақ, Сүткент, Қарашық және Қарнақ қалаларын жатқызған. Оның картасында «күздер қалалары» алқабы Қарашық қаласынан оңтүстікке қарай, Сырдария өңірінің орта белінде көрсетілген [7, 90 б.].

1970 жылы Асанақта нәтижелі қазба жұмысын жүргізген М.Н. Вантурская С.П. Толстовтың пікірін нақтылай отырып, бұл қаланың оғыздардың өздері тұрғызғанын одан табылған керамика арқылы дәлелденді [8, 11 б.]. Қызылордаға жақын жерде, 50 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай Асанас қаласының қалдығы жатыр. Биіктігі бес метрдей дуалмен қоршалған, б.з I–XV ғасырлары арасында өмір сүрген. Жазба деректерде 1219 жылы Жошы әскерлеріне қарсылық көрсетіп, басылып алынған.

Сыр бойында оғыз заманында өмір сүрген атақты қаланың бірі: «... Жанкент тек қана астана және оғыз әкімдерінің қысқы резиденциясы емес, ол Сырдария сағасындағы ірі сауда орталығы да болған. Оған себеп болған қаланың Орталық Қазақстан далаларын бір жағынан Орта Азия және Таяу Шығыспен, екінші жағынан – Хорезм, Арал өңірі, Кавказ және Жерорта теңізімен қосып тұрған ерекше коридорда тұрған географиялық орны. Қала құрлықтағы және өзен жолындағы сауда орталығы болған. Сырдария бойымен Орта Азия қалаларынан мұнда Ибн-Хаукальдың куәлігі бойынша, бидай және астық тиелген кемелер келіп тұрған ...» [7, 91-б.].

С.Г. Агаджановтың ізденуімен оғыздардың мал шаруашылығының үш түрі анықталды: бірінші – мерзімдік жайылымдарға малмен

бірге көшіп жүрген таза көшпелі топтар; екінші – өздерінің жазғытұры, жазғы, күзгі жайылымдары бар және уақытша түрдегі қоныстар немесе бекеттерде қыстайтын жартылай көшпелілер; үшінші – үнемі бір орында өмір сүретін немесе аз ғана уақытқа кішкене ғана қашықтыққа көшетін отырықшылар. Зерттеуші көбіне оғыздарға соңғы екі түр [5, 94-102 бб.] тән екендігін атап көрсетеді. Оғыздар жылқы, түйе, ірі қара мал, қой баққан. С.Г. Агаджановтың пайымдауынша оғыздарда қаракөл қойлары болған. Оғыздардың отырықшы және жартылай отырықшы топтары сонымен қатар егіншілікпен айналысқан, негізінен тары еккен. Олардың шаруашылығы табиғи сипатта болды және жергілікті нанға деген сұранысты жаба алмады, сондықтан оғыздарға «... Бейбіт кезден Сырдария бойымен нан әкелінді ...» [5, 87 б.]. Оғыздардың шаруашылығында балық аулау маңызды орын алды, онымен отырықшы және жартылай отырықшы рулар айналысқан. Балық тіпті Хорезм мен Орта Азияның басқа да қалаларына сату үшін шығарылып отырды [5, 90 б.]. Кәсіпкерлік онша дамымады, ол да егіншілік сияқты табиғи сипатта болды және өндірістің дербес саласына айналмады, дегенмен жеке шеберлер – базарға жұмыс істеген, құмыра жасайтындар, ұсталар, күрке жасау шеберлері, зергерлер, әйелдер арасында да кілем әртүрлі маталар, алаша тоқу, киіз басу шеберлері бар болған сияқты [9, 226 б.].

XII ғасырда Сығанақ қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің астанасы болады. Сығанақ қаласы туралы алғаш рет X ғасырдың жазбаша деректерінде айтылған, ал XI ғ. оны Махмұт Қашқари оғыз қалаларының ішінде атап өткен. XIV ғ. Сығанақ Ақ Орданың астанасы болады; онда мешіттер, ханақ, басқа қоғамдық ғимараттар салынады ... XIV ғ. бас кезінде, Рузбиханның айтуы бойынша, қаланың біршама әлсірегені, тұрғындар санының азайғаны байқалған, ал ежелдегі Сығанақ «... жайқалып тұрған, үй-жайлар және өңделген бау-бақшалармен қоршалған, азық-түлікке бай және қазақ халқы үшін маңызды сауда орны болған ...» [7, 95-96 бб.].

Сығанақ қаласы жайлы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбаев өз еңбектерінде де түрлі мәліметтер келтіреді: «X ғ. атақты араб жағрафиятанушы, ғалым Ал-Идриси Сырдария бойындағы қалаларының көптігін жаза келіп, олардың ішіндегі «Сауран, Сүткент, Сығанақ қалаларын ірі қалалар еді [10]. Ал Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы», деп ерекше көрсет-

кен. Сығанақ қаласынан зиялы, білімді ғалымдар да шыққан – дейді. Ибн Рузбихан Сығанақ қаласы «аймақтың солтүстік жағындағы жер жәннатының шеті» деп сипаттаса, қала Дешті Қыпшақтың шекаралық сауда бекеті, бүкіл әлемге аумағының кеңдігімен, қауіпсіз әрі тыныш болуымен даңқы шыққан қала дейді. Сығанақ Түркістанның ірі сауда орталығы болған, қала тау өзендерімен және Сырдариядан тартылған арықтармен суландырылып, егіншіліктің де орталығы болған. Қала орналасқан аймақтың өзі табиғи жағынан да адам баласының тіршілікке қажетті барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, егін шаруашылығына да, мал өсіруге де қолайлылығын жазады. Ал қаланың аймағындағы орман-тоғайы халқын отын суынан таршылық көрсетпейді. Оның ішінде жайылып жүрген аң-құстардың молдығы молшылықтың белгісіндей».

Сонымен қатар қалаға Дешті Қыпшақтан Ходжа-Тархан жақтан көптеген бұйымдар, мал әкелінеді, әсіресе семіз қой, жылқы, түйелер, құндыздан жасалған ішіктер, керемет сәнді, мықты ақ қайыңнан жасалған садақтар, жібек маталар, т.б. қымбат заттар әкелінді. Түркістаннан, Мәуереннахрдан, шығыстан Қашқар саудагерлері де қалаға қымбат бағалы заттарын әкеліп, қыпшақтармен айырбас сауданы да қызу түрде жүргізген. Сауда кезінде талас-тартыс болмаған. Қала тұрғындары онша көп емес, олардың арасында садақтарын мойындарына асынып алған әскери адамдар, олар тыныштықты сақтап жүргендер. Көпшілігі қазақтар. Жалпы, қалаға жан-жақтан әртүрлі елдерден саудаға байланысты адамдардың көптеп келуіне қарамастан, тыныштық сақталып, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы қала болған.

Рузбиханның деректері бойынша қалада қазақтар туралы алғаш рет баяндалады. Бұдан Жәнібек пен Керейдің Жетісу аймағынан оралып, Ақ Орда билігін өз қолдарына алып, Сығанақта билік жүргізгендерін көреміз. Сонымен, ойымызды түйіп айтсақ: Сығанақ қаласы алғаш Қыпшақ хандығының, одан кейін Ақ Орданың, бұдан соң Қазақ хандығының саяси әкімшілік, мәдени-экономикалық, әскери қорғаныс орталығы болған.

Сауран қаласы жайлы алғашқы деректер X ғасырдағы араб саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. Демек бұл қала бұдан көп ғасыр бұрын, тарихшылардың айтуы бойынша VI ғасырда пайда болғандығын аңғартады. X ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы Мақдиси «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген еңбегінде: Сауран – үлкен қала, оның ішінде күмбез, сарай, мешіт бар.

Сауран – бірінің сыртынан бірі жеті қабат дуалмен қоршалған өте берік қорғаны бар, мықты қамал, биіктігі соншалықты, күннің көзі қамалдан аспайтын болған дейді. Қамал – аумағы 40 гектардан асатын қаланы қоршап жатыр.

Қамал биіктігі жеті-сегіз метрдей болған, қазірде осындай биіктіктегі дуалдары сақталған, кейбір жерлері шайылып, үйіндіге айналған. Қазақстанда ортағасырлық қалалардың бекініс жүйесінен тың мағлұмат беретін бірде-бірі қамал биіктіктері Саурандағыдай жақсы сақталмаған. Бұл қала керемет сұлу және шексіз көңілді, ауасы өте таза, адам жанын көңілдендіріп, сергітеді. Маңайы құлпырған бау-бақша, әртүрлі ағаштар, қаланы айналдыра биік дуалдар қоршап тұр, ешқандай жау ала алмайды. Бұл қаланың топырағы білім мен ғылымның ордасы. ... Сауранның маңайында жер өңдеу мәдениеті ертеден-ақ дамыған. Егін суармалы болған. Сыр өзенінен үлкен каналдар қазылған. Қала тұрғындарын осындағы ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. Тіпті сыртқа астық та сатқан ...» [11, 38-39 бб].

Сауранда 1514-1515 жылдары өмір сүрген ақын әрі жазушы Васифи өз естеліктерінде қала мен жерасты галереясы – кәріздерді суреттеп құнды мағлұматтар келтіреді. Кәріздерді үнділік 200 құл салған көрінеді. Кәріз бастауында су қойма жайғасқан. Кәріздердің бірінен суарылатын жер телімінде бау-бақшасы, жүзімдігі және шаруашылық құрылыстары бар жер иелігі орналасқан, ол қоршалған.

Тарихшы ибн Рузбихан Сырдариямен оның сол жағалауындағы Аркөк, Өзгент қалаларымен бірге Аққорған қаласын да дамыған қалалардың қатарына жатқызады. Бұл қала үлкен сауда орталығы болмағанымен, суармалы егін шаруашылығы дамыған бекіністі қала. Кейбір жазба деректерге қарағанда, Аққорғанда астықтың мол қоры болған. Халқы жер жыртып егін салған. Жаздық, күздік бидайларды көп еккен. Әбілқайырдан кейінгі өзбек қаны Мұхаммед Шайбанидің хатшысы болған Рузбиханның жазуына қарағанда, Шайбани хан Аққорған және сол маңдағы бекіністі қалалардан өзінің әскерлерін азықтандыру үшін қанша астық жинаса да табыла беретіндігін айтады [11, 44 б.].

Өзгент – Сығанақ, Сауран қалаларымен қатар салынған, солардың тарихымен тағдырлас, Сырдың сол жағалауындағы ортағасырлық мәдениеті мен саудасы, саяси экономикасы, ілім-білімі дамыған қала. Шығыстанушы-ғалым В.М. Жирмунский «Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі мұралары» деген еңбе-

гінде Өзгент атауының төркіні оғыздармен байланысты екендігін айтады. Мұның жөні дұрыс секілді. Өйткені тарихи деректерге қарағанда VIII–IX ғасырлар Шамасында Қаратау бөктері мен Сырдария алқабын оғыз тайпалары мекендеген заманда Өзгент аты шыққан шаһар болуы керек. Сол кезде Өзгент атауы «Оғызкент» болуы да мүмкін. Сонда қала аты «Оғыз» және «кент» деген сөзден құрылған. Өзгент қаласы орта ғасырда маңызды әкімшілік орталығы болған. Сырдан және Өгіз жылғасынан ағып келген су [канал] арқылы егіншілікпен айналысқан.

Қазақтың археолог-ғалымы М.Е. Елеуов 1867–2005 жылдар аралығындағы археологиялық зерттеулерге сүйене отырып қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған мен Шиелі аудандарында – 28-11 ортағасырлық елді мекен, 18-5 ортағасырлық қалашық болғанын дәлелдеп отыр [12, 96 б].

Қазақ жерінің оңтүстігіндегі егіншілік жөнінде В. Юферов «Из истории Туркестана» атты еңбегінде былай деп жазады: «... Земледелие на территории Перовского уезда велось еще задолго до Ханского владычества. В описаниях арабских путешественников, относящихся к X веку, есть указания, что обитавшие в то время по среднему и нижнему течению р. Сыр-Дарьи Иранские племена имели города, и что основным продуктом питания этих народов была пшеница. Арабские писатели кроме Отрара, называют еще целый ряд городов, являвшихся центрами цветущих оазисов. Так по Истахри в округе Фараб, главным городом был Кедер; от этого последнего на расстоянии одного перехода лежал Сауран. За Саураном Масуди помещает Турар; еще ниже, уже во владениях гузов, находился город Яныкент. От всех этих городов, являвшихся в то время не только укрепленными местами, но и центральными пунктами обширных оседлых районов, остались теперь только развалины ...» [13, 49 б.].

Моңғол басқыншылығы осы мәдени көркеюді тоқтатты. Шапқыншылар қалалардың көп бөлігін, зор суғару жүйелерінің басты құрылыстарын қиратты, егіншілікпен айналысатын халықтың көп бөлігін құртып жіберді, ол бір кездерден халық қалың қоныстанған алқаптардың елсіз қалуына әкеп соқты.

Әсіресе, Сырдарияның ортасындағы егіндік жерлерге моңғол әскерлерінің келтірген зияны орасан зор болды. Бұл жерлердің тұрғындары қатты қарсылық көрсетті, өштескен моңғолдар олардың көбісін қырып салды, қалғанын құлдыққа сатып жіберді. Қалалармен көптеген

елді мекендер қыйрап қалды. Өзеннің төменгі ағысындағы кейбір жерлерді моңғолдар ірі әскери шабуылдарсыз-ақ басып алды, бірақ бұл жерлерде де егіншіліктің біртіндеп құлдырауы байқалды, олардың басқыншылық жорығына байланысты оңтүстіктің аса маңызды егіншілік аудандармен мәдени және экономикалық байланыстарының біршама уақытқа үзіліп қалғандығынан болған жағдай еді.

Құрамына Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы жерлер енген Жошы ұлысы құрылғаннан кейін, әсіресе XIII ғасырдың ортасына қарай Алтын Орданың саяси рәсімделуі аяқталғаннан кейін, үзіліп қалған экономикалық және мәдени байланыстар қалпына келтіріле бастады. Моңғол шапқыншылығына қатысқан көптеген тайпалар бұрынғы тұрған жеріне қайта орала бастайды. Сыр бойындағы Сығанақ, Отырар т.б. қалаларда тіршілік қалпына келе бастайды. Жент біраз уақыт Жошы ұлысының астанасы болады. Қалалардың айналасында егін алқаптары ұлғайып, егіншілікпен айналысатындар көбейе бастайды, бұл тек табиғи жағдаймен ғана өспей, сонымен қатар көшпелі тайпалардың отырықшылыққа ауысуының есебінен де болды. Археологиялық зерттеулер Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойындағы егіншіліктің қалпына келе бастағанын көрсетеді, бірақ бәрібір Хорезмшах державасы тұсындағы деңгейге жете алмаған.

Ж.Е. Ержанов «Сунақтар және Сунақ қаласы» атты еңбегінде [14, 104 бб.] Сыр бойының қалалары отырықшылықтың ошағы және олардың саяси, экономикалық маңызы туралы жақсы жазып көрсетті: «... Сырдарияның орта ағысындағы егіншілік алқаптар Қаратаудың етегінде Сығанақ, Отырар, Ясы т.б. қалаларды айнала орналасты. Өзеннің төменгі ағысындағы егін алқаптары Жаңадариямен оның тарамдарының бойынан орын алды, бұл жерлер Шырық-рабат қаласы [XIII–XIV ғғ.], Іркібай [XIII–XIV ғғ.] қамалының айналасы еді. Ауқымды егіншілік ауданы Жент қаласының [қазіргі Жаңақаланың қирандысының орны – Ә.А.] айналасында орналасты.

Бұл аудандардың көшпенділері мен жартылай отырықшы халқы да Сырдарияның жыл сайынғы тасуымен ылғалданатын жерлерде егін егуді әдетке айналдырды. Егістік көлемі суғарылатын жерлердің мөлшеріне байланысты болды.

Қаланың төңірегіндегі айдап, өндеген жерлермен егістік пен бау-бақшалы алқаптарды суландыруға арналған каналдар көптеген майда арықтарға тарамдалған. Қаланың терістік батыс

жағы мен терістік шетіне орналасқан жерлер Қаратаудан ағып жиналған, жөнге келтіріліп реттелген тау өзендерінен шығарылған арықтар арқылы суғарылады. Сол уақыттағы вакувтік грамоталарда көптеген арықтар көрсетілген. Мысалы, Орда-кент, Қызыл-тал [Қызылтам өзенінен], Келте-шалғая, Арсланды [Арыстанды өзенінен], Жөлек [Шолақ], сонымен қатар қайнарлар – [құдықтар, бұлақтар], Токтамыс, Қараш, Хисарчук. Сырдарияның ортасынан магистралды каналдар салынып жатты. Олар

оның оң жақ жағасындағы Сауранды, Сығанақты және сол жақ жағасындағы Сүткентті, Аркөкті, Аққорғанды, Өзгентті сумен қамтамасыз етті ...».

Жалпы орта ғасыр кезеңі тек қана Қазақ тарихында қалалардың дамып өркендеген кезеңі ғана емес, егіншіліктің гүлденген кезеңі деп айтуымызға болады. Ендеше бұл кезең Сыр өңіріндегі қалалардың пайда болып өркендеуі мен гүлденуі және егіншіліктің тарихымен тікелей байланысты деп айтуымызға әбден болады.

Әдебиеттер

- 1 Толстов С.П. Приаральские скифы и Хорезм. (К истории заселения и освоения древней дельты Сыр-Дарьи) // СЭ. – 1961. – № 4. – С. 114 – 146.
- 2 Шалекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 292 б.
- 3 Жданко Т.А. Хозяйство каракалпакии в XIX – начале XX века. – Ташкент:ФАН, 1972. – 131 с.
- 4 Толстов С.П. К вопросу о происхождении каракалпакского народа // КСИЭ. 1947. – Вып.2. – С. 69 – 75.
- 5 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX – XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 295 с.
- 6 Материалы по истории туркмен и Туркмении. VII–XV вв. Арабские и персидские источники. –М–Л.: Изд. АН СССР, 1939. – Т.1. – 612 с.
- 7 Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
- 8 Мамиев Т., Парлак Т. Сырдағы Оғыз-қыпшақ қалалары // Қазақ батырлары. – 2001. – № 7. – 11-б.
- 9 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. – СПб.: ГУЗЗ, 1914. – 174 с.
- 10 Жолдасбаев С. Сығанақ қаласы // Егеменді Қазақстан. 2015. 14 ақпан
- 11 Жаңақорған Жаңақорған: Тарихнама. – Алматы: Аль-Фараби, 1998. – 256 б.
- 12 Елеуов М.Е. Жаңақорған мен Шиелі аудандарының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихы // Қаз ҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2005. – № 3 (38). – 93–97 бб.
- 13 Юферев В. Из истории Туркестана. – Ташкент: Туркест. тов. печатн. дея., 1911. – 50 с.
- 14 Ержанов Ж.Е. Сунақтар және Сунақ қаласы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 216 б.

References

- 1 Tolstov S.P. Priaral'skie skify i Horezm. (K istorii zaselenija i osvoenija drevnej del'ty Syr-Dar'i) // SJe. – 1961. – № 4. – S. 114 – 146.
- 2 Shalekenov U.H. Tүrikterdiң otуrуkshy өrkenieti. – Almaty: Қазақ universiteti, 2002. – 292 b.
- 3 Zhdanko T.A. Hozjajstvo karakalpakii v XIX – nachale XX veka. – Tashkent:FAN, 1972. – 131 s.
- 4 Tolstov S.P. K voprosu o proishozhdenii karakalpakskogo naroda // KSIJe. 1947. – Vyp.2. – S. 69 – 75.
- 5 Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX – XIII vv. – Ashhabad: Ylym, 1969. – 295 s.
- 6 Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. VII–HV vv. Arabskie i persidskie istochniki. –M–L.: Izd. AN SSSR, 1939. – T.1. – 612 s.
- 7 Bajpaқov K., Nұrzhанov A. Yly Zhibek zholy zhөne ортағасырлық Қазақстан. – Almaty: Қазақстан, 1992. – 208 b.
- 8 Mamiev T., Parlak T. Syrdaғy Oғыз-қыпшақ қалалары // Қазақ batyrlary. – 2001. – № 7. – 11-b.
- 9 Bartol'd V.V. K istorii oroshenija Turkestana. – SPb.: GUZZ, 1914. – 174 s.
- 10 Zholdasbaev S. Syғanaқ қаласы // Egemendi Қазақстан. 2015. 14 ақпан
- 11 Zhaңaқorған Zhaңaқorған: Tarihnama. – Almaty: Al'-Farabi, 1998. – 256 b.
Японо-американская система безопасности. Китай также рассматривает отношения с Японией в контексте союза Токио с США. Одним из раздражителей в японо-китайских отношениях является японо-американский военно-политический союз. В начале 1970-х гг. Мао Цзэдун убедил президента никсона и госсекретаря Киссинджера позаботиться об этом союзе, поскольку он просчитал, что американо-японский союз будет сдерживать ремилитаризацию Японии и, таким образом, не окажется полностью не соответствующим интересам Китая. Однако после окончания «холодной войны» Пекин проявляет все большую озабоченность эволюцией сути и целей союза [21, с. 192]. Серьезные изменения в нем произошли во второй половине 90-х гг. прошлого века. Были обнародованы новые направления военно-политического сотрудничества, которые означали серьезные перемены не только для Японии, но и для всех стран Тихоокеанского бассейна. Их существо состояло в следующем: во-первых, в рамках сотрудничества в сфере безопасности девиз «Защита Японии» превратился в «Справляться с критическими ситуациями на Дальнем Востоке» и «Быть готовыми к изменяющейся обстановке». Во-вторых, если раньше Японию защищали США, и поэтому первая была пассивным союзником второй, то сейчас Япония также становится активным союзником. То есть сотрудничество в области безопасности становится двусторонним. В-третьих, основная задача старой системы в области безопасности состояла в том, чтобы справиться с напряженным положением на Дальнем Востоке, а теперь к ней добавилась защита мира и стабильности в АТР. В-четвертых, сама стратегия японо-амери-

канского сотрудничества в сфере безопасности переходит от защиты к защите и наступлению. Эти изменения в японо-американских отношениях в сотрудничестве в сфере безопасности, как предполагает китайская сторона, будут иметь серьезные последствия. Во-первых, серьезные изменения в японо-американских отношениях в области безопасного сотрудничества повлекут наращивание вооружений. Новые обязательства Японии подталкивают ее к увеличению военных расходов. Это не может не повлиять на ситуацию в Азиатско-Тихоокеанском регионе, особенно в Восточной Азии. В этом регионе возрастет роль Японии как силы, влияющей на разрешение территориальных конфликтов, межнациональных противоречий, других трений между странами региона. Это, в свою очередь, увеличит ее политическое влияние на международной арене и вызовет соответствующую ответную реакцию стран Восточной Азии [20], и особенно Китая.

Пекин резко протестовал, когда в феврале 2005 г. США и Япония заявили, что «мирное разрешение вопросов, касающегося Тайваньского пролива, путем диалога» является общей стратегической целью их союза. Пекин очень внимательно следит за вооруженными силами США, базирующимися на Окинаве и основной территории Японии, за японским интересом к совместной с Соединенными Штатами разработке системы противоракетной обороны и за намерениями Токио осуществить общую модернизацию своих вооруженных сил с учетом последствий всего этого для возможного проведения союзом стратегии «сдерживания», направленной против Китая [21, с. 193].

Теория об угрозе из Китая. После окончания холодной войны мир все больше и больше обращает внимание на развитие Азиатско-Тихоокеанского региона. Центром внимания, безусловно, является Китай. Политика реформ и открытость Китая привели к подъему его экономики. С другой стороны, вслед за экономическим ростом Китая в мире активно заговорили об угрозе со стороны Китая. В Японии заговорили об угрозе со стороны Китая в 60-е гг. То была реакция на нормализацию китайско-японских дипломатических отношений, и сопровождалась она полемикой о безопасности и охране внутри самой Японии. Тогда антикоммунистические и антикитайские силы заявляли, что Китай как «революционная страна, государство революции» не только является прямой угрозой безопасности Японии, но наряду с этим и косвенной политической угрозой. Препятствуя нормализации

китайско-японских дипломатических отношений, эти силы говорили, что если Япония восстановит дипломатические отношения с Китаем, то японское общество окажется под сильным политическим влиянием Китая. Как следствие этого – левые силы в Японии одержат верх, а это означает дестабилизацию политической жизни в стране и открывает путь для косвенной агрессии со стороны Китая. Исповедуя это утверждение, левые силы внутри Японии были против развертывания торговли с Китаем. Под влиянием лозунга об угрозе из Китая стала усиливаться система японо-американской безопасности, в Японии развертывались отряды самообороны, что, в конечном итоге, стимулировало гонку вооружений в Японии. С начала 70-х гг. XX в. на фоне изменяющейся международной обстановки, особенно после восстановления японо-китайских отношений, теория об угрозе из Китая утратила свою популярность [20].

С окончанием холодной войны слова о «потенциальной угрозе со стороны СССР» были изъяты из японской «Белой книги по обороне», выпущенной в 1990 г. Однако вновь возродилась теория об угрозе со стороны Китая. Это аргументировалось следующим:

1. На протяжении 90-х гг. XX в. Китай резко увеличил военные расходы, стал приобретать российские самолеты и корабли, чтобы модернизировать военно-морские и военно-воздушные силы. Увеличение реальной военной силы Китая стало реальной военной угрозой для окружающих стран.

2. Экономика Китая быстро развивается, а это означает, что вскоре Китай станет крупной военной силой и неизбежно станет представлять военную угрозу Америке и Японии.

3. Уже к 20-м гг. XXI в. Китай начнет испытывать серьезный дефицит в энергоресурсах и продуктах питания, что может создать серьезные противоречия с соседними странами [20].

Китайская же сторона, в свою очередь, считает, что теория об угрозе из Китая, выдвинутая японской стороной, не имеет реального основания, поскольку была сознательно инспирирована из стратегических соображений [22, с. 265].

Подводя общий итог, можно подчеркнуть следующее. Каждая из вышерассмотренных проблем, будучи непростой, в то же время не является непреодолимым препятствием на пути развития двусторонних связей в тех областях, где интересы Японии и Китая более всего совпадают. Указанные проблемы до сих пор не преодолены отчасти потому, что нужны в каче-

стве средства урегулирования уровня и темпов развития отношений между двумя странами. В результате анализа можно сделать вывод, что сегодня, главным образом от Пекина, зависит определение дистанции и меры в этих взаимоотношениях.

Важно также отметить, что и Япония, и Китай в своих внешнеполитических курсах стараются, в первую очередь, обслуживать потребности экономики, что отвечает национальным интересам государств, и в связи с этим на правительственном уровне стороны стараются деликатно подходить к спорным и проблемным вопросам в двусторонних отношениях.

Решить окончательно территориальные и исторические проблемы, которые накапливались в течение десятилетий, быстро и легко невозможно, однако неспособность сторон снизить

их напряженность может создать угрозу для мира и процветания в регионе. В свете возможных геополитических противоречий между странами ясно то, что одной только декларированной политической воли недостаточно для решения всех проблем в отношениях. Существующие в обеих странах национально-психологические подходы, которые определяет фактор исторического наследия, создают почву для возникновения новых непредсказуемых конфликтов в будущем. Но хотелось бы надеется, что Япония и КНР учтут последствия прошлых событий и не допустят повторения агрессивной политики или мести за прошлое и придут к компромиссному решению. И сохранение мира и стабильности не только в японо-китайских отношениях, но и в мире тоже будет основным критерием при решении спорных вопросов в двусторонних отношениях.

Литература

- 1 Diaoyu Islands Dispute. Cheng-China Huang. June 1997. // <http://www.american.edu/TED/ice/diaoyu.htm#note2#note2>
- 2 Великая Эпоха (Epoch Times International) – международный информационный проект Власть любой ценой: Насущная история китайца Цзян Цзэминя. 04.12.2006. // <http://www.epochtimes.ru/content/view/8005/34/>
- 3 Территориальные притязания Пекина: современность, история. – М.: Издательство политической литературы, 1998. – 140 с.
- 4 Энциклопедия Японии. Cairo Declaration. <http://www.cultline.ru/archiv/k/3128/>
- 5 Куликов В. Как не поссориться с соседом. http://www.ng.ru/sodr/2002-03-11/11_japan.html.
- 6 Military. Senkaku /Diaoyutai Islands. <http://www.globalsecurity.org/military/world/war/senkaku.htm>.
- 7 Хроника событий. http://www.otechestvo.org.ua/hronika/2004_08/h_9_01.htm.
- 8 Hata I. The Nanking Atrocities: Fact and Fable // Japan Echo. – 1998.
- 9 Yasukuni // Encyclopedia of Japan. – Tokyo: Kodansha, 1998. – 1742 p.
- 10 Matsumoto K. A-kyu Senpan Goshi-ga Sainen-saseta Senso Sekinin Mondai-o Kensho-suru // Chuo Koron. – 2005.
- 11 Японо-китайские отношения (1972-1982). Сборник документов и материалов / Отв. ред. Б. В. Поспелов, Г. Д. Спекторов. – М.: Институт Дальнего Востока АН СССР, 1985. – 200 с.
- 12 «Daily Yomiuri», 01.X.1999.
- 13 Япония: полвека обновления. – М., 1995. – 536 с.
- 14 «The Japan Times», 29.X.1992.
- 15 Ikeda M. Sekai-no Naka-no Nitchu Kankei. – Tokyo: Horitsu Bunkasha, 1998.
- 16 Sugida T. O-o Hiku Shusho-no Yasukuni Sanpai mondai // Jiji Nyusu Wado. – Tokyo: Jiji-Tsushinsha, 2005.
- 17 Семин А.В. Японо-китайские отношения на рубеже веков // Актуальные проблемы современной Японии. – М.: Институт Дальнего Востока РАН, 2002. – С. 39-48.
- 18 Результаты встречи премьер-министра Японии Таро Асо с председателем КНР Ху Цзиньтао. Опубликовано в разделе Япония и Китай, 2009, май-2. – 01:51 pm
- 19 Киссинджер Г. Доктрины и концепции национальной безопасности США, Франции и Японии // www.budgetrf.ru/.../vestniksf117-05030.htm
- 20 Ван Цзиньбо. Эволюция взаимоотношений России, Китая и Японии: 1990-е гг.: дисс. ... канд. ист. наук : 07.00.03. – Иркутск, 2005.
- 21 Фред Бергстен, Бэйтс Гилл, николас Ларди, Дерек Митчелл «Китай. Что следует знать о новой сверхдержаве: пер. с англ. – М.: Институт комплексных стратегических исследований, 2007. – 256 с.
- 22 Юй Чжэн Лян. Да Го Чжань люе цзю. – Пекин, 1998. – 264 с.

References

- 1 Diaoyu Islands Dispute. Cheng-China Huang. June 1997. // <http://www.american.edu/TED/ice/diaoyu.htm#note2#note2>
- 2 Velikaya Epoha (Epoch Times International) – mezhdunarodnyi informacionnyi proekt Vlast lyuboi cenoi: Nastoyashaya istoriya kitaica Czyan Czeminya. 04.12.2006. // <http://www.epochtimes.ru/content/view/8005/34/>
- 3 Territorialnye prityazaniya Pekina: sovremennost, istoriya. – М.: Izdatelstvo politicheskoi literatury, 1998. – 140 с.

- 4 Enciklopediya Yaponii. Cairo Declaration. <http://www.cultline.ru/archiv/k/3128/>
- 5 Kulikov V. Kak ne possoritsya s sosedom. http://www.ng.ru/sodr/2002-03-11/11_japan.html.
- 6 Military. Senkaku /Diaoyutai Islands. <http://www.globalsecurity.org/military/world/war/senkaku.htm>.
- 7 Hronica sobytii. http://www.otechestvo.org.ua/hronika/2004_08/h_9_01.htm.
- 8 Hata I. The Nanking Atrocities: Fact and Fable // Japan Echo. – 1998.
- 9 Yasukuni // Encyclopedia of Japan. – Tokyo: Kodansha, 1998. – 1742p.
- 10 Matsumoto K. A-kyu Senpan Goshi-ga Sainen-saseta Senso Sekinin Mondai-o Kensho-suru // Chuo Koron. – 2005.
- 11 Yapono-kitaiskie otnosheniya (1972-1982). Sbornik dokumentov i materialov / Otv. red. B. V. Pospelov, G. D. Spektorov. – M.: Institut Dalnego Vostoka AN SSSR, 1985. – 200 c.
- 12 «Daily Yomiuri», 01.X.1999.
- 13 Yaponiya: polveka obnovleniya. – M., 1995. – 536 c.
- 14 «The Japan Times», 29.X.1992.
- 15 Ikeda M. Sekai-no Naka-no Nitchu Kankei. – Tokyo: Horitsu Bunkasha, 1998.
- 16 Sugida T. O-o Hiku Shusho-no Yasukuni Sanpai mondai // Jiji Nyusu Wado. – Tokyo: Jiji-Tsushinsha, 2005.
- 17 Semin A.V. Yapono-kitaiskie otnosheniya na rubezhe vekov // Aktualnye problem sovremennoi Yaponii. – M.: Institut Dalnego Vostoka PAN, 2002. – С. 39-48.
- 18 Rezultaty vstrechi premer-ministra Yaponii Tapo Aco s predsedatelem KNR Hu Cintao. Opublikovano v razdele Yaponiya I Kitai, 2009, mai-2. – 01:51 pm
- 19 Kissindzher G. Doktriny I koncepcii nacionalnoi bezopasnosti USA, France i Japon // www.budgetrf.ru/.../vestniksf117-05030.htm
- 20 Van Czinbo. Evolyuciya vzaimootnoshenii Rossii, Kitaya i Yaponii: 1990-e gg.: diss. kand. ist. nauk : 07.00.03. – Irkutsk, 2005.
- 21 Fred Bergsten, Baits Gill, Nicolas Lardy, Derek Mitchell «China. Chto sleduet znat o novoi cverhderzhave / per. s angl. – M.: Institut kompleksnyh srtategicheskikh issledovani, 2007. – 256 c.
- 22 Yui Chen Lyan. Da Go Jan Lyue Czyu. – Pekin, 1998. – 264 c.

Елмурзаева Р.С., Оспанова Б.А.

Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы жәрдемдесу саясаты: басымдықтары және жетістіктері

Мақала Еуропалық Одақтың Орталық Азия аймағындағы жәрдемдесу саясатын сараптауға арналған. Авторлар Одақтың 2007–2013 жылдар аралығында аймақ деңгейінде және жеке республикаларға бөлген жәрдем мөлшері мен салалары бойынша мәліметтерді сараптап, Еуроодақтың Орталық Азиядағы басымдықтары туралы өз ойларын бөліседі. Еуропалық Одақтың жәрдемдесуі оның Орталық Азия Стратегиясына негізделіп, аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдау көрсетуді көздейді. Жәрдем беру Еуроодақтың Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында, сондай-ақ арнайы салалық бастамалары шеңберінде жүзеге асырылып келеді. Осы құралдардың аясында 2007–2013 жылдар аралығында Еуропалық Одақ жалпы Орталық Азия аймағына 743,02 млн еуро көлемінде жәрдем берді. Бұл қаражат бес республика арасында олардың қажеттіліктері мен даму басымдықтарына сәйкес үйлестірілді. Еуроодақтың жәрдемінің елеулі бөлігі Қырғызстан мен Тәжікстан мемлекеттерінің даму бағдарламаларын қолдауға жіберілді. Еуропалық Одақтың 2014–2020 жылдар аралығында Орталық Азия мемлекеттеріне Даму Ынтымақтастықты дамыту құралы шеңберінде 1 млрд еуро көлемінде жәрдем бөлуді жоспарлауы Еуроодақтың аймаққа деген қызығушылығының тұрақтылығын байқатады.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Орталық Азия, жәрдемдесу, ЕО жәрдемдесуі, ЕО басымдықтары.

Yelmurzayeva R.S., Ospanova B.A.

European Union's aid policy in Central Asia: priorities and achievements

This article is devoted to the analysis of EU aid policy in Central Asia. Authors analyze data on volume and distribution spheres of EU aid on regional and country-specific levels in 2007–2013 in order to reveal priorities of EU activities in the region. The EU aid is based on its Strategy for Central Asia and aims to support social and economic development of the region. This aid is delivered under Development Cooperation Instrument and special thematic initiatives of the EU. The European Union allocated 743,02 million Euros as development aid in Central Asia in 2007–2013 under these instruments. The aid was divided among five Central Asian republics in accordance with their needs and development priorities. The significant part of EU aid was allocated to support development programs of Kyrgyzstan and Tajikistan in that period of time. The European Union committed to allocate 1 billion Euros as aid to Central Asia under Development Cooperation Aid in 2014–2020. This signifies permanence of EU interest in Central Asian region.

Key words: European Union, Central Asia, aid, EU aid, EU priorities.

Елмурзаева Р.С., Оспанова Б.А.

Политика помощи Европейского Союза в Центральной Азии: приоритеты и достижения

Статья посвящена анализу политики помощи Европейского Союза в Центральной Азии. Авторы анализируют данные по объему и сферам распределения помощи Европейского Союза на уровне региона и на уровне отдельных государств за 2007–2013 годы и выявляют приоритеты политики Европейского Союза в ЦАР. Помощь Европейского Союза основана на Стратегии ЕС для Центральной Азии и направлена на оказание поддержки социально-экономическому развитию региона. Данная помощь оказывается в рамках Инструмента развития сотрудничества и специальных тематических инициатив ЕС. В рамках этих инструментов Европейский Союз предоставил 743,02 млн. евро в качестве помощи центральноазиатскому региону в 2007–2013 годах. Указанные средства были распределены между республиками ЦАР в соответствии с их потребностями и приоритетами развития, при этом значительная часть помощи ЕС была направлена на оказание поддержки программ развития Кыргызстана и Таджикистана. Запланированное Европейским Союзом выделение помощи государствам Центральной Азии в размере 1 млрд. евро на 2014–2020 годы в рамках Инструмента развития сотрудничества подтверждает постоянство интересов ЕС в обозначенном регионе.

Ключевые слова: Европейский Союз, Центральная Азия, помощь, помощь ЕС, приоритеты ЕС.

**ЕУРОПАЛЫҚ
ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ
АЗИЯДАҒЫ
ЖӘРДЕМДЕСУ
САЯСАТЫ:
БАСЫМДЫҚТАРЫ
ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттерімен 1990 жылдардың басында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатқанымен, оның аймаққа деген қызығушылығы 2000 жылдардың ортасында ұлғайғаны белгілі. Осы орайда 2007 жылы Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты қабылданған Стратегиясы ЕО қызығушылық деңгейінің жоғарылығын көрсетеді. Аталған құжат Одақтың Орталық Азия аймағындағы мақсаттары мен ықпалдастық басымдықтарын анықтап, сол мақсаттарға қол жеткізу құралдарын айғақтады.

ЕО-ның «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: Жаңа Серіктестік Стратегиясы» атты құжаты Одақтың аймақтағы мақсаттарын жалпы түрде сипаттаса, оған қосымша ретінде қабылданған 2007-2013 жылдарға арналған ЕО-тың Орталық Азияға жәрдемдесу Стратегиясы Еуроодақ тарапынан аймаққа бөлінетін жәрдем көлемін және басымдық бағыттарын нақтылайды. Осы Стратегияға сәйкес 2007-2013 жылдары Еуроодақ аймаққа жәрдем ретінде бөлінетін қаражат мөлшерін 750 млн еуроға дейін жеткізуді жоспарлады. Аталмыш қаражаттың 70% Еуроодақ пен жекелеген Орталық Азия мемлекеттері арасында келісілген екіжақты жәрдемдесу бағдарламаларына бағытталып, 30% аймақтық жобаларды жүзеге асыруға арналған болатын. Еуропалық Одақ екіжақты жәрдемдесу басымдықтары ретінде негізгі үш бағытты анықтады. Біріншіден, кедейлікпен күресу және тұрмыс-тіршілік сапасын арттыруға, соның ішінде білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған реформалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қаржылай жәрдем беру көзделген. Екіншіден, Еуроодақтың құндылықтарын тарату аясында тиімді басқару (good governance), демократиялық үдерістерді жандандыру және қоғамдық институттардың жұмысын жетілдіру жәрдемдесу басымдығы болып анықталған. Үшіншіден, Стратегия инвестициялар мен сауда саясатын жетілдіруге бағытталған реформаларды жүзеге асыруға жәрдем беруді көздейді [1, 28]. Аймақтық жобаларды қаржыландыруға бөлінетін жәрдем мөлшеріне келетін болсақ, Стратегия Орталық Азия елдері арасында энергетика, көлік, білім беру және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты ынталандыруға ықпал ететін жобаларды қолдауды көздейді [1, 29].

Еуроодақтың жәрдемдесу саясаты екі түрлі құрал арқылы жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Біріншіден, ЕО жәрдемі арнайы құрылған Ынтымақтастықты дамыту құралы (Development Cooperation Instrument, DCI) арқылы қаржыландырылып, жүзеге асырылады. Бұл құрал арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ететін әр түрлі саладағы реформалар мен бағдарламаларға қаржы ЕО-тың жәрдемі ретінде бөлінеді. Осыған қосымша Еуроодақ салалық бастамаларды жүзеге асырады. Салалық бастамалар белгілі бір тақырып аясында дамытылып, жеке қаржыландырылады, алайда бұл бағдарламалар да Еуроодақтың жәрдемдесу саясатына жатады.

2007-2013 жылдарға арналған Еуропалық Одақтың Орталық Азияға жәрдемдесу Стратегиясына сәйкес аталған жылдар ішінде Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында аймаққа

673,6 млн еуро көлеміндегі қаржы жәрдем ретінде бөлінді, оның шамамен 36% (242 млн. еуро) аймақтық жобаларды қаржыландыруға жұмылдырылды. Бұл қаражат Еуроодақтың талаптары мен ережелеріне сәйкес екі көпжылдық индикативті бағдарламалары (2007-2010 және 2011-2013 жж. арналған) аясында бөлінген еді [2, 5].

Осы жылдар аралығында Еуроодақтың Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында жәрдем ретінде бөлінген қаражаттың айтарлықтай бөлігі Орталық Азияның екі тұрмыс-тіршілігі ең нашар мемлекетіне – Қырғызстан мен Тәжікстанға бағытталған. Осы екі мемлекетке бөлінген жәрдем мөлшері жалпы аймақтық бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалған қаражат мөлшеріне жақын. Төменде келтірілген 1-кестеде қаражаттың аймақтық бағдарламаларға және Орталық Азия мемлекеттеріне бөлінуін сипаттайды.

1-кесте – ЕО-тың Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында Орталық Азияға бөлінген жәрдем, 2007-2013 жж.

	2007-2010	2011-2013	Барлығы
Аймақтық бағдарламалар	137 млн. еуро	105 млн. еуро	242 млн. еуро
Қазақстан	44 млн. еуро	30 млн. еуро	74 млн. еуро
Қырғызстан	55 млн. еуро	51 млн. еуро	106 млн. еуро
Өзбекстан	28,6 млн. еуро	42 млн. еуро	70,6 млн. еуро
Тәжікстан	66 млн. еуро	62 млн. еуро	128 млн. еуро
Түркменстан	22 млн. еуро	31 млн. Еуро	53 млн. еуро
Барлығы	352,6 млн. еуро	321 млн. еуро	673,6 млн. еуро

Кестені Оспанова Б. Еуроодақ құжаттарын пайдаланып құрастырған [2, 6]

Еуроодақтың аймақ деңгейіндегі жәрдемдесу басымдықтары Стратегияда анықталып, бірнеше бастама шеңберінде жүзеге асырылады. Еуроодақ – Орталық Азия Білім беру бастамасы аймақтағы білім беру жүйесін, соның ішінде кәсіптік білім беруді жетілдіруді көздейтін жобаларды өз аясында біріктіреді. Мұндай жобаларға TEMPUS (жоғары білім беру саласын жетілдіру), Erasmus Mundus (академиялық ынтымақтастық пен ұтқырлықты қамтамасыз ету), SAREN (Орталық Азиядағы білім беру мен зерттеу желісі) бағдарламалары, сондай-ақ білім беру саласындағы реформалау саясатын үйлестіруді көздейтін ЕО – Орталық Азия Білім беру платформасы жатады. Еуроодақ – Орталық Азия Қоршаған орта мен су бастамасы аясында климаттың өзгеруі, қоршаған ортаны қорғау, жер мен суды тиімді пайдалану салаларында аймақтық ынтымақтастықты ынталандыратын жо-


балар қаржыландырылады. Бұл бастама Еурокомиссия қолдауымен Италия Республикасы тарапынан басқарылады. Аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын тағы бір бастама – Еуроодақ–Орталық Азия Құқық үстемдігі бастамасы. Бұл бастаманы Еурокомиссия қолдауымен Германия және Франция мемлекеттері жүзеге асырады. Бастама аясында Орталық Азияда құқық және сот салаларында жүргізілетін реформаларға еуропалық тәжірибені бөлісу арқылы жәрдемдесу, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық құқық салаларында іс қозғау мен жүргізу рәсімдерін жетілдіру жобалары жүзеге асырылады. Аймақ деңгейінде көптен бері жүзеге асырылып келе жатқан және негізінен Еуроодақ тарапынан қаржыландырылатын WOMCA жобасы ЕО-тың Орталық Азиядағы шекара қауіпсіздігі бастамасының ажырамас бөлігі. Австрия үкіметімен үйлестірілетін бұл бастама аясында шекараларды

басқару және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері төңірегіндегі аймақтық форум ұйымдастырылған.

Аталмыш бастамалар аясында жоғарыда аталған TEMPUS, Erasmus Mundus, BOMCA жобаларымен қатар CADAP (есірткеге тәуелділікті төмендетуді көздейді), TRACECA (Еуропа мен Азия арасындағы көліктік қатынасты жетілдіру), INOGATE (энергетика саласындағы ынтымақтастықты ынталандыру) сынды ірі жобалар жүзеге асырылып, қаржыландырылады. Сонымен қоса тек қана Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты қолдайтын жобалар да аймақтық бағдарламаларға бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады. 2007-2010 және 2011-2013 жылдардағы көпжылдық индикативті бағдарламаларының қаражатты үйлестіру бойынша мәліметтерін сараптау аймақтық деңгейде білім беру және қоршаған орта мен энергетика салаларында дайындалған жобалар Еуроодақ жәрдемдесуінің басымдықтары ретінде анықталғандығын көрсетеді. Жалпы 5 жыл ішінде бұл салалардағы жобаларға Еуроодақ 193,6 млн еуро көлемінде немесе аймақтық бағдарламаларға тиесілі қаражаттың 80% бағыттаған. Төменде келтірілген 1-суретте аймақтық бағдарламаларға арналған жәрдем қаражатының сала бойынша бөлінуі жайлы мағлұматты шоғырландырған.


Еуропалық Одақтың 2007-2013 жылдары аралығында Орталық Азияның жеке мемлекеттеріне бөлген қаражаты жалпы жәрдем мөлшерінің шамамен 65% құрады. Жеке мемлекеттерге бөлінген жәрдем әр республиканың басымдықтарына қарай түрлі салаларға үйлестіріліп, қаражат бірнеше түрде жеткізілді. Еуроодақ жәрдемі бюджетті қолдау, техникалық көмек немесе азаматтық қоғам мен мемлекеттік емес субъектілерге көмек көрсету ретінде Орталық Азия мемлекеттеріне үйлестірілді.

Орталық Азия республикалары ішінде 2007-2013 жылдар аралығында Еуроодақтың жәрдемдесу қаражатының елеулі көп бөлігін Тәжікстан мен Қырғызстан иеленді. Аталмыш республикаларда Еуроодақтың Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында жәрдем әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кедейлік деңгейін төмендету және ауылдық жерлерді дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруға жұмылдырылды. 2-суретте және 3-суретте Қырғызстан мен Тәжікстанға бөлінген Еуроодақ жәрдемінің салалар бойынша үйлестірілуін сипаттайды.




1-сурет – ЕО-тың Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында аймақтық бағдарламаларға бөлінген қаражатының салалар бойынша үйлестірілуі, млн. еуро.

Суретті Оспанова Б. Еуроодақ құжаттарын пайдаланып құрастырған [2, 11]




2-сурет – Қырғызстанға бөлінген ЕО жәрдем



3-сурет – Тәжікстанға бөлінген ЕО жәрдем мөлшері, млн. еуро* мөлшері, млн. еуро

Суреттерді Оспанова Б. Еуроодақ құжаттарын пайдаланып құрастырған [2, 26; 33]




4-сурет – Қазақстанға бөлінген ЕО жәрдем



5-сурет – Өзбекстанға бөлінген ЕО жәрдем мөлшері, млн еуро* мөлшері, млн еуро

Суреттерді Оспанова Б. Еуроодақ құжаттарын пайдаланып құрастырған [2, 21; 43]



6-сурет – Түркменстанға бөлінген ЕО жәрдем мөлшері, млн еуро

Суретті Оспанова Б. Еуроодақ құжаттарын пайдаланып құрастырған [2, 39]

Тәжікстанға бөлінген қаражаттың айтарлықтай бөлігі денсаулық сақтау саласындағы реформаларды қолдауға бағытталса, Қырғызстан жәр-

дем білім беру жүйесін жетілдіруге жұмсалды.

Басқа Орталық Азия республикаларына бөлінген жәрдемнің салалар бойынша үлестірілуін сараптау нәтижелері Қазақстан мен Өзбекстанда екі индикативті бағдарламаның басымдықтары әртүрлі болғанын аңғартады. Сонымен қатар, Өзбекстан Еуроодақтың жәрдемдесу бағдарламасында 2007-2010 жылдары шектеулі түрде қатысып, ынтымақтасу салаларын білім беру, басқару және кәсіпкерлікті қолдаумен шектеді. Алайда, 2011-2013 жылдары Еуроодақ Ташкентке бөлінетін жәрдем мөлшерін де, қаражатты үйлестіру салаларын да айтарлықтай ұлғайтты. Керісінше, Қазақстан Республикасына бөлінген қаражат екінші индикативті бағдарлама кезеңінде тек басқару саласына бағытталған. Жалпы, 2007-2013 жылдар аралығында Қазақстанға арналған Еуроодақ жәрдемінің 79% (58,5 млн еуро) басқару саласындағы реформаларды қолдауға бағытталған. Төменде келтірілген 4 және 5 суреттерде Еуроодақ жәрдемінің тиісті республикаларда салалар бойынша үйлестірілуін сипаттайды.

Осы орайда Түркменстанға бөлінген Еуроодақ жәрдемі туралы ақпаратты сараптау осы Орталық Азия республикасының жәрдемді диверсификацияланған және жоспарлы түрде қолданғаны анық байқалады. Төменде келтірілген сурет 6 осы үрдісті анық танытады. Ашхабад екі индикативті бағдарлама кезеңінде де жәрдемді білім беру, қоршаған ортаны қорғау мен энергетика, басқару және экономика салаларына жұмылдырды. Сонымен қатар, Түркменстан екінші индикативті бағдарлама кезінде Еуроодақ тарапынан бөлінетін жәрдем мөлшерін ұлғайтты. Бұл осы республиканың Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты кеңейтуге деген қызығушылығының көрінісі деп есептеуге болады, өйткені Еуроодақтың жәрдем мөлшері мен оны үйлестіру салалары тиісті мемлекеттердің үкіметтерімен келісіліп анықталады.

Жалпы Еуроодақтың Орталық Азия мемлекеттеріне ынтымақтастықты дамыту құралы аясында бөлген жәрдемі туралы мәліметтерді сараптау бұл жәрдемнің ЕО-тың Орталық Азия Стратегиясына негізделіп, сол құжатта анықталған басымдықтарға сәйкес салалар бойынша үйлестірілгенін аңғартады. Еуроодақтың аймақ деңгейіндегі қаржыландырылған жобалары ЕО-тың Орталық Азиядағы негізгі үш Бастамалары аясында дамытылды. Осы бастамалар аясында білім беру, қоршаған ортаны қорғау мен энергетика және шекара қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты жобалар Еуроодақтың жәрдемі есебінен

қаржыландырылды. Сонымен қатар, 2007-2013 жылдарға арналған Еуропалық Одақтың Орталық Азияға жәрдемдесу Стратегиясында көрсетілгендей аймақтың жеке мемлекеттеріне жәрдем үлестірімі сол елдің қажеттілігіне қарай әр түрлі салалар бойынша бөлінді. Мұнымен қоса, аталмыш мемлекет үкіметтерінің Еуроодақпен ынтымақтасуға қызығушылық танытуы да жәрдем мөлшерінің өзгеруіне ықпал етті.

Алайда Еуропалық Одақтың Орталық Азияға бөлетін жәрдемі тек Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында ғана емес, Еуроодақтың арнайы салалық бастамалары шеңберінде де жүзеге асырылатынын есте сақтау қажет. 2007-2013

жылдар аралығында Еуроодақтың бес арнайы салалық бастамалары аясында Орталық Азия мемлекеттеріне 69,42 млн еуро көлемінде жәрдем бөлінді. Өзбекстан мен Түркменстан Еуроодақтың арнайы салалық бастамаларына қатыспағандықтан, аталған қаражат қалған 3 республика арасында үйлестірілді. Ынтымақтастықты дамыту құралындағыдай осы бастамалар шеңберінде Қырғызстан мен Тәжікстан мемлекеттеріне бөлінген жәрдем мөлшері басым бөлікті құрады. Төменде келтірілген кесте 2 Еуроодақтың арнайы бастамалары аясында Орталық Азия мемлекеттеріне бөлген жәрдем көлемі бойынша ақпарат келтірілген.

2-кесте – 2007-2013 жылдары ЕО-тың салалық бастамалар аясында Орталық Азия мемлекеттеріне бөлінген жәрдемі, млн еуро

	Қазақстан	Қырғызстан	Тәжікстан	Барлығы
Мемлекеттік емес субъектілер және дамудағы жергілікті басқару органдары (NSA-LA)	3,15	3,72	1,05	7,92
Демократия мен адам құқықтарына арналған Еуропа құралы (EIDHR)	2,36	2,7	2,7	7,76
Тұрақтылық құралы (IfS)	0,5	15,13		15,63
Азық-түлік қауіпсіздігі (FS)		17,36	18,35	35,71
Ядролық қауіпсіздік құралы (NSI)			2,4	2,4
Барлығы	6,01	38,91	24,5	69,42

Кестені Оспанова Б. EUCAM құжаттарын пайдаланып құрастырған [3, 8-11]

Бастамалар аясында жәрдем алған үш Орталық Азия республикаларының барлығы тек екі салалық бастамаларға қатысып, қалған бастамалар әр мемлекеттің жеке қажеттілігі мен басымдықтарына сәйкес анықталды. Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Мемлекеттік емес қатысушылар мен жергілікті басқаруды дамыту (NSA-LA) және Демократия мен адам құқықтарына арналған Еуропа құралы (EIDHR) бастамалары аясында тиісті басымдықтарға жататын жобаларды қаржыландыруға Еуроодақ жәрдемін қолдануға мүмкіндік алды. Алайда бөлінген қаржы тұрғысынан бұл екі бастама арнайы салалық бастамалар аясында Орталық Азия мемлекеттеріне жіберілген ЕО жәрдемінің 8% ғана құрайды. Еуроодақ жәрдемінің негізгі бөлігі Азық-түлік қауіпсіздігі мен Тұрақтылық құралы бастамалары аясында Қырғызстан мен Тәжікстанға үйлестіріліп, аталған республикалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді қолдауға жіберілді. Осы орайда, 15,13 млн еуро Тұрақтылық құралы аясында Қырғыз Республикасына жол-

данып, 2010 жылғы төңкерістен кейін мемлекеттің құқықтық-саяси жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ елдегі этникалық шиеліністерді болдырмауға бағытталған жобаларды қаржыландыруға қолданды [3, 8-11].

Сонымен, Еуропалық Одақтың әр түрлі құралдары аясында Орталық Азия аймағына 2007-2013 жылдары аралығында бөлінген жәрдем мөлшері 743,02 млн еуроға жетті. Осы жәрдем аймақ деңгейіндегі жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ жеке Орталық Азия республикаларының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін реформаларды қолдауға жұмсалған.

Бұл жәрдем Еуропалық Одақтың Орталық Азия Стратегиясында анықталған басымдықтарға сәйкес үйлестірілді. Стратегияда ЕО-тың аймақтағы негізгі мақсаты ретінде Орталық Азияның тұрақтылығы мен дамуы белгіленгендіктен, Одақ жәрдемінің елеулі бөлігі аймақтың тұрмыс-тіршілігі ең нашар екі мемлекетіне, яғни Қырғызстан мен Тәжікстанға үйлестірілгені заңды құбылыс болып табылады. Сонымен қатар

Еуроодақтың өзінің жәрдемдесу бағдарламасына Өзбекстан мен Түркменстанды тартып, олардың қатысуын ұлғайта алуы Брюссель саясатының жетістігі ретінде бағаланауы тиіс.

Алайда, Еуроодақтың Орталық Азияға бөлетін жәрдемі 2007-2013 жылдармен шектелмейді. Қазіргі кезде Еуроодақ 2014-2020 жылдар аралығында аймаққа бағытталатын жәрдем мөлшерін анықтап, оның сала бойынша үйлестірілуін жүргізіп жатыр.

Жалпы, Еуроодақтың жәрдемі ЕО-тың көпжылдық бюджетінде белгіленеді, ал кейін аймақтағы Одақтың басымдықтарына сәйкес салалар бойынша үйлестіріледі. Еуропалық Одақ бюджеті аясында Ынтымақтастықты дамыту құралына бөлінетін қаржы мөлшері Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2014 жылдың 11 наурызында қабылданған No 233/2014 ұйғарымында белгіленген. Осы құжатқа сәйкес Еуроодақ 2014-2020 жылдар аралығында Орталық Азия аймағына 1 млрд. еуро көлемінде жәрдем бөлуді жоспарлап отыр [4, 73]. Аталған ұйғарым Орталық Азиядағы Еуроодақ жәрдемдесу саясатының басымдықтарын да анықтайды. Бұл басымдықтарда 2007-2013 жылдары анықталған басымдықтар өз жалғасын тапты. Атап айтқанда, Еуроодақ аймақтағы тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ететін бағдарламаларды, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігі, энергетикалық қауіпсіздік, климат өзгеруіне қарсы тұру, демократияны және тиімді басқаруды дамыту, құқық үстемдігі мен адам құқықтарын қамтамасыз ету, шекараларды басқару мен шекаралық ынтымақтастықты дамыту, қылмыс пен нашақорлыққа қарсы тұру, денсаулық сақтау мен білім беру жүйелерін дамыту және аймақтық ынтымақтастықты қолдау мақсаттарын көздейдін жобалар мен бағдарламаларды жәрдем беру басымдықтары ретінде анықтады [4, 65]. Бұған қоса, жоғарыда аталған ұйғарым арнайы салалық бастамаларға 7 млрд еуро көлемінде қаражат бөлуді жоспарлаған; Орталық Азия мемлекеттері де аталмыш салалық бастамаларға қатысып, Еуроодақтың аймаққа бөлген жалпы жәрдем көлемі 1 млрд. еуродан асып түсуі мүмкін.

Еуроодақтың 2014-2020 жылдарға арналған жалпы жәрдем көлемі таяуда ғана анықталғандықтан, Одақтың Орталық Азия аймағына бөлетін жәрдемінің салалар немесе жеке мемлекеттер бойынша үйлестірілуін сипаттайтын көпжылдық индикативті бағдарламалар әлі дайындалған жоқ. Алайда Еуроодақ пен Орталық Азия мемлекеттері арасында өткен екіжақты және

көпжақты кездесудер барысында ЕО-тың жәрдемі бойынша біраз мәлімет таратылды. Мәселен, 2013 жылдың 20 қарашасында Брюссель қаласында өткен ЕО – Орталық Азия министрлік кездесуде Еуроодақтың даму мәселелері жөніндегі Комиссары Андрис Пибалгс аймаққа 2014-2020 жылдары бөлінетін жәрдемі аймақ деңгейіндегі жобаларды қаржыландыруға және Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түркменстан мемлекеттеріне жәрдемдесу саясатының басымдық салаларындағы реформаларды қолдауға бағытталатынын мәлім етті. Қазақстан аймақтық деңгейдегі жобаларға және Еуроодақтың салалық бастамалары аясындағы бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік алады, бірақ Ынтымақтастықты дамыту құралы аясында екіжақты жәрдем тәсімінен шығарылады [5].

Еуроодақ жәрдемінің жеке мемлекеттерге бөліну мәселесі де жоғары деңгейде екіжақты кездесулерде талқыланып, жария етілді. 2014 жылдың 20 қазанында Люксембург қаласында Еуропалық Одақ пен Тәжікстан Республикасы арасында өткен Ынтымақтастық Кеңесі кезінде Еуроодақтың республикаға 2014-2020 жылдар аралығында 251 млн. еуро көлемінде жәрдем бөлуді көздеп отырғаны жария етілді. Бұл қаражат денсаулық сақтау, білім беру және ауылдық жерлерді дамыту салаларында шоғырландырылады деп жоспарланып отыр [6].

2014 жылдың 18 қарашасында Брюссель қаласында Еуропалық Одақ пен Қырғыз Республикасы арасында өткен Ынтымақтастық Кеңесі кезінде Еуроодақ жәрдемі туралы ақпарат таратылды. Бұл кездесу барысында Ынтымақтастық және даму мәселелері жөніндегі Комиссар Невен Мимица мен Қырғыз Республикасының Сыртқы істер министрі Эрлан Абдылдаев Еуроодақтың Қырғызстанға бөлетін жәрдем мөлшерін және басымдық салаларын анықтайтын 2014-2020 жылдарға арналған көпжылдық индикативті бағдарламаны құптайтын құжатқа қол қойды. Құжатқа сәйкес аталған уақыт аралығында Еуроодақ Қырғызстанға 184 млн еуро көлемінде жәрдем бөледі; бұл жәрдем негізгі үш салаға – құқық үстемдігі (38 млн еуро), білім беру (72 млн еуро) және ауылдық жерлерді дамыту (72 млн еуро) – үйлестірілетін болады [7].

Еуроодақтың басқа Орталық Азия мемлекеттеріне бөлетін жәрдем мөлшері әлі мәлімденген жоқ, дегенмен жаңа қаржыландыру кезеңінде де Еуроодақтың Қырғызстан мен Тәжікстан мемлекеттеріне жәрдемнің басым бөлігін жіберетінін болжауға болады. Біріншіден, осы екі мемлекет-

ке бөлінетін жәрдем көлемі алдымен жарияланды; екіншіден бұл республикалар Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда әлі де даму жағынан артта қалып жатыр, сондықтан елеулі жәрдемді қажет етеді. Осы орайда Қазақстанды екіжақты жәрдем беру тәсімінен шығару республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы өз күшімен жүзеге асыра алатындай дәрежеге жеткенін байқатады.

Еуроодақтың аймаққа бөлген жәрдемі туралы ақпаратты сараптау Еуропалық Одақтың 2007 жылы Орталық Азия Стратегиясын жариялағаннан кейін аймақтағы іс-әрекетін сол

құжатқа сәйкес жүзеге асырып отырғаны байқалады. Еуроодақтың жәрдемдесу басымдықтары Стратегияға негізделіп, әр Орталық Азия мемлекетінің қажеттілігін есепке ала отырып анықталды. ЕО-тың 2007-2013 жылдарға жоспарлаған жәрдем мөлшерін Орталық Азия аймағына жеткізуі, сонымен қатар 2014-2020 жылдары аймаққа бөлінетін жәрдем көлемін ұлғайту Еуроодақтың Орталық Азиядағы қызығушылығының тұрақтылығын көрсетеді. Аймаққа жәрдем беру арқылы Одақ осы өңірдегі өз мақсаттарын аңғартып, Орталық Азиядағы маңызды күш ретінде бекінуді көздейді.

Әдебиеттер

- 1 Европейский Союз и Центральная Азия: стратегия нового партнерства. URL: http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cmsUpload/EU_CtrlAsia_EN-RU.pdf (accessed 11/12/2014)
- 2 European Commission. European Union – Central Asia Development Cooperation – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2011 – 48 p.
- 3 Tsertsvadze T., Boonstra J. Mapping EU development aid to Central Asia // EUCAM Factsheet 1 – 2013 – pp. 1-12
- 4 Regulation (EU) no 233/2014 of the European Parliament and of the Council of 11 March 2014 establishing a financing instrument for development cooperation for the period 2014-2020// Official Journal of the European Union (L 77/44). – 2014, 15 March.
- 5 European Commission. EU announces future commitments for development with Central Asia Region //Press Release on EU-Central Asia Ministerial Meeting, Brussels, 2013, 20 November. URL: http://europa.eu/rapid/press-release_IP-13-1119_en.htm (accessed 11/12/2014)
- 6 European Commission. Fourth meeting of the Cooperation Council between the European Union and the Republic of Tajikistan – EU announces further support for development// Press Release on 4th meeting of Cooperation Council between European Union and Republic of Tajikistan, Luxembourg, 2014, 20 October. URL: http://europa.eu/rapid/press-release_IP-14-1177_en.htm (accessed 11/12/2014)
- 7 European Commission. Thirteenth meeting of the Cooperation Council between the European Union and the Kyrgyz Republic – EU announces further support for development// Press Release on 13th meeting of Cooperation Council between European Union and Kyrgyz Republic, Brussels, 2014, 18 November. URL: http://eeas.europa.eu/delegations/kyrgyzstan/documents/press_corner/pr_13eukg_coopcouncil_en.pdf (accessed 11/12/2014)

References

- 1 European Union and Central Asia: Strategy for New Partnership. URL: http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cmsUpload/EU_CtrlAsia_EN-RU.pdf (accessed 11/12/2014)
- 2 European Commission. European Union – Central Asia Development Cooperation – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2011 – 48 p.
- 3 Tsertsvadze T., Boonstra J. Mapping EU development aid to Central Asia // EUCAM Factsheet 1 – 2013 – pp. 1-12
- 4 Regulation (EU) no 233/2014 of the European Parliament and of the Council of 11 March 2014 establishing a financing instrument for development cooperation for the period 2014-2020// Official Journal of the European Union (L 77/44). – 2014, 15 March.
- 5 European Commission. EU announces future commitments for development with Central Asia Region //Press Release on EU-Central Asia Ministerial Meeting, Brussels, 2013, 20 November. URL: http://europa.eu/rapid/press-release_IP-13-1119_en.htm (accessed 11/12/2014)
- 6 European Commission. Fourth meeting of the Cooperation Council between the European Union and the Republic of Tajikistan – EU announces further support for development// Press Release on 4th meeting of Cooperation Council between European Union and Republic of Tajikistan, Luxembourg, 2014, 20 October. URL: http://europa.eu/rapid/press-release_IP-14-1177_en.htm (accessed 11/12/2014)
- 7 European Commission. Thirteenth meeting of the Cooperation Council between the European Union and the Kyrgyz Republic – EU announces further support for development// Press Release on 13th meeting of Cooperation Council between European Union and Kyrgyz Republic, Brussels, 2014, 18 November. URL: http://eeas.europa.eu/delegations/kyrgyzstan/documents/press_corner/pr_13eukg_coopcouncil_en.pdf (accessed 11/12/2014)

Садықова Р.О.

**Жапония мен Таяу Шығыс
аймағы мемлекеттерінің
қарым-қатынастары**

Жапонияның сыртқы саясатында басқа мемлекеттің сыртқы саясатындағы сияқты жаңа ұлттық мүдделер, әлемдегі күштердің арасалмағының өзгеруі мен халықаралық қатынастардағы жағдайы көрініс тауып отыр. Әсіресе, қазіргі уақыттағы араб мемлекеттерінің мұнайға қатысты баға саясатының тұрақсыздығы жапон үкіметі тарабынан жауапты әрекеттерді талап етуде. Қалыптасқан халықаралық жағдайға бейімделіп жапон үкіметі өзінің ынтымақтастық бағыттарын анықтауда. Осындай Жапонияның сыртқы саясатындағы аса маңызды бағыттардың біріне Таяу Шығыс елдерімен байланыстар айналды. Жапония бұл аумақтан шамамен 90% мұнайды тасымалдап отыр. Таяу Шығыс мемлекеттерімен ынтымақтастықты Жапония одан әрі дамытуға мүдделі, сондықтан аймақтың тұрақтылығына елеулі көлемдегі қаржыны бөлуде. Осы тұрғыда ұсынылған мақалада қазіргі уақыттағы Жапония мен Таяу Шығыс мемлекеттері арасындағы екі жақты деңгейдегі қарым-қатынастардың дамуын зерттеуге талпыныс жасалынған.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, Таяу Шығыс мемлекеттері, энергетикалық қорлар, сауда-экономикалық қарым-қатынастар.

Sadykova R.O.

**The relations of Japan and the
Middle Eastern countries**

In foreign policy, Japan, as well as any state, are reflected new national interests, and change the balance of forces in the world, and the situation in international relations. Especially instability associated with the Privacy Policy of Arab States with regard to oil requires adequate measures by the Japanese government. Based on the changes in the international situation, the Japanese government defines basic directions of cooperation. The Middle Eastern countries are one of the important directions on the foreign policy of Japan. Japan exports about 90% of its oil from these Middle East region, what reflects the importance of these countries. In this context, this article was an attempt to study the development of bilateral relations between Japan and the Middle East at the present stage.

Key words: foreign policy, countries of the Middle East, energy resources, trade-economic relations.

Садықова Р.О.

**Отношения Японии и стран
Ближнего Востока**

Во внешней политике Японии, так же как и любого государства, находят отражение и новые национальные интересы, и изменившаяся расстановка сил в мире и ситуация в международных отношениях. Особенно нестабильная ситуация, связанная с ценовой политикой арабских государств в отношении нефти, требует адекватных мер со стороны японского правительства. Исходя из изменения международной ситуации японское правительство определяет свои ориентиры сотрудничества. Не меньше, чем Азиатский регион, значение для Японии имеют и страны Ближнего Востока, откуда она экспортирует около 90% потребляемой нефти. В этой связи в данной статье была предпринята попытка изучения развития двусторонних отношений между Японией и странами Ближнего Востока на современном этапе.

Ключевые слова: внешняя политика, страны Ближнего Востока, энергетические ресурсы, торгово-экономические отношения.

ЖАПОНИЯ МЕН ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРЫ

Қазіргі кезеңде Жапония әлемдегі ең ірі мұнайды тұтынушылардың бірі болып отыр. Мұнайға сай келетін көмір, газ, атомдық энергетика сияқты альтернативтік көздерді Жапонияның белсенді түрде пайдалануына қарамастан, ол елдің энергетикалық қорларға деген қажеттілігінің 50 %-ын қамтамасыз етіп отыр. Жапонияның экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігінің ресми деректері бойынша мемлекет 1973-2000 жылдар аралығында 77,4%-дан 51,8%-ға дейін мұнайға деген бағыныштылығын төмендеті алды. 2010-2011 жылдары жапон үкіметі бұл бағыныштылықты азайту үшін атомдық энергетиканың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану мен энергиялық тұтытуда табиғи газдың үлесін көбейтуге ұмтылды. 1973 жылғы әлемдік энергетикалық дағдарыстан жапон үкіметі энергетикалық стратегияда сақтықпен қарауға тырысуда.

Қазіргі уақыттағы Жапонияның Таяу Шығыс аймағының мемлекеттеріне қатысты саясатын талдағанда, 1970 жылдардағы жағдайға міндетті түрде тоқталу керек.

Жапонияның да әлемдік энергетикалық көздердің жағдайы алаңдататындығы ХХ ғасырдың 70-жылдарындағы энергетикалық дағдарыс-ақ байқатты. 1973 жылдың қыркүйек айында энергия дағдарысы қауіп және мұнай шикізатымен қамсыздандырудың тұрақсыздығы төңірегіндегі әңгімелер барлық жерде айтыла бастады. Осы жылдың қыркүйек айында Жапонияда сыртқы сауда қорлары мен энергетика өнеркәсібін басқару министрлігі энергетика бойынша «Ақ кітап» дайындалды. Бұл құжатта жеткізу әдістерінің сенімсіздігі және осыған байланысты шұғыл шаралар қолдану қажеттілігіне ерекше көңіл аударылған. Бұл қауіп сол жылдары Жапония экономикасының өсуіне байланысты туындады. Жапония мұнайдың көп мөлшерін тікелей немесе жанама жолмен халықаралық компаниялардан алатын. 1973 жылдың қыркүйек айында шыққан Жапонияның «Ақ кітабында»: «Осы уақытқа дейінгі халықаралық компаниялармен жүзеге асырылған мұнай тасымалдау жүйесіндегі басқару әрекеті бұзылып бара жатыр», – деп айқын жазылды [1].

Халықаралық жағдайдың өзгеруіне байланысты, бастапқы американо-жапон одағының кепілдігімен жүргізілген Жапонияның сыртқы саясатында жаңа бағыт пайда болды. Ол «Қор дипломатиясы» деп аталды. Бұл стратегияның жаңа міндеті –

Жапонияның сыртқы саясатын қайта қарастыру арқылы мұнайдың тасымалдау жолына кепілдік алу. Бұл бағытты жақтаушылардың ішінде ерекше көзге түскендердің бірі Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрі, кейіннен XX ғасырдың Жапония премьер-министрі лауазымы қызметіне ие болған Ясухиро Накасонэ болды. Я. Накасонэ: «Жапония болашақта сөзсіз алдыңғы елдердің қатарына шығады, сондықтан да соқыр сеніммен «біреулердің» соңынан еру қате», – деп есептеді. «Біреулері» сөзсіз АҚШ еді. Сол себепті 1973 жылдың шілдесінде Накасонэ «Мұнай өндіруші елдерге» арналған жаңа саясат жүргізу керектігін мәлімдеді [2]. Осы мәлімдеме Жапонияның сыртқы саясатында «қырғи-қабақ соғысы» жылдарынан-ақ мұнайды өндіруші мемлекеттер, яғни негізгі импорттаушы Таяу Шығыс мемлекеттермен қарым-қатынастардың маңыздылығына ерекше мән берілді. Қазіргі кезеңде да Жапонияның сыртқы саясатында Таяу Шығыс аймағы мемлекеттерімен байланыстар алғашқы басымдықтардың қатарына шықты.

Жапонияның сыртқы саясатында энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге бағытталған дипломатиялық ұмтылыстар ерекше маңыздылыққа ие. Жапон үкіметі осы мақсатта арнайы стратегияны дайындап, негізгі әріптестермен жасалынатын іс-шаралардың ауқымын анықтайды. Әсіресе, елдің сыртқы саяси бағдарында Таяу Шығыс аймағы мемлекеттерінің маңызы зор.

Жапонияның Таяу Шығыс мемлекеттерімен қарым-қатынастары экономикалық салада, яғни энергетикалық қорлармен қамтамасыз етуге қарқынды дамуда. Жапонияның сыртқы істер министрлігінің мәліметтеріне жүгінсек, Жапонияға Таяу Шығыс немесе Араб мемлекеттерінен келетін 90%-дық мұнай импортының көлемі тиесілі.

Араб мемлекеттерінің ішінде Жапонияның сыртқы саясатында Сауд Арабиясының рөлі зор. Араб мемлекеттерінің ішінде Жапония мұнайдың 25% импортымен қамтамасыз етуші Сауд Арабиясымен тұрақты қарым-қатынастарды орнатты. Сауд Арабиясы «қырғи-қабақ соғысы» жылдарынан бері алғашқы орындағы мұнай шикізатымен қамтамасыз етуші мемлекетке айналып отыр. Жапония мен Сауд Арабиясы арасындағы ресми деңгейдегі байланыстар 1956 жылы екі мемлекеттің арасында дипломатиялық қарым-қатынастардың орнатылуынан басталды. Сауд Арабиясы мен Жапонияның дипломатиялық мойындаудың көрінісі ретінде 1958 жылы Токиода Сауд Арабиясының елшілігі және 1960 жылы Сауд Арабиясындағы жапондық

елшілік Джидахта ашылды. Жапония Сауд Арабиясымен қарым-қатынастарда Парсы шығанағынан келетін мұнай көздеріне бағыныштылығы артып келе жатқан бүкіл Азия-Тынық мұхиты аймағы атынан әрекет етуге тырысады. Қазіргі таңда Жапония басшылығы Сауд Арабиясымен белсенді диалог жүргізуге әрекеттенуде. Мысалға, 1997 жылы бұрынғы Жапония премьер-министрі Рютаро Хасимото Сауд Арабиясында іссапармен болды. 2002 жылы сол жылдардағы жапон премьер-министрі Коидзуми де Таяу Шығыс мемлекеттеріне іссапарлары барысында Сауд Арабиясында болды. АҚШ-тың ХХІ ғасырдың басында Ирактағы әскери операциясы басталғанға дейін жапон үкіметі Мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымы мүшелерімен, соның ішінде Сауд Арабиясымен мұнаймен қамтамасыз етуге мүмкін болатын кедергілердің алдын алу үшін кеңес алмасуларды өткізген болатын. Осылайша Жапонияның Сауд Арабиясымен саяси диалогті дамытуда экономикалық мүдделестік өзіндік рөлін атқарып отыр. Жапондық тарап үшін қазіргі таңда Сауд Арабиясымен қарым-қатынастардағы белгіленіп отырған ағымдық мақсаттарының бастысы – осы мемлекеттегі жапондық компанияның мұнайды игеру бойынша құқықтарын қамтамасыз ету. Осы орайда 2000 жылғы Сауд Арабиясымен жасалынған жапондық ірі компаниялардың бірі «Арабия ойлдың» мұнайды игеру бойынша құқықтарын ұзарту бойынша келіссөздердің сәтсіз аяқталуы Жапонияның аймақтағы мұнайды игеру саласы бойынша ұстанымдарына елеулі соққы болып тиді. Жағдайды өзгерту мақсатында жапондық үкімет ірі көлемдегі бірқатар шараларды жүзеге асырып, нәтижесінде жетістіктерге жете алды. 2001 жылы жапон басшылығы Кувейттегі құқықтарын ұзартуға және Сауд Арабиясымен үзілген қарым-қатынастарды қайта қалпына келтіруге қол жеткізді. Бірақ 2000 жылғы жағдай Жапонияның өзге де мұнаймен қамтамасыз ету бойынша бағыттарға назар аударуына түрткі болды. Сауд Арабиясындағы жапондық мұнайды игеру бойынша компаниямен орын алған жағдай Токионың ұстанымы келешекте қандай болары әлі белгісіз болып отырғандығын байқатты, себебі Таяу Шығыс аймағының мемлекеттерінде мұнайды игеру бойынша шетелдіктердің құқықтарын қысқарту бойынша үрдіс күшейіп келеді. Сонымен қатар «ниссэки» сияқты мұнай алыптарының тұрақсыз қаржылық жағдайы мен қайта құрылымдық өзгерістерді бастан өткеруі де Таяу Шығыс мемлекеттері үшін өзекті мәселеге айналып отыр [3].

Жапонияның сыртқы саясатында энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз ету мәселесінде Сауд Арабиясымен қатар, өзге мемлекеттермен де байланыстар маңыздылыққа ие болып отыр. Жапонияның Таяу Шығыс аймағындағы Сауд Арабиясынан кейінгі екінші сауда-экономикалық саласындағы әріптесі Израиль болып табылады.

1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі жылдарда екі мемлекеттің қарым-қатынастары толыққанды өзгеріске түсіп, Жапонияның Израильге қатысты жаңа ұстанымы қалыптасты. Жапонияның Израильге қатысты саясатына екі негізгі фактор ықпал еткен болатын. Біріншісі, Ирактың Кувейтке шабуылы Жапонияның араб әлеміндегі бірліктің жоқтығын байқатуымен байланысты болды. «Шөлдегі дауыл операциясының» ерекшелігі араб мемлекеттерінің сыртқы күш, яғни АҚШ-тың ықпалымен саяси-экономикалық жетекшілікке ие болу үшін өзара соғысқандығында еді. Жапон үкіметі араб-израильдік қақтығыс Таяу Шығыстағы тұрақтылыққа қауіп төндіретін жалғыз фактор еместігін бағамдай бастады. Сонымен қатар, осы дағдарыс барысындағы және одан кейінгі де Израильдің қандай да бір күш қолданудан оқшаулануы жапондық саясаткерлер және баспасөз тарабынан зор қолдауға ие болды. Жапонияның Израильге қатысты ұстанымының өзгеруіне ықпал етуші екінші фактор Таяу Шығыстағы бейбіт реттеу үдерісінің «Шөлдегі дауыл» операциясынан кейін 1993 жылғы қыркүйектегі Израиль мен палестиналық азаттық ұйымы арасындағы Осло келісіміне қол қойылуынан бастап жаңа кезеңге өтуімен байланысты болды. Екі тараптың бір-бірін мойындауы Жапонияның Таяу Шығыстағы бейбіт реттеу үдерісіне қатысуға және Израиль мен Жапония арасындағы саяси байланыстардың қарқындауына үлесін қосуға мүмкіндік берді. Араб-израильдік бейбіт реттеу үдерісіне Жапонияның қатысуы қажет болды. Себебі, Жапония Таяу Шығысы аймағындағы жағдайдың өз мемлекетінің қауіпсіздігі мен экономикалық дамуына ықпал ететінін «қырғи-қабақ соғысы» жылдарындағы мұнай дағдарыстары мен «Шөлдегі дауыл» операциясынан сабақ алу барысында ұғынған болатын. Сондықтан Жапония үшін Таяу Шығыс аймағында экономикалық қана емес, енді Таяу Шығыстағы бейбіт реттеу үдерісіне де қатысып, саяси белсенділікті арттыруы қажет болды. Сонымен қатар араб-израильдік бейбіт реттеудің Жапонияның экономикалық мүдделері үшін аса тиімді екендігі айқын. Аймақтағы бейбіт реттеу үдерісі қандай да бір кедергілерсіз жаңа ірі экономикалық кеңістіктің ашылуына және көптеген

жаңа мүмкіндіктердің ашылуына жағдай жасайды. XX ғасырдың 90-жылдарының басында Израиль де Таяу Шығыстағы «қалыптасушы нарықтардың» біріне айналған болатын. Осындай факторлардың негізінде Жапония Израильмен қарым-қатынастар мәселесінде Таяу Шығыстағы бейбіт реттеуге қатысу арқылы саяси белсенділігін арттырып қана қоймай, экономикалық байланыстарды нығайта бастады. Жапонияның саяси белсенділігі оның 1991 жылғы аймақтағы жағдайды реттеуге бағытталған Мадрид конференциясынан кейін көпжақты экологиялық жұмыс тобына жетекшілік етуінде және су қорлары бойынша, аймақтық экономикалық даму мен босқындар ісі бойынша жұмыс топтарына қатысуында көрініс тапты. Сонымен қатар Жапония жаңа палестиналық Ұлттық кеңестің сайлауына бақылаушылар жіберді. 1996 жылы да аймақтағы тұрақтылықты қадағалау мақсатында БҰҰ-ның аймақтағы бақылау күштерінің құрамында 45 жауынгерді жіберді. Осы шаралар, негізінен, Жапонияның Таяу Шығыстағы тұрақтылықты қамтамасыз ету және бейбіт реттеу үдерісіне қатысуға ғана бағытталмай, Жапонияның Израильмен саяси қарым-қатынастарының жақсаруына ықпал етті. XX ғасырдың 90-жылдарының басында Израиль мен Жапонияның екіжақты жоғарғы деңгейдегі саяси контактілері жиілей түсті. Әсіресе, 1994 жылғы желтоқсандағы Израиль премьер-министрі Я. Рабиннің Жапонияға іссапары барысында Жапония декларациясы қабылданды. Ол бойынша Жапония мен Израильдің арасындағы ғылыми ынтымақтастық бойынша келісімнің қол қойылуы мен израильдік қаржы нарығының жапондық инвестицияларға ашылуы қарастырылды. 1994 жылдың сәуірінде жапон мен израильдік үкімет екі рет салынатын салықтан бас тарту туралы келісімге қол қойды. XX ғасырдың 90-жылдарында азаматтық авиация туралы келіссөздерді жүргізді. Қазіргі таңда да Жапония мен Израильдің арасында әр алуан деңгейлерде кездесулер өткізіліп, халықаралық және аймақтық мәселелердің екіжақты саяси талқылаулардың негізіне айналып отыр.

Израиль мен Жапонияның арасындағы екіжақты саяси қарым-қатынастардың дамуына ықпал етуші басты фактор экономикалық мүдде екенін ескерер болсақ, сауда-экономикалық байланыстар тараптар үшін негізгі ынтымақтастықтың саласына айнала бастады. Жапония мен Израильдің арасындағы экономикалық диалог 1993 жылғы қыркүйектегі Израиль мен палестиналық азаттық ұйымы арасындағы Осло келісіміне қол қойылуынан бастап жақсарды. Жапонияның Таяу

Шығыстағы бейбіт реттеуге қатысуы аймақтық инфрақұрылымды дамытуы бойынша әр алуан жобалардың халықаралық компаниялардың дайындығына тұспа-тұс келді. Жапонияның халықаралық сауда мен индустрия министрлігіндегі Ғылым мен Технология бойынша Ұлттық агенттігінің делегациясы, Кэйданрен (Жапонияның экономикалық ұйымдарының федерациясы) делегациясының 1993 жылғы сәуірдегі іссапарлары және халықаралық сауда мен индустрия министрлігінің сыртқы істер бойынша министрі орынбасары Хатакэяма мен сыртқы істер бойынша министр Шимон Пэрестің 1992 жылғы қарашадағы саяси кездесулері Израиль мен Жапонияның арасындағы өсіп келе жатқан экономикалық байланыстарды кеңейте түсті. Осындай жапондық компаниялар мен министрліктің белсенділігінің нәтижесінде 1995 жылы Израильдің экспорты 1994 жылмен салыстырғанда 33%-ға өсіп, 1,2 млрд долларға жетті және экспортың басым бөлігі жоғарғы технологиялар саласына бағытталды. Сонымен қатар, машина бөліктерінің экспорты 42%-ды құрап, 172 млрд. долларға жетсе, электрондық жабдықтарының экспорты іс жүзінде екі есеге 67 миллионға өскен [4].

Жапонияның Израильмен экономикалық қарым-қатынастарын дамытуда Жапондық сыртқы сауда ұйымы, Джетро да өзіндік үлесін қосуда. Жапонияның премьер-министрі Мураяманың 1995 жылдың қыркүйегіндегі іссапарының нәтижесінде 1997 жылға дейін Израильде Джетроның өкілдігінің офисін ашу туралы келісімге қол қойылды. Осы өкілдіктің ашылуы жапондық сауда компаниялары үшін Израильдің жаңа нарықтарын ашуда және өз нарығында да оның үлесін арттыруға ықпалын тигізді.

Жапонияның Иранмен ынтымақтастығы Жапонияның Сауд Арабиясына деген бағыныштылықты төмендету және энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Осы тұрғыдан, энергетикалық қажеттілікті өтеуге бағдарланған жапон дипломатиясының мүдделестігі Иранды «зұлымдық белдеуі» мемлекеттері қатарына қосқан АҚШ-тың наразылығы сияқты саяси факторларға қарамастан басымдыққа ие болып отыр. Себебі, қазіргі таңда Иранның анықталған энергия қорларының көлемінің ішінде мұнай – 12 млрд тонна (әлемдік мұнай қорының 9%-ын), табиғи газ – 21 млрд тоннаны (әлемдік газ қорының 15%-ын) құрап отыр. Иран Мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымы мүше-мемлекеттерінің арасында мұнай өндірісі бойынша Сауд Арабиясынан кейінгі екінші орынға ие.

Иран мен Жапонияның арасындағы экономикалық байланыстарда энергетика саласында біріккен жобалардың рөлі артып отыр. Осындай алғашқы бірлескен шара Иран мен Жапония арасында 2000 кВт-тық Хузестан провинциясының оңтүстік-батысындағы Карун өзенінде Godar Landar электрлік станцияны бірлесіп салу туралы келісімшарт болды. Бұл келісім бойынша 68,8 млн долларлық, екі пайыздық салым көлемінде белгіленді және бұл қаржы 18 жылда өтелуі тиіс.

Жапония мен Иранның энергетика саласындағы ынтымақтастығы елдің өзге де аймақтарында дамуда. Жапонияның Иранмен энергетикалық байланыстарындағы негізгі мүддесі тоғысқан аймақ әрі әлемдегі дамытылмаған негізгі мұнай аймағы Азадеган аймағы (26 млрд-тық баррель көлемінде) болып отыр. Осы мұнай аймағы Иран мен Ирактың шекарасында орналасқан және екі мемлекет те табиғи қорларға ене алады. Сол себепті бұл аймаққа америкалық мүдделестік артып отыр. Дегенмен, жапон үкіметі АҚШ тарапынан жасалынған қысымға қарамастан, 2004 жылы 20 ақпанда Иранмен келісімге қол жеткізе алды. Жапонияның Иранмен жасалынған келісімшартына сәйкес Inpex Corporation, «Tomen Corporation» және «Japan Petroleum Exploration Company Ltd.» компанияларынан құралған жапондық консорциум Азадеган мұнай аймағын 12,5 жылдық мерзімде дамыту құқығына ие болды. Келісімшарт бойынша Азадегандағы өндіріс 2007 жылы басталуы және шығындар 6,5 жыл шеңберінде төленуі қажет болды. Жапондық тараптың өкілдері келісімшартқа байланысты келіссөздерді жүргізу барысында олардың Сауд Арабиясындағы мұнай аймақтарын дамыту бойынша құқықтарынан айырылу есебінен болған шығындардың орнын толтыруды жоспарлағандығын айтты. Екі тарап келісімнің кейбір шарттары бойынша және техникалық компоненттері бойынша келешекте белгілі бір түзетулерді енгізетіндігін байқатты. Әрине, осы келісімшартқа қол қойылудың өзі Жапонияның АҚШ-тың қысымына қарамастан, Таяу Шығыстағы экономикалық мүдделестік тұрғысынан, яғни мұнай факторының ықпалымен әрекет еткендігін байқатады. Бірақ АҚШ тарапынан Жапония басшылығына Ирандағы Азадеган аймағын дамыту бойынша жоспарларын тоқтату туралы да мәлімдемелер жиілей түсті. Жапондық күнделікті баспасөздегі жарық көрген мемлекеттік деректерге сәйкес, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшылықтың мүшесі Роберт Зозлик пен Мемлекеттік хатшының орынбасары Роберт Джозев бейресми деңгейде Жапониядан уақытша Азадеганды

дамыту бойынша жоспарларын тоқтату туралы ұсыныс жасады. Жапондық баспасөзде бұл ұсыныс Азадеганды дамыту бойынша Иранға түсетін табыс оның ядролық қаруларды дамыту бойынша жобаларында шығындалуы мүмкіндігіне негізделгендігі және осы жағдайда халықаралық қауымдастықтың Иранға қарсы тұруда біріккен майдан құруда қиындықтар туғызатындығы атап өтілді [5]. АҚШ-тың мемлекеттік департаментімен қатар, 2006 жылдың ақпанында халықаралық қауымдастық шеңберінде, яғни БҰҰ-дағы АҚШ-тың елшісі Джон Болтон ғаламдық қауымдастықтың ядролық қарудың таралуына бірлесе қарсы тұруы бойынша жұмыс істеу керектігіне иландыруға тырысты. Жапондық үкімет ядролық қаруды таратпау және өзінің энергетикалық қажеттілігі мәселесіне де назар аударатындығын байқатты. Яғни, жапондық кабинеттің бас хатшысы Абэ осы ұстанымның қалыптасқан жағдайда Азадеганның келешектегі бағыты бойынша АҚШ басшылығымен нақты келіссөздерді жүргізіп жатқандығын білдірмейтіндігін атап өтті. Абэ баспасөз өкілдеріне: «Біз осы мәселеде ядролық қаруды таратпау мәселесі мен тұрақты мұнаймен қамтамасыз ету мәселесі де маңызды болып табылатындығын біздің ортақ мойындауымыздың негізінде әрекет етуді қалаймыз», – деп мәлімдеді [6]. 2006 жылы наурызда жапондық үкімет Азадеганды дамыту бойынша мәселеде осы ұстанымға сәйкес АҚШ тарапынан жасалынған ядролық қарудың таралуына қарсы тұруда бірлесу туралы мәлімдемесіне жауап ретінде Ираннан келетін шикізатты сатып алудың мөлшерін 2%-дық деңгейде төмендету бойынша іс-шара қабылдады. Компаниялар ирандық мұнайдың импорт мөлшерін сатушылар үшін төмендетпек, бірақ Иранмен жасалынған тікелей ұзақ мерзімдік келісімшарттар бойынша сатып алу көлемін өзгертпейді. Артынша жапон үкіметінің кеңесі Жапонияның келесі 25 жылда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мұнай шикізатының импортын екі есеге арттыру керектігін мәлімдеді. Осы жағдайда жапон үкіметі Иранмен Азадеганды дамытуда АҚШ-тың наразылығына қарамастан, келісімшарт бойынша жоспарларын жалғастыруға мүдделі болып отыр. Осы тұста Иранның Жапонияның үшінші ірі мұнаймен қамтамасыз етуші мемлекет екенін ескерген қажет болар. Сауд Арабиясындағы жапондық компаниялардың мұнайды игеруі бойынша құқықтарынан айырылған жапон үкіметі үшін тағы да бір энергиялық қайнаркөзден айырылуы елдің экономикалық дамуына ірі соққы болып тиюі мүмкін.

Жапония Таяу Шығыс аймағының мемлекеттерімен қарым-қатынастарда энергетикалық қажеттілікті өтеуде мұнаймен қатар, басқа да табиғи қорларды игеруде белсенділігін байқатуда. Жапонияның Таяу Шығыс аймағындағы газды бірлесіп игерудегі әріптестерінің қатарында Катар мен Оман алдыңғы орындарда болып отыр.

Катар әлемдік газ қоры бойынша үшінші орынға ие болып отыр және жанатын газдың негізгі экспорттаушыларының бірі болып табылады. Жапония Катарда 1993 жылы қызметін бастады. Яғни, осы жылы ұлттық Катардың Басты мұнай корпорациясы (63%), америкалық «Mobil» (25%), жапондық Itochu (4%), «Nissuo Ivai» (3%) компаниялары және Оңтүстік Кореялық «Korea Gas Corporation» (5%) компанияларынан біріккен консорциум құрылған болатын. 2002 жылдан жыл сайынғы газ тасымалдары 4,8 млрд. тоннадан асуда. Консорциум осы уақытқа дейін өзінің өнімін, яғни газды Оңтүстік Кореяға, Үндістанға экспорттау бойынша ұзақ мерзімдік келісімшарттары бар және Араб монархияларына арналған біріккен газбен қамтамасыз ету жүйесін құру туралы жобалар да ұсынылуда. Жапонияның осы біріккен консорциумымен қатар, Катармен газды игеру бойынша өзге де маңызды іс-шаралар атқарылды. 1997 жылы «Tubu Denruoku» 25 жылға жыл сайын 4 млрд. тонна көлемінде жанатын табиғи газдың тасымалданатынын қамтамасыз ету туралы негізгі келісімшартқа қол қойды және осылайша Катардың жанатын табиғи газдың жапондық корпорацияның сатылымындағы көлемі 45%-ға өсті. Басқа жапондық танымал «Tohoku Denruoku», «Tokio Denruoku», «Kansai Denruoku» сияқты компаниялар «Tubu Denruoku» компаниясынан үлгі алып, соның саясатын жалғастырды.

Жапонияның Катармен қатар, газды игеру бойынша Таяу Шығыстағы әріптесінің бірі – Оман. Жапондық «Osaka Gas» компаниясы омандық нарыққа еніп үлгерді және Омандағы мұнай қорлары да жеткілікті, яғни олардың 20 жылға дейін жеткілікті болу мүмкіндігі жоспарлануда. Оманда газ кен орындары да анықталуда. Сонымен қатар Жапония үшін осы мемлекетпен ынтымақтастық тиімді болып отыр. Жапондық сарапшылар Катармен ынтымақтастықтың келесі артықшылықтары барлығын айтуда: Оманның тікелей Араб теңізіне шыға алуы, оның Парсы шығанағындағы қақтығыстардың бейтарап ұстанымы, Жапонияға қатысты жылы көзқарастың болуы, Оман монархының мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жүйелі саясаты [7].

Кувейт және Біріккен Араб Әмірліктері де Жапонияның дәстүрлі әріптестері. Осы мемлекеттердің мұнай үлестері – 13,3 млн тонна және 12,6 млн тонна, ал газ қорлары – 1,5 млрд шаршы метр және 5,8 млрд шаршы метр Жапония осы мемлекеттермен тұрақты кеңес алмасуларды екіжақты деңгейде де және халықаралық форумдар шеңберінде де жүргізеді. Жапонияның Таяу Шығыстағы саясатына әсерін тигізуші факторлардың негізгісі мұнай факторы болып отыр. 90%-дық мұнайды Парсы шығанағынан немесе Таяу Шығыс аймағынан импорттап отырған Жапония үшін осы аймақ мемлекеттерімен байланыстарда энергетикалық қажеттілік, яғни мұнаймен қамтамасыз ету алдыңғы орынға шығып отыр. Сол себепті Таяу Шығыс аймағы мемлекеттерімен соңғы жылдары экономикалық саладағы әр алуан ынтымақтастық бағдарламалары жапондық дипломатияның не-

гізгі міндеттерінің біріне айналды. 2001 жылғы Жапонияның Сыртқы істер министрі Е. Кононың Парсы шығанағы мемлекеттеріне іссапарлары барысында дәстүрлі экономикалық қарым-қатынастарды Сыртқы істер министрлерінің тұрақты кездесулері мен Жапония-Парсы шығанағы мемлекеттерінің одағы форумы бағытында диалогті дамыту сияқты жаңа өзара әрекеттестіктік салалармен кеңейтуге ұмтылыс жасалынды. Әзірше Жапонияның ұзақмерзімдік жоспарлары жүзеге асырылу үстінде, алайда ағымдық мақсаттар да жүзеге асырылуда. Осы мақсаттардың бастысы – Таяу Шығыс мемлекеттерінде жапондық компаниялардың мұнайды игеру бойынша құқықтарын қамтамасыз ету.

Осылайша, қазіргі таңдағы Жапонияның Таяу Шығыс мемлекеттерімен байланыстарынан-ақ осы аймақтың елдің сыртқы саясатында маңызды рөлге ие екендігін байқауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Ergin D. Dobycha. Vsemirnaya istoriya borby za nef't, dengi i vlast' /Пер. с англ. 2-е изд. – М.: Наука, 1968. – 601 б.
- 2 Жүніс Қ.Ә. Мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымы (МЭШЕҰ) және араб елдерінің мұнай саясаты. – А., 2006. – 64-65 бб.
- 3 Sankei Shimbun, March 23.2006//www.sankei.co.jp
- 4 Peter Kemp, «Crisis Forces Policy Rethink», Middle East Business Weekly, 34 (Oct. 19, 1990): 15.
- 5 Willy Stern, «Japan: A Willing Participant in the Arab Boycott of Israel», in: Middle East Review, vol. 21, no.1 (Fall 1988). – P.47 – 53.
- 6 Rush Shuster, Japan: Rising Sun over Israel/ Link, vol.6, no. 51 (October 1996). – P.40-42.

References

- 1 Ergin D. Dobycha. Vsemirnaya istoriya borby za nef't, dengi i vlast' / Per. s angl. – 2-e izdanie. – Moskwa: Nauka, 1986. – P. 601.
- 2 Zhunis K.A. Munaidy exportka shigaratin elder uimy zhane arab elderinin munai sayasaty. – Almaty, 2006. – - pp. 64-65.
- 3 Sankei Shimbun, March 23.2006//www.sankei.co.jp
- 4 Peter Kemp, «Crisis Forces Policy Rethink», Middle East Business Weekly, 34 (Oct. 19, 1990): 15.
- 5 Willy Stern, «Japan: A Willing Participant in the Arab Boycott of Israel», in: Middle East Review, vol. 21, no.1 (Fall 1988). – P.47-53.
- 6 Rush Shuster, Japan: Rising Sun over Israel/ Link, vol.6, no. 51 (October 1996). – P.40-42.

Абдукадыров Н.М.,
Төлешбеков М.Р.

**Сұлтан II Абдулхамит тұсында
Осман империясы мен
Германия арасындағы
сыртқы саяси байланыстардың
кейбір бағыттары**

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада Осман империясының сұлтаны II Абдулхамит тұсындағы Осман империясы мен Германия арасындағы саяси байланыстар қарастырылады. Осман империясының сұлтаны II Абдулхамит 1876-1909 жылдары билік құрып, сыртқы саясатта Германиямен өте жақсы қатынаста болды. Германияда кайзер II Вильгельм ал, Осман империясында II Абдулхамит билікте болған тұста екі мемлекеттің саяси қатынастары жоғары деңгейде болды. Ғылыми жұмыста сұлтан II Абдулхамиттің Германиямен саяси байланыстарды күшейту себептері, барысы және нәтижелері ғылыми талдауға түседі. Сонымен қатар, сыртқы саясатқа негізделген әскери қатынастарды зерделеу мақаланың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ғылыми жұмыстың басты ғылыми объектілерінің бірі сұлтан II Абдулхамиттің саяси жоспарларын және халықаралық саясаттағы принциптері мен ерекшеліктерін көрсету. Бұл кезеңде Осман империясы мен Германия арасындағы саяси байланыстардың ең ірі объектісі болған Берлин-Бағдат теміржолының да II Абдулхамит тұсындағы осман-герман байланыстарына әсерін зерделеу мақаланың басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Түйін сөздер: Осман империясы, II Абдулхамит, II Вильгельм, Германия.

Abdukadyrov N.M.,
Toleshbekov M.R.

**Some aspects of the political
relations between the Ottoman
Empire and Germany under Ab-
dulhamid II**

In this research article is considered the history of Ottoman Empire on political relationship with Germany in the period under the rule of the Sultan Abdul Hamid II. Sultan Abdul Hamid II rules Ottoman Empire in 1876-1908 and while ruling period has a close relationship with Germany. Sultan Abdul Hamid II becomes aligned with Germanic Kaiser Wilhelm II by the late XIX century. The article is analyzing matter for course and consequences of the Sultan's relationship with Germany. Even more the article seeks to examine strategic military relations between the two powers, which are based on political relations. The main scientific substance an article is to share the Sultan's political figure and character in military-political relations with Germany. The main substance of the article is to characterize the political significance of the railway Berlin-Baghdad, which was a major political and economic object between the two empires.

Key words: Abdul Hamid II, Ottoman Empire, Wilhelm II, Germany.

Абдукадыров Н.М.,
Толешбеков М.Р.

**Некоторые аспекты
политических
взаимоотношений между
Османской империей
и Германией
при Абдулхамиде II**

В данной статье рассматривается история политических отношений Османской империи с Германией во время правления султана Абдулхамид II. Султан Абдулхамид II управлял Османской империей в 1876-1908 годах и во внешней политике он имел тесные политические связи с Германией. В конце XIX века Абдулхамид II стал союзником германского кайзера Вильгельма II. В статье анализируются причины, ход и последствия взаимоотношений Турции с Германией. А также в статье ставятся задачи рассмотреть военно-стратегические связи между двумя державами, которые были установлены на основе тесных политических взаимоотношений, а также показать политический портрет и роль султана в военно-политических отношениях с Германией, что является основным научным объектом статьи. Дана характеристика политической значимости железной дороги Берлин-Багдад, которая была главным политическим и экономическим объектом отношений двух империй.

Ключевые слова: Абдулхамит II, Османская империя, Вильгельм II, Германия.

**СҰЛТАН II
АБДУЛХАМИТ
ТҰСЫНДА ОСМАН
ИМПЕРИЯСЫ МЕН
GERMANIA
ARACЫNDAҒЫ
CЫPТҚЫ CЯCИ
БАЙЛАНЫCTAPДЫҢ
КЕЙБІP БАҒЫTTAPЫ**

1876 жылы Осман империясының сұлтаны II Абдулхамит империя тағына отырған тұста Осман империясы саяси және экономикалық тұрғыда әлсіреп, империя ішкі-сыртқы саясатта дағдарыс жағдайында еді. Оның басты себептері, ішкі саясатта империяның қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша артта қалуынан туындаса, сыртқы саясаттағы құлдырау еуропалық империялар мен өзге де сыртқы саяси күштердің Осман империясына саяси және экономикалық қысым көрсетуімен тікелей байланысты болды. XIX ғасырда Халықаралық саясат пен экономикада «Еуропаның ауру адамы» деген атқа ие болған Осман империясының саяси және экономикалық ахуалын көтеру мемлекеттің басты стратегиялық жоспары болды. Бұл жоспарды жүзеге асыруға тырысып, империяда саяси және экономикалық салалар бойынша түрлі реформалар қабылдаған сұлтан II Абдулхамит болды.

Тақырыбымыз II Абдулхамиттің сыртқы саясаттағы рөліне қатысты болғандықтан, ең алдымен сұлтанның билікке келген кездегі сыртқы саяси жағдайды түсіндіріп өтетін болсақ, II Абдулхамиттің билік еткен алғашқы жылдары, нақтырақ айтқанда 1877-1878 жылдар сыртқы саясатта Осман империясы үшін қиын-қыстау жылдар болды. Бұл кезеңде Осман империясы Ресейден жеңіліп, 1878 жылы Сан-Стефано келісіміне қол қойды. Алайда, көп ұзамай Англия, Австро-Венгрия сынды еуропалық империялар Сан-Стефано келісімінің шарттарына араласып, олар бұл келісімді қайтадан қарау керектігін ұсынды [1, 239-240 бб.]. Бұл іске герман канцлері Отто фон Бисмарк та араласып, оның ұйымдастыруымен осы 1878 жылы Берлинде халықаралық конгресс ұйымдастырылды. Конгресте негізінен Германия, Австрия және Англияның саяси мүддесі көзделіп, мұнда қабылданған келісімдер Осман империясы үшін де, Ресей үшін де тиімсіз болды. Ал бұл жиындағы еуропалықтардың негізгі мақсаты Ресейдің Балқанда және Еуропада күшеюінің алдын алу болды [2, 135-138 бб.].

Берлин конгресіне дейін 1876 жылы Ыстамбұлда және 1877 жылы Лондонда еуропалық империялар «Шығыс мәселесін» шешу мақсатында конференциялар ұйымдастырып, ол Осман империясына тікелей қатысты болды. Бұл конференциялардың басты саяси мақсаты Осман империясының құрамындағы Бал-

қан халықтарына саяси тәуелсіздік алып беру болып, олар осы мәселені Осман империясынан талап еткен еді. Берлин конгресінде де осы мәселе кеңінен көтеріліп, Осман империясына Балқан провинциялары бойынша саяси талаптар қойылды. Берлин конгресі Осман империясы мен Германия арасындағы байланыстарға кері әсер етті [3, 245-246 бб.]. Осман сұлтаны II Абдулхамит Бисмарктің бұл конгресті ұйымдастыруына қарай отырып, оның саяси әрекеттерін негізсіз деп көрсетті. Конгресте Англия барлық салада әлсіреп отырған Осман империясын өзінің саяси қамқорлығына алатынын II Абдулхамитке жеткізіп оның есесіне Осман империясы құрамында болған Кипр аралына иелік ету құқығына құпия түрде ие болды. Мұнымен қоса конгресс барысында Австро-Венгрияның Осман империясының Босния және Герцеговина провинциясын аннексиялау жөніндегі саяси талаптары Осман империясына ауыр тиді.

Берлин конгресінің шешімдеріне қарсы болып, Отто фон Бисмарктің мұндай саяси жиын ұйымдастырғанына наразылық білдірген II Абдулхамит, конгрес аяқталғаннан кейін мұндай сыртқы саяси кедергілердің туындамауы үшін еуропалық империялар арасынан өзіне сенімді одақтас іздей бастады. Ол Англия мен Австрияның қитұрқы саясатына қайтадан тап болмас үшін сол кезде Еуропада біртіндеп саяси ықпалы өсіп келе жатқан Германиямен тереңірек араласуға шешім қабылдады. Бисмарктің Берлин конгресіндегі ұстанымдарына наразы болғанымен, ол Еуропа мемлекеттерінің арасынан Германияны таңдады. II Абдулхамиттің Германияға деген жақсы саяси ұстанымы өзінен бұрын сұлтан болған Абдулазиздің тұсында Германияға жасаған саяхатынан басталған болатын [4, 171 б.]. Берлин конгресі аяқталған соң мұндай ұстанымдар мен қызығушылықтар одан сайын артты. Әсіресе Англияға қарсы саяси күмәні болған сұлтан бұл мемлекеттен бас тартып, Еуропада күшейіп келе жатқан Германиямен жақындасуды назарына алды. Осының негізінде II Абдулхамит, 1882 жылы Германия, Австро-Венгрия, Италия арасында құрылған үштік одаққа жақындасуды көздеді. Алайда, бұл одаққа Осман империясының ұсынысын Бисмарк қабылдамады [5, 240-241 бб.]. Алайда, Бисмарк Осман империясын одаққа қоспағанымен, ол Осман империясын өзінен алыс ұстағысы келмеді. Бұл жағдай оның Осман империясымен қашан да болмасын жақындасатынын білдірді. Арадан көп уақыт ұзамай, Отто фон Бисмарк бастаған герман үкіметі Осман империясымен

жақсы саяси байланыстар орнатуға ниет білдірді. Осының негізінде 1882 жылы Ыстамбұлға А. Каехтар, Камповенер, Фон Хобе және Фон Дер Гольц есімді атақты саяси және әскери мамандар келді. Тараптар арасында бірқатар салаларда келіссөздер жүргізіліп, бірқатар келісімдер қабылданды. Сұлтан II Абдулхамит Германия билігінің ұсынған саяси жобаларын құптауға дайын екендігін жеткізді. Сұлтанның басты мақсаты осы кезде Еуропада мықты әскери күшке ие бола бастаған Германиямен жақын болу еді. Бұл келіссөздерден соң, Осман әскери адамдары жыл сайын Германияда әскери білімдерін жетілдіретін болды. Осман әскерінің модернизациялануы үшін Ыстамбұлға герман әскери мамандары келді [6, 9 б.].

1888 жылы осман-герман байланыстары үшін маңызды жыл болды. II Вильгельмнің империяға билікке келуімен Германияның сыртқы саясаты дами түсті және оның Осман империясы үшін маңызы зор болды. 1890 жылы II Вильгельм саясатына дейін осман-герман байланыстарын кедергі келтірген Бисмарктің «Шығыс саясатын» іздеді. II Вильгельмнің билікке келуінен соң, Герман империясы оның билігін Бисмарктің сыртқы саясатымен салыстырды. Бисмарктің Германияны саяси мәселелерден алыс ұстауы және Ресейдің Франциямен одақ құруына кедергі ету саясаты 1887 жылы маңызды соққы берді. Герман үкіметінің Рейхсбанктің Ресей банктеріне кредит беруін тоқталуын, банк облигацияларының Ресей банктеріне қаржылай кепіл болмайтындығын жариялауы екі мемлекет арасындағы саяси шиеленістің артуына негіз болды. Осыған орай, Герман империясының бас қолбасшысы Мольтке, Германия мен Австро-Венгрияның Ресейге қарсы саяси қысымды күшейтетінін білдірді [7, 204-205 бб.]. Бисмарк мұндай әрекеттердің алдын алып, сыртқы мемлекеттерге өз саясатын білдірмеуге тырысты. Себебі, ол Ресей мен Францияның бірігуін қаламады. Алайда, Ресей үкіметі өзіне туындап тұрған қауіптің алды алу үшін Франциямен бірігіп, Германияға қарсы одақ құрды. Ол бойынша Еуропада Германияның қандай да бір саяси қауіпі туа қалса, оған қарсы бірігіп күресуге келісті. Германия мен Ресейдің мұндай әрекеттері Англияны да қапыда қалдырмады. Ағылшындар Еуропада ешқандай саяси жанжалдың орын алуын қаламады. Бұған жауап ретінде Германия билігі де өзінің бейбітшілікті жақтайтынын және ешқандай әскери әрекеттерге бармайтынын білдіріп, алайда өзінің «оңтүстіктегі территорияларын қорғайтынын және ондағы біраз аймақтар-

ды иеленуге құлықты екенін» білдірді [8, 4 б.]. Осылайша, өзінің сыртқы саяси бағыттарын көрсетті. Осы ұсыныстарынан соң, Германия өзінің теңіздегі және құрлықтағы саяси және әскери күштерін одан сайын нығайтуды қолға алды. Германияның мұндай әрекеттері әлемнің ұлы мемлекеттерінің мазасын ала бастады. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей сынды әлемнің империалистік мемлекеттері Германияның мұндай қимылдарына тосқауыл қою үшін тиісті шаралар ұйымдастыру қажеттігін алға тартып, түрлі шаралар қабылдай бастады. Осылайша, Германия XIX ғасырдың өзінде-ақ әлемнің ұлы мемлекеттерін өзіне қарсы қойып алды. Мұндай саяси тығырықтан шығудың жолын іздеген Германия өзіне одақтас іздеп, бұл кезеңде бейтарап өмір сүріп жатқан Осман империясымен жақындасуды жөн санады. Бұл кезде саяси және экономикалық дағдарысқа ұшырап отырғанымен Осман империясы халықаралық саясатта өзінің империялық абыройын сақтап тұрған еді.

II Вильгельмнің Осман империясына тартылуының саяси, әскери және экономикалық себептері болды. Олардың ең негізгілерін атап өтсек:

Біріншіден, II Вильгельмнің билігі тұсында әскери салада құрылатын орталықтардың негізгі мақсаты Ресей мен Германия арасындағы туындайтын соғыс әрекеттеріне қарсы күресте Осман империясын одақтас ретінде тарту болды. 1880 жылдардың соңына қарай Ресеймен саяси қатынастардың бұзылуы, Ресейді Франциямен жақындасуға итермеледі. Германияның Осман империясымен жақындасуы Англияны да мазасыздандырды. Өйткені, бұл кезеңде Англия Осман империясының Мысыр, Таяу Шығыс және Кавказдағы провинцияларына қызығушылық танытуда еді [9, 168-169 бб.].

Екіншіден, Герман империясының әлемдік отар жаулау процесінен кеш қалуы оны отарлар жаңа «жерлер» іздеуге итермеледі. Герман империясының бұл істегі басты бәсекелестері Франция, Англия, Ресей болды. Герман билеушісі бұл кезде тек Осман империясымен жақын болды. Екі мемлекет арасында жақсы қатынас орнады. Мұның барлығы сұлтан II Абдулхамиттің билік кезіне тұспа-тұс келді. Бисмарктің тұсында Осман империясы мен Германия арасындағы саяси және экономикалық қатынастардың орын ала бастауы кейіннен екі мемлекетті саяси, экономикалық және әскери салаларда одақтас етті. Осман империясы мен Германия арасындағы саяси қатынастар тарихын зерттеуші ғалым Пауль Рурбахтың «Әлсіреп тұрған Осман империясы

үшін шығын шығару түкке тұрмас, бірақ Осман империясы үшін барымызды беруге дайынбыз» – деген сөзі екі мемлекет арасындағы байланыстың қаншалықты дәрежеде екендігін көрсете алады [10, 16 б.].

Осылайша, Осман империясы мен Германия арасындағы саяси қатынастар II Вильгельмнің император болып сайланғанынан кейін қыза түсті. «Барлық нәрсеге қол жеткізу оңай болып табылатын мемлекетте Германияның кең мүмкіншіліктері бар екендігін сезінген кайзер, 1889 жылдың қараша айында Ыстамбұлға келіп, сұлтан II Абдулхамитке өзінің арнайы сый-тартуын ұсынды» [11, 53 б.]. Бұл сапарында Ыстамбұлға келген кезінде жақсы құрметке бөленіп, соның негізінде Германия алдындағы Осман империясының беделі өсті. Вильгельмнің Осман империясына жасаған сапары барысында герман салымшылары мен қару-жарақ фабрикаларын ашу тақырыптары жөнінде маңызды шешімдер қабылданды.

Осы мақсатпен, 1895 жылы түрік әскерилері өз білімдерін шыңдау мақсатында Германияға жіберілді. 1883 жылы Ыстамбұлға жіберілген Кольмарвон де Гольц пен өзге де герман әскербасылары жақсы келісімшарттар негізінде өздерінің әскери білім беру жұмыстарын жалғастыратын болды. Әсіресе, 1895 жылға дейін өз қызметін жалғастырған тәжірибелі Кольмарвон де Гольц әскери қатынастарды орнатуда маңызды рөл ойнады [12]. Ол Осман империясындағы әскери оқу орындарының оқу жоспарларына өзгерістер енгізуге көмектесті. Ол жас Осман әскери адамдарын өзіне тартып, империядағы әскери саланы дамытуға қызмет етті. Көптеген әскери әдебиеттер неміс тілінен түрік тіліне аударылып, оларды Осман әскери оқушылары пайдаланды. Осман империясындағы әскер дайындау туралы заңдарына өзгеріс енгізіп, жаңа заңдар қабылдауға көмектесті. Чанаккале және Ыстамбұл бұғаздарында әскери базаны күшейту басты жоспарға алынды. Оның Германияға жасаған ең бір маңызды қызметі Осман империясының германиялық әскери қару-жарақ фабрикаларына шикізат жөнелту туралы келісім жасауы болды. Оған Осман үкіметі паша титулын беріп, Гольц паша екі мемлекет арасындағы әскери байланыстарды дамытуға қызмет етті. Оның араласуымен Осман империясында германиялық қару-жарақ монополиясы жұмыс істейтін болды [13, 100 б.].

1898 жылы Осман-герман байланыстарының ең маңызды жылы болды. 1898 жылы қазан айында герман императоры II Вильгельм Ыстамбұлға тағы келді. Мұнда ол II Абдулхамит сұлтанның

ерекше қабылдауында болып, Ыстамбұлда императорға үлкен құрмет көрсетілді. II Абдулхамит өзінің сыртқы саяси әріптесіне зор құрмет көрсетіп, саяси әңгіме барысында сол уақыттағы халықаралық саясаттағы бірқатар мәселелерге баса назар аударылды және империялар арасындағы саяси қатынастардың одан сайын жақсара түсетіндігі нақтыланды. Осман үкіметі Германияны сыртқы саясаттағы өзінің одақтасы ретінде қабылдады [14, 155-156 бб.]. Ыстамбұлға жасаған бес күндік зияраттан кейін II Вильгельм, Шығыстағы Христиан дінінің қасиетті орталығы болған Иерусалимге барды. Мұнда христиан дінінің Қасиетті орындарын аралап, өзінің саяси әріптесіне үлкен ризашылық білдірді. Осман сұлтаны II Абдулхамит пен II Вильгельм арасында көптеген саяси келіссөздер жүргізіліп, маңызды шешімдер қабылданды. Соның нәтижесінде Осман империясы мен Германия саяси және экономикалық одаққа айналып, империялар арасындағы саяси достық одан сайын жанданды.

II Абдулхамиттің биліктегі соңғы жылдарында Германиямен жүргізген саяси және экономикалық байланыстары Берлин-Бағдат теміржолын салу себептеріне байланысты жақсарды. II Вильгельмнің 1898 жылы жасаған саяси сапарының ең маңызды тақырыптарының бірі Берлин-Бағдат теміржолын салу туралы және бұл теміржолдың Дойчебанктің қаржылай қолдауымен құрылған Анадолы теміржол компаниясының салатынын жариялауы болды. Кайзердің 1888 жылы Осман империясына жасаған алғашқы сапарынан соң, бұл компания Хайдарпаша-Измит, Анкара-Эскишехир-Конья бағыттары бойынша теміржол салуға рұқсат алған болатын [15, 28-29 бб.]. Ал, Кайзердің екінші сапарынан кейін Анадолы теміржол компаниясы Берлин-Бағдат теміржолы деген атпен танылған Ыстамбұл-Бағдат теміржолының құрылуын өз міндетіне алды.

Берлин-Бағдат теміржолы жобасының жүзеге асырылуының Осман империясы үшін де, Германия үшін де саяси маңыздылығы зор болды. Осы орайда Осман империясы үшін маңыздылығын атап өтсек:

1. Берлин-Бағдат теміржолының құрылуымен бірге Осман мемлекетінің әскери күштері империяның қай бұрышында болмасын орын алған саяси жанжалдарды басу үшін өте қысқа уақытта жеткізілетін болды. Соның негізінде Осман әскерлері империяның қай түкпірінде болса да туындаған саяси көтерілістерді орталықтың бұйрығы бойынша тез арада басып отыратын болды және бұл мемлекеттік орталық аппараттың үстемдігін арттыратын болды.

2. Империяның провинцияларында туындаған көтерілісті басумен қатар, алыс провинциялардағы іскери мобилизациялау жұмыстарын да жеңілдететін болды.

3. Мұндай әскери қажеттіліктер Ресеймен соғысуда тиімдірек болатын болды. Теміржолдың салынуы Осман империясының Ресеймен соғыста Осман әскерінің әскери қарумен және қажетті азық-түлік материалдарымен уақытылы қамтамасыз етілетін болды.

4. Теміржолдың маңызды тұстарының бірі Германиямен саяси және экономикалық байланыстарды одан сайын арттыратын болды. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан қандай болмасын қажетті материалдардың Ыстамбұлға жылдам уақыт ішінде жеткізуге үлкен мүмкіндіктер туындады. Сонымен қатар, ең маңыздысы әскери көмек тез жеткізілетін болды [16, 42-45 бб.].

Германия үкіметі Осман империясына XX ғасырдың алғашқы жылдарында Осман империясының Балқан провинцияларында туындаған халықаралық саяси мәселелерді шешуге көмектесуге дайын екендігін білдірді. Олардың ішінде басты геосаяси нүкте Македония болды. Бұл кезде Македония өзге де балқандықтардың және империалистік мемлекеттердің қолдауымен Осман империясынан тәуелсіздік алуды жоспарлады. Македония мәселесінде Ресей мен Австрия белсенді рөл ойнады. Бұл мемлекеттер Осман империясының Балқанда аса күшеюін қаламады. 1903 жылы Ресей мен Австро-Венгрия Македония мәселелеріне араласып, оны Осман империясынан ажыратуды көздеді [17, 168-169 бб.]. Уақыт өте Македония мәселесі Еуропа мемлекеттері арасындағы басты геосаяси тақырыпқа айналып олар Осман империясына қауіпті болды. 1905 жылы басталған Македония мәселесі Балқан соғыстарына дейін Еуропадағы басты саяси тақырыптардың қатарынан орын алды. Македония мәселесі кезінде Германия Осман империясын қолдайтынын жариялады және Осман империясының Македониядағы үстемдігін жалғастыру үшін оған көмектесетін болды. Әсіресе Ыстамбұлдағы Германия елшісі Барон Маршал фон Виберштэйннің шұғыл әрекеттері Берлиннің Ыстамбұлды қолдайтынын ашық көрсетті. 1908 жылы Осман империясының ішкі саясатында орын алған саяси және экономикалық дамуына Ыстамбұлдағы Германия елшісі барон Маршал фон Виберштэйн саяси сараптама жасады. II Вильгельм өзінің әріптесі II Абдулхамитке осы жылы Осман империясында орын алған саяси көтерілістерге байланысты достық

хатын жіберіп, онда өзінің Осман сұлтанын қолдайтынын білдіреді. 1908 жылы Осман империясында басталған саяси төңкерістер нәтижесінде II Абдулхамит биліктен кеткеніне қарамастан, Осман-герман саяси және экономикалық қатынастары жалғасып, ол бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жалғасты [18, 218-219-169 бб.].

Тақырыпқа қатысты ойымызды түйіндейтін болсақ, Осман империясы II Абдулхамит сұлтанның билік еткен тұсында Еуропада маңызды саяси рөлге ие болған Герман империясымен саяси байланыстар орнатып, мемлекетаралық қатынастарды күшейтті. Империялар арасында орын алған интеграциялық процестердің нәтижесінде II Абдулхамит сұлтан тұсында Осман империясы Германиямен саяси одақтастық байланыстар деңгейіне дейін көтерілді. II Абдулхамиттің Германиямен жүргізген мұндай саяси байланыстарының Осман империясы үшін саяси маңыз-

дылықтары орасан зор болды. II Абдулхамит тұсындағы Осман империясының Германиямен жүргізілген саяси қатынастардың нәтижесінде империяда ішкі саясатпен қатар, экономика, мәдениет, әлеуметтік және өзге де салалар толық модернизацияланды. Германиямен орнатылған саяси одақтастық қатынастардың нәтижесінде Осман империясы өзінің ішкі жағдайымен көтерумен қатар, сыртқы саяси жағдайын да тіктеп алды. Осман империясы халықаралық саяси аренада өзінің құлдырап бара жатқан саяси беделін қайта көтеруге тырысты. Тіпті, Осман империясының Германиямен одақтастық қатынастарынан кейбір еуропалық империялар қауіптен бастады. Осман империясы мен Германия арасында II Абдулхамиттің тұсында орнаған саяси қатынастар ол қайтыс болғаннан кейін де жалғасып, ол Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына дейін созылды.

Әдебиеттер

- 1 Ragsdale, Hugh, and V.N.Ponomarev. Imperial Russian Foreign Policy. Woodrow Wilson Center Press, 1993. – p. 426.
- 2 Misha Glenny, The Balkans: Nationalism, War, and the Great Powers, 1804–1999. – New York: Viking Adult 2000. – p. 726.
- 3 Erich Eyck, Bismarck and the German Empire. – New York: Norton, 1964. – p. 328.
- 4 Enver Ziya Karal, Osmanlı Tarihi, C. VIII, TTK. – Ankara, 2011.
- 5 Anderson, Matthew Smith The Eastern question, 1774-1923: a study in international relations. – London: Macmillan, 1966. – p. 436.
- 6 Colmar Von Der Goltz. Yirminci Yüzyıl Başlarında Osmanlı-Alman İlişkileri Golç Paşa'nın Hatıratı, Çev. Faruk Yılmaz. – İstanbul: İz Yayıncılık, 2012 – s. 175.
- 7 Annika Mombauer, Wilhelm Deist. The Kaiser: New Research on Wilhelm II's Role in Imperial Germany. – Germany: Cambridge University Press. 2003. – 316.
- 8 Ortaylı, İlber. İkinci Abdülhamit Döneminde Osmanlı İmparatorluğu'nda Alman Nüfuzu, Ankara Üniversitesi Yayınları. – Ankara, 1981. – 148 p.
- 9 Potyemkin, Vladimir. Uluslararası ilişkiler Tarihi – 1 Diplomasi Tarihi, Çev: Atilla Tokatlı, Evrensel Basım Yayın. – İstanbul, 2009.
- 10 Paul Rohrbach, Die Bagdadbahn. – Berlin, 1911. – 92 p.
- 11 Earle, Edward Mead; Bağdat Demiryolu Savaşı, Çev: Kasım Yargıcı, Milliyet Yayınları. – İstanbul, 1972. – 374 p.
- 12 Colmar von der Goltz. Anatolische Ausflüge. Paderborn. Nachdruck des Originals von 1896. – 450 p.
- 13 Türk, Fahri. Türkiye ile Almaya Arasındaki Silah Ticareti 1871-1914. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık. – 301 p.
- 14 Ortaylı, İlber. Osmanlı İmparatorluğunda Alman nüfuzu. – İstanbul: Timaş Yayınları, 2008. – 240 p.
- 15 McMurray, Jonathan S. «Distant Ties: Germany, the Ottoman Empire, and the Construction of the Baghdad Railway», Kansas City, Missouri Westport, 2001. – 168 p.
- 16 Bekir Sitki. Das Bagdad-Bahn-Problem 1890-1903. Inaugural Dissertation zur Erlangung der Doktorwürde. Druck von Rudolf Goldschagg, Freiburg im Breisgau. 1935. – 175 p.
- 17 Ipek K. Yosmaoglou, «Constructing National Identity in Ottoman Macedonia», part of «Understanding life in the borderlands: boundaries in depth and in motion» edited by I. William Zartman, 2010 – p.169
- 18 Kennedy Paul. The Rise and Fall of the Great Powers: Economic Change and Military Conflict from 1500 to 2000. – New York. Randomhouse 1987. – p. 704.

Айдарханова Э.М.
Еуразиялық одақтың энергетикалық қауіпсіздігінің қалыптасу тенденциялары

Мақала Еуразиялық Одақ елдерінің энергетикалық қауіпсіздігінің қалыптасуы мен дамуы мәселелесін талдап, тақырыпқа қатысты бірнеше авторлардың еңбектерінен алынған сараптамалық болжамдарды салыстыруға арналады. Автор мақалада ең алдымен Еуразиялық Одаққа кіретін елдердің энергия тасымалдаушылардың экспорттық өнімдері есебінен дамып отырғандығына назар аударып, аталмыш ғылыми ойды тұжырымдау үшін бірқатар дәлелдер келтіріледі. Мақала құрылымының алғашқы бөлігінде автор тақырыптың өзектілігіне ерекше мән береді. Еуразиялық Одақ елдерінің энергетикалық секторының даму жағдайы мен маңыздылығын қарастыру барысында автор аталмыш үдерістің дамуына, әсіресе геосаяси ықпалдың көптігіне назар аударып, оны ғылыми негіздеуге тырысқан. Мақала барысында Еуразиялық Одақтың орны мен роліне, маңызы мен қазіргі таңдағы даму жағдайына көңіл бөлініп, талданған. Аталмыш мәселені ғылыми әрі толық негіздеу үшін автор тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарындағы деректік негізі бар ақпараттар сарапталған. Сонымен қатар, автор Еуразиялық Одақ және Еуразиялық идея мәселесін де назардан тыс қалдырмаған. Еуразиялық Одақтың қазіргі даму жағдайы мен болашағы мәселесін талдай келе, автор Одақтың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесіне кезек береді. Қазіргі таңдағы еліміздің және Еуразиялық Одаққа мүше болып отырған көршілес, әсіресе Ресей мемлекетінің энергетикалық қауіпсіздігі мәселелерін жекелей қарастыра отырып, автор олардың интеграциялануы негізінде Еуразиялық Одақтың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесіне сабақтастыра кезек береді.

Түйін сөздер: Еуразиялық Одақ, энергетикалық қауіпсіздік, деректер, тенденция, қалыптасу, энергетика.

Aidarkhanova E.M.
Tendencies of forming the energy security of the eurasian union

This article analyzes the main problems of energy security of the Eurasian Union, according to this perspective the author tried to collect a wide range of research, literature, to compare forecasts of experts on the problem being studied. The author, first drew attention to the energy exports of the member states of the Eurasian Union, which resulted in the development of nations is due to energy exports. The author also cites a number of arguments to prove this theory. In the first part of her article, the author focuses on the relevance of the problem being studied. Given the importance of the energy sector development for the countries of the Eurasian Union, the author demonstrates geopolitical influence, and tries to prove her point of view. In the course of writing this article, she has been paid great attention to the role and place of the Eurasian Union and highlighted the significance of the Eurasian Union.

Key words: Eurasian Union, energy security, sources, tendencies, forming, energy.

Айдарханова Э.М.
Тенденции формирования энергетической безопасности евразийского союза

Статья посвящена анализу основных проблем энергетической безопасности стран Евразийского Союза, автор собрал широкий круг исследований, литературы, для сравнения прогнозов экспертов по изучаемой проблеме. Автор статьи, в первую очередь, обращает внимание на экспорт энергоносителей стран участниц Евразийского Союза, в результате которого развитие стран происходит за счет экспорта энергии. Автор приводит ряд доводов для доказательства данной теории. В первой части своей статьи автор уделяет особое внимание актуальности изучаемой проблемы. Учитывая важность развития энергетического сектора для стран Евразийского Союза, автор говорит о геополитическом влиянии и пытается доказать свою точку зрения. В ходе написания статьи было уделено большое внимание на роль и место Евразийского союза, также была выделена важная роль Евразийского Союза в настоящее время.

Ключевые слова: Евразийский Союз, энергетическая безопасность, источники, тенденция, формирование, энергетика.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесі қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық өмірдің жетекші буыны болып табылады. Аталмыш секторда өнеркәсіп өнімдерінің елеулі бөлігі өндіріледі.

Дамыған елдерде «энергетикалық қауіпсіздік» тіркесі әртүрлі шикізаттарды жеткілікті көлемде әрі қолжетімді бағамен сатып алу дегенді білдірсе, ал дамушы елдердің бірқатары аталмыш тіркестің мағынасын өзіндік дербес саяси жағдайына байланысты әрқалай түсінеді. Энергоресурстарды экспорттаушы алпауыт елдер «сұраныстың тұрақтылығын» қолдауға көбірек назар аударады.

Қазіргі таңда энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету міндетін шешудің қажеттілігі жылу-энергетикалық баланс жүйесінің тапшылығына, құрал-жабдықтардың ескіруі мен физикалық және моральдық шығынның өсуіне, реконструкциялық жұмыстардың азаюына байланысты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қатарын толықтырып отыр.

Байқап отырсақ, бүгінде энергетикалық қауіпсіздік мәселесі ғылыми зерттеулердің негізі пәні боуымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары мен публистиканың да басты тақырыптарының бірі атанып жүр. Аталмыш үдерістер энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің саяси ғылымдағы ролінің жоғары екендігін байқатып, мәселенің өзектілігін одан әрі айқындай түседі.

Біздің мақаламыздағы басты мақсат – энергетикалық қауіпсіздік мәселесін жас Еуразиялық Одақ болашағынан көруге ұмтылыс және оның қазіргі таңдағы қалыптасу тенденцияларына барынша терең көңіл бөлу болып отыр. Біз бұл үшін ең алдымен Еуразиялық Одақтың бүгінгі таңдағы орны мен роліне және маңызына назар аудару қажеттілігін сезіндік.

Елбасымыздың өзі айтқандай, «Еуразиялық Одақ – бүгінгі күн мен болашақтың күрделі сынақтарымен өлшенетін мега-жоба» болып отыр [1]. Тіпті оның қалыптасу процесі бүгіннің өзінде «тарихтағы ең күшті жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстар ықпалымен басталған жаңа әлемдік архитектураның органикалық бөлшегі болудың барлық мүмкіндіктеріне ие».

Еуразия идеясының бастау алар шегін біреулер Кеңестер үкіметінің жаңаша формадағы жалғасы деп түсінсе, екінші бір

сарапшыларымыздан қазіргі таңдағы интеграцияланудың үлгісі дегенді естиміз. Қалай десек те, тарихы мен қайнар көзі алыста жатқан Еуразиялық Одақтың аясында болып жатқан оқиғалар біздің еліміздің даму стратегияларының дұрыстығын тағы бір мәрте тексеруге, Еуразиялық кеңістіктегі жаһандық және аймақтық мүдделер тоғысында өз орнын айқындауына мүмкіндік беріп отыр деп есептейміз. Себебі бүгінгі таңда Одақ шеңберіндегі мәселелерге қатысты сарапшылар тарапынан бірқатар оңды болжамдар жасалып, ал оған мүше елдер жұмыстарының алға басқандығы жоғарыдағы сөзіміздің айқын дәлелі болып отыр [2].

Қазіргі таңда Еуразиялық Одақтың құрамына кіретін елдердің энергияны тасымалдаушылар есебінен дамып отырғаны жасырын емес. Осыған байланысты энергетиканың ұзақ жылға арналған тұрақты даму стратегиясын анықтау үлкен маңызға ие болып табылады.

Бірқатар дамушы елдер үшін тұрақты дамуға өту қадамы күрделі әрі мақсатты қажеттілік болып есептеледі. Олардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларының басты себебі – тарихи тепе-теңдіктің жоқтығында.

Б.Алдияровтың айтуынша, белгілі бір елдің энергетикалық тәуелділігі дәстүрлі түрде қажетті энергияның қажетті көлемде әрі сол елдің жеке ресурстары есебімен бағаланады. Энергетикалық сектордың Еуразиялық Одақ үшін маңызы мен жаһандану үдерісінің қарқын алуына байланысты Одаққа мүше елдердің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін, оның геосаяси ықпалдағы даму факторларының бірі ретінде зерттеу – өзінің өзектілігін күннен-күнге арттыра түсуде. Еуразиялық Одақтың тағдырындағы соңғы оқиғаларға дейін Одақтың ішкі мәселелері барынша шиеленіскен жағдайға душар болды. Осының ықпалынан Еуразиялық Одақтың энергетикалық саясаты мен қауіпсіздігі әлі күнге дейін тұрақты деңгейге жете алмай келе жатыр.

Бірнеше жыл қатарынан ортақ экономикалық және саяси жүйеде болып келген, әрі бір Одақтың құрамында өмір сүрген Ресей мен Қазақстан күні бүгінге дейін тұрақты қарым-қатынаста болып қана қоймай, әсіресе энергетикалық секторда ортақ көзқарастарға ие болуын жалғастыруда.

Экономика ғылымдарының докторы С.З.Жизни ресейлік дипломатияның сөзсіз артықшылығына оның энергетика саласындағы посткеңестік кеңістіктегі елдермен қарқынды қарым-қатынасы жататындығын жазады [3]. Энергетикалық фактор Ресей мен Қазақстанның

ТМД, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕурАзЭК), қалыптасқан Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберіндегі жан-жақты дипломатиясында шешуші роль атқарады. Сонымен қатар Ресей энергетикалық дипломатиясы Ресейдің ТМД бойынша басқа серіктестерімен қарым-қатынаста энергия тасымалдау транзитінің шарттарымен байланысты мәселелерді шешуге ұмтылады.

Өзара ықпалдасудың маңызды бөлігін аймақтық ұйымдармен серіктестік те құрайды. Олардың ішінде неғұрлым қарқындыларының қатарына ЕурАзЭк пен Шанхай ынтымақтастық одағы жатады.

Ресей мен Қазақстанның екіжақты қарым-қатынасында мұнай және газ секторындағы белсенділікті байқау қиын емес. Бізге атом өнеркәсібінің дамуы туралы келісім-шарттарға қол қойылғандығы белгілі (атап айтқанда, уранды өндіру мен байыту). Осылайша, Ресей импорттық шикізаттың тұрақты көзін иеленіп, ал Қазақстан ресейлік ірі энергия кәсіпорындарына қолы жетіп отыр [4]. Осының ықпалымен жылу мен мұнайдың запастарының негізінде ұйымдардың күшею процесі жүзеге асырылады.

Посткеңестік кеңістіктегі энергетикалық саясатпен байланысты 2006 жылы басталған газ дағдарысы өзінің жана деңгейіне көтерілуде. Энергетикалық қауіпсіздік Қазақстан, Ресей және Белорусия сияқты елдердің ішкі және сыртқы саясаты үшін іргелі міндеттердің бірі саналады [5].

Саяси жағдайдың осындай күйіне қарамастан, газды жеткізудің диверсификациясы туралы және Ресейге энергиялық тәуелділікті азайту туралы мәселе күн тәртібіне шықты. Ресейдің аталмыш жолмен Еуроодақ елдеріне саяси қысым көрсетпейтіндігі жөнінде, әрі оның болашақта сенімді тасымалдаушы болатындығы туралы өзін-өзі ақтау әрекеттері қарсы жақ тарапынан назарға алынған жоқ. Дәл осы жағдайлар көршілес серіктес, яғни бұрынғы КСРО мемлекеттері базасында мемлекет үстінен бақылап отыратын энергетикалық ұйымды құруға, сондай-ақ Ресейдің «донор» жағдайынан шығып, шынайы интеграцияға көшуге талпынысына ықпал етті [6].

Жоғарыда аталған фактілер біріккен экспорт бақылауы мен ортақ энергетикалық саясаттың жүргізілуін, ЖЭК саласында бірыңғай тарифтың өмірге келуін, энергетикалық құқық жағдайына сәйкес өзгерістердің енгізілуін білдіреді. Қазақстан мен Белоруссияның ресейлік энергоресурстар мен транзиттік жүйесіне объективті тәуелділігі базасындағы бұндай альянс-

тың пайда болуы барынша өзекті әрі перспективті болып табылады. Мәселе энергетикалық айналымды альянстың ішінде ретке келтіру мен транспорттау бойынша бірыңғай саясатты жүргізу туралы болып отыр. Аталмыш саясат газ бағасының мұнай бағасына тәуелділігі мен энергия тасымалын үшінші елдерге сату жағдайында өндірушілердің қызығушылығын қорғау механизмі ретінде іске қосылады. Маршруттардың модернизациясы мен олардың өтім мүмкіндігін көтеруді т.с.с. мемлекеттердің бірлесуі немесе үлкен бір ұйым көлемінде жүзеге асырған анағұрлым жеңілірек. Сонымен қатар, энергияны өндірушілер мен оны транспорттаушылар үшін менеджерлік және бақылау қызмет атқаратын орган құрылуы тиіс [7]. Біртұтас энергетикалық кеңістіктің құрылуы мен бірыңғай энергетикалық саясаттың жүргізілуі Еура-

зиялық Одақтың барлық елдері үшін өте тиімді саясат болып табылады. Бұл бұрынғы үшжақты байланысты жандандырып қана қоймай, транзиттік қауіпті диверсифициялауға және шығындардың санын азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен, Ресей, Қазақстан және Белоруссия еуразиялық энергетикалық картелінің құрылуы альтернативті интеграциялау қатарын толықтыратынына көз жеткіздік. Сонымен қатар Еуразиялық Одақ пен оған мүше елдердің энергетикалық қауіпсіздігі және оның қалыптасу үдерісі ортаазиялық елдердің саяси жағдайындағы ең маңызды бөлігі болып табылады. Энергетикалық қауіпсіздіктің әлемдік саясаттағы ролінің артуы саяси механизмдерді және құралдарды пайдалану мен өңдеуге бағытталған мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына // <http://www.eurasianism.enu.kz>.
- 2 Айтқожа М. Еуразиялық одақ құрылуымен Қазақстан даму стратегиясын тексере алады // <http://egemen.kz>.
- 3 Жизнин С.З. Энергетическая дипломатия. Россия и страны мира на рубеже XXI века. Баланс и конфликт интересов. – М.: Наука, 1999.
- 4 Семендуев В.И. Энергетическая геополитика России в контексте формирования нового миропорядка: дисс. к.п.н. – М., 2006.
- 5 Газовые соглашения должны быть подписаны при наличии определенных правительственных директив // <http://www.regnum.ru>.
- 6 Шафраник Ю. Нефтяная промышленность в системе национальной экономики и геополитики. – М.: Экономика, 2004.

References

- 1 Nazarbaev N.A. Eurazialyk odak: ideyadan bolashaktyн tarihyна // <http://www.eurasianism.enu.kz>.
- 2 Aitkozha M. Eurazialyk odak kurylyumen Kazahstan damu strategiyasyn teksere alady // <http://egemen.kz>.
- 3 Zhiznin S.Z. Energeticheskaya diplomatiya. Rossia i strany mira na rubezhe XXI veka. Balans i konflikt interesov. – М.: Nauka, 1999.
- 4 Semenduev V.I. Energeticheskaya geopolitika Rossii v kontekste formirovaniya novogo miroporyadka: diss. k.p.n. – М., 2006.
- 5 Gazovye soglasheniya dolzhny byt' podpisany pri nalichii opredelennyh pravitel'stvennyh direktiv // <http://www.regnum.ru>.
- 6 Shafranik U. Neftyanaya promyshlennost' v sisteme nacional'noi ekonomiki i geopolitiki. – М.: Ekonomika, 2004.

6-бөлім
МУЗЕЙ ІСІ

Раздел 6
МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

Section 6
MUSEOLOGY

Картаева Т.Е., Шаухарова Г.

**Музей ісінде қор өңдеу
бағдарламаларын игерудің
маңызы**

Мақалада шетел музейлеріндегі қор өңдеу бағдарламаларының дамуы мен музей ісіне енгізілу тәжірибелері, сондай-ақ цифрлы өңделген қорды қалыптастыру, отандық музейлер желісіне Музеолог бағдарламасының енгізілу мәселелері қарастырылады. Цифрлы өңделген мұралар жүйесі – мәдени мұраны сақтау жолдарының бір түрі, бұл бағытты ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 32-сессиясында «Цифрлы мұраны сақтау туралы Хартия» негізінде бекіткен. Цифрлы мұралар жүйесі музей қорының электронды ресурстар базасы бола отырып, өзіне дыбыстық түсіндірмелер, затты қозғалмалы, жан-жақты, барлық қырынан көрсете алатын функцияларға ие, әрі бағдарламалық қамтулар мен веб-парақтардан тұрады. Музеолог бағдарламасы Орталық Азия музейлеріне музейлік қор базасы ретінде енгізілген. Бағдарламаны енгізудегі негізгі мақсат мәдени және тұрмыстық мұраларды сақтау, ақпараттандыру, каталогтау, музей құндылықтарын әлемдік деңгейде насихаттау жолдарын жетілдіру болып табылады.

Түйін сөздер: мұражай, мәліметтердің электронды базасы, цифрлы өңдеу, музейлік компьютерлік бағдарлама.

Kartaeva T., Shauharova G.

**The value of programs in
the processing of the fund in
museums**

This article examines the process of computerization in museums. The authors analyzed the main stages of the introduction of the newest technologies into museum affairs. Digital heritage – a form of cultural heritage enshrined in the «Charter on the Preservation of the Digital Heritage», adopted at the 32nd session of the General Conference of UNESCO (2003). The digital heritage is a collection of electronic resources include text documents, databases, still and moving images, audio, graphics, software and web pages. The «Museolog» was introduced in the museums of Central Asia as a database of museum collections. The purpose of the program implementation is museum conservation and use of heritage, maintaining cultural and educational activities, cataloging cultural objects and everyday life.

Key words: museum, electronic database, digital processing, museum computer program.

Картаева Т.Е., Шаухарова Г.

**Значение программ
при обработке фонда
в музейном деле**

В данной статье рассматривается опыт работы по внедрениям и развитию программ по обработке фондов музеев зарубежом, а также создание цифрового фонда и внедрение программы «Музеолог» в отечественных музеях. Цифровое наследие – форма культурного наследия, закреплённая в «Хартии о сохранении цифрового наследия», принятой на 32-й сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО (2003). Цифровое наследие представляет собой совокупность электронных ресурсов, включает в себя текстовые документы, базы данных, неподвижные и движущиеся изображения, звуковые и графические материалы, программное обеспечение и веб-страницы. Программа «Музеолог» была внедрена в музеях Центральной Азии как база данных музейных фондов. Цель внедрения программы музеолога, сохранение и использование наследия, ведение культурно-просветительской деятельности, каталогизация предметов культуры и быта.

Ключевые слова: музей, электронная база данных, цифровое обслуживание, музейная компьютерная программа.

**МУЗЕЙ ІСІНДЕ
ҚОР ӨНДЕУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Әлем музейлері жүйесінде соңғы онжылдықтарда нарықтық заманға бейімделген түбегейлі бетбұрыс жасалып, музей ісінде маркетинг, менеджмент, фандрейзинг, Паблик Рилейшнз (PR) деген жаңа бағыттар қалыптасты. ХХІ ғасыр – инновация заманы, заман көшінен қалмау үшін жаңа технологияларды игеруге, жаңалыққа құмар болуға тиіспіз, себебі бұл заманда ғылым мен инновация ажырамас егіз ұғымға айналууда. Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай биімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың болуын, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыруды, оны практикамен ұштастыруды талап етеді.

Әлем музейлері жүйесінде ақпараттық технологияларды дамыту ХХ ғ.-дың орта кезеңінен басталады. Музейлік ақпараттық технология жүйесі өз қалыптасуында алғашқы қарапайым бағдарламалық ізденістерден бастап, көпсатылы үдерістерді тәжірибеге енгізіп, көпкешенді ақпараттық жүйеге көшу жолдарын игерді. Музей жүйесіне компьютерлік бағдарламаларды ендірудің алғашқы қарлығаштары АҚШ, Канада және Батыс Еуропа музейлері болып табылады. АҚШ музейлері тарихында ХХ ғасырда қор экспонаттарын жүйелеу, жинау мақсатында бірнеше бағдарламалар пакетін жасаған. 1963 жылы АҚШ-тың Ұлттық жаратылыстану тарихы музейі қор коллекцияларын жүйелеудің жаңа арнайы ақпараттық SELGEM (SELF-Generated Master) пакеті бағдарламасын жасаумен айналысатын арнайы комитет құрған, жаңа бағдарламаға бұрынғы SIIR (Smithsonian institution information systems) бағдарламасын негіз етіп алған. Арнайы бағдарлама жасалған кезеңнен бастап коммерциялық емес басқа ұйымдар жүйесіне таралған. АҚШ музейлерінің көпшілігі университеттер базасы негізінде құрылған, сондықтан да мұндай музейлер жүйесінде ақпараттандыру мәселесімен университеттің профессор-оқытушылар, ғалымдар тобы айналысқан. Қор материалдарын компьютерлік жүйелеуге мәліметтерді бір орталықтан ақпараттандыру негіз болады [6].

1967 жылы университет музейлері аясында – TAXIR (Taxonomic information retrieval) пакеті; Оклахома штаты университетінің этнологиялық коллекциясын инвентаризация-

лау мақсатында GYPSY (General information processing system) пакеті жасалған. 1967 жылы Джек Гуллер жасаған GRIPNOS (General retrieval and information processor for humanities oriented studies) пакетін кең қолданысқа енгізу үшін «Музейлік компьютерлік жүйе» ұйымы (MCN) құрылды. 1969 жылы MCN ұйымдастырушыларының бірі Давид Вэнс GRIPNOS бағдарламасын 12 ірі музейге енгізу жобасын жасаған, жоба каталогы 2000 музей затын біріктірген.

1971 жылы Арканза штатының археологиялық қызметі базасында Роберт Чинхолла археологиялық заттар туралы мәліметтер базасын жасау мақсатында халықаралық конференция ұйымдастырған. 1972 жылы Музейлік мәліметтер банкісінің координациялық комитеті құрылып, ол 1977 жылға дейін жұмыс жасаған. Осы жылы «IBM» GIS (Generalized information system) компаниясының көпкешенді жүйесі аясында АҚШ және Канада елдерінің өсімдіктері мәліметтерінің жалпы базасын қамтитын пакет жасалған. Бұл пакет табиғат музейлерін инновациялау көрсеткіші болды.

1975 жылы Аризона штатының музейлер жүйесі көпшілікке музей заттарын таныстыратын REGIS (Arizona state museum's interactive REGIStration system) пакетін ұсынған.

1975 жылы Роберт Чинхоллдың «Музейная каталогизация в компьютерном веке» атты тақырыпта монографиясы жарық көріп (1983 жылы орыс тіліндегі аудармасы айналымға енген), онда жоғарыда көрсетілген бағдарламалық пакеттердің қолданыс аясы қамтылды. 1978 жылы Роберт Чинхолл тарихи музейлер қорын каталогтаудың инновациялық жүйесін жасауға бағытталған «Номенклатура для каталогизации музея: система классификации искусственных объектов» атты еңбегін айналымға ендірген. Роберт Чинхоллдың ұсынысы негізінде 1979 жылы өнер және сәулет нысандарын сипаттаудың, тізімге алуды стандарттаудың арнайы сөздігін жасаумен айналысатын АТТ (Art and Architecture Thesaurus) тобы құрылған [9].

1970 жылдың соңында АҚШ музейлері музей заттарының банк көлемін кеңейтіп, 2000 экспонаттардың бейнесін ашық, нақты көрсететін видеодисктарды айналымға ендірді.

1980 жылдың басында жекеленген музейлер көпшілік қауымның музейлер қорларын тіркеуге алудың ақпараттық жүйесі, музей заттарын орналастырудағы музейлердің материалдық ресурстарымен қоса таныса алатын бағдарламаларды игеру арқылы музейлердің ақпараттық кеңістігін кеңейтті. Олардың қатарында Далластың көр-

кемсурет музейінің MILAM, Карнегидің жаратылыс тарихы музейінің MARK IV, Нью-Йорк штаты музейінің INQUIRE, Британ өнер орталығының FOCUS, Принстон университетінің көркемсурет музейінің INFORMIX, Нью-Орлеанның тарихи коллекциясының MINISIS, Бостон балалар музейінің «The information system» бағдарламаларын атауға болады [3].

1977 жылы Детройт өнер институты 50 000 аса музей затын тіркеу, каталогтау, коллекция менеджментін жасауды қамтамасыз ететін, өнер, тарих, этнология және археология музейлеріне арналған, 85 категория бойынша нысаналарды жүйелейтін DARIS (Detroit art registration system) ақпараттық бағдарлама жүйесін жасаған. 1982 жылы бұл бағдарламаны Мичиган штатының 15 музейі қолданған, бағдарлама АҚШ-тың басқа өңірлерінде 1994 жылға дейін кең қолданыста болған. Осы кезеңде Индианапол балалар музейі CIIRS (Collection inventory information retrieval system), Юта штатының жаратылыстану тарихы музейі MIMS (Museum information and management system), Американың көркемсурет музейлерінің ассоциациясы ARTIS (Art museum association of America) деп аталатын музей заттарын тіркеу және коллекция менеджментін қамтамасыз ететін пакеттерін жасаған.

1980 жылдардың бірінші жартысында музейлердің ақпараттық жүйесі нарығымен айналасатын бірнеше компаниялар қалыптасты. Getty Trust ұйымы 1983 жылы АНIP (Art history information program) деп аталатын өнер музейлері коллекциясын ақпараттандыратын пакетті жасаған. 1984 жылы Getty Trust өнер музейлерінің қорлары мәліметтерін автоматтандыру мәселесі жөнінде халықаралық конференция ұйымдастырған. Getty Trust қазіргі таңда да өнер музейлерінің қор саласын ақпараттандырумен айналысатын жетекші ұйымдардың бірі болып табылады.

1981 жылы галерея, университет, корпоративті, жеке коллекциялардағы өнер туындыларын ақпараттандыру жүйесін қамтамасыз етумен айналысатын «Gallery systems» компаниясы құрылған. 1986 жылы компания Метрополитен музейінің XX ғасыр бөлімі базасында өнер музейлеріне арналған The Gallery systems және тарихи бағыттағы музейлерге арналған The museum systems атты арнайы пакеттер жасаған. 1991-1996 жж. «Gallery systems» өз ақпараттық бағдарламаларын Нью-Йорктің 70 галереясына, 25 музейіне енгізген. 1996 жылы «Gallery systems» «Digital Arts and science» корпорациясымен біріккен соң экспонаттар бейнесін жан-жақты көрсететін EmbARK пакеті жасал-

ған. «Gallery systems» клиенттерінің қатарында Метрополитеннен басқа, Смитсониян ұйымының музейлері, Детройт өнер институты бар.

1986 жылы құрылған «Questor systems» компаниясы музейлер мен архивтер, мемлекеттік ұйымдар, ірі корпорациялардың коллекцияларының мәліметтер базасын жасайтын көпкешенді, жоғары жылдамдықтағы ARGUS пакетін ұсынды. Қазіргі таңда ARGUS көмегімен 400-аға коллекцияны инновациялы ақпараттандырған.

1981 жылы құрылған «Willoughby associates» компаниясы коллекциялардың көлемі мен санына қарай қызмет ететін MIMSY және SNAP пакеттерін ұсынған. Қазіргі таңда компания 10 000-нан аса бейне көрсететін, 5,5 миллионнан астам музей затын қамтыған 700-ге жуық коллекцияны ақпараттандырған (<http://www.willo.com>) Сондай-ақ Калифорниялық Беркли университетінің MIP (Museum informatics project) пакеті барлық бағыттағы музейлердің коллекциясын ғаламтор жүйесінде ақпараттандыруға арналған бағдарлама жасаған, бұл жүйе қазірде кең қолданысқа ие (<http://www.mip.berkeley.edu>).

XX ғасырдың соңында 1990 жылдары әлем музейлерінің ақпараттық технология кеңістігінде маңызды орын алуына орай көпкешенді автоматтандырылған ақпараттық жүйе саласында жұмыс жасайтын компаниялар музей нарығына шықты. Солардың қатарында «Maden tech» компаниясы USAMS (Universal site artifact management system) музейлік версия пакетін ұсынған (<http://www.madentech.com>).

Музейлер жүйесіндегі цифрлы технологиялардың енгізілуі, музей экспонаттарын стандарттаудағы мультимедиялық қондырғылардың кең қолданысқа енуі, ғаламтор жүйесінде музейлік ақпарат, музейлік саяхат сайттарының жылдамдығының артуы қазіргі кезеңдегі музейлердің ақпараттық технология әлемінде өзіндік орын алып отырғанын дәлелдейді. Мультимедия қондырғылары мен ғаламтор жүйесінен көруге арналған музей заттарын өңдейтін жаңа цифрлы технологиялар кең қолданысқа түсті [3].

Әлем музейлері арасында ақпараттық алмасуды жүзеге асыратын маңызды пакеттердің бірі CIMI (Computer interchange of museum information) бағдарламасын MCN ұйымы 1990 жылы таратқан. Бұл бағдарлама академиялық ақпараттық тәжірибе алмасуға, музей ақпараттарын жүйелеуге, оның цифрлық бейнесін сақтауға бағытталған (<http://www.cni.org>). Арнайы ғаламтор жүйесі үшін CIMI бағдарламасы аясында CHIO (Cultural heritage information on-line) пакеті енгізілген, ол дүние жүзі елдері бойынша музей

ақпараттарын жүйелейді. CIMI пакеттерін тұтынушылар қатарында CHIN – Канада музейлері, RAMA – Еуропа музейлері, MDA – Ұлыбритания музейлері ұйымдары бар.

Getty АНП компаниясы өнер туындыларын, архитектура нысандарын, географиялық, тарихи-мәдени нысандар коллекциясын халықаралық стандарттау құжаттарын қамтамасыз етуді енгізген (<http://www.getty.edu>). Сондай-ақ музейлер коллекциясын стандарттау саласында CIDOC (International committee for documentation) ICOM (Халықаралық музейлер кеңесі), сондай-ақ 800-ден аса мүшесі бар VRA (Visual resources association, <http://www.vra.com>) қызметтерін атауға болады [4]. ICOM 1995 жылы музей заттарын сипаттауды басшылыққа алу бағдарламасын (<http://www.cidoc.icom.org>) енгізген.

Музейлер жүйесінде техникалық прогрестің дамуы музейлердегі қор жұмысын ұйымдастыру, музей заттарын есепке алу, тіркеу жүйесін жаңа заман талабына сай жетілдірді. Қазіргі заманда жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер идентификация, консервация және ағартушылық міндеттерінің дәстүрлі көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне, ғылыми-ақпараттық өмірге қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек.

Қазіргі заманғы музей ісінде музей құндылықтарының интерпретациялануы және интеграциялануы, сондай-ақ әлемдік ақпараттық кеңістікте орналасуы маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда ҚР Орталық мемлекеттік музейі отандық құндылықтарды әлем деңгейінде насихаттау мақсатында ЮНЕСКО жасаған «Бүкіләлемдік мұра торламасы» (сеть) жобасы ауқымында «Heritage Net Central Asia» жобасын, «Museolog» (Музеолог) бағдарламаларын іске қосып қана қоймай, отандық музейлер ішінде қор өңдеу бағдарламаларын ендіруде көшбасшы мекеме болып отыр.

Музеолог еркін бағдарламалық жасақтама Орта Азияның бас музейлері жүзеге асырған жобасының қорында 1998 жылы ЮНЕСКО әзірледі. Алматыдағы ҚР Орталық Мемлекеттік музейі және Қырғызстандағы тарихи музей бағдарламалық жасақтаманы Еуропалық одақтың IST зерттеу және дамыту жөніндегі бағдарламамен қаржыландырылған жобаның шеңберінде тестілеуге арналған тірек орыны болды. Бұл жоба Орталық Азия елдерінің тарихи, мәдени және табиғи мұралары жөніндегі виртуалды музейлердің коммуникациялық желісі.

2002 жылдан бастап бағдарламалық жасақтама Коммуникация және Ақпарат бағдарламасының шеңберінде Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік кеңсесінің қолдауында болды. Музеолог – музейлер топтамаларының ақпараттық каталогын, яғни электронды каталог жасауға негізделген компьютерлік бағдарлама. Бұл құралдың көмегімен музей төмендегі тапсырмаларды жүзеге асырады: музей қорындағы топтамаларды сақтау; топтамаларды басқару мен есеп алу; қоғамның топтамаларды көруін қамтамасыз ету; басылымдардың жариялануы.

Музеологтың басқа бағдарламалардан айырмашылығы: біріншіден, заттарды мәтіндік жазбалар арқылы ғана сипаттамайды, сонымен қоса кескіндердің шектеусіз саны арқылы сипаттағайды; екіншіден, бір сипаттау жүйесіне топтамаларды басқарушы мәліметтерді (экспонат қозғалысы, қайта жөндеу, сақталғандығы жайлы мәліметтер), әртүрлі мәдени мұралар санатына қатысты топтамалар сипаттамасының мәліметтерін енгізуге көмектеседі. Әсіресе: археологиялық артефактілер; жаратылыстану-ғылыми пәндер; этнографиялық, мәдени қызығушылық танытатын бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнер пәндері; үшіншіден, бұл бағдарламаны тек қана музей қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар оқу тәртібінде бағдарламаны қолдана алатын кез-келген Интернет қолданушысы да пайдалана алады [7].

Қазіргі заманғы музейлер жүйесінде техникалық прогрестің дамуы музейлердегі қор жұмысын ұйымдастыру, музей заттарын есепке алу, тіркеу жүйесін жаңа заман талабына сай

жетілдірді. Музей қорларының құндылықтарын цифрлау арқылы әрбір экспонатты жоғары сапалы өңделген 3D форматта танысуға болады, әрі электронды каталогтау әлем құндылықтарын көпшілікке қолжетімді ету процесін іске асырады. Қазіргі заманғы музейлер PR-технологиялар (ағылшын *public* – қоғамдық, *relations* – қатынас, байланыс) көмегімен қоғаммен байланысты белсенді түрде жүзеге асырып, әртүрлі ортаның музейге деген талпынысын арттыру мақсатында кешенді іс-шараларды атқаруда.

Автоматтық ақпараттық жүйенің арқасында музей ісінде түрлі коллекциялардың электронды қорын толтыру ісі алға жылжып, қарқынды дамып келеді. Музей базасындағы мұндай оңтайландыру ісі мамандардың керекті коллекцияның паспортын дұрыс анықтауына да мүмкіндік туғызады.

Қазіргі таңда музей ісінің барлық бағыттарына PR-технологияларды ендіру арқылы ауқымды электронды экскурсты жүзеге асырып отырған ақпараттық кеңістіктегі ірі виртуальды музейлер жүйесіне өтуге болады. Соның негізінде музей экскурсиясын да виртуалдандыру қалыптасады [1].

Әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған елдерінің басым бағыттардың бірі инновациялық нанотехнологияларды қоғамның барлық саласында қолданысқа енгізуден көрінеді. Мемлекеттің қарқынды дамуында, еліміздің мәдени құндылықтарын әлем құндылықтары қатарында көрсетуде, ақпараттық музейлерді дамытудың шешуші рол атқаратыны сөзсіз. Бұл ХХІ ғасыр музейлері жолға қойып отырған инновациялық қадам.

Әдебиеттер

- 1 Қакабаев Б. Формы экспозиционно-выставочных работ в современных условиях // Труды Центрального музея. – Алматы: Ғылым, 2004.
- 2 Музей в цифровую эпоху «Интермузей-2014». Журнал «Музей». – №7/2014. – С. 81.
- 3 Музей и новые технологии / под ред. Никишина Н.А. – М., 1999.
- 4 Ноль Л.Я. Компьютерные технологии в музее. – М., 1999.
- 5 Ноль Я.Л. Информационные технологии в деятельности музея. – СПб., 2007.
- 6 Пешков Ю.М. Из истории компьютеризации музеев США // Труды Центрального музея. – Алматы: Ғылым, 2004. – С. 48-53.
- 7 Свободное программное обеспечение. Приложения для образования, культуры и доступа к информации: Учебное пособие. Автор/создатель: Калима Туенбаева, Жанат Куленов, Шынар Когабай. Кластерное бюро ЮНЕСКО в Алматы/Казахстан. – Алматы, 2009.
- 8 Сокровища музея императорского дворца. Гугун. – М.: Издательство «Наталис» Рипол Классик, 2007.
- 9 Чинколл Р. Музейная каталогизация и ЭВМ. – М: Мир, 1983.

References

- 1 Kakabaev B. Formy jekspozicionno-vystavochnyh rabot v sovremennnyh uslovijah // Trudy Central'nogo muzeja. – Almaty: Fylym, 2004.
- 2 Muzej v cifrovuju jepohu «Intermuzej-2014». Zhurnal «Muzej». – №7/2014. – S. 81.
- 3 Muzej i novye tehnologii / pod red. Nikishina N.A. – M., 1999.
- 4 Nol' L.Ja. Komp'yuternye tehnologii v muzee. – M., 1999.
- 5 Nol' Ja.L. Informacionnye tehnologii v dejatel'nosti muzeja. – SPb., 2007.
- 6 Peshkov Ju.M. Iz istorii komp'yuterizacii muzeev SShA // Trudy Central'nogo muzeja. Almaty: Fylym, 2004. – S. 48-53.
- 7 Svobodnoe programmnoe obespechenie. Prilozhenija dlja obrazovanija, kul'tury i dostupa k informacii: Uchebnoe posobie. Avtor/sozdatel': Kalima Tuenbaeva, Zhanat Kulenov, Shynar Kogabaj. Klasternoe bjuro JuNESKO v Almaty/Kazahstan. – Almaty, 2009.
- 8 Sokrovishha muzeja imperatorskogo dvorca. Gugun. – M.: Izdatel'stvo «Natalis» Ripol Klassik, 2007.
- 9 Chinkoll R. Muzejnaja katalogizacija i JeVM. – M: Mir, 1983.

7-бөлім
МАГИСТРЛІК ЖҰМЫСТАР

Раздел 7
ИССЛЕДОВАНИЯ МАГИСТРАНТОВ

Section 7
**INVESTIGATIONS OF POSTGRADUATE
STUDENTS**

Нартай А.Н.
**Ғұн дәуіріндегі
мемлекеттіліктің
қалыптасуы мен дамуы**

Бүгінгі күні халықаралық саяси аренада еліміздің егемен ел ретінде танылуының тарихи тамыры тереңде. Тарихтың түрлі кезеңінде еліміздің кең-байтақ жеріндегі бабаларымыздың жеке шаңырақ көтеріп, егемен де тәуелсіз мемлекет болуға тырысушылығы қазіргі күні толығымен жүзеге асқан тарихи оқиға болып отыр.

Қазіргі таңда қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы мәселесі аса өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерейтой – аталмыш мәселенің зерттеу нысаны ретіндегі маңыздылығын айқындай түспек. Бұл ретте атап өтетін негізгі мәселе – қазақ мемлекеттілігінің тарихы бұл мерейлі күннен тым бұрын басталады. Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттердің құрылуы сөз жоқ қазақ мемлекеттілігінің айқындаудағы негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Сондықтан Қазақстан территориясындағы ерте темір дәуірінен басталған саяси үдерістер нәтижесінде құрылған сақ, ғұн мемлекеттері – Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуының бастауы болып табылады.

Түйін сөздер: Мемлекеттілік, ғұн, көшпенділік, шекара, саясат, этнос.

Nartay A.N.
**Formation and development of
statehood in the era of the Huns**

In today's world renown of our country as an independent state in the world political arena, connected with the deep historical roots. In different periods of history on our boundless territory our ancestors built their personal hearths, desire and effort to be an independent state, is now fully implement the historical event.

Nowadays the problem of formation and development of Kazakh statehood is one of the most pressing or actuality topics. Especially dedicated to the 550 th anniversary of the Kazakh Khanate, determines the importance of this problem as a point of research. In this situation, we can emphasize the main problem – history of the Kazakh statehood begins very early on this significant date. Formation of the first states in the territory of Kazakhstan, are certainly evidence of Kazakh statehood and the main point of the study. Therefore, incitement of the formation and development of the state on the territory of Kazakhstan is the formation of the state of Saks and Huns, as a result of which began political processes on the territory of Kazakhstan in the early Iron Age.

Key words: Statehood, Hun, nomadism, frontier, policy, ethnos.

Нартай А.Н.
**Формирование и развитие
государственности в эпохи
гуннов**

В современном мире известность нашей страны, как независимого государства на мировой политической арене, связано с глубокими историческими корнями. В разные периоды истории на нашей безграничной территории наши предки строили свои личные очаги. Желание и старание быть независимым государством является сейчас полностью осуществляющимся историческим событием.

В наши дни проблема формирования и развития казахской государственности является одной из самых актуальных тем. Особенно юбилей, посвященный 550-летию Казахского ханства, определяет важность данной проблемы как пункт исследования. В данной ситуации можно подчеркнуть главную проблему – история казахской государственности начинается очень рано от этой знаменательной даты. Образование первых государств на территории Казахстана, безусловно, является доказательством казахской государственности и главным пунктом исследования. Поэтому, толчком в формировании и развитии государственности на территории Казахстана является образование государства саков и хуннов, в результате которого начались политические процессы на территории Казахстана с раннего железного века.

Ключевые слова: государственность, хунны, кочевничество, граница, политика, этнос.

ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі мемлекеттілік мәселесі сақтармен қатар қатар ғұндардың да атымен тығыз байланысты. Әрине сақтардың құрған мемлекеті ғұн мемлекетімен салыстырмалы түрде алғанда халықаралық маңыздылығы біршама төмен болған деп жорамалдаймыз. Бұл алдымен ғұндардың халықаралық саяси аренадағы рөлі және атқарған қызметімен тығыз байланысты. «Ұлы қоныс аудару» үдерісінің соның айқын дәлелі болып табылады. Жалпы ғұндардың саяси әрі шаруашылық жүргізу сынды тарихына деген қызығушылық б.з.б. II ғасырда өмір сүрген Сыма Цянның «Тарихи жазбалар» атты еңбегінен бастау алды. Сондықтан оны «ғұнтанудың» негізін салушылардың бірі деп санайды. Сыма Цянь жеңісті тарихы көп қытайлар қалайша көшпелілерге төтеп бере алмаған деген шешімін таппаған мәселені зерттеушілердің алдына қойған болатын. Міне осы тарихшының мәселесі күні бүгінге дейін ғалымдардың қызығушылығын тудырып келеді.

Белгілі тарихшы неміс халқының өкілі Отто Франко өзінің «Қытай тарихы» атты еңбегінде: «Ғұндар қайдан шыққан, олардың ата-бабалары кімдер екенін біздер айта алмаймыз. «Ғұндар» деген атаудың өзін бір халыққа біріккен әлдебір сан алуан тайпалар алған шығар. Шамамен «скифтер» дегеннің өзі де сондай. Бірақ олардың өзегі ең алуан уақыттар мен дәуірлерде түріктер болды дегенмен келісу керек» – деу арқылы ғұндарды түркілердің ата-бабалары ретінде сипаттайды. Сондықтан қалыптасқан тұжырымға сай түркілерді қазақ халқын құраушы тайпалар ретінде танысақ, ғұндардың қазақ мемлекеттілігі үдерісінің алғашқы сатысында тұрғандығына көз жеткізуге болады.

Ғұн мемлекеттілігінің ерте дәуірдегі ықпалы мен беделі туралы Л.Н. Гумилев: «б.з.д. I мыңжылдық шеңберінде ғұндардың өмір салты мен шаруашылығы отырықшы көршілеріне қарағанда әлдеқайда жоғары дәрежеде болған. Әдетте көшпелі мемлекеттер тайпалар одағы немесе әскери құрылымдарға бағынып өмір сүрген. Ал ғұндар болса осындай көшпелі елдерге тән қасиетпен қатар, руларға бөлінетін еді» деген баға берген [1].

Е. Кычановтың «Кочевые госдарство от гуннов до маньчжуров» атты еңбегінде ғұндардың Қытай сынды алпауыт империямен көрші бола отырып, олармен терезесі тең әрі өзіндік ішкі дамуы арқылы басқару механизмі мен алғашқы мемлекет-

тілік белгілерді дамыта алғандығы турасында пікір білдірген болатын [2]. Ғұндар ерте темір дәуірінде Азия мен Шығыс Еуропаны мекен еткен ежелгі халық әрі өз мемлекеттілігіне қол жеткізе алған еді. Әрине олардың құрған мемлекеттік құрылымы рулық әрі тайпалық бірлестік негізінде құрылды. Ғұндардың құрған мемлекеттілігін шартты түрде екі даму кезеңдерінде қарастыруға болады. Бұл кезеңдер ғұн мемлекетінің өркендеу кезеңімен тығыз байланысты. Оның бірінші кезеңі Тұман шанью негізін қалаған ғұн мемлекеті. Бұл билеуші тұсындағы ғұн мемлекетінің құдіреті көршілес аймақтардың барлығына таралды. Ал оның ұрпағы Мөде шанью болса осы құдіреттілікті одан ары арттырып, ғұн мемлекетінің сипатына өзгерістер әкеліп, оны империялық дәрежеге жеткізген болатын. Ал ғұн мемлекеттілігінің келесі бір кезеңі сөзсіз Еділ (Аттила) патшаның құрған батыс аймақтардағы мемлекеті атымен өте тығыз байланысты. Оның тұсында ғұн мемлекеті Сырдария мен Дунай аралығында халықтарды өздеріне бағындырды.

Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің пайда болуының алғашқы кезеңдерінде тұрған ғұндар Солтүстік Қытай, Моңғолия, Байкал өңірлерін қоныстанған болатын. Н.В. Кюннердің еңбегінде ғұндардың мекен еткен жері ретінде оңтүстік және солтүстік Моңғолия, Шыңжаң, Оңтүстік Сібір аймағы көрсетіледі [3].

Әрине ғұндар туралы алғашқы деректер қытай жылнамаларында кездеседі. Жалпы бір байқағанымыз, ғұндар туралы кез-келген мәліметтер олардың жаужүрек әрі батылдығымен ерекшеленгендіктеріне барынша назар аударады. Қытай дерегінде ғұндардың күш қуаты туралы былай дейді: «Ғұндардың құдыреттілігі сондай, олардың елшісі қолындағы шаньюйдің сенім таңбаларымен көрші елдерге барып, ол елдер бір мемлекеттен екінші мемлекетке шығарып салып, ақыз-түлікпен қамтамасыз етіп тұрды...» деп жазады [4].

Қытай жылнамалары ғұндардың мемлекеттілігі б.з.б. IV-III ғасырлар және Қытайдың солтүстігінде, Байкал мен Ордос аралығын мекендеген деген мәлімет беріп, біздің жоғарыда келтірген территорияны көрсетеді. Олар құрған мемлекеттің сыртқы саясатының басты ұстанымы – көрші жатқан тайпаларды басып алу және маңыздысы Қытай жеріне шабуыл жасау болып табылған. Бір байқағанымыз осы мақсаттан туындаған ғұндар мен Қытай империясы арасында жүрген соғыс қимылдары 300 жылдан астам уақытты қамтыды. Осы екі ел арасындағы қарама-қарсы тұрудың кімнің пайдасына шешілді деген мәсе-

леге келсе, Қытай империясының Ұлты Қытай қорғанын салдыру тарихына мән берсек те жеткілікті. Өйткені дәл осы 4000 шақырымға созылып, 10 метрге жуық биіктіктегі Қытай қорғаны ғұндардан қорғану мақсатында салынған болатын. Демек ғұн-қытай теке-тіресі Қазақстандағы ерте мемлекеттіліктің негізін салушылар саналатын ғұндар үшін тиімді болып отырған. Мысалы ғұн мемлекетінің құрылуы қарсаңында ғұндар Қытайдың Хань әулиетінің негізін қалаған Лю-Банды да жеңген болатын. Осылайша қытайлықтарды өздеріне бағындырып, Байкал көлінен Тибет тауына дейін Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің орта ағысына дейінгі аралықта құдыретті ғұн мемлекетін құра алды.

Ғұндардың этникалық құрамы мәселесі отандық тарихнамада әлі де болса анықталып болған жоқ. Зерттеушілердің басым көпшілігі ғұндарды түріктердің арғы тегі ретінде қарастырады. Дегенмен ғұндардың беделі артып тұрған тұста, ғұн тайпалық одағына өзге де көршілес тайпалар мүше болып отырған. Сондықтан «ғұн» атауы этникалық болудан гөрі саяси одақ атауына көбірек ұқсады. Бұл ретте атап өтетін бір жайт ғұн тайпалық одағының пайда болуының басты алғышарттарының бірі – Қытай империясына қарсы тұру болған сыңайлы. Хань әулеті басқарып отырған Қытай империясы мен ғұндар арасындағы байланыстар көп жағдайда бейбіт түрде өрбімеген.

Тарихи деректерге қарағанда, ғұндардың этникалық құрамы 24 рудан тұрған. Оларды ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы сияқты институттар арқылы рубасылары басқарып отырды. Ол турасында: «ғұндарды жылына үш рет Лунциге жиналатын әдет болды, олар бірінші, бесінші және тоғызыншы айларда өткізіледі, «сүй» деп аталатын күні көк рухына құрбан шалынады және және сол жиналыстар барысында рубасылары мемлекеттік маңызы бар істерді талқылап, ат және түйе сынды жануарлардың жарысын тамашалайды» деген мәліметтер сақталған [4]. Алайда ғұндардың патриархаттық рулық құрылысы негізінде жаңа қоғамдық қатынастар орын ала бастады. Мұның себептерінің бірі айырбастың, сауданың дамуы болды деп есептейміз. Өйткені ғұн дәуіріне жататын обаларды қазып, сол қазба жұмыстары барысында табылған алтын бұйымдар, қымбат маталар ғұн қоғамында үстем таптардың қалыптасуы мен өзге көршілес елдермен өзара тауар-ақша, саудаттық қарым-қатынастарды белсенді жүргізіп тұрғандығына көз жеткізуге болады. Сыма Цяньның еңбегінде ғұн қоғамында малға әулеттік жә-

не меншіктің болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы ғұн басшысының Хань әулетінің елшісі Су патшаға жылқы үйірі, қой отарларын тарту ретінде сыйлыққа бергендігі туралы ақпарат бар [5].

Мөденің жасаған әскери реоформалары ғұндарды қуатты мемлекетке айландырды. Ол турасында Я. Бичурин: «Мөденің тұсында ғұндар ерекше және күтпеген жерден күшейді. Солтүстік пен оңтүстіктегі барлық тайпаларды бағындырды. Қытаймен терезесі тең саясат ұстанды» деген пікір білдіреді [6]. Әрине ғұндар Мөденің тұсында Қытайдың Хань әулетінің негізін қалаған Лю-Банды да жеңіп, оларды өздеріне бағынышты еткен, сонымен Байкал көлінен Тибет тауына дейін Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің орта ағысына дейінгі аралықта құдыретті ғұн мемлекеті пайда болды. Ғұндар Қазақстанның Оңтүстік-батысы мен Арал бойына б.з.б. I ғасырда бастап қоныстана бастаған. Сөзсіз қуатты саналған ғұндардың аталған аймақтарға қоныстана бастауы жергілікті тайпалардың батысқа Каспий теңізіне қарай ығысуына жалғасқан болатын. Дегенмен ғұндар бұл жерде, яғни Қазақстан территориясында ұзақ уақыт бойына де тұрақтап қала алмады. Бұл алдымен ғұн мемлекеті б.з.б. I ғасырдың ортасында яғни б.з.б. 55 жылы Оңтүстік және Солтүстік ғұндар болып екіге бөлінуімен байланысты болуы мүмкін [6]. Екіге бөлінген ғұндар ендігі кезекте батыс жылжи отырып Дунай арқылы Батыс Еуропаға дейін жеткен болатын. Бұл үдеріс аз ғана уақыт аралығын қамтымады. Өйткені ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы барысы б.з.б. II ғасырда басталып б.з. IV ғасырына дейін жалғасты.

Сонымен қатар ғұн қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар шамамен алғанда түрлі даму деңгейінде қалыптасты. Олардың ертедегі алғашқы таптық қоғамдардың құрылуы уақытында қанау мен байлық жинаудың әр алуан түрлері қалыптаса бастады. Алайда олардың бірде-біреуі тұтас алғанда бүкіл жүйені анықтайтындай шешуші күшке ие бола алған жоқ. Сондықтан құлдардың және құл иеленушілік қатынастардың болғанына қарамастан, бұл қоғамдарды құл иеленушілік немесе патриархаттық-құл иеленушілік қоғамдар деп сипаттауға болмайды. Ғұн қоғамының үлгісі ежелгі көшпелі, ертедегі таптық бірлестіктердің басқа бір сипатты белгісі өзінше бір әкімшілігі мен күштеу аппараты бар мемлекеттіліктің қалыптасуы болып табылады, олар рулық-тайпалық құрылыс органдарын сол кезде-ақ ішінара алмастырып,

ішінара солардың бейнесін алып, оларды жаңа жағдайларға бейімделіп отырған [6].

IV ғасырдың 70-жылдары ғұндар Қытай империясының қысымынан кейін Дон өзені арқылы өтіп, остгот тайпаларын өздеріне бағындырған еді. Бұл жоғарыда біз атап өткен «халықтардың ұлы қоныс аударуына» алып келген болатын. Бұл ретте ғұндар остготтармен қатар, Днестр өзені бойындағы вестготтарды талқандаған. Біз жоғарыда атап өткен ғұндардың мемлекеттілігінің дамуының екінші кезеңі, яғни Батыс ғұн мемлекеті Еуропада құрылған болатын. Әрине батыстағы Ғұн империясының негізі алғаш б.з. II ғасырында қазіргі Батыс Қазақстан жерінде, нақтырақ айтқанда Каспий теңізі жағалауында қаланған болатын. Қазақстанның осы өңірінде ғұндар өздерінің патшасы Валамирдың бастауымен батысқа қарай аттанып, IV ғасырдың 70-жылдары Днестрге дейінгі жерді жаулап алғанын жоғарыда атап өттік. Қуатты ғұндар алғаш болып жеңіліс тапқандардың қатарында Азов теңізі өңірін мекендеген аландарды атап өтуге болады. Сонымен қатар Керчь бұғазы мен Қырымдағы Боспор патшалығы да тегеурінді ғұндардың соққысынан кейін құлатылған болатын. Осы оқиғадан кейін 430 жылға дейін тыныштық орнайды. Өйткені осы жылдардан кейін ғұндардың атын Еуропалық дәрежеде ықпалды ете алған Еділ патшаның билік ету жылдары басталады. Сөзсіз ғұн мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін соғыстардан түскен пайдалар мен салықтар толтырып тұрған болатын. Сондықтан Еділ патшаның сыртқы саясатында Батыс Рим империясын бағындыру ісі басымдылығы мол негізгі ұстанымға айналады. Осы мақсатта Рейн мен Еділ өзені аралығында барлық тайпаларды өзіне бағындырып, бірыңғай салық төлеуге көндіреді. Константинопольға дейінге жетіп, қуатты ғұн державасының әлеуетін асырады. Ғұн мемлекетінің мұндай тегеурінді қарсылығынан сескенген Византия патшасы Феодосий II өздеріне тиімсіз болған шартқа отыруға мәжбүр болады. Алайда бұл келісім шарттың бұзылуы ғұндардың батысқа қарай жылжуын одан әрі жалғастырып, біріккен Еуропаның әскеріне қарсы тұруға итермелейді. Флавий Аэций бастаған Еуропаның әскерімен 451 жылы Каталаун жазығындағы шайқаста ғұндар өздерін әскери өнерді жетік меңгерген, қуатты мемлекет ретінде дәлелдей алады. Алайда бұл шайқас қос тарап үшін де сәтті аяқтала қоймаған. Дегенмен 452 жылы болған кезекті шайқас барысында римдіктер жеңілгенін мойындап, ғұндарға салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Алайда Еділ патшаның

қайтыс болуы ғұн мемлекетін әлісретіп, бұрынға қуаттылығынан айырады. Оның өлімі ендігі кезекте римдіктер үшін қуаныш әкеліп, ғұн мемлекеті олар үшін қауіп болып саналмады. Дегенмен ғұндардың Рим империясын құлатуы сөз жоқ дүниежүзілік тарихты кезеңделуінде ортағасырлық кезенді бастап берген болатын [7]. Еділ патшаның өлімінен кейін ғұн мемлекетінің дәуірі аяқталады. Дегенмен дүниежүзі және Қазақстан тарихында Еділ патшаның есімі әлі күнге сақтаулы. Еуропа тарихында оны «Құдайдың камшысы» деп жоғары бағалаған. Ал отандық ғалым Н. Мұхаметқанұлының пікірі бойынша этнос аралық территория мәселесі дәл осы ғұндардан бастау алады және оның негізін Мөде шаньюдің дунхуларға жер мемлекеттің негізі екендігін айтқандығымен тығыз байланысты деп есептейді. Сонымен қатар Н. Мұхаметқанұлы алғашқы мемлекетаралық шекара мәселесі де ғұндар мен қытайлар арасында пайда болған деген мәліметті келтіреді [8]. Бізде ғалымның осы пікірін толық қолдап, өз тарапымыздан ғұндар құрған мемлекеттің геосаяси аймақта беделі мен ықпалы зор болғандығы және отырықшы елдердің мемлекеттеріне қарағанда анағұрлым дамыған әрі қуатты болған деп тұжырым жасаймыз.

Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің қалыптасу мәселесін айқындауда, сөз жоқ сақ, ғұн мемлекеттерінің алар орны ерекше. Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісі де, ғұндардың атымен тығыз байланысты болды. Әрине олардың құрған мемлекеттік құрылымдары батыс зерттеушілері тарапынан күмән тудырады. Олардың пікірінше, сақ, ғұндардың мемлекеттерінде бүгінгі таңдағы мемлекеттерге қойылатын талаптар мен белгілер кездесе бермеген. Әрине ондай белгілер тек ғұн ғана емес, барлық ерте замандағы мемлекеттерге тән құбылыс болатын. Сондықтан біз жоғарыда келтірген алғашқы мемлекеттерге тән ерекшеліктер мен белгілер ғұн мемлекеттерінен табылып отыр. Нақтырақ айтқанда, қоғамдық құрылыс пен саяси-әкімшілік бөлініс, шаруашылықтың түрі, ғұн мемлекеттеріне тән болды. Сол себепті біз алғашқы тараушада көрсеткен алғашқы мемлекеттердің белгілері бар болғандықтан сақ пен ғұндардың құрған мемлекеттері ерте замандағы мемлекеттерге қойылатын талаптарға толық жауап бере алады. Қорыта келе, Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісі сақ, ғұндардан бастау алады деп нақты тұжырым жасай аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. История народа хунну. В 2-х книгах. Кн. 2. – М., 1998
- 2 Кычанов Е.И. Кочевье государство от гуннов до маньчжуров. – М.: Изд.фирма «Восточная литература» РАН, 1997.
- 3 Кюнер В.Н. Китайские известия о народах южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М.: Восточная литература, 1961.
- 4 Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). Предисловие, перевод и примечания М В.С. – Таскина, 1968.
- 5 Хасенов Ә. Қазақ тарихының баяны. – Алматы: Мектеп, 1996.
- 6 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Науч.изд: ТОО «Жалын баспасы», 1998.
- 7 Жумагулов К. «Каталауская битва» . – Алматы, 2004.
- 8 Мұхаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселелері: Моног.зерттеу. – Павлодар: «Brand Print», 2010.

References

- 1 Gumilev LN History of the Xiongnu. In 2 books. Vol. 2. – M., 1998
- 2 Kychanov EI Nomadic State of the Huns to the Manchus. – M. : Izd.firma «Eastern Literature» RAS, 1997.
- 3 Kuhner VN Chinese news about peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East Vostoka. – M. : Literature, 1961.
- 4 Materials on the history of the Huns (in Chinese sources). Introduction, translation and notes M VS – Taskina, 1968.
- 5 A. Khasenov Kazak tarihyнын button accordions. – Almaty: Mektep, 1996.
- 6 Bichurin N.Y. Collection of information on peoples in Central Asia in ancient times. – Nauch.izd: ТОО «Zhalyн baspasы», 1998.
- 7 Zhumagulov K. «Katalauskaya battle.» – Almaty, 2004.
- 8 Mukamethanuly N. Kazah tarihyнын ozekti maseleleri: Monog.zertteu. – Pavlodar: «Brand Print», 2010.

Хасенова Ж.М.
**Проблемы исследования
этногенеза и культурогенеза
средневековой
Центральной Азии**

Данная статья представляет краткий обзор истории миграции тюрков-кочевников, развития их обществ и государственных образований за историческое время, а также анализа проблем этнокультурных процессов в Центральной Азии, на протяжении средневековой истории, характеристики памятников кочевых культур. Осмысление процессов этногенеза и культурогенеза кочевых народов, этапов формирования и развития кочевнических культур является важной задачей изучения средневековой истории Центральной Азии. Исследования археологических памятников, а также других источников разных исторических эпох с несомненностью показывают, что Центральная Азия, являясь историческим регионом первого порядка, никогда не была обособленной от общеисторических процессов, протекавших на необъятных пространствах Евразии. Сложение древнетюркских каганатов способствовало консолидации мелких этнических групп в более крупные объединения. В эту эпоху имели место миграции древнетюркских кочевников из Центральной Азии в Среднюю Азию и сложение на новых территориях предков ряда современных тюркоязычных народов.

Ключевые слова: этнос, этногенез, культурогенез, Центральная Азия, периодизация, хронология.

Khassenova Zh.M.
**Research problems of ethno
and cultural genesis in medieval
Central Asia**

This article presents an overview of the history of migration Turks nomads, the development of their societies and state formations in historical time, as well as analysis of the problems of ethnic and cultural processes in Central Asia in medieval history, characteristics monuments of nomadic cultures. Understanding the processes of ethnogenesis and cultural genesis of nomadic peoples, the stages of formation and development of nomadic cultures is an important task of studying medieval history of Central Asia. Study of archaeological sites, as well as other sources of different historical epochs demonstrates beyond doubt that Central Asia, as a historical region of the first order, has never failed to separate from general historical processes that took place in the vast spaces of Eurasia. Formation of the Ancient Turkic kaganats promoted consolidation of small ethnic groups in larger units, in this era were ancient Turkic nomadic migration from Central Asia to Middle Asia and the formation of the new territories of modern Turkic peoples.

Жаңа жолақта 1835 жылы Императорский, Наследник, Михайловск бекіністерінің негіздері салынды; 1836 жылы – Константиновский, николаевский, Жаңа Ор, Елизаветинский, Мариинский, Атаманский, Екатерининский, Княжинский, Еленинский, Надежинский, Веренская, Варваринская қоныстары; 1838 жылы – Құмақ, Петровский, Павловский, Андреевский, Георгиевский, Ольгинский, Владимирская, Александровская, Софийская, Натальинская, Алексеевская және Кириловская құрылады. Бекіністер мен ауылдардың атаулары Романоватар билеуші императорлық династиясының мүшелері есімдерімен аталған. Онда Ор, Қызыл, Жоғары Орал және Троицк бекіністерінде орналасқан төрт таратылған жолақтық батальонның сарбаздары отбасыларымен бірге қоныстандырылды, ескі жолақтың казактары мен казак әскерлерінің Орынбор ішкі кантондарының казактары, бірнеше мың Орал казактары мен мыңдаған башқұрттар да сонда қоныс тепкен. 1939 жылдың 1 қаңтарына қарай осы 28 қоныста 1929 ер адам саналған. «Құрылған бекіністердің, – деп жазды орынбор казачествосының тарихшысы Ф.М. Стариков, – жан-жағынан орлар қазылып, жалғыз бекініс есіктері бар қабырға тұрғызылды, ал шіркеулер салынған Наследницкая және николаевская қоныстарында қырғыздар шабуыл жасаған жағдайда тұрғындарға сенімді пана болатындай етіп тас қамалдармен қоршалған» [7]. Қоныстар Жаңа жолақ бойымен шекаралық жолда да, Новолинейная ауданында да салына бастады. 1842-1844 жж мұнда 32 қоныс болған, олар орыс әскерінің жеңісі құрметіне атау алған, сондай-ақ нөмірлермен белгіленген: №1 – Кассель, №2 – Остроленская, №7 – Елизаветинская, №8 – Требия, №9 – Кацбах, №10 – Полоцкая, №11 – Нови, №12 – Рымникская, №13 – Бреда, №14 – Аландская, №15 – Бриент, №16 – Кваркен,

№17 – Андрианополь, №18 – Кульм, №19 – Измаильская, №20 – Браиловская, №21 – Наваринская, №22 – Варшавская, №23 – Краснинская, №24 – Арси, №25 – Березнинская, №26 – Бородинская, №27 – Чесминская, №28 – Тарутинская, №29 – Лейпциг, №30 – Варна, №31 – Куликовская, №32 – Берлин.

Осы қоныстардың алғашқы тұрғындары Бузулукский уездінің егінші солдаттары, таратылған Ставрополь қалмақ әскерінің шоқынған қалмақтары, нағайбақтар – Белебеевский уездінің Нагайбацкая және Бакалинский қоныстарының 3-ші канонының казактары, Красносамарская, Бузулукский және Елшанский, Тоцкая, Сорочинская және т.б. қоныстарының 5-ші канон казактары болған. Барлық осы қоныстанушылар казактар болып жазылып, әрбір ер адамға 30 десятина жер үлеске және әрбір ер адамға 15 десятина жер қосымша жер қорынан берілген.

Новолинейный ауданының қоныстануы одан кейінгі жылдары да жалғасты, алайда 40 жылдар басындағыдай қарқынды емес. 1856 жылы Новолецкий ауданына Жаңа жолақ қоныстарына казакқа өткен орыс шаруа-қонысшылары көшірілген. XIX ғасырдың 50 жылдар өзінде Новолинейный ауданында 72 мың адамы бар 87 тұрғын мекен болған. Ол ауданның этникалық құрамы біркелкі болмаған. Оның жартысынан көбін (52,5%) орыстар, 37% – казактар, аздаған бөлігі – қалмақтар, башқұрт ноғайлар, мишарлар.

XIX ғасырдың 20 жылдар далада Ресейдің қазақ мемлекеттілігін жоюға және әскери-казак отаршылдық саясатын жалғастыру талпыныстарымен байланысты отаршылдыққа қарсы нағыз соғыс ашылады. 1823 жылы Кіші жүздегі Жоламан Тіленшіұлының қозғалысы, 1824 жылы – Орта жүздегі саржан Қасымұлының қозғалысы басталады, оны 1836 жылы оның бауыры Кенесары Қасымұлы жалғастырады.

Ресей әкімшілігінің хаттарының бірінде Кенесары былай жазған: «Біздің ата-балаларымыздың мұра етіп кеткен Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайын, обаған, Тобыл, Құсмұрын, Үш Аят, Тоғызактан Оралға дейінгі жерлерін – қазіргі уақытта патша алып қойып, онда бекіністер салды. Қазірде күн артынан күн өткен сайын біздің жерлерді тартып алып жатыр, оларға бекіністер салынып, халық қайғырып жатыр. Ол біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі өмір сүруімізге де қауіпті» [8, 219 б]. 1838 жылы Кенесарының қарындасы Бопай Аманқарағай бекінісіне шабуыл жасап, Ресейдің серіктес сұлтандарының ауылдарын талқандап кетеді.

Шекаралық биліктің отаршылдық саясаты мен өздерінің рубасыларының саясатына нарады қазақтар жаппай шекарадан көшіп, Кенесарыға қосылды. «Кенесары сұлтанның халқы оның төлеңгіттерінен ... және оған қосылған көшпелі арғын, төртқара мен шүмекей, тама мен табындықтардан тұрды; сонымен қатар оның құрамында бағаналы, керек, қыпшақы және Орынбор мен Сібір болыстарының барлық рулары болды» – деп жазады поручик Герн 1845 жылы Кенесары отряды туралы [8, 172 б].

1844 жылы Кенесарының отряды қазіргі Қостанай облысы аумағында, соның ішінде Тобылдың жоғарғы жағында, Таран, Денисов және Жетіқара аудандарының аумағында белсенді іс-әрекеттер жасаған. Генерал-губернатор Обручева көтерілісшілермен соғысу үшін қазақтардан бастығы Шығыс бөліктің билеуші сұлтаны А.Жантөриннен тұрған қазақтар отрядын құру туралы бұйрық береді. Сонымен қатар, далаға 1800 адамнан тұратын полковник Бизанов отряды мен 4 пушкасы бар 1600 адамнан тұратын подполковник Лебедев отряды жіберілген. Осыған қарамастан, Кенесары 1844 жылдың қаңтарынан бастап пошта желілеріне, пикеттер мен тораптарға шабуыл жасай отыра Жаңа жолақта белсенді қимылдай бастайды. Кенесары шабуылы мақсаттарының бірі ханның қарсылас ауылдары болған. Маусым ауында Кенесары мен Байқадам батыр отрядтары Аяттың маңында Мырзабай Тышқанбаев пен билердің заңды билігіндегі ауылдарына шабуыл жасайды. Маусымның соңы мен шілденің басында Тобылдың жоғарғы жағына тексеріс жасау кезінде Кенесары отрядтары бірнеше орыс пен билеуші сұлтан Шотай Бақтыкереевті тұтқынға алады.

Қазіргі Жетіқара және Қамысты ауданы шекарасында орыс әскерлері лагеріне шабуыл жасаған Кенесары шайқаста 38 сұлтан, би мен «беделді» қазақты өлтіреді, Дуниковский отрядының қуалауынан құтырып, Екатеринбургский отряды мен Елизаветинский (Таран ауданының аумағы) отрядын жойып, жаңа жолаққа қайтадан шабуыл жасайды.

XIX ғасырдың 40-жылдардың ортасына қарай орыс әскерлері қазақ территориясына терең кіріп кетеді. Сібір мен Орынбор жақтан келетін бекініс желілері Ұлы жүздің қоныстарымен бірге тиіс еді. Ресей алдында Қазақстанды жаулап алу міндеті тұрды. Ол үшін қазақ қоныстарының орталығында жаңа бекіністер – Көкпекті (1844), Орынбор (Торғай) және Орал (Ырғыз) (1845) тұрғызылады.

1845 жылдың күзінде орыс әскерлері мен патшалыққа берілген аға сұлтандардың отрядтары Кенесары ауылдарына шабуыл жасай бастайды. Көп шығын жасай отырып, кенесарылықтар Торғай даласын қалдырып, Сарысу мен Шу өзендері аудандарына шегінуге мәжбүр болады. Дәл сол кезде Оңтүстік Қазақстанға қоныстары дәстүрлі түрде Солтүстік-Батыс Қазақстанда керей, уақ, қыпшақ және арғын ауылдары барады. Кенесары ханның өлімі мен Қырғызстандағы қазақ әскерінің жеңілісінен кейін Қазақстан аумағының түгелге жуық аумағы Ресей билігіне көшеді.

1824-1864 ж. кезең халықтың шаруашылық және мәдени өміріндегі ауыспалы кезең болады. 1822-1824 ж. әкімшілік реформалар көбінесе қағаз жүзінде қалады. Отаршылдық аппарат алдында «Жарлықты» өміршең ету, қазақ ауылдарын орыс билігіне көндіру болады. Барлық қазақ даласы екі болысқа – Орынбор және Сібір қазақтарына бөлінеді. 1824 жылы Орынбор қазақтарының облысы орыс үкіметі тағайындайтын билеуші сұлтандар басқарған үш бөлікке бөлінеді.

1831 жылы Жолақ маңы тұрғындарының арасында халық санағын реттеу мен салықтарды жинау үшін – дистанция атты әкімшілік бірліктері ұйымдастырылады. Дистанциялық басшылар билеуші сұлтандардың, шекаралық комиссиясының, әскери губернатор мен жолақ басшысының барлық жарлықтары мен бұйрықтарын орындауға, сондай-ақ орыс билігіне қарсы көтерілістерді басуға міндетті болды. Дистанциялар старшиналарға бөлінген. Дистанциялық басшылар мен старшиналарды Орынбор әкімшілігі тағайындаған. 1844 жылы «Орынбор қазақтарын басқару туралы жарлық» қабылданған болатын. Бөлім-

дер мен дистанцияларға бөлуден басқа, қазақ әкімшілігінің іс-әрекеттерін қадағайтайтын орыс шенеуніктерінің қызметтері енгізілген. Қазақ ауылдарының өз бетіншіліктері жойылып, әкімшілік бірліктер қазақтардың руға бөлінулерін ескерусіз құрылатын болған.

Шығыс бөлік басқарушысы кезінде хаттанушы болған губерниялық хатшы Половоровтың мәліметтеріне сәйкес, 1846 жылы жазда Тобыл және Аяттын аралығында, яғни қазіргі Денисов және Таран аудандарының аумағында қарабалық-қыпшақ дистанциялық басшы Наурызбай Қазыбаев, қыжық-қыпшақ Тілеубай Жамантаевтің ауылдары көшіп-қонса, Жаңа жолақтағы қыстаулар, яғни Жетіқара мен Денисов аудандарының батыс шекарасының бойындағы ауылдарға өтетілеу-жаппас хорунжий Бекежан Байжанов пен қарагөз-жаппас зауряд-хорунжий Жанқабұл Төлегенов иелік еткен [9, 100 б].

XIX ғасырдың басына қарай Дала жақтан келетін тура қатер жойылған кезде, ресурстың сырттан келуіне үйреніп қалған және ауыл еңбегі дәстүрлерін жойған бекініс жолағы халқының шаруашылықпен айналысуға не қабілеті, не тілегі болмады. Я. Сулоцкий шексіз тексерістерден көз ашпайтын, қажет болған кезде қырғыздарша өмір сүретін, ештеңе өндірмейтін, әскердің қажеттінің бәрімен қамтамасыз етуіне қанағат ететін, ал басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барымташылықпен пайда көруге болатын далаға іссапарды күтетін халық портретін суреттейді.

Осылайша, XIX ғасырдың соңына дейін зерттеліп отырған аймақтың үлкен бөлігінде қазақ халқы басым өмір сүрген.

Әдебиеттер

- 1 Басин В.Я. Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века//Казахстан в XV- XVIII веках. – Алма-Ата, 1969. – С.67.
- 2 Памятники Сибирской истории. 1885. Т. II. – С.167.
- 3 Терещук В.А. Рассказы о Кокчетаве. – Кокчетав, 1992. – С. 29.
- 4 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. //Известия Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. – Вып. 17. – Тверь, 1902. – С.275.
- 5 Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. –Ч.9. – С.100-123.
- 6 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – С. 65.
- 7 http://his95.narod.ru/oren/istor_5_1.htm.
- 8 Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е гг. XIX века. –Алма-Ата, 1992. – С.219.
- 9 Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1. / Под ред. С.В. Юшкова. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1948. – С.100.

References

- 1 Basyñ B.Y. Qazaqstan v sisteme vneshny politiki Rossyy v pervoy polovine XVIII veka //Qazaqstan v XV- XVIII vekah. – Alma Ata, 1969. – s.67.
- 2 Pamyatniki Sibirskoy istorii. 1855. T. II. – s.167.
- 3 Tereshuk B.A. Rasskazy o Kokshetave. – Kokshetav, 1992. – s. 29.
- 4 Dobromyslov A.Y. Turqayskaya oblast. Historicheskii ocherk. // Izvestiya Orenburskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograwicheskogo obchestva. – Vip. 17. – Tver, 1902. – s.275.
- 5 Spasskii G.I. Qirgiz-qaysaqskii Bolshoy, Sredney i Maloy ordy // Sibirskii vestnik. –Ч.9. – s.100-123.
- 6 Levshin A.I. opisanie qirgiz-qazachyx ili qirgiz-qaysaqskix ord i stepey. Almaty, 1996. – s. 65.
- 7 http://his95.narod.ru/oren/istor_5_1.htm.
- 8 Bekmahanov E. Qazaqstan v 20-40 gg. XIX veka. –Alma-Ata, 1992. – s.219.
- 9 Materyaly po qazaqskomu obichnomu pravu. Sb.1. / Pod.red. S.V. Yushkova. –Alma-Ata: Izdatelstva Akademii nauk Qazaqskoy SSR, 1948. – s.100.

Байжомартова А.
**Қазақ халқының батырлық
дәстүрі**

Бұл мақалада қазақ халқының өткен қиын-қыстау кезінде жерімізді, елімізді, ата-жұртымызды өз ерліктерімен, қайсар-қайраттылықтарымен сақтап қалған батырларымыздың ерлігі көрсетіледі. Батыр атағының қалай берілгені, сол батырлық дәстүрдің жалғасын тауып соны кәсіп қылғандары жайлы айтылады. Сонымен қатар батырлық дәстүрдің ерекшеліктері ол қару-жарақ пен жүйрік аттары болғаны туралы баяндалады. Қоғамның ерекше әлеуметтік тобы ретінде батырлардың өзіндік әлеуметтік нормалары, тәртіп ережесі, идеологиялық ұстанымы, ерекше өмір салты, әдет, салт-дәстүрі мен әскери әдептілігі және бұлардың көшпенді қоғамның басқа да әлеуметтік топтарымен өзара қарым-қатынасын реттеп отыратын қағидалары болғаны және сол батырлардың есімдері аталады. Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Қосай, Қобыланды – жауына жалғыз аттанған батырлар екені жазылады. Қобыланды батырдың соғысқа атын баптағаны туралы және де біздің алып тұлғамыз Жауғаш батырдың қару-жарағы жайлы мәліметтер беріледі. Сол заманның батырларының қару-жарағы өте шеберлікпен өңделіп, мықты болат металдардан жасалғандарымен қоймай, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған және ерекше берік болаттан қазақтың халық эпосында алмас қылыш атанған қайқы қылыштар жасалғаны да көрсетіледі.

Түйін сөздер: Батыр, қаһарман, тарих, халық, соғыс, батырлық дәстүр, атақ, қару-жарақ.

Bayzhomartova A.
**Kazakh people, the heroic
tradition**

This article is shown the bravery proved to save their land, country, and their ancestors during these difficult period kazakh people the bravery that heroes had How the title of the hero was given, that this heroic tradition made its continuation. At the same time, this report coincides that weapons and horses were the features of heroic tradition. As a particular group of society heroes possessed social norms, regulation, ideological standpoint and a special way of life, traditions, customs and the military ethics, principles that regulated the relationship between other social groups of nomadic society, and their names. Alpamys , Er Targyn, Er Kosai, Koblandy are heroes who went to fight themselves. Also it is written about how Koblandy took care of his horse and provide information about weapons of Zhaugash batyr. Weapons of those period made with great skill, despite it has made with strong steel metal, it passed on from generation to generation, and became a solid steel sword named blade sword in Kazakh folk epos.

Key words: Hero, history, people, war, the bravery, tradition, reputation, weapon.

Байжомартова А.
**Казахский народ
в героический традиции**

В данной статье рассматриваются героизм и мужество казахских батыров, доблестно защищавших свой народ и землю от набегов врагов, описываются особенности героических традиций – оружие и скакуны. Также говорится о том, как присваивалось звание «героя» батырам, которые являлись особенной социальной группой в обществе со своими социальными и военными нормами, дисциплинарными правилами, идеологическими позициями, боевыми традициями и законами регулирующие их взаимоотношения с другими социальными группами. Называются имена бесстрашных «батыров-одиночек», которые отправлялись в бой без единой поддержки, таких как Алпамыс, Ер Таргын, Ер Косай, Кобыланды. Детально описывается процесс подготовки и тренировки коня для войны батыра Кобыланды и предоставляется информация о военных снаряжениях Жаугаш батыра. Военные снаряжения и оружия батыров того времени изготавливались из особо прочных металлов таких как сталь и передавались из поколения в поколение. Сабли с изогнутыми клинками, называемыми «алмас қылыш»-«булатный меч» в казахском народном эпосе, также изготавливались из стали.

Ключевые слова: Батыр, герой, история, народ, война, героическая традиция, звание, военные снаряжения.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Қазақ халқының өткен қиын-қыстау кезінде жерімізді, елімізді, ата-жұртымызды өз ерліктерімен, қайсар-қайраттылықтарымен сақтап қалған ол біздің батырларымыз екені баршамызға белгілі. Сол батырларымыздың ұйқысыз күн демей, түн демей ең далада қантөгіс шайқасуларының арқасында кең байтақ жеріміз аман қалды. Сонау ғасыр ширегінде келер ұрпағының тәуелсіз өмір сүруіне бар күштерін салған ата-бабаларымызға мың алғыс. Қазағымның өткен дәуірде болған оқиғалары туралы ойлағанда «жаугершілік заман» деген бірден келеді. Міне осы кезеңде батырларымыздың рөлі өте зор болды.

Батыр дегеніміз – (парсы тілінде бәһадүр – ержүрек, батыл) – әскери өнерді жақсы меңгерген, өзінің ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батырлар атағы мирасқорлық жолымен берілмеген, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болған. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтарда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемлекет билігін қолына ұстаған топ – әскери ақсүйектер болған. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қоланудың биік деңгейі мен батырларымыздың өздерінің жүйрік қазанаттарын яғни аттарын соғысқа баптауы қалыптасқан. Батырлар көбіне осы әлеуметтік жіктің өкілдері арасынан шыққан [1, 184 б].

Батырлар – дала серілері десек артық болмас. Кәсіби сарбаздардың осынау әлеуметтік тобы болмаса, қазақ халқының өмір сүруі де, өзінің мемлекеттілігін сақтап қалуы да мүмкін болмас еді. Нағыз сарбаз осы кәсіби ортадан шыққан. Қоғамның ерекше әлеуметтік тобы ретінде батырлардың өзіндік әлеуметтік нормалары, тәртіп ережесі, идеологиялық ұстанымы, ерекше өмір салты, әдет, салт-дәстүрі мен әскери әдептілігі және бұлардың көшпенді қоғамның басқа да әлеуметтік топтарымен өзара қарым-қатынасын реттеп отыратын қағидалары болған. Десекте осы топты өзгелерден ерекшелендіріп тұратын ең басты айырмашылығы – батырлар тек қана әскери іспен шұғылданды, бұл олардың бірден бір кәсібі болды. Атақты қолбасшы болған Мұхаммед Хайдар Дулати XVI ғасырда «Тарихи Рашиди де» былай деп жазады: «Алдымен, садақтың адырнасын кере тартып, жебесін нысанаға жеткізетін садаккер керек. Садақ та,

садақкер де ыза мен кекті көптеген жылдар бойы бірге жинауы қажет». Басқа кәсіппен айналысу батырларға ұят саналған. Сондықтан олардың бүкіл өмірі, жорық пен шайқас және соған деген дайындықпен өткен [2, 67 б].

Ата-бабаларынан бері қарай батыр атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс алаңын тастамағандар «қара батыр» немесе «қара берен батыр» қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам «жеке батыр» атанған. Қазақтың қаһармандық эпостарындағы Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды, Қамбар – жауына жалғыз аттанған осындай батырлар. Талай рет қақпа бұзып, жау қамалына ойран салған ерлерін қазақ «қамал бұзған қас батыр» деп атаған [3, 12 б]. Сондай батыр тұлғалардың бірі – Қобыланды Тоқтарбайұлы. Ол Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Қарақыпшақ руынан шыққан, аты аңызға айналған халық батыры. Шежіре деректеріне қарағанда Қара Қыпшақ Қобыланды Жошы ханның Шайбан деген баласының тұқымы Әбілқайыр ханның тұсында өмір сүрген. Соның белгілі қолбасшыларының бірі болған адам. Қазақ хандығының бөлінуіне де осы Қобыланды батыр себеп болған делінеді. Осы жөнінде Шәкәрім шежіресінде: «Дайырқожа Әбілқайырдың сүйікті қазысы болып, билікті әділ айтқандықтан «Ақжол» атанып, соның ішінде Қобыландының да Әбілқайырдың сүйікті адамы болғаны, сол Қобыланды Дайырқожаны өлтіріп оны Жәнібек хан біліп қойып, Қобыланды батырды шарифат бойынша қысас қылып өлтіруді сұрап келгенде, Әбілқайыр берейін десе көп қыпшақ бұзылатынын біліп, бере алмай, үш кісінің құнын ал деген соң, бұған Жәнібек ханның өкпелеп бөлініп кетеді» – деген деректері де кездеседі. Ал екінші дерек көзі қаһармандық жырлардың бірі – «Қобыланды батыр» жыры. Бұл жерде Қобыландының батырлық жолы қазақ елінің сол кездегі сыртқы жауы – қызылбастар (парсылар) мен олардың шапқыншылық жасаған ханы Қазанға қарсы күресінен басталады. Оның бұдан кейінгі батырларының атына қарап, олардың атақты Едіге батырдың тұқымдары екенін аңғаруға болады. Қобыланды батырдың Орақ батырмен дос болып, Алшағырмен жауығуы – Қазақ хандығының өзара іштей екіге бөлінген Ноғай ордасының бірін қолдап, екіншісімен соғысып жатқан тарихи кезеңін алға тартады. Осының бәрі Қара Қыпшақ Қобыланды батырдың аңыздық негізде қиялдан туған кейіпкер емес, өмірде болған, ерлік істерімен елге танылып, құрметіне бөленген хас батырлардың бірі болғанын дәлелдейді [4, 212-213б].

Батырлық дәстүрдің негізгі ерекшелігі – ол батырлардың соғыста шабуылға дайындап, баптаған жүйрік аттары үлкен рөл атқарған. Жаугершілік заманда батырларымыздың соғыста аштыққа, суыққа шыдамды арғымақ аттарының болғаны рас. Сол арғымақ аттарын қалай баптап дайындағандары жайлы «Батырлар жырында» жырланған. Жыраулар туындыларында арғымақ аттан қазанаттың туылғаны айтылады. Қазанат – ауыр сауыт киіп, қару асынған батырды көтеретін, жорықта ұзақ жолға шыдамды, шайқаста шаршамайтын, айқаста қару тіресіне мықты, т.б. ерекше қасиеттері бар қазақтардың әскери жылқы тұқымы. Жауынгерлік ат ретінде қазанатты өсіру, баптау, тәрбиелеудің де арнайы әдіс-тәсілдері, белгілі бір дәстүрі болған. Бұл деректерді батырлар жырынан кездестіруге болады. Қаһармандық эпостарындағы деректерге көз жүгіртсек, батырлардың жауынгерлік аттарын өзінің жары баптағаны жазылады. «Қобыланды батыр» жырында өзі туғызып алған Тайбурылды Құртқаның тәрбиелеуі мен баптауы:

Сұлтанымның деп жан аты
Күн түсірмей көзіне,
Жан тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді...
Қырық күнге шейін Бурылға
Құлықтың сүтін емізді.
Және қырық күн біткенше
Қысырдың сүтін емізді.
Сексен күні біткесін
Тоқсан күні жеткесін.
Алмасын – деп, талмасын – деп,
Маңқа, қолқа болмасын деп.
Жеміне қосып қыз Құртқа!
Қызыл дәрі жегізді.
Түндікпенен күн берді.
Дәрілеген жем берді...
Құртқаның баққан Бурылы
Жасқа толып тай шықты.
Тайдан құнан бұл шықты.
Тасқа тиген тұяғы
Көмірдей ойып жаншыпты.
Құнаннан шыққан дөненді
Күн көрмеген көбенді.
Жуандап мойыны өссін деп
Бір байталға жіберді
Бестісінде үйретті
Жібек арқан құлаштап
Таралып мойны өссін деп
Ұзын байлап сүйретті
Алты жаста ақтатты
Өзіне өлшеп Бурылдың
Алтыннан тұрман қақтатты, –

деп суреттеледі [5, 15 б].

Біздің батырларымыз үшін соғыс – оның кәсібі, төл ісі десек, сол соғыстың басты мақсаты –

елін сырт жаулардан қорғау, жат жерлік басқыншылармен күресу, жау қолынан жақындарын азат ету. Жоғарыда айтылып кеткендей батырлардың соғыс өнерін меңгерген бұл кәсібі атадан балаға мұра болып қалып отыратындығы көрсетіліп кетті. Сонымен қатар бұл ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырғаны мәлім. Яғни осы жерде батырлық дәстүрдің мәні жатыр деуге болады. Батырдың отбасында дүниеге келген сәби ертең сарбаз болуы тиіс, бұл көшпенді қоғамдағы маңдайға жазылған әлеуметтік заңдылық, әулеттік қағида. Эпикалық дастандардың батырлары Ер Қосай, Ер Тарғын, XVII – XVIII ғасырларда өмір сүрген Райымбек, Бөгенбай және басқалары, XIX ғасырда қазақ халқының азаттығы үшін арпалысқан Исатай Тайманов және Жанқожа батыр, осылардың барлығы әулетінен сарбаздар және ата-бабасынан батырлар болған. Мұндай әскери әулетті қазақтар «шынжырлы тұқым», яғни, тұқымынан батырлар үзілмеген ұрпақ деп атаған. Мұндай батырлық дәстүрді «шынжыры үзілмеген» деп те атаған [2, 68 б]. Батырлық дәстүр – қаһармандық, дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Батырлық дәстүрдің тағы бір негізгі ерекшелігі – ол батырлардың қару-жарағына да байланысты болған. Сол заманның батырларының қару-жарағы өте шеберлікпен өңделіп, мықты болат металдардан жасалғандарымен қоймай, ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Ерекше берік болаттан қазақтың халық эпосында алмас қылыш атанған қайқы қылыштар жасалған. Олардың қынабы мен сабына қымбат тастар орнатылып, қынаптары түрлі бедерлермен, мысалы, қыран бүркіттің бас тұлғасымен безендірілген. Міне осы дәстүр жалғасын тауып отырғаны белгілі [2, 70-71 б].

Қазақ жауынгерлері соғыста қолданған құралы – бес қарудың негізгі түрлері жұртшылыққа біршама белгілі болса, осы заманға дейін толық сақталмағандықтан, қорғаныс жарақтарының кейбір түрлерінің тек атаулары ғана айтылып, олардың қандай болғаны мүлде ұмыт болған, ал кейбір атауларының өзі де қате мағынада қолданылып жүр. Бізге жеткен көне жәдігерлердің бірі – XVIII ғасырда Жетісуда өмір сүрген белгілі батыр, жоңғарлармен соғыста белсенді күрес жүргізген Қырбасұлы Жауғаш батырдан қалған дүниелер бар. Жауғаш Қырбасұлы (1738 – 1787 жж.) – Ұлы жүз құрамындағы Ботбай тайпасының Қоралас руынан шыққан белгілі батыр, әскери қолбасшы, елші. Қазіргі Алматы облысының жерінде туып, Жамбыл облысының жерін мекендеген. Оның ер-тұрманы, қару-жарағы қа-

зіргі таңда Меркідегі өлкетану мұражайында тұр. Жауғаш батыр – Абылай ханның әскери қолбасшыларының бірі болған және сенімді серігі, өз дәуірінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Абылай ханның 1750-1756 жылдары жоңғарларға қарсы жорықтарында, 1756-1758 жылдардағы Қытаймен келісімге келуіне, 1768-1774 жылдардағы Қырғызбен қақтығыстың мәмілелі аяқталуына бауырлас екі елдің жауласпауына айрықша күш салып, ауыртпалықты қайыспай көтерген батыр [4, 157 б].

Жауғаш батырдың қару-жарағы туралы тарихы Б. Әбділдаұлының «Жауғаш батыр – Абылай ханның елшісі» атты кітабында айтылғанымен, бірақ осы уақытқа дейін оларға ғылыми негізде зерттеу жүргізілмеген, бірақ Қ. Ахметжан бұл дүниені қару – тану ғылыми тұрғысынан зерттеу жүргізген. Яғни Жауғаш батырдың негізгі қолданған қару-жарағының түрлері: шарайна тақталары мен сүңгі жебесі. Кезінде Жауғаш батыр киген қорғаныс жарағынан болаттан соғылып жасалған төрт дөңгелек болат қалқанша, екі дөңгелек шығыршық сақталып қалған. Бұл төрт дөңгелек болат тақталар – ертеде қазақ жауынгерлері кеудені қарудан қорғау үшін сауыттың сыртынан киген қосымша жарақ түрінің негізгі конструктивтік бөліктері. Бұл қорғаныс жарағы қазақ тілінде «шарайна» деп атаған. Ал оның тақталарының беттері айнадай жарқыратылып қоятындықтан оны «айна» деп аталады [6, 12 б]. Шарайнаның сауыт сыртынан киілетіндігі жайлы қазақтың батырлық жырларында да айтылады.

Бадана көзді берік сауыт,
Баса үстіне киеді,
Және де киді шарайна,
Айсаның ұлы Ахмет,
Ішінде бар ақсауыт,
Сыртында бар шарайна,
Қыдырбай ұлы Қобыланды, –

деп жырланады.

Осы шарайнаның үш типі бар, ал Жауғаш батырдың шарайнасы үшінші типіне жатады. Жауғаш батырдың сүңгісінің жебесі төрт қырлы болып жасалған екен. Мұражай қорларында осындай пішіндес сүңгі жебелері бар. Жауғаш батыр жебесі осы жебелер коллекциясын толықтырады. Сондықтан бұл жебе қазақ жебесі екеніне ешкімнің дауасы жоқ деп ойлаймын [6, 16 б].

Қазақ батырларының ерекше қасиеттері – жаудан сескенбейтін батылдықы, қалың дұшпанға қарсы шабатын, намыс пен арды жоғары қоя білетіндік, ағайын – жұрты мен жарына де-

ген адалдық, еліне қамқорлық көрсету. Осы қасиеттердің бәрі батырларымыздың бойынан табылып отырған. Сонымен қатар дастандар мен жырларда, аңыз-әңгімелерде қазақ батырларының халыққа қамқоршы, жерін, суын, елін, аман сақтауға бар өмірлерін жұмсағандары үшін, халқымыз қимайтын мақтаныш ретінде еске алады. Қазақ халқының әскери-саяси тарихында даңқты сәттері мол, отанымызды жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батырларымыз көп болған. Қа-

зақ халқының әрбір азаматының бойында батырларымызға тән отансүйгіштік қасиет болуы шарт деп ойлаймын. Батырлық дәстүрді өз деңгейінде берік ұстаныммен ұстап, өрбіткен Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Қосай, Райымбек, Бөгенбай, Жауғаш т.б. батырлардың қосқан үлестері мол. Қазақ батырларының ерлік тарихы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттігінің нығаюына, қазіргі ұрпақтың отаншылдық сезімдерін тәрбиелеуге қызмет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. – Алматы, 1999.
- 2 Ахметжан Қ. // Батырлар дала серілері: Қазақ батырлары туралы // Nomad – Kazakhstan. – 2005ж. – №2. – 67-71 б.
- 3 Ахметжан Қ. // Жараған темір кигендер. – Алматы, 1996.
- 4 Тарихи тұлғалар. – Астана: «Фолиант», 2008 ж.
- 5 Ахметжан Қ. // Батырлардың жауынгерлік аттары фольклорлық және бейнелеу өнері деректері бойынша. // Егемен Қазақстан. – 2004 ж. – 30 маусым. – 15 б.
- 6 Ахметжан Қ. // Жауғаш батырдың қару – жарағы. // Қазақ тарихы. – 2003ж. – №4. – 12 – 17 б.

References

- 1 Kazakhstan Ulttyq Jenciklopedijasy. – Almaty, 1999.
- 2 Ahmetzhan Q. // Batyrlar dala serileri: Kazak batyrlary turaly // Nomad – Kazakhstan. – 2005zh. – №2. – 67-71 b.
- 3 Ahmetzhan K. // Zharagan temir kigender. – Almaty, 1996.
- 4 Tarihi tulgalar. – Astana: «Foliant», 2008 zh.
- 5 Ahmetzhan Q. // Batyrlardyñ zhauyngerlik attary fol'klorlyk zhәне bejneleu өneri derekteri bojynsha. // Egemem Kazakstan. – 2004 zh. – 30 mausym. – 15 b.
- 6 Ahmetzhan Q. // Zhaufash batyrdyñ qarū – zharafy. // Kazak tarihy. – 2003zh. – №4. – 12 – 17 b.

Қалиев Д.С.
**Қыпшақтардың этникалық
құрамы мәселесі**

Мақалада қыпшақ хандығының этникалық құрамы мәселесі қарастырылады. Алтай мен Дунай аралығын қамтып, Еуразияның кең байтақ даласын мекен еткен қыпшақтар – қазақ және өзге де түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі болып табылады. Олардың құрған хандығы орта ғасырларда Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы аса ірі мемлекеттердің біріне айналды.

Мақалада зерттеушілер А.Н. Бернштам, Н.А. Аристов, Ю.А. Зуев, С.М. Ақынжанов еңбектеріне сүйене отырып, қыпшақ атауының шығу тарихына талдау жасалады. Сонымен бірге, мақалада қыпшақтардың этникалық құрамы мәселесі зерттеулер мен еңбектерге сүйене отырып сараланады. Соның ішінде Б.Е. Көмеков қыпшақтардың этникалық құрамына қатысты араб тіліндегі деректерді екі үлкен топқа топтастырып, өзінің бірегей тұжырымдарын жасаған болатын. Қыпшақтардың этникалық құрамына қатысты В.Г. Тизенгаузеннің, Рашид ад-Дин, Ю.А. Евстигнеевтің ойлары қарастырылған.

Түйін сөздер: тайпалық одақ, қоғам, Дешті Қыпшақ, этноним, Еуразия.

Kaliyev D.S.
**The problem of the ethnic
composition of the Kipchaks**

The problem of the ethnic composition of the Kipchaks. Kipchaks, who lived between the Altai and the Dunai and in the steppes of Eurasia, is one of the ancient tribes that formed the basis of the Kazakh and other Turkic peoples. In the Middle Ages Kypchak Khanate was one of the largest states in Central Asia and Eastern Europe.

Article based on the works of researchers A.N. Bernshtam, N.A. Aris-tov, Y.A. Zuev S.M. Akynzhanov analyzes the historical origin of the ethnonym Kipchak. And in an article based on historical sources and research analyzes the problems of the ethnic composition of the Kipchaks. B.E. Komekov shared historical sources concerning the ethnic composition of the Kipchaks into two large groups. The article deals with the idea of V.G. Tiesenhausen, Rashid ad-Din, Y.A. Evstigneev on the ethnic composition of Kipchaks..

Key words: tribal union, society, Dasht-i Kipchak, ethnonym, Eurasia.

Қалиев Д.С.
**Проблема этнического
состава кыпчаков**

В статье рассматривается проблема этнического состава кыпчаков. Кыпчаки, которые жили между Алтаем и Дунаем и в степях Евразии, являются одним из древних племен, обрзовавших основу казахского и других тюркских народов. В средние века кыпчакское ханство являлось одним из крупных государств в Средней Азии и Восточной Европе.

В статье, опираясь на труды исследователей А.Н. Бернштама, Н.А. Аристова, Ю.А. Зуева, С.М. Ақынжанова, дается анализ исторического происхождения этнонима кыпчаки. А также в статье проводится анализ проблемы этнического состава кыпчаков. Б.Е. Комеков разделил исторические источники, касающиеся этнического состава кыпчаков на арабском языке, на две большие группы. В статье рассматриваются идеи В.Г. Тизенгаузена, Рашид ад-Дина, Ю.А. Евстигнеева относительно этнического состава кыпчаков.

Ключевые слова: племенной союз, общество, Дешт-и Кипчак, этноним, Евразия.

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МӘСЕЛЕСІ

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі сан жылдар бойы айтылмаған тарихтың ақтандақ мәселелері зерттеушілер тарапынан белсенді жазылып келеді. Әсіресе Қазақстанның қола дәуірінен басталған этникалық үдерістерінің барысы мен оның қазақ халқының пайда болуындағы маңыздылығын айқындау өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақ жеріндегі этникалық үдерістердің тағы бір кезеңі дамыған ортағасырлық немесе қыпшақ хандығымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Алтай мен Дунай аралығын қамтып, Еуразияның кең байтақ даласын мекен еткен қыпшақтар – қазақ және өзге де түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі болып табылады. Олардың құрған хандығы орта ғасырларда Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы аса ірі мемлекеттердің біріне айналды. Ежелден мәлім болған тайпалар одағы мәселесі түрлі тарихи кезеңдердегі зерттеушілердің назарын өзіне аударғаны белгілі. Нәтижесінде қыпшақтардың саяси тарихымен қоса, олардың этникалық құрамы мен көршілес мемлекеттермен арадағы түрлі сипаттағы байланыстарының тарихы ашылды. Дегенмен осы тақырып көлемінде әлі де болса өзектілігін жоймаған мәселелер де жетерлік. Солардың қатарында қыпшақтардың этникалық құрамы мәселесін атап өтуімізге болады. Аталмыш мәселе ұзақ жылдар бойы отандық және орыс, Еуропа зерттеушілерінің зерттеу жұмыстарының негізгі нысаны болып табылды.

Қыпшақ сөзі ұзақ жылдар бойы ұлан-ғайыр территорияның атауы ретінде тұрақты түрде қолданылып келгенімен, этникалық құрамына келгенде қыпшақ атауы топтастырушылық сипатта дамыды. Демек қыпшақ атауы бірнеше тайпалардың басын қосты. Сондықтан қыпшақтардың саяси-әлеуметтік тарихын зерттеушілер екі бағытта қарастыруды ұсынады. Оның бірі – тайпалық одақтар көлеміндегі этникалық тарихы болса, екіншіден – қыпшақтар құрған саяси-әлеуметтік құрылымның құрамына қосылған өзге де территориялар мен тайпалардың этно-саяси тарихы болып табылады [1, 153-154 бб.].

Жалпы осы уақытқа дейін осы тұжырым қолданылып келді: қыпшақ атауы туралы алғашқы мәліметтер Сыма Цянның «Ши цзи» (Тарихи жазбалар) еңбегінде кездеседі. Аталған еңбекте ғұн билеушісі Мөде Шаньюдің цюйше халқын жаулап алғандығы туралы айтылады. А.Н. Бернштамның пікірінше, «цюй-

ше» сөзі ежелгі қытай иероглифі бойынша қыпшақ деп оқылады.

Қазіргі уақытта қыпшақтардың шығу тегін С.Г. Кляшторныйдың негізгі этникалық атауы ежелгі түрік тайпасы сир тайпасымен байланыстырады. Қытай деректерінде Н.Я. Бичурин мен Л.Н. Гумилев көрсетуі бойынша телес тайпалары: сеянтто, хойху, киби, кун, сыгйе, адйе, тунло, байси, байегу, пугу, юаньге, дубо, гулиган, доланге, хун. Қытай деректерінде Телес тайпалары Телек деп берілген. Сондықтан Қытай жылнамаларынан алынған деректерде Телек атауы Теглек немесе Телес деген мағынаны білдіреді. Сеянтто өз әулет есімін Сир деп атады. Арғы аталары Енданы талқандап, олардың еліне үстемдік етті де, осылайша, Сеянтто аталып кетті. Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін Сеянтто қағанатын Елтер династиясынан шыққан билеушілер болды. Олар біртіндеп Енисей қырғыздарын бағындырды. Бұл кезең Алтайдан Хинганға дейінгі және Гобиден Керуленге дейінгі үлкен аймақтың Сеянтто қағанатына қағанатына бағынып, оны осы кеңістіктегі барлық Теле, Түркі және Ұйғыр тайпалары мойындаған кезең еді. 641 жылы Иенчу білге қаған мен қайтыс болған Ел қағанның туыстары арасында қақтығыс басталады. Ол туыстары Қытайға жұмыс істейтіндер еді. Сол үшін Сеянттолықтар Қытаймен де соғысты. 646 жылы ұйғырлар бастаған тоғыз оғыз одағы көтерілісті бастайды. Тан империясымен біріккен олар Сеянттолықтарды талқандайды.

Қайтадан өз үстемдігін орнатуға тырысқан Сеянттолықтарды Қытайлар 668 жылы басып тастайды. Сөйтіп сирлер бұрынғы жаулары түркілермен Тан империясының қол астына қарайды. 679 жылы олар көтеріліс жасап, екі жыл бойы Қытаймен кескілескен шайқастары нәтижесінде 681 жылы Түрік қағанатын қайтадан қалпына келтіреді.

Тонькөк жазуында 726 жылы билеуші тайпа деп сир және түрік тайпасы деп, ал бағынышты тайпаны тоғыз оғыздар деп көрсетеді. Сир тайпасын алты сир тайпалық одақ деп иерархиялық саты бойынша екінші орында, бағынышты тайпа ретінде оғыздар мен эдиздарды көрсетеді.

687-691 ж., 714-715 ж., 723-724 жылдар аралығындағы ұйғырлар көтерілісі Түрік қағанатының жойылуына алып келді. Талқандалған сир тайпалары Толы мен Орхон өзені жағасынан солтүстік Алтай мен Шығыс Тянь –Шаньға қоныс аударады [6, 10-12 бб.]. Олар кейін қыпшақ атауымен тарих сахнасына шыға бастайды. Олар осылай көп қырылғандары үшін, жеңілгендері үшін атауларын өзгертті. Бұл атауды да ұйғырлар кемсітіп қолданған тәрізді.

Қыпшақтардың этникалық құрамы мәселесі – зерттеушілер тарапынан едәуір қарастырылды. Б.Е. Көмеков қыпшақтардың этникалық құрамына қатысты араб тіліндегі деректерді екі үлкен топқа топтастырып, өзінің бірегей тұжырымдарын жасаған болатын. Бұл топтардың ішінде автор Ан-Нувайри мен ибн Халдунды бір топта қарастырып, Ахмед ат-Тини мен Ад-Димашкиді екінші топта қарастыру арқылы қыпшақтардың этникалық құрамы жеті тайпадан тұрған деген мәліметті алған. Олардың қатарында елбөрілі, тоқсоба, йетиоба, дурут, бұржоғлы, қарабөрікті, жерсан тайпаларын атауға болады [3, 118-127 бб.]. Әрине бұл аталған төрт автордың еңбектерінде өзге де тайпаладың атауы көрсетіледі. Олардың қатарында қанғароғлы, анжыоғлы, құлабаоғлы, қотан, баджна, башқұрт және өзге де тайпаларды атауға болады. Алайда көптеген зерттеушілердің пікірінше бұл тайпалар қыпшақ тайпалық одағына кірмеген. Демек араб-парсы авторлары Дешті Қыпшақ жерінде өмір сүрген тайпалардың барлығын қыпшақтардың құрамында қарастырған. Әрине бұл тайпалардың этникалық шығу тегін негізге алатын болсақ қыпшақтарға жақындығын табу қиын. Дешті Қыпшақ территориясын мекен еткен тайпалардың барлығы дерлік қыпшақ болып табылмайтындығы туралы нақты тұжырым жасауға болады. Демек қыпшақтардың саяси әлеуетінің жоғары болуы нәтижесінде өзге де түркі тілдес тайпалардың шығу тегі қыпшақтармен тығыз байланыстырылып, уақыт өте қыпшақ атын өздеріне алған. Сөзсіз қыпшақ тайпалық одағына кіретін тайпалар әртүрлі түркі тілдерінде, тіпті моңғолдық диалект те сөйлеген сыңайлы. Дегенмен моңғол тілінде сөйлейтін тайпалар қыпшақ тайпалық одағында көп кездесе бермеген сыңайлы. Зерттеушілердің жұмыстары арқылы қыпшақтардың тайпалық одағының құрамы негізгі және ұсақ тайпалар ретінде бөліп қарастыруға болады. Негізгі тайпалардың жалпы саны жеті тайпадан тұрса, қосымша тайпалардың саны тоғызға жетсе керек. Бұл тайпалардың әрқайсысы әулеттік, әлеуметтік және саяси беделіне қарай реттеліп отырған. Өйткені қыпшақ хандығында беделі де саяси ұстанымы да жоғары тайпалардың бірі – елбөрілер болған. Түркі қоғамында қасқырдың бейнесі мен оның түркілердің пайла болуындағы рөлі жоғары бағаланғаны белгілі.

Қыпшақ қоғамында елбөрілермен қатар, тоқсоба (тоғыз тайпалы) тайпасының да беделі жоғары саналды. Ертістен Днестерге дейінгі аралықты қамтып жатқан Дешті Қыпшақ дәл осы екі тайпа арасында батыс және шығыс болып бөлінді. Мысалы тоқсоба рулық әулеті Ба-

тыс қыпшақ бірлестігін басқарып тұрса, елбөрілі руының хан әулеті Шығыс қыпшақ хандығын басқарды. Сонымен қатар йетиоба, дурут, әл-арс тайпалары қыпшақ тайпалық одағының белді мүшелеріне айналды.

Қыпшақтардың саяси ұстанымының артуы көршілес өмір сүріп келген өзге де түркі тайпалары қимақ, печенег, оғыз, сонымен қатар иран тілдес тайпаларды өз құрамына қосты. Қыпшақ тайпалық одағының құрамындағы тайпалардың ішінде Х ғасырда Арал маңын мен Каспий жерін мекен етіп келген башқұрттар да айтылады. Жалпы қыпшақ этникалық қауымдастығының қалыптасу үдерісін толық ашып көрсету үшін тайпалық одақ құрамына қимақ (имек, манқұроғлы), оғыз (ұз және тағ), печенег-башқұрт (башқұрт, бажанак, бажа), ас, қуман (куманлу, бұржоғлы (және жортан) тайпалары мен қыпшақ тайпаларының өздері (бөрілі/ елбөрілі, тоқсоба, йетиоба және тортоба) енгендігін атап өту маңызды мәселе болып табылады.

Қыпшақтардың этникалық құрамына қатысты В.Г. Тизенгаузен Ибн әл-Асирдің еңбегіне сүйене отырып төмендегідей тайпалардың тізімін көрсетеді: тоқсоба, йета, бұржоғлы, бұрлы, қаңғуоғлы (қаңғароғлы), анжыоғлы, дурут, қарабароғлы, джузнан, қарабөрікті, котян тайпалары. Сонымен қатар ибн Халдунның еңбегіне сүйене отырып тоқсоба, сета, бұржоғлы, елбөрілі, қанаралы, оғлы, дурут, қалабалы, жерсан, қарабөрікті, құнын тайпаларын қыпшақтардың этникалық құрамына жатқызған [4, 64-65 бб.].

Қыпшақтардың этникалық құрамына кірген тайпалардың ішінде Рашид ад-Дин әсіресе ұран тайпасының беделі жоғары болғандығы туралы мәлімет келтіреді. Өйткені қыпшақ қоғамындағы лауазымды тұлғалардың көпшілігі дәл осы ұран тайпасынан болғандығы туралы да айтылады [5, 27 б.].

Сонымен қатар қыпшақтардың этникалық құрамындағы тайпалардың өзара қарым-қатынасы мәселесіне қатысты ан-Нувайридің келтірген мәліметтерінде басқа да шатастырулар кездеседі. Атап айтқанда ан-Нувайри дурут және тоқсоба тайпалары арасындағы қақтығыстарды сипаттай келе, дурут тайпасын қыпшақ, ал тоқсоба тайпасы моңғолдарға жататындығын жеткізген. Алайда бұл екі тайпа да түркі тілдес тайпалардың қатарына жататындығын орыс зерттеушісі Ю.А. Евстигнеев өзінің еңбегінде жан-жақты қарастырып, талдаған. Оның пікірінше дурут тайпасы батыс, тоқсоба шығыс түркілердің құрамында болып келген және араб авторлары оларды тек татарлардың көршісі болғандықтан

ғана қате мәлімет қалтыруы мүмкін. Автор қос тайпаның да орыс деректерінде тоқсобалықтар деген атаумен белгілі болған деген мәлімет қалдырады. Сонымен қатар зерттеушінің пікірінше, «оба» сөзі моңғолдың ру деген сөзінің мағынасын білдіреді [6, 160-164 б.].

Зерттеуші Г.Е. Грумм-Гржимайло қыпшақ тайпасының шығу тегін және олардың осындай ұлан-ғайыр территорияға иелік ете бастауы мәселесін арнайы көтеріп, өзінің еңбегінде қыпшақтарды сонау қола дәуірінің өзінде-ақ саяси және мәдени ерекшелігі болған тайпалар ретінде сипаттап, андроновшыларды қыпшақтардың арғы бабасы ретінде бағалайды. Ал кейіннен олар Алтай өңіріне қоныс аударып, жергілікті тайпалармен нақтырақ айтқанда қаңлы тайпаларымен араласып кеткен. Осылайша автор қыпшақтар уақыт өте келе орыс деректеріндегі «половшылар», венгр хроникаларындағы «кумандар» атауымен таныла бастаған деген мәлімет қалдырады [7, 57-59 бб.]. Әрине автордың бұл пікірі өзге де осы мәселе төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізген автордың еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Мысалы П.В. Голубовский қыпшақтардың оғыздардан гөрі қаңлы тайпаларымен тығыз байланыста болғандығы туралы пікір білдірген болатын. Тіпті автор қыпшақтар мен қаңлыларды бір тайпа болған деген нақты тұжырым жасаған. Ол турасында: «Қыпшақтар мен қаңлы тайпалары өзара бөлінгенге дейін бір тайпаны құраған. Тек уақыт өте келе ғана бұл түркі тайпалары өзара печенег-қаңлы, түркілер, оның ішінде оғыз тайпалары және қыпшақ-кумандар болып бөлінген. Осы себептен ғана қыпшақтар оғыздармен жақындығы болған. Сондықтан қыпшақтар ежелде оғыз болуы мүмкін, ал оғыздар ешқашан қыпшақ болмаған деген» пікір білдіреді [8, 146 бб.]. П.В. Васильев өзінің «История и древности восточной части Средней Азии от X до XIII века, с приложением перевода китайских известий о Киданиях Джурджитах и Монголо-татарах» атты жұмысында жоғарыда аталған пікірді қолдайды. Автор қыпшақтардың қаңлы тайпалармен ұқсас әрі бір тайпа болғандығы туралы тұжырым жасаған [9, 124 б.]. Алайда С.Г. Кляшторныйдың пікірінше қыпшақтардың Сырдария мен Арал маңын жаулап алуы «қаңлы» этнонимінің қайта пайда болуына әкелген. Өйткені қыпшақ тайпа көсемдері Сыр бойында өмір сүрген қаңлы тайпасын өздерінің генеологиялық түп тамыры ретінде пайдалануды көздегені туралы мәлімет береді. Алайда П.В. Голубовский мен П.В. Васильевтің пікірлерінен кейін қыпшақтардың шығу тегінде оғыздармен тығыз

байланыстылығы мәселесі тарихнамада түпкілікті қарастырылмады десек қате болар. Өйткені өз кезегінде Н.А. Аристов қыпшақтардың этногенезінде оғыздардың алар орны ерекше болғандығын көрсеткен болатын [10, 272 б.]. Біздің пікірімізше бұл ретте Г.Е. Грумм-Гржимайлоның пікіріне келісуге болады. Өйткені оғыздар мен қыпшақтардың шығу тегі және алғашқы мекен ете бастаған аймақтарында өзіндік ерекшеліктер бар. Дегенмен қыпшақтар өз кезегінде оғыз тайпалық одағына да кірген сыңайлы. Жалпы оғыздар мен қыпшақтар арасындағы этно-саяси байланыстар оғыз тайпаларының Орталық Азия территориясында шешуші күшке ие болып тұрған кезеңмен тұспа-тұс келеді. Оған дәлел Оғыз хан туралы аңыз бойынша оның ұлы Қыпшақ Оғыз ханның әскери басшыларының бірі болған. Ал Рашид ад-Диннің мәліметіне сай қыпшақтар белгілі бір кезең аралығында оғыздың 24 тайпалық одағына кіріп, тығыз араласып кеткен [2, 60 б.]. Біздің пікірімізше уақыт өте тайпа басшыларының шешімімен қыпшақтар Алтай және Қазақстанның далалы аймақтарына қоныс аудара бастаған. Демек қыпшақтар мен оғыз тайпалары арасында ежелден қалыптасқан этникалық байланыстар болғанымен, бұл тайпалардың шығу тегінде өзіндік ерекшеліктер бар.

Қыпшақтардың қаңлы тайпаларымен арадағы байланысы мәселесінде В.В. Бартольд та өзіндік тұжырым жасап, қыпшақтарды қаңлы тайпаларынан бөліп қарастыруды ұсынған болатын. Дегенмен автордың пікірінше, XII-XIII ғасырлардағы мұсылман деректерінде «қаңлы» және «қыпшақ» сөздері бір мағынада қолданылғандығы туралы ақпарат береді [11, 272 б.]. Сонымен қатар В.В. Бартольдтың қыпшақтардың этникалық құрамы турасындағы тұжырымдарында сай қыпшақ, қимақ, кумандар мен ловшылардың шығу тегіндегі ортақтық мәселесі көтеріледі және автор түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының этногенезінде жетекші роль атқарғандығы туралы нақты тұжырым жасайды. Біздің пікірімізше бұл алдымен қыпшақтардың көршілес түркі тайпалары мен өзге де этникалық топтармен тығыз қарым-қатынас орнатуында деп білеміз. Әрине қыпшақтармен тығыз байланыс орната алған түркі тайпалары күнделікті өмірі мен салты-дәстүріне қыпшақтық элементтерді де қабылдай бастаған. Сондықтан болар ортағасырлық авторлар уақыт өте

осы тайпаларды да қыпшақтар қатарына қосып қарастырған. Зерттеу жұмыстарына мән берсек, XI ғасырдың бірінші жартысынан бастап моңғол шапқыншылығына дейінгі аралықта қыпшақтардың этникалық құрамы қалыптасудың жаңа сатысына көтерілген. Мұндай сапалық ерекшелік алдымен қыпшақ хандарының Еуразия даласындағы саяси ұстанымы және беделінің артуымен тығыз байланысты. Өйткені XI ғасырдың басында Қимақ қағанаты тарағаннан кейін, кимек, қыпшақ және куман тайпаларының бұрын жайлаған жерлеріне де әскери-саяси жетекшілік қыпшақ хандарының қолына көшкен болатын. XII ғасырда қыпшақ тайпалары Алтайда, Ертістің жоғарғы жағында наймандар, қаңлылар, керейттермен шектессе, солтүстікте қырғыздар және хакастармен көрші болған.

Осылайша бірнеше ғасыр шеңберінде, өздерінің құдіретті хандығын құру жолында қыпшақтар Еуразия даласын мекен еткен бірнеше түркі әрі көршілес тайпалармен белсенді этно-саяси қарым-қатынастар орната алды. Қыпшақтардың үлкен саяси күшке ие болу нәтижесінде бұл қарым-қатынастар барысында қыпшақтық белгілер үстем болып, тек өмір сүру ерекшелігі ғана емес, тіпті тайпалар қыпшақ тайпалық одағына кіру арқылы өздерінің тарихи атауларын жоғалта бастады. Байқағанымыздай қыпшақ тайпалық одағының құрамы ұзақ әрі күрделі жағдайда қалыптасты. Әрине бұл үдеріс қыпшақ тайпалық одағының этникалық құрамын күрделендіре түскен болатын. Тайпалық одақ құрамына түрлі этникалық топтардың мүше болғанымен, олардың біріктіруші де факторлар өте көп болды. Олардың қатарында ортақ түркі тілі мен ортақ мәдени құндылықтарды атап өтуімізге болады. Дегенмен түрлі этникалық топтардың бір тайпалық одақтың құрамында бірлікте өмір сүруі де қиын мәселе. Тіпті мұндай тайпалар арасындағы алауыздық моңғол шапқыншылығы қарсаңында күшейе түскен. Сөзсіз моңғол шапқыншылығы қарсаңында Орта Азия жеріндегі ірі мемлекеттік құрылымның ішіндегі шиеленісті этникалық қарым-қатынастар түрлі саяси күштерге оң ықпал етті. Нақтырақ айтқанда моңғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы әрекеттерінің лайықты қарсылық көрмеуіне де қыпшақ тайпалық одағындағы этникалық үдерістері барысындағы қарама-қайшылық себеп болса керек.

Әдебиеттер

- 1 Абдимомынов Н.Т. Кипчакский фактор в истории Золотой Орды и Египта // Вопросы истории. – 2011. – 252 с.
- 2 Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических надписях // Turcologica. К 80-летию академика А.Н. Кононова. Л., 1986. – 212 с.
- 3 Көмеков Б.Е. Об этническом составе кипчаков IX – нач. XIII вв. по арабским источникам // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. Выпуск 2. История и археология. – М., 1990. – 367 с.
- 4 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные Г. Тизенгаузен // Подготовка к новому изд. введ. доп. и коммент. Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 711 с.
- 5 Омарбеков, Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық –б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 330 б.
- 6 Фазлулла Рашид ад-Дин. Джами ат-Таварих. – Баку, 2011. – 540 с.
- 7 Евстигнеев Ю.А. Кипчаки / половцы / куманы и их потомки (к проблеме этнической преемственности). СПб., 2011.
- 8 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т 3. Выпуск первый. – Ленинград, 1926. – 423 с.
- 9 Голубовский П.В. Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар // Университетские известия. – 1884. – №1. – 184 с.
- 10 Васильев П.В. История и древности восточной части Средней Азии от X до XIII века, с приложением перевода китайских известий о Киданиях Джурджитах и Монголо-татарах // Труды Восточного отдела Имп. Русского археологического общества. – СПб., 1859. Ч 4. – 235 с.
- 11 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахов. – Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. – 372 с.
- 12 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. – Алматы, 2006.
- 13 Зәкенұлы Т. Біріккен түрік қағанаты және ұйғыр этнонимы. – Алматы, 2004.
- 14 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб., 2004. – 247 с.

References

- 1 Abdimomynov N.T. Kipchakskij faktor v istorii Zolotoj Ordy i Egipta // Voprosy istorii. – 2011. – 252 s.
- 2 Kljashpornyj S.G. Kipchaki v runicheskikh nadpisjah // Turcologica. K 80-letiju akademika A.N. Kononova. L., 1986. – 212 s.
- 3 Kөmekov B.E. Ob jetnicheskom sostave kipchakov IX – nach. XIII vv. po arabskim istochnikam // Problemy jetnogeneza i jetnicheskoy istorii narodov Srednej Azii i Kazahstana. Vypusk 2. Istoriya i arheologija. – M., 1990. – 367 s.
- 4 Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. – T 1. Izvlechenija iz arabskih sochinenij, sobrannye G. Tizen-gauzenom // Podgotovka k novomu izd. vved. dop. i komment. B.E. Kumekova, A.K. Muminova. Almaty: Dajk-Press, 2005. – 711 s.
- 5 Omarbekov, T. Қазақ түркілерінің jetnikalyқ tarihy (b.z.b. I mynzhyldyқ –b.z. IX fasyry): оқу құралы. – Almaty: Қазақ universiteti, 2013. – 330 b.
- 6 Fazlullah Rashid ad-Din. Dzhami at-Tavarih. – Baku, 2011. – 540 s.
- 7 Evstigneev Ju.A. Kipchaki / polovcy / kumany i ih potomki (k probleme jetnicheskoy preemtsvennosti). SPb., 2011.
- 8 Grumm-Grzhimajlo G.E. Zapadnaja Mongolija i Urjanhajskij kraj. T 3. Vypusk pervyj. – Leningrad, 1926. – 423 s.
- 9 Golubovskij P.V. Pechenegi, tjurki i polovcy do nashestvija tatar // Universitetskie izvestija. – 1884. – №1. – 184 s.
- 10 Vasil’ev P.V. Istoriya i drevnosti vostochnoj chasti Srednej Azii ot H do HIII veka, s prilozheniem perevoda kitajskih izvestij o Kidanijah Dzhurdzhitah i Mongolo-tatarah // Trudy Vostochnogo otdela Imp. Russkogo arheologicheskogo obshhestva. – SPb., 1859. Ch 4. – 235 s.
- 11 Aristov N.A. Zametki ob jetnicheskom sostave tjurkskih plemen i narodnostej i svedenija ob ih chislenosti // Aristov N.A. Jetnogenez i jetnicheskaja istorija kazahov. – Pavlodar: TOO «JeKO», 2005. – 372 s.
- 12 Kytaj zhylnamalaryndaғы қазақ тарихунң деректері. – Almaty, 2006.
- 13 Zәkenұly T. Birikken tyrik қағанаты zhәне ұjryr jetnonimy. – Almaty, 2004.
- 14 Kljashpornyj S.G., Sultanov T.I. Gosudarstvo i narody evrazijskih stepej. Drevnost’ i srednevekov’e. – SPb., 2004. – 247 s.

Құлшарова Х.Қ.
**Моңғол империясының
әскери жоспарлауы
және жеңісті жорықтары**

Бұл мақалада Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғыс ханның әскери жоспарлауы мен жеңіске жеткізген қанды жорықтары туралы айтылады. Шыңғыс хан өзінің жорықтарымен бүкіл әлем тарихына, мәдениетіне, даму үрдісіне әсер етті. Соның ішінде, Қазақстан мен Орта Азия жеріндегі халықтардың өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ол өзінің жаулап алу жорықтары арқылы Қазақстан жеріндегі тайпалардың құрамын өзгертті. Жаулап алған жерлердегі бұрынғы қалыптасқан мемлекеттердің орнына жаңа мемлекеттер, ұлыстар пайда болды. Бытыраңқы қазақ тайпаларын біртұтас мемлекетке шоғырландырып, қазақтың халық болып қалыптасуына алғы шарттар жасады. Мақалада Шыңғыс хан армиясының өсіп жетілуі бес кезеңге бөліп қарастырылады және соғысқа шығар алдындағы әскери жоспарлаулары, әскерді бөліктерге бөліп қалай басқарғандығы, әскерлерінің атаулары, соғысу тактикасы туралы айтылады. Сондай-ақ, мақалада Моңғол империясы құрылғаннан бастап әлемнің шет-шетіне жасаған жорықтары айтылады. Олар: Сібір мен Шығыс Түркістанға, Цзинь мемлекетіне жорығы, Бейжінді алғаны, Солтүстік Қытай түгел Шыңғыс ханның билігіне көшкендігі, Корея патшалығы Шыңғыс хан әскерлеріне тізе бүккендігі және Шыңғыс хан әскерлерінің Жетісуды, Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алғандығы туралы айтылады.

Түйін сөз: империя, әскер, жорық, тактика, дипломатия, хан, қару-жарак.

Kulsharova K.K.
**Military tactics and victorious
procession of the Mongolian
empire**

In this article Chinghiz khan, about the founder of the great Mongolian empire will be told about military tactics and victories. Chinghiz khan the bloody campaigns promoted development, thereby having changed world history and culture. Especially it promoted change of a way of life of the Average and Asian people, in particular to inhabitants of the territory of Kazakhstan. The campaigns it changed structure of the tribes living in the territory of Kazakhstan. Instead of the states won by Genghis Khan there were new states, tribes. He created conditions in order that small tribes joined other tribes, thereby having created the whole state. In this article it will be said that creation and development of army Chinghiz khan will consist of 5 periods both about tactics, and how it operated the army. And having read article we can learn in more detail about creation of the great Mongolian empire and about campaigns worldwide. For example: a campaign to Siberia and to East Turkestan, war with the Tsinsky empire, both a capture of Beijing, and full submission of northern China and submission of the Korean state and Chingizkhan's campaign on the territory of Kazakhstan.

Key words: empire, army, campaign, tactics, diplomacy, khan, weapon.

Құлшарова Х.Қ.
**Военная тактика и победное
шествие Монгольской империи**

В этой статье говорится о военной тактике и победах Чингиз хана, основателя великой Монгольской империи. Чингиз хан своими кровавыми походами способствовал развитию мировой истории и культуры. Особенно он поспособствовал изменению образа жизни Средне-Азиатских народов, в особенности жителям территории Казахстана. Своими походами он изменил структуру племен, проживающих на территории Казахстана. Вместо государств, завоеванных Чингисханом, появились новые государства, племена. Он создал условия, чтобы маленькие племена присоединились к другим племенам, тем самым создав целое государство. В этой статье будет говориться о том, что создание и развитие войска Чингиз хана будет состоять из 5 периодов, о тактике, и о том, как он управлял своим войском. И прочитав статью, мы можем подробнее узнать о создании великой Монгольской империи и о походах по всему миру. К примеру: поход на Сибирь и на Восточный Туркестан, война с Циньской империей и взятие Пекина, и полное подчинение северного Китая и подчинение Корейского государства и поход Чингизхана на территорию Казахстана.

Ключевые слова: империя, армия, поход, тактика, дипломатия, хан, оружие.

**МОҢҒОЛ
ИМПЕРИЯСЫНЫҢ
ӘСКЕРИ ЖОСПАРЛАУЫ
ЖӘНЕ ЖЕҢІСТІ
ЖОРЫҚТАРЫ**

XIII ғасырда моңғол әскерінде «қаруланған халық» пен «шекаралық» әскери ұйымдардың болғанын білеміз.

Халық пен әскери ұйымдардағы параллелдік шекаралық жүйенің арқасында соңғы моңғол дәстүрі бойынша айтарлықтай көлемді ұйымдасқан әскери бөлімшелер үш бөлікке бөлінді, негізгісі: 1 – орталық (Кель) – Шыңғыс ханның билігінің тұсында Қая қойылды; 2 – сол қанат немесе сол қол (шығыс бөлігі) – Мұқалдың басшылығымен зюнгар; 3 – оң қол немесе оң қанат (батыс бөлігі – барун гар), Богурчиге тапсырылған билік. Шыңғыс хан оны бұл жауапты қызметке тағайындай отырып, былай: «Жасаған тоғыз қылмысыңнан сені босатамын және батыс бөлікті биік шыңдарға жеткіз, – дейді. Мұқалға да жинақтың сол қолы бол», – және Қарауын шыңына шейін Оңтүстік бөлікті басқар, – дейді. – Осы тұстағы «жинақ» сөзі тура мағынасында емес, бірдей мағынаға ие «түнектің басшысы», яғни әр қанатта болатын он мыңдық әскерден тұратын корпустың басшысы дегенге ие. Негізінен жинақ сөзі осы тұста «шен» деген мағынада қолданылады, заманауи әскерлерде «дивизиялық командир» тек дивизияны басқарып қоймай, сонымен қатар, корпусты, тіпті әскерді де басқарып отырған [1, 96 б.].

Әлемді дүрсілкіндірген Шыңғыс қаған армиясының өсіп жетілуін бес кезеңге бөліп қараса болғандай. Бірінші кезең. Тэмужин 16 жасында (1178 ж.) өз бетімен алғаш атқа қонып, жау айдап кеткен сегіз сары құла жылқысының соңына түсіп келе жатып жол жөнекей келешек ұлы қолбасшыларының бірі Богорчоны кездестіріп екеуі Тэмужиннің жылқысын жау қолынан құтқарған оқиғадан басталып, 1182 жылы Хамаг Моңғол ұлысының әскери жүйесін қайта құра бастағанға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде Тэмужиннің қарулы тобы тек оның інілері (Хасар, Белгудей) және анда-достары Боғорчы, зелме қатарлы санаулы адамдардан құралды. 1178 жылы Тэмужин ауылы Бургге қабағында отырғанда үш жүз Меркіт жасағы Тэмужин ауылын шауып Тэмужиннің жаңа түскен жас жары Бөрте, Белгудейдің анасы Сәжігүлді қолға түсіргенде Тэмужиннің төңірегінде тек жоғарыдағы санаулы адамдар ғана болғандықтан меркіттерге қарсылық көрсете алмады. Есукей батыр өлгеннен кейін Боданшар әулетінен ру-ру, ауыл-ауылы мен ыдырап Тэмужиннің маңайында Хабул хан әулетінен – санаулы ғана жұрт

қалған еді. Тэмужин 1179 жылы Керейттің Тоғорыл ханы, Жажирдайлық Жамухамен бірлесіп Меркіттерге қарсы аттанғанда Тоғорылдың өзі бас болып Тэмужиннің қарамағындағы жұрттан бір түмен қол әзер жинады. Бірақ бастауы ауыр болса да үштік одағы меркіттерді жеңуі Тэмужиннің қабырғасын қатайтып өзіндік әскери тобын жасақтауға мүмкіндік алды. Осы мүмкіндікке сүйене отырып Тэмужин 1181 жылы Жамухадан бөліне көшті. Бұл көшу Тэмужин өз алдына ел болып Хамаг моңғолдың шаңырағын қайта көтеруінің бастамасы болды. Нәтижесінде нирун моңғол тайпалары Тэмужин төңірегінде топтасып Хамаг моңғол ұлысының шаңырағын қайта көтеріп Тэмужин хан сайланды [2, 255-256 б.].

Екінші кезең осы оқиғадан бастап 1204 жылы көктемде найман жорығына аттанғанға дейінгі уақытты қамтиды. Тэмужин Хамаг моңғолға хан сайланып «Боғорчының ұлы Үгэлэн черби, Хачиун-Тоқырауын және ағалы інілі Жетей, Доголху төртеуіне қорамсақ, садақ асындырған оқиғасынан моңғол мемлекетінің ресми армиясының негізі қаланды деп қарауға болады. Архай Хасар, Тақар, Сүкекей, Чауырхан төртеуіне елінің шекарасын күзету міндеті жүктелді. Әрине бұларды тек төрт адам деңгейінде қарауға болмайды, олар тек топ басындағылар. Бірақ аталған кезеңде Тэмужиннің қарулы қолы ру-тайпалық деңгейден аса алмады. 1190 жылы Жамуха мен Тэмужин арасында болған Даланбалжуд (Он үш хурен) шайқасы, 1201 жылы Татарлармен болған алғашқы шайқас, Журкендермен болған қақтығыс, Хүйтэн шайқасы, 1203 жылы Керент және Моңғол аралық Мәуелі биік, Халзан Элээт шайқасы барлығы да ру-тайпалық, хурендік жүйеде өтті. Егер Даланбалжудтағы шегініс, Хүйтэн шайқасындағы қиянкестікті айтпағанда аталған шайқастарда Тэмужин жеңіске жетті. Ал Найман хандығы мен айқасатын күн туғанда Тэмужин іргелі елге қарсы бұрынғы хурендік жүйемен аттану жеткіліксіз екендігін түсінді. Сөйтіп ол Найман жорығы алдында әскери жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізді. Осымен Тэмужин армиясы өсіп өркендеуінің үшінші кезеңі басталды. Бұл кезең Тэмужин бастаған моңғол әскерлерінің басқару жүйесінде жүргізген түбегейлі реформациямен айшықталды. Тэмужин Найман жорығына аттанар алдында бұрынғы рулық «хурен» жүйесінен бас тартып өзінің әскери стратегиясында алғаш рет ондық, жүздік, мыңдық жүйесін енгізді. Ішкі әскерінің (кешиктен) құрылымына сексен хэвтүүл (жатақ немесе түнгі күзет), жетпіс Торгут (күндізгі күзет) жүйесін енгізіп олардың әрқайсысының

басшылары, мыңбасылары және нұсқаушы алты Черби (бас офицер немесе ноян) тағайындады. Үздік мың батырлар тобын жасақтап оны басқаруды інісі Хасарға тапсырды. Жортуыл тәртібіне төтенше мән берілді. Жортуыл ережесі бойынша «үш түн жортып үш күн ат арқасын суытып тыныс алатын болды». Бұл мыңдаған жылдық тарихы бар көшпенділердің әскери жүйесіндегі моңғолдық бет-бейнесі бар әскери реформа еді. Осындай түбегейлі реформацияның арқасында жаңадан бас көтеріп келе жатқан моңғолдар наймандарды жеңеді. Бұл жеңіс моңғолдардың және бір қадам алға ұмтылуына жәрдем болды. Ендігі жерде моңғол үстіртінде іс жүзінде Тэмужин бастаған моңғолдарға тең келетін күш қалмай барлығын моңғол туының астында бас қосуға мәжбүр етті [2, 256-257 б.].

1206 жылы Моңғол мемлекетінің құрылуы қаһарлы моңғол армиясын құрудың аса маңызды төртінші кезеңі болды.

Моңғолдың атты әскері ауыр жеңіл атты әскер деп екіге бөлінеді. Ж.Саундерестің суреттеуі бойынша ауыр атты әскерлер тобы сауыт, дулыға киіп қылыш, семсермен қаруланады. Ал жеңіл атты әскер сауыт, дулыға кимейді, садақ асынып жеңіл найза ұстайды. Ежелгі түркілер сияқты моңғол әскерлері де ер қаруы – бес қаруын: (Садақ, ысқырма жебе, сауыт, найза, қылыш, семсер) асынады. Садақ жебе көшпенділердің ең сенімді қаруы болды. Моңғол армиясы осы қарулардың өзімен-ақ орман жұрты, ұйғыр және қарлұқтарды бағындырды. Си Ся еліне қарсы төрт дүркін шабуыл жасап жеңіске жетті. 1211-1217 жылдар аралығында Алтын мемлекетін үш дүркін шапты. Бірақ бұл шабуылдарды бірден жеңіске жетті деп айту қиын. Ат үстінде жүріп дала соғысында жатыққан моңғолдар үшін қаланың қорғаныс, бекіністерін алу оңайға түскен жоқ. Шығыс Цзин жорығы моңғолдарға үлкен сабақ болды. Бұл жолғы жорық Шыңғыс хан армиясы үшін және бір реформаны талап етті. Осыған байланысты Моңғол армиясының кемелденуінің соңғы бесінші кезеңі басталды. Аталмыш кезең моңғол армиясы қала қамалдарды алу әдіс айласымен қоса отты қару игеруімен ерекшеленді.

1211 жылы сол кездегі Цзин мемлекетінің орталығы Жунду қаласының Лиу жегли қамалын шабуылдау кезінде моңғолдың көп сарбазы қамал ішінен атылған ұлы мылтықтың (пушка) оғынан қаза болды. 1212 жылы Цзин елінің Си Жиң қаласына шабуыл жасап қаланы ала алмай қағанның өзі жарақат алып шегінуге мәжбүр болды. Сол кезде Шыңғыс хан өзіне қызмет етіп жүрген шүршіт қолбасшысы Самухадан өз әскерінің мұндағы сәтсіздігінің себебін сұраған.

Сонда Самуха «Мәртебелі батыр қаған сіз сұрадыңыз, мен айтайын алдын ала отты мылтықпен атқыламай қаланы шабуыл мен алу мүмкін емес» деген. Шыңғыс қаған дереу қол астына 500 сарбаз беріп Самуханың басшылығында отты қаруы бар әскери тобын жасқтайды. Нәтижесінде Мұқылай бастаған топ отты қарудың көмегімен Шандунның Эй Ду қаласын басып алған оқиғадан кейін моңғол әскері Цзин қалаларын бірінен соң бірін ала бастады. Бұл моңғолдың инженерлік әскери тобын құрудың бастамасы болды. Шыңғыс хан армиясы 1216 жылы Цзин жорығынан еліне оралғанда отты қару емес, қамал бұзатын механикалық техника, үрлеген тұлып жасап дариадан өтетін амал, мина, ысқырық жебелер, тіптен биологиялық қарудың түрлерін игеріп қайтты [2, 257-259 б.].

1211 жылдың көктемінде моңғол әскері Керулен өзенінің тұсындағы өзінің құрама пунктімен жорыққа аттанады; Ұлы Қытай еліне жету үшін 750 шақырымды артқа тастау қажет болды. Азық-түлік үшін әскердің соңынан көптеген табындар қуып отырды.

Жорықта Шыңғыс ханды төрт ұлы қорғап жүрді, олар: Жошы, Шағатай, Үгедей мен Төле. Алғашқы үш ұлы әскерде командалық қызметтерге ие болды, ал кіші ұлы әкесінің көзі тірісінде таққа отырып, 100.000 адамнан құралған үздік моңғол әскерін әскери орталықта басқарып отырды.

Өте үлкен жылдамдықпен бірнеше айдың ішінде Цзин әскерінің қарсылығына тоқтатып, ондаған бекініс қалаларымен қоса үлкен территория жауланып алынды. Бұндай жетістікке жету үлкен таң қалысты тудырады. Моңғол қағанының ойымен әбден таныс болып қалған цзиндықтар 1211 жылдың көктемінде қарсы тұруға дайын болып үлгерді. Алайда, бірнеше айлардан соң олардың бар үміті мемлекеттің оңтүстік облыстарындағы жаңа күштерді құруға бағытталып, Енкин қабырғасының беріктігінде орнатылды.

Негізінде, Шыңғыс хан бұндай бекіністі өзінің ескі қару-жарақтарының көмегімен алатынына қарсыластың рухы төмендегенше сенбеді. 1211 жылы үлкен тәуеклге бара отырып, Ұлы дуалға өз әскерін қайта апарды.

1212 жылы Орталық астанаға басты күштермен орнықты. Шындыққа тура қарайтын болсақ, қызықтыру үшін жәрдемдесу мақсатында жаудың далалық әскерін бөліктерге бөліп соққылауды ойлады. Есебі жүзеге асып, цзин әскері Шыңғыс ханның әскеріне қарсы тұра алмады. Бірнеше айлардан соң, Сары өзеннің төменгі ағысынан бастап солтүстікке дейінгі жерлері-

нің көбі Шыңғыс ханның иелігіне өтті. Алайда Енкин және ондаған берік орнаған қалалар моңғолдар жойқын соғысқа дайын болмағандықтан өмір сүруін тоқтатпады. Онша қатты бекімеген қалалар ашық түрде орнаған күшпен, немесе алуан түрлі қулықпен алынды, мысал келтіре кететін болсақ: арбалы керуендерінің бөліктерін мүліктерімен сол жерге тастай кете отырып, гарнизонды қызықтыру мақсатында алаңға шығарып және қорғану әрекетін әлсірету үшін жасанды қашу әрекеттерін ұйымдастырып отырған; егер бұл айла жүзеге асып отырса, қорғанысынан айырылған бекіністер мен қалалар тосыннан келетін шабуылдарға душар болуы мүмкін еді. Осы әдіс-тәсіл арқылы Жебе ляодун князіне қарсы тұрған цзин әскерінің тылында Ляо-ян қаласын жаулап алды. Басқа қалалар террорлық және қорқыту әрекеттерімен берілуіне ықпал етті.

1212 жылдың күзінде Енкин қабырғасының тұсындағы бір күресте Шыңғыс хан жараланып қалады. Әскер астананы қоршаудан алып және қайта Ұлы дуалға бұрылып жіберілді. Осындай қажыған атты әскердің құрамы үшін кампаниядағы үзілістерден қашу мүмкін емес еді. Осындай тұстарда анығында басқа да көршілес мемлекеттерді қорқытып ұстау мақсатында кейбір рөлдерде саяси жағдайлар ойнатылды.

1214 жылдың көктемінде үш моңғол әскерлері цзин асуларына қайта шабуыл жасайды. Бұл жолы олар алдағы тәжірибелеріне сүйене отырып, басқа жүйе бойынша әрекет етеді. Жорық барысында моңғолдар халықты ығыстырып, содан соң бекіністегі бұхара халықты қуалап отырды. Көбіне осындай әрекеттерді цзиндықтар қабылдамай, бірден беріле салып отырған. Моңғолдардың мемлекетті толығымен жаулап алып, таққа өз жауынгерлерін отырғызғысы келгенін, жойқын соғыс түрлерін жүргізгенін көріп көптеген цзиндік әскербасылар ғана емес сонымен қатар журжандар да өз отрядтарымен бірге беріліп отырды. 1214 ж. Шыңғыс ханның әскерінің кампаниясы жаңа өте күшті жауды кездестірді. Жау отрядты әлсіретіп қоймай, жылқыларды да әбден титықтатты. Алайда, олар Енкин лагерінде тұрған әлсіреген моңғол әскерін талқандай алмайды, – деп өздерін сендіріп отырған. Император Шыңғыс ханға үлкен төлем мен император үйінің ханшайымын беру жөніндегі ұсынысын білдіреді. Ұсынысты қабыл етіп, моңғол әскерлері үлкен байлыққа ие болып, туған өлкелеріне қайтқан.

Ол қалың түскен қарға қарамастан өзінің күшті отрядтарының бірін оңтүстікке Алтан ханға, қалғандарын солтүстіктегі жағдайды қайта жаңғыртуға жіберіп отырған. Басты күштер Ұлы

дуалдың қыстақтарының маңында отрядтардың дайындығын қолдау мақсатында орналасады.

Орхон отрядтарының басшылығына қойылған талаптар ойдағыдай орындалғандықтан оларға қолдаушылық көрсетудің қажеттілігі де тумады. Сүбедей Солтүстіктегі жағдайды жақсартып қана қоймай, өзінің шабуылдарымен Корей мемлекетін де жаулап алады. Мұқалы мен Ляодиндік князь Минга алаңда жауын жеңіп, Енкинге өтеді. Бұл үш кампанияның шабуыл жасауға батылы жетпей, тіпті моңғолдың атты әскерлерінің күші жетпеген өте берік бекініс Мұқалыға беріледі. Бұл 1215 жылдың жазында болған жағдай.

Шыңғыс хан мен оның әскерлерінің бес жылға жуық кеткен еңбегіне қарамастан, Солтүстік Қытайды толығымен бағындыра алмады. Бұл тапсырма Мұқалы – Гованның тұсында да, 1227 жылға дейін де, яғни Шыңғыс хан өмірден өткенше де орындалмады.

Орталық Азия аумағындағы билік үшін күрес барысында Шыңғыс хан қуатты керейіт ұлысының билеушісі Ван-ханмен одақтастық қатынастар орнатты. 1185 ж. керейіттердің Ван-ханы, Шыңғысхан, моңғолдардың жажрат тайпасынан шыққан Жамұқа әскерлерімен аттанып, Селенга өзені бойында көшіп жүретін меркіт ұлысын талқандады. Бұл жеңіс Шыңғыс ханды күшейтіп, оны билік жолындағы бақталас басқа да қолбасшылармен бір қатарға қойды. Көптеген тайпалар, барластар және басқалары Шыңғыс ханға қосылды.

Шыңғыс хан өзінің қамқоршысы Ван-ханға әскери көмек көрсетті. 1194 жылы Ван-ханның інісі Эрхэ Хара наймандардың әскери көмегін пайдаланып, өз ұлысынан қуып жіберген еді. Ол 1196 жылға дейін таңғұттар (СиСя) елінде және ұйғырлар мен қарақытайлар иеліктерінде қашып жүрген. Шыңғысханның көмегімен қайтып келіп, керейіттер ұлысында билікті өз қолына алды. 1198 жылы Шыңғысхан Ван-ханмен және чжур-чжендердің Цзянь мемлекетімен одақтасып, татар ұлысына қарсы жорық жасады да, оны күйрете жеңіліске ұшыратты. Осы жорықтан қайтып оралғаннан кейін Шыңғысхан татарларға қарсы жорыққа қатысуға бас тартқаны үшін Кеулен өзеніндегі жуншен тайпасын тауып, оны қирата жеңіп қолбасшыларын қатал жазалады [3, 440 б.]

Көп кешікпей найман ханы Инанч-Білге өлгеннен кейін, оның екі ұлы Даян хан мен Бұйрықханның арасындағы өзара қырқысты пайдаланып қалмақшы болған Шыңғысхан мен Ван-хан 1199 жылы Бұйрыққа қарсы жорыққа шықты. Әскер жинап үлгермеген Бұйрық хан Алтайдан аса шегініп, сонда жеңіліс тапты. Сол

екі арада, Бұйрық ханмен араздығына қарамастан, Даян хан Шыңғысханға қарсы әскер жіберді. Керейіттер мен моңғолдардың біріккен күштері наймандарды бұл жолы да тас талқан етті.

1200 жылы Шыңғысхан мен Ван-хан меркіттердің әскерін ойсырата жеңді. 1201 жылы Жамұқа Шыңғысханның моңғолдары мен Ван-ханның керейіттеріне қарсы наймандар, меркіттер, татарлар, ойраттар, жажраттар және басқа да тайпалардан қуатты қол жасады. Осы қолды жеңу Шыңғысханды көшпелі ақсүйектердің өзара бақталас өкілдерінің ішіндегі ең құдіреттісіне айналдырды. 1202 жылы Шыңғысхан татар ұлысын біржолата талқандады. Сол жылы наймандар Шыңғысханға бірлесіп қарсы шығу жөнінде Алахуш-Дигит Хуриге ұсыныс жасады. Бірақ оңғыттардың билеушісі наймандармен ежелгі байланыстарына қарамастан бас тартып, шабуыл жасағалы жатқанын Шыңғысханға хабарлап қояды. «Юань-ши» бұл жөнінде былай деп көрсетеді: «Даян-кэхань (қаған) бір-бірімен туыстасу үшін және Шофанды (солтүстік жақты, яғни Моңғолияны) басып алу мақсатымен Алахуш-дигит Хуриге елші жібереді. Оңғыттар арасындағы мұны жақтайтындар бар еді. Бірақ Хури елшіні ұстап алды. Ол құрметпен Шыңғысханға алты көзе шарап жіберіп, бұл туралы хабарлады. Елші қайтп келгеннен кейін Хури 500 жылқы мен мың қойды сыйға тартып, Даян ханға бірлесіп қарсы шабуыл жасауға уағдаласты».

Шыңғыс хан уақыт өткізбей, 1204 жылы көктемінде 45 мың атты әскерді бастап наймандарға жорыққа аттанды. Найман ханының қоластында шамамен 50-55 мың адам бар еді. Наймандар армиясынан саны кем болса да, моңғолдар одан ұйымшылдығымен және жауынгершілік тәжірибесімен басым түсті. Даян хан шайқасқа шыққысы келмей, Алтай асып кетпекші болды. Бірақ ұлы Күшліктің талап етуіменшайқастың болып ұйғарылды. Сөйтіп, наймандардың әскерлері Орхон өзенінен өтіп Нагу тауларының шығыс беткейіне тоқтады. Шайқасты моңғолдар бастады. Олардың алдыңғы шептері наймандарды тауға қарай ығыстырды, ал кешке қарай моңғолдардың негізгі күштері қарсыластарын екі қанаттан орап өтіп, ойдағыдай қоршап алды. Қақпанға түскен наймандар қоршауды бұзып өтуге тырысты, бірақ қараңғы түнде жартастырдан құлап қырылды. Наймандардың бір бөлігі, соның ішінде Күшлік қашып құтылды. Наймандар жеңіліс тапты. Даян хан жарاقاتтан өлді. Наймандардың көпшілігі Шыңғыс ханға берілді, олардың басқа бір бөлігі моңғолдарға жанталаса ұмтыла соңғы шайқасқа шығып ерлікпен мерт болды. Наймандардың едәуір бөлігі, сондай-ақ меркіт-

тердің, керейіттердің және басқалардың аман қалғандары Күшлікпен бірге кетті. 1206 жылы моңғолдар Бұқтырма өзенінде наймандардың Бұйрық ханын жеңіп, оны өлтірді. 1206-1207 жылдары Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыны Енисей-Ертіс өзендерінің аралығындағы «орман» халықтарын, атап айтқанда, Енисейдің жоғарғы ағысында мекендейтін түркі тілдес қырғыздарды бағындыруға жіберді. Қытай деректемелерінің мардымсыз деректерін қырғыздардың бұл аймақтағы әсері-ықпалын жоғармалауға болады. «Цзилицзисалар (қырғыздар) жөніндегі кіші (бағынышты) мемлекет дегеніміз... Гуиғань (курыкан) мемлекеті». XIII ғ-ғы Енисей қырғыздарында қалалар мен бекіністер болғаны жөнінде деректер бар. Мәселен, «Юань-Шиде» Енисейдің жоғарғы ағысына жорық жасаған кезде қалалардың бекіністі дуалдарын шабуыл жасап алу үшін моңғолдардың тас атқыш құралдары, қоршау қарауларын пайдаланғаны туралы айтылады [4, 107 б.]

Орталық Азия аумағындағы соғыстардың салдарынан 1190-1206 жылдары Қазақстан жеріне наймандардың, керейіттердің, меркіттердің бір бөлігі көшті. Күшлік хан бастаған наймандар Алтайға келіп, осында ертеде моңғолдар талқандаған керейіттермен меркіттердің қалдықтарымен бірікті. Наймандар Бұқтырмада тағы да жеңіліс тапқаннан кейін Күшілік хан өз ұлысының Алтай жерін біржола тастап, жетісуға қашуға мәжбүр болды. Наймандармен керейіттердің едәуір бөлігі шығыс Қазақстанда қалып, моңғолдарға бағынды.

Моңғолдар талқандалғаннан кейін найман мен керейіт топтары, жалайырлар қалыптасып жатқан көптеген түркі халықтарының құрамына атап айтсақ қазақ халқының құрамына біртіндеп сіңісе берді. Наймандармонғол дәуірінде қазақ даласына қоныс аударып, Сырдарияға дейін жетіп, қазақ халқының қалыптасуына белсене қатысқан. Керейіттерге келетін болсақ, олардың бір бөлігі батысқа, Еділ бойына дейін барып, онда өздерінің керейіт деген этнонимін сақтап қалды және кейініректе осы атаумен өзбектер мен қырғыздардың құрамына, ал шағын тобы қазақтардың да құрамына кірді. Керейіт этнонимі Қара теңіз өңірі далаларының мономиясынан да кездеседі. Керейіттердің басқа бір бөлігі солтүстік қазақстанда қалады да бұрынғы этнониміндегі -іт жалғауын жоғалтып, керей (қара керей, абақ керей) деген атпен орта жүз қазақтарына қосылды [5, 100 б.].

Темучин керейіттер мен наймандар ұлыстарының билеушілерін талқандаған кезде ол орталық Азия далаларындағы бірден-бір күдірет-

ті қолбасшыға айналып, мұны саяси тұрғыдан баян етті. 1206 жылдың көктемінде анон өзінің сағасында Темучинді жақтайтын көшпелі шонжарлардың құрылтайы өткізіліп, сонда ол тоғыз құйрық қол байлаған қасиетті ақ ту жалбыраған жағдайда салтанатты түрде ұлы хан болып жарияланды. Сонымен бірге құрылтай Темучинге Шыңғыс хан атағын бекітіп берді, бұл оның өз есімінің орнын басты. Темичин-Шыңғысхан былай деп мәлімдеді: «Мен ... түрлі мемлекеттерді ақиқат жолына бағыттап, халықтарды өзімнің біртұтас билігіме қараттым». Мүмкін, ол батыс пен шығысқа жасаған жорықтарының нәтижесінде өзінің қандай шындыққа жететінін білмеген де болар, атап айтқанда, қашқан наймандар мен меркіттерді қуалай отырып, оларды 1208 жылы Ертіс жағалауында екінші рет талқандады [6, 16 б.].

Бірлесіп қимылдаған меркіттер мен наймандар тобын 1209 жылы ұйғыр идиқұты (билеушісі) өз илігіне өтуге әрекет жасаған кезінде тасталқан етті соның салдарынан олардың жолдары екіге айрылды.

Талқандалудан аман қалған Найман тайпаларын Күшілік хан Жетісудағы ығысқан қорқытайлар иелігіне әкетті, ал меркіттер Орталық Қазақстан далаларындағы қыпшақтарға қашты. Наймандардың едәуір бөлігі Жетісуға ығысқан Күшілік хан онда қалыптасқан күрделі жағдайды пайдаланып қалуға тырысты.

Аласапыранның басты кінәлілері шығыс Түркістандағы Тұфан князьдігінің ұйғыр идиқұты және қарақтайларға вассалдық тәуелділікте болған Жетісу қарлұқтары мен қаңлықтардың мұсылман билеушілері еді. Бірсыпыра уақыт бойы Жетісу мен шығыс түркістанның жергілікті князьдары қарақытайлардың жоғарғы билігін таныды, бірақ 12-13 ғасырлар шебінде іс жүзінде тәуелсіз болып алды. Сондықтан қарақытайлардың гурханы (билеушісі) найман жауынгерлерін бағынбайтын вассалдарын басып-жаныштау үшін пайдаланбақшы болып үміттенді. Гурханның сеніміне кірген Күшілік хан 1210 жылы гурханды тақтан тайдырып мемлекеттегі билікті басып алды, бірақ гурханды өлтіруге батылы бармай оған биліктің сыртқы биліктерін қалдырды. Күшілік қарлұқтарды, қаңлылар мен ұйғырларды өзіне бағындыруға ниеттеніп, оларға қарсы ойран қалған шабуылдар жасады. Осындай жағдайда қарлұқтардың Арсылан ханы Іле өзенің аңғарларындағы Алмалықтың билеушісі Озар (Бұзар), ұйғыр идиқұты Баршық арттегін Наймандардың жауы Шыңғысхан монғолдарынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Арсылан хан мен Баршық арттегін өз иеліктер шегіндегі қа-

рақытай наместниктері өлтірді. Бұл билеушілер 1211 жылы Шыңғыс ханға бағынды.

1211 жылы Жетісуға моңғолдардың алғашқы келуі сол оқиғалардың салдарынан болған еді. Бірақ олар ұзақ уақыт болған жоқ, өйткені Шыңғыс хан оларды солтүстік қытай жеріндегі Цзинь империясымен соғысуға кері шақырып алды.

1216 жылы бұл науқан ойдағыдай аяқталғаннан кейін моңғолдар батысқа қарай жылжуын қайтадан бастады. Шыңғыс хан өзінің үлкен ұлы Жошыға қыпшақтарға қашып барған меркіттерді қыруға, ал сенімді қолбасшыларының бірі Жебе-Ноянға Күшілік ханды жазалауды бұйырды. 1218 жылы Күшілік хан талқандалды да моңғолдар оның Жетісудағы иеліктеріне кірді, оларды христиан наймандар мен буддистердің қысымынан қатты зардап шеккен жергілікті мұсылман тұрғындары қуана қарсы алды.

Қашып кеткен Күшілікті моңғолдар Бадахшанда қуып жетіп, басы алынды. Жошы хан Қазақстанның Торғай даласында меркіттермен шайқасып, оларға күйрете соққы бере ыдыратып жіберді. Бірақ келесі күні оған хорезм шахы Мұхаметтің 60 мыңдық әскері шабуыл жасады. Бұл шайқаста ешқайсысы жеңіске жеткен жоқ.

Бірақ жалпы алғанда бұл кездейсоқ қақтығыс Хорезмшахқа қатты әсер етті, В.В. Бартольдтың пікірінше, Шыңғыс хан 1219-1221 жылдары Хорезмшахтардың мемлекетін шапқан кезде оның моңғолдармен ашық шайқасқа неліктен шықпаған себептерінің бірі осы болған. Ал бұдан әрі моңғол-хорезм қатынастары барған сайн шиеленіс берді де, соғысқа әкеп соқты.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға оңтүстік Қазақстан мен орта Азияға жол ашылды. Басып кіруге «Отырар опаты» деп аталатын жағдай себеп болды.

Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасауға Шыңғыс хан зор мән берді, сөйтіп оған ұзақ уақыт және мұқият дайындалды. Шыңғыс хан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенде моңғол жансыздарын қоса есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен 1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Отырардың билеушісі қыпшақ Ғайыр хан инамлық көпестерді тыңшылық жасады деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырып керуенді тонап алды. Шыңғыс хан Ғайыр ханды ұстап беруді талап етті, бірақ бұл талапты Хорезмшахтың орындамағаны былай тұрсын, сонымен бірге елшілерді өлтіруге әмір етті. Бұл Шыңғыс ханның Хорезмге қарсы соғысына себеп болды.

Тіпті Хорезмшах Ғайыр ханды моңғолдарға ұстап бергісі келсе де, оның мұны жүзеге асыруы екіталай еді. Ан-нисавидің айтуынша, «Ол

оған» (Шыңғысханға) жөнелте алмайтын еді, өйткені әскердің көп бөлігі мен жоғарғы дәрежелі әскербасылары соның қыпшақ туыстары болатын. Оның кестесіндегі өрнекті және оның түйінінің негізін солар жасап, оның мемлекетінде орта ғасырлардағы Қазақстан далаларынан шыққан қыпшақтар осындай ықпалға ие болған. Шыңғыс хан хорезмшахпен соғысу үшін жинаған әскерінің дәл саны белгісіз, одақтастарымен – Жетісу қарлұқтарымен алғанда 150 мың жауынгер деген сан жобаға келеді.

Жорық 1219 жылдың қыркүйегінде Ертіс жағалауынан басталды. Деректемелердегіне мәліметтерге қарағанда, Шыңғыс хан әскерін Ертістен Сырдарияға дейін бұрынғы жаулап алушылар жүрген жолмен – Жетісу арқылы алып өткен.

Отырарға таяғанда Шыңғыс хан оны қоршауға ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарған әскерлерді қалдырып, Жошы ханды Жанкент қалаларына жіберді, үшінші топ Сырдарияның жоғарғы ағысындағы қалаларды бағындыруға кетті, ал Шыңғыс ханның өзі негізгі күштерімен Бұхараға аттанды.

Отырардың билеушісі Ғайыр хан бар күшін салып ең соңғы мүмкіндігін пайдалана отырып қорғанды. Отырарды қоршау бес айдай уақытқа созылды. Каһармандық қорғаныстың бесінші айы бітуге айналғанда хорезмдік әскербасы Қаража хаджиб он мыңдық қолымен моңғолдарға беріліп, оларды қалаға кіргізіп жіберді. Алайда Отырар сонда да табандылықпен қорғана берді. «Арыстандай айбарлы» әскерлер тобымен Ғайыр хан берік қамалға бекініп алды да, моңғолдарға оны алу үшін тағы бір ай уақыт керек болды. Қамалды қорғаушылар ақпанда алынды. Ғайыр хан қолға түсіп, Шыңғысханның алдына апарылған жерде қатал жазаланып өлтірілді [7, 59 б.]

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы Сырдария бойындағы қыпшақтардың жақындап келді. Моңғолдар қаланы жеті күн, жеті түн қоршап, ақырында, оны шабуылмен алды да, «кеңшілікпен аяушылық қақпасын жауып тастап», бүкіл халықты қырып салды.

Одан соң моңғол қолы Ашынасқа жетті. Табан тіресе қарсылық көрсеткеніне қарамастан, қала күш тең болмаған күресте құлады, ал оның тұрғындарының көпшілігі қырып тасталды [8, 340 б.].

Осының барлығы 1219-1220 жылдардың көктемінде болған еді. Жошы хан бүкіл 1220 жыл бойы Арал өңірінде, Жентте қалды, ал 1224 жылы кескілескен қарсылықтан кейін – солтүстік Хорезмдегі Әмудария бойында орналасқан Үр-

геніш қаласын да алды да, жер қайысқан қолды бастап, Арал теңізінің солтүстік – шығысына қарай жатқан Қазақстан даласына жорыққа аттанды, онда қыпшақтардың қарсылығына кездесті. Қанға бөккен шайқаста моңғолдар қыпшақтардың быт-шытын шығарып талқандады.

1220 жылғы наурызда моңғол әскері тіке шабуылмен 20 мың әскері бар Бұхараны алып, одан соң 40 мың әскері бар Самарқанды талқандады. Қаладағы шеберлер мен суретшілер құлға айналдырылып, тұтқындардың бір бөлігі жұмыс істеуге пайдаланылды. Хорезм әскерінің қалдығы оңтүстік-батысқа Иранға қарай шегінді.

Шыңғыс хан қашқан жаудың соңынан кууға Жебе мен Сүбедей басқарған 30 мың әскерді аттандырды. Кезінде Мұхамед ұйымдастырған 30 мың әскер қашып кетті. Бұл кезде Жошының басқаруымен 30 мың адам 7 ай қоршап Үргенішті басып алды. Шыңғыс хан басқарған негізгі күш 1220 жылы Балх пен Талекан қалаларын қиратты. Шыңғыс хан өз ұлы Төлені 40 мың әскермен Мерв қаласына аттандырды. Мервтіктер қатты қарсылық көрсетті, Төленің отряды қаланы алу үшін 700-ден аса тас ататын машина, 4 мың саты, 2500 тас толтырылған қап т.с.с. пайдаланды. 1221 жылғы сәуірде моңғолдар Мерв қаласын басып алып, тас-талқанын шығарды. Шағатай мен Үгедей басқарған отряд солтүстік қанатты қорғап отырды.

Мұхамед шаһ өлгеннен кейін моңғолдарға қарсы күресті оның ұлы Жәлел-әд-дин жалғас-

тырды. Ол 70 мың әскер жинап, Кабулға аттанды.

Мұнда хорезмдіктер моңғолдың 30 мың адамдық отрядын талқандады. 1221 ж. Шыңғыс хан оған қарсы негізгі күшін аттандырып, желтоқсанның 9-ында Инд өзені жағасында қуып жетіп шайқасты. Хорезмдіктер жеңіліске ұшырады, алайда Жәлел-әд-дин төрт мың адаммен өзеннен өтіп, құтылып кетті. Осыдан кейін Шыңғыс хан Тибетке аттанды, бірақ кейін Бұхара мен Самарқандқа қайтып оралды. Осы жерде бір жыл қыстаған Шыңғыс хан 1225 жылы мол олжамен Моңғолияға қайтып келді. Аса үлкен аумақта болған шайқас бар-жоғы үш жылға созылды.

Жебе-ноян мен Сүбедей-ноян басқарған 30 мыңдық қол солтүстік Ираннан шығып, 1220 жылы Кавказға басып кірді де, аландарды, қыпшақтарды және Қалқа өзенінде орыстарды талқандап, орыс жерінің оңтүстік аймағына ойран салып, қазіргі Қазақстан далалары (Шығыс Дешті Қыпшақ) арқылы 1224 жылы Ертістегі Шыңғыс ханның ордасына қайтып оралды. Сөйтіп, моңғолдардың 1219-1224 жылдардағы шапқыншылығының нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс хан империясының құрамына кірді.

Моңғол жаулап алушылары жаулап алу барысында құралдардың ауқамды амалдарын, әскері тәсілдерді де, дипломатиялық тәсілдерді де, тыңшылықты, психологиялық соғыс құралдары ретінде үрей таратуды, арандату шылықты, кепіл алу жүйесін түгелдей дерлік пайдаланды – жылнамаларда бұған дәлелдер жетіп артылады.

Әдебиеттер

- 1 Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. – Алма-Ата, 1992. – 272 с., илл.
- 2 Қиянатұлы З. Шыңғыс хан // Бірінші кітап. – Алматы: Арда, 2008. – 432 б.
- 3 Қазақстан тарихы. 1 том. – Алматы, 1996. – 541 б.
- 4 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994.
- 5 Пишулина К.А. Бахр-ал-асрар. Казахстан, Средняя Азия и Центральная Азия в 16-18 в.в – Алма-Ата, 1983. – 329 с.
- 6 Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. – 528 с.
- 7 Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы, 2003. – 109 б.
- 8 Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. – М., 1993. – 675 с.

References

- 1 Hara-Davan E. Shyngys khan kak polkovodets i ego nasledie. Kul'turno-istoricheskii ocherk Mongol'skoi imperii XII-XIV vekov. – Alma-Ata, 1992. – 272 s., ill.
- 2 Kinayatyly Z. Shyngys khan // Birinshi kitap. – Almaty: Arda, 2008. – 432 b.
- 3 Qazaqstan tarihy. 1 tom. – Almaty, 1996. – 541 b.
- 4 Mynzhan N. Qazaqtyn kyskasha tarihy. – Almaty, 1994.
- 5 Pishulina K.A. Bahr-al-asrar. Qazaqstan, Srednyaya Azya i Central'naya Azya v 16-18 vv. – Alma-Ata, 1983. – 329 s.
- 6 Tynyshbaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazahskogo naroda. – Tashkent, 1925. – 528 s.
- 7 Orta gasyrlardagy Qazaqstan tarihy. – Almaty, 2003. – 109 b.
- 8 Trepavlov V.V. Gosudarstvennyi stroi Mongol'skoi imperii XIII v.: Problema istoricheskoi preemstvennosti. – M., 1993. – 675 s.

Жунусбекова А.М.
**Алтын Орда мемлекетінің
мәдениеті мәселесінің жазба
деректері**

Мақала ортағасырлық моңғолдың Шыңғыс хан ұрпақтары негізін қалаған Алтын Орда мемлекетінің мәдениетінің дерекнамасына арналған. Мақалада, тақырыпқа қатысты жазылған дерек көздері жазылған тіліне байланысты топтастырылып көрсетілген, олардың негізгілері мысалға келтіріле отырып сипатталынған. Алтын Орда мемлекетінің мәдениетіне қатысты негізгі дерек көздері жазба және заттай болып бөлінеді. Бұл жерде заттай дерек көздері деп отырғанымыз бұл археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған жәдігерлердің өткенді баяндауы. Ал жазба дерек көздері, хан жарлықтары сияқты шағын ғана ресми құжаттар болып табылады. Сонымен қатар мақалада Алтын Орда мемлекетінің тарихын баяндайтын Алтын Орда заманында жазылған араб жазушыларының еңбектері талданған. Бұл еңбектегі деректерде Алтын Орда мемлекетіне саяхаттаған немесе дипломатиялық іссапармен барып, елді өз көзімен көрген араб жазушыларының еңбектеріндегі саяси оқиғалар тізбегінен мемлекеттің мәдениетіне байланысты тұстарына назар аударылған. Онда қарастырылып отырған заманның материалдық және рухани мәдениетіне қатысты тұстары бар. Сонымен қатар, Алтын Орда мәдениетінің әрбір саласына қатысты: шаруашылық, дін, ғылым, субъективті түрде талданып көрсетілген.

Түйін сөздер: дерек, мәдениет, ресми құжат, саяхат, дипломатия, дін.

Zhunusbekova A.M.
**Written sources about the
cultures of the Altyn Orda**

Article is devoted to the cultures of the Altyn Orda created by the descendants of the Mongol Khan Genghis Khan. The article details the source summarized by the original language basic materials described in the examples. Basic materials related to the culture of the state Altyn Orda divided into written and material ? When talking about materials – a heritage (objects) that have been found during archaeological heritage excavations a written this small official documents such as the Khan. Article discusses also material written by Arab writers in times of Altyn Orda, about the history of the state Altyn Orda. These materials are described political events related to the culture of the state, the materials have been in a state Altyn Orda and who witnessed the events of the Arab writers (literati) Material and spiritual side of the culture time are described in detail in the articl. identified was the link economy, religion, science and culture Altyn Orda, subjectively analyzed.

Key words: power, culture, official document, travel, science, religion.

Жунусбекова А.М.
**Письменные источники
о культуре государства
Алтын Орда**

Статья посвящена культуре средневекового монгольского государства Золотая Орда, основанного потомками Чингисхана. В статье источники обобщены по языку оригинала, основные материалы описаны на примерах. Основные материалы, связанные с культурой государства Алтын Орда, делятся на письменные и вещественные. Когда говорим о вещественных материалах – это наследия (предметы), найденные во время археологических раскопок, а письменные наследия – это небольшие официальные документы, типа ханские указы. В статье рассматриваются также материалы, написанные арабскими писателями во времена Алтын Орда, об истории государства Алтын Орда. В этих материалах описаны политические события, связанные с культурой государства, по материалам побывавших в государстве Алтын Орда и ставшими очевидцами событий, арабских писателей. Материальная и духовная сторона культуры данного времени подробно описаны в статье. Также указаны связи хозяйства, религии, науки с культурой Алтын Орды, субъективно проанализированы.

Ключевые слова: источник, культура, официальный документ, путешествие, религия.

**АЛТЫН ОРДА
МЕМЛЕКЕТІНІҢ
МӘДЕНИЕТІ
МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖАЗБА
ДЕРЕКТЕРІ**

Ортағасырлық Қазақстан тарихының маңызды бөлімі болып табылатын Алтын Орда мемлекетінің мәдениеті халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Оны біз материалдық болсын, рухани мәдениеттен болсын айқын көре аламыз. Бұл мақалада біз осы мәселеге байланысты араб жазушыларының еңбектерінде жазылған ақпаратқа тоқталатын боламыз.

Алтын Орда мемлекетінің мәдениетіне қатысты негізгі дерек көздері жазба және заттай болып бөлінеді. Бұл жерде заттай дерек көздері деп отырғанымыз бұл археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған жәдігерлердің өткенді баяндауы. Алтын Орда мемлекеті кең-байтақ Қазақстан территориясын түгел дерлік қамтығандықтан, ортағасырлық отырықшы сауда орталықтары қызметін атқарған қалалардың осы кезеңмен мерзімделетін қабаттарынан Елбөріліктер негізін қалаған мемлекеттің материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінен мол мағлұмат беретін артефактілер, сонымен бірге маңызды тарихи оқиғалардан хабар беретін фактілер археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде аян болады. Жошы ұлысына қатысты жазба деректер сан түрлілігімен ерекшеленеді. Өкінішке орай, Алтын Орданың өзіндік жазба деректері сақталмаған, тек хан жарлықтары сияқты шағын ғана ресми құжаттар сақталған. Бірақ державаның көптеген алыс, жақын шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастарға түсуінің арқасында қазірге дейін тақырыпқа қатысты араб, парсы, моңғол, қытай, орыс, латын, армян және тағы басқа тілдердегі жазба деректер жеткен. Тарихи жазба деректердің сан алуандығы мен ерекшеліктеріне байланысты оларды бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1) Араб деректері қатарында Ибн әл-Асир, Рукн ад-Дин Бейбарс, ан- Нувейри, әл-Айни, әл-Муфаддал, Ибн Баттута, Ибн Халдун, Ибн Арабшах, Ибн Фадлаллах әл-Омари, Ибн Абд аз-Захир, ал-Малик ан-Насир сияқты авторлардың шығармаларын атауға болады. 2) Парсы деректері қатарында Джувейнидің «Тарих-и-Жаһангушай» (1252-1260) тарихи шығармасы, Рашид-ад-Диннің «Жами-ат-тауарих» (1300-1311) энциклопедиялық тарихи шығармасы, сондай-ақ, Хамдаллах Казвинидің «Тарих-и гузиде» (1329-1330) сияқты бірқатар парсы авторларының деректерін атауға болады. 3) Моңғол деректері

қатарында «Моңғолдың құпия шежіресі» мен Лубсанданзанның «Алтын тобчы демек-дүр» тарихи шығармасын атауға болады. 4) Еуропалық деректерге – Плато Карпини, Гильом де Рубрук және Марко Полоның саяхаттарының жемісі болып табылатын тарихи шығармаларын жатқызамыз. 5) Орыс деректеріне моңғолдардың Шығыс және Орталық Еуропаға жорықтары, Алтын Орда хандарының Русьтегі саясаты, XIII-XIV ғғ. орыс-моңғол елшілік, саяси, мәдени, діни байланыстары жөнінде мәліметтер беретін бірнеше жылнамалар жатады. Олардың қатарында Новгородтық бірінші жылнамасы, Галицк-Волынь жылнамасы, Ипатев жылнамасы, Густин жылнамасы және т.б. бар. 6) Түркілік тарихи шығармаларының ішінде Өтеміс-қажының «Шыңғыс-наме» (XVI ғ. ортасы), Әбілғазы Бахадур-ханның «Түрік шежіресі» (1643-1663 жж.) шығармаларын айта аламыз.

Алтын Орда мемлекетінің мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері болды, біз олар жайында жазба деректерден де, заттай деректерден де байқай аламыз. Алтын Орданың мәдениетіне арналған арнайы дерек көзі болмағанымен, ордалықтардың салт-дәстүрі, наным-сенімдері, тұрмыс-тіршілігі туралы тақырыпқа қатысты барлық дерлік сол заманғы еңбектерден қандай да бір мәлімет кездестіруге болады. Араб деректерінің ерекшелігі саяси мәселелерді қамтуында болғанымен, мемлекеттегі орын алатын дипломатиялық қатынастардың өзінен де мәдени-рухани үрдістерді байқау қиын емес. Себебі 1320 жылдан бастап мұсылман діні, Өзбек ханның тұсында, мемлекеттік дінге айналғаннан кейін ислам діні барлық салаларда көрініс тапты, саясат пен заң шариятқа негізделгенін дипломатиялық қатынастардың жүргізілуінен көруге болады. Сонымен қатар дерек авторлары қандай да бір оқиғаны сипаттар алдында міндетті түрде қоршаған ортаға жан-жақты сипаттама беріледі. Сондықтан да деректерден кең көлемде түрлі мәлімет алуға әбден болады. Мысалға, египеттік сұлтан ал-Малик аз-Захирдің хатшысы қызметін атқарған Ибн Абд аз-Захирдің «Сират ал-Малик аз-Захир» (ал-Малик аз-Захирдің өмірбаяны) атты еңбегінде Египет сұлтаны мен Алтын Орда ханымен саяси байланысы мен елшілік қатынастары туралы жазбаларында мемлекеттің мәдениетінің бірнеше саласына қатысты мәліметтер берілген. Автор Алтын Орданың ханы Беркенің Ніл өзеніндей кең алқапты Еділ өзенінің жағасында орналасқан шатырына елшіліктің келгені туралы баяндайды. Осы тұста египеттік хатшының жергілікті елдің салт-дәстүрлері туралы си-

паттамасы беріледі. Еңбек авторы Сарай Беркеге келген елшілер ханның қабылдауының дәстүрлерін ұстануға міндетті деп жазады. Сонымен бірге хан шатырына кірген адамдар бірінші сол жақ бетке өтіп, екі тізелеп отырады. Ешбір адам онда қарумен кіруге хақысы жоқ. Ханның резиденциясы 100 кісілік – үлкен, сырты ақ киізбен қапталған, ішкі жабдықтары жібектен және асыл тастар мен бағалы металдардан жасалған. Елшілер хат алысып болғаннан кейін хан рұқсатымен оң жаққа өтті деген мәліметтер жазылған. Көріп отырғанымыздай, бұл еңбек екі елдің арасында өткен дипломатиялық қарым қатынасқа арналғанымен, жатжерліктердің Алтын Орда ханының қонақ қабылдау дәстүрі мен оның хан шатырының сипаттамасы, яғни материалдық мәдениеттен хабар береді [1].

Келесі «Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар» (Пути в зорев по государствам разных стран) шығармасының авторы Ибн Фадлаллах ал-Омари өзінің еңбегінде Өзбек хан туралы айтады. Оның сипаттауы бойынша Өзбек хан шынайы мұсылман, бес уақыт намазы бар, ораза ұстайтын әрі шарият қағидаларын орындайтын болған. Ол мемлекеттің астанасы болған Сарай шаһарында ғылым зерттеуге арналған медресе салдырған, себебі ол өте қатты ғылымды жақсы көреді. Сонымен бірге әл-Омари ханның бірнеше әйелі бар екенін және ол әр бір кешін оларға кезектесіп арнайтынын айтады. Хан хатундары жеке кішігірім шаруашылық иегерлері, сол шаруашылықтан түскен пайдамен күнін көреді және ханды қабылдап, оны киіммен қамтамасыз етеді деп жазады автор, себебі хан өзінің киімін күнде ауыстыруға дағдыланған, ал оның ескі киімдері қасына еріп келген кез келген адамға табысталады болған. Ханның киімі қарапайым дейді әл-Омари, себебі ислам діні ер кісінің жібек мата, асыл тастар қолданғанын құптамайды [2].

Шығарма авторы жазғанының ішінде шаруашылық жайында да сөз қозғаған. Ол ордалықтардың негізгі асы ет дейді. Соның ішінде олар жылқыны, ірі қараны және қойды көп қолданады. Қалалардағы сауда-саттық базарларда да ең арзаны да осы ет болып табылады. Ал ауыл-аймақтарда ет сатылмайды, халық оны сатып та алмайды, өйткені негізгі шаруашылық мал шаруашылығы, демек күнкөріс көзі де осы. Мал жарақаттанса не ауырса оны бауыздайтын әдеттері де бар. Жіліктердің жартысын өздері пайдаланса, қалғанын көрші-қолаңға немесе ағайын-туысқа тарату әдеті бар, ал олар мал сойса сыйлығына жауап қайырады екен деседі. Олар

дәнді-дақылдарды көп қолданбайды, негізінен тары өсіреді, оған қосымша бидай мен арпа қолданса, бұршақтылар болса мүлдем кездеспейді. Алтын Орда шаһарлары базарларында арзаншылық, ең қымбат келетін Хорезм ғана екен. Еңбекте Алтын Орданың солтүстік аймақтарының тұрғындары туралы да мәліметтер қалдырылған. Олар бір діннің өкілі емес, өте жұпыны халық. Ақылымен ерекшеленбетін жалқаулау келеді. Климаты суық болғандықтан мұнда мал өсіру жағдайы да аз. Олар етті аз жейді, ет тапқан жағдайда оны бірнеше мәрте асып сорпасын ғана ішіп отырады, кейін соңынан етті жейді, сүйегін бөлек асып та сорпасын ішеді. Олар солай күндерін көреді. Мал терісінен киген киімдерінің адал не арам, болмаса сау не ауру, бауыздалған не өлексе екеніне де, тіпті терінің өңделген не өңделмегеніне назар аудармай қолдана беретіндігін таңдана жазады автор. Аштық төнген заманда олар өз балаларын сатады, олардың да, өздерінің де аман қалу мақсатында [2].

Осы ақпарат тізгінінде әл-Омари қыпшақ халқы туралы да сөз етеді. Бұл түріктер – дейді ол, барлық түріктердің ішінде әділеттілігі, жаужүректігі, шыншылдығы жөнінен ең жоғары түрік тайпасы. Олардың тұла бойы, дене бітімі, мінезі текті. Египет әскері осы тайпадан жауынгерлер жинаған, тіпті мәмлүктердің осы күнгі билеушілері қыпшақтар. Осы қыпшақтардың мінездерінің арқасында татарлар ислам дінін қабылдады, әрі татар жерлерінің үлкен бөлігіне ислам кең етек жайды [2].

Алтын Ордаға тиесілі қыпшақ даласы кең, жайылым мен өріске, егістікке бау-бақшаға бай, онда алма, алмұрт, жүзім, айва, шабдалы, өрік, анар, жаңғақ ағаштары өседі. Сонымен бірге мұнда көп тараған жеміс ол – қауын, ол өте тәтті, одан түрлі дәмдер дайындайды, жыл бойына пайдаланылады. Қауын бұл елде өте көп және арзан келеді. Көкөністің де түрлері өте көп. Негізгі кәсіп мал шаруашылығы [2].

Көріп отырғанымыздай, бұл деректе Алтын Орда мемлекетінің рухани мәдениетіне де, материалдық мәдениетіне де қатысты мағлұматтар жазылған. Дерек көзі – автордың болған оқиғаға күәгер болуымен ерекшеленеді.

Алтын Орда мемлекетінің мәдениеті туралы сөз ететін еңбектердің қатарындағы маңыздылардың бірі Абу Абдаллах Ибн Баттуттаның «Тухфат ан-нуззар фи гара'иб ал-амсар ва-'аджа'иб ал-асфар» (Подарок наблюдателям по части диковин стран и чудес путешествий) еңбегі жатады. Бұл еңбекте автордың Дешті-Қыпшақ жеріне келген кездегі көзімен көрген оқиғалар

баяндалады. Автор Дешті-Қыпшақ жерін жасылжелек, гүлденіп тұрған таусыз, талсыз жазық дала, онда тіпті отын да жоқ, олар малдың тезегін жағады және тезекті қариялардың өздері де жинай береді деп сипаттайды.

Автор алтынордалық арбалар туралы арнайы сөз қозғайды. Оның айтуы бойынша қыпшақтар көлік ретінде «арба» деп аталатын құралды пайдаланады. Олардың бірнеше түрі бар, негізінен төрт үлкен дөңгелекті және оған кей кезде екі не одан да көп жылқы, кей кезде түйе жегіледі. Ері бар түліктің үстіне делбеші отырып оларды басқарып, бағыттап жүреді. Сонымен бірге арбалардың жолаушы таситын бөлігі де әртүрлі келеді, көлеміне қарай және жасалған материалына қарай. Оның негізі бір-біріне ретімен жұқа тері жіптермен байланған ағаш шыбықтарынан тұрады. Оның үстінен киіз жабылады, сыртқы көріністі қадағалайтын терезесінен үштегі адам көрінбейді. Мұндай арбаны қолданған адам оның ішінде қалағанын жасайды: оқиды, ұйықтайды, тамақ жейді. Тамақ пен зат таситын арба да осы іспетті, тек оның құлпы болады [3].

Бұл еңбекте көтерілген келесі мәселе түріктердің тамағы. Автордың айтуы бойынша, қыпшақтар ашыған сүтті көп қолданған. Негізгі тағамдардың ішінде тары мен қамыр да бар. Кең тараған тамақ әзірлеу әдісі су қайнатып оған нәр салу, сосын оның үстіне айран немесе ағарған құйып жасалады. Соңынан піскен ет туралып, жеке ыдыстарға құйылып беріледі. Еттің ішінен жылқы мен қой басым келеді. Ішетін сусыны негізінен қымыз және боза дейді автор. Боза – тарыдан жасалатын ішімдік, мұсылман дінін қабылдаған елдің ішімдік ішуін саяхатшы ханафит мазхабында боза ішуге рұқсат етілгендігімен түсіндіреді [3].

Дешті Қыпшақ территориясына сырттан келген әрбір қонақтың назар аударатын басты нәрсесі – сәйгүлік. Ат – көшпелі халықтың басты байлығы. Сайын далада оны өсіруге көп ықылас бөлінеді, саны жағынан көбі де сол. Ибн Баттутта да Алтын Ордада көзімен көрген қыпшақ жылқысы туралы жазып қалдырған: «Бұл елде жылқылардың саны өте көп, олар арзан тұрады, бар болғаны 50-60 дирхам тұрады, египеттік ақшаға шаққанда ол 1 немесе 2 динар ғана. Бізде акадиш деп аталатын жылқыны түріктер ас ретінде пайдаланады, біз қойды пайдаланғандай. Бір түріктің басында бірнеше мың жылқы болуы мүмкін. Түріктердің дәстүрі бойынша мал қасында жүретін арбаларға білек ұзындығындай киізден жасалған бау жапсырылады. Бір бау – бір мыңға тең. Мен он бауға дейін белгіленгенін

көрдiм. Одан да көп болады. Орташа есеппен 6 бау көп кездеседi, одан азы да, көбi де кездеседi. Мықты сәйгүліктердi көпестер Үндiстанға апарып сатады. Олардың бағасы 25 алтын динардан 500 динарға дейiн жетедi». Орталық Азияда, соның iшiнде Сырдария бойында, Хорезмде өсетiн бұл жемiстi автор былай сипаттайды: «Мұндай жемiс шығыста да, батыста да өсiрiлмейдi. Оның сырты жасыл, iшi қызғыш келедi, қатты, сулы және өте тәттi. Оны пiскен кезде кесiп те, кептiрiп те қысқы уақыттарда жей бередi. Кептiрiлген жемiстердiң iшiнен ең тәттiсi – осы қауын» [3].

«'Абжа'иб әл-макдур фи нава'иб Тимур» атты еңбектiң авторы Ибн Арабшах та өз еңбегiнде Алтын Орда мәдениетiнен мәлiметтер қалдыра-

ды. Оның айтуы бойынша Дештiнiң астанасы – Сарай. Ол мұсылманша салынған, әсем бекiнiс. Берке оны ислам дiнiн қабылдағаннан кейiн салған. Берке хан исламның ханафиттiк мазхабын ұстанды және елге iлiм қызметкерлерiн шақырып, жаңа дiн қабылдаған қара халыққа Аллахтың жалғыздығын үйретуiне жағдай жасады. Ол шарифатты құрметтеп ғылым мен ғалымдарды өз қорғауында ұстады. Автор Сарай қаласының үлкендiгiн таңырқап жазады: «Оның үлкендiгi сонша, бiрде қожайынынан құлы қашып кетiп, қаланың шет жақ беткейiнде базарда сауда саттық жасап күнiн көредi. Сол құлы он жылдам астам уақыт бойы қожайынын бiрде бiр рет кездестiрмептi» [4].

Әдебиеттер

1 Из сочинения Ибн Абд аз-Захира // История Казахстана в арабских источниках. Т. I. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б. Е. Кумеков, А. К. Муминова. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 68-77 бб.

2 Из сочинения ибн Фадлаллах ал-Умари // История Казахстана в арабских источниках. Т. I. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б. Е. Кумеков, А. К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 168-189 бб.

3 Из сочинения ибн Батутты // История Казахстана в арабских источниках. Т. I. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б. Е. Кумеков, А. К. Муминова. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 207-240 бб.

4 Из сочинения ибн Арабшаха // История Казахстана в арабских источниках. Т. I. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б. Е. Кумеков, А. К. Муминова. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 168-190 бб.

References

1 Iz sochineniya Ibn Abd az-Zaxura // Istoriya Kazakstana v arabstix istochnikax. T. I. Sbornik materialov odnosyashixsya k istorii Zolotoi Ordi. Izvlecheniya iz arabstix sochinenii, sobrannye V. G. Tizengauzenom. Podgotovka k novomy izdaniui, vvedenie, dopolneniya i kommentarii B. E. Kumekov, A. K. Myminova. – Almaty: «Daik-Press», 2005. – 68-77bb.

2 Iz sochineniya ibn Fadlallax al- Umari // Istoriya Kazakstana v arabstix istochnikax. T. I. Sbornik materialov odnosyashixsya k istorii Zolotoi Ordi. Izvlecheniya iz arabstix sochinenii, sobrannye V. G. Tizengauzenom. Podgotovka k novomy izdaniui, vvedenie, dopolneniya i kommentarii B. E. Kumekov, A. K. Myminova. – Almaty: «Daik-Press», 2005. – 168-189 bb.

3 Iz sochineniya Ibn Batutti // Istoriya Kazakstana v arabstix istochnikax. T. I. Sbornik materialov odnosyashixsya k istorii Zolotoi Ordi. Izvlecheniya iz arabstix sochinenii, sobrannye V. G. Tizengauzenom. Podgotovka k novomy izdaniui, vvedenie, dopolneniya i kommentarii B. E. Kumekov, A. K. Myminova. – Almaty: «Daik-Press», 2005. – 207-240 bb.

4 Iz sochineniya Ibn Arabshaxa // Istoriya Kazakstana v arabstix istochnikax. T. I. Sbornik materialov odnosyashixsya k istorii Zolotoi Ordi. Izvlecheniya iz arabstix sochinenii, sobrannye V. G. Tizengauzenom. Podgotovka k novomy izdaniui, vvedenie, dopolneniya i kommentarii B. E. Kumekov, A. K. Myminova. – Almaty: «Daik-Press», 2005. – 168-190 bb.

Мадиева Ж.Д.
**Қазақстанға ислам дінінің
келуінің әлеуметтік-тарихи
алғышарттары**

Бұл мақалада ислам дінінің Қазақстан территориясына енуінің әлеуметтік-тарихи алғышарттары келтірілген. Арабтар ислам дінін қай уақытта және қандай жолдармен жеткізгендігі туралы әртүрлі пікірлер келтірілген. Алғашқы түрік халықтары арасындағы мұсылман мемлекеті туралы айтылған. Ислам діні Қазақстанға күштеп енгізілген жоқ. Қазақстанда сол дәуірде қалыптаса бастаған феодалдық қатынастарға ислам дінінің кері әсері болмай, қайта ол феодалдық қарым-қатынастарды жандандыра түсетінін көре білген феодалдық үстем тап иелері ислам дінін қуана қарсы алды. Ислам дінінің келуімен қала мәдениеті, ғылым, білім, сауда, өнер жедел дами бастады. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде мешіттер, медреселер, қалалар бой көтерді. Еліміздегі алғашқы мешіттер мен медреселер Отырар, Түркістан, Сайрам, Тараз қалаларында салынған. Мешіттер рухани және ғылыми орталықтар болған. Ислам діні қазақ еліне бейбіт жолмен, яғни ізгілік пен мейрімділік негізінде таралды.

Түйін сөздер: ислам діні, арабтар, қарахандықтар, ислам мәдениеті, ислам өркениеті, мешіттер.

Madiyeva Zh.
**Society-historical backgrounds
of islam dissemination to
Kazakhstan territory.**

This article represents data about the sociohistorical conditions of Islam religion entering to the territory of Kazakhstan. The Arabs has different opinions about the time and ways of Islam presentation. Article also contains information about the first muslim country among the turkic nations. Islam religion was not entered to Kazakhstan by the force. At that time Islam religion didnot have negative effect on feudal relations, contrary, it revived the feudal relations and the feudal owners welcomed the Islam. With the advent of Islam in the city, its culture, science, education, trade and art began to develop fastly. In the South and Jetysu mosques and madrassas had been built in the cities. The country's first mosques and madrassas are in the cities of Otyrar, Turkestan, Sairam and Taraz. Mosques were religious, spiritual and scientific centers. Islam distributed to Kazakh country peacefully, on the basis of the goodness and gentleness.

Key words: islam, arabs, Qarakhanids, Islamic culyure, Islamic civilization, mosques.

Мадиева Ж.
**Социально-исторические
предпосылки распространения
ислама на территории
Казахстана**

В этой статье рассматриваются общественно-исторические условия проникновения религии Ислам на территорию Казахстана. Показаны различные мнения ученых, в какое время и какими способами арабы довели ислам. Первыми в историй тюркских государств объявили Ислам государственной религией. В то время религия ислам не имела негативного влияния, и феодалные владельцы приветствовали религию. Потому что они видели, что феодалные отношение возродятся благодаря религии. С появлением ислама в городах развивались культура, наука, образование, торговля и искусство. В Южном регионе и Джетысу были построены мечети и медресе. Первые мечети страны и медресе Отырар, Туркестан, Сайрам, в городах Тараз. Мечети были религиозным, духовным и научным центром. Ислам в Казахстане распространялся мирно на основе добра и милосердия.

Ключевые слова: ислам, арабы, Караханиды, исламская культура, исламская цивилизация, мечети.

ҚАЗАҚСТАНҒА ИСЛАМ ДІНІНІҢ КЕЛУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ислам дінінің қазіргі Қазақстан территориясында таралуы туралы мәселеге әртүрлі пікірлер бар. Бұл мәселеге олар әрқайсысы өз ұстанымдарымен келгендігін аңғарамыз. Кейбір тарихшылар ислам дінін Қазақстанға араб басқыншыларымен келген деп санаса, екінші бір авторлар, қазақтар көшпелі халық болған, сондықтан ислам дінінің таралу дәрежесін зерттеу өте қиын еді. XVIII-XIX ғасырларда қазақтар арасында болған миссионерлер ислам дінінің қазақтар арасында шын жайын суреттей алмады дейді. Кең байтақ территорияны алып жатқан қазақтар ислам дінінің догмаларына зер сала қойған жоқ. Олар үшін ежелгі діни сенімдері – табиғатқа табыну ыңғайлырақ болды десе, академик В.В. Бартольд: «XIII ғасырдың басында Хорезмнің мұсылман басшыларына Сырдария мен Торғай облысындағы мұсылман емес қыпшақтармен соғысуға тура келді», – деп жазады. Дегенмен ислам дінінің алғашқы көріністері Қазақстан территориясында IX ғасырдың бас кезінде тарай бастағанын білдіретін мәліметтер бар. Бұл кезде араб басқыншылары Сырдария бойына жетіп, түркі тайпаларының молдаларын барымталдап, кейде бейбіт отырған ауылдардың адамдарын айдап әкетіп отырды, бірақ жерлерін жаулап алуға күштері жетпеді. Сырдария бойындағы қалалар арабтарға 840-845 жылдары ғана бағынып, ислам дінін қабылдады. Бірақ мұнан әрі Сарыарқа даласына ұмтылған кезде араб басқыншылары шегінуге мәжбүр болды. Себебі Иракта құлдар көтерілісі басталды, белгілі араб тарихшысы Ибн-Ал-Әсирдің (1160-1233) келтірген мәліметтері бойынша 961 жылы Сыр бойындағы түркілердің 200 мың шатыр (үйтүтін) мұсылман дініне енген. Ал Жайық бойын жайлап, Ыстық көл маңын қыстап жүрген түркілер ислам дінін тек 1043 жылы ғана қабылдады.

Профессор Е. Бекмаханов Қазақстанның солтүстік және солтүстік-батыс облыстарында ислам діні IX ғасырдың аяқ кезінде тарай бастады десе, ислам дінін зерттеуші ғалымдарының бірі Х.Ақназаров өзінің «Ислам діні және оның реакциялық мәні» деген еңбегінде былай деп жазды: «IX-X ғасырларда мұсылман діні Қазақстанның тек оңтүстік аудандарын ғана, егіншілік аудандарының феодалдарын ғана қамтыды. Онда да бұл дінді байлар, үстем тап өкілдері қабылдады, ал еңбекші бұқара көп уақытқа дейін бұрынғы діндерінде қалып келді», – деген пікір

айтады. Қазақстан тарихын зерттеуге ат салысып жүрген ғалымдар И.Е. Агеев пен В.Ф. Шахматов ислам қазақ жеріне түргештің Қарлұқ қанғанның кезінде феодалдық қатынастың дамуына байланысты Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне арабтардың алып келген феодалдық дін – ислам тарай бастады. Сөйтіп, бұл авторлар ислам дінінің Қазақстан жеріне VIII ғасырда келгенін мойындайды.

Арабтардың қазақ жерлерін жаулап алғаны жөніндегі тарихи мәліметтер өте аз. Кейбіреулері бір-біріне қарама-қайшы. Жекелеген зерттеушілердің әртүрлі оқиғалар бойынша айтқан пікірлері ғана сақталып қалған.

VIII ғасырдың орта кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі Тараз қаласының түбінде қытайлар мен арабтардың қырғын шайқасы басталады. Онда арабтар қытайларды жеңіп шықты. Бұл жеңіс ислам дінінің Қазақстан жеріне тез таралуына жол ашып берді. Арабтардың осы жеңісінен кейін қазақ жеріндегі көшпелі елдер бірте-бірте араб мәдениетінің ықпалына түсе бастады. Арабтар Тараз қаласын басып алып, көшпелі елге экономикалық және саяси үстемдігін осы қала арқылы жүргізеді.

Тараз қаласы VIII ғасырда Қазақстанның басқа аудандарының дамуына әсер еткен экономикалық мәдени орталыққа айналады. Табылған түркеш ақшаларының көпшілігі Таразда соғылған.

Арабтар қазақ, қырғыз даласындағы көшпенділермен Тараз арқылы ғана емес, сонымен қатар олармен сауда керуені арқылы да тікелей байланыс жасады. VIII ғасырдың өзінде-ақ әрбір үш жылда көштен шай, кездеме сататын араб керуендері жүріп тұратын. Сауда қатынасы қырғыздарды арабтармен жақындастырды.

VIII-XI ғасырлардағы соғдылық мұсылмандардың Орта Азиядан Қазақстанға көшіп келуінің де ислам дінінің сіңісуіне ықпалы болды. Солар арқылы Оңтүстік Қазақстанға, содан кейін Жетісуға бұл дін идеологиясы орныға бастады. Ал мұның өзі бірте-бірте Қазақстанның басқа аудандарын да шарпыды.

Бұл тұста қазақ даласына ислам дінін күшпен таратқандарының бірі – саманид басқыншылары болды. IX ғасырдың орта шенінде Мәуереннахр мен Хорасанда үстемдік еткен Саманид әулеті 840 жылы тонаушылық соғыс арқылы Исфиджаб (Сайрам) аймағын басып алды. Саманидтер Шавгорға жетті, одан кейін Саурак және Сүткент қалаларын бағындырды.

Саманидтер жаулап алған жерлерінің бәрінде халықты қарудың күшімен қорқытып, ислам дінін қабыл алуға көндіріп отырды. Олар Қазақ-

стан жеріндегі бұрын Сирия отаршылары салған христиандық шіркеулерді құлатып, оның орнына мұсылман мешіттерін орнатты. Саманидтер сауда жолдарын да өз қолдарына алып, сол арқылы да түркі тайпаларын ислам дініне мойын ұсындырды.

X ғасырдың аяқ шенінде өмір сүрген арабтың тарихшысы Мұхаммед ибн-Жафар әл-Нершахидың жазуына қарағанда, саманидтің әміршісі Исмаил соғыспен Таразды жаулап алып, ондағы үлкен шіркеуді мешітке айналдырған. Тарихшылардың айтуы бойынша, бірінші рет көптеген түркі елі (2 млн түтін) ислам дінін 960 жылдары қабылдады.

X-XII ғасырлардағы Қараханид мемлекеті сол тұстағы қоғамдық өмірде елеулі рөл атқарды. X ғасырдың аяғынан бастап Орта Азияның халықтарымен бірге қазақ елінің едәуір бөлігі осы ертедегі феодалдық мемлекеттің қол астына енді. Сонымен Қарахан еліне Қашғария, Жетісу, Мәуереннахр сияқты көптеген жерлер бағынышты болып қалды. Бұл мемлекеттің астанасы Бұхара қаласы болды, ал ол XI ғасырдан бастап орталық Қашғар қаласына ауысты.

Қараханидтер исламды өз қоластындағы көшпелі елдің діни идеологиясы етуге күш салып бақты. Сол себепті олар Түркі еліндегі бірінші мұсылман әулеті ретінде бой көрсеткен еді.

XIV ғасырларда Ақсақ Темір тұсында ислам дінінің маңызы мұнан да арта түсті. Тоқтамыс хан манихейлік дінді қолдады. Ол мұсылмандарды қудалады, олардың Тебриздегі мешіті мен медресесін өртеп жіберді. Темір Тоқтамысқа ислам дінін қарсы қойды. Исламның көмегімен ол өз беделін көтеруге тырысты. Темір заманында ірі қалаларда мешіттер салынады. Темір ислам дінінің идеологиясын нығайта отырып, Орта Азия мен Қазақстан жерлерінде мұсылмандардың мінәжат ететін ғимараттарын тұрғызды, олар исламды насихаттаудың жаңа орталықтарына айналды.

Қазақ даласына Ислам діні VII ғасырдың басында арабтардың Орта Азияны бағындыру нәтижесінде кіре бастады. Шындығын айтқанда, Ислам діні Қазақстанға күштеп енгізілген жоқ. Қазақстанда сол дәуірде қалыптаса бастаған феодалдық қатынастарға Ислам дінінің кері әсері болмай, қайта ол феодалдық қарым-қатынастарды жандандыра түсетінін көре білген феодалдық үстем тап иелері ислам дінін қуана қарсы алды. Өйткені бұрыннан келе жатқан шаман діні феодалдардың талап-тілегін, мақсат-мүддесін қанағаттандыра алмады. Ал ислам діні болса халықты рухани жағынан болсын, саяси жағынан

болсын мығым ұстай алатын мемлекеттік дін бола алды. Осындай тиімді жақтарына қарамастан қазақ тайпалары өзінің бұрыннан келе жатқан тәңіршілдік, зороастризм, шаман дінін, ата-баба аруағын қастерлеуді ұстанып, ислам діні қағидаларына мән бермеді. Академик Бартольд В.В.: «XII ғасырдың басында мұсылман Хорезм билеушілері мұсылман емес Сырдариядағы және Торғай облысындағы қыпшақтармен соғысуына тура келді,» [1, 68 б.] – деп жазуына қарағанда, сол кездерде қазақ тайпаларының басым көпшілігі әлі мұсылмандық жолға түсіп, ислам дінін қабылдамаған сияқты. Рузбиханның жазуына қарағанда, қажет десеңіз XVI ғасырдың өзінде де қазақтар пұтқа табынушылар деп танылып, оларға қарсы «ғазуат» соғысына шығуды талап еткен. Өйткені шарият заңдарын араб миссионерлері үндеп, үгіттеп, насихат жүргізгендеріне қарамастан, халық ата-баба аруағына, тәңірге, жұлдыз, айға ұзақ уақыт бойы сиынды. Ата-баба аруағына сиыну бәлекеттен сақтап, өздеріне бақыт, молшылық, жақсылықтар әкеледі, мал басының аман болуына, өсіп-өнуіне көмектеседі деп, сол үшін олар аруақты разы етуге тырысты. «Аруақ аттаған оңбас» деп аруақты ұмытпады... [2, 156-159 бб.].

Араб қолбасшысы Кутейб ибн Мүслим әскері Қазақстанның оңтүстігінде 714 жылы басып кірді. Қазақстан тұрғындарының исламдануы осы кезден басталады. Осы кезде Мауеренахрдағы бауырластарына үнемі қол ұшын беріп отыратын Түркеш қағанаты Орта Азиядағы арабтардың жаулап алған жерлеріне үлкен қауіп төндірді, себебі олар Шаш (Ташкент) пен Ферғананың, Самарқанд пен Бұхараның автохтонды тұрғындарын қолдап отыру үшін әскер жіберіп отырды. Арабтардың Испиджабқа (Сайрам) жоғарғы түркештердің қолбасшысы Әбу Мырзақым (Сүзеген) қаған араб экспанциясына сәтті тойтарыс берді. Басында арабтар Оңтүстік Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. 737 жылға қарай түркеш атты әскерінің көмегімен Мауеренахр әскері жерлерін шетелдіктерден тазартты. Бірақ таққа талас барысында Сүзегеннің өлтірілуі түркеш мемлекетін әлсіретті, сол себепті арабтың аймақ бастығы Наср ибн Сейяр осы жылдан бастап Орта Азиядағы араб билігін қалпына келтіре бастады.

Исламды зерттеуші Ғафуров Б. Орта Азияның исламдануын зерттей келе, мынадай пікір айтады: «714 жылы Кутейб Шашқа қайтадан шабуыл жасады. Ол Шашты өз ордасына айналдырып, Испиджаб бағытында жорыққа аттанды. Кутейбі бұл қаланың сауда орталығы екендігі емес, оның стратегиялық маңызы қызықтырады. Испиджабты алып, Кутейб Орта Азиялық одақ-

тастарына көмекке ұмтылған түркі әскерінің жолын қиып тастауға талпынды,» – деді [3, 191 б.]. Жорыққа сарбаздарымен бірге миссионерлер де қатысты, алайда арабтардың шегінуі дін уағыздаушыларына жаңа дінді таратуға мүмкіндік бермеді. Бұл аймақта көптеген конфессиялардың болғаны белгілі. Әсіресе, зороастризм қомақты орын алды. Бірақ исламның таралуына байланысты зороастризм қудалауға ұшырады. Оның жазба әдебиеттері жойылды. Басқа манихейлік, будда, христиан діндері де осындай жағдайға душар болды.

Арабтар Мәуреннахрды Әбдімәлік ибн Маруан (685-705) тұсында ғана жаулап алуға қолы жетті. Хорасан билеушісі Кутейб ибн Муслим ішкі қырқыстардан әбден әлсіреген Орта Азияға қоныстанған түркі тайпаларын басып алды. Сөйтіп, 705 жылдың өзінде-ақ бүкіл Орта Азияны уысында ұстады. Балхты басып алған Кутейб ибн Муслим Бұхарға ұмтылды. Соғдылар мен түркі тайпалары арасына от салу нәтижесінде Бұхарды алды. Ауыр шайқастардан соң соғдылықтар астанасы Самарқанд қолға түсті.

Ұзақ дәуірлер бойына қазақ тайпалары арасында әдет-ғұрыптардың нормалары қоғамның бірден-бір заң реттегіші рөлін атқарды. Оның да себебі бар еді. Әуелі, қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты басқалардан томаға тұйық өмір сүрді. Сол себепті де тек қазақи, өзіндік идеологияны өз ішіне алды. Екіншіден, әдет-ғұрып заң нормалары тек үстем тапқа ғана емес, жалпы қазақ қоғамына тиістілік сипатына ие болды. Өйткені, туыс-туыстарымен ру-ру болып көшіп-қонған қазақтарда «ру намысы» күштірек еді. Бұл төменгі таптың «өз туыстастары» үстем тапқа қарсылығын тежеп отырды.

Қазақтардың өзіндік ерекшелік пен сипатқа ие болған елді басқару формалары, экономикалық жүйесі, рухани қажеттілігін қанағаттандыратын өнері, заңдары мен мінез-құлықтық кодекстері болған. Ұзақ дәуірлер бойы жазба мәдениеті баяу дамыған қазақтардың (өйткені көшпенді тұрмыс кешу мектептер ұстауға мүмкіндік бермеді) ауызекі шығармашылық дәстүрі күшті дамыған. Әсіресе жас ұрпақты тәрбиелейтін үлгі-насихат жырлары, мақал-мәтелдері қандай мол, әрі қандай терең еді десеңізші! Бұлар тек құрғақ ақыл-кеңес емес, нәрлі де мазмұнды гираттар. Бұлар құқықтық нормалар мен моральдық, саяси, мінез-құлық, т.б. тәртіптерді де өз ішіне жан-жақты қамтиды.

Әбу Ханифа жол салған суниттік ағым басқаларына қарағанда көнімпаз, басқа халықтардың әдет-ғұрып заңдарына бой ұсынғыш болуына себепті қазақ тайпаларына да өте тиімді болды.

Сондықтан да қазақтардың әдет-ғұрпы өз кезегінде ислам діні шарифат заңдарын кері итеріп тастамай, қайта феодалдық қарым-қатынастың жандануына игі әсер ететін шарифат заңдарын қабылдап алды. Сөйтіп, екі наным ұзақ мезгіл бойы бір-біріне зиян келтірмей, қатар өмір сүрді. Сол себепті де қазақтардың әдет-ғұрпы көбіне өзінің бұрынғы болмысын сақтап қалды. Билер қазақтардың қоғамдық маңызы зор мәселелерінің көпшілігін ежелден келе жатқан бұрынғы ата-бабалары әдет-ғұрып заңдары бойынша талқылап шешті. Ал өз кезегінде араб миссионерлері де қазақ тайпаларының тілін, әдет-ғұрпын, сенімдерін, құқықтық нормаларын, мәдени жетістіктерін лақтырып тастамай, санасуына тура келді. Бұлардың бәрін исламға қайшы келмейтін етіп, қырын жатқызуға тырысты.

Ислам дінінің келуімен қала мәдениеті, ғылым, білім, сауда, өнер жедел дами бастады. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде мешіттер, медреселер, қалалар бой көтерді.

Еліміздегі алғашқы мешіттер мен медреселер Отырар, Түркістан, Сайрам, Тараз қалаларында салынған. Мешіттер рухани және ғылыми орталықтар болған.

Ислам діні қазақ еліне бейбіт жолмен, яғни ізгілік пен мейрімділік негізінде таралды. Қазақ даласында Ислам дінінің келуі және орнығуымен қатар бүкіл Ислам әлемінің жарық жұлдыздары Әбу-Насыр әл-Фараби, Әбу Ибраһим Исхак әл-Фараби, Ғаламәддин әл-Жауһари, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Игүнеки, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хуссам Аддин Ас-Сығанақи сынды ғұламалар ислам мәдениеті мен ғылымын әлемге паш етті.

Ислам дінін қабылдағаннан кейін түркі әдебиетінің жаңа үлгілері туындаған. Бұлар: Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Игүнекидің «Ақиқат сыйы» және Ахмет Ясауидің «Хикметтері». Бұл үш тұлға да қазақ топырағында өмір сүргендіктен қазақ ұлысын құраған тайпаларға олардың әсерінің көп болғанын айтуға болады. Аталған шығармалардан авторларының діни білімі жоғары болғандығын көре аламыз. Аяттар мен хадистерді жақсы меңгергендіктері және оларды шығармаларында тікелей немесе мағыналай қолданулары – осының айқын бір көрсеткіші [4, 98-111 бб.].

Кез келген адам қоғамдағы құбылыстарға, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен мәдениетке тәуелді болып, олардың әсерлерінен тыс қалмайтынын ескерсек, бұл үш шығарма олардың өмір сүрген ортасын суреттеп, сол кезеңде қазақ даласында Ислам дінінің ықпалы және халықтың діни ахуалының қандай деңгейде болғанын ұғынуға жол ашады.

Қорыта келгенде Ислам діні көптеген халықтардың рухани табиғатына сай келді. 1500 жылға ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбардың өмірі, оған дейінгі пайғамбарлар тарихы осыған дәлел. Исламның терең тарихы бар Көне Қазақстан жеріне келуі мәдениеттің дамуына, қоғамымыздың өзіндік санасы мен руханилығы игі ықпал еткені баршаға аян.

Халқымыз мұсылман болғандықтан оның діни өмірінің ең басты қайнар көзі – Аллаһ тағаланың сөзі Құран Кәрім екені даусыз. Ал сол Құранның өмірдегі тәпсірі – пайғамбардың хадистері мен сүннеттері. Осы тұжырымдарды негізге ала отырып, халқымыздың ішкі дүниесіне, мәдениетіне үңіле түскенімізде, діни түсініктері мен дүниетанымының, іс – әрекеттері мен тұрмыс – салтының Құран аяттарымен қатар хадис және сүннеттермен үндесіп, солардан бастау алып жатқанына көз жеткізуге болады.

Мұсылман мәдениетінің артықшылығы тек рухани салада ғана көрініс тапқан жоқ. Дін – наным-сенімге, этикаға, философияға және Қазақстандағы ғылым мен мәдениетті дамытуға зор ықпалын тигізді. Сонымен қатар қазақ жеріне ислам дінінің таралуын қазақ халқына тигізген оң әсерлерін қазақтың төл салт-дәстүрімен байланысуы, қазақ халқының отбасылық өмірінде ислам уағыздарының адамгершілікке толы қасиеттері мен тәлім-тәрбиенің ұқсастығының молдығы бар.

Қазақ даласында Ислам халықты бір-бірің жақсы көруге, бір-біріне жәрдемдесіп, бауырларша өмір сүруге шақырады. Мемлекеттерді дамытуды, адамдардың рух, тән және пікірлеу тұрғысынан еркін өмір сүруін қалады. Алланың бұйрықтарын құрметтеуді, бүкіл тірі жанға мейрімді болуды өсиет етеді. Ислам жанды-жансыз әрбір жаратылғанға деген жауапкершілікті жүктенген. Сонымен қатар, жаман әдеттерден аулақ болып, нәпсіні тәрбиелеуге шақырады. Жалқаулыққа, уақытты бос өткізуге тыйым салып, ғылымға, техникаға, өнеркәсіпке, саудаға, егіншілікке, өнерге үлкен мән береді. Діні, отаны, сенімі басқа болған адамдарға күш көрсетуге тыйым салады. Жеке адамның, жанұяның және ұлттардың құқықтары мен міндеттерін көрсетеді. Тірілерге, өлгендерге, туылатындарға, баршаға өзіне тән құқық және жауапкершілік жүктеуге Ислам діні адамзаттың осы дүние мен ахиретте бақытты болуын көздейді.

Қазақ даласына ислам дінінің келуі ислам құндылықтары мен ислам философиясын, ислам мәдениеті мен өнерін дамыту мен жанарту ісіне қазақ халқы маңызды және зор үлес қосты.

Әдебиеттер

- 1 Бартольд В.В. Соч.Т. 5. – М., 1961. – 268 с.
- 2 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М., 1961. – 345 с.
- 3 Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. – М., 1972. – 316 с.
- 4 Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпимыз, Сүннет – салтымыз. – Алматы, 2011. – 280 б.
- 5 Гумилев Л. Древние тюрки. – М.: АН СССР: Инс нар. Азии. – 234 с.

References

- 1 Bartold V.V. Soch. T. 5. – M., 1961. – 268 s.
- 2 Malov S.E. Pomyatniki drevnetyurskoy pismennosti. – M., 1961. – 345
- 3 Gafurov B.G. Tadjiki. Drevneyshaya, drevnyaya I srednekovaya istorya. – M., 1972. – 316 s.
- 4 Adilbaeva Sh. Hadys gurpimiz, sunnet – saltimiz. – Almaty, 2011. – 280b.
- 5 Gumilev L. Drevnye tyurki. – M.: ANSSSR: Ins nar. Azyy. – 234 s.

Жаксылыкова Г.Е.
**Қазақ әйелінің қоғамдағы
және ұлттық мәдениеттегі
орны**

Мақалада қазақ қоғамындағы әйелдер мәселесі, олардың ұлттық мәдениетіміздегі рөлі мен әлеуметтік орны туралы баяндалады. XIX-XX ғғ қоғамда қалыптасқан әйелдер теңсіздігі мәселесі, оған қарсы ұлт зиялыларының жасаған іс-шаралары, олардың саяси күресі туралы айтылады. Сонымен қатар, жаңа саяси ойлардың қалыптасуы, Кеңес Үкіметінің орнауының әйелдер қауымына ықпалы және осыдан кейінгі әйелдердің саяси билікте, қоғамның экономикалық дамуына белсене араласуы талқыланады. Кеңестік кезеңде республика экономикасы мен руханиятын ілгерітетуіне әйелдердің сіңірген еңбегі туралы айтылады. Алашорда үкіметінің іргетасын қалауға өзіндік үлестерін қосқан әйелдер қауымының өкілдері және олардың саяси қызметі қарастырылады. Аталмыш мақалада баспасөз беттерінде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқыққа қол жеткізуі туралы жазылған мақалаларға тарихи талдау жасалған. Қазақ әйелдеріне арналған мерзімді баспасөздер, олардың әйелдер мәселесін шешу жолындағы қызметтері көрсетіліп, олардың негізгі мақсаты мен міндеті туралы айтылады. Қазақ халқының этно-саяси рухында қалыптасқан әйелдер, олардың қоғамдағы рөлі мен маңызы сипатталады.

Түйін сөздер: «Әйел теңсіздігі», «қалың мал», экономика, мәдениет, съезд, баспасөз.

Zhaksylykova G.E.
**Kazakh place of women in
society and national culture**

In article author looking at women`s problems in Kazakh society, their role and place in our culture and in our sodium. Prescribing a inequality of women`s in XIX-XX, their political fight and actions of national elite. And forming of political thinking, role of women`s in forming and further development of soviet power. Considered a contribution of women`s in progress considered of economical and spiritual life in soviet period Describing a role of women`s in forming of AlashOrda`s government. In this article author made the analysis of works about socio – economics status of women`s in historical aspect. Considered periodical print about Kazakh women`s and their role in dissident their problem`s. Kazakh women`s ore descried in there, women`s that was formed in ethno – political spirit and their role in society.

Key words:Women inequality, reach, economic, culture, periodical print.

Жаксылыкова Г.Е.
**Место казахской женщины
в обществе и национальной
культуре**

В статье автор рассматривает проблемы женщин в казахском обществе, их роль и место нашей культуре и в социуме! Описывается неравенство женщин в XIX-XX вв., политическая борьба, деятельность национальной элиты. А также формирование политических мыслей, роль женщин в формировании и дальнейшем развитии советской власти. Рассматривается вклад женщин в прогресс экономики и духовной жизни в советский период. Описывается роль женщин в формировании Правительства Алаш Орды. В данной статье автор сделал анализ трудов, посвященных социально-экономическому статусу женщин в историческом аспекте. Рассматривается роль периодической печати, посвященной казахским женщинам, в решении их проблем. Описываются казахские женщины, формирование которых происходило в этнополитическом духе, и их роль в обществе.

Ключевые слова: женское неравенство, калым, экономика, культура, съезд, периодическая печать.

**ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ
ҚОҒАМДАҒЫ
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
МӘДЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ**

Бүгінде ғаламдық сипатқа ие мәселенің бірі – әйелдер мәселесі, олардың қоғамдағы орны мен рөлі. Елбасы Н. Назарбаевтың: «Қоғамның даму барысын өмірде – нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз елестету мүмкін емес» деуі қазіргі кезеңде әйелдердің саясатта, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігімен, қабілет-дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосуына орай айтылған еді [1]. Қазақстан әйелдерінің қазіргі таңдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық жағдайының тарихи алғышарттары ерте кезеңде қалыптасты. Ежелгі дәстүрлеріміз бойынша, әйелдер қазақ қоғамында ерекше әлеуметтік статусқа ие топ болды, сондықтан да, оларға ерекше ықыласпен, жоғары құрметпен қарайтын болған [2]. Шығыстың басқа халықтарымен салыстырғанда, қазақ қыздары өздерінің еркіндігі және азаттығымен ерекшеленіп тұрды. Ұлы даламыздың арулары өздерінің ерік-жігері мен азаттық сүйгіштігі, табиғатындағы осындай күшті қасиеттерінің арқасында өз ұлтының тағдыры шешілген оқиғаларға белсене қатысып, маңызды шешімдер қабылдауға тікелей әсер еткені бізге белгілі. Жалпы, әйелдердің қоғамдағы орны мен рөліне қатысты бұл іргелі ережелер мыңдаған жылдар бұрын қалыптасып, дамып отырған. Қазіргі таңда, әйелдер мәселесінің, олардың қоғамдағы орны мен рөлінің ғылыми тұрғыдан зерттелуі ҚР дамуындағы және рухани жаңғыртулар үшін өте маңызды дүние болып табылады.

Қазіргі Жаһандану кезеңінде халқымыздың өз құндылықтарын сақтап, оны қайта жаңғырту өте маңызды. Рухани құндылықтар қоғамды, ондағы әрбір тұлғаны тәрбиелейтін негізгі фактор. Сол құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуда әйелдің атқаратын рөлі зор. Халқымызда «Жер ана», «Ана тілі» деген көптеген қасиетті ұғымдары анамен байланыстырылады. Тіл – рухани тәрбие бастауы, барша құндылықтарды халық тіл арқылы жеткізеді. Ал ана тілі – ең алдымен бесік тербеткен әйелдің тілі болып саналады. Барлық құндылықтар тек сөзбен ғана берілмейді, ол адамның өз болмысы, тұлғасы арқылы қалыптасады, дамиды, өзгелерге беріледі, яғни дұрыс тәрбиемен толықтырылады. Ұлт болашығы, тәрбиелі ұрпақ деп санаған

халқымыз ежелден-ақ ұлт тәрбиесіне баса назар аударып, ерекше мән берген [1]. Ал, әйел сол жас ұрпақтың бойына рухани мұралары мен құндылықтарын, ар-намысы мен рухы биік, тарихына таныммен, құрметпен қарайтын, еліне жаны ашитын, адамгершілігі мол жан етіп тәрбиелейтін негізгі тұлға. Жастар – ел болашағы, ал сол болашақты қалыптастырушы және қамтамасыз етуші тірек әйел. Ол бейбіт күнде от басының ұйытқысы, қоғамның ақылшысы, тәрбиешісі бола білді. Ал, ел басына күн туған сәтте, жауға шауып, Отан алдындағы парыз бен жауапкершілікті ер азаматтармен бірдей арқалады. Қазақ әйелі рухани құндылықтарды өз бойына жинақтау арқылы өзгелерге үлгі болды. Үнсіз жүріп ұлтты тәрбиеледі, елеусіз жүріп ел басқарды.

Қазақ халқы өзінің шығу тегін сонау сақ, ғұн, түрік дәуірлерінен бастайды, бұл кезеңдер Отан тарихының бір құрамдас бөлігі болып табылады. Әйелдер билігі сақ заманындағы Томирис пен Зарина патшайымдардан бастау алады. Ал, көне түркілердің наным-сенімдерінде әйел-құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Әйел тәңірі Ұмай – отбасы мен бала-шағаның жебеушісі болған. Түрік қоғамында әйелдер қауымы жоғары бағаланған. Түрік қоғамының туыстық-қарым қатынасы әкелік, яғни патриархалды болды. Туыстық қарым- қатынаста іні- аға, апа- сіңіл деген терминдер қолданылады. Түріктерде отбасыға кенже қыздың ұрпақтары да кірген. Яғни, жанұя қара шаңырақ иесі (кеже бала) мен кіші қыздың ұрпақтарынан тұрған. Үлкен қыз тұрмысқа шыққан соң, ол жат болып саналып, оның ұрпақтыр басқа отбасына саналған. Кеже қыз баланың жанұяның бір құраушы бөлігі болуы, ол сонау ерте замандағы матриархаттан қалған сарқыншақтардың бірі болуы тиіс. Түріктер әйелдерді сал-серідей әдейі құрметтейтін. Баласы үйге кірген соң, әуелі анасына иіліп сәлем беретін, содан кейін барып қана әкесіне сәлем беретін болған. Орхон жазуында, ордада апасы мен қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде Күлтегіннің оны жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Әйелді әменгерлікпен алу сол заманнан бастап ақ болған, оған кейбір қытай деректері дәлел бола алады. Хатун статусына келер болсақ, ереше қасиеттері мен дана-шешендігі, ақылгөйлігімен және тағы басқа қасиеттерімен ерекшеленген әйел адамға берілетін статус. Хатун статусы қаған әйелдеріне берілген. Ол ежелден келе жатқан дәстүрдің бірі болып табылады. Түркі замандада әйел адамдардың қоғамдағы алатын орны ерекше болған. Әйел адам ерлермен тең құқылы дәрежеде бол-

ған. Әйел заты айрықша бағаланып, олармен тіпті құдайларда байланыстырылды (мысалы, Ұмай ана құдайы). Ана отбасыдағы қадірлі адам болды. Қорыта айтқанда, түрік қоғамында әйел затының алар орны бөлек болды.

Ал, Қазақ хандығы кезінде батырлық пен қайратты бойына жинап, өзін биязылығымен бағалатқан, тектіліктің айнасы бола білген қазақ қыздарының рөлі зор болды. Бұл кезеңде, әйел қауымының ішінен бүкіл саяси билікті өз қолына алып, ел билеп хан болған жоқ, бірақта саяси тұрақтылықты сақтау, сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен қызмет атқарған. Сондай-ақ, көрші орналасқан елдермен дипломатиялық байланыстарды нығайту мақсатында, татулықтың негізгі тірегі бола білді. Хандық кезеңде әйелдердің қоғамдағы орны мен атқаратын негізгі функциясы рухани салт-дәстүрлерімізге негізделіп, арнайы ережелермен реттеліп отырған. «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделіп жасалған «Жеті Жарғы» халқымыздың дәстүрлер мен әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы болып табылады. Заңнама да, әйелдер мәселесін шешуге байланысты, олардың құқықтарын реттеу мақсатында арнайы бекітілген бөлім бар. Жер дауынан кейін қойылған, «Жесір дауы» – әйел қауымының, қазақ қоғамындағы рөлінің деңгейін көрсетеді. Ал, рухани мәдениетіміздің ең бір дамыған көрінісін осы қауымға арналған «Қыз Ұзату», «Жар-Жар», «Қоштасу», «Қалың мал» сияқты салт-дәстүрлерімізден көруге болады [3].

Қазақ хандығы тұсындағы, жаугершілік заманда халқының тәуелсіздік жолында ерен еңбек еткен қазақ арулары жетерлік. Қазақ халқының, тіпті Қазақ хандығының жойылып кету қаупі жоңғарлармен соғыс кезінде төнді. 1635 жылы Жоңғар хандығы құрылған соң олардың шабуылы үдей түседі. Жоңғарлар жеке-жеке ауыл болып өмір сүрген қазақтарды бір-біріне хабар беріп үлгертпей, қапыда бас салып, тонап кету, қырып кетуді әдетке айналдырған. Осындай шайқастардың бірінде қолды Абылайдың өзі басқарып, жоңғарлар тарапынан Қалдан-Сереннің ортаншы ұлы, тақ мұрагері Цевен-Доржы шығады. Зеңбірек қазақтарға қарсы оқ жаудырып, жүздеген сарбаз қырылады. Амалсыз Абылайдың қолы шегініп, абдырап тұрғанда, қазақ жасақтарының оқ жақ тұсынан Цевен-Доржы тұрған төбеге қарай басында үкілі кәмшат бөрікі бар, ақ боз атты бір қыз «Қабанбай! Абылай!» деп ұран тастап, суырылып шыға шабады. Жеңіспен оралған Абылай жеңіске жол салған қызды іздестіреді. Бұл Қабанбай батыр мен қазақ-

тың батыр қызы Гауһардан туған Назым екен. Сондай-ақ, Олжабай батырдың анасы Есенбике жоңғарладың қалың қолы орналасқан жерден өз адамдарын бірнеше рет аман өткізіп, барлаушының қызметін атқарған. Сондай-ақ шаншар руынан шыққан Қызданбике, Нұрбике, Айбике деген ел-жұртқа ақыл-парасатымен қадірлі болған ару аналар, қолбасшылар арасында өткізілетін кеңестерге үнемі қатысатын болған. Ал, енді Ақбике келейік, ол – Бұланбай батырдың жары, барлаушы топтың жетекшісі, Алтай, Ертіс, Тарбағатайдың бөктеріне орналасқан жоңғар әскерлерінің күш-қуаты, орналасу ерекшеліктері туралы ағасы, қолбасшы Қабанбай батырға құпия мағлұматтар жеткізіп отырған. Орта ғасырлық батырлар әлі зерттелмеген, тың дүние [4]. Деректер бойынша, қазақ руларының шамамен отыз пайызы әйелдер атымен аталған екен. Қазақ әйелдерінің бойындағы ерекше қасиеттері көптеген ақын-жазушылар жырларына арқау болса, олардың тарихтағы ерлігі мен батырлықтары туралы ғылыми зерттеулер мен еңбектер жарық көрді.

Салт-дәтүріміз бойынша ұзатылатын қызға жасалатын кәде «қалың мал» XIX-XX ғғ. әлеуметтік мәселеге айналды. Қоғамда әйел теңсіздігінің пайда болуына алып келді. XIX ғ. аяғында баспасөз беттерінде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқыққа қол жеткізуі туралы көптеп жазыла бастады. Кеңестік кезеңде пайда болған саяси ойлардың әсері болар, қоғамдағы әйелдердің саяси және еңбек белсенділіктерінің артқанын байқауға болады. Мәдениеттегі әйел үні XX ғ. бастап шыға бастады.

Осы ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы қазақ халқының әлеуметтік, саяси өмірінен хабардар етіп, қазақ бұқарасын мәдениетке, білім мен өнерге шақырған басылым еді. Осы журнал беттерінде жарияланған С.Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына», «Ұзақ күткен үмітім хәм бас адамдарға бір-екі сөз» атты арнайы мақаласы мен «Қыз батасы» атты өлеңі, К. Өтегенқызының «Қазақ қыздарына», М. Сейдалиованың «Зарлау» және «Тұр қазақ!» атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келеген кеңестік жаңа заманның жаңа өмірі мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұрнысын, өзіндік ойын байқауға болады. Кеңестік заманда қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ аруларына алға шығуы қазақ әйелдері арасынан да мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің шыққандығын көрсетеді. Кеңестік кезеңде республика экономикасы мен

руханиятын ілгерітетуге әйелдердің сіңірген еңбегі мол. Бірақта, тоталитарлық жүйе қоғамдағы әйелдердің белсенділігі мен әлеуметтік практикасын әрқашан оң бағалай бермегені де ақиқат.

Сонымен қатар, ұлт зиялылары да бұл мәселенің оң шешімін табуына ат салысты, осы мақсатта, күн тәртібіне қойған үш мәселе, саяси билік, жер және әйел теңсіздігі болатын. Қазақ зиялыларының ертеден келе жатқан әдет – балаларын жастайынан атастырып қою, құдаласу, әмеңгерлік және көп әйел алушылық сияқты зиянды ғұрыптарға арнайы көңіл бөлу себебі – бұл сол кездегі өзекті мәселелердің бірі болатын. XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ зиялылары өз еңбектерінде қазақ қыздарын ерте жастан ұзатын ескі салтқа қарсы екенін, осы мәселені шешу үшін неке және ажырасу ісін қатал бақылау керектігін айтады. XIX ғ. екінші жартысынан бастап зиялылар қалам тартқан бұл тақырып XX ғ. басында да өз жалғасын тапты. Ұлттық сананың оянуы барысында мұндай мәселелерді көтеріп, мерзімді басылым беттерінде жариялау және насихаттау зиялылардың міндеттерінің бірі болды. Себебі, ұлт болашағы – жас ұрпаққа тәрбие беретіндер, әйелдер болатын. Ал, басында теңдігі жоқ, сауатсыз әйелдердің дұрыс тәрбие бермейтіндігі белгілі. Сондықтан да қазақ әйелдерінің құқықтарын ерлермен теңестіріп, оларды сауаттандыру, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыру ісінде зиялылардың қосқан үлесі өте зор. XX ғ. басында әйел теңдігі мәселесі қазақ зиялылары бас қосқан съездердің күн тәртібіне қойылып, оны шешу жолдарын қарастырып, әйелдерге теңдік берген қаулылар шығарады. Бірақта, әйелдердің теңдік алуына байланысты жүргізілген шаралардың оң әсерімен қатар теріс әсерлерінің болғандығын көреміз. Сонымен қатар ажырасқан әйелдердің санының артқаны да анықталған. Мұның өзі демографиялық процестерге өз әсерін тигізбей қоймады [5]. Ескі салтқа, яғни қалың мал, әмеңгерлік және бірнеше әйел алуға үкімет тарапынан тыйым салынса да, оның аз жылда жойыла қоймайтынын, оны жоюға оқыған көсем әйелдердің көбірек болу керектігін, сонда ғана қазақ әйелінің жағдайы түзелетіндігін жазған – қазақ зиялылары әйелдердің теңдікке жетуіне басты жол – оқу деп біліп, олардың сауатын ашу жолында көп жұмыстар атқарған. Алаш қозғалысының жетекшілері өздері ұстанған бағыт-бағдар мен ой-пікірлерін халық арасына жеткізіп, олармен байланыс жасау мақсатында түрлі ұлттық басылымдарды («Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас Азамат», «Алаш», «Үш жүз» газеттерін) дүниеге

келтіріп, олардың тұрақты авторлары болғандығы баршамызға аян. Солардың қатарынан біз Н. Құлжанованың, А. Досжанованың, Р. Алдаоңғарованың және т.б қазақ әйелдерінің есімін жиі ұшырастырамыз. Олардың саяси белсенділігі 1917 жылы ақпан революциясынан кейін шақырылған әртүрлі деңгейдегі қазақ съездерінің жұмыстарынан айқын байқалады. Қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен өткізілген басқосуларда өкілдердің әйел мәселесіне ерекше көңіл бөлуіне 1917 жылдың мамыр айында болған бүкілресейлік мұсылмандар съезіне депутат болып қатысқан Аққағаз Досжанованың ықпал еткендігі байқауға болады. 1917 жылы «Алаш» газетіне А. Баржақсиннің «Қазақ халқының көзі ашық әйелдеріне ашық хат» және «Үш миллион күн», Р. Алдаоңғарованың «Әйел теңдігі» атты мақалалары жарық көріп, XX ғасырда әйелдерге теңдік тиіп, сөйлейтін кез келгенін, осы газет арқылы өздерінің мұң-мұқтаждарын білдіруге, соған орай ұлттық басылымдарда батыл үн қатып отыруға шақырады. А. Баржақсин «Алаш» газетінің 1917 жылдың 21 наурыз күнгі санында Қазақ халқының көзі ашық әйелдеріне ашық хатын жариялайды. Онда ол «басқа елдердің, атап айтқанда, Америка, Германия, Англия елдерінің әйелдері арасынан шешен, көсем, сыншы, жазушы, ақын шығып, олар өз құқықтары үшін айтысып, ақырында, сол армандарына қол жеткізіп» отырғандарын, «ал, қазақ халқында надандықтың құлы болу, тағдырдың дегеніне көну, әйелдерді кемге санап, кез-келген адамға шырылдап қоса салу белең алғанын...мұндай жағдайдағы қазақ әйелдерінің еңірегінде етектері жасқа толып, көздері қанға толатынын...олардың осындай аянышты халін ойлағанда, ішкен ас бойға дарымай, ұйқы шайдай ашылатынын» ашына баяндайды [6].

1920 жылы Қазақстан автономиялы республикасы Орталық Атқару Комитетінің қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тиым салу жөнінде қабылдаған декреті жарияланды. Декретте қазақ әйелдерінің еңсесін басқан,

адамдық қасиетін қорлаған, тағы басқа да зиянды әдет-ғұрыптарды жою көзделді. Міне, осы декреттің мәнін әйелдерге түсіндіріп, олардың өздерінің бас бостандығы үшін күресуіне көмектесу, әйелдерді қоғам өміріне белсене араластыру үшін ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұлардың жұмысын насихаттайтын, әйелдерге арналған баспасөз органын шығару қажеттігі туындады. Осыған орай жетісіне бір шығатын аймақтық партия комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің газеті «Теңдік» 1925 жылы 5 мамырда Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда шыға бастады. Газет редакторы С. Есова болды. «Теңдік» езілген әйел, қорлықтағы күндер тіршілігінің айнасы. Жеті нөмірінен соң «Теңдік» газеті 1926 жылдың шілде айында журналға айналып «Әйел теңдігі» деп аталды. Журнал тиражы жылма-жыл өсіп отырды. Журнал шығып тұрған 1926-1935 жылдар аралығында XIX ғасырдағы Сара Тастанбекова секілді ескі салттың қалың малдың құрбаны болған қазақ қыздарының басына теңдік бостандық әперу мәселесін батыл қолға алып, тозығы жеткен дәстүрлерді аяусыз әшкерлеп, «Әйел теңдігі» деген атына сай үлкен қызмет көрсетті. Сондай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша әйелдерге арналып шығарылған алғашқы басылымдардың бірі «Жетісу әйелі» журналы, оның алғашқы саны 1923 жылдың 15 қаңтарында жарық көрді.

Қазақ халқының этно-саяси рухында қалыптасқан әйелдердің рөлі барлық кезеңде де маңызды болды. Ол ежелгі сақ заманынан бастау алып, ғасырлар бойы жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Тарихта сөзі мен ісі елге өнеге болған парасатты батыр аналарымыз, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі, олардың есімдерін қайта жаңғыртып, зерттеулер жүргізу қажет. Сондай-ақ, Алашорда үкіметінің іргетасын қалауға өзіндік үлестерін қосқан әйелдер қауымының өкілдері және олардың саяси қызметі туралы да жинақталған мәліметтер аз, әліде тың зерттеулерді қажет ететін тақырыптың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Қоғамның рухани жаңғыруындағы әйелдердің рөлі // дөңгелек үстел материалдары. – Өскемен, 2014.
- 2 Жүзтаева Б.Н. Қазақстан әйелдерінің қоғам дамуындағы рөлі: тарихи талдау (1946-1991 жж.): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2010.
- 3 Арғынбаев А. Қазақ отбасы. – Алматы: Ғылым. 1996. – 285 б.
- 4 Пірімбетова Е. Отан үшін от кешкен батыр қыздар. // Қазақ тарихы. – 2000. – №5.

5 Байдавлетова М.Д. XIX ғ. II жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелердің қазақ зиялылары еңбектерінде зерттелуі; философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2011

6 К. Илиясова. Қазақтың күрескер әйелдері. // Қазақ тарихы. – 2000. – № 5.

References

- 1 Qogamnyn ruhani zhangyruyndagy aielderin roli // dongelek ustel materialdary. – Oskemen, 2014.
- 2 Zhuztaeva B.N. Kazakhstan aielderinin qogam damuyndagy poli: tarihi taldau (1946-1991): tarih gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertaciynyn avtoreferaty. Astana, 2010
- 3 Argyubaev A. Kazakh otbasy. – Almaty: Gylym 1996. 285b
- 4 Pirimbetova E. Otan ushin ot keshken batyr kyzdar. // Kazakh tarihy. – 2000. – №5.
- 5 Baidavletova M.D. XIX g. IIzhartysy – XX g. algashkyonzhlydyktaryndagyKazakhstanstandagyetnoaleumettikzhaneetnomad-enimaselelerdinkazakhziylylaryenbekterindezerttelui; filosofiydoktory(PhD)gylymidarezhesinaluushindaiyndalgandissertaciy. Almaty, 2011
- 6 Iliysova K. Kazakhtynkureskeraielderi. // Kazakh tarihy. – 2000. – №5.

Ахметова Н.К.
Алаш ұранды «Сары Арқа»

Бұл мақалада 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле-шала Семей қаласында жарық көрген «Сары Арқа» газеті – «Алашорданың» үні болған және қазақ автономиясы үшін күрескен басылым екені көрсетіледі. «Сары Арқа» газеті таза саяси мәселелерді қозғаумен ерекшеленеді. Онда Алашорда үкіметі мен оның қайраткерлерінің азаттық жолындағы әрбір қадамдары егжей-тегжейлі баяндалады. Газетте Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, Х. Ғаббасұлы, Р. Мәрсеқұлы, М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Дөнентаев, т.б. таланттар шоғырының көсемсөзі жарияланады. «Қазақ» газеті большевиктер тарапынан қыспаққа алынып, шығарушылар қуғынға ұшыраған кезде А. Байтұрсынов пен М. Дулатов саяси көзқарастарын «Сары Арқа» арқылы жеткізіп тұрғаны мәлімделеді. Ұлт көсемдері қазақты өз жеріне, жерасты байлығына ие қылу, өз билігін өзіне беру, өз тұрмыс-тіршілігіне сай заңдармен өмір сүргізу, жаппай оқытып-ағарту үшін күрескені жайлы айтылады.

«Сары Арқа» газеті аумалы-төкпелі заманда ұлтқа қызмет ету үшін дүниеге келіп, сол мақсатына толық жеткен басылым екені, қазақ халқының басын қосуға күш салып, бірлікке шақырғаны жайлы, бір адамның басындағы қайғыны сөз ете отырып, бүкіл қазақтың соған жұмыла көмек беруіне себеп болғаны жайлы, Семей өңірінде дүниеге келгенімен, жоқтағаны бүкіл қазақ мұңы екені жарияланады.

Түйін сөздер: Алашорда, «Сары Арқа» газеті, Большевик, Алаш қайраткерлері, ұлт зиялылары, халық, басылым.

Akhmetova N.K.
Alash is the slogan of 'Sary-Arka'

This article mentions that in 1917 the newspaper «Sary-Arka» published after the February Revolution in Semipalatinsk was the voice of Alash Orda and publishing struggling for the Kazakh autonomy. The newspaper «Sary-Arka» is different in that it touches political objectives. This article details the steps each Alashorda government and its leaders on the path to liberation. The newspaper published journalism talents Bokeyhanov A., A. Baitursynov, M. Dulatov Aymauytov J., S. Kudaiberdiev, H. Gabbasuly, R. Marsekuly, M. Zhumabaev, M. Auezov, S. Donentaev etc.

The newspaper «Kazakh» underwent harassment by the Bolsheviks, however A. Baitursynov and M. Dulatov handed political views through the «Sary-Arka». Great leaders of the nation fought for the establishment of the authority of the country in accordance with the laws of the welfare of their lives, fought for universal education of the Kazakh people.

Key words: Alashorda, «Sary-Arka» newspaper, the Bolsheviks, Alash leaders, intellectuals of the nation, the people, the edition.

Ахметова Н.К.
Алаш – лозунг «Сары-Арқа»

В этой статье речь пойдет о газете «Сарыарка», опубликованная в городе Семей после октябрьской революции 1917 года, которая являлась изданием Алашординцев и представлявшее их идею о создании Казахской автономии. Особенность газеты «Сарыарка» заключалась в том, что в ней поднимались только политические вопросы и проблемы, также детально описывались все действия и подвиги Алашординцев в борьбе за свободу. Публицистика неординарных и талантливых личностей как А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, Х. Ғаббасов, Р. Марсеков, М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Донентаев и др. опубликована в данной газете. А. Байтұрсынов и М. Дулатов излагали свои политические взгляды и позиции через газету «Сарыарка», в то время как издатели газеты «Қазақ» подвергались притеснениям со стороны большевиков и преследовались законом. Газета «Сарыарка» вышла в свет в смутные времена в истории казахского народа, призывая их к единству и сплоченности в борьбе за право, за свободу, за независимость. Это издание, которое поднимала проблемы не только одного региона, но и изливало горе всего казахского народа.

Ключевые слова: Алаш-Орда, газета «Сарыарка», большевики, деятели Алаш-Орды, народная интеллигенция, народ, издание.

АЛАШ ҰРАНДЫ «САРЫ АРҚА»

Алаш қайраткерлері Ресей патшасы тақтан алынып, бірінші дүниежүзілік соғыстан ойсырай жеңілген ірі империяда аумалы-төкпелі заман орнаған сәтті пайдаланып, Алаш автономиясын жариялауды көздегені мәлім. Ол автономияның түпкі мұраты – қазақ елінің тәуелсіздігі екені бесенеден белгілі. Ұлт көсемдері қазақты өз жеріне, жерасты байлығына ие қылу, өз билігін өзіне беру, өз тұрмыс-тіршілігіне сай заңдармен өмір сүргізу, жаппай оқытып-ағарту үшін күресті. Бұл жолда «Қазақ», «Сары Арқа», «Абай», «Бірлік туы», «Жас азамат» сынды басылымдар шын мәніндегі «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білді. «Сары Арқаның» жүріс-тұрысында, мінез-құлқында туа салып, ерте есеудің белгісі бірден байқалады» [1]. Олай болатын жөні бар. «Қазақ» газеті патшалық заманнан бері қарай халық санасына азаттықтың рухын сіңіріп келсе, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле-шала Семей қаласында жарық көрген «Сары Арқа» газеті дүниеге келе салысымен оны жүзеге асыруға асықты. Оның алдында тәуелсіз ел болу деген ұлы мақсат тұрды. Кімнің дос, кімнің қас екендігін айырып болмайтын аласапыран заманда «ақ» та емес, «қызыл» да емес тек ұлт мүддесін көздеген жолда болды. Автономияны бірден жариялауға, бір жағынан, Ресейдің қаһарынан сескенсе, екінші жағынан, әр қиырдағы қазақтың басын қосып алу үшін қарайлаған [2].

Большевиктер үкіметі сөз, қағаз жүзінде езілген ұлттарға теңдік, бостандық жариялағанымен, іс жүзінде жүзеге асырған жоқ. Жоғарыдағы шешімдер арқылы автономия алып кетуден үмітті болған Алаш азаматтарының осы жолдағы есіл еңбектері ақталмады. Ол туралы «Сары Арқаның» 1918 жылғы 22 наурыздағы №35 санында былай делінген: «Өткен жылғы июнь айында Петроградта болған советтер съезінде «Россиядағы жұрттардың бас билік тізгініне ие болуға хақы бар» деп қаулы қылған еді. Октябрьде болған советтердің 2-ші съезінде жоғарыдағы қаулыны екінші рет бекітіп, бұлтасыз іске асыру керек деп тағы да қаулы қылған еді. Осы екі қаулыға сүйеніп, совет үкіметі өткен декабрьдің ішінде бүкіл Россиядағы жұрттарға «Бас билік тізгінің өзінде. Мейлің Россиямен қанаттас автономия болып отыр, мейлің Россиядан бөлініп, өз алдына жеке мемлекет бол, ерік өздерінде» деп жария қылған еді [3]. Бұл жоба заңдарға қоса тіркелген еді.

Кіндік совет үкіметінің босаң ұстағанынан, я болмаса бергі жердің советтерінің жоғарғы советке мойынұсынбай бетімен іс қылғандығынан ба, я басқа себептерден бе, қайсысы болса да жоғарғы заң бұл күнге шейін іске аспаған еді».

«Сары Арқа» газетіне Алаш қаламгерлерінің барлығы бірдей шоғырланды. Олар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, т.б. «Қазақ» газеті большевиктер тарапынан қыспаққа алынып, шығарушылары қуғынға ұшыраған кезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов саяси көзқарастарын «Сары Арқа» арқылы жеткізіп тұрды.

Газеттің басқа басылымдардан ерекшелігі – «Сыртқы хабарлар» айдары жұмыс істеді, яғни шетел жаңалықтарына зор мән берілді. Саяси қақтығыстар заманында қазақтың өз орнын айқындау үшін оның маңызы орасан болатын.

Газет алғашқы сандарынан-ақ саяси ұстанған бағытының айқындығымен, өткір мақала, батыл ойлармен ерекшеленеді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!», «Мемлекет құрылысы», «Партия» сынды бас мақалалары жарық көрді. «Жас Алаш» деген автор (М. Дулатов болуы мүмкін) «Ұлы орыстың үстемдігі» атты мақаласында төмендегі пікірді ашық айтады: «Орыстың қай партиясы хәкімшілікке ие болса да бізге теңдік, еркіндік болмайды, бұл-анық.

Бізден орыстың саяси партиясына қосылып, қазақты да қосылған партиясына қаратып, жақтатпақ болған қазақ не түк аңдамайтын соқыр, не қазақ ұлтына қызмет қыламын дегені бекер жан деп ұғамын. Орыстың байы кедейді жегені рас-ақ шығар. Бірақ орыстың байы да, кедейі де қазақты жейді. Қазақ байы орыс кедейін жеп көрген жоқ. Жеуге дәрмені де келген жоқ. Бұл талассыз нәрсе... Орыстың құлдығынан құтылып шықпай жатып, кедей-бай деп жіктелетін жайымыз жоқ һәм олайша айырылуға тарихи дайындық, пұл мен еңбек қайшы келіп таласқандық жоқ. Тамырсыз нәрсені зорлықпен ексең де қазақ ішінде орнамайды, бұл мисыз біреу болмаса, дау шығармайтын нәрсе». Мұнда жаңа заман алып келген «теңдік» ұғымын Ресейдегі бай мен кедей арасындағыдай емес, ұлттардың теңдігі, бір-біріне озбырлық көрсетпеуі мағынасында қарастырған [4].

Семей қаласында жарық көрген «Сары Арқа» газеті осы күнге дейін көпшілікке кең тарап, жеткілікті дәрежеде зерттеу объектісіне айнал-

май келеді. Оның басты себебі біріншіден, төте жазуды танитын зерттеушілер қатарының аздығы екіншіден, 1917-1919 жылдары жарық көрген газет тігінділерінің толық күйінде сақталмауы. Алаш тарихын зерттеушілер басты дерек көзі ретінде көбінесе «Қазақ» газетіне сүйенеді. Ал, бұл тұрғыдан «Сары Арқа» газетінің маңызы еш кем емес. «Алашорданың» үні болғандықтан соған қатысты мәселелер егжей-тегжей баяндалған. «Күш-бірлікте» атты мақала осыны дәлелдейді: «Мемлекет тізгіні большевиктерге аусты. Большевиктер қалай билік қолына тиіп күш алған соң, николайдың таза кепешін жұртқа қайта киізуге айналды. Айтқанына көнбеген, айдауына жүрмеген елді аттарды, талатты. Кедей мен байды, оқыған мен қараны жауластырды. Фариказауыттарды қираттырады. Малдағы мал, ақшалыға пұл қоймайды. Тартып алуға қол қойғызды. Россияда төбелессіз жер қалмады. Жүгенсіздік, қырылыс, атыс күннен күнге күшейді. Желіккен надан жұмыскер мен солдаттар қаруланып алған соң дәнігіп бой бермей кетті. Жол-жобаны ұмытты. Білгені зорлық, күш болды. Оларға «тәк» дейтін хәкім болмады. Хәкімшілік құрыған соң мемлекет мемлекеттіліктен қалды: жегеннің аузында, ұстағанның қолында кететін олжа болды. Есі бар жұрт қырып жойып келе жатқан қалын апаттан аман қалу шараларын іздесті. Бізге де апатқа ұшырап, біреудің қанжығасында кетпеске талпынып қалатын заман туған сияқты» дей келе төңкерістен ұлы орыс есін жиғанда оңайлықпен автономияны бере қоймас. Тиісті мезгілін өткізіп алып, баяғыдай аңсап жүрмелік. Сондықтан: «Автономия зор іс: күш керек, пұл керек. Бұл екеуі де көп біріксе табылатын нәрсе. Неғұрлым бірлік көбейсе, соғұрлым автономия берік, қорғауға жеңіл болмақ. Сондықтан автономияны қазір өзіміз жасауға бел байласақ (бел байламай амал да жоқ), бар қазақ-қырғыз қосылып, жария қылуымыз керек. Басымызды қоса алмай, жартымыз онда, жартымыз мұнда айырылып, әркіммен кетсек тозармыз. Не де болса автономияны ылғи қазақ-қырғыз бірігіп айтқанымыз жөн. Ұмытпалық күш бірлікте екенін!»[5] деп жар салады.

Қазаққа жеке автономия болу керек пе, әлде Түркістан мен Сібірге қосылған тиімді ме деген мәселелер қызу талқыланды. Автономияның пайдасы былай деп түсіндірілді: «Автономия – бас билік тізгін өзінде болып, жұрт өзін-өзі билеу деген сөз. Біздің іздегеніміз – жерге, ұлтқа байланған автономия. Мұндай автономиялы жұрттың иемденген астында ауданды тұтас жер, қолында билігі болмақ. Билік үш түрлі: 1) заң

шығару билігі; 2) сот билігі; 3) әмір-іс атқару билігі (хүкімет). Осы үш дөңгелекке бүкіл мемлекеттің ісі құрылмақ.

Заң – өмір киімі. Өміріне, ресіміне, табиғат-әдетіне үйлесетін заңды шығаруға әр жұрт өзі ғана шебер. Тұрмысына лайықты заңды жұрт өзі шығарса, ондай заң кең болып, жұртты бетімен жайылтып, табиғат нәфәсін аздырмақ емес; тар болып, кеудені қысып, бүрістіріп, жұртты қынжылтпақ емес; ып-ықшам тігілген киімдей өмір, тұрмысқа үйлесіп тұрмақ. Біреуі үшін біреудің жасаған заңы сырттан пішкен тондай өмір, тұрмысқа қашанда болса қайшы келіп тұрмақ; өнер-білімнің ілгері басуына үлкен бөгет болмақ» [6].

Газетте мәдениеті күшейтіп, ұлтымызды сақтау үшін басымызға, жер-суымызға ие болып, жұрт қатарынан орын алып, ұлт мақсатына жету үшін бізге автономия керек деп жар салды. Кеше жұртым қандай едің? «Қазақ деген халық едің: Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді; осылардай жұмаққа меңземес жерлерің бар еді; ... көлдерің бар еді; ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді; дұшпан күндерлік күйлерің бар еді; ердің құнын екі ауыз сөзбен беретін билерің бар еді; ақ киізге ораған хандарың бар еді; ізгі қария шалдарың бар еді; сауық-сайран жиының бар еді; кедей жоқ, бай едің, төрт түлікке сай едің». Осының бәрінен жұртым айрылып едің!!

«Мойныға бұғалық түсті, бұлқынбадың; құрық көтеріп еді, қолға тұрдың; арғымақ едің, жабы болдың; жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді, ер қашты қылды, көне бердің; баяғы дәурен көзіңнен пыр-пыр ұшты; қамықтың, жабықтың, көзіңнің жасын құдай иіді!» (Мадияр) деген толғаулар орын алған [7].

Жалпы, «Сары Арқа» таза саяси басылым болды. Мұнда әдеби шығармалар жоққа тән. Анда-мұнда кездесетін өлең-жырлардың заман талабына сай күрескерлік сипаты басым. Қазіргі күні жұрт аузында жүрген әйгілі:

Алаш туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты,
Қорлығына бермейміз!

Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын Алаш, жасасын! –

деген өлең жолдары осы «Сары Арқа» газетінде басылған.

Алаш қайраткерлері ұлт қазынасына, аштықтан зардап шеккен босқын қазақ-қырғыздарына, білім алып жатқан шәкірттерге арнап жылу жинап, жәрдем берушілердің тізімі мен берген қаржысын газет бетіне жариялап отырды. Сонымен қатар шаруашылық, азық-түлік, киім-кешек, оқыту мәселелеріне араласып, қандай жағдайда да қара халыққа тиімді болуы жағын қарастырды. Осы орайда газетте:

Қымбатшылық

Ақмешіттен жазады: кесекті ұнның пұты 75 сом, бидай пұты 65 сом, илеген ұн пұты 100 сом, қой еті ақшаға табылса пұты 130 сом, түйенің соғымдығы 1700 сом, соғымдық жылқы 700, құнан қой 120 сом, ісек 90 сом, сиыр 400 сом, ешкі 65 сом деп.

Кештік күрс

Павлодарда бірінші октябрьден бастап, орысша-мұсылманша ноғайлар тарапынан ашылған курста қазақтан 10 жігіт, бір қызы оқиды. Оқу аяғы майға дейін созылады. 25 сом ақы төленеді. Сабақ кешкі алты мен сегіз сағаттың арасында. Оқытушы: бір мұғалім, бір учитель.

Ғабдолвахид Нұрғожин

Алынды ма, жоқ па?

Октябрьдің 6-сында Қызылжардағы қазақ жастары қырғынға ұшыраған Жетісу қазақтарына деп құрбан айтта жинаған 922 сом ақшаны телеграм арқылы жіберіп едік һәм алғандығыңызды білдір деп Алматыдағы Жетісудың обласной комитетке телеграм да соқтық. Сол ақша алынып, тиісті орнына табыс қылынды ма, жоқ па, біле алмай тұрмыз. Соның үшін Алматыдағы Жетісудың обласной комитетінен тағы өтініп сұраймыз: жоғарыда айтылған ақша алынды ма, жоқ па? Жауабы «Сары Арқа» арқылы берілсе екен.

«Талап» қауымының председателі –

Б. Малдыбаев,

Секретары – Әбуһарире Жүсіпұлы

деген сынды жан-жақтан алынған хабарлардан қысқаша ақпараттар жарияланып тұрды [8]. Мұны «Сары Арқа» газетінің өзіндік стильдік ерекшелігі деуге де болар.

Орынборда 3-5 желтоқсанда өткен жалпы қазақ-қырғыз сиезінде болсын, бірінші жалпы қазақ сиезінде соңғы қаралған зор мәселе сол кездегі бүліншіліктен халықты қорғау үшін милиция құру жайы болады. Қазақ облыстары 15 мың милиция құрмақ болып, бәрі бір ауыздан келіседі [9]. Милиция мәселесі келесідей қарастырылады: «...Ешбір тоқтаусыз милиция кірісу тиіс. Милиция түзудің уақытша тәртібі мынадай: 1) Милиция қызметіне алынады жасы 20 мен 35 арасындағы қызметке жарайтын азаматтар; 2) Милицияға азаматтар ақымен жалданып алынады. Егер жалдатушы шықпаса, талонмен алынады; 3) Талонға бір үйден бірнеше кісі алынса, милиция қызметіне олардың біреуі ғана алынады. Милиция талонмен алынған адамдарға толық үй шаруасына қарай, басқа себептермен мәулет

беру жергілікті ұйымдардың міндеті; 4) Милицияға керек болған қару-жарақты Алашорда ұлт қазынасы есебіне салып алып, тиісті орындарға таратады; 5) Милиция қызметін үйрету үшін 100 милиционерге бір офицер, 50 милиционерге бір инструктор шақырылады т.б...» [10].

«Сары Арқа» газетінде сыртқы хабармен қатар, ел ішіндегі хал-жағдайларды, әл-ауқатты көрсететін, ішкі хабар айдары бар. Онда мысалға қазақтарға көрсетілген жүгенсіздіктің орын алғанын, ашына жазады: «Декабрьдің 25-інде Семейдің ескі-ұсқы сататын базарында бір қазақтың қолындағы шайын солдаттар көріп, тартып алады. Бадырайтып тал түсте күшпен тартып алғанына қазақ көнбей, айқай салады. Сол арада базарда жүрген қазақ, алыпсатарға айналған солдаттар жиналып, екі жар болады. Құр қол қазақ не бітіреді? Ұзақтай шулап, топырлап жүргенде базардың қасындағы казармадан (солдаттар тұратын магазиннен) мылтықты солдаттар шығып, ақ-қараны тексермей, қазақ сабағалы жатыр деген өтірікке иланып, топтанған қазаққа келіп тиседі: нәрселерін тартып алып, өздерін жүндей сабайды. Сасқанда ақыл бола ма? Таяқ жеген соң қазақ шананың дертелерін суырып, қолына түскен ағашты алып қарсы, тұрмақ болып дүрсе қоя береді. Солдаттар бытырлатып мылтық ата бастайды. Қазақ быт-шыт қашады. Хайуандығы ұстап, қаны қызған солдат тымақ кигеннің бәрін қуып, тышқан аңдыған мысықтай кез келген қазақты ұстап алып тепкілейді. Төбелеске кіріспеген бір қазақты ұстап ұрып, жұдырығы, аяғы, тісі түгел тиіп, көкпарға берген лақтай бақыртып, езіп, жаншып өлтіреді. Бұл оқиғаны қазақ комитетінің адамдары біліп, дереу милиция бастығына, солдаттар советіне айтып, тоқтатындар бұзақыларыңды, істің беті жаманға айналып жүрмесін деп қыр көрсеткен. Олар қарулы потролдар жіберіп, құтырған солдаттарды қуып, казармаларына тыққан» [11].

«Сары Арқалықтардың» халық алдындағы өз жауапкершіліктерін қаншалықты сезінгендіктерін «Асқынған ауру дауасы – ащы дәрі» атты мақаладағы батыл байламнан анық көреміз: «Мен қайткенде де әзірге қазақ көпшілігінің бойы ержетсе де, ойы ержетпегендігіне қарап,

газеттер елдің жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, өзіне қарай үйір қылып отырса екен деймін. «Асқынған ауру дауасы – ащы дәрі» деген. Тегінде қазақ дәрігерлері «ашытады екен» деп қазақтың «асқынған ауруын» емдемей қоймақшы емес. Емдесе, ашытады; емдесе өледі, жұғып қазақтың тұқымын құртады. Осы екі жолдың қайсысын ұстау керек? Ашытса да емдеу керек. Емдегенде қас болса да, жазылғанда дос болар. Және елдің бәрі пұшық пен қарабеттің соңынан жүреді деуге болмайды. Жүрсе, пердесі ашылып, қарабеттігі көрінбегендігінен жүреді.

Газеттің көп мақсатының біріншісі – пердені ашып, сол қарабеттерді халықтың көзіне түсіріп, ақтық, адалдыққа қарай бұрып алу.

Газет айна бола алмаса, сол беті жаман, пұшық, мерездерге айна бола алмай отыр: көрсеткендігі үшін. Елдің бәрі пұшық, мерез емес қой. Күнде айнаға қарап, «ананың бетін» деп күліп, өз бетінің саулығына шүкіршілік қылып отырғандар да көп шығар. Тегінде «рас сөз жағымды болмайды, Жағымды сөз рас болмайды» деген бар ғой. Жағымды болуға газет растықтан пұшықтар өкпелейді екен деп айырыла алмаса керек» [12].

Бұл басылымда да ұлы Абайдың інісі – Шәкәрім Құдайбердіұлы мен баласы Тұрағұлдың елінің тәуелсіздігін аңсаған, сол жолда күрескен азаматтық бейнелері айқын көрінеді. Мәселен, Шәкәрімнің «Қазақша ай аты жоқ», Тұрағұлдың «Ел қамы» атты мақалалары жарық көрген [2].

Қорыта айтқанда, «Сары Арқа» газеті аумалы-төкпелі заманда ұлтқа қызмет ету үшін дүниеге келіп, сол мақсатына толық жеткен басылым. Қазақ халқының басын қосуға күш салып, бірлікке шақырған. Бір адамның басындағы қайғыны сөз ете отырып, бүкіл қазақтың соған жұмыла көмек беруіне себеп болған. Семей өңірінде дүниеге келгенімен, жоқтағаны – бүкіл қазақ мұңы болды.

«Сары Арқа» газетін ақтара отырып, қазақ журналистикасының болсын, қазақ тарихының бастауындағы тың ізденістерді, ерекше шешімдерді байқаймыз. Газет заман талабына сай жеделдікті, нақтылықты, байыптылықты ту еткен.

Әдебиеттер

- 1 Мектептегі А. Алашорданың сырлы шежіресі // Қазақ елі. – 1997 ж. – 11 шілде.
- 2 Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы «Өнер», 2011 ж. 10 – кітап: Сарыарқа. – 360 б.
- 3 Қазақстан тарихы. 5 – томдық. – Алматы, 2002.
- 4 Қазақ журналистикасы. 1-том // Қазақ баспасөзі. – Алматы: «Таймас», 2008. – 38 б.

- 5 Жас Алаш. Күш бірлікте // Сарыарқа. 1917ж. –12 қаңтар. – №27. – 57-58, 59 б.
- 6 Сарыарқа. 1918ж. – 27 наурыз.
- 7 Ғаббас //Алаш автономиясы. Сарыарқа. 1917ж. – 22 қаңтар. – №28, 81 б.
- 8 Сарыарқа. 1917ж. – 12 желтоқсан. – №24. – 28-29 бб.
- 9 Сарыарқа. 1917ж. – 12 қаңтар. – №27. – 60 б.
- 10 Сарыарқа. 1917ж. -25 қаңтар. – №29. – 103-104 б.
- 11 Хасен Күнгөров.//Жүгенсіздік көріне басталды. Сарыарқа. 1917ж. – 12 қаңтар. – №27. – 69 б.
- 12 Жас қазақ//Сарыарқа. 1917ж. – 12 желтоқсан. – №24. – 32, 33, 34 б.

References

- 1 Mekteptegi A. Alashordanuң sygly shezhiresi // Қазақ eli. –1997 zh. – 11 shilde.
- 2 Alash көsemсөzi: 10 tomduқ. – Almaty «Өнер», 2011zh. 10 – kitap: Saryarқа. – 360 b.
- 3 Қазақстан тарихы. 5 – tomduқ. – Almaty, 2002.
- 4 Қазақ zhurnalistikasy. 1-tom // Қазақ baspasөzi. – Almaty: «Tajmas», 2008. – 38 b.
- 5 Zhas Alash. Kysh birlikte // Saryarқа. 1917zh. –12 қаңтар. – №27. – 57-58, 59 b.
- 6 Saryarқа. 1918zh. – 27 наурыз.
- 7 Ғabbas //Alash avtonomijasy. Saryarқа. 1917zh. – 22 қаңтар. – №28, 81 b.
- 8 Saryarқа. 1917zh. – 12 zheltоқсан. – №24. – 28-29 bb.
- 9 Saryarқа. 1917zh. – 12 қаңтар. – №27. – 60 b.
- 10 Saryarқа. 1917zh. -25 қаңтар. – №29. – 103-104 b.
- 11 Hasen Kүngөrov.//Zhүgensizdik көrine bastaldy. Saryarқа. 1917zh. – 12 қаңтар. – №27. – 69 b.
- 12 Zhas қазақ//Saryarқа. 1917zh. – 12 zheltоқсан. – №24. – 32, 33, 34 b.

Жарылқапова Ж.Қ.
**Мұстафа Шоқайдың
Түркістан автономиясын
құрудағы қызметі**

Қазақстан тарихының кеңестік кезеңі бүгінгі мемлекет өмірімен де, ұрпақ өмірімен де тікелей байланысты болғандықтан, бұл салада объективтік пікір әлі тыңғылықты түрде қалыптасып біткен жоқ. Ол, әсіресе, кеңестік тоталитаризм тарихында ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси жағдай осы кезеңдегі тарихи оқиғалар мен саяси қайраткерлер қызметіне байланысты. ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде елеулі оқиғаларға толы болды. Атап айтар болсақ, Қазақстанда революциялық қозғалыстардың белең алды және қазақ ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіндегі белсенділігі арта түсті. 1917 жылы уақытша өкімет құлап, барлық билік большевиктердің қолына өткенінен кейін коммунистік жүйеге қарсы топтар жағына шығып, соңында шетел асып барып, өмірінің соңына дейін түрік әлемінің бірлігі, «Тұтас Түркістан» идеясын жүзеге асыру үшін күресіп кеткен Алаш қайраткері – Мұстафа Шоқайдың атқарған қызметін ашып көрсетудің маңыздылығына баса назар аударады.

Түйін сөздер: автономия, Түркістан автономиясы, революция, құрылтай, Уақытша үкімет, большевик.

Zharylkarova Zh.K.
**Moustapha Chokaya's activity
in formation of the Turkestan
Autonomy**

History of Kazakhstan the Soviet period is directly related to the life of the modern state and the generation, therefore, this issue still an objective opinion yet has not formed in this problem. Socio-political situations have been associated with historical events and activities of political figures In the history of Soviet totalitarianism in the first quarter of XX century. In the first quarter of XX century The important events have been taken in the social and political life of Kazakhstan have been. The revolutionary movement while was developed in Kazakhstan, and this time was reflected in the action of public and political life, cultural progress, establishment and development of national languages, literature and press, spread of new ideological concepts. It should be noted that the development of the national spirit and consciousness are important to publish the authorities and activities of one of the major figures of the movement "Alash" – Mustafa Shokai. After the fall of the interim government in 1917 began to seize power throughout the Bolsheviks and Mustafa Shokai led a struggle to implement and until the end of his life the idea of "One Turkestan" unity of the Turkic world, against communist system.

Key words: autonomy, Turkestan autonomy, revolution, constituent assembly, provisional government, Bolshevik.

Жарылқапова Ж.Қ.
**Деятельность Мустафы Чокая
в образовании Туркестанской
Автономии**

История Казахстана советского периода непосредственно связана с жизнью современного государства, поэтому в этой проблеме ещё не сформировалось объективное мнение. В истории советского тоталитаризма в первой четверти ХХ в. общественно-политические ситуации были связаны с историческими событиями и деятельностью политических деятелей. В Первой четверти ХХ в. в общественно-политической жизни Казахстана произошли важные события. В то время в Казахстане развивались революционные движения, и это время выражалось в активизации общественно-политической жизни, культурном прогрессе, становлении и развитии национальных языков, литературы и прессы, распространении новых идеологических концепций. Следует отметить, что для развития национального духа и сознания весьма важно опубликовать роль и деятельность одного из крупнейших деятелей движения «Алаш» — Мустафы Шокая. После падения временного правительства 1917 г. власть повсюду стали захватывать большевики, и М.Шокай до самого конца своей жизни вёл борьбу для осуществления идеи «Единый Туркестан», единства тюркского мира, против коммунистической системы.

Ключевые слова: автономия, Туркестанская автономия, революция, учредительное собрание, временное правительство, большевик.

**МҰСТАФА ШОҚАЙ-
ДЫҢ ТҮРКІСТАН
АВТОНОМИЯСЫН
ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Түркістан мұсылмандарының IV Төтенше Құрылтайы 1917 жылы 26 қараша күні Қоқан қаласындағы Хан сарайында Шоқайдың сөз сөйлеуімен ашылды. Сонымен большевиктердің құрылтайды болдырмау үшін жасаған бүкіл шаралары нәтижесіз қалған еді. Ақырында большевиктер де құрылтайды мойындап, комиссар Полтарацкийді өкіл ретінде жіберуге мәжбүр болды. Құрылтайда Ташкенттегі Кеңес Халық Комитетін атынан да сөз сөйлеген Полтарацкий Түркістан автономиясын қолдайтындықтарын атап өтті. Бірақ оның сөздері құрылтайға қатысушылардың көңіліне сенім ұялатпады. Шоқай Полтарацкийдің сөздерінің адалдығына күмән келтіргенімен оның қатысып, құрылтай жұмыстарын құттықтап сөз сөйлеуінің саяси тұрғыдан маңызды екеніне назар аударады. Бұл жағдай Түркістанда Кеңес өкіметінің ұлттық негізінің жоқтығының айқын белгісі еді [1].

Құрылтайға қатысушылық жоғары дәрежеде болды. 203 делегат қатысқан құрылтайда Ферғана аймағы 150 делегатпен қатысушылардың көпшілігін құрады. Самарқан аймағынан 21, Сырдариядан 22, Бұқарадан 4, Каспий аймағынан 1 делегат келді. Үш күнге созылған құрылтай жұмыстары кезінде қатысушылардың саны 250-ге дейін көбейген еді [2].

Құрылтайға қатысқан делегаттар арасында қала думасы мен татар халқының өкілдері және Түркістан еврейлерінің ұйымы «Палеолей Сиондан» келген өкілдер сияқты жергілікті мұсылмандардан басқалар да бар еді. «Улұғ Түркістан» газеті 1917 жылдың 8 желтоқсан күнгі санында Құрылтайға байланысты оны Мұсылман Құрылтайы деп емес, Түркістан Халықтары Құрылтайы деп атаудың дұрысырақ болатындығын атап көрсетеді. Түркістан мұсылман жұмысшылары, шаруалары және әскерлері Кеңесінің баспасөз органы «Ишни дүниясы» журналы болса, Құрылтайға Түркістандағы әртүрлі топтардан өкілдер қатысқандықтан, Түркістанның 10 миллион мұсылман халқының барлығының мүдделерін көздеп, шешім қабылдау құқына ие екендігін айтады [1].

Үш күнге жалғасқан құрылтай кезінде қатысушылар Түркістан аймағының келешектегі саяси құрылысының қандай болуы керектігі жөніндегі пікірлерін ортаға салды. Мұның нәтижесінде 27 қараша күні, түннің кеш уақытында Түркістан

автономиясын жариялауға бір ауыздан қаулы қабылданды. Бұл қаулыда: «Жасасын Түркістан автономиясы! Түркістан Мұсылмандары IV Төтенше Құрылтайы Түркістан аймағында өмір сүріп жатқан халықтардың талап-тілегіне сәйкес, Ресей төңкерісі тарапынан белгіленген ережелерге сүйене отырып, федерация негізінде құрылған Ресей Республикасының құрамында бола отырып, Түркістанның жерге негізделген территориялық автономиясын жариялайды» делінді. Құрылтай сонымен қатар Түркістанда азшылықтағы халықтардың құқықтарын да толық қорғайтындықтарын мәлімдеді.

Сөйтіп, 28 қараша күні құрылған мемлекет «Түркістан автономиясы» деп аталды. Құрылтайда сондай-ақ мемлекеттің Атазаңы (конституциясы) мен атқару органдарын айқындайтын және Түркістан Құрушы Мәжілісі жиналғанға дейін елді басқаратын екі орган белгіленді. Олар: Түркістан Уақытша Кеңесі және Түркістан Халық Мәжілісі. Түркістан Уақытша Кеңесінің мүшелерінің саны Ресей Құрушы Мәжілісінде Түркістан үшін белгіленген депутат санымен бірдей, яғни 32 деп белгіленді. Мұның өзі Түркістан Уақытша Кеңесі мүшелерінің, сонымен қатар Ресей Құрушы Мәжілісінде қызмет атқаруының да ұйғарғандығын көрсетеді [4].

54 мүшелік Түркістан Халық Мәжілісінде мұсылман емес өкілдерге 18 орын бөлінді. Сонымен Халық Мәжілісінде барлық Түркістан халқының тек 7 пайызын құрайтын мұсылман емес халықтарға 33 пайыздық өкіл құқы берілді. Осы арқылы Түркістан автономиясының құрушылары өлкенің азшылықтағы халықтарының құқықтарын қорғайтындықтары жөніндегі шешімдеріне адал екендіктерін байқатты. Түркістан Халық Мәжілісі Түркістан Құрушы мәжілісі сайланғанға дейін уақытша парламент міндетін атқаратын еді.

Түркістан Халық Мәжілісінде мұсылман емес халықтарға берілген 33 пайыздық өкіл саны Түркістан Құрушы Мәжілісінде де сақталды. 234 депутаттан тұратын Түркістан Құрушы Мәжілісіне мұсылман және мұсылман емес халықтар үшін бөлек сайлау аймақтарын белгілеу де ұйғарылды [2].

Құрылтай Уақытша Халық Мәжілісіне мына қайраткерлерді сайлады: Убейдуллах Хожа, Мұстафа Шоқай, Ташпулатбек Нарбутабеков, Садреддинхан Шерифқожаев, Қоңырқожа Хожинов, Истемуллах Убайдуллин, Саиднасыр Миржалилов, Серәлі Лапин, Саид Жафербай Саидов, Ислам Шахахметов, Әбдірахман Оразаев, Хидаятбек Юрали Агаев, Насырхан Төре

Камалхантораев, Міраділ Мырзахмедов, Ташхожа Ашурхожаев, Әбділқадыр Күшбегиев, Абиджан Махмут, Жамшидбай Корабеков, Солмон Абрамович Херзфелд, Әбдүсамет Әбдүсалимов, Убейдуллах Дербисалин, Мұса Акчурин, Мұстафа Мансуров, Махмут Хожа Бехбуди, Ибрахим Далшин, Мұхамметжан Тынышбаев, Халил Ширинский, Талипжан Мусабаев, Камал Кази Рахманбердиев, Алихантөре Шакирхантөреев, Сабиржан Юсуфов, Әділжан Омаров және тағы басқалар [4].

Конгресте талқыланған маңызды тағы бір мәселе – Орал казактарының лидері және антибольшевик атаман Дутовтың Оңтүстік-Шығыс одағына Түркістанның кіруі туралы ұсынысы еді. Дутов Құрылтай аталған одаққа кіру туралы шешім қабылдаған жағдайда большевиктерге қарсы әскери жәрдем көрсететіндіктері және ашаршылық кезінде Түркістан аймағына мақта, жүн, тоқыма өнімдеріне айырбастап немесе арзан бағасымен астық беретіндіктері жөнінде уәде берді. Құрылтай бұл мәселе жөнінде шешім шығаруды құрылатын Түркістан үкіметіне тастады. Шоқайдың пікірінше, бұл атаман Дутовтың ұсынысын қабылдамау барысында алға тартылған сылтаудан басқа ештеңе емес еді.

Құрылтай жұмысы аяқталғаннан кейін Түркістан Уақытша Кеңесі үкімет құру үшін бас қосты. Шоқай мен Убейдуллах Хожа үкімет құрудың орнына орталық комитет құруды ұсынды. Бұған себеп ретінде өкімет деп аталатын ұйымның шындығында қолда бар мүмкіншіліктері үкіметтік биліктерді толық атқаруға жеткілікті емес екендігін алға тартты. Бұл ұсынысқа көпшілік келіспеді. Осыған орай Шоқай мен Убейдуллах Хожа құрылатын әлсіз өкіметте қызмет атқара алмайтындықтарын, бірақ автономияға өкіметтен тыс қала отырып қолдау көрсететіндіктерін айтты. Бірақ Уақытша Халық Кеңесі олардың бұл ұсыныстарын да қабыл алмады және өкіметтегі ең жауапты орындарға сайлады. Түркістан Уақытша Кеңесінің өз мүшелері арасынан сайлаған және 12 мүшеден тұруы жоспарланған өкімет мүшелері мына қайраткерлерден құралды:

Мұхамметжан Тынышбаев – Бас министр және Ішкі істер министрі.

Ислам Шахахметов – Бас министр орынбасары.

Мұстафа Шоқай – Сыртқы істер министрі.

Убейдуллах Хожаев – Қорғаныс министрі.

Юрали Агаев – Жер асты және жер үсті қазба байлықтар министрі.

Абиджан Махмут – Азық-түлік министрі.

Абдырахман Оразаев – Ішкі істер министрінің орынбасары.

Соломон Абрамович Херзфельд – Қаржы министрі.

1917 жылдың 8 желтоқсан күнгі «Улуғ Түркістан» газетінің мәлімдеуіне қарағанда, өкіметте төрт министрлік орын мұсылман емес өкілдерден де кандидаттар көрсетілу ықтималына байланысты бос қалдырылды [6].

26-28 қараша күндері үш күнге созылған Түркістан мұсылмандарының IV Төтенше Құрылтайының ең маңызды шешімі – еш күмәнсіз Түркістан автономиясын жариялау болып табылады. Бұл шешімді Түркістан халқы үлкен толқу үстінде, қуанышпен қарсы алды. Түркістандағы көптеген қалаларда Қоқан, Наманган, тіпті большевиктер билігіндегі Ташкентте де халық автономияны мерекеледі. 1 желтоқсан күні Наманганда 10 мың адам автономияға қолдау шеруін өткізді. Шеруде «Жасасын Түркістан автономиясы мен үкіметі!» деген плакаттар алып жүрді. Осындай шерулер мен митингтер бір апта ішінде Түркістанның басқа қалаларында да жалғасты. Бұл турасында ең үлкен жиын 6 желтоқсан күні Ташкентте өткізілді. Жұма мешітінің іші мен сыртына 60 мыңдай адам жиналды. Жиналысты Саид Ғани Махдум, Мүневвер Кари және Серәлі Лапин басқарды. Жиналыста халық Түркістан Уақытша үкіметінен басқа ешқандай да өкіметті мойындамайтындықтары туралы шешім қабылдады [5].

Осындай ыңғайлы жағдайда өз жұмыстарын бастаған Түркістан Уақытша үкіметі ең алдымен қарулы күштердің құрылуы, қаржылық істердің бір жүйеге келтірілуі, мемлекеттік мекемелердің қалыптастырылуы және салық жүйесінің реттелуі секілді мемлекеттің кезек күттірмес мәселелерін жүзеге асыруды көздеген өз бағдарламасын айқындады. Үкімет Түркістан Құрушы Мәжіліс сайлауын 1918 жылдың 20 наурыз күні өткізуге шешім қабылдады. Ол Түркістан Мұсылмандарының IV Төтенше Құрылтайының өзіне тапсырған казак атаманы Дутовтың Оңтүстік-Шығыс одағы мәселесін де қарады. Бұл туралы нақты шешім шығару Сыртқы істер министрі Шоқайдың II Жалпы Қазақ Құрылтайы үшін баратын Орынбор сапарынан қайтуынан кейінгі уақытқа қалдырылды. Шоқайға сол сапары кезінде Дутов одағының саяси бағыт-бағдары туралы мағлұмат жинау тапсырылды. Бұдан кейінгі бөлімде жан-жақты сөз болатынындай, II Жалпы Қазақ Құрылтайынан оралған Шоқай Оңтүстік-Шығыс Одағына кірмеу жөнінде кеңес берді. Осыған орай, Министрлер Кеңесі атаман Дутовтың ұсынысын қабылдау туралы шешім шығарды.

Түркістан Уақытша үкіметінің қарастырылмаған мәселелерінің бірі – патшалық дәуірден қалған мемлекеттік ұйымдарды бақылау астына алу еді. Бұл орайда біршама жетістікке қол жеткізілді. Әсіресе, Ферғана аймағындағы мемлекеттік мекемелер Түркістан Уақытша үкіметі қол астына өтуге келісім берді. Ташкенттегі кейбір мемлекеттік ұйымдар мен банк Түркістан Уақытша үкіметін таныды. Жалпы алғанда, Түркістан автономиясын жақтамайтын бұл ұйымдардың мұндай шешім қабылдауында олардың большевиктерге қарсы дұшпандықтары маңызды рөл ойнады. Уақытша үкіметіне мойынұсынуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, сол уақытқа дейін басқару деңгейінде ешқандай құқық бергісі келмеген мемлекеттік ұйымдардың түркістандықтардың билігін тануы олардың бойындағы өзін жоғары ұстау психологиясының сыр бере бастағандығын айқын бір белгісі [3].

Түркістан Уақытша үкіметі желтоқсан айы ішінде жаңа мемлекеттік құрылымын қалыптастыру барысында әртүрлі салада маңызды жұмыс атқарды. Қаржыны жүйеге келтіру үшін жаңа салық заңдарын белгілеу мақсатында салық инспекторлары жиналысы өткізілді. Халық ағарту министрі Насырхан Төре бастауыш мектептен басқа да жұмыстарды бір жүйеге түсіру жолында заңдар шығара бастады. Азық-түлік министрі Вбиджан Махмут Түркістанда кең етек алып келе жатқан ашаршылықтың зардаптарын жеңілдету, азық-түлік сатып алу үшін Кавказға сапар шекті. Желтоқсан айының соңында жер мәселесіне байланысты заңдар да дайындалды. Бұл мәселеге қатысты жұмыстарды ауыл шаруашылығы министрі Хидаятбек Юрали басқарды. Шоқай Қоқан үкіметінің екі айлық қысқа мерзім ішінде мемлекетті басқару жолындағы маңызды қадам басқанын көрсетеді [4].

Түркістан автономиясына байланысты алғашқы қанды оқиға 13 желтоқсан күні Ташкентте пайда болды. Сол күні Пайғамбарымыздың қасиетті туған күні, яғни мәуліт болуына байланысты Шейхантуар мешітіне қалың көпшілік жиналды. Саяси митингке айналған жиналыста мұсылмандардан басқа орыс, еврей, армян секілді мұсылман емес халықтардың да өкілдері бар еді. Мыңдаған адам қатысқан және Мүневвер Каридың сөзімен басталған митингте сөз алғандар өздерін халық комиссарлары деп жариялаған большевиктердің іс-әрекеттеріне наразылық білдірді. Митингтің ең толқуы сәттерінің бірінде көпшіліктің арасындағы кейбір белсенділер халыққа бағыт-бағдар бере бастады. Олар халықты қаланың большевиктер билігіндегі бөлігінде

түрмеде отырған Түркістан Комитеті мүшелерінен Т.И. Доррер мен басқа да тұтқындарды құтқару және қаланың билігін қолға алуға шақырды. Бұл сөзге ерген халық қаланың ескі бөлігіне бет алды [5].

Большевик күштері бастапқыда бұл шеруге қарсы әрекет жасамады. Халық түрме алдына келгенде Ташкент қаласының командирі Годоевич түрме есіктерін ашып, Доррер мен басқа тұтқындарды босатты. Осыдан кейін қалың топ тұтқындарымен бірге кері қайтты. Ескі қала мен жаңа қаланы байланыстырып тұрған көпір үстіне келгенде большевик әскерлері халыққа оқ жаудырды. 16 адам қаза тапты, Доррер мен басқа тұтқындар ұсталып, өлтірілді.

Осы оқиғаларға байланысты Түркістан Уақытша үкіметі 15 желтоқсан күні жариялаған мәлімдемесінде бұл оқиғаларға жауапты адамдарды айыптады және халықты тыныштық сақтауға шақырды. Ташкент большевик үкіметі де қанды оқиғаны Петербургқа хабарлап, шара қолдауын өтінді. Кеңестің өкімет басшысы Ф. Колесов Қоқанда буржуазия тарапынан құрылған, Түркістан пролетарлары тарапынан танылмаған өкіметтің автономиясын Түркістан қалаларында мойындату үшін жұмыстар жүргізіп жатқандығын және осы орайда 13 желтоқсан күні Ташкентте автономия жариялағандықтарын білдіріп, бұл мәселе жөнінде нұсқау сұрады. Петербург жауап хатта Ташкент Кеңес үкіметіне бұл мәселе сол аймақта өкілетті екендіктерін және мәселені өздерінің шешулері тиістігін көрсетті. Бұл Петербург 20 қараша күні өзі жариялаған Шығыстың мұсылман жұмысшы және еңбекшілерінің өздерін-өздері басқару құқы бар деген үндеуіне қарама-қайшы бағытқа көшкенін байқатты. Петербург өкіметі халықтың көпшілігі қолдап отырған Түркістан Уақытша үкіметін емес, азшылықтағы большевик өкіметін жақтауда еді.

Бұл арада Түркістан үкіметіне тағы бір қолдау келді. 25 желтоқсан күні Қоқанда өз жұмысын бастаған мұсылман жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының 1 төтенше конгресі Уақытша үкіметі қолдайтындығын мәлімдеді. Күн тәртібінің басты мәселесі Түркістандағы билік пен басқару жүйесі болған конгреске екі жүздей делегат қатысты. Түркістан Әскери Кеңес төрағасы Ариф Клевбеев, Түркістан Халық мәжілісі атынан Ислам Шахахмедов және әскер Миллер, Қазан Мұсылмандары Әскери кеңес өкілі Исмаил Убайдуллин, Кавказ мұсылмандары атынан Пири Мурселзада, Самарқан жұмысшы және әскер өкілдері кеңесі атынан Пономарев және Қоқан қала басқармасы төрағасының орынбасары

Абиджан Махмуд сөз сөйлеген конгресте қараша айында құрылған Түркістан Уақытша үкіметін қолдауға шешім қабылданды және өкіметте қызмет атқаратын өкілдері сайлады [5].

Сонымен қатар Петербург Кеңес өкіметін Түркістан Уақытша үкіметін қолдауға шақырған шешім қабылданды. Өйткені олар В.И. Ленин Түркістан автономиясына қолдау көрсететіндігі және тіпті бұл мәселеде түркістандықтарға жол көрсететіндігін үміт еткен еді. 1917 жылы 27 желтоқсан күні конгресс атынан Ленинге автономияны қолдауға шақырған жеделхат жолданды. Жеделхатта Түркістанда Халық Комиссарлары Кеңесі жариялаған принциптер бойынша автономия жариялағандығы және сол себепті автономияның Түркістан қалаларында қолдау көргендігі айтылғаннан кейін Түркістан Мұсылман жұмысшы, әскер және шаруа өкілдерінің 1 төтенше конгресінде қабылданған шешімдеріне байланысты Ленинге Ресей демократиялық республикасының төрағасы ретінде Түркістан Уақытша үкіметіне қолдау көрсетуін сұрайтындықтары атап өтілді. Сонымен қатар жеделхатта Лениннен Түркістандағы тәртіпсіздік пен қос өкіметтілікті жою үшін Ташкент Кеңес үкіметінің билігін тоқтатып, Түркістан Уақытша үкіметін ғана мойындау деп танылды [5].

1918 жылы қаңтар айының басталып Түркістан Уақытша үкіметінің қаржы көзін табу үшін мемлекеттік банктерді тәркілеу шешімі дағдарысқа себеп болды. Бұл дағдарыс өкімет басшысы Тынышбаевтың қызметінен алынуымен аяқталды. Шоқайдың пікірінше Тынышбаев басшылығындағы өкімет қаржы мәселесінде өте баяу және мүдіріп әрекет жасауда еді. Министрлер Кеңесі жаңа жылдың басында Қоқандағы мемлекеттік орыс банктеріндегі ақшаларды тәркілеп, мемлекетке өткізу туралы шешім қабылдағанымен бас министр Тынышбаевтың бұл шешімді жүзеге асыруда табандылық танытпауы большевиктердің ертерек қамданып, банктердегі ақшаларды алып кетуіне мүмкіндік берді. Большевиктер Қоқан банктеріндегі 8 миллион рубльден ақшаны тәркілеп, Ташкентке алып кетті. Осылайша большевиктер Түркістан Уақытша Үкіметінің Қоқан мемлекеттік банктеріндегі ақшаларды таратуына мүмкіндік бермеді. Осы себепті Министрлер Кеңесі 1918 жылдың 2 қаңтар күні Тынышбаевты қызметінен алып, оның орнына мұсылмандардың мүдделерін табанды түрде қорғайды деп үміт артқан Шоқайды тағайындады [6].

Шоқай бас министрлік қызметіне тағайындалғаннан кейін Түркістан Уақытша үкіметі бел-

сенді жұмыс жүргізе бастады. Үкімет материалдық қиыншылықты жою үшін 30 миллион рубль сомасында мемлекеттік заем шығарды. Үкімет бұл заемды халыққа сату үшін Түркістанның әртүрлі қалалары мен аудандарына барды. Мемлекеттік банктің Самарқан және Ферғана бөлімшелерінен үлкен сұраныс келді. Заемдардың мұншалықты сұранысқа ие болуы Ташкенттегі большевик өкілдерін қатты алаңдатты. Өйткені, Шоқайдың пікірінше, бұл жағдай Қоқан үкіметінің әшейін ойын еместігін, қайта шынайы бір мемлекеттің іргесін қалап келе жатқандығын көрсетті. Ал мұның тек кеңес өкіметіне ғана емес, Түркістандағы жалпы орыс мүдделеріне де кесірін тигізуі мүмкін. Бірақ бұл заемдардың сатылуынан түскен кіріс пен жиналған жәрдем ақшалардың сомасы үкіметтің қаржылық проблемаларын шешу үшін жеткілікті емес еді.

«Шура исламиенің» Қоқан қалалық Кеңесі большевиктердің Қоқан банкеріндегі ақшаларды тәркілеуінен кейін төтенше жиналыс өткізді. Жиналыста Қоқан қорғанында орналасқан большевиктер Кеңесін таратуға шешім қабылданды. Қорғанға орыс офицері М. Мансуров басқаруында әскер жіберу ұйғарылды. Бірақ Кеңес бұл шешімін жүзеге асыра алмады.

Екінші жақтан Ташкент Халық Комиссарлары Кеңесі Түркістанның түрлі аймағында өзінің билігін орнату жолындағы жұмыстарын қарқындата түсті. Осы орайда Түркістан Уақытша үкіметінің ықпалы аз аймақ болып саналатын Закаспий облысы бақылауға алынды және түркімен әскери отряды таратылды [4].

Уақытша Түркістан үкіметі Кеңестің өзіне шабуыл жасауынан қауіптен бастады. Бұқара әмірлігінен әскери күш сұралды. Бірақ бұл талапқа оң жауап берілмеді. Сондай-ақ Ташкенттегі қаруларды Қоқанға көшіруге де мүмкіндік болмады.

Ташкент Халық Комиссарлары Кеңесінің бастапқыда Қоқан автономиясының құлатарлықтай қарулы күші жоқ еді. Бірақ Қызыл Армияның 1918 жылы 19 аңтарда Орынборды ақтардан тазартуымен Петербург өкіметі мен Ташкент Кеңесі арасындағы байланыстық кедергілер жойылды. Бұдан кейін Ташкент Халық Комиссарлар әскерінің құрал-жабдықпен жабдықталуын мүмкіндік туды.

Революциялық комитет Түркістан Уақытша үкіметіне өз талаптарын қабылдатарлық күшке әлі ие емес еді. Сондықтан Ташкент, Жаңа Маргилан (Скобелев), Әндижан және Наманган қалаларынан қосымша күш сұрады. 30 қаңтар күні кешке Жаңа Маргиланнан К.Осипов басқаруын-

да қосымша күштің келуімен Қоқан төңкерісші комитетінің жағдайы түзелді. Осиповтың жанында 140 әскер, 4 зеңбірек және 4 пулемет бар еді. Революциялық комитет Осиповты қаладағы кеңес күштерінің бас қолбасшысы етіп тағайындады. Ертеңіне комитет Түркістан уақытша үкімет басшысына қайтадан ультиматум жіберді. Және де Осиповты әскерлері Қоқан қаласының мұсылмандар көп тұратын ескі бөлігіне зеңбіректен оқ жаудыра бастады. Сазанов басшылығындағы делегация ультиматумды білдіру үшін Шоқай қабылдады. Сазанов естеліктерінде Шоқайдың өздерін кешегідей сыпайы түрде қабылдағанын айтады. Сазанов ультиматумды Шоқайға берді.

Ультиматумда мынадай талаптар бар еді:

Түркістан Уақытша үкіметі Кеңес өкіметін танысын;

Түркістан халқын Кеңес өкіметіне бағынуға шақырған үндеу жариялансын;

Халық қарусыздандырылып, жиналатын барлық үндеу большевиктерге тапсырылсын;

Түркістан Уақытша үкіметінің Ұлттық армиясы дереу таратылсын.

Бұл кезде Шоқайдың жанында үкімет мүшелерінен Мирадил, Абдурахман Оразаев, Хидаятбек Юрали бар еді. Шоқай ультиматумды оларға оқып берді. Үкімет мүшелері бұған келіспеді. Үкімет атынан сөз сөйлеген Шоқай большевиктерге «Қазір күш сіздің қолыңызда. Ал бізде өзіміздің ұлттық құқығымызды танудан басқан күш әзірше жоқ. Алайда сіздердің биліктеріңізді, яғни Түркістанда Кеңес билігін танудан бас тартамыз» – деп жауап берді [6].

Шоқай мен Түркістан Уақытша үкіметінің мүшелері өздерінен күш жағынан әлдеқайда үстем большевиктердің үстемдігінің тұрақты болмайтындығына нық сенімді болды. Олар большевик билігін қабылдаған жағдайда Түркістанда жүргізілетін күреске қатысу құқығынан айырылатындықтарын және мүмкіндікті пайдаланып, аймақта лайықты өкілдік ете алмағандықтары жайында тарих алдында сынға түсетіндіктерін ойлады. Большевик өкілдері ультиматум туралы ойлануға үш сағаттық мерзім берді. Сағаттарын Түркістан үкіметі мүшелерімен салыстырғаннан кейін шығып кетті [6].

Большевиктердің қарулы шабуылының басталуына байланысты Қоқан үкіметтік мүшелері үкімет ғимаратын тастап қашып кетуге мәжбүр болды. Шоқай бұдан кейін үкімет мүшелерінің қайтып бас қоспағандығын айтады. Осы кезде халық та қолдарына шоқпар, күрек, балта секілді қару ретінде қолында барлық құралдарды

алып, көшеге шыға бастады. Үкіметтік большевик шабуылына дейінгі «бітімге келу жолдарын қарастырамыз, большевиктерге қарсы қарулы шабуылға шықпандар» деген ескертулеріне енді ешкім көнбеді. Шоқай халықтың бұл әрекетін қош көрді. Ойткені большевиктердің уақыт бітуін күтпеген бір жақты шабуылға шығуы тек Қоқан үкіметіне ғана емес, халыққа қарсы бағытталған дұшпандық әрекеті еді. Сөйтіп әркім өзін қорғау жолына ойысты, бәрі бақылаудан шығып кетті. Шоқайдың пікірінше, бұл жағдайда үкіметтің қолынан ешнәрсе келмейтін еді [5].

Үкімет тарап кеткеннен кейін Қоқан қаласын қорғауды өз міндеттеріне алған ұлттық күштер Ергештің басшылығында соғысты. Бірақ қаруы үстем және жаттыққан әскері бар большевик армиясына қарсы Ергештің басқаруындағы тәртіпсіз және қолдарында балта, шокпар, күрек секілді құралдардан басқа қаруы жоқ халық күштерінің қарсылығының барысында Қоқан қаласының көрінісі адам шошырлық еді. Қираған қаланың үлкен бөлігі өртеніп жатты. Қаланың кем дегенде үштен бір бөлігі адам тұра алмас жағдайда еді. Қала тұрғындарынан 10 мың адам өлтірілді. Қаланы большевик күштері тонап, талан-таражға салды. Большевиктерге мойынсұнбаған кейбір топтауға бой тасалап, кеңес билігіне қарсы белгілі бір уақытқа дейін күрестерін жалғастырды. Бұл бас көтеру тарихта «басмашы қозғалысы» деген атпен қалды.

Сөйтіп, Қоқан автономиясы большевиктер тарапынан құлатылды. Қоқан автономиясының Түркістан Уақытша үкіметі екі айдай ғана өмір сүре алды. Шоқай естеліктерінде өзі-өзіне «Қоқан өкіметі нені жасай алды?» деген сауал қояды және бұған өзі былай деп жауап береді: «Ол бір жағынан аз, ал екінші жағынан қыруар жұмыс атқарды». Тарихи тұрғыдан қарағанда аз, бірақ ол дәуірде Түркістанның ғылыми, саяси және техникалық тұрғыдан мешеу қалғанын ойласақ, Қоқан өкіметінің қыруар іс атқарғанын айта аламыз [6].

Шоқай Түркістандағы Ұлттық саяси қозғалыстарды бағалағанда төңкеріс әкелген мүмкін-

шіліктерді жеткілікті дәрежеде пайдалана алмағандықтарын мойындайды. Мұның себептерін былай деп түсіндіреді: «ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып аша аламай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт Патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап еңбектеген Түркістандықтар да төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасуларын Түркістандықтардың өз қараңғылықтары да одан әрі арттыра түскен еді».

Шоқайды қазақ тарихының көрнекті тұлғаларынан Кенесары Қасымовпен салыстыруға болады. Белгілі болғанындай, Кенесары патшалық Ресей 1822 жылы таратқан Қазақ хандығын қайтадан жандандыру үшін күрескен көрнекті тарихи тұлға. Осы орайда патша әскерлеріне қарсы белгілі бір уақытқа дейін табандылықпен қарсы тұрды. Тіпті хан болып та сайланды. Бірақ, Кенесары мақсатына жете алмай опат болды. Солай болса да, Кенесары патшалық дәуіріндегі ең маңызды ұлт-азаттық қозғалысын басқарғаны үшін кеңестік кезеңде, қазақ зиялылары үшін тәуелсіздік күресінің жарқын символы болды. Олар Кенесары туралы тарихи зерттеулер мен әдеби шығармалар жазып, жас ұрпақтардың бойында азаттық күресінің рухын асқақтатуға күш жұмсады. Осы тәрізді Шоқай да Түркістандағы Кеңес билігіне қарсы жүргізілген саяси күрестің ең көрнекті тұлғасы болып табылады. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстанда Шоқай туралы зерттеулер жүргізіп оның мұраларын жарыққа шығару және ескерткіштер орнатып қоғамдық орындарға атын беріп, оның тарихи тұлғасына құрмет көрсету іс-шаралары жалғасуда. Кенесарының Кеңес дәуіріндегі ұлт-азаттық рухты бейнелеген тұлғасы сияқты, Шоқай да Қазақстанның тәуелсіздігінің мәңгілік екенін бейнелейтін ұлттық тұлға болып табылады. Шоқаймен Қазақстанның тәуелсіздік тарихының мазмұнының тереңдей түсері анық.

Әдебиеттер

- 1 Қойгелдиев М. Қ. Түркістанның ұлы пензенті // Қазақ тарихы, 1997. – №2. – 15-22 бб.
- 2 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Н. Нұрпейісов. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
- 3 Чокай Мария. Я пишу Вам из Нождана.: (вспоминания, письма, документы) / Сост.и пер.Садыковой Б.- Алматы: Кайнар, 2001.- 208с.
- 4 Нүсіпхан А. «Мұстафа Шоқай. Тандамалы» / (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, «Кайнар», 1998-1999.
- 5 Байбот К. С. «Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры» // Алматы, «Жалын», 1992, 12-13 бб
- 6 Ахметова Ж. Мұстафа Шоқай және Түркістан автономиясы // Қазақстан тарихы, 2013. – №2. – 6-7 б.

References

- 1 Koygeldiev K.M. Tūrkistannың uly perzenti // Kazakh tarikhy, 1997. – №2, 15-22 bb.
- 2 K. Nurpeyisov Alash hәм Alashorda / K.N. Nurpeyisov. – Almaty: «Atatek», 1995. – 256 b.
- 3 Shokay Maria. Scribo vobis de Nogent (memor, litteras, documenta) / B. Sost.i per.Sadykovoy-Almaty: Kainar, 2001.- 208c.
- 4 Nūsiphān A. «Mustafa Shokay. Tandamaly» / (audaryp kurastyrgan Aytan Nūsiphān) 1-2 tom, Almaty, «Kainar», 1998-1999.
- 5 Baybot K.S «Mustafa Shokay. Tūrkistannың kily tagdyry» // Almaty, «Zhalyn», 1992, 12-13 bb.
- 6 Akhmetov J. Mūstafa Shokay zhane Turkistan avtonomiyasy // Kazahstāna Tarihi, 2013. – №2. – 6-7 b.

Жексембаева А.
**Антикеңестік –
Мұстафа Шоқай**

XX ғасыр басында қазақ халқының өміріне етене араласып, өзінің идеясымен, қайраткерлігімен көзге түсіп, патша саясатына қарсы күрескен, азаматтарымыздың бірі – Мұстафа Шоқай. Оның қайраткерлігі Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясына қатысуы барысында, 1916 жылы Ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында танылды. М. Шоқай Түркістан автономиясын құруда елдің саяси экономикалық жағдайын жақсартып, бүтін және азат Түркістан платформасын құруды қолдаған. Кеңес үкіметінің билігі күшпен орнатылып, Түркістан автономиясы күйретілген соң, Мұстафа атамекенін тастап шетелде кеңес үкіметінің билігіне әшкере етуді көздейді. Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірі де-қиыншылыққа толы еді. М. Шоқай саяси күресте де, зерттеу әдістерінде де белгілі бір моральдық принциптердің болатындығын, шындыққа апаратын жолдың өзі де шынайы болуы керектігін ескертеді.

Бірақ оған қарамастан 1929-1939 жж. аралығында Париж және Берлин қалаларында «Яш Түркістан» атты журналдың 117 саны жарық көреді. Журналда Мұстафа саяси қайраткер ретінде де түрлі саяси өзекті мәселелерге қатысты өзінің көзқарасы мен тұжырымдарын осы басылым арқылы жеткізеді.

Түйін сөздер: автономия, саясат, шовинизм, билік, большевик.

Zheksembaeva A.K.
Anti-Soviet – Mustafa Shokai

Mustafa Shokai was known at the beginning of the XX century in the life of the Kazakh people as a social and political activist, ideologist of the struggle for freedom and the opponent of royal power. Working at the State Duma, Shokai met with some prominent Muslim political figures of Russia and became known during the February Revolution. M. Shokai believed that the creation of Turkestan autonomy should improve the political and economic situation in the society and was a supporter of the creation of a unified and independent Turkistan platform. After the establishment of Soviet power and the dismantling of the Turkestan autonomy, Mustafa decided to leave his homeland and become the opponent of the Soviet power. Life of M.Shokai during the emigration was full of difficulties. M.Shokai reckoned that everyone should have the moral principles that are based on reality in the political struggle and in the study. In 1929-1933 a hundred and seventeen journal series of “Yash Turkistan” were published in Paris and Berlin. The magazine published articles about the political actions of Mustafa, his views and conclusions as a political figure on the current problems of society.

Key words: Autonomy, policy chauvinism, power, bolshevik.

Жексембаева А.
**Антисоветский –
Мұстафа Шоқай**

Мұстафа Шоқай был известен в начале XX века как общественный и политический деятель, идеолог борьбы за свободу и противник царской власти. Работая в Государственной Думе, Шоқай познакомился с видными мусульманскими политическими деятелями России и стал известен во время Февральской революции. М. Шоқай считал, что создание Туркестанской автономии должно улучшить политическую и экономическую ситуацию в обществе. Он был сторонником создания единой и независимой Туркестанской платформы. После установление Советской власти и расформирования Туркестанской автономии, Мустафа решил покинуть родной край и стать противником советской власти. Жизнь М.Шоқая во время эмиграции была полна трудностей. М. Шоқай в политической борьбе считал, что у каждого должны быть моральные принципы которые основаны на реальности.

В 1929-1933 годы в Париже и Берлине была опубликована 117 серия журнала «Яш Туркистан». В журнале были опубликованы материалы о политической деятельности Мустафы, его взгляды и выводы на актуальные проблемы общества как политического деятеля.

Ключевые слова: автономия, политика шовинизм, власть, большевик.

**АНТИКЕҢЕСТІК –
МҰСТАФА ШОҚАЙ**

«Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - дейді Елбасы Н. Назарбаев [1].

Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай (1890-1894 жж.). Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түрік халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М. Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түрікшілдік – мұсылмандық қозғалыстың (С. Жантөрин), екінші жағынан «батысшылдар» демократиялық-либералдық қозғалысының (Ө. Бөкейханов) ықпалымен өтеді. 1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түрік жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз беттерінде жарияланған үндеуіне қатысады. Үндеуге сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды. Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа біржолата тартылуының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан берік орын алғандығын көрсетеді. «Түрік халықтары атынан сөйлейтін» бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М. Шоқайдың саяси ұстанымының қалыптасып шыңдала түскендігінің куәсі еді.

Патша өкіметінің исламды құрықтап ұстауға бағытталған шаралары Мұстафаның түрікшілдік-мұсылмандық қозғалысы идеяларына ойысуына итермелейді. Ол Ташкентте гимназияда оқып жүргенінде қазақ балаларын шоқындыруға қарсы шықса,

Петербургте енді мұндай саясаттың басқа да мұсылман халықтары жөнінде жүргізіліп отырғанына, олардың мұң-мұқтаждарының ортақ екендігіне көзі жетеді [2].

М. Шоқайды саяси сахнаға өскен ортасы, ел қамын ойлаған ата-бабасының бай дәстүрі, діни мектепте бойына дарытқан адалдық пен имандылық, қоғамның даму заңдылықтары туралы Еуропа ілімінен алған таным-тағылымдары, отаршылдықтың зорлық-зомбылықтары, Ресей империясының астанасында шоғырланған түркі тектес халықтардың өкілдерімен қарым-қатынастар, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов секілді тұлғалардың ақыл-кеңестері алып шығады. Оның жан дүниесі, дүниетанымдық көзқарасы, ақыл-парасаты дәстүрлі дала мәдениеті мен батыс мәдениетінің өзара тоғысында, ұлт-азаттық қозғалысының өрлеу жағдайында қалыптасады.

Мұстафа үшін студенттік шағынан неміс ауруханасында көз жұмғанына дейін тәуелсіздік идеясы-басты мәселе, ұлттық бостандық-ең жоғарғы құндылық, өмірінің мән-мағынасы, халыққа қызмет ету жолындағы шығар биігі болып қалады. Сол үшін ол қандай құрбандықтарға да дайын болған-ды. Ол алғашқы кезде Түркістанның мәдени-ұлттық автономия болып жариялануын қаласа, кейін сан қилы оқиғалардың дамуы барысында толық тәуелсіздік идеясына көшеді [3, 493 б.].

М. Шоқай былай деп жазады: *«Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жол: Зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртіп бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылды. Екінші жол: Зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырылады»* [4, 225-226 бб.]. Кеңес тарихшыларының көпшілігі осы соңғы топқа жатады.

Ғылыми ақиқатты бұлайша «түсіндіру» тәсілінің көзбояушылық пен шарлатандық екендігіне Мұстафа нақтылы мысалдар келтіреді. Оған дәлел, Мұстафаның «Түрксиб» мақаласынан үзінді келтірсек: *«Соңғы уақыттарда Берлиннің үлкен кинотеатрларында Москвадағы «Востоккино» өнімі саналатын «Түрксиб» фильмі көрсе-*

тілуде. Патшалық Россия кезінде қолға алынған Түркістан-Сібір темір жолының нақты қандай экономикалық және мәдени мақсаттарға жұмыс жасайтынын еуропалықтарға «Москва көздірігімен» көрсетпек үшін атақты режиссер Виктор Турин жағынан түсірілген фильм еді. Ал оның шын негізінде, совет үкіметінің бірталай шығын шығарып, тезден «Түрксиб» фильмін дайындаудағы басты мақсаттары мынау: біріншіден, патшалық Россияның өсиетін жеріне жеткізіп, Түркістанды қанап жатқанын Батыс Еуропадағы ортақшыларынан, бастысы, дүние саяси тұлғаларын жасыру; екіншіден, Түркістан-Сібір темір жолының мешеу түркістандықтарға Сібірден мәдениет, азық-түлік және отын әкелетінін айту; үшіншіден, Түркістанның мәдени-экономикалық зораюында орыстардың рөлін көрсету, яғни орыстардың мәдениет әкелуші болғандықтарын еуропалықтарға ұғындырып, өздерін қошаметтеу!; төртіншіден, Түркістан-Сібір темір жолының түркістандықтардан рухани істерге жарайтын жұмысшылар (пролетарлар) жетілдіретін бір орын болғанын көрсетіп, еуропалықтардың көздерін көлегейлеу» [5, 138-139, 141-142 бб.].

М. Шоқай саяси күресте де, зерттеу әдістерінде де белгілі бір моральдық принциптердің болатындығын, шындыққа апаратын жолдың өзі де шынайы болуы керектігін ескертеді.

Ол «Яш Түркістан» журналында да, ағылшын, француз басылымдарында да түркістандықтардың ұлт-азаттық күресі тарихына қайта-қайта үңілуі өлке тұрғындарының сыртқы күштерге қарсы шығуының оң да, теріс те тұстарын ашып, алдағы уақытта ондай келеңсіздіктерге жол бермеу ниетінен туындайды.

Тарихи зерттеу әдіснамысының кейбір мәселелері оның «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына» деген мақаласында көтеріліп, мұнда тарихи ізденістер мен идеология арасындағы өзара қарым-қатынас туралы өзекті тақырып қозғалады [3, 429 б.].

М. Шоқай кезінде марксизмнің негізін қалаушылардың Ресейді «халықтардың түрмесі» деп атағандығын, ал профессор М.Н. Покровскийдің орыс тарихын осы тұрғыдан жазып шыққандығын, алайда оның бұл зерттеуі, жаңа кезеңде орыс ұлтшылдығына қайшы келетіндіктен, «ленинизмге қарсы» деп жарияланғандығын еске салады. Мұнан кейін осы «жаңа теория» бойынша Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың тарихы қай тұрғыдан, қандай бағыттарда жазылуы жөнінде тиісті нұсқаулар берілгендігіне тоқ-

талады. «Сталиннің айтуынша, Ресей тарихын күштеп отарлау тарихы деп сипаттау дұрыс емес. Ресей империясының тарихы көрші елдермен оңды қарым-қатынастар, өзара кірігулер нәтижесінде «табиғи түрде» қалыптасқан тәрізді. Бұл көзқарас бойынша, Ресей Түркістан да, Кавказда да немесе басқа бір орыс емес өлкелерді де отар етпеген көрінеді. Олардың бәрі жағырапиялық жағдайлар мен тарихи заңдылықтар жолымен Ресейге табиғи түрде қосылып кеткен [6,21б.]. М. Шоқай Түркістанда Кеңес өкіметінің орнауы, большевиктер жазғандай, «ленинизм туы астында орын алған таптық күрестің» емес орыс қарулы әскерінің екінші рет жаулап алуы нәтижесінде орнағанын алғашқылардың бірі болып нақтылы дәлелдеп берді. Орыс ұлтшылдығын дәріптеу барлық баспасөз беттерінде жүргізіліп, мектеп оқулықтарына енгізіледі [3, 429-430 бб.].

М. Шоқай кеңес ұлт саясатының негізгі мақсаты орыс емес халықтарды ұлтсыздандыру, олардың ұлттық бегілерін жоспарлы түрде жоя отырып орыстандыру екендігін дәлелдеп берді. Орта Азияны әкімшілік-аумақтық межелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкедегі демографиялық ахуалды өзгерту және орыстардың басылымдығын қамтамасыз ету осы мақсатты көздейді. Бұл шаралардың қатарында идеологиялық мүдделерге орай тарихты бұрмалау және өкімет пен орыс ұлтын бір мағынада ұғынуды халық санасына енгізу секілді әрекет те орын алады. Оны «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес» атты мақаласынан көреміз: «Бұл күндерде Түркістандағы ағымдық «өзекті мәселе» – мақта мәселесі. Мақта әр уақытта Россияның назарын аударып келген маңызды бір түйін еді. Астық егістерін ысырып шығару арқасында кеңес үкіметі Түркістан халқын әл-ауқат жағынан өте қиын бір күйге қалдырады. Россияның Түркістанды мақтаншылықты дамыту үшін «ең арзан әрі ең құнарлы көз» санайтын бұл жолы біздің жұртымыз үшін ең қорқынышты апат. Түркістанның шеттен келетін азыққа тәуелді болуының жыл сайын қай деңгейде өсіп бара жатқанын, 1932 жылы 60 млн пұт болуы, уақыт өткен сайын Түркістан өзінде егілетін азығынан мақұрым қалып, басыбүтін Россияның шикізат мемлекетіне айналады. Бір бөлік Түркістан диқандарын мақта егуге мәжбүр еткен бірқанша себептер бар. Егер мақта егіс алабы хақындағы статистикалық мәліметтерге назар салсаңыз өз жерлерінің бәріне яки үлкен бөлігіне мақта еккен диқандардың жер реформасы кезінде жарты гектардан екі гектарға

дейін жерге ие болғандардан, басқаша айтқанда, өз күштерімен жерлерін өңдей алмайтын адамдар екендігін аңғарасыз. Бұл адамдар есеіне үкіметтен көмек алады. Ал үкімет көмекті тек мақта еккен адамдарға ғана береді. Екі гектардан артық жері бар диқандар мақта егу үшін жерінің ең құнсыз бөлігін ажыратады. Үкімет жәрдемін соншалықты қажетсінбейтіндер мақта мен бидай егуде ерікті. Түркістандағы жері аз шаруалардың тек мақта егетіндері кеңес, социалист экономикасын сүйгендігінен емес, басқаша жасау мүмкін болмағандықтан» [7, 16-19,23 бб.], – дей келе Карл Маркстің бір мақаласынан бір діндар туралы мысал келтіреді. Діндарды көрген құстар ұшып келіп, желкесіне қонып, қолынан жем жейді екен. Жұртшылық бұл діндардың өнеріне қайран қалысады. Оның себебі мынада еді. Діндар бейшара құстардың астыңғы тұмсықтарының ұшынан кесіп тастайды екен. Бұдан соң жерден дәнді шоқып ала алмаған құстар еріксіз діндардың аузынан жем жеуге мәжбүр болады. Большевиктердің істегендері де соның өзі: олар диқандардың тәуелсіз қожалық құру еркін кесіп тастаған. Енді ол бейшаралар аштықтан өлу үрейінде мақта егуге мәжбүр болса, большевиктер мұны «Түркістан диқандарының кеңес программасына адалдығы, қыстақ қожалығының әлеуметтік төңкерісі» деп даурығады [7, 24 б.].

М. Шоқай еңбектерінің әдіснамалық негізін елдегі орыс ұлтшылдығының үстемдігі мен тоталитарлық жүйе арасындағы өзара байланысы жөніндегі қағида құрайды. Мұсылман республикасында орнатылған орталық, тоталитарлық жүйе идеологиясының ұлттық күрестің жетекшілеріне жала жабу, оларды қаралап, кертартпалық ағымдарға жатқызу арқылы жүргізілетіні Мұстафаның «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген (1930 ж.) мақаласында жан-жақты талданады. Онда Кеңес өкіметінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы дағдарысты жекелеген адамдардың іс-әрекеттерінің салдары деп түсіндіруге, соңғыларын «шоқаевшыларға» жатқызуға тырысу әрекеттері әшкереленеді. Ұлт жетекшілеріне қарсы отаршылдардың күрес тәсілдерінің бірі-оларды Англияның, Түркияның, Жапонияның немесе басқа да мемлекеттердің «тыңшысы», «сыбайлас» етіп көрсету. Оның бір мысалын кеңес баспасөзі М. Шоқай Түркістанды ағылшын доминионы айналдыру үшін күресуде деген жаладан көруге болады.

Ұлт-азаттық қозғалысының мәні мен мақсатының өңін айналдырып көрсету әрекеттері-

не М. Шоқай: «Кеңес өкіметіне, «орыс басшылығына» қарсы бағытталған біздің күресімізді Түркістанда ағылшындар үстемдігін орнату жолындағы күрес деп есептеу ардан безген адамдардың ісі болмақ»[4,79б.] деп тойтарыс береді. Ұзақ жылдар бойы жат жұртшылықтың езгісінде болып келген халықтың бір бөлігінде болса да құлдық психологиясы қалыптаспай қоймайды. Ондай жандарды Н. Қыдыровша ойлау парқы да бұл тұрғыдан алғанда «заңдылық» болып көрінеді. «Нәби мырзаның ойынша, Түркістан не орыстардың, не ағылшындардың қоластында болуы керек тәрізді. Кеңестердің тәрбиесінде өскен Түркістан лениншілдерінің кейбіріне орыс отаршылдығының ықпалы еткені соншалық, олар тіпті өз атамекенің тәуелсіз, еркін өмір сүре алатынының саналарына сыйғыза алмайтын күйге жектен» дейді М. Шоқай.

Жат жұртышылықтың тәртібімен өмір сүруді «жетістікке» санаушылық «тұтқын синдромы» секілді құлдық психологияда ғана бастау алады. Осыған байланысты М. Шоқай үндістандық Лайпорт Ройдың «Кез келген ұлт үшін дүниедегі ең зор бақытсыздық-басқа бір ұлттың тепкісіне түсу» деген пікірін келтіреді. Сондықтан да ұлттық дербестікке құштарлығы таусылмаған, өз мәдениеті, өз тілі бар, өз атамекенінде тұрған халықтың азаттыққа ұмтылысы ешқашан да тынбайды.

Он жерден озық деп есептелсе де, бөтен халықтың боданы болу-тұтқында болумен тең. Ал, ұзақ уақыт тұтқында болу ақырында тұтқындаушысыз өмірі сүре алмайтындай болып көрінеді, қанаушысын «қамқоршы» деп санауға келеді. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да кейбір қазақтардың орыс тілінсіз, орыс билігінсіз өмір сүрудің «қиындығы» туралы «философиялық пайымдары» осы жағдайды еске түсіреді [3, 431 б.].

М. Шоқайдың «Шовинизм», «Большевиктер «тарихты» қалай жазады?» деген еңбектерінде де тарихи зерттеулер әдіснамасына орай біршама құнды пікірлер айтылады. Мұстафа былай дейді: *«Жұртымыздағы ұлттық әрекеттерге қарсы большевиктердің қолданған ең уытты құралдарының бірі-біз, түркістандықтарды, «ұлттық шовинизммен» айыптау. Өз ұлттық құқығының біраз тараптары болып табылатын әрбір түркістандықты қарақшылар «шовинист» һәм «төңкеріс және пролетариат жауы» деп айыптайды. Мұндай түркістандық коммунист партиясының азғасы болса, партия сапынан шығарылуына үкім етіледі һәм керісін-*

ше төңкеріске қарсы большевик ретінде оқ атушы әскерлер үшін нысан жеріне апарылмақ» [8, 47б.]. Шалва Эливанның пайымдауынша, Түркістанда жергілікті пролетариат жоқ. Бұл жерде орыс пролетариаты үкімі өмір сүреді. Демек, патшалық дәуірінде болғандай қазіргі күнде де Түркістанда орыс шовинизмі үкімдік жасайды дей келе, М. Шоқай «шовинизм» сөзіне анықтама береді: *«Біз айтып отырған бұл шовинизм деген нәрсенің өзі нені меззейді? – шовинизм деп – басқа ұлттардың мүдделерін шектейтін тар ұлтшылық көрсетуге, басқа ұлттардың өмір сүру құқықтарын өз ұлтының мүддесі үшін құрбан ету айтылады. Шовинизмнің жүзеге асуы үшін шовинизммен айыпталған ол ұлттың өлкеде хәкім мемлекеттік құқығын түгелдей өз уысында ұстаған болуы шарт. Түркістандықтарды шовинизммен айыптау үшін қажетті болған негізгі шарттар Түркістанда бар ма? Бұл сұраққа бір ғана жауап болар: жоқ!»* [8,48 б.].

«Известия» газетінің тілшісінің «Кулактаротаршылдардың ұясы», «Красная новь» журналынан Н. Юргиннің, С. Ростовскийдің «Патшалық Ресей және Шыңжан XIX-XX ғасырларда» атты еңбектеріне талдау жасауы М. Шоқайдың дереккөздерді ішкі және сыртқы сынға алу принциптерін жетік меңгергенін куәсі бола алады. Мұстафа, әсіресе, авторлар тұжырымдарының негізделуіне үлкен мән береді.

Кітабының кіріспесінде М. Шоқай: «Мен деректер, оның үстіне жоққа шығарылмайтын деректер туралы әңгімелейді, өйткені бұлардың бәрі кеңес баспасөзінің өзінде тіркелген. Оларды тек қана қабылдау, мойындау қалады» дейді. Кітапқа алғы сөз жазған француз қайраткері Пьер Рендель: «Шоқаев мырза ең жақсы, ең сенімді тәсілді қолданған. Ол оқырманды өз байқаулары мен пайымдары жәрдемімен иландыруға тырыспайды. Ол мұны большевиктік құжаттардың өздерінің жәрдемімен жасайды» [3, 434-435 бб.] дейді.

Мұстафа ең алдымен «пролетариат диктатурасы» жергілікті халыққа материалдық игілік әкелмегендігін қазақ халқының жаппай ашаршылыққа ұшырауын көптеген мысалдармен түсіндіреді. Соның бірі, «Жас Түркістан» журналының «Советтік Россия «қылмыстан» аулақ» атты мақаласынан үзінді келтірейік: *«Россияны дүние пролетариятының «қағбасына» және «кісілік жаннатына» айналдырмақшы болған қызыл орыстардың бес жылдық қожалық жоспары бойынша арнайы шаруашылық қожалығы тартылып, орынан коллектив қожалығы құ-*

рылмақшы, мемлекет индустрияланбақшы әрі бес жылда Американы басып озбақшы. Қағаз жүзінде коллективке кіру ерікті деп жазылған болса да ақиқатта коллективке кірген диқандар ешбірі өз қалап емес, тарлық көріп, басқаша тіршілік көру мүмкін болмағандықтан жалғыз қарын тойғызу үшін ғана кіреді. Бес жылдық жоспар бойынша салынып жатқан қазіргі астық салық түрі шаруашылық ісінің мақсаты, бір жағынан диқандарды коллективке айдап кіргүіз, екінші жағынан диқандар қолындағы мал-мүлкін тартып алу мақсатымен ауыр салықтар салуында» [9, 32-33 бб.].

Мұнда Қазан төңкерісінен кейін іле-шала жүргізілген аштық саясаты он шақты жылдан соң мейлінше қаніпезерлік, жәдігөйлік жолдармен қайталады. 1917 жылдың қарсаңындағы 40 млн бас мал Кеңес Орта Азиясында 1934 жылы 9 млн 617 мыңға дейін кеміп кетеді. Қазақстандағы мал басының саны да төрт есе кемиді. «Мал бағушы түркістандық халықтың шаруашылықтағы «жетістігіне» бұдан өткен сендіргіш мысал келтіру мүмкін бе?» дейді М. Шоқай [3, 436 б.].

Ресми мінбелер мен кеңес баспасөзінде тағы да жаппай қырғынды бастарынан кешіріп жатқан қазақтар жөнінде емес, мал басының азаюына ғана өкініш білдіреді.

Қазақтарды құлдық және мәңгүрттік жағдайға түсіндіру мақсатында оларды жерінен, тілі мен дінінен айыру саясаты аса құйтырқылық әдістерімен жүйелі түрде жүргізіледі. 1917-1918, 1920-1921, 1931-1933, 1941-1953 жылдары ашаршылық, рухани және мәдени өмірдегі халықты орыстандыруға бағытталған айла-шаралар, саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық бірегейлігінен айырылады, миллиондаған қазақ шетелдерге қоныс аударып бас сауғалайды. 1917 жылға дейінгі 6 млн қазақтан 1939 жылы екі миллионға жетер-жетпесі қалады. Кеңес өкіметінің оларды жеке республикаларға бөлуі түркістандықтарға ұлттық – саяси бірлігіне жол бермеу әрекетінен туындайды дейді.

М. Шоқайдың қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғырларды» «түркістандық ұлт» ретінде танитындығы, ал оларды жеке-жеке «ұлыс» («народность») ретінде санайтындығы көрінеді.

М. Шоқай әмбебап ғұлама ретінде өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік әдебиетіне көңіл бөліп, олардың рухани жетістіктерін қарастыруға ұмтылады. Түркістан тұрғындарының ауыз әдебиеті Мұстафа дүниетанымының бір

бұлағы болғандығы, оның өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының өнері мен мәдениеті мәселелері туралы зерттеулерді шет жерде жүргенде де назарынан тыс қалдырмағаны белгілі. Оның бір мысалы – М. Шоқайдың 1931 жылы «Остойропа» журналында жарияланған «Түркістан ақындарымен олардың өлеңдері» және «Муа» журналындағы «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» атты мақалалар туралы пікірлері. Соңғы басылымдағы мақала жөнінде Мұстафа: «Түркістан поэзиясының гүлденуі ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей байланысты. Большевиктер мұндай процесті болдырмауға тырысады. Алайда халықтық өмір сүру қабілеті барған сайын күшейе түсуде. Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде» [4, 194 б.] деп жазады. М. Шоқай ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық рухты жеке-жеке емес, бір-бірінен ажырамас ұғымдар ретінде түсінеді. Ол үшін: «Ұлт азаттығы-ұлттық рухтың нәтижесі. Ал, ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [4, 187б.]

М. Шоқайдың мәдениеттілігі, кісілік қасиеттері мен терең ойлылығы зиялы адамдарды өзіне тартып тұратын. Оның таныстары мен достарының қатары сиремейді, қайта уақыт өте келе көбейе түседі. 1940 жылы М. Шоқай шығыстанушы, орысша таза сөйлейтін неміс ғалымымен танысады. Осыдан кейін ол үйіне: «Онымен кездескеніме қуаныштымын. Ол егде тартқан, оның үйінде өте сирек кездесетін шығыс авторларының кітаптары бар. Бұхарда болған, Түркістанды жақсы біледі, өзбек тілін де меңгерген» [10, 101 б.] деп көтеріңкі көңіл-күйде оралады.

М. Шоқайдың еңбектері Батыс елдерінде ортаазиятанудың әдіснамалық негізін қалайды. Оның ой-тұжырымдарының негізінде «кеңес отаршылдығы», «кеңес реформаларының қымбатқа түскендігі» секілді концепциялар қалыптасады. Олар бойынша кеңес шығыс республикалары Ресейдің өнеркәсіптік аудандарының шикізат көзі, саяси құқықтарынан айырылған оның халықтарын орыстандыру және олардың этностық бірегейлігін жоюды көздеген толассыз мәдени эксперименттердің нысаны ретінде суреттеледі.

М. Шоқайдың зерттеушілік қызметі әлемнің көптеген елдерінде Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты жөніндегі қоғамдық сананы қалыптастырады.

Тарихты ол саяси күрестің құралы ретінде ғана пайдаланған емес, оның қоғам дамуындағы

рөлін аса жоғары бағалап, «әрбір халық үшін өткені-моральдық күш алатын және басқа халықтар отырысында өз орнын анықтауға қажетті қайнаркөз болып табылады» деп атап көрсетті.

М. Шоқайдың пікірінше, тарих тағылымынан үйренбеу, оны жалған пайымдаулармен улау халықты теріс жолға салады, бұрынғы кезде орын алған кейбір қайғылы кезеңдердің қайта оралуына әкеледі [3, 450-451 бб.].

Кеңес баспасөздерінде М. Шоқайды «ағылшындарға қызмет етеді», «дүниежүзілік империализмнің агенті», ал қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларын «М. Шоқайдың агенті» деп айыптау бір ғана мақсатты-орыс үстемдігінің озықтығын дәлелдеу болатын. Осыған байланысты М. Шоқай былай дейді: «Мен Түркістанда агенттер дайындау туралы бас қатырып жатпаймын да. Мен жақсы білетін нәрсе бар. Өзім қызмет етіп келе жатқан армандар мен мұраттар менің атажұртым Түркістанда мен тәрізді әлі талай агенттер әзірлейтін болады. Өмірдің өрге тартар өрісі осындай» [6, 149 б.].

М. Шоқай қазақтардың жартысынан астамын қырғынға ұшыратқан 30-жылдардағы ашаршылықты құпия ұстауға тырысқан Кеңес өкіметінің зұлымдықтарын әлем жұртшылығы алдында алғаш әшкере еткендігін көрсетеді. Оған дәлел, 1933-1934 жылдары «Обсервер», «Таймс», «Геральд Трибюн», «Морнинг пост» т.б. басы-

лымдарда «қазақтардың қасіреті» атанған алапат ашаршылық туралы мақалалардың жарық көруі болып табылады. Тек осыдан кейін ғана әлем жұртшылығының пікірінен мазасызданған Кремль қазақтарға жеңіл-желпі көмек көрсетуге шырай танытады. Бұл да бүгінгі ұрпаққа мәлім бола бермес. Ашы да болса шындықты айтудың орнына, күнкөріс көзі болып отырған бар малын тартып алып, халықты қырғанға ұшыратқан Кремельдің сол бір «жақсылығына» әлі де тарихшылар ағыл-тегіл алғысын айтуды қоймай келеді [3, 461 б.].

Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын тепті. Оның маңдайына кез-келген тұлға ие бола бермейтін бақыт-өз халқымен үндес, тағдырлас болуы жазылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, ұланғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Ол былай деп жазады: «Мына бір нәрсені естен ешқашан шығаруға болмайды. Біздің ұлтты құтқару жолындағы күресімізді табыстарға жетуіміз бен өз тағдырымызды өз қолымызға алуымыз ұлтымыздың ауызбірлігіне байланысты. Оған біздің ұлтымыз шаруаның жерге мүделілігіндей мүдделілік танытуы керек...».

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан.1998.16 желтоқсан.
- 2 Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай және Алаш қозғалысы.
- 3 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1-том. –Алматы:Дайк-Пресс, 2012. 544 б.
- 4 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Бірінші том. Алматы, 2007. 352б.
- 5 Шоқай М. «Түрксіб». 1930 ж апрель-май, №5-6// Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3-кітап : Жас Түркістан. – Алматы, «Өнер», 2010. – 344 б.
- 6 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. – Алматы, 2007. – 384 б.
- 7 Шоқай М. «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес». 1929 ж декабрь, №1 // Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3-кітап : Жас Түркістан.-Алматы, «Өнер», 2010. – 344 б.
- 8 Шоқай М. «Шовинизм турасында». 1930 ж январь, №2 // Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3-кітап : Жас Түркістан.-Алматы, «Өнер», 2010. – 344 б.
- 9 Шоқай М. «Советтік Россия «қылмыстан» аулақ». 1929 ж декабрь, №1// Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3-кітап : Жас Түркістан.-Алматы, «Өнер», 2010.-344 б.
- 10 Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана (воспоминания, письма, документы) – Алматы, 2001.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. Zhasaj ber, Tәuelsiz Qazaqstan! Tәuelsizdik күnine arnalğan saltanatty мәzhiliste sөjlegен sөzi//Egemen Qazaqstan.1998.16 zheltoksan.
- 2 Esmağambetov K. Mұstafa Shoқaj zhәne Alash kozğalysy.
- 3 Shoқaj M. Shyğarmalarynuң tolyk zhinaғy. 12 tom, 1-tom. –Almaty:Dajk-Press, 2012. 544 b.
- 4 Shoқaj M. Taңdamaly shyğarmalar. Birinshi tom. Almaty, 2007. 352b.

- 5 Shokaj M. «Tyrksib». 1930 zh aprel'-maj, №5-6// Alash көsemsezi. 10 tomдық. 3-kitap : Zhas Tyrkistan. – Almaty, «Өнер», 2010. – 344 b.
- 6 Shokaj M. Таңдамалы шығармалар. Ekinshi tom. – Almaty, 2007. – 384 b.
- 7 Shokaj M. «Tyrkistanda maқта төңiregindegi kyres». 1929 zh dekabr', №1 // Alash көsemsezi. 10 tomдық. 3-kitap : Zhas Tyrkistan.-Almaty, «Өнер», 2010. – 344 b.
- 8 Shokaj M. «Shovinizm turasynda». 1930 zh janvar', №2 // Alash көsemsezi. 10 tomдық. 3-kitap : Zhas Tyrkistan.-Almaty, «Өнер», 2010. – 344 b.
- 9 Shokaj M. «Sovettik Rossija «kylmystan» aulak». 1929 zh dekabr', №1// Alash көsemsezi. 10 tomдық. 3-kitap : Zhas Tyrkistan.-Almaty, «Өнер», 2010.-344 b.
- 10 Marija Chokaj. Ja pishu Vam iz Nozhana (vospaminanija, pis'ma, dokumenty) – Almaty, 2001.

Beisetaeva S.K.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің Қазақстандағы этно-демографиялық жағдайы

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуінің нәтижесінде тарихи оқиғалар мен фактілерді шынайы зерттеу мен айқындаудың шындығы ашылуда. Атап айтқанда, тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі Қазақстанның демографиялық жағдайының өзгеруіне байланысты тарихи деректердің тереңіне үңілудің мүмкіндігі туды.

Әміршіл-әкімшіл саясат жылдарында жүзеге асырылғандықтан, тың игеру науқаны да асыра сілтеушіліктен, бұрмалаушылықтан құралақан болған жоқ. Ал олардың ұлттық, әлеуметтік-саяси және экологиялық салдарлары – моральдық және рухани жағынан тыңның тұрғылықты халқы-қазақтарға көп зиянын тигізді.

Осылайша жергілікті қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, Қазақстан ең көпшілік халқы орыстар болып табылатын көпұлтты республикаға айналуы қарастырылды.

Түйін сөздер: этно-демография, көші-қон, полиэтникалық, көпұлтты мемлекет, тың игеру.

Beisetaeva S.K.

The ethno-demographic situation in Kazakhstan during the development of fallow land

After the independence of Kazakhstan has become possible to study many previously unexplored historical events and facts, and also studying changes in the demographic situation in Kazakhstan during development of virgin land and laid.

As you know, more than a century Kazakhstan is a region of active migratory movement. Intensification of migration is often the result of a specific public policy. Most often the state regulated migration by authorizing already formed streams resettlement for the distribution of the labor force. But migration, in turn, also have an impact on the development of the state. The result was the changed structure of the national population. The most intensive migration process was carried out in 50-ies of XX century during the development of virgin land. The result was the changed structure of the national population. Thanks displaced developed economic, especially industry, who arrived in Kazakhstan from other republics of the USSR . On the other hand, the share of Kazakhs in the population at the end of the 50s was less than a third, they were located mainly in rural areas. Increasingly clear contours regained ethnically differentiated social structure of the population of Kazakhstan.

Key words: ethno-demography, migration, politetnichnost, multinational state, virgin soil.

Beisetaeva S.K.

Этнодемографическая ситуация в Казахстане в годы освоения залежных земель

В результате получения независимости Казахстана стало возможным исследовать многие ранее не исследованные исторические события и факты, в том числе и изучение изменения демографической ситуации в Казахстане во время освоения целинных и залежных земель.

Как известно, более столетия Казахстан относится к регионам активного миграционного движения. Интенсификация миграционных процессов чаще всего являлась следствием определенной государственной политики. Чаще всего государство регулировало миграцию путем санкционирования уже сформировавшихся потоков, организации переселений для распределения рабочей силы. Но миграция, в свою очередь, также оказывала воздействие на развитие государства – в результате сдвигов в этнодемографическом составе населения. Наиболее интенсивно миграционный процесс осуществлялся в 50-е годы XX столетия во время освоения целинных и залежных земель. Результатом его стала изменившаяся национальная структура населения.

Ключевые слова: этнодемография, миграция, политэтничность, многонациональное государство, целина

**ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН
ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЭТНО-ДЕМОГРА-
ФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

Қазақстан тарихында әлі де болса толық бағасын алмаған күрделі мәселелердің бірі – таяуда ғана 50 жылдығын атап өткен тың және тыңайған жерлерді игерудің қорытындылары мен салдарлары болып табылады. Сол кезеңде тың игеру тарихы сол заманғы идеологияға сай, асыра бағаланып, тек жағымды жақтарынан ғана жазылғаны мәлім. XX ғасырдың 50-жылдарының басында Кеңес өкіметінің аграрлық салада жүзеге асырған реформаларының нәтижесіз аяқталуының салдарынан жылдан-жылға халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қиындай түсті [1].

Осы орайда Елбасының тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығында сөйлеген сөзінде: «Қазақстанның баға жеткісіз жер байлығын игеру қандай да бір терең ойластырылмаған жоспарсыз және ғылыми негіздеусіз басталды. Жан-жақтан келген маман – практиктер көбінесе Қазақстанның топырақ – климаттық жағдайларына сәйкес келе бермейтін өз диқаншылық жүйелерін әкеліп, үйреншікті аграрлық тәсілдерді пайдаланды» делінген [2].

Тың игеру жылының алғашқы жылдарында, яғни 1954 жылдың наурыз айының бірінші жартысында елімізге РКФСР, Украина және тағы да басқа одақтас республикадан 14240 адам, сонымен қатар, республиканың комсомол жолдамаларымен 900 жас ауыл еңбеккерлері келген еді. Барлығы Қазақстанға жаңа кеңшарларға 1954 жылы 49 мың адам келсе, оның 14,5 мыңы механизаторлар болды. Ал 1954-1956 жж. елімізге 640 мыңға жуық адам келген болатын және де елуінші жылдары Қазақстан халқының жалпы саны 24%-ға өссе, ал тың өлкелерінде 40-50%-ға дейін артты. Бұл кезде орыстардың саны күрт өсті. Мәселен олардың үлесі 42,6%-ға артса, ал қазақтар үлесі керісінше 57,1%-дан 30% -ға мүлдем кеміп кетті [2, б3 б.].

Қазақстанның тың жерлерінде ірі астықты кеңшарларды ұйымдастыру қарқыны өте жоғары болды. 1958 жылы республикада кеңшарлардың саны 1953 жылмен салыстырғанда, 2,8 есе артты.

1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағы қорытындысы бойынша көшіп-қонушы тың игерушілердің республикадағы еңбек жасындағылар ішіндегі үлесі 33,9% болса, тың облыстарында тіпті 88, 9%-ға жетті. Кейінгі жылдары да тыңға келуші-

лер тиылған жоқ. 1961-1965 ж. кеңшарларға 160 мыңнан аса адам келді. Бір мезгілде жоспарлы көші-қон да жүріп жатты [2, 64 б.].

1960 жылдың 26 желтоқсанында Н. Хрущев Қазақстанның Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарынан Тың өлкесін құру туралы өкімге қол қойды. 1960-1963 жылдар аралығында Т. Соколов, 1963-1965 жылдар аралығында Ф. Коломиец Тың өлкесінің І хатшысы болды. 1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді. Бұл өлке қағаз бойынша Қазақстанға, Алматыға қарағанымен, іс жүзінде Мәскеуге тікелей бағынатын еді.

Тың игеру Қазақстан жерінде үлкен ауқымда жүзеге асырылып, республика өміріне жан-жақты әсерін тигізді. Елді астықпен қамтамасыз ету тың игеру арқылы негізінен шешілгені, тың игерудің ауылшаруашылығының басқа салаларының және машина жасау тыңайтқыш өндіру, күрделі құрылыс тағы басқа да халық шаруашылығы салаларының дамуына ықпалын тигізгенін атап өткен жөн. Бұл тарихи шындық.

Тың игеруге келген жастарды тұрақтандыру мақсатында 1954 ж. 17 шілдеде «Правда» газетінің бетінде Ақтөбе облысының Мариновск совхозының бір топ комсомол мүшесі қыздарының қыз-келіншектерді тың игеруге атсалысуға шақырған хаты жарияланады [3].

Жалпы Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижелерін қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси шындық тұрғысынан алып қарасақ, онда оның рөлі күмәнсіз. Тыңның арқасында Қазақстан халқының жан басына шаққанда 2 мың кг астам астық өндіруге қолы жетті. Ал әлемдік тәжірибеде азық-түлікке деген сұранысты қамтамасыз ету үшін 1 мың кг төңірегіндегі көрсеткіш жеткілікті. Оның үстіне Қазақстан тек өз қажеттерін ғана өтеп қоймай, сыртқа астық сатуға мүмкіншілік алды. Оның бірден-бір себебі бидай егілсе, Қазақстанның тың жерлерінде негізінен құрамында 20-22% белогы бар қатты бидай өсіріледі [3, 89 б.].

Ауылшаруашылығының дамуында КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан-наурыз пленумы ерекше орын алды. Пленум елде астық өндірісін одан әрі ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін қойды [4]. Партияның шақыруы бүкілхалықтың патриоттық қозғалысқа ұласты. Әсіресе комсомол жастар құп алып, қазақ даласына Одақтың түпкір-түпкірінен тың және тыңайған жерлерді игеруге ағылды.

Тың игеру жылдары сталиндік қоныс аудару саясаты жалғастырылып елдегі демографиялық

жағдайды одан әрі күрделендірді. Тың өлкесіне кең көлемде қоныс аудару одақтың еуропалық бөлігі үшін де, Қазақстан үшін де тиімсіз болды. Өйткені сол кездің өзінде-ақ одақтың еуропалық бөлігінде жылдан-жылға селолық жерлерде тұрғындар саны азайып, ал біздің республикамызда керісінше өсіп отырған болатын. Осы ерекшеліктер ескерілмей, онсыз да саны кеміп отырған еуропалық аудандардан, негізінен Украинадан, Ресейден, Белоруссиядан, Молдавиядан 1954-1962 жж. Қазақстанға 2 млн астам адам көшіріліп әкелініп қазақтардың үлес саны 30% дейін төмендеді. Тек 1955-1953 жж. Салыстырғанда қоныс аударушылар есебінен Ақмола облысында халық саны 96 есе, Қостанай облысында 23 есе өсті. Келгендердің арасында Украина мен Белоруссияның еңбекпен түзеу колониялары мен айып батальондарында жазасын өтеп жатқандар да болды [3, 89 б.]. Өзінің қамау мерзімінің басым бөлігін өтегендерге тыңда жұмыс істеуге келісім бергені үшін кешірім жарияланды.

Сонымен тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру жылдарындағы өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға қоныс аудару тарихы және оның салдарының негізгі мәселелері. Қазақстандағы тың игеруге байланысты 1954 жылдың 27 ақпанында Украинаның комсомолдар тобы Қостанайға келді. Одан кейін наурыз айында Мәскеу және Украинадан 4000 мыңнан астам еріктілер келіп, 6691 адамды құрады. Олардың 93,8 % Украинадан, 3,6 % Белоруссиядан, 0,6 % Татарстаннан, 2 % Қазақстан бойынша тың өлкесіне көші-қон қозғалысында топтасты. Тың игеруге келгендердің көші-қон қозғалысының үш жылында Қостанайға тұрақтауға 150 мыңнан аса адам РКФСР, Украина, Грузия, Белоруссия, Армения, Литва және Орта Азиялық Республикалардан келді [5].

Тың игерудің алғашқы екі жарым жылында Көкшетау облысына 120 мың еріктілер қоныстанды. Бұлардың ішінде Мәскеуден машина құрылыс, Украинадан металл қорытушылар, Донбасстан шахтерлер және КСРО-ның басқа да аймақтарынан келген еріктілер және 34 мың комсомолдар болды. Осы аталған жылда Ақмола облысына еріктілердің алғашқы эшелоны 5 наурызда Мәскеуден көшіп келсе, әр жылдарда Мәскеуден, Ленинград, Украина, Белоруссия, Эстония, Иванов, Горький, Урал жерлерінен 150 мың адам келді.

1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағында көпұлтты республикаға айналған Қазақстандағы ұлттардың сандық көрсеткіші мынадай болды: беларустар – 107 463, украиндар – 16 3131,

кәрістер – 74 019, поляктар – 53 102, әзірбайжандар – 38 562, мордвалар – 14 844, армяндар – 9204, күрдтер – 6109, грузиндер – 3467, дағыстандар – 3254, қытайлар – 3158 және тағы басқа ұлт өкілдерінің көп сандық мөлшерде қазақ жерінде болуы кеңес үкіметінің жүргізген ұлт саясатына байланысты болды. Соның нәтижесінде Қазақстан халқының ұлттық құрамы айтарлықтай өзгеріп, демографиялық ахуалы сандық және ұлттар арасындағы үлес салмағында айырмашылықтар байқалды [6].

Соғыстан кейінгі кезеңде Батыс Қазақстан аймағы ауыл халқының ұлттық құрамында бірқатар өзгерістер жүрді. Бұл кезеңдегі ұлттық құрамдағы басты өзгеріс бұл жергілікті халық қазақтар санының қалпына келуі болды. Аймақ бойынша 1959-1970 жылдардағы халық санақтары аралығында орыстардың 110 632 адамнан 130 058 адамға, белорустардың 2 831 адамнан 6 845 адамға, украиндардың 59 607 адамнан 61 277 адамға ұлғаюы тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны нәтижесінде туындаған көші-қон үдерістерімен де байланысты болды. 1959 – 1989 жылдары аймақта қазақтардың үлесі 71,2 %-тен 79,7 %-ке өссе, орыстар 17,8 %-тен 10,8 %-ке, та-

тарлар 1,5 %-тен 0,9 %-ке, украиндар 9,6 %-тен 4,7 %-ке, өзге ұлт өкілдері 4,2 %-тен 3,4 %-ке түсті [7].

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы көші-қонның әлеуметтік-экономикалық маңызымен қатар, оның демографиялық салдарының болғанын да атап өту қажет. Бұл жылдардағы көші-қон республика халқының ұлттық құрамына терең өзгеріс енгізді, басқа ұлттардың үлес салмағын арттырды. Мәселен, жаппай тың игерудің бірінші кезеңінде (1954-1955 жж.) Қазақстанға 640 мыңнан астам адам келген, бұл тың өлкесінде өмір сүріп жатқан барлық ауыл халқының 45,3 %-ын құрайтын еді. 1954 жылдан 1962 жылдың ортасына дейін Қазақстанға 119 514 отбасы жолданған. Сөйтіп, 10 жылдан аса уақыт ішінде (1953-1966 жж.) республиканың ауыл халқы 2 млн адамға немесе 1,5 есеге өскен [8].

Сонымен қазіргі статистикасы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарынан қалған еуропалықтардың Қазақстандағы үлесі келесідей: орыстар – 21,8%, өзбектер – 3%, украиндар – 1,8%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1,2%, немістер – 1,1%, корейлер – 0,6%, түріктер – 0,6%.

Әдебиеттер

- 1 Абдираймова. А.С. Тың және тыңайған жерлерді игеру: тарихы мен тағылымы // Вестник КазНУ. – №2(53). – 2009. – 107-111 бб.
- 2 Оразбақов. А.Ж. Тың игеру жылдарындағы Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы // Мемлекет тарихы. – №3. – 2011. – 63-69.
- 3 Қаражан. Қ. С. Тың және тыңайған жерлерді игерудің Қазақстан демографиясына әсері. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – №2 (69). – 2013. – 85-91 бб.
- 4 Орынғалиұлы. А. // Ақтөбе газеті. – 19 сәуір, 2007.
- 5 История рабочего класса Советского Казахстана. Т. I. – Алматы, 1987. – 431 с.; – Т. II. – Алма-Ата, Наука, 1988. – 451 с.
- 6 Республика Казахстан: 50-лет начало освоения целинных и залежных земель. Статистический сборник. 1953-2003 гг. – Алматы, 2003. – 128 с.
- 7 Аман Ә.Б. Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары) Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Орал, 2009. – 31 б.
- 8 История Казахстана: народы и культуры. – Алматы, 2001. – 608 с.

References

- 1 Abdirajmova. A.S. Tyn zhane tynajgan zherlerdi igeru: tarihy men tagylymy // Vestnik KazNU. – №2(53). – 2009. – 107-111 bb.
- 2 Orazbaqov. A.Zh. Tyn igeru zhyldaryndary Qazaqstannyn jetno –demografijalyg zhagdajy // Memleket tarihy. – №3. – 2011. – 63-69.
- 3 Qarazhan. K.S. Tyn zhane tynajgan zherlerdi igerudіn Kazakstan demografijasyna aseri. KazUU habarshysy. Tarih serijasy. – №2 (69). – 2013. – 85-91 bb.
- 4 Oryngaliuly. A. // Aktobe gazeti. – 19 sauir, 2007.
- 5 Istoriya rabochego klassa Sovetskogo Kazahstana. T.I. – Almaty, 1987. – 431 s.; – T. II. – Alma-Ata, Nauka, 1988. – 451 s.
- 6 Respublika Kazahstan: 50-let nachalo osvoenija celinnyh i zaleznyh zemel'. Statisticheskij sbornik. 1953-2003 gg. – Almaty, 2003. – 128 s.
- 7 Aman A.B. Batys Qazaqstannyn auyl halky: tarihi-demografijalyk aspekt (HH gasyrdyn 20-80 zhyldary) Tarih gylymdarynyn kandidaty gylimi darezhesin alu yshin dajyndafan dissertacijanyyn avtoreferaty. – Oral, 2009. – 31 b.
- 8 Istoriya Kazahstana: narody i kul'tury. – Almaty, 2001. – 608 s.

Иманкулова Д.
**Особенности казахстанской
модели межэтнической
толерантности
и общественного согласия**

Данная статья посвящена особенностям казахстанского опыта в сохранении межэтнической толерантности и общественного согласия, из которого видно, что глобальные проблемы современности, стратегические программы развития можно решить только общими коллективными усилиями и на основе консенсуса. В нашей стране, для которой полиэтничность и поликонфессиональность являются характерными чертами, верность идеям общественного согласия, толерантности, интеграции полиэтничного общества, диалога между различными культурами и цивилизациями – это аксиома, которую не надо доказывать.

Главной и основной задачей для Казахстана в первые годы после обретения суверенитета являлось обеспечение прав и свобод для граждан своей страны. На сегодняшний день современный мир признал и оценил «казахстанский путь развития», в котором неотъемлемой частью является казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия, к которой наша республика пришла за годы развития своей независимости.

Ключевые слова: межэтническая толерантность, общественное согласие, Ассамблея народа Казахстана, полиэтничность, поликонфессиональность, закон.

Imankulova D.
**Kazakhstan's model peculiarities
of interethnic tolerance and
social agreement**

The article dedicated to the peculiarities of Kazakhstan's experience in preserving interethnic tolerance and social agreement. As this experience shows, global problems of modernity, strategic programs of development can be solved only by common collective efforts on the basis of consensus. In our country, for which multi-ethnicity and poly-confessional are main features, loyalty to the ideas of social agreement, tolerance, integration of multi-ethnic society, dialogue between different cultures and civilizations – a fundamental truth that does not need to prove.

- 10 Kara-Murza S.G. Sovetskaya civilizatsiya. Kn. vtoraya. Ot Velikoi Pobedy do nashih dnei. – М., 2002.
- 11 См.: Vizbiur U.O. Sochineniya. V treh tomah. – М., 2001.
- 12 Ficpatrik Sh. Povsednevnyi stalinizm. Social'naya istoriya sovetskoi Rossii v 30-e gody: gorod – М., 2001.
- 13 Popov M.E. Antropologiya sovetskostii: filosofskii analiz. Diis... kand. filos. nauk. – Stavropol', 2004.
- 14 Vail' P., Genis A. 60-e. Mir sovetskogo cheloveka. – М., 1996.
- 15 Popov M.E. Cit. Soch.
- 16 Lazari A. de. «Sovetskost'» i «russkos'» v pol'skoi kul'turnoi zaprogrammirovannosti (zarisovka voprosa) // Rossiya-Pol'sha: Filosofskii I istoriko-kul'turnoi diskurs / Pod red. S.G. Shulejkovoi. – Magnitogorsk, 2005.
- 17 S.G. Kara-Murza v efire radio «Eho Moskvy» 6 noiabrya 2003 g. // URL: <http://www.kara-murza.ru/referat/sociology/Nepoladki007.html>
- 18 Leбина N.B. Ensiklopedya banal'nostei: Sovetskaya povsednevnost': Kontury, simvol'y, znaki. – SPb., 2006.
- 19 См.: Vorobeва M.V. Ук. Soch.
- 20 Zinovev A.A. Ispoved otshepenca. – М., 2008.
- 21 CHerniavskaya IU.V. Na rendez-vous s epohoi: sovetskii intelligent v poiskah identichnosti // CHelovek. 2007. № 5
- 22 Gudkov L.D. «Sovetskii chelovek» v sociologii IU. Levady // Obshestvennye nauki I sovremennost'. 2007. № 6
- 23 Стенограмма пятого открытого семинара проекта «Демократия в России» «Человек советский или современный? Политическая культура и ценности россиян». 20 сентября 2011 // URL: <http://www.levada.ru/stenogramma-pyatogo-otkrytogo-seminara-proekta-demokratiya-v-rossii-chelovek-sovetskii-ili-sovremenniy>
- 24 Bulavka L.A. «Russkaya dusha» i «sovetskii duh» kak dva fenomena otechestvennoi kul'tury // Vestnik Moskovskogo universiteta. Serya 7. Filosofiya. – 2008. – № 3.

Сарманова К.Т.
**ҚР ОММ қорындағы қазақ
халқының дәстүрлі
қару-жарағының сипаттамасы**

Дәстүрлі қару-жарақ – ұлттық мәдениеттің ерекше феномені. Халықтың дәстүрлі түсінігінде қару-жарақ тек соғыс құралы ғана емес, қару-жарақтың барлық түрі этностың өмірі динамикасының айырылмас элементі, олар өздерінің түрлі тұрмыстық және әлеуметтік функциялары арқылы этностың өмір сүру процесіне кіріккен. Қазақ халқының қару-жарағын қазақтың дәстүрлі халықтық мәдениетінің контекстінде қарастырып, этнографиялық болмыстың басқа құрамдас элементтерімен генетикалық, семантикалық, құрылымдық және функционалдық байланыстары мен қатынастардың тұтастығында қарастыру ғана этникалық мәдениеттің маңызды бір компоненті болған қару-жарақтың шынайы мағынасын ашады.

Қазақтың өткен тарихына, әскери өнерінің, қару-жарығының тарихына деген қызығушылық жылдан-жылға арта түседі. Дегенмен қазақтың дәстүрлі қару-жарағы туралы жазылған еңбектер мен бақылымдар жоқтың қасы.

Қазақ қару-жарағын алғаш зерттеушілердің бірі қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов. Оның еңбектерінде қару-жарақтардың түрлері, жасалу технологиясы, суық және от қаруының түрлері мен пайдалануы туралы мәселелер көтеріледі.

Түйін сөздер: дәстүрлі, қару-жарақ, семантика, дерек, тарих.

Sarmanova K.T.
**Description of the traditional
weapons of the Kazakh people
available in the funds
of Central State Museum
of the Republic of Kazakhstan**

This article examines the development of traditional Kazakh weaponry, in particular the forms and types of weapon, and is based upon the collection preserved by Central State museum. The main aim of this article is to show the symbolic, magical, ideological functions of weapon and prove that it is very significant in society. It allows us to show that weapon is one of the attributes of nomadic traditions and to show the social, cultural meaning. Traditional weapon considered is to be one of the social institute and attribute which shows functional condition of it. The first source about weapon was published in 1969. Also the article to show the names of weapon aims in kazakh languages, describe their peculiarities and semantics. The main materials during the research of Kazakh traditional weapon were in Almaty museums and other places.

Key words: traditional, weapon, semantic, source, history.

Сарманова К.Т.
**Описание традиционного
вооружения казахского народа
имеющегося в фондах
ЦГМ РК**

Эта статья рассматривает развитие традиционного казахского вооружения и описывает частные виды, типы оружия, которые сохранены в коллекции Центрального музея. Цель статьи показать символическую, магическую, идеологическую функции вооружения и его роль в обществе. Традиционное казахское вооружение считалось одним из атрибутов кочевого народа, которое показывает социальное культурное значение вооружения. Кочевые народы были создателями оригинальной военной системы, с помощью которой на протяжении ряда веков они получали бесспорное военно-политическое превосходство над своими противниками за пределами Великой Степи. Многоаспектные проблемы военной истории кочевничества достаточно плодотворно изучаются за пределами республики, свидетельством чему являются многочисленные монографии, статьи, заметки, сообщения историков, археологов, этнологов. Первые источники о традиционном вооружении были опубликованы в 1969 году. По военному делу казахов только недавно стали появляться отдельные труды.

Ключевые слова: традиционная, вооружение, семантика, источник, история.

**ҚР ОММ ҚОРЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ДӘСТҮРЛІ
ҚАРУ-ЖАРАҒЫНЫҢ
СИПАТТАМАСЫ**

Қазақтардың қару-жарақ жасауға қолданған материалдары өздерінің мал шаруашылығынан алынатын өнімдер мен Қазақстан территориясында өндірілетін шикізаттар және табиғи материалдар: тері, сүйек, мүйіз, тарамыс, қара және түсті металдар, асыл тастар. Бұл материалдар физикалық қасиеттері мен өңделу технологиясына сәйкес қарудың түрлі функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды.

Қару-жарақты *дайындау әдістерінің* негізгі түрлері – соғу, құю, қалыптау әдістері. Дайындалған қару-жарақтың негізгі функционалдық бөліктері әртүрлі тәсілдермен *өңдеудің* бірнеше кезеңдерінен өтеді. Өңделген қарулардың ағаш, мүйіз немесе сүйек саптары, мықты болу үшін *беріктеу әдістерімен* күшейтілген. Қару-жарақты *әшекейлеуде* қазақ шеберлері алтынмен және күміспен қақтау, алтын жалату, алтынмен аптау, баспалау, сірке салу, қарала жүргізу әдістерін қолданған.

Еуразия аумағын мекендеген көшпелілер негізінен қаруланған адамдар тобы болды. Қару асынып жүру бейбіт өмірде де дәстүрге айналды. ҮІІ ғ. ағылшын елшісі және саяхатшы Антонио Джеккинсонның айтуынша, көшпелілер мейлі аңға шықсын, сауық-сайранға барсын ешқашан садақ, жебе, қанжарсыз шықпаған. Қаруланып жүру тек заңды құқық емес, сонымен қатар міндет болған. Кейінгі орта ғасырлардағы көшпелілік өмір, қазақтардың әдет құқықтарына тәуелді болған. Халық жиналысына бірде-бір қазақ қарусыз келмеген. Қарусыз келген адамға орын берілмеген және сайлауда дауыс бере алмаған. Ру-тайпалық құрылым жауынгерлік дәстүрде де өз жалғасын тапты. Үздіксіз соғыстар, шапқыншылықтар сыртқы жаудан қорғану – қазақтарда жауынгерлік, батырлық дәстүрді қалыптастырды. Хандар мен сұлтандардың өзі сыртқы саяси мәселелерді шешкенде белгілі батырлардың әскери және саяси қолдауына сүйенді.

Ел билеуші ханның күштілігі мен беделі оны қолдаушы батырлардың тектілігі мен саны арқылы танылған. Кей уақыттарда хан өзі жорықтардан қалып, батырларды жасақтарымен бірге аттандырып отырған.

Бөлім қазақтардың қару-жарақ түрлерін талдауға арналып, Қазақстан жерінде мекен еткен байырғы көшпелі халықтарда

қару-жарақ түрлері мен типтерінің қалыптасу тарихына шолу және музей қорындағы қару-жарақ коллекциясына сипаттама жасалынады.

Көшпелі халықтардың қару-жарағы алыс қашықтықта, орта қашықтықта және жақын дистанцияда қолданылатын қарулар және қорғаныс жарағы болып бөлінеді. Еуразия аумағында ерте замандарды мекендеген көшпелілердің алыс қашықтықта айқаста қолданған басты қару түрі – жақ болды. Белгілі қару зерттеуші М.В. Горелик жақтарды конструкциясына байланысты қарапайым типі, күшейтілген типі, күрделі типі, құранды типі деп 4 типке бөледі [1, 190 б.].

Археологиялық деректерге сүйенсек көшпелі садағының ең көне түрі шарты түрде «скифтік типтегі садақ» деп аталатын күрделі садақ түрі болды. Жақтың ұзындығы шамамен 60-80 см, соған сәйкес оғының ұзындығы 60-70 см болды. Б.з. дейінгі III ғасырдан бастап көшпелілер садағының конструкциясы одан әрі жетілдіріліп, алысқа ату үшін адырнаның иіндері ұзартылып, бастары мен белі атқан кезде қозғалмас үшін 7 сүйектермен күшейтіледі. Бұл садақ типін ғалымдар шартты түрде «ғұн садағы» деп атайды. Біздің заманымыздың I-II мыңжылдығындағы барлық көшпелі халықтардың жақтарының жекелеген түрлері осы ғұн садағының негізінде дамыды. Б.з. V-VI ғасырларында ғұн садағын әрі қарай жетілдіру барысында пайда болған варианты «түркі садағының» басты ерекшелігі – оның иінің ішкі бетіне сүйек салып, сүйектің серпінді күші қолдануында. Бұл садақ та күрделі-құрама садақ болды, ұзындығы 120 см. XIII ғасырда көшпелілер садағының төртінші түрі – «монғол садағы» қолданысқа енді [2, 85 б.]. XV ғасырдан бастап серпіні күшті болу үшін әртүрлі материалдардан, бес буыннан құралып жасалған жақтың бесінші түрі қалыптасты. Жақтың бұл үлгісі көшпелілер садағының дамуының соңғы стадиясы деуге болады.

Б.з. дейінгі I мыңжылдықтың ортасынан б.з. V ғасырына дейін көшпелі жауынгерлерінің жақ пен жебені бірге салып алып жүретін садаққабы (*горит*) теріден екі қалталы қылып жасалатын [3, 103 б.]. Түркі заманынан бастап (V-VIII ғ.ғ.) жақ пен оқтың қаптары екі бөлек жасалды.

Байырғы көшпелілердің орташа дистанцияда ұрыс жүргізгенде қолданатын түйреу қаруының бірінші түрі – *найза*. Түйреу қаруының екінші түрі сауытты әскерге қарсы қолданатын *сұңгі*. Б.з. дейінгі V-б.з. V ғасырларда көшпелі халықтарда лақтыруға арналған жеңіл түйреу қаруы – *жыда* да болған. Көшпелі халықтардың жауын-

герлері найза, сұңгілерге түрлі әскери белгілер, айыру, дәреже белгілерін тағатын.

Сақ-сармат жауынгерлері қоян-қолтық айқаста суық қарудың бір түрі-акинақ деген ұзындығы 50-60 см қысқаша қанжар болды. Б.з. дейінгі VI ғасырдан бастап Орталық Азияның көшпелі халықтарында ұзындығы 70-90 см, екі жүзді, түзу *семсерлер* қолданысқа енеді [4, 25 б.]. VI ғасырда ат үстінде айқас жүргізуге ыңғайланған, кесу функциясын арттыру үшін сабы жүзіне қисайта орналастырылып соғылған, кесу қаруының *екінші* түрі – басы түзу, бір жүзді *палаши* қолданыла бастады. Бұл қарудың кесу күшін арттыру барысында VII-VIII ғасырларда бірте-бірте палаштың басы қайқыланып, сабы имек болып жасалып, кесу қаруының *үшінші түрі* – *қылыш* пайда болады.

Соғу қаруы көшпелі халықтарда б.з. дейінгі I мыңжылдықтың басынан қолданыла бастады. Б.з. дейінгі VII-ғасырда сақтар қолданған бұл қарудың бірінші түрі – *гүрзінің* тастан жасалған жұмыр басы йгарак обаларынан табылған. X-XII ғасырлардағы оғыз-қыпшақ жауынгерлерінің қаруы ретінде ауызша, жазбаша ескерткіштерде соғу қаруының екінші түрі – *бұздығандар* айтылады. Көшпелілер соғу қаруының үшінші түрі – «*босмойын*» шоқпардың жекелеген бастары археологиялық мұрағаттарда VIII-X ғасырлардан кездесе бастайды.

Евразиялық көшпелі халықтарда қорғаныс жарағының негізгі түрілерінің қалыптасуы да б.з. дейінгі I мыңжылдықтың ортасынан басталады. Көшпелі сауыттарының бірінші түрі – төртбұрышты ірі металл тақталарды теріге, матаға шегемен қатарлап бекіту арқылы жасалған *берен* сауыт. Б.з. дейінгі V-III ғасырларда сақтарда қолданыста болған *бірінші типінде* мойынды қорғайтын, тұтастай темірден немесе темір тіліктерді теріге бекітіп жасаған биік жағасы, темір таспаларды қайыспен теріп жасалған ұзын жеңі, етегі болды. М.В. Горелик бұл сауыт типін «*сақ-юэчжилік сауыт*» деп атайды. Бұл сауыт түркі-монғол халықтарының тілдерінде *құяқ* деп аталды. Түркі заманына жататын осындай сауыт тақталарын В.В. Радлов Чердат өзеннің бойынан тапқан болатын [5, 26 б.].

Сауыттың екінші түрі жылан қабығына немесе құс қауырсынына ұқсас кішкентай металл тіліктерінен жасалған *көбе сауыт* түрі. Бұл сауыттың *екі типі* бар. *Бірінші типі* – жыланның қабыршықтарына ұқсас кішкентай көбе темірлерден жасалған сауыт, б.з. дейінгі VI-III ғасырларда скифтерде өте кең қолданыста болды. Есіктен табылған алтын адамның киімі..

Көбе сауыттың *екінші типі* – көбе темірлері астарсыз қайыспен байланыстырылған көбе сауыт. М.В.Гореликтің классификациясы бойынша бұл «ламельлярлық сауыт». Бұл сауыт түрі б.з. дейінгі VIII-VII ғасырларда пайда болған. Сауыттың үшінші түрі – дөңгелек металл шығыршықтан тоқылған *кіреуке сауыт*. А.М.Хазанов кіреуке сауыттың сарматтарда қолданғанын жазады. VI-VII ғасырға жататын Солтүстік Қазақстанда табылған археологиялық материалдарда кіреуке шығыршықтарының (диаметрі 1,4 см) кездесуі түркілерде де осы типті кіреуке сауыттың қолданыста болғанын көрсетеді. Жазба және археологиялық материалдар X ғ. қырғыздарда, XII-ғ. қыпшақтарда бадана кіреуке болғанын куәлейді.

Б.з. дейінгі I мыңжылдықтың ортасынан көшпелі сақ-скиф-сармат жауынгерлері пайдаланған сауыттың бесінші түрі – металдан тұтастай соғылып жасалған *кираса* сауыт. Скифтер обаларынан кирасалардың тұтастай бөліктері табылса [6, 175 б.], өнер ескерткіштері (I-V ғ.) бұл сауыттың ғұн заманының аяқ кезінде де қолданыста болғанын көрсетеді.

Көшпелілер қолданған сауыттың алтыншы түрі – *қаттау* матадан бірнеше қабаттап сырып тігіліп, берік болу үшін тігісінің арасына қыл, мақта, металл үзіктері салынған. Бұл сауытты X-XII ғасырларда қыпшақ жауынгерлері қолданды. Орта ғасырда Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтарда бұл сауыт түрі кең тараған болатын.

Ертеде көшпелі жауынгерлер сауыттың сыртынан қайысбау, не ілгек арқылы металл тақталарды бір-бірімен байланыстырып жасаған қосымша жарақ түрін киген. Бұл жарақ айналарының санына байланысты *«шарайна»* деп аталады. Көшпелі халықтар қолданған шарайнаның *екі типі* бар. *Бірінші типі* төрт дөңгелек тақталарды қайысбаумен жалғап жасалған, шарайнаның бұл типі алғашқы рет түркі заманында пайда болып, X-XII ғасырларда бұл шарайна қыпшақтарда кең қолданысты болған. Шарайнаның *екінші типі* – белді қорғайтын үлкен төрт төртбұрышты болат тақтадан құралған *белдік шарайна*. Бұл шарайна типі XV ғасырда кең қолданысқа еніп, түркі халықтарында XVIII-XIX ғасырларға дейін жетті.

Көшпелі халықтардың жауынгерлік бас киімінің бірінші түрі – тері не киіз бас киімге металл тіліктерін бекітіп жасаған *көбе дулыға* болды. Өнер ескерткіштері мұндай дулығаны скиф, түркі жауынгерлері кигенін көрсетеді. Жауынгерлік бас киімнің екінші түрі – металдан

тұтастай соғылған дулыға. Қоладан құйылған мұндай сақ дулығалары Қазақстанда б.з. дейінгі VI-VII ғасырларға жататын археологиялық материалдарда кездеседі. Дулығаның үшінші түрі – төбесі екі, төрт не одан да көп сайдан құралып жасалған *құрама дулығалар*. Бұл дулығаның әр түлі типтері көшпелі халықтарда VI ғасырдан XIX ғасырға дейін қолданылды. Көшпелі жауынгерлері әдетте қаттама сауыттармен бірге *«қаттама дулығалар»* киген. XV ғасырда жауынгерлік бас киімнің бесінші түрі – *темір, жез телпектер* қолданысқа енді.

Жасалған материалына қарай көшпелілер қалқандарын негізгі *төрт* түрге бөлуге болады: талдың шыбықтарынан өріліп, ағаш тақталардан құралып, теріден сомдалып және металдан соғылып жасалған қалқандар. Сақтардың қалқандары талдың шыбықтарынан теріге өріп жасалды, қалқан шыбықтары геометриялық өрнек түрінде түрлі түске боялып әшекейленген. XIII-XV ғасырларда талдың шыбықтарынан жасалған қалқан көшпелі халықтарда қайтадан қолданысқа енді. Тал қалқанның бұл екінші типі дөңгелек, конус формалы болып жасалып, жібек жіптермен оралып әшекейленген. Көшпелілер қалқандарының екінші түрі ағаш тақтайдан жасалды. VI-X ғасырларда түркілер тақтайлардан дөңгелек жасалып, сыртынан терімен қапталынған, металл құрсаулармен күшейтілген қалқандарды пайдаланды. Ғалым М.В. Горелик өнер ескерткіштерінің деректеріне сүйене отырып XIII ғасырда монғолдарда бірнеше қабат теріден сомдалып жасалған қалқан түрі болғанын жазады [7, 38 б.].

Жауынгер батырлардың *«бес қаруын асынды»*, *«бес қаруы бойында»*, *«бес қаруын сайланған»* қарулануын білдіретін деген сөз тіркестері халқымыздың ауыз әдебиетінде жиі қолданылады. Соғысқа қатысты *«Ер қаруы»* деген сөз тіркесі, халықтық әскери термин ретінде, жай қару емес, соғыс қаруы, жауынгердің соғыста қолданатын жеке қаруы, яғни соғысқа қатысты білдірген. Жоғарғы дәрежелі әскери лауазымды белгілейтін жауынгерлік қарудың негізгі бес түрі – ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сүңгі), кесу қаруы, яғни соғысқа қатысты соғу қаруы (шоппар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан) кіретінін көрсетеді. Қазақтың «ер қаруы – бес қару» сөздерінің астарлы мағынасында, көшпелі халықтарда ертеден қалыптасқан, жауынгерлік қаруды классификациялаудың өзіндік жүйесі жатқанын байқауға болады.

Жауынгерлердің әскери құралының екінші тобы қорғаныс құралдары – *жарақтар*. Бұл ка-

тегорияға адамның денесін қарудан сақтайтын бірнеше заттар тобы кіреді. *Бірінші* денеге киіліп қорғаныс болатын заттар: 1) денеге киілетін жарақ түрі – *сауыт, шарайна, жауынгерлік белдік*; 2) басқа киілетін қорғаныс жарағы – жауынгерлік бас киімдер: *дулығалар, темір қалпақтар, жауынгерлік телтектер*; 3) аяқты, қолды қорғайтын жарақтар – *жеңсе, белдемше, тізелік, балтырлық*. Қорғаныс жарағының *екінші* түрі қолға ұстап қолданылатын жарақ – *қалқан*. Сауыттардың қорғаныс қасиетін қалыптастыру әдісіне қарай бес түрі бар. Олар – *«көбе(лі) сауыт», «кіреуке(лі) сауыт», «берен(гілі) сауыт», «қаттама сауыт», «жсалаңқат сауыт»*. Қорғаныс жарағының қолға ұстап қолданылатын түрінің атауы *қалқан* сөзінде жауынгердің өзін қарудан *қалқалап* қорғанау тәсілі көрініс тапты.

ҚР ОММ қорындағы қазақ жебелерінің жиынтықтарын жасалған материалына сәйкес топқа, формасына сәйкес типке, қимасына байланысты үлгіге бөліп типологиялық тұрғыдан талдау барысында олардың 8 типі анықталғандығы белгілі.

Музей коллекциясындағы және бейнелік материалдардағы қазақ қылыштары басының қайқылығына қарай 4 типке, сабының және балдағының формасына сәйкес бірнеше үлгіге бөлінеді. Музейлік материалдарда қазақ қылыштарының ұзындықтары әдетте 85-100 см аралығында, ені 3-3,5 см болып келеді. XVIII-XIX ғасырлардан бастап қазақтар басы түзулеу келген, балдақсыз кесу қаруы – сапыны қолдана бастады. Музей коллекцияларындағы қазақ сапыларын басының қайқылығына қарай 2 типке, сабының формасына қарай екі үлгіге бөлінеді. Сапылардың ұзындығы 87-97 см аралығында.

Жақын қашықтықта түйреу арқылы қолданылатын қарудың бірінші түрі – *«найза»*. Музейлік қорлардағы және құлпытастарда бейнеленген қазақтың найза жебелері басының формасы мен қимасына сәйкес бес типке, ұңғысының формасына байланысты екі үлгіге бөлінеді. Түйреу қаруының *екінші* түрі – *«сүңгі»*. Типологиялық тұрғыдан жеке меншікте, музей қорларындағы қазақ сүңгілерінің жебелерін формасы мен қимасына сәйкес 3 типке, ұңғысының формасына қарай екі үлгіге бөлуге болады.

Қазақтардың шабу қаруы *үш түрге* бөлінеді. Типологиялық анықтаушы сипат ретінде балта басының жарақат салу ерекшелігі алынды. Жауынгерлік балтаның бірінші түрі – жүзі жалпақ, жарты ай сияқты дөңгелене келген *айбалта* (секира). ҚР ОММ қорында қазақ айбалталарының 5 типі бар. Әр типтің әшекейсіз, күміс қақтау әдісімен өрнектелген үлгісі болады. Жауынгерлік балтаның *екінші* түрі – жалманы жіңішке сына тәрізді жасалған балта. Қазақтар балтаның бір түрін *шақан* деп атайды [8, 246 б.]. Жауынгерлік балта басының *үшінші* түрі – жүзінің жалпақтығы орташа, жоғары жағы тіктеу келген, төменгі ұшы сағағына қарай айдың ұшы сияқты дөңгеленген *балта* (топор). Бұл балтаның шүйдесінің формасына сәйкес 2 типі, ал әшекейленуіне әр типтің қарай әшекейсіз және күміс қақталған үлгілері болады.

Бес қарудың соңғы түрі – соғу қаруы. Бастары металдан бөлек құйылып жасалып, сапқа орнатылатын ауыр шоқпар түрі *«гүрзі»* деп аталады. Музейлердегі қазақ гүрзілерін басының формасына сәйкес 1 типке, жасалу материалына қарай 2 топқа бөлінеді.

Қазақ қанжарларының бізге жеткен жеке меншік, музейлік үлгілерін және құлпытастарда бейнеленген үлгілерін салыстыра отырып, типологиялық тұрғыдан жүзінің формасына сәйкес 3 типке, сабының формасына байланысты 7 үлгіге бөлуге болады. Қазақтар кісе белдікке міндетті түрде ұлттық пышағын тағады. ҚР ОММ қорындағы қазақ пышақтарының *қыны* теріден тігіліп жалпақ жасалған үшбұрышты, төртбұрышты «алақанмен» бітеді. Пышақтың сабы мүйізден, сүйектен, ағаштан жасалып, ұшы сәл имектеу болады, жүзімен қиылысқан тұсы металмен қапталып, әшекейленеді.

ҚР ОММ қорындағы қару-жарақтар коллекциясы қазақтың дәстүрлі мәдениетінің үлкен бір саласы көшпелілер әскери-өнері, қарулары, жарақтарының түрлерін жан-жақты көрсете алатын ауқымды коллекция және ол республикамыздағы музейлер арасынан саны көп, сан алуандығымен дараланады. Аталмыш қордың сақталуы, реставрациялануы мен консервациялануы, экспозициядан көрініс табуы өз деңгейінде болуы олардың ғылыми, біліми, музейлік құндылығын арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Маргулан А.Х. «Казакское народное прикладное искусство». В трех томах. – Алма-Ата, 1987.
- 2 Арғынбаев Х.А. «Қазақ халқының қолөнері». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер. 1987.
- 3 Жағда Бабалықұлы. Ер тұрман // Ана тілі. 1994 ж. 6-қазан. 5-б.
- 4 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996.
- 5 Горелик М.В. Оружие древнего Востока. (IV тысячелетие – IV в. до н.э.) – М.: Наука. Издательская фирма «Восточная литература», 1993. – 349 с.
- 6 Музееведение: учебное пособие / под редакцией К.Г. Левыкина и В.Хербста. Москва, Высшая школа. 1988. – 431 ст.
- 7 Кроллау Е.К. Температурно-влажностный и световой режим музеев. – М., 1971.
- 8 Картаева Т.Е. Өмілдірік. Ұлттық энциклопедия. 7 том. – 249 б.

Referenses

- 1 Margulan A.H. «Kazahskoe narodnoe prikladnoe isskustvo». V treh tomah. – Alma-Ata, 1987.
- 2 Arғыnbaev H.A. «Қазақ халқының қолөнері». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер. 1987.
- 3 Zhaғda Babalyқұly. Er тұрман // Ana tili. 1994 zh. 6-қазан. 5-б.
- 4 Ahmetzhanov Қ.S. Zharaғan temir kigender. – Almaty: Dәuір, 1996.
- 5 Gorelik M.V. Oruzhie drevnego Vostoka. (IV tysjacheletie – IV v. do n.je.) – M.: Nauka. Izdatel'skaja firma «Vostochnaja literatura», 1993. – 349 s.
- 6 Muzeevedenie: uchebnoe posobie / pod redakciej K.G. Levykina i V.Herbsta. Moskva, Vysshaja shkola. 1988. – 431 st.
- 7 Krollau E.K. Temperaturno-vlazhnostnyj i svetovoj rezhim muzeev. – M., 1971.
- 8 Kartaeva T.E. Өmildirik. Ұlтық jenciklopedija. 7 tom. – 249 b.

Жубатканова С.Ж.
**Ақтөбе облыстық
тарихи-өлкетану музейіндегі
этнографиялық бірегей
туындылар атрибуциясы**

Мақалада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің аса құнды қазынасы болып табылатын этнографиялық жәдігерлерінің маңыздылығы туралы қарастырылады. Қазақтың киіз үйі – халқымыздың қолданбалы өнеріндегі үздік шедевр болып табылады. Зал ортасында алты қанатты киіз үйдің толық ішкі көрінісі мен жабдықтарынан көрініс береді. Соның ішінде жергілікті шебер А. Мұратовтың (1889-1970) қолынан шыққан ағаштан жасаған бұйымдары үлкен қызығушылық тудырады: асадал, адалбақан, төсекағаш, кебеже табиғи бейнесімен және үйлесімді бедерімен тартады.

Сонымен қатар әлеуметтік, климаттық және этникалық тарихымыздың жағдайына байланысты ежелгі дәстүріміздің жалғасы ұлттық киімдерінен көрініс табады. Экспозицияда қысқы және күзгі ер адамдар киімінің коллекциясы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы әйел адамдардың костюмы, сондай-ақ әйелдердің күміс және алтын жіптермен бай тігілген мақпал «кебісі» ұсынылған.

Түйін сөздер: коллекция, атрибуция, коммуникация, музеография, этнография, материалдық мәдениет.

Zhubatkanova S.Zh.
**Ethnographic valuable treasures
means of regional history
museum of Aktobe region**

This article discusses the importance of valuable treasures of ethnographic values of Aktobe region Local History Museum. Kazakh yurt is a masterpiece of applied art of the Kazakh people. In the center of the room it is given a detailed presentation of six cable yurt with a full interior design and interior decoration. The wooden products made by local artist A. Muratov (1889-1970): asadal, adalbakan, tosekagash, kebezhe attract huge interest that allure harmonious combination of embossed patterns and multicoloured sonority of different natural colours.

Furthermore, the ancient traditions associated the history of ethnic, social and climatic conditions that are reflected in the national costume of the Kazakhs. The exposition presents the autumn and winter sets of men's clothing, women's costumes richly embroidered with gold and silver threads in late XIX – early XX centuries and women's velvet shoes "kebis."

Key words: collection, attribution, communication, museography, ethnography, material culture.

Жубатканова С.Ж.
**Значения ценных
этнографических сокровищ
историко-краеведческого
музея Актюбинской области**

В данной статье рассматривается значимость ценных сокровищ этнографических ценностей историко-краеведческого музея Актюбинской области. Казахская юрта является шедевром прикладного искусства казахского народа. В центре зала дается развернутый показ шести канатной юрты с полным интерьером и внутренним убранством. Огромный интерес вызывают изделия из дерева, выполненные местным мастером А. Муратовым (1889-1970): асадал, адалбақан, тосекағаш, кебеже, которые привлекают гармоничным сочетанием рельефных орнаментов и цветовой звучностью разнообразных колоритов природных красок.

Вместе с тем древние традиции, связанные с этнической историей, социальными и климатическими условиями, отражены в народном костюме казахов. В экспозиции представлены осенний и зимний комплекты мужской одежды, женские костюмы конца XIX – начала XX вв., богато расшитые серебряными и золотыми нитями, женские бархатные туфли "кебіс".

Ключевые слова: коллекция, атрибуция, коммуникация, музеография, этнография, материальная культура.


**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ
МУЗЕЙІНДЕГІ
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
БІРЕГЕЙ ТУЫНДЫЛАР
АТРИБУЦИЯСЫ**

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің этнографиялық экспонаттары қазақ шеберлерінің қолданбалы өнерлерімен, зергерлік бұйымдар коллекциясымен, салт-дәстүрімен, тұрмыстық бұйымдарымен, жалпы, этнографиясымен таныстырады [1, 20 б].

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоғам, қоршаған ортаның арасында қарым-қатынасты белсенді орнату, музей заңы арқылы музей келушілеріне үздіксіз білім беру мен музейлік ақпаратты қабылдау, тарату, қоғамға, қоршаған ортаға енгізу үдерісі музей коммуникациясы іске қосылған. Музей коммуникациясының базалық формасы түпнұсқалар, мәдениет және табиғат мұраларына интерпретацияланған музей экспозициясы болып табылады. Сонымен қатар музейдің баспагерлік жұмысы, музей қызметінің бір бағыты, яғни музей туралы жазылған басылымдар, олар: буклеттер, жолсеріктер, анықтамалықтар, афишалар, пресс-релиздер, каталогтар, альбомдар, музейлік мақалалар жинағы, музейлік зерттеулер жинағы, музей жұмысы есептерінің жинақтарын музеография саласы зерттеп, осы сала бойынша музейдің бірегей этнографиялық туындылары да басылып шығуда.

Көшпелі заманның салт-дәстүрімен жалғасып келе жатқан қолөнердің аса бай қазынасының бірі – қазақтың ұлттық киімдері. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі ұлттық киімдер коллекциясы негізінен XIX-XX ғғ. жататын Батыс Қазақстан өңіріне тән 85 үлгіден тұрады. Экспозицияда жергілікті жердің ерекшеліктеріне бейімдеп орындалған ер адамдардың алтын, күміс жіптермен зерленген сәнді киімдері, музейлер қорында сирек кездесетін өкшесі биік, барқыттан тігілген, алтынмен зерленген әйел кебісі (1-сурет) қойылған. Музей қорында сақталған өрнектелуі жағынан келісімді үндестік байқалатын қызыл барқытпен тысталған, әсем зерленген биік өкшелі қыжым кебіспен қатырма тақия (2-сурет) осы киімдермен жарасымды біртұтас салтанат құрайды. Ал, алтын жіппен зерлеп кестеленген қалыңдықтарға, не ілуге, киікте берілетін өте қымбат киім – «Қызыл тон». Ұзын жеңді, жағасыз, кең үлгіде тігілген мұндай шапандарды біздің өңірде жоғарғы тұсын әсем баулармен байлап иыққа іліп қана киген. Қымбат барқытпен тысталып, асқан шеберлік, ерекше нәзіктікпен, гүл бейнелі

өрнекпен алтындап зерленген бұл сирек кездесетін дүние музейдің асыл қазынасы саналады [2, 115 б].



1-сурет – Алтын жіптермен ою салып тігілген кебіс. XIX ғ.



2-сурет – Тақия. Қыз бала киетін бас киім. XX ғ. бас кезі

Музейдің зергерлік бұйымдар коллекциясы еліміздің ұлттық мәдениет байлығының арасында тарихи жағынан да, түрлерінің әрқилылығы жағынан да айрықша орын алатын экспонаттар.

Биік талғамды ата-бабаларымыздың эстетикалық сұранысына сай келген Батыс Қазақстанның қайталанбас ерекшеліктерімен жасалған қос бауырлы бас жүзік, сырға, үзбелі кісе, кемер белбеулер сияқты әшекейлер ауқымды көлемімен, сыртын сіркелеу, алтындау, асыл тастардан көз орнату тәсілдерімен көркемделуі ерекше салтанатты көрінеді [2, 54 б].

Өңіржиек – бір-біріне шашбау секілді етіпү үзбелеп бекітілген, бірнеше өрнекті алқалардан тұратын салмақты да, тұрпатты әсем бұйым. Музей коллекциясында өңіржиектедің ерекше көркемдік шешімімен орындалып, аяқ тастармен безендірілген аса көлемді бірнеше түрлері сақталған. Солардың ішінде ГК-52 санымен тіркелген өңіржиек ерекше көз тартады. Бұл бұйым бір-бірімен 6 қатарлы етіп өрілген, әсем шынжырларымен жалғастырылған 3 үзбеден тұрады. Ені 6,5 см, алдыңғы екі үзбе төртбұрыш пішінінде орындалып, төменгі үзбе ұшы сүйірлене аяқталған бесбұрыш үлгісінде жасалған. Өңіржиектің жалпы ұзындығы – 47 см, салмағы – 350, 85 гр, 960 сынамалы күмістен орындалған. Музей коллекциясындағы бұл бұйым өңіржиектердің көнеулеу түріне жатады. Кейінгі уақытта өңіржиектердің орнына түсті әйнектер қолданыс тапты [2, 120 б].

Білезіктер – қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы. Ақтөбе жерінде қақпақты, құйма, қақтама, жұмыр, шұбыртпалы білезік сияқты түрлері кеңінен тараған. Музей қорында мұндай білезіктердің 12 түрі жинақталған.

Белдікті қазақтың ерлері мен әйелдері бірдей тұтынған. Бұл бұйымның музей коллекциясында 12 данасы жинақталған. Халқымыздың ерекше қасиеттері батырлық пен биліктің белгісіндей болған ер адамдардың айыл, кісе белдіктері, әйел адамдардың кемер белдігі және өте нәзік орындалған қыз балалардың үзбелі белбеуі сақталған (3-сурет).

Әсіресе, ГК-6 санды айыл белдік тұрпатты көлемімен, ерекше көркемделімен көз тартады. Белдік 750, 800, 950 сынымалы күмістен орнатылған. Жалпы салмағы 1809,05 гр, ұзындығы – 21 см, ені – 10,5 см. Бұл бұйым музей қорына 1952 жылы түскен. Белдік 19 металл бөлшектерден тұрады. Жапсырмалар қошқар мүйіз пішінінде орындалып, беті өсімдіктер өрнегімен әсемделген. Бүгінгі күні жапсырмалар жасыл түсті матаға қондырылып «Дулығалы дала перзенттері» экспозициясына қойылды [1, 123 б].

Зал төрінде, осы дәстүрлі қолөнердің биік туындысы, ата-бабаларымыздың сан мыңдаған жылдарғы төл баспанасы – алты қанатты киіз

үй жиһаздарымен орналасқан (4-сурет). Үйдін сүйегін жасаушы – ойылдық шебер Т.Есниязов. Ал, киіз үйдің ішінен орын алған республикамызға танымал атақты ағаш шебері А.Мұратов жасаған асадал, алтыбақан, керует, кебеженің көзтартар әсем рельефті өрнектері, бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбайтын безендірулері, осы кезге дейін міні құрамай сақтаған табиғи өсімдік бояулары тамаша гармония құрайтын бейнелеу шеберлігімен ерекшеленеді. А.Мұратов кезінде Алматыдағы опера және балет театры салынғанда оның көркемдік безендіру жұмыстарын жасаған атақты шебер [3, 44 б.].

Енді шебердің қолынан шыққан бұйымдарына тоқталсақ. Ыдыс-аяқ сақтау үшін ағаштан жасалған бұйым – асадал (5-сурет). Асадалдың астыңғы және үстіңгі жағында төрт суырмасы, екі ашпалы есігі бар [4, 87 б.]. Ұзындығы – 165 см, ені – 89 см, іші екі сүреден тұрады. Асадалдың беті сары, қызыл, жасыл түсті өсімдік тектес және ерекше ою-өрнектермен әшекейленген. Оның астыңғы жағы азық-түлік сақтайтын кебеже ролін атқарса, үстіңгі бөлігін ыдыс-аяқ сақтау үшін пайдаланады екен. Асадалдың арқалығы қалыңдау тақтайдан жасалған. Ол жасалу әдісімен, сақталуымен, өрнектелуімен өте сирек кездесетін музейдегі аса құнды бұйымдардың бірі.

Ал, музейдің алтын қорына айналған бұйымдардың бірі – киіз үйге арналған дәстүрлі «сықырлауық есік». Ол екі ашпалы есіктен, маңдайшадан, екі босағадан және табалдырықтан тұрады. Сықырлауық есіктің биіктігі – 170 см, ені – 120 см, екі босағасы мен табалдырық ендері 7-8 см. Сықырлауық есік беттеріндегі өрнектер бедерленіп ойылған. Ойымштың әр өрнегі өте нәзік, бір-бірімен астасып келген. Есік бөлшектерінің ою-өрнектері негізінен өсімдік символдық және зооморфтық мотивтердің біте қайнасып араласуының нәтижесінде тұтас өнер туындысы болып шығады. Сықырлауық есік бөлшектерінің бір-бірімен шегесіз біріктірілгендігі көшіп-қонуға лайықталып жасалған [2, 106 б.].

Шебер қолынан шыққан өнер туындысының бірі – адалбақан. Ұзындығы – 230 см. Адалбақан ағаштан жасалған, бет жағы геометриялық өрнектермен, төртбұрышты оюлармен алмасып отырған. Екі жақ жанына құстың басы секілді көркемделіп жасалған ілгіштер орнатылған. Адалбақан шаңырақтың адалдығын, тазалығын, білдіретін киелі бұйымдардың бірі. Сондықтан ол төсек ағаштың бас жағында тұрады. Адалбақанға тек үй іші ғана киімін ілетін болған. Міне, сондықтан «адалбақан» сөзінің өзіндік сыры мен мәні бар деп білуіміз қажет.



3-сурет – Әйел адамдар мен ерлерге арналған белдік. XIX ғасыр



4-сурет – Қазақ халқының төл баспанасы киіз үй жабдықтарымен



5-сурет – Асадал, ою фрагменті. XX ғ.

Музейде сырты түгелдей сүйектеліп көркемделген 4 қол сандық бар. Сандықтың төрт жағы түгелдей, қақпақтың төрт жиегі мен төбесі толығымен сүйектелген. Әсемдік үшін сүйек әшекейлер астына қызыл барқыт төсеп, алдыңғы бетіне үш үлкен шаршы ойыстырылған. Жиіктеріне

қиыстырған сүйек әшекейлердің бетіне қос мүйіз, ирек оюлары жүргізілген. Сүйек әшекейлердің қиысу тәртібінде олардың беттеріне жүргізілген ою-өрнектерде симметрия заңдылығы сақталған. Сондықтан қақпағына, жанына, алдыңғы бетіне жапырақ тәріздес сары жезден өрнектер бедер-

ленген. Оюлар өзара үндестік тауып, қол сандыққа ерекше сән беріп тұр. Сандықтың ұзындығы – 52 см, ені – 53 см болады [1, 45 б.].

Қаншалықты бай болғанымен музейдің этнографиялық коллекциялары әлі де жүйелі толықтыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Құрманбек Е.Ж. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. Оқу құралы. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2009. – 188 б.
- 2 Ілиясова Р. Қазына. – Алматы: Зерде, 2001. – 312 б.
- 3 Қазақстан музейлері. Ақтөбе өңірінің құнды мұрасы. – № 4 (10) желтоқсан. 2006.
- 4 Мұстапаева Д.Ө. Қазақстандағы музей ісінің тарихы: оқу құралы. –Түркістан: Тұран, 2011.
- 5 Құрманбек Е.Ж. Құнды мұралар. – Ақтөбе: Ақжар-АБК, 2007.

Referenses

- 1 Kurmanbek E.ZH. Aktobe oblystyk tarikhi-olketanu muzeii – gylymi-zertteu, nasikhat ortalygy. Oku kuraly. – Aktobe: A-Poligrafiya, 2009. – 188 b.
- 2 Iliysova R. Kazyna. – Almaty: Zerde, 2001. – 312 b.
- 3 Kazakstan muzeileri. Aktobe onirinin kundy murasy. – № 4 (10) zheltoksan. – 2006.
- 4 Mustapaeva D.O. Kazakstandagy muzei isinin tarikhy: oku kuraly. – Turkistan: Turan, 2011.
- 5 Kurmanbek E.ZH. Kundy muralar. – Aktobe: Akzhar-ABK, 2007.

Көпбаева Қ.
**АҚШ-тың Орталық Азиядағы
шынайы және жариялық
мүдделері**

Мақала барысында Кеңестер үкіметі күйрегеннен кейінгі кезеңнен бастап АҚШ тарапынан Орталық Азия мемлекеттеріне бағытталып жүргізілген геостратегиялық саясаттың негіздерін, шынайы және жариялық мүдделерін талдауға арналады.

Автор мақалада АҚШ-тың Қазақстанға қызығушылығының экономикалық тұрғыдағы маңызына назар аударып, Қазақстанның АҚШ-пен экономикалық байланыстарының тұйық тұстарын талдауға тырысқан.

Мақалада АҚШ-тың Ресей ықпалын шектеп, өзіндік стратегиялық жоспарларын анықтауы кезіндегі тарихи үдерістер толық сипатталады. Автор Клинтон әкімшілігінің сыртқы саяси стратегиясындағы дүниежүзінің түрлі аймақтарына өз ықпалын кеңейтуге бағытталған, соның негізінде Орталық және Шығыс Еуропада елеулі жетістіктерге жетіп үлгерген АҚШ саясатының геостратегиялық қадамдарына барынша егжей-тегжейлі талдау жасауға тырысқан. Сонымен қатар, еліміздің дүниежүзінің өзге елдері ішінде АҚШ-пен тиімді де тең дәрежелі келіссөздерге талпынысы мен қол жеткізген жетістіктері сарапталып, қазақ-американ қатынастары мәселесіне де ерекше ден қойылады.

Сондай-ақ, мақала барысында американдық геостратегияның бұрын-соңды болмаған жаңа жағдайы көрсетіліп, әсіресе ХХ ғасырдың ортасына дейінгі Америка Құрама Штаттарының геостратегиялық тәжірибесі талданады.

Түйін сөздер: Қазақстан, АҚШ, геостратегия, Кеңес Одағы, Орталық Азия елдері, Президент, стратегия.

Копбайева К.
**Direct and vowels goals US in
Central Asia**

The beginning of the XXI century was marked by the collapse of the Soviet Union, in parallel to this historical event takes place, the development Geopolitical US strategy towards the Central Asian region. The article provides a detailed analysis of US strategic planning, to limit the influence of Russia.

By studying the internal and foreign policy of US President Clinton, which was aimed at strengthening US influence on the world stage, the author tries to give an analysis of the geo-strategic US policy, which resulted in a short period of time ahead of the US in the development of the countries of Central and Eastern Europe. Along with this, the author focuses on the development of the Kazakh-American relations.

The author describes the United States' interest in Kazakhstan, namely the economic sphere, it is worth paying attention to the complex economic relationships of the parties between the two countries.

Key words: Kazakhstan, the USA, geostrategy, the Soviet Union, Central Asia, the President, Strategy.

Копбаева К.
**Прямые и гласные цели США
в Центральной Азии**

Начало XXI века ознаменовалось распадом Советского Союза, параллельно данному историческому событию происходит развитие геополитической стратегии США в отношении центрально-азиатского региона.

В статье автор описывает заинтересованность США в Казахстане, именно в экономической сфере, стоит обратить внимание на сложнейшие стороны экономического взаимоотношения между странами.

В статье дан развернутый анализ стратегического планирования США для ограничения влияние России.

Изучая внутреннюю и внешнюю политику президента США Клинтона, которая была направлена на укрепление влияния США на мировой арене, автор пытается дать анализ геостратегической политике США, в результате которого за короткий промежуток времени США обогнала в развитии страны Центральной и Восточной Европы. Наряду с этим автор обращает особое внимание на развитие казахско-американских отношений.

Ключевые слова: Казахстан, США, геостратегия, Советский Союз, страны Центральной Азии, Президент, стратегия.

**АҚШ-ТЫҢ ОРТАЛЫҚ
АЗИЯДАҒЫ ШЫНАЙЫ
ЖӘНЕ ЖАРИЯЛЫҚ
МҮДДЕРЛЕРІ**

Кеңестер үкіметі таратылып, ТМД құрылғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, аталмыш уақыт ішінде Орталық Азия аймағында ірі саяси-экономикалық өзгерістер орын алып үлгерді. Аймақтың географиялық орналасуы мен табиғи ресурстарға байлығы дүниежүзіндегі қуатты, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қызығушылығын туғызды. Олар осы аймақтың бай ресурстарынан, басқа да мүмкіншіліктерінен пайда табу жоспарларын, геостратегияларын жасап, өз мүдделерін батыл алға жылжытты. АҚШ бұл ретте аймақтың төңірегінде орналасқан басқа қуатты мемлекеттерге қарағанда геостратегиялық маңызы бар жетістіктерге жетуде. Оның осы мақсаттағы ықпалы 1991 жылдан бері Еуразияның түрлі аймақтарына таралды. АҚШ-тың осындай мақсаты бағдарланған іс-әрекеттері, бұл саладағы ізденістері қоғамның тәжірибелік әрі теориялық тұрғыдағы қызығушылығын туғызып, әсіресе Вашингтонның Орталық Азиядағы саясатын егжей-тегжейлі сараптаудан өткізуді талап етті. Бұл орайда ғылыми шешімін таппаған әрбір мәселе келесі бір ірі мәселені күн тәртібіне шығарып, саяси ғылымдар алдына жаңа ғылыми міндеттер қоюда [1].

АҚШ-тың Орталық Азия аймағындағы геостратегиясын және оның негізгі әдістерін пайдаланудың көзі саяси тарих тәжірибесінен, ежелгі замандағы және одан кейінгі даналардың саясат пен мемлекетті басқару туралы терең ойларынан бастау алары сөзсіз.

Бұл тұста айта кетер жәйт мынау – геосаясат ғылымы Жер шарының географиясы түпкілікті анықталып, ойшылдардың Жер кеңістігін пайымдау деңгейінің артқан шағында ХІХ ғасырдың аяғында қалыптасты. Геосаясат ғылымының даму бағыты да кеңістік факторымен байланысты. Соған орай, қазіргі таңда аталмыш ғылымның пәні мен нысаны, ауқымы Жердің шеңберінен шығып, астрофизика және т.б. нақты ғылымдармен байланысқа түсу үстінде деген ой түйіндеуге болады. Болашаққа көз сала отырып, бұл ғылым тек Жердің географиясын ескеріп қана қоймай, сондай-ақ Күннің жүйесіндегі басқа да планеталардың географиясын, қозғалу траекториясын, олардың өзара бір-біріне жақындасу уақытын, олардың тартылыс күшін және көптеген басқа да факторлардың алпауыт мемлекеттердің геостратегиясына тигізетін ықпалын зерттеумен айналысады деп жорамал жасай аламыз [2, 19 б.].

Адамзат тарихына ортақ құндылықтардың идеологиялық деңгейге мемлекеттік мүдде бағдарламасы тұрғысынан көтеріле отырып бағынғандығы дәлел. Бұл – АҚШ геостратегиясының әртүрлі кезеңдер мен аймақтарда, сонымен қатар Орталық Азияда жүргізіліп келе жатқан геостратегиясына ортақ әдіс-тәсіл болып табылады. Бұл ретте идеологияның жоғарыда келтірілген мақсаттарға жетуі үшін оңтайлы жағдайларда алдыңғы орынға шығарылып, қолайсыз жағдайларда кейінге қалдырылғаны айқындалады.

Тарихта болған геосаяси тәжірибелердің негізінде қазіргі кездегі АҚШ геостратегиясының құрамдас бөліктері Вашингтонның геостратегиясындағы идеологиялық, экономикалық және саяси-әскери факторлар АҚШ-тың мемлекеттік мүдделеріне сай қызмет жасап, белгілі бір мақсатқа жетудің әдіс-айласы, жолы қызметін орындды атқарды. Геостратегиялық қажеттілік пен қарапайым пайдакүнемдік АҚШ-ты өзі құрыла салысымен жарияланған идеологиялық құндылықтарынан кейін шегінуге мәжбүр етті. Құрама Штаттардың геостратегиясының идеологиялық құрамдас бөлігі ішкі саясатта қоғамды жұмылдырушы, топтастырушы қызметін атқарып, ал сыртқы саясатта, керісінше, стратегиялық мүдделерді жүзеге асыруға қажеттілік басымдық алған кезде, тиісті елдердің ішкі саясатына араласып, өзіне ыңғайлы топтардың билік басына келуіне жағдай жасады [3, 8 б.].

Америка Құрама Штаттарының ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар шеңберіндегі дүниежүзілік қуатты мемлекеттермен, ұлы державалармен қақтығыста, басекелестікте дамығанын оның геосаяси тәжірибесінен-ақ көруімізге болады. АҚШ-тың көршілес мемлекеттерге қарағандағы қуатты әрі ұлы державалар арасында географиялық жағынан икемді орналасуы мемлекеттің тәуелсіздігі мен келешек даму тағдырын қамтамасыз еткен басты факторлар болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Құрама Штаттардың қуаты дүниежүзінің түкпір-түкпіріне таралып, теңіздермен және мұхиттармен шекаралас елдерге, теңіз-су жолдарына: бұғаздарға, шығанақтарға, каналдарға бақылау орнатылды. Батыс Еуропа, Парсы шығанағы, Таяу Шығыс және Азия – Тынық мұхит аймақтарындағы бірқатар мемлекеттер АҚШ-тың әскери тұрақтарына орын берді. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері Вашингтон Кеңес Одағымен қарсыласа отырып, жоғарыда аталған аймақтарға орнығып алды. АҚШ-тың Батыс Еуропаға қатысты жүргізген геостратегиясында экономикалық, идеологиялық және әскери-саяси компоненттер толығымен іске асырылды. Бұған Батыс

еуропалықтардың АҚШ-пен тарихи-мәдени тұрғыдан ортақ тамырларының болуы және ортақ жауларының болуы септігін тигізді. Азия-Тынық мұхит аймағында Америка Құрама Штаттарының геостратегиялық ықпалы Жапония мен Оңтүстік Кореяда толығымен іске асырылды деп айтуға толық негіз бар [4, 5 б.].

Кеңестер Одағы күйреген соң аталған аймақтарда геосаяси тұрғыдан әлсіз әрі бос кеңістік пайда болады. Бұл АҚШ-тың геостратегиялық бағытына үлкен әсерін тигізді. 50 жылға жуық уақыт аралығында АҚШ Еуразияғы ықпал жасау геостратегиясын жоғарыдағы үш аймақ – Батыс Еуропа, Парсы шығанағы және Қиыр Шығыстан жүргізді. ХХ ғасырдың соңына таман Орталық Азия аймағында Ресей ықпалының әлсіреуі АҚШ-қа үлкен геосаяси басымдықтардың бетін ашып бір нүктеден үш бағытты – Парсы шығанағы, Ресей және Қытайға ықпал етуге аймақтың байлығы мен қазынасын пайдалануға өте қолайлы жағдай туғызды. Осының барлығын зерттеу Америка Құрама Штаттарының осы аймақта көздейтін жария және шынайы мақсаттарын ажыратуды талап етті [5].

Жалпы Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы шынайы мақсаттары оның өзіндік ішкі қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Мәселен, ол елдің стратегиялық басты мүдделерінен туындайды: жаппай жою қаруын Орталық Азия аймағынан шығару, оның таралмауына шек қою; экономикалық мүдделеріне қатысты аймақтың табиғи ресурстарын игеруде АҚШ-тың және одақтас елдердің компанияларына жол ашу; әскери-саяси мақсаттарға қатысты – аймақтың географиялық орналасуын әскери-саяси, экономикалық салаға бейімдеу. Бұлар АҚШ-тың Орталық Азиядағы шынайы мақсаттарының негізін түзеді [6, 33 б.].

Америка Құрама Штаттарының жариялық мақсаттарының қатарына Орталық Азия аймағында демократиялық қоғамды орнату мәселесін жатқызсақ болады. Бұны АҚШ басты мақсаттардың бірі ретінде бет алдына ұстағанымен, шын мәнінде ол Құрама Штаттардың әскери-саяси және экономикалық мақсат-мүдделерін ілгерілетуге септігін тигізетін геостратегиялық әдістің бір түрі болып табылады. Бұған дәлел ретінде Орталық Азия елдеріне және дүние жүзіндегі басқа да мемлекеттерге қатысты екіжақты стандарттардың қолданылуын жатқызсақ болады.

Орталық Азия аймағы төңірегіндегі Ресей, Иран және Қытай мемлекеттері АҚШ-ты дүниежүзілік және аймақтық мәселелер аясында қарсылас ретінде қарастырады. АҚШ өз кезегінде бұл елдерді өзінің халықаралық саясатта

ғы геостратегиялық мүдделеріне ниеттес деп есептемейді. Осыған байланысты Орталық Азия аймағының төңірегіндегі бұл елдер аймақта АҚШ ықпалының шексіз орнауына мүдделі де емес. Аталған мемлекеттер өздерінің қарсы әрекеттерін іске асыру үшін Орталық Азия едеріне ықпал жасау арқылы АҚШ ықпалын шектеуге мүдделі [7].

Аймаққа ықпал жүргізу деңгейі бойынша Ресейдің мүмкіншіліктері жоғары. Оның ықпалы өз геостратегиясындағы жоғары деңгейдегі үш компонент – идеологиялық, экономикалық және әскери-саяси салаларды қамтиды. Қытайдың ықпалы қазіргі таңда экономикалық басымдығын орнықтыру шараларымен шектелуде. Иран аймақ елдеріне ауыз толтырып айтарлықтай ықпал жасаудың тетіктеріне ие болған жоқ. Осыған қарамастан, бұл елдерде ортақ бір мүдде бар деген шешімге келуге болады. Бұл аймақ тұрақтылығының айқын дәлелі.

Америка Құрама Штаттарының геостратегиясына аймақ елдерінің ұстанған саясаты да елеулі ықпал жасайды. Ал АҚШ-тың аймақтағы саясатына өз қатынасын барынша ашық әрі тиісті геостратегиялық тұрақты басымдықтарсыз білдіріп отырған мемлекетті атар болсақ, ол – Өзбекстан.

Өзбекстанның географиялық жағынан орналасуы АҚШ-тың әскери-саяси ықпалының осы аймақта сақталып қалуының басты кепілі саналады. Қазақстанның Түркіменстан көлік-байланыс саласындағы мүмкіндіктерін толықтай дамытуға әрекет жасауы классикалық геосаясат тұрғысынан алғанда, АҚШ-тың геостратегиялық мүдделеріне сәйкес келмеуі де мүмкін [8].

Аймақтағы келесі мемлекеттер, яғни Қырғызстан және Тәжікстан АҚШ-қа Вашингтонның экономикалық көмегінің мөлшеріне байланысты қолдау көрсетіп, Ресей мен Қытайдың да ықыластарымен санасуға да мәжбүр болып отыр.

Орталық Азия елдерінің қатысуымен құрылған халықаралық әскери, саяси және экономикалық ұйымдардың мақсат-міндеттері қарастырылып, Ресей мен Қытайдың белсенділігі анықталды. АҚШ-тың белсенділігі аймақтағы елдермен екіжақты қатынастардан байқалатын болса, Ресей мен Қытайдың белсенділігі екі жақты және көп жақты қатынастардан көрініп, АҚШ ықпалының шектен тыс таралуына шек келтіруде [9, 12 б.].

Орталық Азия аймағы, соның ішінде Қазақстан үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен өңірдегі реформаларға қолайлы жағдай туғызуда, экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолындағы АҚШ-пен арадағы ынтымақ-

тастықты дамытуға зор маңыз берілетін болуы керек. Қазақстанның жедел экономикалық және саяси әлеуметтік прогресі үшін АҚШ инвестициясын тартып, оны мақсатты пайдалану тиімді болмақ.

Орталық Азия республикаларында демократияның дамуына, азаматтық қоғамның орнығуына ықпал етуге АҚШ-тың қазіргі таңда анағұрлым мүдделі екендігін естен шығармау керек. Орталық Азия республикалары Американың аталмыш аймақта жекешелендіру үдерісін жеделдетуге, нарықтық экономика құрып, дамытуға деген ынталылығын да өз мүдделеріне сай етіп оңтайлы пайдалану жолдарын, тәсілдерін саралап, бұл бағытта өз стратегиялық басымдықтарын барынша негіздей түсуге ерекше маңыз беруге тиісті. Сондай-ақ Американың Жібек жолы туралы заңынан (1999 ж.) тиісті қорытынды шығарып, қажетті стратегиялық іс-шаралар кестесін анықтауы да Орталық Азия республикаларының өмірлік маңызды мәселелерін қорғауға қызмет ететіні анық. Қазақстанның ШЫҚ, ТМД, ЕурАзЭЖ-ты реформалауға ерекше мән беруінің республикада ғана емес, тұтас Орталық Азия аймағында ХХІ ғасырдың ағысына қарсы тұруға, ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделерді қамтамасыз етуге тигізетін оң ықпалы болары күмәнсіз. Жалпы, Орталық Азия өңірінің, дәлірек алғанда, өңірдегі әр республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, іске асырылып жатқан реформаларға қолайлы жағдай туғызу барынша интеграциялануды талап етеді. Осы орайда біздің Елбасымыздың Орталық Азия елдері Одағын құру туралы ұсынысының өңірдегі әрбір мемлекет үшін өмірлік маңызы мол болып отыр [10].

АҚШ геостратегиясының қалыптасуы мен дамуындағы басым бағыттар оның тиісті аймақтарға экономикалық, саяси, идеологиялық, әскери бақылау орнатып, өз мүдделерін тиімді түрде жүзеге асыру қажеттіліктерімен айқындалады.

АҚШ-тың дүниежүзінің түрлі аймақтарына қатысты геостратегиялық тәжірибесі оның Орталық Азиядағы геостратегиясына тиісті мүдделерін іске асырудағы идеологиялық, саяси-экономикалық факторлардың басымдығымен, тұрақтылығымен ерекшеленеді, ал бұл ерекшеліктер осы Орталық Азия өңірінің географиялық жағдайымен сипатталады.

Орталық Азияға АҚШ-тың жүргізіп отырған геостратегиясына ықпал жасайтын басты факторларды анықтаудың үлкен ғылыми және практикалық маңызы бар. Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы геостратегиясына ықпал жасайтын факторлар қатарында тараптар мүдделеріндегі сәйкестік пен үйлесімділіктің әрі

өзара тиімділіктің орын алуы барынша оң ықпалға ие. Сондай-ақ Орталық Азия аймағында АҚШ-тың геостратегиялық басымдыққа ие болуға ынтасы өңірдегі және сол аймақпен шектес, сонымен қатар басқа да мемлекеттердің өз мүдделерін қорғауы мен жүзеге асыруы жолындағы белсенділігін арттырады [11].

Кеңестер Одағы күйреген соң, биполярлық тепе-теңдік жойылып, халықаралық саясат пен экономикада Америка анық басымдыққа қол жеткізді. Ғалымдардың бірқатары ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде АҚШ-тың белсенділігі мен басымшылдығы сақталады әрі тұрақты деп есептеді.

Американың экономикалық жағдайын, технологиялық және ғылыми жетістіктерін пайдаланып, әскери қолдауына сүйенуге Орталық Азия мемлекеттері мүдделі болды. ХХ ғасырда Германияның батыс аймағының, Жапонияның, Шығыс Азия жолбарыстарының пайда болуы АҚШ-тың геостратегиялық мүдделерін іске асырудың кезек күттірмейтіндігінен туындады. Ал оның қарсылығына ұшыраған мемлекеттер соққыға алынып, қысым көрумен болды. Американың Югославиядегі әскери операциялары екіншідүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан халықаралық саяси қатынастар жүйесін шайқалтып жібергені айқын. Сондай-ақ аталмыш операциялар АҚШ-тың биполярлық кезеңнен кейін өзгере бастаған әлемдік халықаралық саяси жүйеге деген көзқарасын білдірмейді деп те айтуға болмайды. Американың ХХ ғасырдың аяғындағы және қазіргі кездегі халықаралық қатынастарда жасап отырған іс-әрекеттерінен осы көзқарастың бағыт-бағдары қандай екенін байқауға болады. Америка үшін оларға ыңғайлы болатын халықаралық экономикалық, саяси және идеологиялық ортаны қалыптастыру өте маңызды. Осындай ортаны қалыптастыру үшін Ақ үйдегі әкімшіліктер өз саясатында идеологиялық факторды – «адам құқығы», «нарықтық экономика», «демократия» сияқты және т.б. құндылықтарды алға жылжытуда. Бұл құндылықтардан бас тартып, Американың сыртқы саясатының ықыластарына қайшы келген мемлекеттер соққыға алынып, зардап шегуде. Американың халықаралық саясаттағы дәл осындай іс-әрекеттері жаңа құбылыс емес. Бастапқыда Ақ үй әкімшіліктерінің назары Америка құрлықтарымен шектелді. Американың осы жерлерде нығайып, өз үстемдігін орнатуы, – оның әлемдік деңгейдегі үстемдікке қол жеткізуіне жол ашты. Өз кезегінде бұл жолда жүргізіліп отырған саяси бағыттар мен бағдарлардың негізіне тарихта өз көріністерін тапқан геостратегиялық тәжірибе жатты [12].

Американың Орталық Азия аймағында жүрізе бастаған сыртқы саясатын қарастырғанда үш кезең нақты аңғарылады.

Бірінші кезең – 1991-1995 жылдар аралығы; Бұл Американың қауіпсіздік мәселелерінің шешіліп, идеологиялық және экономикалық мүдделерінің анықталған кезеңі болып табылады. Аталмыш кезеңде Америка Құрама Штаттары Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық байланыстарды орнатып, жаңадан пайда болған мемлекеттердің қалыптасуына ықпал ете бастады. Орталық Азия мемлекеттері халықаралық қатынастардың жүйесіне кірігіп, демократиялық жолмен дамуды ұйғарды. Ал АҚШ жаңадан қалыптасқан халықаралық ортаға бейімделіп, сол ортада өз мүдделерін белгілеп, оларды жүзеге асыруға бет алды.

Екінші кезеңе 1996-2000 жылдар аралығын жатқызамыз. Бұл кезеңде Америка Құрама Штаттары аймақтың табиғи қорларын белсенді игеруге кіріскен шақ. Бұл тұста батыстың көмегімен Орталық Азия елдері жүргізген саяси-экономикалық реформалар өз нәтижелерін бере бастаған болатын. АҚШ капиталының аймаққа кіруі Орталық Азия төңірегіндегі геосаяси ахуалдың ширауы кезінде орын алды. Негізгі мәселе Каспийдегі мұнай-газ қорларын тасымалдауға қажетті құбырлардың бағытын анықтаумен байланысты болды. Қуатты елдердің аймақтағы мүдделері мен ықпалының айқындала түсуі мен аймақ елдерінің дербес дамуға бейімделуі осы кезеңге сай келді.

Үшінші кезең – 2001 жылдың 11 қыркүйегінен басталып, қазіргі таңға дейін жалғасуда.

Аталған үш кезеңнің әрқайсысының ерекшеліктерін анықтау, олардың өзегінде жатқан ортақ желіні көрсету, жалғастық жолдарын байқау, бүгінгі күннің ең алдыңғы ғылыми мәселелерінің қатарын толықтырып отыр.

Кеңестер үкіметі ыдыраған соң Америка Құрама Штаттары бірден Ресейдің ықпалын шектеп, өзінің стратегиялық мүдделерін анықтай бастады. Клинтон әкімшілігінің сыртқы саяси стратегиясында дүниежүзінің әртүрлі аймақтарына кіруге, өз ықпалын кеңейту мәселелері басымдыққа ие болды. Бұл кезекте АҚШ Орталық Азияда едәуір елеулі жетістіктерге жетті. Қазіргі таңда Орталық Азияның бірқатар елдері Американың дүниежүзілік және әртүрлі аймақтарындағы стратегиясы, саясаты әлемдік гегемондығын сақтауға, нығайтуға бағытталуда. Орталық Азия елдері аталмыш жағдайды сезіп қана қоймай, өз мүдделерін көздей отырып, оған тиісті жағдай жасап бағуда. Бұл өте күрделі саяси үдеріс болып отыр. Оның барысы мен басты мақсаттары,

салдары мен нәтижелері қандай болатынын әзірге кесіп айту қиын. Дегенмен оны білу Орталық Азия елдері үшін өте маңызды.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің белгілі «Сындарлы 10 жыл» атты еңбегінде: «Каспий төңірегіндегі бірнеше «күш орталықтары» – АҚШ, Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, Түркия, Иран, Парсы шығанағы елдерінің аса маңызды өмірлік мүдделері айрықша өткір қақтығысқа түскен» [13], – деп айқындайды. Осындай тұстарға назар сала отырып, АҚШ-тың геостратегиясындағы бірқатар мәселелерді зерттеу қажеттілігін сезінеміз.

Дүниежүзіндегі ең қуатты мемлекет саясатының Қазақстанға келтіре алатын кереғар салдарының алдын алу және пайдалы жақтарын нығайтуды сараптап талдау Америка Құрама

Штаттарының Орталық Азия аймағы мен көршілес мемелкеттердің геосаяси тәжірибесі аясында жүргізетін саясатын зерттеуді талап етеді.

Кеңестер үкіметі ыдыраған соң, АҚШ Орталық Азияны игеру, онда орнығу мүмділігіне ие бола бастады. 2001 жылдың күз айына дейін АҚШ Орталық Азияда негізінен экономикалық тұрғыдан белсенділік көрсетті. Аймақтың көмірсутегі ресурстарын өндіруде америкалық компаниялар жетекші орындарға ие бола бастады. Ауғанстандағы антитеррористік операциялардың нәтижесінде Америка Құрама Штаттарының әскери өкілдері жаңа тұрақ базаларын орнатуға мүмкіндік алды. Осы аймаққа кіретін үш ел – Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан өз аумақтарын АҚШ пен оның одақтастарының әскерлеріне ашық деп жариялаған болатын.

Әдебиеттер

- 1 Джекшекулова А. Новые независимые государства ЦА в мировом сообществе. – М., 1999.
- 2 Дугин А. Основы геополитики. – М., 2002.
- 3 Дергачев В.А. Геополитика: учебное пособие. – Киев, 2000.
- 4 «Партнерство во имя мира и развития экономики» к итогам официального визита Н.Назарбаева в Вашингтон. «Казахстанская правда». 28.01.2000. – 3 б.
- 5 Гаджиев К.С. Введение в геополитику. – М., 2000.
- 6 Гаджиев К.С. Геополитика. – М.: Международные отношения, 1997.
- 7 Бжезинский З. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. – М.: Международные отношения, 1998.
- 8 Всеобъемлющая международная безопасность. Международно-правовые принципы и нормы: Справочник/отв.ред. Б.М. Клименко. – М., 1990.
- 9 Европейский Союз и ЦА. – Алматы, 2000.
- 10 Исингарин Н.И. СНГ: десять лет. – Алматы, 2001.
- 11 Идрисов Е.А. Казахстан и мировой рынок нефти // Сборник материалов конференции. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований и Президенте РК, 2003.
- 12 Мантусов В.Б. Интеграционные образования в рамках СНГ // ВЭБ, 2001. № 12.
- 13 Петраков Н. Валютный фактор в экономической интеграции стран СНГ // Вопросы экономики, 2003. – № 2.

References

- 1 Dzhekshkulova A. Novye nezavisimye gosudarstva CA v mirovom soobshhestve. – M., 1999.
- 2 Dugin A. Osnovy geopolitiki. – M., 2002.
- 3 Dergachev V.A. Geopolitika. Uchebnoe posobie. – Kiev, 2000.
- 4 «Partnerstvo vo imja mira i razvitija jekonomiki» k itogam oficial'nogo vizita N. Nazarbava v Vashington. «Kazhstanskaja pravda». 28.01.2000. – 3 b.
- 5 Gadzhiev K.S. Vvedenie v geopolitiku. – M., 2000.
- 6 Gadzhiev K.S. Geopolitika. – M.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 1997.
- 7 Bzhezinskij Z. Velikaja shahmatnaja doska. Gospodstvo Amenriki i ego geostrategicheskie imperativy. – M.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 1998.
- 8 Vseob#emljushhaja mezhdunarodnaja bezopasnost'. Mezhdunarodno-pravovye principy i normy: Spravochnik/otv.red. B.M.Klimenko. – M., 1990.
- 9 Evropejskij Sojuz i CA. – Almaty, 2000.
- 10 Isingarın N.I. SNG: desjat' let. – Almaty, 2001.
- 11 Idrisov E.A. Kazahstan i mirovoj rynek nefi // Sbornik materialov konferencii. – Almaty: Kazhstanskij institut strategicheskikh issledovanij i Prezidente RK, 2003.
- 12 Mantusov V.B. Integracionnye obrazovanija v ramkah SNG // VJeB, 2001. — № 12.
- 13 Petrakov N. Valjutnyj faktor v jekonomicheskoi integracii stran SNG // Voprosy ekonomiki, 2003. – № 2.

Қасымбеков А.С.
XX ғ. 20-30 жж. кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы

Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқаны барысындағы атқарған іс-шаралары туралы айтылады. Осы уақыт ішінде республиканың мәдени-рухани келбеті түбегейлі өзгерді. Халықтың білім алу әлеуеті нығайып, мәдени-ағарту мекемелерінің кең ауқымды желісі қалыптасты. Ғылым халық шаруашылығының болашағы зор саласына айналып, кәсіби өнердің негіздері қаланды. Алайда кеңестік жүйенің саясаты қоғамның бүкіл рухани саласын сталиндік басшылыққа, марксизм-ленинизмнің принциптері мен сара жолына бағындырып, оқу орындарының, клубтардың, театрлардың, ғылыми-зерттеу институттарының мамандардың қызметі қатаң партиялық бақылауға алынды. Жеке адамның шығармашылық еркіндігін, мәдениеттің жасампаздық мүмкіндігін шектеу, қуғын-сүргін шаралары елімізде азаматтардың дүниетанымы мен өмір салтында таптық идеологияны қалыптастырудың басты себептері болды, Қазақстан бүкіл КСРО-дағы сияқты әлемдік мәдени процестерден тыс қалды.

Сондай-ақ, мақалада елімізде сауатсыздықты жою науқаны барысында ашылған бастауыш пен орта мектептер және ЖОО-дары туралы, ондағы орын алған бірқатар кемшіліктер туралы айтылады. Мақалада әртүрлі статистикалық мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: сауатсыздық, кеңестік, большевик, мектеп, ЖОО, ағартушылық, саясат, жүйе.

Kasymbekov A.S.
The formation of the Soviet education system in the XX century 20-30 years

In this article tells about the measures of Soviet Government in order to eradicate of illiteracy in Kazakhstan. During this time, the country's cultural and historical complexion has changed dramatically. Strengthen the educational potential of the population, have been formed a wide cultural and educational institution systems. Science became the most promising sector of national economy and formed the foundations of professional art. However, the policy of the Soviet system guided all spiritual sphere of society into Stalinistic manual, into the principles of Marxism-Leninism and took under strict control the specialists of schools, clubs, theatres, scientific-research institutes. Restriction of person's freedom of creativity, to limit the possibility of creative culture, repression – all of these were the main reasons of forming wrong ideology in the people's lifestyle and outlook. Kazakhstan stayed out from cultural processes, such as in the whole USSR.

Also in this article tells about primary and high schools, universities which opened during eradication of illiteracy, about the deficiencies occurred there. In article you can meet a lot of statistical information.

Key words: illiteracy, soviet, school, the university, education, policy, system, bolshevik.

Қасымбеков А.С.
Формирование систем образования Советского Союза в период 20-30-х годов XX века

В данной статье рассказывается о мероприятиях начала 20 века, направленных на уничтожение безграмотности, проведенных советским правительством в Казахстане. В течение этого времени полностью изменился культурно-духовный облик республики. В данный период развивалось государственное образование и в огромном количестве открывались культурно-просветительские учреждения. Наука превратилась в сферу деятельности, которая являлась будущим народа, и были заложены основы профессионального искусства. Но политика советского правительства подчинила марксистско-ленинскому принципу всю культурную и духовную сферу, а также учебные учреждения клубы, научные институты, театры и т.д. были взяты под жесткий контроль партии. Казахстан отстал от мировых культурных процессов СССР.

Ключевые слова: безграмотность, советский, большевик, ВУЗ, политика.

**XX ғ. 20-30 жж.
КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ**

Россияны үш жүз жыл бойы билеген Патшалық режимі ХХ ғасыр басында қоғамдық прогрестің бұғауына айналып, жаңа жолға түсудің қажеттігін уағыздаған, сол үшін күрескен саяси күштердің дүниеге келуіне түрткі болды. Осынау ағымдардың және күштердің біреуі большевизм болатын. Большевиктер Россияның болашағын социалистік революциямен, пролетариат диктатурасымен анықтау керек деп білді. Өз мақсатына жетудің, және жаңа қоғам орнатудың жолдары мен әдістері туралы большевистік теорияда сауатсыздық мәселесіне үлкен орын берілген. Бұл кездейсоқ емес еді. Өйткені билік үшін күрес бұқара халықтың көңіл-күйін, назарын өзіне аудару үшін күрес деген сөз. Қалың көпшіліктің ойынан шыға алған саяси күш қана шын мағынасында билікке қол соза алады. Әрине, большевиктер партиясы Россия халқының сенім артқан жалғыз ғана саяси ағымы болды деген тұжырымнан аулақпыз. Дегенмен, большевиктер алға тартқан бағдарламада елдегі сауатсыздыққа байланысты орнықты ой түйіндер мен ұсыныстар бар еді. Енді оларға қысқаша болса да тоқтала кетейік. Себебі бүкіл Кеңестік Россиядағы сияқты Қазақстанда да сауатсыздықпен күрес, оның барысы мен нәтижелері большевиктік бағдарлама шеңберінде анықталды.

Сауатсыздық, оның мәні мен қайнар көздері, хат танымаушылықты жоюдың саяси-әлеуметтік, экономикалық, халықаралық, т.б маңызы жайлы большевиктер партиясының көрнекті қайраткерлері А.В. Лундчарский, И.К. Крупская, Покровский, М.В. Фрунзе, Бубиов аз жазған жоқ. Өйткенімен, бұл мәселеде большевиктерге ұстаз болып, үлгі көрсеткен, нақты істің басы-қасында тұрған ірі тұлға В.И. Ленин еді.

Қазан төңкерісіне дейін жазылған еңбектерінде Россиядағы сауатсыздықтың биік дәрежеде қалып отырғанын Ленин капиталистік қатынастардың жеткіліксіз дамуымен, әсіресе деревняда сақталып, қалған феодалдық тәртіптермен тығыз байланыстыра түсіндірді. Өртүрлі статистикалық деректерді зерттеу негізінде деревнядағы сауатсыздықтың өзі біркелкі еместігін, мәселен, жер шаруашылығымен айналысатын шаруаларға қарағанда жер шаруашылығынан басқа кәсіпті қуған шаруалардың сауаттылығы жоғарырақ болатынын 1897 жылы айтса, бұл ойын кейініректе жазылған «Россиядағы капитализмнің да-

муы» деген шығармасында және қайталады [1, 364-365б.].

Қандай ғана болмасын қоғамдық құрылысқа таптық тұрғыдан баға беруге әзір тұратын большевиктер көсемі сауатсыздықтың дем берушісі капиталистер мен помещиктер деп ұқты. Үстем тап, Лениннің пайымдауынша, жұмысшылар мен шаруаларды қараңғы, надан күйде қалдыра отырып, өзінің тыныштығын қамтамасыз етумен қатар, қанаудың зорлық-зомбылықтың асқынған түрін жүргізуге мүмкіндік ала алады екен [2, 278-280 б.].

Әрине, бұл жерде Россиядағы сауатсыздықты үстем тап саналы түрде сақтап отырды деген тезиске күмән келтіруге болар еді. Империяның мешелдігі техникалық, технологиялық тұрғыдан артта қалудан туындаса керек. Жаңа техника мен технологияны ерттеген елдердегі капиталистер мен помещиктер қол астындағы адамдардың сауатты болғанын еріксіз қалайды. Қанаушыларға еңбек адамының сауатты болғаны ұнамайды деген өз қағидасына 1913 жылы жазылған «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» мақаласында Лениннің өзі қайшы келіп жатады. Мұнда өркениетті елдер Швецияда, Швейцарияда, Данияда, Германияда, Америка Құрама Штаттарында тағы да басқа мемлекеттерде хат танымайтындар жоққа тән дейді [3, 125-135 б.]. Ал, бұл мемлекеттердегі капиталист те, помещик те Россиядағыдан өзгеше емес еді. Яғни, мәселе капиталист пен помещиктің бар-жоғында емес, сауатсыздыққа, оқу-ағарту ісіне сұранымның қоғам өмірінде орын алуында. Егер капиталистер мен помещиктер жүрген жерде сауатсыздық жойылмайтын болса, күні бүгінге дейін әлем халқының негізгі дені оқи, жаза білмейтін күйде қала берер еді.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жою мен халық ағарту ісін дамыту мәдени өзгерістердің басты бағыты болды. XX ғасырдың басында халық ағарту ісі қоғамының қосалқы жүйесі ретінде терең дағдарысқа душар болды. Халықтың басым көпшілігі оқи да, жаза да алмайты еді, миллиондаған балалар мектепке бармады, оқу орындары мен педагогикалық кадрлардың аса тапшылығы байқалды. Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларға кіріскен кезде, қос мақсатқа бірдей жетуді: біріншіден, қарапайым адамдардың ықпалы мен сеніміне кіру; екіншіден, бұхара халықтың санасын маркстік-лениндік идеологияны сіңіруді ұйғарды.

БОАК-тың 1918 жылғы 16 қазандағы «Бірін-ғай еңбек мектебі туралы» Ережесі, РКСФР Ха-

лық ағарту комиссариатының 1918 жылғы 31 қазандағы «Ұлттық азшылық мектептері туралы» қаулысы, В.И. Ленин 1919 жылы 26 желтоқсанда қол қойған «РКСФР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декреті осы шараға мемлекеттік сипат берді. 1920 жылдан жергілікті халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құрыла бастады, олар хат танымайтындардың есебін алуды ұйымдастыру, педагогика кадрларын даярлау, мектептер мен курстар ұйымдастыру, оқу құралдарын шығарумен айналысты. 1920-1921 жылдары сауатсыздықты жою бойынша 2412 қызыл отау жұмыс істеп, онда 72232 адам сауат ашты [4, 56 б.].

Билікке қолы жеткен большевиктер капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі түбегейлі өзгерістерді сауаттылықтың өсуімен тікелей байланыстырды. Алғашқа алты жыл ішінде Халық Комиссариаты кеңесінің оқу-ағартуға байланысты 200-дей деректері мен қаулысы дүниеге келді. Елді электірлендіру, шаруалары ұжымдастыру, мемлекеттік аппарат жұмысын жолға қою, әйелдер мәселесін шешу, ұлт мәселесін шешу – бәрі сауатсыздыққа келіп тіреледі деп есептелді. 1919 жылы наурыз айында қабылданған коммунистер бағдарламасында 16 жасақа дейінгі ер және қыз балалардың бәріне тегін, міндетті жалпы және политехникалық оқу оқыту, оқушыларды мемлекет есебінен тамақпен, киіммен, оқу құралдарымен жабдықтау, коммунизм идеяларымен қаруланған мұғалім кадрларын даярлау, еңбекші халықты халық ағарту ісіне белсендірек қатыстыру, жұмысшылар мен шаруалардың өз бетімен білім алуына және өз бетімен жетілуіне көмек көрсетілетіні айтылды. Сауатсыздықты жоюға байланысты большевиктік іс-қимыл жоспарында басқа да ұтымды сәттер бар еді. Мәселен, бұл қысқа мерзімді науқан еместігі, ұзаққа созылатындығы, қиыншылықтарға тап болатыны дұрыс айтылды. Алғашқыда Орта Азия мен Қазақстандағы, басқа да шет аймақтардағы мәдениет құрылысы мәселелерін жалпы нұсқау берумен шешу мүмкін еместігі, жергілікті ерекшеліктерге назар аудару керектігі сирек те болса айтылып жатты.

Большевиктер сауатсыздықты жоюды әлемдік революция талабымен көргісі келді. Мәселен, Ленин өзінің бір сөзіне даярлаған жоспарында мынадай жолдарды жазған екен: «Біз социализмнің Россияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде жеңуі үшін күресеміз. Бұл күресте халыққа білім берудің айрықша маңызы бар».

Ленин сауатсыздықпен күресті дүниежүзілік маңызы бар деумен қатар бұл істің ұсақ-түйегіне дейін араласты. Бірінші қадам ретінде сауатты балаларды жұмылдыруды ұсынды. Оны «қарапайым, аса қажетті іс», «әрбір сауатты адамның бірнеше сауатсыз адамды оқыту өзімнің міндетім» деп қарауына жеткізер шара ретінде ұғындырды.

Бастапқы кезде мектептер мен сауат ашу курстары депутаттар кеңесінің, ревкомдардың және басқа да мемлекеттік құрылымдардың шешімдерімен, сондай-ақ интеллигенцияның немесе хат танымайтындардың өздерінің бастамасымен ашылып отырды. Мәселен, 1917 жылы қарашада жұмысшы және солдат депутаттарының Әулиеата қалалық Кеңесі, сауат ашу мектебін ұйымдастыру мүмкіндігін қарағаннан кейін, қажетті қаржы бөлуге шешім шығарды. 1918 жылдың бас кезінде осындай мектептер Верный, Семей, Ақмола қалаларында және тиісті оқу-материалдық жағдайлары мен ұстаз табу мүмкіндіктері бар елді мекендерде ашылды. 1918 жылы жазда Жетісу облыстық Кеңестерінің революциялық органы – «Заря свободы» газеті Верный мұғалімдер одағының барлық жастағы азаматтар мен азаматшалар үшін бес мектеп және аздап қана хат танитын, ежелеп оқи білетіндер үшін бір мектеп ашу жөніндегі шешімін жариялады. Қатынас қағазда «сабақтың жұмыстан бос уақытқа және оқығысы келетіндердің келісіміне сай үйлестірілетіні көрсетілді» [5, 225 б.].

Сауатсыздықты жою жұмысының мақсаты мен міндеттерін, оның мазмұнын қалалар мен ауылдардағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою бойынша курстар ұйымдастыру туралы 1918 жылғы 26 шілдедегі Түркеспубликасы Халық ағарту комиссариатының Ережесі және 1919 жылғы 3 желтоқсанда қабылданған Түркеспубликасы Кеңесі ОАК-нің ересектер арасында міндетті оқытуды енгізу туралы Декреті барынша айқын белгілеп берді.

Декреттің кіріспесінде мәдениет пен ағартуға таптық тұрғыдан қарау тенденциясы бірден көзге түседі. Онда капиталмен және жұмысшы-шаруа Кеңес өкіметінің жауларымен күресетін табанды және саналы күрескерлерді дүниеге әкелу үшін, бұқараны топтастыру және ұйымдастыру үшін қажетті құрал мәдениет пен ағарту болып табылады делінген.

Декрет 17 мен 50 жас аралығындағы ересектерді хат тануға үйретуді күн тәртібіне қойды. Ағарту комиссариаты кешкі мектептер мен курстар жүйесін кеңейтуге, сауатсыздықты жою ісіне барлық сауатты адамдарды тартуға міндет-

телді. Сауатсыздығын жоюға кіріскен адамдардың жұмыс күні 2 сағат қысқарып, айлығы сақталынатын болды. Бірақ декреттің асығыс әрі мәселенің байыбына бармастан даярланғандығы, асыра сілтеуге ұрындыратындығы республика басшыларын алаңдатпады. Мәселен, бұл құжат қалалардағы 17 мен 50 жасаралығындағы сауатсыздарды 6 ай ішінде, ауыл-селолардағы сауатсыздарды 9 ай ішінде хат танып шығуға міндеттеді. Міндетті оқудан бас тартқандар кәсіпшілер одағынан шығарылып, төмен біліктілікті талап ететін жұмысқа ауыстырылатын болды. Ал, белгіленген мерзім ішінде сауатын аспағандар жұмыстан мүлде қуылады делінді. Ал, 6 немесе 9 ай өткеннен кейін сауатсыз адамды жұмысқа алған мекеме я жеке тұлға революциялық трибуна алдында жауап беретін болып анықталды [6, 83-84 б.].

Сонымен, кеңестер сауатсыздық мәселесін мемлекеттік маңызы бар іс дәрежесіне көтере отырып, оны салиқалы, жүйелі, тиімді жолмен шешуді таңдамай, күш қолдану, мәжбүр ету тәсіліне көшті. Ал, миллиондаған сауатсыздарды бір жылдан аз мерзім ішінде оқу-сызуға үйрету үшін қанша қаражат, мұғалім, оқулық, мектеп үйі т.б. керек екендігі, олардың бар-жоғы есепке алынбады. Қолы көтере алмайтын шоқпарды беліне байлаған Кеңестер жүйесі өз қағазынан өзі жерініп, су аяғын құрдымға айналдырып жіберді. Тұтас бір республиканы дүрліктірген қате шешім үшін жауап берген ешкім табылмады. Әміршіл-әкімшіл жүйе осылай бой көтере берген еді.

Жіберілген қатені арада 9 ай өткеннен соң Түркістан республикасының Халық Комиссарлар кеңесі тезге салған болды. 1920 жылғы 17 қыркүйекте қабылданған «Халық арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декретімен ол енді 8 бен 40 жас аралығындағы сауатсыздарды жазу-сызуға үйренуге міндеттеді. Декреттің орындалуы негізінен халық ағарту комиссариатына жүктелді. Оған халық үйлерін, шіркеулерді, діни үйлерді, клубтарды, жекеменшік үйлерді, фабрикалар мен заводтарды, кеңес мекемелеріндегі лайықты деген бөлмелерді сауатсыздықты жою ісіне пайдалануға құқық берілді. РКП-ның жергілікті ұялары, коммунистер жастар одағы, кәсіпшілер одағы, әйелдермен жұмыс істеу комиссарлары, т.б. бұл науқанға тартылатын болды [6, 84-85 б.].

Халкомкеңес декреті Орталық Атқару Комитеті қабылдаған декреттен өзгешелеу болып шықты. Біріншіден, мұнда сауатын ашушылар 8 бен 40 жас арасын қамтыды. Яғни, бір окпен екі қоянды құлатуға мүмкіншілік ашылды. Өйткені,

8 бен 17 жас аралығындағылар негізінен сауатын ашумен емес, мектепте оқумен айналысады ғой. Бұл сауатсыздық ісіне бөлінген ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал, 50 жастан 40 жасқа шегеру де осы мақсатты көздегені түсінікті. Екіншіден, сауатын ашушылар ана тілінде, жергілікті тілдің бірінде немесе орыс тілінде оқуға ықтияры бар делінген. Үшіншіден, Халкомкеңес декретінде репрессиялық шаралар қарастырылмады. Төртіншіден, сауатсыздықты жою мерзімі шектелмеді. Осынысымен ол науқанды сипатқа ие болудан қалды.

Қысқасы, алғашқыдағы асығыс әрі қоқан-лоқы мазмұнындағы декреттің сабақтарынан дұрыс қорытынды шығарылды.

Осы кезеңдерде мектеп білімінің мәселелері барлық деңгейлердегі Кеңестер съездерінде талқыланды. 1914-1915 оқу жылында 2011 мектеп болса, 1920-1921 оқу жылында республикадағы мектептердің саны 2410-ға жетті. Алайда, мектеп құрылысындағы қиындықтар жетіп артылатын еді. Мәселен, мектептерді ұстау жергілікті бюджетке берілген жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жағдайларында бастауыш сыныптарда оқитын оқушылардың саны 1921-1922 оқу жылындағы 172 мыңнан 1922-1923 оқу жылында 114 мыңға дейін кеміді. 1924-1925 оқу жылында мектеп жасындағы қазақ балаларының 12 %-ы ғана бірінші сатыдағы мектеппен қамтылды [7, 280-281б].

Мектепте білім беру мәселесін жетілдіру көпшілік мектептерде қажетті материалдық-техникалық базаның болмауының, сондай-ақ мұғалім кадрларының жетіспеуінен де тежеліп отырды. 20-жылдардың соңына қарай мектепте білім беру проблемасының шешілмеуі айқын фактіге айналды. Ол халық шаруашылығын индустрияландыру үрдісінен шыға алмады, сауатсыздықты жою туралы барлық іс-шаралар ақсап жатты. Сауатын аспаған жастар индустриялық еңбек салаларына кіруге жарамсыз боды.

1930 жылы 27 тамызда республика ОАК және ХКК қаулысымен жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. Көшпелі халық тұратын мекендерде 8 жастағы балалар үшін жалпыға міндетті бастауыш оқу 1931 жылы көктемде басталды. Бастауыш мектеп курсынан өтпеген есейген балаларды оқыту жеделдетілген оқу түрінде: екі жылдық және бір жылдық мектеп-курстарда жүзеге асырылды.

30 жылдардың соңына қарай міндетті бастауыш оқуды жүзеге асыру іс жүзінде аяқталды. 1937 жылы балаларды бастауыш оқумен қамту 96 %-ға жетті. Ұлы Отан соғысының қарсаңын-

да республикада 7,5 мыңнан аса мектеп жұмыс істеді. Сол мектептерде 1 млн-нан астам балалар оқыды. Жалпыға міндетті оқуға жататын мектеп жасындағы балалар 98,9%-ға оқумен қамтылды [8, 99 б.].

Сонымен қатар мектептің білім беру ісінде ірі кемшіліктер орын алды. Тоталитарлық режим мектептерді тіл алғыш және идеологияландырылған ұрпақ тәрбиелеудің құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны, пионер және комсомол ұйымдарының қызметі оқушылардың санасы мен мінез-құлқына сталинизмді, кеңеске жат нәрсенің бәрін жек көруді, партияның саясаты мен идеологиясына соқыр сеніммен берілуді сіңіруге бағытталды. 30-жылдардағы оқу жоспарынан алашордалыұтар мен «халық жауларының» кітаптары алынды. 30-жылдардың бас кезіндегі ашаршылық, қазақ ауылдарындағы күйзеліс, интеллигенцияға қатысты қуғын-сүргін ұлттық мектеп үшін қасіретке айналды. Мектеп құрылысының проблемалары мен қиындықтары Ұлы Отан соғысы жылдарында одан сайын шиеленісе түсті. Жоғары сыныпта оқитындардың бірқатары Қызыл Армия қатарына шақырылды немесе оқуды тастап, майданға кеткен әкелері мен ағаларының жұмыс орындарына тұрды.

Сауатсыздықты жою науқаны аясында мектеп мәселесі ғана емес жоғарғы оқу орындары мәселесі де қаралды. 1918 жылы наурызда Верный қаласында құрамы 22 адамнан тұратын Жетісу ауылшаруашылық училищесі ашылды. Осы жылдың 10 қарашасында Верный қаласында мұсылман мұғалімдер семинариясын ашуға қатысты дайындықтың аяқталуы туралы хабарлады. Училищенің құрылымын екі дайындық және бір негізгі сынып бойынша ұйымдастыру ұйғарылды [9, 2 б.]. 1919 және 1920 жылдарда Орынборда, Ордада және Семейде Халық ағарту институттары ашылды. Кәсіби оқу орындарының желісін кеңейту барысында жалпы білім деңгейі төмен жергілікті жастардың ЖОО мен техникумдарға арналған бағдарламаларды игеруге шамалары жетпейтіндігі айқын аңғарылды. Сондықтан студенттердің осы категориясы үшін жұмысшы факультеттері ұйымдастырылды. Қазақстандағы бірінші жұмысшы факультеті 1921 жылы Орынборда ашылды.

1928 жылы 10 маусымда ХКК педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық үш факультеті бар Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы шешім қабылданды. Университет осы жылы қазанда ашылды, кейіннен Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрыл-

ды. Қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып табылады. Көп ұзамай Алматы мал дәрігерлік, Қазақ ауыл шаруашылығы, медицина, Орал педагогикалық институттары ашылды. 1934 жылы 19 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті құрылды, ол қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Соғыстың қарсаңында республикада 20 жоғары және 118 орта арнаулы оқу орындары болды, оларда 40 мыңнан аса студенттер оқыды. Бірақ бұл көрсеткіш те жеткіліксіз еді. Себебі, білікті мамандар тапшылығы барлық салаларда айқын сезілді. Соғыс жоғары мектептің дағдылы өмірін өзгертті. Қазақстанға Ресей және Украинаның бірқатар ЖОО-ры эвакуацияланды. Сол себепті еліміздің ЖОО-да жанадан факультеттер қосылып, ауқымы кеңейді. Соғыстың аяқталуына қарай білікті мамандардың кейбір категорияларын және бірқатар ЖОО студенттерін әскерге шақы-

ру шектеліп, уақытша жабылған ЖОО-дары қалпына келтірілді. 1945 жылы республикадағы жоғарғы және орта оқу орындарында 45 мың адам оқыды.

Сонымен, Кеңес өкіметінің ширек ғасырының ішінде Қазақстандағы халық ағарту саласының жүйесі сапалық тұрғыдан қалыптасты. Сан жағынан да, сондай-ақ халықты қамту жағынан да республиканың оқу орындары революцияға дейінгі кезеңнің көрсеткіштерінен бірнеше есе асып түсті. Білімнің етек жаю мәселесін шешкен большевиктер процестің мазмұндық жағын олқы соқтырып алды. Тәрбие мен оқу ісінде олар партиялық-таптық принципті ең басты міндет етіп қойды. Жалпыадамзаттық құндылықтардан шегіну білім жүйесін зеректік пен икемділіктен айырып, оқу орындарында әлемдік педагогикалық ой мен практиканың жетістіктері қалып қалды. Халықтық педагогиканың ережелері де ұмыт қалды.

Әдебиеттер

- 1 Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 2-том. 364-365 б.
- 2 Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы, 4-том. 278-280 б.
- 3 Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы, 23-том. 125-135 б.
- 4 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период. Сб. док., Алматы, 1962, 56 б.
- 5 Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. 27 февраля 1917 года – 30 июня 1918 года. Алматы, 1967, 225 с.
- 6 Х. Табылдиев. Қазақстанда сауатдсыздықты жою: тарихи тәжірибе және тағылым (1917-1941 жылдар). – Алматы, 1997, 301 с.
- 7 Социалистическое строительство Казахской ССР. – Алматы, 1936, 280-281б.; ҚРОММ, 81-к., 1-т., 129-іс, 10-п.
- 8 Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941 гг.). – Сб. документов и материалов. – Алматы, 1985. Т.2, 99-б.
- 9 ҚРОММ, 1481-к., қосымша, 13-2, 3-іс, 2-п.

References

- 1 Lenin V.I. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. 2-tom. 364-365 b.
- 2 Lenin V.I. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. 4-tom. 278-280 b.
- 3 Lenin V.I. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. 23-tom. 125-135 b.
- 4 Socialisticheskoe stroitel'stvo v Kazakhstane v vosstanovitel'nyi period. Sb.dok., Almaty, 1962, 56 b.
- 5 Velikaya Oktyabr'skaya socialisticheskaya revoliucya v Kazakhstane. Letopis' sobytii. 27 fevralya 1917 goda – 30 iunya 1918 goda. Almaty, 1967, 225 b.
- 6 H. Tabyldiev. Kazakhstanda sauatsyzdykty zhoiu: tarihi tazhiribe zhane tagylym (1917-1941 zhyldar). Almaty. 1997. – 301 b.
- 7 Socialisticheskoe stroitel'stvo v Kazakhskoi SSR. Almaty, 1936, 280-281 b.; KROMM, 81-k., 1-t., 129-is, 10-p.
- 8 Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazakhstane (1933-iun' 1941 gg.). Sb. dokumentov I materyalov. Almaty, 1985. T.2, 99-b.
- 9 KROMM, 1481-k., kosymsha, 13-2,3-is, 2-p.

Бағдатұлы М.
**Жеке қор құжаттарының
ғылыми сипаттамасы**

Бұл мақалада жеке қор құжаттарына ғылыми сипаттама беру мәселесі және Қазақстан мұрағатында жеке қор құжаттарын жинақтаудың ерекшеліктері қарастырылады. Жеке тектік қорды ғылыми сипаттау барысында мұрағатшылар қор иесінің өмір тарихымен, қызметімен және жеке қорындағы құжаттарымен танысу, қорды жүйелеу сұлбасын құрастыру, жеке істерді қалыптастыру, іс ішіндегі парақтарды жүйелеу, жеке істі сипаттау, мұқабасын толтыру, іс парақтарын толтыру және ең соңғысы тізімдемені құрастыру жұмыстарын жүргізеді. Мемлекеттік мұрағаттарда тұрақты сақтауға алынатын жеке тектік құжаттары рет-ретімен жүйеленеді. Сонымен қатар жеке тектік құжаттармен танысу арқылы жекелеген тұлғалардың (ғалым, саясаткер, тарихшы, мұрағаттанушы т.б.) қоғамға тигізген әсерін, олардың саяси-қоғамдық оқиғаның мәнін ашуға болады. Жеке қор құжаттарының ерекше түрлері – заманхаттар, өмірбаян, қолжазбалар, күнделік, естелік, хаттар, шежірелер жатады. Бұл материалдармен танысу арқылы қор құрушы өмір сүріп отырған кезеңнің саяси-экономикалық, мәдениет, өнер және тұрмыстық тарихы мен идеялық сұраныстарының іске асырылуы мен қалыптасуы туралы баға жетпес құнды материалдарға қол жеткізеді.

Түйін сөздер: жеке қор, құжат, мұрағат, заманхат, естелік, хат, тарих, қолжазба.

Bagdatuly M.
**Scientific description of personal
fund of documents**

Matters of scientific description of personal fund of documents and features of collecting of documents of personal fund in the Kazakhstan archive are considered in this article. During the process of describing the personal fund scientifically, archivists fulfill the following activities: acquaintance with the biography, occupation and documents of the owner of personal fund; systematization of documents, description of private matter, filling the folder, supplementing the documents and at last making the list. Personal documents for permanent storage are systemized in order in state archives. Also, by getting acquainted with personal documents, we can get the information about the individuals (scientist, politician, historian, archivist etc.) and their contribution to society. To the list of special types of documents of personal fund we can add autobiography, manuscript, diary, instruction, letters and genealogy. By getting acquainted with these materials, we can receive priceless, valuable information about politico-economical, cultural, art and life history, realization and formation of ideological inquiries of fund creator's lifetime.

Key words: personal fund, document, archive, instruction, letter, history, manuscript.

Бағдатұлы М.
**Научная характеристика
для документов
личного фонда**

В этой статье рассматривается вопрос о даче научной характеристики для документов личного фонда и об особенностях сбора документов личного фонда в Казахстанских архивах. Во время дачи научной характеристики фондов личного происхождения архивисты знакомятся с жизненной историей владельцев фонда, их работой и с документами, составляют систематизирование фонда; формируют личные дела, систематизируют внутри деловые бумаги, описывают личные дела, заполняют обложки, деловые бумаги и в конце составляют список. Наряду с этим с помощью ознакомления с документами личного происхождения можно узнать о влиянии личностей (ученый, политик, историк, архивист и т.д.) на общество и раскрыть политически общественную важность событий. Особенности виды документов личного фонда – это биография, рукописи, дневники, письма, памятники и летописи. С помощью ознакомления с этими документами составитель этого фонда приобретает неоценимо ценные материалы о культуре, искусстве, политической, экономической и бытовой истории того времени, к тому же об их исполнениях и формированиях.

Ключевые слова: личный фонд, документ, архив, памятка, письмо, история, рукопись.

**ЖЕКЕ ҚОР
ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ
СИПАТТАМАСЫ**

Өткен өмір тарихтың қатпар қойнауына кеткенмен ол бүгінмен, болашақпен өмір бойы сабақтасып, өркені үзілмей жалғасып жатыр. Ғасырлар бойы тарихымыз жекелеген адамдардың бір-біріне асыл мұра етіп жеткізумен сақталып келгені белгілі. Сондықтан жекеленген қорлардың құрамына кіретін қолжазбалар, жазбалар, күнделіктер, қойын дәптерлер, шежірелер және тағыда басқаларды қор құрушының өмірі мен шығармашылық қызметі, өмір сүрген ортасын зерттеуде бірден – дерек көзі болып табылады. Бұл деректерді жете білу дегеніміз тарихтан тағылым алу деген сөз өткенді білу – тірліктің, заңдылықтарын сараптауға мүмкіндік береді. Соның арқасында тарихтың тағылымы бүгінгімізге сабақ, болашағымызға бағдар бола алады. Тарих ғылымының өрсі мен мәдениетінің қалыптасуы деректерді толыққанды игеру арқылы айқындалады. Сондықтан да құжаттарды жинақтап, реттеп, сақтап отырған мұрағаттардың тарихи деректердің ұрпақтар мүддесіне қызмет етуіне қосар үлесі зор.

Мемлекеттік мұрағаттар жалпы ұлттық деңгейде тарихи – мәдени мұраларды жинақталуы мен сақталуына жауап береді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты қорларды жинақтау бейнесі жағынан көп жақты болғандықтан мемлекеттік сақтауға тек мекемелер мен ведомствалардың құжаттарын қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар жеке адамдардың, яғни жеке тектік құжаттарды да жинақтаумен айналысады. Бүгінгі таңда жеке тектік құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдаудың маңыздылығына ешкім күмән келтірмейді. Дегенмен жеке тектік қор құжаттарын жинақтаудың қиындықтары да жеткілікті. Қазіргі таңда біздің мұрағат республика бойынша жеке қор құжаттары жинақталған бірден-бір мұрағат қоймасы болып табылады [1, 71 б.].

Жеке мұрағат қорлар материалдарының мазмұндық құндылығы мен көп аспектілігі зерттеушілерге революцияға дейінгі және революцияға кейінгі тарих, ғылым, экономика, мәдениет, өнер және саяси тарихы саласындағы мәліметтерді зерттеуде аса үлкен дерек көзі болып табылады. Бұл материалдармен танысу арқылы қор құрушы өмір сүріп отырған кезеңнің саяси-экономикалық, мәдениет, өнер және тұрмыстық тарихы мен идеялық сұраныстарының іске асырылуы мен қалыптасуы туралы баға жетпес құнды материалдарға қол жеткізеді. Сонымен

қатар жеке тектік құжаттармен танысу арқылы жекелеген тұлғалардың (ғалым, саясаткер, тарихшы, мұрағаттанушы т.б.) қоғамға тигізген асерін, олардың саяси-қоғамдық оқиғаның мәнін ашуға болады.

Әлеуетті жеке тектік қор иелерімен жұмыс жасамастан бұрын ең алдымен қор иесі туралы мәліметтер жинақтайды. Оның өмір баянымен, шығармашылығымен танысып, ондағы материалдың тарихи-ғылыми тұрғыдан қарағандағы құндылығы, мазмұнының маңыздылығы сирек кездесетіндігі ескеріле отырып, құжаттардың мемлекеттік мұрағаттарға үткізілуі жататындығын, қор иесі құжаттарының мұрағатта бар немесе жоқ екендігін анықтайды. Тек осы жұмыстардан кейін ғана қор иесімен байланысқа шығып, тікелей қарым-қатыныс орнатылады.

Құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізуі үшін қор иесінің ауызшы немесе жазбаша келісімін алады. Бұл мәселенің оң шешімін табу қор иесіне жеке тектік қор жинақтаудың маңызы мен қажеттілігін таныстыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізудің нәтижесіне байланысты болмақ. Сондықтан да бұл жұмыс мұрағатшылардан жан-жақты білімді және тыңдай білу, сендіре білу сынды жекелеген қабілетті талап етеді. Таныстыру, түсіндіру жұмыстары аяқталып, қор иесінің келісімін алғаннан кейін негізгі басталады [2, 77 б.].

Жеке тектік қорды ғылыми сипаттау барысында мұрағатшылар қор – иесінің өмір тарихымен, қызметімен және жеке қорындағы құжаттарымен танысу, қорды жүйелеу сұлбасын құрастыру, жеке істерді қалыптастыру, іс ішіндегі парақтарды жүйелеу, жеке істі сипаттау, мұқабасын толтыру, іс парақтарын толтыру және ең соңғысы тізімдемені құрастыру жұмыстарын жүргізеді. Мемлекеттік мұрағаттарда тұрақты сақтауға алынатын жеке тектік құжаттардың түрлері келесідегідей ретпен жүйеленеді.

Қор иесінің қолжазбалары

Қор иесінің өмірбаяндық құжаттары

Қор иесінің хаттары

Қолтаңба қойып сыйланған сыйжазбалары

Қор иесінің жинақтаған құжаттары

Қор иесінің туралы құжаттар

Қор иесінің мүліктік – шаруашылық және тұрмыстық сипаттағы құжаттар

Фото құжаттары

Қор иесінің отбасы мүшелеріне байланысты құжаттар,

Бейнеқұжаттар [3, 126-127 б.].

Жеке қор құжаттарының ерекшк түрлерінің бірі – заманхаттар. Заманхат – әдебиеттануға

Ахмет Байтұрсынов енгізген термин. Заманхат – термині жеке адамның тарихи оқиғалар барысындағы қызметі сарапталынып, іс – тәжірибелері замандастары мен келер ұрпаққа аманатталынытын, негізінен, өмірбаяндық оқиғалар қамтылатын әдеби шығармалар. Заманхаттар жалпы алғанда естеліктермен тығыз байланысты. Себебі, заманхаттардың негізін естеліктер құрайды. Сондықтан әдебиеттерде олар синоним ретінде қолданылады. Дегенменде бұл терминдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Заманхаттар тарихи оқиғалармен қатар, мәдениет тарихын зерттеудің де тамаша дерек көздері болып табылады. Жазушылармен режиссерлердің, суретшілер мен әртістердің естеліктері көркемдік бағыттар күресі, шығармашылықтың ауыр азабы тарихынан көп нарсе айта алады.

